
ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

Мәңгілікпен майдары

Аманат







Л 2018/4837К

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,
Алматы — 1978

Каз2
Е79

Есенберлин Ілияс.
Е 79 Маңғыстау майданы. Аманат. Романдар. Алматы, «Жазушы», 1978.
424 бет.

Бұл кітапқа белгілі жазушы, Қазақ ССР-ының мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ілияс Есенберлиннің «Маңғыстау майданы» мен «Аманат» атты жаңа романдары еніп отыр.

Бірінші роман әйгілі Маңғыстау мұнай байлығын алғашқы барлаған, зерттеген адамдарға арналған. Сондай-ақ, романда бүгінгі өсу жолымыздың тірегі — ғылыми-техникалық революцияның елеулі мәселелері көтеріледі.

Екінші шығарма «Аманат» археолог-ғалымдар жайында. Автор романның бас кейіпкерлері — қарт археолог Құнтуар мен оның жолдасы Ерғазының іс-әрекет үстінде суреттеп, олардың мінез-құлықтарын, өмірге көзқарастарын ашады.

Рецензенттер: *С. Бақбергенов, М. Сақбаев, Х. Әдібаев.*


Қаз 2

Е $\frac{70303—044}{402(07)—78}$ 10—78

© «Жазушы», 1978.


Маңғыстау
майқаны





Бірінші бөлім

I

Әр соғыс майданындай, Маңғыстау мұнай майданының да өзінің маршал, генералдары, полковник, лейтенанттары, солдаттары болды. Ал біздің сөз еткелі тұрған кейіпкерлеріміз оның маршал, генералдары, полковниктері де емес, қатардағы солдаттары мен ортан қолдай өндіріс командирлері. Әскери тілмен айтсақ тікелей ұрыс тағдырын шешетін алдыңғы шептің адамдары, өндіріс тетіктері қолдарындағы жұмысшы мамандары.

Қысқасы, бұлар мұнай майданының алдыңғы қатары — жаны, жүрегі.

Әрине Маңғыстауда ешкім қан төгіп жау қолынан шаршы метр жер аламын деп жанталасқан емес. Бірақ Каспий теңізінің солтүстік-шығыс аймағын алып жатқан, солтүстік-шығысында Үстіртке жеткен, ал оңтүстігінде Қарабұғазбен шектескен, мол сулы бір өзені жоқ, тек жусан, ақселеу, бұйырғын, ебелек өскен сонау шөлейт, құмайтты, сортаң жапан даланы игеру совет адамына ешбір соғыс майданынан кем тимеген. Ұлы дала өзінің ен байлығын, әрбір шаршы метр жерін орасан қиындықпен берген. Сондықтан да бұл арада бір кезде басталған мұнай тартысын Маңғыстау майданы деп атадық.

Иә, біздің бас кейіпкерлеріміздің көбі осы Маңғыстауда туып-өскен. Ата-бабалары да осы араны көптен бері мекендеп келген. Бұған қандай дәлеліміз бар? Ғалымдар бұл өлкеде түйе бұдан мың жыл бұрын сақ-сармат заманы тұсында да болған дейді. Тіпті біздің дәуірімізден бес ғасыр бұрын, осы арадан көш-

пенділер бұл қос өркеш жануарды Үндіге де апарған деп жазады. Сонда сол түйелерді өсірген көшпенділер кім? Әрине, қазақ, түрікмен. Дәл бүгінгі ұрпақтың ата-бабалары болмағанмен, сол ата-бабаларының арғы ата-бабалары... Өйткені біздің кейіпкерлеріміздің әкелері де, аталары да, бабалары да сонау бұлдыр заманнан бері түйе бағып келген. Түйенің еті, сүті — қорегі, тері-терсегі, жүн-жұрқасы — киімі, көшсе көлігі, жауға аттанса мінері болған.

Біздің кейіпкерлеріміздің де әкелері мен ата-бабалары, осы Маңғыстаудың алып даласымен Үйшіктің мұнайлы өлкесі түйіскен жердегі Қарақұмды жайлаған. «Танысаң адайыңмын, танымасаң құдайыңмын» дейтін өркөкірек, тентек, батыр рудан шыққан. Бірақ шөптің бәрі тікенек, адайдың бәрі тентек емес, өмір тепкісі жуасытқан Бестібай да момын кісі еді. Қазақ жерінде советтендіру басталған кезде Ұштаған құмының шетіндегі қыстауынан жалғыз түйесімен Шевченко фортына көшіп келді. Сахарадағы көшпенділер тәрізді жеркепе салып алып, түйесінің қомына қарап отырмай, қалаға тұщы су тасыды. Түйесі көтерем болуға айналғанда, әлі ержетпеген тұңғышы Хәлеліне інгенін жетектетіп өзі қазнаға үй салатын артельге кірді, тас қопарды, шым құйды.

Көне, көне заманда бұл арада сонау Солтүстік мұхитпенен ұштасқан Сармат теңізі болған. Көл тартылса қарасу, дария тартылса өзен қалады. Сол тартылған Сарматтан Каспий теңізі қалған. Алыптың жұрнағы да алып болып туған. Ал осы Каспийдің солтүстік-шығыс жағында, Сармат теңізінің мәңгі тұнған толқындары тәрізді, жал-жал қыраттар, асу-асу сұрғылт белдер жатыр. Кең өрісті ойпаттар, құбыжық түсті жалаңаш тау діңгейлері, төбелері адай бөркі тәрізді шошайған жартастар, шөгіп қалған құз, қиялар. Осы бұдырлы атрап қартайған, тозуға айналған Мұғаджар тауларының еңіс, шатқалды етектеріне барып тіреледі.

Қазақ даласында не көп, құм мен сортаң көп. Маңғыстау жері осының әйгілі үлгісі.

Бұнда не жетпейді — су жетпейді, бұнда не көп — су көп. Бірақ олар жер астында. Жер бетіне тек құдықтар арқылы шығарылады. Ал құдықтар?.. Егер бұл араға адам келгелі қазылған құдықтарды картаға түсіріп, бүкіл Маңғыстау өлкесін алдарына жайсандар, күйе түсіп шұрқ-шұрқ болған бір керемет ұшы-қиырына көз жетпес кигіз дастарханға ұқсатар еді.

Бұл бір ғажайып өлке! Асты лықылдаған су, үсті күн жеп, жел суырған, су жетпей әбден қаңсыған, қартайған, кәрі шалдың бетіндей әжім-әжім боп қатпарланып кеткен өңсіз кеңістік! Қысы қақыраған суық, жазы шыжыған ыстық. Сәл қаттырақ жел тұрса, алай-түлей боран. Құмды боран, шанды боран.

Осындай бір заманда құлан мен киік жорткан, кесіртке жүгіріп, тасбақа мен жылан жылжыған сұрғылт даланы ежелден

жайлап келген қазақ елінің жаны қандай сірі десендерші! Құр итшілеп қана жайлап қойды ма ол бұл саран атрапты? Төрт түлік мал өсіріп, қыс қыстап, жаз шыға күлсары жүнді аруаналарын ыңыранта, үдере көшіп, бір шеті Еділ өзенінің төменгі етегіне, екінші шеті Арал теңізінің құмды, тақыр жағалауларына, Торғай, Ырғыз өзендерінің көкпекті өңіріне дейін барды. Ал күз түсе атам заманнан бергі әдеті бойынша орыстардың шекаралас бекініс, шаһарларынан шай-шекер, азық-түлігін алып, бәзбаяғы көне қыстауы Маңғыстауына келді.

Маңғыстау түбегінің өзге малдары да, адамдары тәрізді, көнтерлі жаралған. Олар сардаланың шөпке саран табиғатына әбден көндіккен. Шөліне де үйренген. Қоғалды жердің малдарындай емес, ашқылтым суды да іше береді. Басына түссе теңіз суымен де шөлін айырады.

Расында да Маңғыстау сырт бейнесі осындай ажарсыз ба? Онда осы жердің бірінші топографиялық картасын жасаған Г. С. Карелин бұны неге «Ұйықтап жатқан ару» деп атады? Сұрықсыз далаға мұндай теңеу берілмесе керек-ті. Ал сырт қарағанадамға теңіз жарларын жағалап жатқан Маңғыстау сонау Бозашы, Түпқараған түбектерінен, форт Шевченко тұрған Бор, одан кейінгі Құм мүйістеріне дейін, шынында қас-қабағы қиылып ұйықтап жатқан сұлудың маңдайы, мұрыны, ауызы тәрізденіп келеді, бір-ақ әйгілі шөлейт даланың бұл сыртқы кескінінен емес ,оның құшағында жатқан мол қазнасы үшін ұйықтап жатқан ару дегенге ұқсайды. Зерттеушінің сөзінде осы арудың оянар кезі болар ма екен деген арманы да бар тәрізді. Сол арман орындалған. Ұйықтап жатқан ару оянған. Оны оятқан біздің заманымыздың совет инженерлері. Енді романның атын да «Оянған ару» деп өзгертсе де болар еді. Бірақ біз Маңғыстаудағы еңбек күрес-тартысының құрметіне бұрынғы атын қалдырдық...

Сөйтіп, ежелден бұл ұлы шөлейтті далада табиғаттың қаһарына шыдай білген көнтерлі ел тұрып келеді делік. Сонда сол жердің астында жатқан ғажайып байлықтар кенет ашылды ма? Жоқ. Ұлы ғылыми табыс, астына от жағып қойған қазан тәрізді, суы бірте-бірте жылынып, ысып, кезі жеткенде ғана бұрқ-сарқ қайнайды. Маңғыстаудың қазнасы да осындай ұзақ жылдар зерттеуінің нәтижесі.

Сонда... Жаралғалы мал баққан, қолына сойылын ұстап жау қорыған көшпелі көне адай қалай ата жолынан шығып, кенет мұнай қазуға кірісті? Жалғыз інгенінің қуатымен, сүтіменен күн көрген қарт Бестібайдың балалары, романымыздың бас кейіпкерлері Хәлел мен Жәлел қалай әйгілі мұнай барлаушылары болды?

Қарабұғаз!

Маңғыстаудан гөрі көп жұрт Қарабұғаздың атын бұрын біледі. Түрікмен даласы мен Маңғыстаудың түйіскен жерінде жатқан Қарабұғаз көлі Каспиймен кішкентай ғана жең арқылы байланысады. Атамзаманнан мұнда түрікмен мен қазақ елі тұз тартқан. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында патша үкіметі осы Қарабұғаз шығанында сульфат өндіру кәсібін кең сатыға қойды. Су үстінде кәдімгі мұз тәрізді ұйыған тұзды, бәз-баяғы бейнеткорлар сүйменмен уатып, қапқа тиеп жағаға шығаратын. Жағадан түйемен, арбамен жан-жаққа таситын.

Мұнда да көбіне сол ұзақ жылға сотталған саяси айыпкерлер, үкіметтің дегеніне көнгісі келмеген бүлікшілер жұмыс істейтін. Бұл жер де патша үкіметінің жазалыларға іздеп тапқан дозақ орны еді. Қан жылатқан ауыр жұмыс. Бір жағы ұшы-қиыры жоқ Каспий теңізі, қалған тұстары теңізден де шексіз құм, сор. Тұтқындар түгіл, басы бос жай адамның өзі де оңай құтыла алмайтын алып қақпан. Совет өкіметі орнағаннан кейін осы Қарабұғазда 1922 жылы сульфат өндіру кәсіпшілігі қайтадан жүргізілді.

Кәсіпшілік жұмыс істей бастағаннан кейін, жиырма үшінші жылдың қара суығында Бестібай, он екі жасар баласы Хәлелі мен әйелі үшеуі, жалғыз түйесімен осы араға көшіп келді.

Бұл ақтар жеңілсе де, керуен жолдарының әлі қауіпті кезі.

Соған қарамай, Қарабұғазда Бестібай тұз шығарудан гөрі, Хиуаға баратын көштерге жол көрсететін керуен басы жұмысын қалады. Сол көштерді сонау Амудариянық жағасындағы Хожелі қаласынан Маңғыстаудың құмды алабынан өткізіп, Құлсарыға дейін бастап барды. Ақ бандыларды қуған қызыл отрядтарға жол көрсеткен уақыты да болды.

Осылайша Хожеліге бір керуен тартып қайтқан күнінің ертеңіне бұның үйіне поселкелік советтің бастығы, ашаң өнді, көгілдір көз Петровский келді. Бұл Деникин солдаттары Маңғыстау жағасына «Николай» кемесімен әкеліп тастаған большевиктердің бірі еді.

Қарабұғазда сульфат өндіретін кәсіпшілік басталған кезде партия бұны осы жерге жіберген. Азамат соғысына қатынасып сонау Орталық Россияға дейін барған. Жиырма бірінші жылы, ақ бандымен айқасқан бір ұрыста бір қолынан айрылып Қарабұғазға қайтып келген. Содан бері ол, соғыс кезінде тоқтап қалған осы кәсіпшілікті жүргізуге ат салысты. Соңынан Қарабұғаздың поселкелік революциялық комитетін құрды. Жақында сол комитет поселкелік Советке айналып, халық соған председатель етіп сайлаған. Жұрттың бәрі таниды. Қарабұғазды шаппақ болған ақ бандыларға талай тойтарыс ұйымдастырған большевик. Және өзі қазақшаға судай.

— Тамыр,— деді ол амандасып болғаннан кейін, Бестібайдың жеркепесінің есік жағындағы аласа орындыққа отырып жатып,— сен қызыл керуендерге жол көрсетіп көп еңбек сіңі-

ріп жүрсін, бұнына мың да бір рахмет! Ал енді бізге бұдан да көп басқа жәрдем ететін мезгілің жетті. Кешеден бері бүкіл еңбекші адамдар қаралы...

Төрде көнетоз домбырасын күмбірлетіп «Адай» күйін тартып отырған Бестібай, поселке бастығы келгеннен-ақ орнынан ұшып тұрып, қалбалақтай қалған. Одан енді әлгідей суық хабар естіп тіпті шошып кетті.

— Не боп қалды!

— Ленин қайтыс болды.

— Ленин!?

— Ия, бүкіл дүниежүзі еңбекшілерінің көсемі, Октябрь төңкерісін орнатқан, Россия пролетариатының ұлы қолбасшысы!..

— Ойбай-ау, Ленинді білемін. Өзім көзіммен көрмегенмен, жақсының аты жақсы ғой, айдалада жатсақ та атына қанықпыз, өзі бір кемеңгер кісі дейтін жұрт... Қазақ пен орысты тең көреді екен... Япырмай сондай адамның дүние салуы қандай өкініште!.. Қара жер кімді алмаған...— Бестібай шын қайғыланып төмен қарады.

— Енді — деді Петровский,— тап жаулары арамызға іріткі салмақ. Бірақ біз қатарымызды тастай етіп бекітіп, кедей табы боп шеп құрып жауымызға қарсы аттануға тиістіміз.

— Қашан?!— деді Бестібай орнынан атып тұрып,— өздері қай тұста келе жатыр?! Құдай мұндайда жауға мінетін ат та бермейді ғой.

Петровский күлерін де, ашуланын да білмеді. Тап күресі, саяси тартыс, еңбекшілердің арасын нығайту дегеннің не екенін ол Бестібайға ұзақ түсіндірді. Шын мағынасында бұның бәрін терең ұға қоймағанмен, әйтеуір Маңғыстауына дәл қазір тікелей ат қойып келе жатқан ешкімнің жоқ екенін ұққан түйеші жадырап сала берді.

— Қайдан білейін, мандайыма бар басқаным Маңғыстау болған соң, баяғы Хиуа ханының аламандары секілденіп сау етіп келіп қалған екен деп делебем қозып кетіп еді... Жау әлі Мәскеу көшелерінде жүр екен ғой. Сонда мен не істеуім керек?

— Жаңа айттым ғой, сен біздің арамыздың нығая түсуіне жәрдемдесуің керек деп.

— Сендерді нығайта қоятындай менің қолымнан не келеді? Жалғыз түйенің сүті үй ішінен де ауыспайды.

— Жоқ, мен сенен ондай жәрдем сұрап тұрғам жоқ. Ленин көсеміміздің өлімін жауға қарсы ұран ғып көтеріп, қазір біз кәсіпшілігімізде коммунистер, комсомолдар, пионерлер санын өсіруіміз керек.

— Е, қайсысына аламын десең де бармын ғой. Біз секілді мосқал адамға қайсы дұрыс? Камсаболың ба, үй өнерің бе? Көменезіңе ала қоймассың. Оған халық соңынан еретін сауатты адам болу керек дегенді естігем. Ал біз болсақ әліпті таяқ деп білмейтін жанбыз ғой.

— Әңгіме сен жайында емес,— деді Петровский,— өзіңмен сөйлесетін әлі кезім болар. Ал қазір балаң Хәлелді айтып тұрмын. Өзі нешеге келді?

— Доңыз жылы ғой, биыл он үшке кетті.

— Е, қазақ бұрын баласын он үште отау иесі демейтін бе еді? Рас, қазір, заман өзгерген. Он үште отау иесі болып не өндіреді? Одан да оқысын, адам болсын. Биыл мектепке түсуге кеш қалды. Ал бес ешкіңнің соңында жүргенінен не шығады?.. Одан да осы баланды биыл бізге жұмысқа бер. Қосіпшілікте түйе жетектейтін жастар жетпей жатыр. Және өзі комсомол қатарына кірсін. Совет жұмысшы табына қосылып, біздің санымызды көбейтсін.

Бестібай қуанып қалды.

— Уа, ол күшік әжетке жарайтын болса, кім қарсы дейсіз. Айтқаныңыз болсын.

Міне, осылай ешкінің асығындай шымыр, он үшке жетер-жетпес Хәлел ертеңіне Қарабұғаз жұмысшыларының тобына қосылды. Кешікпей комсомолға алынды.

Осы күндерден бастап Хәлел жұмысшы деген ардақты атқа ие болды.

Өмір шіркін кейде баяу желіп, кейде зымырап шауып өтіп жатты. Хәлел төртбақ келген, мып-мығым жігітке айналды.. Түйеші бала деген аттан құтылып, Қарабұғаздың мұз тәрізді көгілдір тұзын қопаруына кіріскеніне үш жылдан асып кеткен.

Ия, бұл бір кешегі көшпелі елдің отырықшылыққа ауған, ұлы-қызы мал бағудың орнына машина жүргізіп, жер астынан көмір, темір шығаратын жұмысшы бола бастаған ұлы кезеңі еді.

Осы шақтың алғашқы көгершіндерінің бірі, он сегіз жасар Хәлел, сол Қарабұғазда тұз айдынын бұзушы боп өмір бойы қалар ма еді, қайтер еді, егер оның болашағы күрт өзгермесе... Бұған тағы Петровский мен әкесі Бестібай себепкер болды.

Осы тұста Үстірт пен Маңғыстауға геолог С. Н. Алексейчик басқарған үлкен экспедиция келді. Ол бұл араның болашағы үлкен, жалпы зерттеу жұмысын кенінен жүргізу керек екенін дәлелдеп, мұнда мұнай кенінің бар екенін атап көрсетті.

Бестібай осы Алексейчик экспедициясымен Маңғыстау даласына барып қайтқан. Хәлел мен әйелі үшеуі таңертеңгі шайларын ішіп отырған.

Үйге Петровский кіріп келді. Ол соңғы кезде кәсіпшіліктің партия комитетінің секретары болатын.

— Бестібай,— деді ол сол кірген бетінде сол жақта тұрған кебежеге отыра кетіп,— сенің жәрдемің өте керек боп тұр, қиын!

Осы бір өзімен тетелес кісінің бұрын мұндай абыржығанын көрмеген түйеші:

— Не боп қалды?— деді таныркап.

— Әзір ештеңе болған жоқ секілді, бірақ біз кешіксек... Мәскеуден оқу бітіріп келген менің Михаилымды білесің ғой...

— Әрине. Аумаған өзің, бір болайын деп тұрған жігіт. Өзі инженер дейді ғой?

— Иә, инженер. Мәскеуде инженерліктің оқуын бітірген. Былтырдан бері Қарабұғазды зерттеп, жер астының көп қазынасын ашты... Осыдан бір ай бұрын экспедициямен Қарынжарық құмын барлауға кеткен еді. Өткен жетінің басында оларды Аққұдық маңынан көргендер бар. Содан кейін хабар жоқ. Почта апарған жігіт те таба алмай келді. «Керуен жолынан шығып, Үстіртке қарай беттерміз» деген екен бұрын. Іздеушілер о жақтан да кездестіре алмай қайтты. Шамасы адасып кеткен тәрізді. Маңғыстау даласында құдық қуаламай жүрген кісінің адасуының қандай күйге түсерін өзің де білесің ғой.

— Білмей!— Бестібай орнынан тез-ақ тұра келді.— Тек өздері тірі болсын де!..

— Сосын ғой жан ұшырып сағаң келіп тұрғаным...

— Онда қазір жүреміз. Хәлел, ана менің ішімдегі комда.

— Ой, түйемен Қарынжарыққа қай уақытта жетеміз?— деді шошып кеткен Петровский..— Жоқ, қазір біз жедел салтатпен Аққұмға жүруіміз керек. Құмға сол арадан түйемен шығамыз.

— Мақұл.

Бағанадан бері үндемей тұрған Хәлел:

— Сіздермен бірге мен де барам,— деді.

Михаил Петровский Хәлелден төрт-бес жас кана үлкен еді. Биыл бұны өзінің экспедициясына жұмыска шақырған. Осы кезде кәсіпшілікте тығыз жұмыс көп болып Хәлел босана алмай қалған.

Бестібайлар екі күн атпен, бір күн түйемен жүріп Михаил Петровскийдің экспедициясы соңғы рет түнеді-ау деген құдықтың қасына жеткендерінде таң да сарғайып келе жатқан. Түнімен ұйықтамаған іздеушілер, әбден қалжырағандарын біліп, осы арада түйенің жүгін түсіріп, сәл көз шырымын алдырмақ болды.

Жамбастары жерге тиісіменен бұлар ұйықтап кетті.

Баласының тағдыры маза бермеген Петровский жұрттан бұрын өзі оянды. Жатқандары жаңа ғана тәрізді еді, күн көтеріліп қалған екен.

— Тұрындар!— деді ол дауыстап.

Көзін ұқалап орнынан түрекелген Хәлел жан-жағына қарады.

Жүрегі кенет қобалжи қалды. Өзінің туып-өскен атамекен жерінің бейнесінен қорқып кетті!

Бұл не қылған жансыз, неткен сұсты дала!

Шілденің нағыз сарша тамыз ыстық кезі еді. Жаңа ғана найза бойы көтерілген күн күйдіріп әкетіп бара жатыр. Күн сол өзі тұрған тұстан шықты ма, әлде сонау қара қошқылдана толықсп созылып жатқан құм белестердің үстінен жағалап жүзіп келе жатыр ма, адам түсінің болар емес. Бұлар тұрған жердің қай жағы шығысы, теріскейі, күнгейі, құбыласы екенін айыру да қиын. Жан-жағыңа қарасаң кілең жал-жал қыраттар, түксиген қабақты тау деңгейлері. Үстерінде бүкіл дүниені қоршай жүгірген көкшіл сағымдар. Хәлел өзі осы елсіз атрапта туып-өскенмен, өмірінде сағымның бүкіл көкжиекті қоршай, жер шарының төрт жағынан бірдей бұлай дөңгелей ойнағанын көрген емес.

Аспанда ұшқан құс, жерде қыбырлаған жәндік көрінбейді, тек құм, тақыр, түксиген қырат, жансыз әлем! Бетінді күйдіріп әкетіп бара жатқан қапырық жел. Дәл шекеңнен шадырая қадалған күн көзі.

Мұндай орасан ыстық күндері шөлейт даланың қызғылттана түсетін әдеті. Оған бүкіл көкжиекте ойнаған көгілдір сағымдар қосылып, жер шарының үстінен күн қызғылт жалын шашып көкке көтеріліп жатқан тәрізді.

Осы ғажайып көріністен Хәлелдің жүрегі енді бұрынғысынан бетер қобалжи түсті.

— Япырай,— деді ол,— Маңғыстаудың даласын мұндай ғаламат деп кім ойлаған!

Петровский де күн күйіп тұрса да жаратылыстың осынау жан түршігерліктей суық, таныс болса да жат сипатынан көзін алмай қадала қарап абыржып тұр екен.

— Мына сұмдықтан кісі табу түгіл, олардың қай жаққа қарай кеткенін айыру да қиын тиер,— деді ол өзінің сасып тұрғанын жасырмай, даусы діріл қағып.

— Асықпаңыз, тамыр,— деді Бестібай,— адам шешпейтін жұмбақ болмайды, бәрін де табамыз,— сосын баласына қарады.— Түйелеріңді қомдап, шайыңды қайната бер, көп кешікпей жүреміз.

Өзі құдықты қоршай біткен тақырдың шетіндегі болмашы бұйырғын мен түйетікенек өскен борсаң сордың бойын аралап біраз жүріп қайтты.

Шайды қана ішіп болған соң:

— Ал күн әбден ысығанша біраз жер жүріп қалайық,— деді Бестібай.

«Күн әлі ысығанша? Бұдан артық ысығанда не болмақ? Қазірдің өзінде қырық градустан асып кеткен-ақ шығар?»

— Қай жаққа қарай жүреміз?— деді Петровский.

— Мына тұска, Үстіртке қарай!

Петровский тағы таң қалды.

— Үстірт осы жақта ма? Оны қайдан білдіңіз?

Қарақошқыл боп күйіп кеткен Бестібай, аппақ тістерін ақсита күлді.

— Үстірттің қай тұста екенін білмей мені құдай ұрып па? Мынау қапырық жел бұл арада үнемі теңіз тұсынан, Үстіртке қарай соғады... Ал Үстірттен, не Бозашы жағынан тұрған жел мұндай қапырық келмейді. Одан сәл бұйырғын, селеусе исі шығады. Және бұл жақтан жел шықса аяғы құмды дауылға айналады.

— Ал біздің балалардың Үстіртке қарай беттегенін қайдан білесің?

Бестібай жартымды жауап бермеді.

— Сонда мен анау түйетікенекті жылғаларды текке аралады дейсің бе?

Бұдан артық ол ештеңе деген жоқ. Петровский де қайырып сұрамады. Тек біраз жүріп, шаңқай түс бола Бестібай тағы көштерін тоқтатып:

— Осы бөктерде сәл тыныштalайық,— деді де, Петровскийге карады,— көрдің бе біз жүргелі көзімізге ешбір түйенің де, адамның да ізі түскен жоқ. Бірақ біздің бетіміз дұрыс. Әрине, сіздің балаңыз осы арадан өткен...

— Онда ізі қайда?

— Бұл атраптан із көру қиын. Кілең сор, тақыр, ал болмашы борсаң, құмайтты жерге түскен түйенің ізін тынбай соққан жел жауып кетеді. Он бес күнде із түгіл, казған шұқыр да көрінбей қалады.

— Онда біз неге сеніп келе жатырмыз? Өзің білесің басқа өткізіп алған бір күніміз жоқ, күніміз емес, сағатымыз...

— Әрине ғой,— деді Бестібай күрсініп.— Бірақ сіз күні бұрын қорықпаңыз... Бұл ұшан-теңіз атрапта бірде-бір қазақ адасып өлген емес.

— Япырмай, ә?.. Бірақ олар кілең орыс жігіттері ғой...

— Болса ше? Әрине, мұндай шөлейт далада адам аштан өлмесе де, шөлден өледі. Мұндайда, қысылған кісі жер қазса, су шығады. Бірақ ең тайыз дегенде он құлаштай болуы керек. Бұған күш қайда?

— Азық-түліктерінің де бітетін уақыты сөз жоқ алдақашан болған.

— Екі түйесі бар емес пе? Біреуін сойып жесе де...

— Мынадай ыстықта түйенің еті қанша күнге шыдайды?..

— Ия, бізге асығу керек,— деді Бестібай ойланып,— әрине олар адай жігіттері емес, түйені сойысыменен сорға аунатып ыстау, кептіру дегенді біледі дейсіндер ме...

Тағы бір көш өткеннен кейін Бестібай Петровскийге:

— Құдай бұйыртса таң ата балалардың да жатқан жеріне жетерміз,— деді.

Таң қалған Петровский қуанып кетті.

— Қойшы? Рас па?

— Рас болғанда қандай!— деді Бестібай жерге шынтақтай жатып.— Олардың Үстіртке қарай кеткенін қайдан білдің дедің ғой таңертең?.. Міне мына түйетікенектің басын қара? Байқайсың ба мына жерінің сабақтары бар, бүршіктері жоқ. Бұл қайда кетті? Бір сарында жайыла жүріп келе жатқан түйе жұлып жегені хақ. Ал түйе аузындағы шөбін, әсіресе түйетікенекті әр отыз-қырық қадамдай жер өткенше шайнайды. Енді өзің ойлан, мен неге жерден басымды алмаймын? Біздің келе жатқан бетімізде түйетікенек пен мендуана әжептеуір тың біткен. Ал көреген көзге олардың кейбіреулерінің бастары отыз-қырық қадамнан кейін қыркылып отырғанын анығару бөлендей қиын емес. Және суарылған түйе алғашқы күні құмалақ тастап отырады... Көреген көз бұны да байқап қалады. Петровский Бестібайға әбден сенді.

Дегенмен, бұлар Михаилдарды үшінші күні әзер тапқан. Бес жігіт ең алдымен көліктерінен айрылған екен. Осы араға келген күні түнде түйелері жоқ болып шығыпты. Аңдыған жау әкетті ме, әлде жершіл жануарлардың атамекен өрісін сағынып, бұрынғы жайылымдарына қарай тартып отырды ма, белгісіз, әйтеуір, таңертең түйесіз қалғандарын бір-ақ білген бұлар. Азық-түліктерін арқаларына таңып, түйе кеткен жақта ел бар шығар деп, олардың құмда жатқан іздерінің соңына түсіп берген. Бірақ көп кешікпей жел тұрып, құмды өңірдің атақты дауылы соғып, бұлар ізден айрылып қалған. Түнімен адасып, не құдық таба алмай, әйтеуір бір тақырға келіп құлаған. Тұрғандарында көргендері ұшы-қиыры жоқ құмды дала, дәл төбелерінен шақырайған күн... Түнде дауылмен алысып жүріп компастарын да жоғалтып алған. Қай жақтарының құбыла, қай жақтарының теріскей, күнгей екенін айыра алмай, қай тұска жүрулерін білмеген. Ақыры «тәуекел» деп алыста бұлдырлаған тоғайға қарай беттеген. Тоғай дегендері сағым елесі болып шыққан. Сосын сол жақтағы тауға қарай бұрылған. Бұ да шілденің құз, қияға ұқсас елесі екен. Не керек, қай жаққа бет алмасын, түбі айналшық жеген адамдай, сол баяғы өздерінің алғашқы түнеген тақырынан шыға берген. Ақырында торсықтағы сулары да, рюкзактағы тамақтары да біткен. Жер қазатын саймандарын да сол құм кезген алғашқы дауылды күні-ақ жоғалтып алған: Осындай күйде, үстерінен қалықтаған қара құстарды көздеп, ес-түссіз жатқан жерлерінен кеп Бестібайлар тапты.

Жігіттер естерін жиярлықтай үш-төрт күн өткеннен кейін, Қарабұғазға қайтып келе жатып Михаилдан Хәлел:

— Қандай сор сендерді сонау құм далаға айдап барған?— деп сұраған.

— Біз сол құм даладан мұнайдың жер бетіндегі белгілерін іздедік.

— Қайдағы мұнай? Құм мен сорда не қылған мұнай?

— Маңғыстау мен Үстірттің асты толған мұнай.

— Қойшы?!

— Мұнайдан басқа да онда толып жатқан қазына бар. Әлі соның бәрін табамыз.

Осынау құлазыған жапан дүзден жер байлығын іздеп жүрген бұл жігіттердің ерлігіне Хәлел тан қалған. Өзі де осылардай болуды іштей тілей қалған. Тіпті туып-өскен жерінің байлығын мыналардай бейтаныс жұрттың іздеп жүргенін қызғанғандай да еді. Ал өз басы дәл қазір осы теңіздей ұшы-қиыры жоқ, кең атырапты кезіп-ақ кетер еді, әттең не керек, жер астында жатқан асыл заттарды қалай табу керек екенін білмейді.

Дәл осы кезде Михаил Петровский Бестібайға:

— Ақсақал, бұл сіздердің жеріңіз ғой, біз мұнай іздесек, бәріміздің қызығымыз үшін іздеп жүрміз, егер қарсы болмасаңыз, бізге жол көрсетуші боп жұмыска кіріңіз,— деген.

— Игілікті іс істеп жүрсіңдер,— деген Бестібай.— Бұл арадан жер майы шыққа, адай ауылдары керосін алуға Орынборға бармас еді. Бірақ мен қартайып қалдым, егер жарайды десеңдер Хәлелді алыңдар. Бұ да осы арада туып-өскен, дала баласы ғой, сендерді адастырмауға жарап қалар.

Михаил Хәлелге қарағаң:

— Хәлел, қалай, бізге жұмыска кіресің бе? Бұрын да айтып едім ғой.

— Кіремін!— деді Хәлел ойланбастан.

Қарабұғазға келісіменен Хәлел тұз қопару жұмысынан шықты. Енді кең зерттеушілерге еріп өзінің жанындай жақсы көретін сардаласын кезді. Алдымен жол көрсетуші, содан кейін тас уатушы, құдық бетінен жер май жинаушы болды. Сөйтіп жүріп ол экспедицияның ең керек адамының біріне айналды.

Бестібайдың Михаил Петровскийге жол көрсетіп жүргісі келмегені — кезекті енді баласы Хәлелге берейін дегені еді. Қыран балапанының өзінен жоғары ұшқанын, құлан құлынының өзінен шабысы асқанын тілейді. Бестібай хат танымағанмен де ақылды шал еді. Қазақта мұндай көкірегінің жарығы бар оқымаған кәрілер көп. Бестібай да үрім-бұтағының болашағы — осы Петровский тәрізді, кең пейіл жандармен тату-тәтті тұруда, солармен бірлесіп жұмыс істеуде екенін түсінген. Со себептен де Хәлелге Михаилмен бірге бол деді. Әке сөзін бала да ұқты. Оның үстіне жер астында көп қазына бар дегеннен кейін, атамекен даласының қойнын аршып, құшағындағы байлығына кенелуге құмарлана түсті.

Бұлар Қарабұғазға келгеннен кейін, бір күні Петровский Бестібайға:

— Мені Маңғыстауға партия жұмысына жіберетін болды,— деді,— жақында көшпекшіміз. Ұмытпасам, өзің де сол маңайдан секілді едің ғой, бізбен бірге, мүмкін, еліңе қайтарсың?

— Иә, Өзек, Қызылсай аңғары біздің ауылдың ежелгі қыстауы. О жақтан күн көре алмаған соң көштік қой. Мұнда әйтеуір кіре тартасың, жол көрсетесің. Ал өз еліңде?.. Бағып отырған малың жоқ. Малсыз адамға Маңғыстау жат жер.

— О жақта да енді жаман болмайды,— деген Петровский,— жақында конфеске басталады.

— Оның не бәле?

— Байлардың малын, жерін алып, кедейлерге үлестіреді...

— Түсінсем бұйырмасын.

Петровский Бестібайға қазақ даласында болып жатқан советтендіру саясатының отырықшылыққа көшудің, кедейлер бірлесіп қосшы ұйымына кірудің не екенін ұзақ түсіндірді. Осы науқандардың аяғы байлардың мал-мүлкін, жерін кедейлерге алып беріп, өздерін жер аударатын конфескеге апарып соққалы тұрғанын бақайшағына дейін шағып, толық етіп айтып берді.

— Сен тәрізді жоқшылықтан көп мехнат көрген бейнеткорлар бұл тартыста шет қалуға тиісті емес. Тап жауларынан өздеріннің үлестерінді алып, бай-манаптарды араларыңнан аластап, бірлесіп жаңа өмір құруларың керек,— деген.

— Бай-манаптар бізге не көрсетпеді? Атамыз бір Жанбоздан шыққан Түйебай маған не істемеді? Байды былай қойғанда, Сарыдан не көрмедік? Рулас екенін пайдаланып, жігіттеріне басшы етіп, салып қойған жоқ па соңымызға оны Түйебай? Ал сол Түйебайдың өз басым он үшімнен жырма бесіме дейін түйесін бақтым. Сондағы маған төлегені жалғыз бота. Әйтеуір құдай аяп, бота түйе болды. Мына күлсары інген сол. Сөйтсе де жалғыз бота он екі жылғы малай ақыға тым аз. Қанау деген сол емес пе?— Бестібай кенет жүдеп қалды.— Әрине оларды аластау әділеттік-ақ. Бірақ өзім, ондай жайға үлестірген бай малынан қотыр ешкі алмаймын.

— Неге?

— Қарғыс атсын оларды, қарғыс атсын! Арамдықпен жиналған бай малы кімге ырыс болады дейсің...

Бестібай өз еліне Петровскиймен қайтуға көнді. Бұлар Маңғыстауға бірге көшкен. Жолай үш жүз түйе біткен шылқыған бай Түйебайдың қандай адам екенін жыр еткен. Аталарының бір рудан екеніне қарамай ол Бестібайды басыбайлы құлындай пайдаланған екен.

— Иә,— деген Петровский,— қазақтың руы дегені карамағындағы ағайын-туысқа сөзін сөйлетіп, шоқпарын ұруға, саяқ жинауға бай мен билерге ғана керек. Ал кедейдің шын жан аямас туысы — ол өз табының, кедей табының адамдары... Мысалға сен екеуімізді алайық. Мен орыспын, сен қазақсың, руымыз түгіл, ұлтымыз да бөлек. Ал мен саған аталасың Түйебайдан анағұрлым жақынмын.

— Сөз бар ма!

Осылай бірте-бірте Бестібай кімнің дос, кімнің қас екенін ұқты.

Бұлар Маңғыстауға келген кезде Каспий теңізінің атырабындағы жайлымға лайық құдық пен қыстау өңіріндегі жер бітken бөлініп, ауылдық жерлерде сауаттандыру науқандары басталып та кетіпті. Бұл бір советтендіру ісі қызу жүріп жатқан шақ еді.

Дүние үнемі бір қалпында тұрмайды, үнемі өзгеріп тұрады деген міне осы! Кешегі құдық үшін қолына шоқпар-сойылын ұстап, ру-ру боп, жан-жағындағы көршілерімен тынбай жауласып, желі азнаған сар даланы тықыр жүнді түйемен кезіп жүрген елді бүгін тіл құралды ашып, бақандай саусақтарымен «әліп-биді» түрткілеп, сауатсыздығын жоюға қызыл отауға жиналады деп кім ойлаған!

Өмір өзгереді, халық өзгереді. Бұл ежелгі қағида. Адайлар да қатып қалған тас емес, мезгіл ықпалына қарай бұлар да өзгере бастаған.

Маңғыстауға келгеннен кейін Петровский ОГПУ бөлімшесінің бастығы болып бекітілді. Өзімен бірге көшіп келген Бестібайды ол атқосшы етіп алды. Ақ банды таусылганмен, Совет өкіметіне наразылардың тегіс біте қоймаған кезі. Атрапта әлі де шоғырланған тентектер, бау кеспе ұры-қары, қанышпезерлер көп... Петровский атқосшысына да алтыатар бергізді. Және өзі оның қалай атылатынын үйретті.

Қаруына етене болып үйреніп қалған Бестібай:

— Осының маған керегі қанша?— деді бір күні Петровскийге, екеуі сайда оқ атып қайта отырғандарында,— өзге адайлардай қолыма сойыл да ұстап көргем жоқ, бар қаруым өмірбақи тобылғы сапты қамшым болып келген.

Петровский сәл езу тартқан:

— Қамшымен тек малды ғана қорқытасың. Ал қасқыр шапса не істейсің?

— Маңғыстауда адамға шабатын қасқыр некен-саяқ.

— Адамның қасқыры да жоқ па?

— Әрине, ондайлар бар ғой. Бірақ өзің тимесең қазір олар да тимейді...

— Солай ойлайсың ба? Әлі өзіңе талай қанды ауыз қасқырлардың шапқанын көрерсің. Тұра-тұр. Маңғыстау тәрізді қазақ даласында тап тартысының нағыз күшейетін кезі енді келе жатыр. Керек уақытында қапы қалмас үшін күні бұрын мылтықты дәлдеп атуды үйрене бер.

Петровскийдің айтқаны келді. Бір ай өтпей бұл жақта да байлардың мал, мүлкін конфескелеу науқаны басталды. Биыл Орынбор маңындағы жайлауына бармай қалған Түйебайдың мал-мүлкін конфескелеуге уәкіл болып Петровский тағайындалды. Ол қасына Бестібай мен екі милиционер жігітін ертіп, төртеу боп байдың еліне жүріп кетті. Түйебайдың ауылы жай-

лауында болмай шықты. Жылдағы әдетін бұзып, түйесінің ақсақ тайлағына дейін қалдырмай айдап, Қарынжарық құмына көшіп кеткені анықталды. Білетін адамдар: осыдан бір он бес күн бұрын Орынборда оқып жүрген Сарының Бегіс деген баласы келген. Байдың көш бетін өзгертуі, не болса да сол пөкерінің ұлынан шықты,— деген,— және Бегіс түнеген күннің ертеніне, бай ауыл-аймағымен тұра көтерілді. Ал түйелерін берік қомдауына қарағанда ол тек Қарынжарық құмына емес, Түрікмен жеріне, тіпті әрі қарай асып кетпесе нетсін, тым етек-жеңін жия көшуінде бір гәп бар.

Қасындағы үш кісімен Петровский бай көшінің соңынан қуып берген. Және бір сенімді адамды Қарабұғаздағы ОГПУ бөліміне жіберген. Түйебайдың көшін Түрікмен жеріне өткізбеулерін өтінген. Және бұлардың аттандырған жауынгерлері, байдың аулын кейін қайтару үшін, өзінің жасағына келіп қосылуын сұраған.

Қарабұғаздан келген төрт қызыл әскер мен Петровскийдің адамдары қазақ жігіттерімен Қарынжарық құмының Түрікменге таяу тұсындағы Қарашықсай құдығының күнгей жағында кездесті. Түн тастай қараңғы еді. Сірә қызыл әскерлерді күні бойы сыртынан андып жүрген болулары керек, Петровский жігіттері құдықтан аттарын суарып, құм шетіне келіп, сәл көздерінің шырымын алмақ боп қисайған шақтарында жиырма шақты жігіт, «Жанбоз!», «Жанбоз!» деп атой салған. Түнгі айқай қандай үрейлі, жаңа ғана тыныш жатқан қараңғы әлем мың сан қол ұрандасып ат қойғандай, кенет дүрліге қалған. Сатыр-сұтыр сілтенген сойыл, шоқпар, оскырған, пысқырған, дүбірлей шапқан жылқы, ақырған, өкірген кісі дауыстары. Жау тиген үнсіз дала кенет қорқынышты үндерге толды. Гүрс-гүрс атылған бесатар, шаңқ-шуңқ еткен алты атар дауыстары естілді. Бірақ жау дүмпуі заматта басылды. Мылтық даусына үйренбеген адай жылқыларының үркіп құмды далаға қарай шауып бара жатқан дүбірлері естілді.

Айқай шыққанда ең бірінші орнынан атып тұрған Петровский сойылға жығылыпты. Таң құлаңкетеніп алакөленке бола бастағаннан-ақ жігіттер Петровскийді шиналіне жатқызып, жан-жағынан көтеріп құдық басына қайта әкелді.

Қара қанын жуып, басына суық суға малынған орамал тартты. Бірақ сойыл қарақұсынан тиген екен, тілге келмей Петровский күн шыға мәңгі көзін жұмды.

Бестібай: «Қазақ даласында тан тартысының нағыз күшейер кезі енді келе жатыр»,—деген Петровскийдің сөзінің не екенін енді ұқты. Аяулы бастығынан, жоқ, бастығы емес, жан жолдасынан айрылғаны жанына қатты батты. Туған бауыры өлгендей, жаңа ғана өздері жерлеген Петровский қабырының басында ұзақ отырды. Көзінен аққан бүртік-бүртік ыстық жасты күсті қолының сыртымен [illegible] сүртті.

Сонау көгілдір сулы Нева өзенінің жағасында туған Петроград жұмысшысі Петровскийді Маңғыстаудың құмды даласына келіп осылай өледі деп кім ойлаған?

Бұ да өзінің ұшар қиясын, қонар ұясын көздеген құс тәрізді, адам баласының бақыт жолын іздеуінің бір куәсі емес пе?

Иә, бұл солай! Өз бақыты, жоқ, өз бақыты үшін емес, кедей табына бақыт іздеу жолында тек Петровский тәрізді халықтың аяулы адал ұлдары қаза бола алады, оққа ұшады. Тап тартысы деген міне осы.

Осылай Бестібайдың да жүрегі тап тартысының ең алғашқы әліпбиін түсіне түсті. Сөйтіп, ол Түйебайға бұрынғысынан да катты кектенді. Жолдастарымен тізе қоса отырып, бай ауылын кейін қайтарды. Бестібай, ауданнан келген жаңа уәкілдің қасында болып Түйебайдың мал-мүлкін кедейлерге бөліп беретін конфескеге қатысты. Тек, бай бұларға қарсы жігіттерін жібергенін мойындамады. Бұл кінәсін қызыл әскерлер де оның мойнына қоя алмады. Оқиға қара түнде болды ғой. Шапқан жігіттердің ешқайсысы қолға түскен жоқ. Құр байдың әрекеті деген-ге заң көнбеді. Оның үстіне Сары мен оның баласы Бегіс те сол Петровский өлген күнінің ертеңіне үшті-күйлі жоқ болып шықты.

— Сары қайда кетті?— деген уәкілдің тегеурінді сұрағына, түйенің қайысындай сірі бет, сары сақал бай сол сірескен қалпында:

— Қайдан білейін!— деді.— Ол менің екі туып бір қалғаным ба еді? Кім қашпай жатыр қазір менен? Кетті де өз беттеріне.

Расында да солай еді. Петровскийді Түйебайдың жасағы өлтіріпті деген сыбысты естісіменен-ақ, қалада жүріп көзі ашылып қалған Сарының баласы Бегіс, бір бәлесіне ұрынып қалмайық деп, байдан ат құйрығын біржолата кестіртіп, әкесін қалаға алып қашкан.

— Ал өздеріңнің беттерің қалай еді? Қарынжарыққа көшіп барғанмен онда қысты өткізе алмайтын едіңдер ғой,— деген сұраққа:

— Әрине,— бай жасырмай шынын айтқан.— Бұл мал шіркін, ботасынан, құлынынан өргізгендіктен бе, адамға ыстық қой. Қазақ, қара жерге кіргенше мал, мал деп өтеді емес пе... Бұрынғы жағдай жоқ. Орынбор даласындағы жайылымымыз да мұжықтарға көшкен. Олар жиналып ТОЗ болмақшы көрінеді. Ол шіркіндер бізді біржолата тоздырып, құртып жіберейін деген ғой. Сонда біз қайда барып күн көреміз? Мынау қыруар түйені қайда бағамыз?.. Құдық маңдарын кедейлерге бөлтыр бөліп бергенсіңдер. Әрине, Түрікмен жеріне ауыспақ боп көшкенбіз. Сыбырлағанды құдай естімей ме дегендейін, шамамыз келсе одан әрі де өтіп кетпек едік.

— Баланызды осы жақта тас[redacted]

— Қай баланы айтасыңдар? Менде бала жоқ...

— Әжіғали ше? Әлде ол сізден туған па еді?

Жалғыз ұлы Әжіғалидың атын естігенде, шалдың көзінде кенет бір жылы ишарат сезілді де, біртіндеп барып жойылды. Енді оның үнінен мақтаныш сазы естілгендей:

— Ол итті бала дегеннен көрі, көкжал қасқыр деген жөн болар...

Түйебайдың баласы Әжіғали шынында қандыкөз көкжал қасқыр еді. Орынбор кадет корпусын бітірісімен, генерал-губернатордың адъютанты және тілмашы болып қызмет істеген. Түйені түгімен жұтатын жемқор, кесіп алсаң қан шықпайтын қайсар боп жаралған бір найсап. Анда-санда ауылға келгенде, ел ішін ұйқы-тұйқы етіп кететін. Жанбоздан шыққан желөкпе, есерсоқ жігіттерді соңынан ертіп алып, сарыала қылышын сүйретіп, әкесіне қырғи-қабақ ауылдардың басына әңгір таяқ ойната, момын жұртты қырып жібере жаздайтын. «Жанбоз! Жанбоз!» дегенге елігіп, бұған еретіннің бірі Сары болатын. Бұл бір жалғыз атты кедей, бірақ балуан, көкпаршыл, жан шыдатпайтын сойылгер жігіт еді. «Сен мықтысың!» дегенге сеңсең бөркі қара қазандай боп, масайран Әжіғалидың шашпауын көтергішақ. Түйебай кейде барымтаға да аттандырып алатын. Атамыз бір деп бай сөзін екі етпейді. Бай берген қысқы соғымы мен жазғы сауынына мәз. Әкесіне бағынышты Сарыны Әжіғали да өзіне жақындатуға құмар. Елден он-оңай түсіп жатқан пара, олжадан, тұлкі алған бүркітке қызыл асатқандай Әжіғалидың да бірдеңелерді Сарының көмейінен қылқытып жіберетін әдеті бар. «Мені өзіне жақын санайды, туыс санайды» деп Сары одан сайын байдың баласының дегенін орындауға құлшына түсетін...

Әжіғалидың тізгінінде жүру, түбі Сарыға немен бітетіні белгісіз еді, әйтеуір қазақ жерінде азамат соғысы басталып, екеуінің өмір жолы екі бөлінді.

Әжіғали сол азамат соғысы басталысымен-ақ өз аулын, әкесінің карасын көрген жоқ, қолына мылтығын ұстап қызылдарға қарсы шықты. Алғашқы кезде Жымпитыдағы алашорда әскерінің бір эскадронын басқарып, полковник Беловтың полкімен бірге қызыл әскермен ұрысты. Соңынан Белов полкі Орал майданынан жеңіліп, Гурьевке қарай шегінгенде, Әжіғали, қасындағы бес жігітімен кілт бөтен жаққа бұрылды.

Сөйтіп кешегі қылышынан қан тамған алашорда офицері, еліне, өз ауылына қайтуға, бір соғарсың деп әкесінің аулын аңдып жүрген қызыл әскерден қорқып, енді амалсыз Толстовтан бөлініп құм арасына сіңіп кетуге мәжбүр болды.

Осылай ол қашып жүріп, бір көшпенді шаруаны қорқытып оның қызына үйленген. Өзі тәрізді тағы басқа ұры-қарылардан кәдімгідей банды құрып, қалың құмның арасына сіңіп кеткен.

Түйебайды конфескелеуге келген адамдардың да байдан сұрап отырғаны осы Әжіғали жайы еді.

— Сөйтіп, сіз баланызды сол баяғы кеткенінен бері мүлдем көрген жоксыз гой?— деді комиссия бастығы.

— Жок, көргем жок,— деді Түйебай сол тұнжыраған калпында.

Петровскийді «Жанбоз! Жанбоз!» деп ұран салған бір топ жігіттер өлтіріп кетіпті» дегенді естігенде Түйебай куанып калған. «Бар екенсің гой жалғызым!» деген ол ішінен. Әкеңнің басына күн туганда бір белгіңді бердің ғой. Өзі Петровскийге карсы жасак жіберген жок, ал бұның жогын жалғызынан бөтен кім жоктайды.

— Мейілдерің,— деді Түйебай кенет,— күш қолдарында, кісі өлтіртті деп мені айыптау казір оп-оңай, бірак мен біреуді өлтіріңдер деп ешкім жібергем жок.

Бірак іштей тағы: «О, құдай, артық айтсам өзің кеш, тек жалғызымды сактай көр!»— деді ақырын күбірлеп.

Конфескелеуге келгендер әрине, кісі өлтірттің деп кінә таға алмаған, тек мал-мүлкін тегіс конфескелеп, өзін үй ішіменен Сібір жаққа жер аударған.

Бестібай дүние шіркіннің кандай қиын екенін осылай бірте-бірте мыктап түсінді. Бірак одан Бестібай өзгеге сөзін өткізе қоятындай дәрежеге жете қойған жок. Сол бәз-баяғы карапайым калпында калды. Бар қолынан келгені Петровский кайтыс болғаннан кейін НКВД-ны тастап (ОГПУ бұл кезде НКВД-ге айналған), кемпірімен екеуі картаюға айналған жалғыз інгендерімен құмдағы жаман қыстауына кайта көшіп барған.

Ал екі жыл өткеннен кейін Михаил Петровский орталыкка жұмыска шақырылып, жүргелі жатқанда, Маңғыстаудан мұнай зерттеуге Ленинградтың экспедициясы келген. Осы экспедицияға Михаилдың өзі Хәлелді ертіп әкеп, жер бұрғылайтын машинаға жұмысқа кіргізді.

Сол күннен бастап Хәлелдің тағдыры біржолата өзгерді.

Ол шу дегенде машина майлаушысы болды, содан бірте-бірте бұрғылау шебері мамандығына жетті.

Осылай Хәлел мұнай зерттеушілердің қатарында мүлдем калды.

Бұл алғашқы қазақ мұнайшылары шыға бастаған бірінші бесжылдықтың тұсы еді.

Бала кезінен топырағы сексеуілдей жанатыны есінде калған туған даласы Өзек аңғарына мұнай зерттеушілерді жұрттан бұрын алып келген де осы Хәлел еді.

II

Жер де адам тәрізді, сырты кандай сұрықсыз болмасын, кейде ішінде ғажайып асыл қасиет-байлық жатады. Тек адамның да, жердің де сол сырын аша біл. Осындай бір жұмбақ жер Өзек еді.

Өзек!

Маңғыстауда не көп, өзек көп, не жоқ, өзен жоқ!

Сондықтан да бұйырғын, ақ селеу, жусан, алабота, еркек шөп, түйетікен өсетін осынау алыс атрапта құлама жарлы аңғардың түбінде жылтырап аққан жіңішке суы бар жерді ел өзен демейді. Өзек дейді. Атам заманнан бұл арада осы жұрттың қыстаулары тұратын. Бір кездерде мынау ғажайып құлама аңғарды бойлай бұрқырап өзен де аққан болар? Сол себептен де Өзекке ел қонып атамекен қонысы еткен шығар?

Иә, бұл арадан ерте заманда өзен өткен. Мынау жарқабақты терең арна соның куәсі. Бірақ ол өзен қай уақытта болған? Мүмкін сонау Сармат теңізі тартылғаннан кейін бе? Әлде қазақ Әлімсақтан дейтін Сақ заманында ақты ма? О да мүмкін. Әйтеуір бір кездерде өзен өткен осы тұсты қазақ Өзек атаған. Өзек деген сөз де көне, оны солай деп атаған қазақ елі де ежелгі ел.

Маңғыстаудың ұлы тартысы осы Өзектен басталды.

1958 жылғы март айының бұркасынды, ызғарлы желді бір күні Маңғыстау барлау трестінде жұмыс істеп жүрген екі белгілі орыс геологтары В. П. Жихерев пен В. В. Кузьманы және жас инженер Жәлелді форт Шевченконың қалалық партия комитетінің бірінші секретары шақырды.

Жәлел өткен жылы ғана жоғарғы оқу орнын бітіріп, осы Маңғыстауда зерттеу жұмысында жүрген.

Самайына ақ кірген, ұзын бойлы, аксары москал кісі, амандасып болып, әңгіме басталғаннан кейін:

— Маңғыстауда мұнай кәсіпшілігі ашылғалы жатыр деген-нен кейін, бұл арада үкімет үйғарумен қаншама жұмысшы, мұнай мамандары келгендерін білесіндер ме?— деді.

— Біламіз,— деді үш инженердің қызмет жағынан үлкені Жихерев,— көп кісі келді.

— Білсендер,— деді бірінші секретарь.— Оларға жұмыс тауып беру керек, көбі үй ішіменен көшіп келіп жатыр.

— Үлкен барлау өндірісі әлі құрылған жоқ қой,— деді Жихерев.— Ал мұнай іздейтін бір-екі партияларға оншама кісінің қажеті жоқ.

Бірінші секретарь қабағын сәл шытты.

— Өндіріс құрылмаса, құру керек.

Жихерев те қабағын шытты.

— Қалай құрамыз? Әлі мұнайы бары, жоғы әбден зерттелген бірде-бір кен орны жоқ. Ал Қызан мен Төбежікте кәсіпшілік құруға болмайтынын геология институтының бір топ мамандары негіздеген. Біздің қолымызда бүгінгі таңда басқа дерек жоқ.

Бірінші секретарь геологтың сөзіне құлақ қоймағандай сынай көрсетті.

— Өндірісті былай құрасындар,— деді ол өз ойын жалғап.— Он күн болды сонау Махачкала арқылы Уралмаш заводтың төрт терең бұрғылау «УЗТМ» қондырғысы келгеніне. Мұндай алып машиналарды жинап, бізге жеткізудің өзі қандай қиын жұмыс екенін білесіндер. Ал бұл жерде сол қондырғыларды күтіп отырған дайын төрт бригада бар. Тезірек бұрғылау станоктарын іске қосу керек. Техниканың тот басып жатуына жол берілмейді.

Жихерев тұнжырай сөйледі.

— Оларды қоятын анықталған даяр алаңдар жоқ дедім ғой мен жана... .

— Онда менің шаруам жоқ,— деді енді қабағын қаттырақ шытып бірінші секретарь.—Жер мамандары сендерсіндер, табыңдар! Қысқасы, төрт қондырғы жүргізіліп, жұмысшылар жалақы алып үй-іштерін асыраулары керек. Және сондай қиыншылықпен әкелінген машиналар бос жатпауға тиісті. Жұрт тезірек жұмыска кіріссін!

Геологтар терлеп кетті.

— Мерзімі бір ай!— деді бірінші секретарь осымен әңгіме бітті дегендей орнынан түрегеліп.

Иә, бұл жарлық құрт берілмегенде, мүмкін Маңғыстау мұнай тағдырының шешілуі әлі де ұзақ жылға созылар ма еді, қайтер еді... Бірақ бұл жарлық үзілді-кесілді неге өктем берілді. Маңғыстауда мұнай бар дегенді кім айтқан? Кім зерттеген?

Каспий жағасындағы түбекке ең бірінші көңіл бөлген Бірінші Петр еді. Әрине, ол Маңғыстаудың жер байлығын аша қояйын деп бұл араға көңіл қойған жоқ. 1713 жылы, Қызылсу шығанын жайлаған, бабалары Сирия арабтары, бертін келе әкелері түрікпен болып кеткен Ходжанепес Ұлы Петрдің атына шағым берген. Ходжанепес Абдал руына жататын Ходжанияздың немересі, Сүйіннің баласы, аукатты кісі екен. Ол арызында «алатағаланың жазуы бойынша жаратылғаннан, Каспий теңізінің Шағам (осы күнгі Красноводск) шығанының тұсына келіп құятын ұлы өзен Амударияны өзбектер Жаракай деген тұска бөгет салып, өз жерлеріне бұрып әкетті. Енді Амудария Каспийге емес, Арал теңізіне құяды» деген. Ходжанепес ақ патшадан мал баққан Маңғыстау жұртына өзенін қайтарып беруін өтінген. Және хатында Амудариянын бұрынғы аққан арнасы Ұзбойды сызып көрсеткен. Бірінші Петр патша, Маңғыстау халқына жаны ашығандығы үшін емес, Үндістанмен тікелей қарымқатынас жасау көкейкесті армандарының бірі болғандықтан, бұл шағымды ерекше көңіл бөле қараған. Егер Амударня бұрынғыдай Каспийге қарай акса, Хиуаға дейін, құмды даланы кешпей, сумен жетудің жеңіл түсетінін түсінген. Ал аржағында Үндістан, ол Үстірт пен Мәскеу арасынан жақын. Сол себепті патша қызметінде жүрген черкес князі Муртаз Бек баласына — гвардия капитаны Александр Бекович Черкасскийге бер-

ген жарлығында: «Амудария өзенінің құйған жеріне мың адамдық бекініс тұрғызу керек... Елші болып Хиуа ханына бар. Жолың сол өзеннің бойы болсын, ағысына және салынған бөгетке ықыласыңды сала қарай жүр. Ыңғайы келетіндей күн туса өзенді бұрынғы арнасына түсіріп, Арал теңізіне құятын жолын бекіту керек»,— деп жазған.

Александр Бекович Черкасскийдің экспедициясы бұл арада екі рет болды. 1715 және 1717 жылдары. Ақырында Хиуа ханы жендеттерінің қолынан экспедиция адамдарымен бірге қаза тапты. Бірақ ол алғашқы сапарында Еділ өзенімен жүзіп келіп, Каспий теңізінің шығыс тұсындағы Бозашы түбегін, Түпқараған қолтығын, Құм мүйісін картаға түсіріп кетті.

Бұл Маңғыстау түбегі зерттелуінің басталуы еді. Осыдан кейін Россия патшасы Маңғыстауды есінен еш кезде де шығармады. 1820 жылы, осы аранық жағрафиялық, әскери-соғыстық қолайлығын толығырақ білуге Г. С. Карелин, Э. И. Эйхвальд, Н. А. Северцев, Н. Н. Ломакин тәрізді оқымыстылары бар полковник Ф. Ф. Берга басқарған арнаулы әскери экспедиция шықты. Он бес жыл өтпей осы экспедицияның ұсынысы бойынша Түпқараған қолтығына бірінші әскери бекініс, осы күнгі форт Шевченко салынды. Енді бұл тұс тек әскери қорғаныс орны емес, ұлы Россия патшалығының өзіне қарсы бас көтерген, бостандықты көксеген ұлдарын жер аударатын тағы бір «барса келмес» қамалына айналды. Сондай «бостандықты көксеушілердің» бірі, 1850 жылы осы арада, сол күндердегі форт Александрийскіге әскер қатарына алынып, жай солдат дәрежесінде айдалып Украина халқының ардақты ұлы Тарас Григорьевич Шевченко келді. Ол бұнда жеті жылын өткізді және өзінің әйгілі «Қайыршы балалар», «Қазақ қызы Катя» тәрізді бауырмал елдің тұрмысынан алынған, сондай-ақ «Қазарма», «Мемлекет жұдырығы» атты адамның жанын оятқан саяси суреттерін салды. Топография экспедициясына суретші боп қатысып көшпелі елдің ауыр тұрмысын өз көзімен көрді.

Россия бұл өңірде бұдан кейін де өзінің экспедицияларын жіберуін тоқтатқан жоқ. Әйгілі географ Николай Иванович Андросов түйемен мыңнан астам шақырым жер жүріп, Маңғыстаудың жағрафиялық картасын жасады. И. В. Мушкетов бүкіл Каспийдің арғы бетінің төңірегін картаға түсірді. Андросов бұдан кейін де бірнеше рет келіп, Маңғыстаудың бөтен жерлерін зерттеп, бұнда жер астында түрлі байлықтардың барын кітап етіп жазды. Бұл ғалымның жұмысын М. В. Баяурнас жалғастырды. Ол 1910 жылы Қарасазтас құдығынан май сіңген топырақты, су бетінде қалқыған жермайды көрді. Осыдан бастап Маңғыстауда мұнай бар деген алғашқы ой туды.

Бұлардан кейінгі де, Е. В. Мокринский секілді ғалымдар, кен зерттеуші геологтар Қырымның, Кавказдың, Жерорта теңізінің жағрафиялық құрылыстарына Маңғыстау табиғи жара-

тылысының ұқсастығын дәлелдеп, осынау ажарсыз сұрғылт даланың асты табиғат қазынасына мол деген қорытындыға келді.

Маңғыстауға Совет өкіметі орнағаннан кейін бұл арада зерттеу жұмысы қауырт жүре бастады. Бірақ Ұлы Отан соғысы басталды да, дамып келе жатқан жұмыс кілт тоқтады.

Осылай соғыс алдында зерттеуін аяқтай алмаған Ленинградтың Бүкілодақтық геологиялық ғылыми-зерттеу институты 1950 жылы барлау жұмысына қайтадан кірісті. Ал 1951 жылы Гурьевтен мұнай іздеуші партиясы шықты. Осыдан бастап бұл өңірдің жеріне бірде-бір тыныштық болған жоқ. Жылда мұнай ізденушілер қаптады. Ал 1957 жылы Маңғыстауда мұнай, газ барлау тресі ұйымдастырылды. Келесі жылы Бозашы оңтүстік ойпатында Қызан құдығының маңайында алғашқы скважина қазылды. Сондай-ақ Төбежікте де бұрғылау жұмысы жүргізілді. Төбежіктен бор қатпарынан мұнай табылды, бірақ жер бетіне таяу жатқандықтан жаңбыр суларымен қышқылданып кәсіпшілік пайдалануға жарамсыз боп шықты. Мұнайдың қара майы көп болғандықтан өндіріс жұмысын ұйымдастыруға әзірге керексіз деп шешілді.

Бұл жолы, қолда бар геологиялық деректерге қарағанда Маңғыстау жерінде өндірістік маңызы бар мұнай табылмады. Енді Төбежік, Қызан алаңдары маңында іздену жұмысын бұдан әрі жүргізу керек пе, жоқ па деген сұрақ өзінен-өзі туды.

Осындай дағдарыс кезде жоғарғы айтылған оқиға болды. Егер бұл оқиға болмағанда Маңғыстау байлығы тағы ұзақ жылдар бойы ашылмай қалар ма еді, қайтер еді?

Бұл кезде Маңғыстаудың оңтүстігінен солтүстігіне дейін меридиандық жүргізілген бір-ақ ғана геофизикалық профиль картасы бар еді. Секретарьдың табан тіреген талабынан бас тарта алмаған үш геолог енді осы жалғыз, әлі дәлдігі толық емес, картаға үңілді. Ақырында, осы геофизикалық картаның өн бойынан тек Жетібай деген сайда ғана юра-бор қабаттарының доға тәрізді иілін жатқанын көрді. Мұнай судан жеңіл болғандықтан үнемі осындай дөңес, күмбездердің үстіне жиналатын заңдылығын және бұл қабаттарда ғылыми теорияда мұнай, газ қорының толық сақталуына геологиялық жағдайы бар екенін естеріне алып, геологтар келесі бұрғылауды осы жерден бастайық деп ұйғарды.

Бірақ бұрғылау жүргізу үшін қондырғы қойылатын жерге жолдың алыс, жақындығы, ауыр, жеңілдігі, скважина қазуға және жұмысшы жұртты қамтамасыз ету үшін су мәселесі секілді тағы басқа деректерді шешу керек. Осыған сәйкес, бір жеті өтпей үш геолог терең бұрғы қондырғысының бірін осы Жетібайға орнату керек деген ұсыныс берді. Ұсыныс бірден қабылданды. Енді Жетібайда бір мезгілде толық алаңдық геофизикалық зерттеу, структуралық бұрғылау, су іздеу жұмыстары қатарласа жүрді. Маңғыстау мұнай барлау алаңы осыдан бас-

талды. Ақырында мұнда 1961 жылы мұнайы мол фонтан атылды.

Осындай бір Маңғыстауда зерттеу-барлау жұмысы тоқтап қаларлық дағдарыс туғанда үш инженердің үлкен көмегі тиді. Бұл жас инженерлердің Маңғыстаудың үлкен мұнайының табылуына қосқан алғашқы үлесі еді. Әсіресе, бұл, түйеші Бестібай карттың кіші баласы Жәлелдің зор табысы болатын.

Дүниеде үш нәрсені — дарынды, туған жерді, өзіңді тапқан әке, шешені «осындай болсын» деп қалап ала алмайсың: Жақсы ма, жаман ба, бұларды табиғаттың өзі береді. Жәлел де сол туған жерін, сұр топырақты Маңғыстауын, туған әке-шешесіндей жақсы көріп өсті. Өн бойы ойдым-ойдым құмды, тақырлы, сұркай реңді Маңғыстау оған алтын өлкедей көрінді. Одан тілегін, махаббатын аямады.

Көлде өскен қоңыр қаз
Шөл қадірін білмейді.
Шөлге үйренген дуадақ
Көлге апарып қамасаң
Шөлін бір ақсап шөлдейді.

дегендей, сонау сәулетті, салтанатты қалада жүріп ол құмды сардаласын ансады. Туған өлкесіне асыққан жыл құсындай, оқу бітіп, жаз шықса-ақ, сол Маңғыстауына келді. «Жұрттай отын іздеп әуре болмайсың, Өзектің майлы топырағын кесіп-кесіп жақсаң тезектей жанады» деген әке сөзін бұ да ойына тұмар ғып тағып, бала жігіт студент күнінен-ақ Ұштаған өніріне жалтақтай караумен болды, әлсін-әлсін бұл маңды аралап сан қиял, ойға батты. Сөйтіп жүріп институтты бітірді. Бұрынғы атабабасынан қалған көнтерілігіне, рухани құштілігіне енді білімі қосылды. Институтты бітірісімен зерттеуге туған жеріне келді.

Жоғарыда айтқан Жетібай мұнай көзін ашуға қатысты. Сосын?.. Алматыға жұмысқа көшті. Кішкентайынан жанындай жақсы көрген Маңғыстауына қалдырмай бұны Алматыға алып келген қандай күш еді? Туған жерге, әке-шешеге деген махаббаттан күшті не бар еді? Әрине махаббаттан күшті тек махаббат қана. Тек ғашықтық. Бүкіл адам баласы бас иген осы ұлы сезімге Жәлелге де бағынуға тура келді...

Жетібай форт Шевченкодан үш жүз, Embіден жеті жүз километр тұратын, адайдың көне қонысы. Жоталы, қыратты сай. Аңыз айтуы бойынша баяғы-баяғы заманда, орасан жұт болыпты. Сол жұттан тірі қалған жеті жігіт, апаттан аман шыққан жеті қотыр тайға мініп осы жерге келіпті. Өзге тұстан көрі жусаны, ақ селеуі, түйе тікенегі шүйгін біткен осы сай құтты қоныс боп, жеті қотыр тайдан жеті жүз жылқы өсіп, жеті жігіт байыпты. Содан бұл ара Жетібай атаныпты. Карттар, осы сай аланындағы жеті төбені, жеті құдықты, осы жеті байдікі дейді.

Сан азаппен, сан қиындықпен жүргізілген скважиналардан бұнда да мұнай шықты. Мұндағы байлықты алу үшін, он бес қабат жерді өтіп, юра жер жыныстарының арасындағы топыраққа сіңіп жатқан мұнайға жету керек. Өйту қанша күш, қанша каражат жұмсалуды тілейді. Және ол мұнайдың көлемі қанша? Оны білу үшін құрығанда сексен-токсан скважина жүргізу қажет. Ал бұл кезде Өзектегі мұнайдың бұдан екі есе тайызда болуы кен зерттеушілерге айқын еді.

Осыдан барып ендігі жерде терең зерттеу-барлау бұрғылауды тез мерзімде Өзекке аудару дұрыс деген ой туды.

Маңғыстауда не көп — жол көп. Бүкіл Маңғыстаудың үсті айқыш-ұйқыш жол. Бір қыстаудан бір қыстауға, бір құдықтан екінші құдыққа баратын арнаулы жол бұл арада ежелден болмайтын. Кім қалай жетеді, өзі біледі. Әркімнің өз жолы бар. Біреуі төте сүрлеу салған. Ал басқа біреуі қайдағы жоқ. төбе, қыраттарды оралып жүреді. Маңғыстаудағы әр жол, әр адамның өзіне тән өмір жолы тәрізді. Әркімнің өзінің таңдаған беті, баратын жері, тек өзіне ғана тән жүретін соқпағы бар.

Осы ежелгі дәстүр Өзекте мұнай іздеу жұмыстары басталғанда да өзгермеді.

Жетібай мен Өзектің арасы жақын болғанмен, құрал-жабдық, азық-түлік әкелетін форт Шевченко мен Өзектің арасы үш жүз елу километр. Бұл жай километр емес, боранды-шанды, ал сәл жаңбыр жауып өтсе, аяғынды жібермей, жабысып жатқан сұр топырақты лайсаң, қияпат ауыр километрлер. Міне, осындай дала арқылы форт Шевченкодан Өзекке жүк тиеген, адам тиеген дағарадай-дағарадай жүк машиналары ағылды. «Уралмаш-ЗД» атты мұнара қондырғыларын сүйреген, ұзын-ұзын жалғамалы, он-он бестен тракторлы ауыр керуендер, жер мен көкті дірілдете гүрілдей жылжыды.

Міне осындай ғажайып машиналар, тракторлар Өзекке қарай құйылды. Құйылып кеп, Өзек аңғарының бойына құрал-жабдықтарды үйді. Биіктегі қырық бір метр «Уралмаш-ЗД» мұнаралары скважиналардың үстіне қондырылды.

Ал бұны істеп жатқан тағы баягы қажымас қайраткер жұмысшы табы! Жұмысшы болғанда көбі осы Маңғыстау, Ембі, Гурьев бойының қазақтары.

Қазақстанда осыншама мұнайшы, мұнай шығарушы керемет мамандардың табылуына себеп болған ең алдымен Ембі мұнай кәсіп орындары.

Ембі мұнайлы аймақ Баку, Грозныйлармен қатар төңкерістен бұрын ашылып, Совет үкіметі кезінде белгілі кәсіпшіліктерге айналған. Қазақстан мұнайшылары соғыс кезіндегі Совет үкіметі жылына өндіретін жиырма миллион тоннаның тек бір жарым миллион тоннасын ғана беріп тұрғанмен, Ембі қоры қазақ жұмысшы табын, әсіресе мұнайшыларын дайындауда көр-

некті еңбек сіңірді. Соғыстан бұрын жұмыс істеп келген Доссор, Қосшағыл, Байшонас, Ескене, Құлсары, Сағыз кәсіпшіліктеріне соғыстан кейін Қаратон, Тереңөзек, Мұнайлы, Қошкар, Құрсақ кәсіпшіліктері қосылған. Бұлардың бәрі тегіс шылғи казақ жерінде. Өз даласында табылған бұл ен байлықты қазақ халқы енді қуана қарсы алды. Бұрынғысындай түйе бағып, қой өсіріп қана қалмады, жаңа кәсіпке, жаңа өнерге құлашын жая ұмтылды. Оқыды, үйренді. Сөйтіп аз жылдың ішінде бұлар мұнай шығару кәсібіне машықтанды. Қазақ үй іштерінің тек үлкендері, не отау иелері ғана мұнайшы боп қойған жоқ, олар өздерінің баласын, інісін, келінін, қызын, ағайын-тумаларын жаңа өнерге бірге ала келді. Осылай Қазақстанда мұнайшы жұмысшы табы туды.

Маңғыстаудағы мұнай майданының негізгі жауынгерлері міне осылар еді.

Өзекте жұмыс басталған кез, күн көзі түтігіп жер-жаһан күйіп кеткендей қапыра қалған, әйгілі 1961 жылдың көктемі еді. Күнгей-шығыстан жандыра соққан ыстық жел бір толастамады. Өзге жылдан биыл көктем ерте шыққан. Бұл мезгілде аз да болса көгілдір тартатын жер беті Көкек айы тумай жатып сарғайып кеткен. Күн жылығалы, кей жылдағылардай, ең болмаса бір тамшы жаңбыр жауған жоқ. Сол жел тұрса-ақ үстінен трактор мен жүк машиналар жүріп шаң-топырағы бұрқ-бұрқ көкке көтерілген, сусыз қақыраған шөлейт дала кенет алай-түлей бола қалады. Жел күшейсе, нағыз құмды боранға айналады.

Бұрын Маңғыстаудың құмды, адам тұрмайтын жерінде ешкім құсты көрмейтін. Енді бұл арада өмір келгенін, тіршілік келгенін сезді ме, аспанда, көз ұшында қара құс қалықтайды. Ал жар қабақтың беткейіне, не құмды шоғыр түбіне көлбете салған қосаяқтың ішіндей сұлама ішінен кенет атжалман тышқан көрініп қалады...

Осы көктемде Қызаннан Өзекке тобылғы торы, жас сексеуілдің безіндей мып-мығым әйелі Жансұлу мен екі баласын алып бұрғылау шебері Хәлел келді. Соғыстан кейін екі жыл өткен соң үйленген. Жансұлу да өзі тәрізді бұрғышы, мұнарада моторист болып істейді. Бұлардың он-он бір жасар бір ұлы, бір қызы бар. Ауыздарынан түскендей ұлы әкесінен айнымайтын қорғасын құйған тоқтының асығындай шымыр қара бала, қызы шешесіндей әдемі келген бүйрек бет, қыр мұрынды, қара торы. Қішкентай бұрымдарын ешкінің құйрығындай екі жақ шекесіне құлақ түбінен шығарып, шошайтып өріп қойған. Тілі ерте шыққан, тақылдап тұрған бір пәле. Ұлы әкесі тәрізді, көп сөйлемейтін тұйық... Бір минут бос отырмай, пысылдап бірдемені істейді де жүреді.

Азғантай жүктерін жүк машина брезент асхананың жанына әкеп түсіргеннен кейін, Хәлел үстінің шаңын қағып сол тұрды.

Өздері тәрізді жұмысшыларға арнап, қатар тігілген бозғылт шатырларға қарады да:

— Сұлу, бала-шағамызбен жұртпен бірге топырлап шатырда жатқанымыздың жөні келмес,— деді.— Ал мына тақырға үкімет кең сарайлары орнағанша да аз мезгіл өтпес, оданда жеке үй салып алғанымыз жөн болар. Уақытымыз бар. Трактор-лар біздің «Уралмашты» сүйреп жеткізіп, оны скважинаға орнатқанша талай уақыт кетер. Босқа отырмай, баспана салып алайық. Үлгіреміз.

Күйеуінің босқа ештеңе айтпайтынын білетін Жансұлу, сөйтсе де таң қалып:

— Дұрыс қой, бірақ оған керекті заттарды қайдан аласың?— деді.

Хәлел ойлана алысқа қарады.

— Әне, ана тұмсықта бұрын біздің ауылдың қыстауы тұратын,— деді ол,— одан қазір не қалды дейсің... Қәкір-шүкір іске жарайтын пешке деген шым тәрізді бірдеме табылса, соларды тасып алармыз. Ал үйдің қабырғасын әне, ана бөктердегі бұйра тастардан қалаймыз. Жаңа жүріп келе жатқанда көзім түсті.

— Жарайды, өзің біл,— деді әйелі.— Бұл ара балшық илейтін суға да зәру ғой тегі... Жақын жерде құдық та көрінбейді. Мұнда судың өзін Борлыторым маңайындағы құдықтардан тасып жатыр дейтін жұрт...

— Саман құяйық деп жатқан жоқпыз ғой,— деді Хәлел,— тасты ұстайтын балшыққа қанша су кетеді? Бала кезімізде осы арада бір ескі құдық болатын. Қазір бітеліп қалған шығар. Соны аршырмыз. Және сол кездің өзінде де суы аз, мал суаруға келмейтін, жылап аққан осы тұста бір көз болатын. Бізге со да жетеді.

— Егер ол көзің бітеліп қалмаса...

Жүктерін шатырдың бір бұрышына үйіп қойып, бұлар үй салуға кірісті. Хәлел сопақтау төбенің етегіндегі ескі құдықты тауып алды. Үш күн аршыды. Суы шынында да аз екен, тұрып-тұрып бір шелекті әзер толтырады. Бірақ қабырғаға қалайтын тастардың арасын бекітетін балшықты илеуге жетеді. Содан кейін әйелімен екеуі жүріп жар етектеріндегі бұйра тастарды жинай бастады. Таныс шофермен барып, қыстаудан ескі есік, қора төбесін жапқан әлі шірі қоймаған он шақты сырғауыл, бір-екі діңгек әкелді.

Бұлардың үй салып жатқандарын көріп, өзге қазақ жұмысшылары да үкіметтің үйлерін күтпей, екеуден-үшеуден бірігіп, баспана тұрғыза бастады. Әне-міне дегенше, шатырлы қаланың күнгей жағынан саманнан соққан, тау тастарынан қалаған үлкенді-кішті тырбиған үйсымақтар көрініп қалды. Сөйткенше ауыр жалғамаларға тиелген бірнеше құрастырмалы ағаш үйлер де келіп жетті.

Енді Өзек жұмысшы поселкесінің іргесі кәдімгідей қалана түсті. Бірақ бұлар үйеңкілерден құрастырылған, тау тастарынан қаластырылған баспаналар болатын. Жеркепелерден сәлақ бнік. Демек, осынау қазақтың құлазыған құмды даласында әлі-ақ салтанатты, сәнді қала орнайтынына ешкім де күмән келтірмеді. Істің нәтижелі болуы — адамның сенімінде! Маңғыстауға ағылып келіп жатқан мұнайшылар мен жұмысшылардың бұл арадан мұнай шығатынына да, тамаша қала тұратынына да сенімі мол еді.

Сол себептен де оларды, күннің қапырық ыстығы да, құмды дауылы да, жататын үйдің жоқтығы да, ішетін судың жетпейтіндігі де тоқтатпады. Тек мұнайшылар емес, енді Өзекке, жаңа құрылысқа, көмек беруге мамандығы жоқ жастар да, үй салатын құрылысшылар да, жол төсейтін жұмысшылар да, ас пісіретін аспазшы да ағыла түсті.

Ең алдыменен бес машина боп Қазақстан комсомолдары жіберген жүз жиырмадан астам студенттер келді. Сол-ақ екен, Махачқаладан тасылатын жүкпен бірге орыс, азербайжан, лезгин жастары да күн өтпей, лек-легімен жетті.

Осы кезде Хәлелдің де қондырғысы тракторлардан түсіріліп, ең бірінші мұнара тұрғызыла бастады.

Міне биіктігі қырық бір метрлік «Уралмаш-3Д» мұнарасы дайын болды. Әлі жатақ үй, асханалар салынып біткен жоқ, бірақ әркайсысы үш жүз аттық күші бар қуат тудырғыштар жүре бастады. Жер солқылдап, дүние біткен гүрілге толып кетті. Тынымсыз зыр қаққан дизель моторының айналасы көк түтін.

Скважина үстіне қондырылған алып мұнара, дәл осы сәтте космоска ракетасын ұшыргалы тұрған Байқоңырдың зәулім қондырғысы тәрізді. Жоқ, космоска ұшқалы тұрған алып ракета дерсің!

Мұндай ғажайып мұнараны тұрғызып, жұмысқа қосудың қандай қуаныш екенін тек мұнай барлаушылар ғана біледі!

Қазір осы мұнараның түбіне Өзекке келген жұмысшылар тегіс жиналған. Міне трест бастығы, орынбасары, бас инженері, бас геологі, Өзек экспедициясының бастығы Жандос Тілепов, бригада бастықтары әйгілі мұнайшылар Ораз Әшіров, Валентин Шиловтар тұр.

Бұлардың әркайсысының өмірі бір ертегі. Мұнай іздеуде де, мұнай алуда да алуан-алуан.

Бәрі де осы Маңғыстау, Үстірт, Жем, Бозашы, Қарабұғаз бойында туып өскен. Тек Өзек экспедициясының бастығы анау талдырмаш денелі ақшыл жүзді күнге күйіп әбден тотыға қалған Жандос Тілепов қана Ақ Жайық бойынан. Көк балаусалы, жасыл шалғынды өңірден:

— Сонау ауасы жұпар, жері шұға Ақ Жайық жағасынан ит

байласа тұрмайтын Маңғыстауға қалай келдің? — деп қалжыңдай сұраған жолдастарына:

— Ғашық болып келдім!— деп күле жауап беретін.

Бұнысы оның шынында да рас еді.

О баста осы Маңғыстау көгілдір шалғын Ақ Жайықтың жағасында өскен Жандоска бала жасынан «бір көрсем» деген арманына айналған болатын. Сөйтіп жүргенде ер жетіп, Москва университетіне оқуға түсті. Келесі жазда біраз студенттер бірігіп экскурсияға форт Шевченкоға келді. Түнде түскен еді. Жұрттан бұрын оянып, таңертең далаға шықты. Баяғы жас күнінен арман болған жері оған бір ғажайып көрініс болып елестеді. Бір жағында шетіне көз жетпейтін аспандай көкпеңбек теңіз. Екінші жағында ұшы-қиыры жоқ жал-жал қыратты, үпірейген қызғылт жарқабақты, үйдей-үйдей бозғылт тасты сұрғылт дала. Сұр толқынды бір ғажап теңіз тәрізді. Өмірінде мұндай кереметті көрмеген басы, дәл бір екі мұхиттың ортасында тұрғандай жан-жағына сүйсініп қарай берген. Жас кезі, бұрын көрмеген жердің бәрі таңсық. Оның үстіне сол жолы осы өңсіз сұрқай даланың асты көлкіген мұнай теңізі деп естіді, сондықтан да шығар Москваға қайтысымен Губкин институтына ауысты. Содан бері оның атамекен жері осы Маңғыстау болды.

Гүрілдеген дизель, моторлардан ештеңе естілмейді, бүкіл мұнара аланы солқ-солқ етеді. Темір алып қондырғы, өн бойы діріл қағып, аспанға ұшып кеткелі тұрған тәрізді.

Моторларын бәрін жүргізіп, скважинаға жіберілген колонна бір метрдей жерге енген кезде сыртқа Хәлел шықты.

— Құтты болсын!— деді шаттана Жандос Тілепов,— жолың құтты болатын еді, сен бұрғыңды жерге бірінші жібердің, бұйырса мұнай теңізіне жетеді екенбіз!

Сөзге сараң Хәлел, езу тарта күлді.

— Айтқаның келсін,— деді май-май болған қолын шүберекпен сүртіп жатып,— өзге мұнаралары қашан іске кіріспек?

— Ораздың «Уралмашы» ертең, ал Валентиннің «Гуливері» де екі-үш күнде.

Ашаң денелі, ұйыскан қою шашты, қияқ мұртты әйгілі бұрғылау шебері Ораз Әшіров әдеттегісіндей ыржия күлді.

— Жұмыска бір күн бұрын кіріскеніңнен қорықпаймын,— деді..— Бәрібір социалистік жарыска Валентин екеуінді бірдей шақырамын.

Хәлел мен Ораздан атағы кем емес даңқты бұрғылау шебері Валентин Шилов қосарласа жауап берді.

— Біз дайын!

Дәл осы кезде Махачқала жақтан сонынан бұрқырата шаңын тастап «Газ-69» жеңіл машина мұнараға таяп келіп тоқтай қалды. Ішінен үстінде сұрғылт костюмі бар, сымбатты денелі, бұйра шашты, әдеміше келген қара торы жігіт түсіп жатты.

— Бұл кім болды екен?— деді Тілепов,— екпінді жүрісіне қарағанда орталықтан келген бастықтың бірі ме, қалай...

— Кім біледі, бізге көмек беруге асыққандардың бірі шығар?!— деді Валентин Шилов.

— Аузыңа май, астыңа тай!— деді трест бастығы, Ақылбек Айтпаев.— Қазір Маңғыстауға көмекке келер кісіден қымбат ешкім жоқ...

Бас инженер Қиял Аманов:

— Министр жақында құрылатын Өзек экспедициясына арнаулы бас геолог жібереміз деген еді,— деді.— Дәуде болса сол шығар...

Маңғыстау мұнай зерттеу ісін үкімет қалай тез жүргізем дегенмен, материалдық базасы алыста, геологиялық құрылысы әлі толық белгісіз бұл жаңа ауданда бұрғылау жұмысы ойдағыдай қарқын алып кете қоймаған. Алғашқы жылдары әкелген алып машиналардың кей бөлшектері тозып, істен шығып, олардың орнына қоятын жаңалары жетпеді. Ал бұларды жөндеу үшін Маңғыстау мұнайшылары алдымен сонау форт Шевченкоға, одан ары теңіз арқылы Гурьевке жүргізуге мәжбүр болған. Қазақстан мұнай бірлестігі болса, тек Гурьев, Маңғыстау төңірегіндегі кәсіпшіліктерге ғана құдіреті жүріп, ал жаңадан құрылған көлемді мұнай аудандарын жан-жақты игеруге шамасы келмеген. Осыдан барып жылдың басында Маңғыстау мұнай — газ барлау тресі Қазақ ССР Геология және кен қорғау министрлігінің қарамағына көшкен.

Қиял Амановтың айтып тұрғаны осы министрліктің уәдесі еді.

Сөйткенше бейтаныс адам жақындай түсті.

— Ау, мынау біздің Жәлел ғой!— деді кенет жайнап қоя берген Хәлел. Ол алға қарай асыға жүрді. Жәлел де ағасын таныды. Екеуі жүгіре басып біріне-бірі қарсы келе жатыр. Міне құшақтаса амандасты олар. Жәлелдің судай жаңа брезент костюмінің алды май-май боп шыға келді.

Өзгелер де Жәлелге жақындады. Көбі бұны бұрыннан таниды. Орта мектепте бірге оқығандары да бар. Бәрі жапырласып амандасып жатыр.

— Ия, жол болсын!— деді Ақылбек Айтпаев, жұрт сәл саябырлаған кезде.

— Министрлік осы Өзекке бас геолог етіп жіберді.

Жұрт қайтадан жамыраса түсті.

— Құтты болсын!

— Өзіңнің туған жерің, мұнайын да өзің барлауың керек еді ғой.

— Алматыда тіпті мәңгі қалады ма деп едік.

— Жалғыз келдің бе? Әлі үйленген жоқсың ба?..

Бұл жолы да жұрттың у-шуын Жандос Тілепов басты.

— Жігіттер, бүгін той Бестібай отағасының үйінде,— деді.—

Бір баласы туған жерінің тұңғиығында жатқан мұнайына жұртқан бұрын бұрғысын жіберді. Ал екінші баласы сол туған жерінің алтын қазнасын зерттеп барлайтын бас геолог боп келіп тұр. Рас Алматыға барғалы да екі жыл өтіп кетті. Дегенмен адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң дегендей!

Екі жыл!

Бұл Отанымыздың көптеген жоспарын орындайтын қыруар өмір ғой. Екі жылдан бері Жәлел қайда жүрген?.. Иә, ол астанада оқу бітіргеннен кейін бір жарым жылдай Маңғыстауда жұмыс істеді. Содан кейін Алматыға, министрлікке ауысты. Міне, осыдан бастап туған жерге деген Жәлелдің арманы бұрынғыдай от шашпай, жалынсыз біркелкі сұрғылт түске көшті. Өмірдің осы бір өзгермес аяңына біржолата көндіккендей, сол әдеттегі жұмысын істеп жүре берді.

Сонда кешегі тілек толы тіршілік осылай қанатсыз өте беруге тиісті ме еді? Тулаған толқындай әр тарапқа шарқ ұрған асау қиял, енді желсіз күнгі қара судай біржолата тұнып қалмақ па?

Жоқ, Жәлелдің жақсылыққа толы сергитін де кездері көп болды. Әсіресе Гүлжамалмен алғашқы кездескен шақтарында, не сол туралы ойлаған күндерінде. Аспандағы жұлдызды алам деп талпынған жас жігіттің Алматыға келіп, жай инженер боп қалуының да себебі осы Гүлжамал. Ойдағы зерттеу тілектерін кейін сырғытып, арман қанаттарының серпінділерін әлсірете түсірген де осы Гүлжамал...

Ол осы бір көген көз, бидай өңді, әрі шекер, әрі бал, әрі қайың, әрі тал, сымбатты қызға осыдан үш жыл бұрын кездескен. Онда Жәлел Маңғыстаудан Алматыға командировкаға келген. Сарғылт шашын тоқпақтай етіп желкесіне түйіп тастаған, аппақ ұзын мойны жұп-жұмыр. Осы бір әсем қыз, геологиялық музейде Жәлелдің сұраған қағаздарын беріп жатып, сәл көгілдір тартқан үлкен жәудір көздерімен жігітке күлімсірей қараған. Кенет Жәлелдің ішіне біреу от тастап жібергендей болған.

— Мінекей, алыңыз,— деді қыз, жүрегіңді өртей түсейін дегендей бұрынғысынан да күлімдей.

Бәлендей тәжірибесі артып жатпағанмен ойнақы қыздың жараған бедеудей қалыптасып қалған дене болмысынан Жәлел бұның ұялшақ уылжыған жас емес екенін аңғарған.

— Рахмет,— деген ол қыздың берген қағаздарын алып жатып, кенет жүрегі тағы ойнай жөнелген. Даусы әлденеге әзер күбірлей шыққан.

Жәлелдің ішкі даусы: «Мұндай да сүйкімді қыз болады екен-ау!»

Қыз бұрылып кеткен. Терезе алдында өзі тәрізді сары шашты, бөтен бір жас әйелге:

— Какой симпатяга!— деп күлген.

Қыздың ішкі даусы: «Бұнымен танысқан жаман болмас еді!»

Қыз алғашқы сөзді серік әйеліне қалжыңдап айтқан. Бірақ қаттырақ сыбырлаған. Мүмкін қыз сөзі басқалау да шығар, бірақ жігіт жүрегі оны осылай естіген. Алған қағаздарының сандарын тексеріп, әлі өз орнына кете қоймаған жігітке енді қыздың серік әйелі сынай көз тастаған.

— Нисколько!— деді ол сәл ернін шүйіріп.— Еще немножко на солнце поддержать, будет настоящим негус-негусти!

Абиссинния мен француз империалистерінің соғысы бұл кезден көп жыл бұрын өтсе де, сондағы уақиғаны үлкендердің айтуымен әлі де есінен шығара қоймаған жас әйел, Жәлелдің қаралығының әдейі «негус-негустимен» — патшаның патшасымен, салыстырып тұр.

Қалжыңға түсінген қыз бұған естірте тағы күлді.

— За то у таких людей говорят сердце бывает горячее!— деді ол.

Сірә, қыз ойындағысын ашық айтатын өткір мінезді болуы керек.

Оның ішкі даусы: «Мен бәрін айтып үлгірдім ғой, ендігі кезек өзіннен жігіт!»

Әңгіменің кім туралы екенін айтпай түсінген Жәлел абыржып, қағаздарын қобырата ұстап өз орнына барып отырды. Ол дударланған бұйра шашты, қыр мұрынды, қыз-қырқын қызығарлықтай көрікті-ақ жігіт еді. Қара торы жүзі күн шалса-ақ қошқылдана қалатын. Мектепте оқып жүргенде де бұны балалар «негус-негусти» деп мазақтайтын. Содан ба, ана әйелдің тенеу сөзіне бұл ашуланған жоқ. Тіпті, өзінің бала кездегі атын есіне түсіргеніне жымия күлді. Іші жылып кетті. Жоқ, іші күйе түсті. Әрине, оның ішін күйдіріп бара жатқан өзіне сұраған қағаздарын берген, әлі бұдан көзін алмай тұрған, сонау көген көзді, әдемі қыз. Бірақ, Жәлел дәл қазір осы қыздың көп кешікпей жанының жаны, өмірінің өмірі, күнінің күні болатынын білген жоқ. Сонда да осы уақытқа дейін мұндай тыпыршып, әлектеніп көрмеген албырт жүрек, өзінен енді тыныштықтың біржолата кеткенін білді. Және сол тыныштығының бұзылуы осынау күлім көз қыздың өзіне күле қарағанынан туғанын түсінген. Жәлел сол күні, адам жанының қалай оп-оңай жаралана қалатынын және ол жараның жалғыз емі — осы бір бидай өңді қыздың өзіне деген оңашада айтар жалғыз ауыз жылы сөз екенін ұққандай еді.

Жәлелдің ішкі даусы: «Япырмай, бір көргеннен жүрегім осыншама неге әлектене түсті? Бірден ғашық болу мүмкін бе?»

Жәлел сол күні қағаздарын құр алдына жайып қойып ештеңе де миына кірмей әзер отырып шықты. Ертеңіне ашылар-ашылмастан геологиялық музейге қайта келді. Бірақ кенет жүрегінің жарасының жарасы, арманының арманы бола қалған

қыз көрінбеді. Ертеніне де болмады, арғы күні де... Жәлелге қыздың жоғы, оны көре алмаған әр күні — енді қайғының қайғысына, сағыныштың сағынышына айналды.

Алтыншы күні ғана қыз музейге келді. Жәлелге қаранғы түн бітіп, кенет алтын таң ата қалғандай болды. Жоқ, қыз отырған музейдің солтүстік тұсы қып-қызыл күннің алаулатып шығып келе жатқанындай көрінді. Сол күннің сәулесі енді екі бетін ду-ду қызартып, өн бойын мұлдем балқытып жіберуге таяу тұрғанын сезінді. Осы уақытқа дейін осы күн сәулесі қалай өзіне түспей келгеніне таң қалды. Бұдан әрі мұндай рахаттың саясыз өмір сүрудің мүмкін емес екенін ұқты.

Жәлелдің ішкі даусы: «Бүйтіп босқа құса болып жүргенше, бұнымен танысуым керек қой...»

Қыздың ішкі даусы: «Жәйің белгілі болды. Қалай шыдап жүрсің? Асық! Сенен де бөтен көз салып жүргендер аз емес».

Оныншы күні екеуі қалың бақшаның арасында кездесті. Сағынысқан жүректер тез ұғысты. Жігіт қызды аймалай сүйді. Тағы да сүйді, тағы да. Енді оған Гүлжамалсыз өткізген әр күні сусыз жерден құдық қазғандай ауыр тиді. Жоқ, Гүлжамалсыз өткізген әр күні, әр сағаты, әр минуты тез бітпейтін көнілсіз жолдай ұзақ күнге, ұзақ сағатқа, ұзақ минутқа айналды. Ал Гүлжамал оған күнде жаңа Гүлжамал, жаңа аткан таң, жаңа шыққан күн болып көріне алды.

Сөйтіп жүргенінде мерзімді уақыты бітіп, Жәлел енді керек материалдарын жинап Маңғыстауына қайтты. Кеше күнде құшағындағы махаббаты, енді алыстан бұрынғысынан да әсемдене елестеп, оның қиялын орасан қуанышқа бөледі. Әр күнін, әр сағатын, әр минутын есіне түсіріп, Гүлжамалға бұрынғысынан да ынтық болды. Өткен күндегі қызығы енді Жәлелге бір ғажайып тұс секілді елестеді. Бірақ сол қызықтар қайта оралар ма? Оралмаса ше? Бұндай ой келген сәтте ол төсегінен бүйі шағып алғандай сан мәртебе атып тұрды. Гүлжамалды Маңғыстауға шақырды. Жасыл Алматысын қыз қимады. Жәлелге өзің осында кел деді. Махаббат азабына шыдай алмаған Жәлел Маңғыстауын тастап Алматыға көшті. Министрлікке жай қатардағы инженер боп жұмысқа кірді. Бірақ қатардағы адамдардан өзін анағұрлым бақытты санады. Гүлжамалмен алғашқы кездескен мезгілдері, өткен жылғы алтын күндерінен де ыстық, қымбатты көрінді.

Жәлелдің ішкі даусы: «Сені күтіп тұрған Маңғыстау бар емес пе? Соған бармайсың ба? Сол үшін оқып едің ғой».

Тағы ішкі даусы: «Маңғыстау махаббат па, әлі уақыт бар ғой, күте тұрар».

Енді Жәлел Гүлжамалмен біржолата қосылу мәселесін сөз етті.

— Шыдай тұр,— деді Гүлжамал,— алдымен өзің әбден орналасып ал.

Жәлел бір-ақ нәрсені ғана білмейтін. Гүлжамалға тәңір құр суреттей тұр, ыстық ләззат, әдемі қылық қана беріп қоймаған, оған сұлулықпен бірге, сол сұлулықты көркейте түсер байлық дәреже, дүние тәрізді жанын жай тапқызбайтын армандар да берген. Сөз жоқ, Гүлжамал жалғыз ғана ерге шығуды бақыт санамады. Сол ерімен бірге молшылық, өзгеден өздерін жоғары қоятын артықшылықтың болуын да тіледі.

Сұрақты енді Гүлжамалдың өзі берді.

— Сені бөлім бастығы ететін болды ма?— деді бір күні ол.

— Жоқ,— деді Жәлел,— менен бұрын жұмыс істеп келе жатқан тәжірибелі инженерлер бар ғой.

— Мәселе жұмысты бұрын, не соң істеуде ме? Адамның дарынына қарамай ма?

— Әрине. Бірақ менен де дарынды инженерлер аз емес...

— Онда, әрине...

Гүлжамалмен екеуінің арасындағы қарым-қатынасқа етене бола бастаған Жәлел, бір күні тағы қосылу мәселесін көтерді.

— Мен қашып кетеді дейсің бе? Мүмкін, сені өсірер. Сөйтіп қосылсақ жұрт көзіне де абыройлы болар едік,— деді Гүлжамал жүдей,— сенің жалғыз бөлмелі пәтеріңе...

— Кезінде бәрі де болады ғой. Тек шыдай білу керек...

— Менде солай деп ойлаймын...

Жәлел алғашқы рет Гүлжамалдың бір сырын түсінгендей болды. Ұмытпаса Цицерон ғой: «Егер дүниені әйелдерге билетіп қойсақ, осы уақытқа дейін адам баласы тағы кезіндегі үңгірден шықпаған болар еді, олар ошақ басына отты тауып бергеніміз-ге риза боп жүре берер еді!»— деген. Дегенмен де қандай әйел паркетті үй тұрғанда, тас үңгірді қанағат еткен!

Жәлелдің ішкі даусы: «Ау, Маңғыстауың қайда? Осылай жүре бересің бе, уақыт болса өтіп барады?»

Әттең не керек, Гүлжамалдың сорына қарай, екі жылдың ішінде Жәлелдің дәрежесі де, абыройы да титтей де өспеді. Өсуі де мүмкін емес еді. Көк аспанды шарлауға жаратылған қанатты құс, тар қоршауда тұрып не істейді? Дала кезіп кен зерттеуге туған Жәлел таңертеңгі сағат тоғыздан кешкі сағат алтыға дейін стол басында отырып, сызу сызып, өзгелердің істеген жұмыстарын есеп-қисапқа түсіруден не шығара алады? Әр істің өзіне лайық кісісі бар. Мүмкін, мұндай жұмыс та басқа біреуге бақыт шығар. Ал Жәлелге... Жоқ, жоқ, бұндай жұмыс оның қолы емес. Рас, Жәлел екі жылдай жаз мұнай зерттейтін экспедицияларға еріп Үстіртке де барды, бірақ бұның қырсығына қарай нәтижелі ештеңе табылмады. Мұндай сәтсіздік жас жігіттің көңілін бұрынғысынан да баса түсті. Біркелкі күнделікті жұмыстарына дағдыланып, қанатсыз, серпінсіз істерге әбден үйренуге мәжбүр етті. Жәлел енді жай кеңсе жұмысына кәдімгідей дағдыланып алды. Осындай қиялсыз, шабытсыз жұмыс оны қамытқа үйренген өгіздей, өмірдің қуанышсыз жаяу аяңы-

на бейімдей берді. Тек, жалғыз жұбанышы Гүлжамалы болды. Бұрынғыдай жанып-күйіп жиі кездеспегенмен, тәртіпке салынған мезгілдерінде көрісіп тұрды. Бірақ Жәлелдің өмірден тілегені, күткені осы ғана ма еді? Адамзаттың бар арманы тек махаббат қана ма? Онда ол сол тағы қалпында неге қалмады? Қуанышы, азабы, қиындығы көп бұл күнге неге жетті? Дүниеде ғылым, іздену, творчество, атақ, бақ дегендер де бар емес пе? Адамның шын бақыты бір ғана махаббаттан емес, толып жатқан армандардың, қуаныштардың гүлденулерінен барып тумай ма? Соның ішінде махаббат бір ғана сызығы, бірақ сәулелі әсем сызығы. Ал Жәлел не тапты? Сүйген қызының құшағынан бөтен ештеңе тапқан жоқ. Әрине, бұ да аз қуаныш емес. Әйтпесе... Енді міне жұмыстан да, махаббаттан да ойдағысына жете алмай, ұнжырғасы мүлдем түсіп бара жатыр.

Жәлелдің ішкі даусы: «Жоқ бүйтіп өмір сүруге болмайды. Маңғыстауға кетуім керек».

Бірақ Жәлел Маңғыстауға кете алмады. Демек, оның орнына жаз экспедицияға барды. Өзінің атамекен жерінің жер астында жатқан байлығы енді оның көңілін көтере түсті. Ақылойы өшіп бара жатқан армандарына қайтадан қанат қақты. Бұл жолы ол өзінің ауылының бір кездегі қыстауы Өзекке де соққан: Жас инженер бұдан бұрын жүргізілген жұмыстардың кейбір қателерін де көрді. Келер жылы қайта келмек болды. Бірақ Алматыға қайтып еді, тағы Гүлжамалдың мысы женді. Ал басқа дүние — жұмыс, еңбек, іздену — бәрі де кейін серпілді.

Жәлелдің ішкі даусы: «Жоқ, жоқ, кайткенмен де енді Алматыда қалуым дұрыс емес. Маңғыстауыма кетуім керек. Онда мені күтіп тұрған қуаныш, іздену бар»...

Осындай Алматыда өтіп жатқан бедерсіз сұрғылт күннің бірінде Жәлелдің потеріне әдеттегісіндей Гүлжамал келді. Жайран-жайран етеді. Көңілсіз ойлар, мешеу қиялдар сырғып өше берді. Таси жөнелген қуаныштарының мауқын басып болғаннан кейін, Гүлжамал қайтадан көйлегін киіп, көнетоз жалпақ тақтаға Жәлелмен қатарласа отырды.

Ол дізесінде жатқан Жәлелдің қолын сыртынан ақырын сипады.

— Сен, ренжіме,— деді Гүлжамал,— мен күйеуге шығатын болдым.

Жаңағы қуаныштан кейін, бір құдіретті күш өн бойының бар нәрін сорып алғандай, еш ой-қуатсыз есеңгіреп отырған жігіттің бұл жат сөз миына қона қоймады. Сол себептен де ол:

— Кімге?— деді аузына бірінші түскен сұрақты айтып. Кенет өзінің атын естігісі келіп кетті.

— Сәлімгерей ағайға...

Сәлімгерей белгілі оқымысты. Соңғы кезде Өзекті зерттеген. Жәлелдің ойынша қате жіберген ғалым.

Жігіт енді бұрынғысынан бетер абыржи қалды.

— Рас па? Ол кәрі кісі ғой!..

Әйел қолын жігіттің иығына салды.

— Иә, ол кәрі... Бірақ дүниеде махаббаттан да бөтен армандар бар ғой.

Жігіт әйел сөзін енді ғана ұқты. Ұғып еді біреу тұлабойына мұздай суық су құйып жібергендей тітіркене қалды. Гүлжамалдың жанынан түрегеліп кетті.

Гүлжамал енді мұңая сөйледі.

— Маған да өз болашағымды ойлауым керек қой,— деді ол төмен қарап,— сенің қызығың да, бақытың да — бәрі алда. Ал қыз деген бір-ақ рет гүлденетін жанаргүл тәрізді. Оны дер кезінде мәпелеп бағып, қақпаса, тез солады. Ойнадық, күлдік, соған риза бол. Рас, Сәлекең жасы келген адам. Бірақ әйгілі оқымысты. Атақ-даңқы, дәрежесі де жеткілікті. Бір әйелге бақыт бере алатын адам. Ал сенің берерің...

— Тек махаббатың дейсің ғой?— Жәлел түтігіп кетті.— Бұл аз ба?

— Аз емес. Тіпті көп те. Бірақ мен қазір он жеті жасар қыз емеспін, жиырма беске келіп қалдым. Менің жасымда махаббатқа тірек болар көп жағдайлар керек.

— Мисалы дәреже, дүние-мүлік дейсің ғой? Бұның бәрі әлі менде де болады.

— Қашан? Сенде бұның бәрі болғанда маған деген махаббатың болмайды.

— Мен сені өмір бойы жақсы көріп өтем!

— Ол мүмкін емес!

— Неге?

— Оны өз басымнан білемін.

Жігіт ерсілі-қарсылы жүре бастады.

— Енді бәрін де түсіндім. Бөтенді сүйдім десейші!...

— Сүйдім дегеннен гөрі, оның дәрежесіне, атақ-бағына қызықтың дегенің жөн болар?

— Беу, опасыз дүние!

«Шіркін махаббат, сен адамның да, құдайдың да тәнірісің»[1] деп ұлы ақын босқа айтпаса керек-ті. Жәлелді де сол құдіретті күш құл еткен. Рас, бір кезде ол қиялына қанат, жас жанына бақыт берген. Махаббатқа бас иген күндері орасан қуанышты көрінген. Күн сәулесі өзіне үнемі төгіліп тұрғандай сезінген. Сол сәуле кенет жоғалып, мөлдір аспанын бұлт басып, қараңғылық қоюлана қалды. Сонда ғана Жәлелде бөтен сезім оянды. Ол бұрын өзінде мұндай өзге күш бар деп ойлаған емес-ті. Демек, бұл кандай сезім еді. Әрине, ол Жәлелдің екінші «мені»

[1] Көне гректің ұлы ақындарының бірі Еврипидтың «Андромеда» трагедиясынан.

Гүлжамал тастап кетті деп қорланған, намыстанған, ызаланған «мені» емес, өзінің махаббатын жоғары санаған, сол махаббатты аяғына таптағысы келмеген, адал таза «мені». Гүлжамал қанша жақсы көремін деп құштарлана сүйсе де, ешуақытта да «сені мәңгі осылай жақсы көріп өтемін» деп айтқан емес. Түбі екеуінің айырылатынын білгендей, ол сол сүйген сәтінде ғана жан-тәніменен Жәлелдікі болатын. Сол әр секундтік рахатын Гүлжамал мәңгілік қуанышқа бағалай сүйе білетін. Енді Жәлел таң қалды. Түбі ләззатының тәусыларын, бітерін, өлерін біле тұрып, ол қалай сол минуттерде Жәлелді сондай ыстық сүйе алды? Бұл не, махаббаттың жалпы мәңгілік емес, бір күндік екендігі ме? Ал Жәлел болса, Гүлжамалдың әрбір ерніне ернінің тигенін де, әрбір жалындана сүйгенін де, мәңгі тәусылмас, тіпті өмір-бақи өлмес махаббат бар деп келген жоқ па еді? Иә, сөйткен. Енді сол күштің расымен өлгені ме? Жалпы махаббаттың өлуі мүмкін бе? Өлсе, кім өлтіре алады, жоқ, кім өлтірді? Әрине, Гүлжамал! Гүлжамал! Тек Гүлжамал! Өзі айтты ғой. «Махаббат емес, Сәлімгерейдің дәрежесіне, атақ-бағына қызықтым» деп. Бұл не деген сөз? Дәреже, атақ-бақ — бұ да әрине өмір... Сонда Гүлжамал махаббатын басқаға айырбастады емес пе? Жоқ, дәреже, атақ-бақка айырбастады. Бүйтіп тапқан қуаныш, өз сезімін сату, қорлау емес пе? Гүлжамал өз қолынан тек Жәлелге деген ләззатын ғана емес, қуанышын да өлтіріп отыр. Иә, солай. Ал мен өз басым бәрін кешсем де, махаббатын қолжаулық еткенін кешпеймін! Кешпеймін! Кешпеймін! Сенің көзің маған көптің ішінен «уақытша қызығым» деп қана түскен екен! Ал менің көзімнің қарашығы, нұрсәулесі тек сен ғана болатынсың! Соны бағаламағаныңа, қадірлемегеніңе, осы уақытқа дейін жүрегімнің түбінде бұйығып тыныш жатқан екінші қасиетім, менің адамгершілік «менім» өкінеді, саған лағнет айтады! Сен мәңгілік махаббаттың қасы болсаң, мен оның мәңгілік досымын! Достық сол мәңгілік мөлдір махаббатты қорғайды, саған жалынып, не сені балағаттап өзін қор етпейді. Адал махаббатты адал сақтап, сенің жолыңнан қашады. Сенен қашады! Міне менің екінші «менім» осыны тілейді.

Жәлелдің ішкі даусы: «Гүлжамалдың істегені әлде дұрыс болды ма? Сенің алдында Маңғыстауың бар емес пе, ол бәрібір саған серік бола алмайтын еді ғой!»

Дүниеде ең ауыр қайғы—кешегі қуанышының бүгінгі қасіретіңе айналғанының қайғысы. Жәлел Гүлжамалды әнеугі айрылғанынан кейін қайта көрген жоқ. Және іздеп бармады. Жыланның құйрығын басқандай, Гүлжамалдың бұл қылығы оның тәкаппар намысын оятты, алыста жатқан Маңғыстауын есіне салды. Бұнымен қатар бұрынғы өжет мінезі қайта оянды. Міне, осы кезде газетте XXII партия съезінің алдағы бесжылдықтың жоспарын жариялаған «Маңғыстау түбегінде мұнай, газ шығара-

тын өнеркәсіпті ірі ауданының салынуы тездетілсін» деген директиваларын қайта есіне түсірді.

Ертеңіне Жәлел министрге Маңғыстауға жіберуін өтініп, арыз әкеп берді.

Жәлел енді өзін бұрынғысындай қажырлы сезінді. Бейне бір жолындағы тас бөгетті күл-талқанын шығарып, алға қарай жөнки жөнелген асау тасқынды тау суындай көңілі лепіре қалды. Екі жылдан астам, бұрыштағы столға үңіле отырып, бүкшие бастаған арқасы кенет жазыла түскендей болды. «Расымен өмірімді жаңадан бастамақпын ба?— деді ол сәл езу тартып, сөйтті де өзіне-өзі күле жауап берді.— Дүниеге динамит боп жаралып бір жарылмай кету күнә!»

Жәлел жүруге дайындалып болды, соңғы керегін алуға орталық универсалдық дүкенге келді. Іздеген көзілдірігін тауып алып, көзіне өлшеп тұрғанда бір өлердей таныс дауыс:

— Жәлел, амансың ба? — деді.— Мен сені жүріп кеткен екен деп зәрем қалмап еді...

Жәлел бұрылмай-ақ Гүлжамал екенін білді. Жүрегі ойнап кетсе де, сол көзілдірікті қарап тұрған қалпында:

— Ертең жүрем,— деді тамағына келіп тіреле қалған бір ыстық толқынды әзер басып.

— Тіпті қарағың да келмейді ғой,— деді Гүлжамал әлде өкпелегендей, әлде назданғандай үнменен,— үйіңе қашан қайтасың?

— Оны қайтесің?

Жәлел енді ғана бұрылды. Гүлжамал, сол Гүлжамал, үстіне киген таза жібек көйлегі сымбатты денесін қынай, екі көзінен қуаныш сәулесі төгіліп тұр. Жәлелдің өн бойы балқып кетті. Бірақ өз осалдығына өзі өкпелегендей, кенет қабағын түйіп томсара қалды.

Жәлелдің ішкі даусы: «Бекер кездестің-ау Гүлжамал. Көңілі құрғыр тағы алай-түлей бола қалғанын қарашы».

— Жүр, бөлмеңе барайық,— деді Гүлжамал,— сөйлесетін сөзім бар.

— Сөйлесіп болған жоқ па едік?!

— Сен болғанмен менің әлі де айтарым көп.

Жәлелдің жүрегі тағы ойнап кетті. Сөйтсе де өзін-өзі тағы да қайрап:

— Әлі де дүкен аралауым керек,— деді.

— Ат құйрығын біржолата кескен екенсің ғой,— деді Гүлжамал кенет жүдеп.— Жарайды, солай-ақ болсын. Бірақ біз бұлай айырылуға тиісті емеспіз... Үйінде бол, сағат сегізде келемін,— деді де Гүлжамал, Жәлел «келме» деп айта ма деп қорыққан адамдай сырт бұрылып, аяғын былқ-сылқ басып кете барды.

Жәлелдің ішкі даусы: «Шын жақсы көрген адамыңды ұмы-

ту үшін оны шын жек көруің керек деген рас па! Гүлжамалды жек көре алмасам қайтемін?»

Жәлел не дерін білмей аңырып тұрып қалды. Гүлжамалдың көшенің арғы бұрышындағы қара «Волгаға» барып мінгенін ЦУМ-ның өзі тұрған жақтағы үлкен терезесінен көрді. Теріс бұрылып кетті.

— Сен кетпейсің, Жәлел, Жәлел,— деді Гүлжамал тағы жігіттің қасына отырып, оның қолын алып,— мені шын жақсы көрген болсаң кетпейсің, кетпейсің!.. Қаласың, біз осылай кездесіп жүреміз... Сені көрмеген осы он күнде өлердей болдым. Әлде мені аямайсың ба? Қалай Гүлжамалыңды тастап кетпексің?

«Ия, бәсе қалай Гүлжамалын тастап кетпек?» Жігіттің көзі қарауыта түскендей болды. Ол орнынан тағы түрекеліп кетті.

— Неге? Неге? Неге тастап кетпексің?!

— Сыздықтың қалай қайтыс болғанын сен білмейтін бе едің?!

Сыздық екеуіне де бірдей таныс инженер жігіт еді. Машинадан құлап, омыртқасы үзіліп, үш жылдай төсегінен қозғала алмай жатып, былтыр дүние салған.

— Білемін. Неге білмейін. Ол жарақаттанған ұзақ кеселден өлді ғой.

— Жоқ, ол құр кеселден ғана өлген жоқ...

— Енді неден?

— Ең алдыменен мынаны түсін, адамда көңіл күйі деген болады.... Дәрігерлер тәжірибе жүргізіпті... Еркек-ұрғашы екі маймылды бір торға қамапты. Маймыл да адам тәрізді алдымен бір-біріне үйренуі керек екен. Бұлар әбден ұғынысып, енді ерлі-зайыпты болатын кезі жеткенде еркек маймылды бұл тордан алып кетіп, ұрғашы маймылдың қасына басқа еркек маймылды енгізіпті. Бұл екеуінің ерлі-зайыпты болғанын көрген қарсысындағы торда отырған бұрынғы маймыл жаман қынжылыпты. Бірден қаны көтеріліпті. Қарсы алдындағы ерлі-зайыпты маймылдардың әр жақындасқан кезі жанына батқаны сонша лық, бишара ақырында қайғыдан өліпті...

— Бұл әңгіменің Сыздыққа қандай қатынасы бар?

— Есіңде ме, Сыздық пен Зейнеп қарама-қарсы екі бөлмеде тұрғандары? Зейнеп бір-ақ жылға ғана шыдады... Оның бөлмесіне кірген еркектің әр кешіккені Сыздықтың ауру жанын аямай қысқарта түсті. Өйткені, ол Зейнепті жанындай жақсы көретін еді ғой.

— Рас, Сәкең де мені өте сүйеді.

— Ал мен ше?

— Әлгі еркек маймылдың күйі саған да туады деп қорқасың ба? Жоқ, сенсіз менің күнім жоқ екен... Қаласаң, бүгін айырылайын...

Сәлімгерейді жұрт та, Жәлелдің өзі де қадірлейтін ғалым кісі еді. Былтыр әйелі қайтыс болып, оның жылын бергеннен кейін көңіліне ұнаған осы Гүлжамалға сөз айтқан. Бала-шағасы жоқ кәрі адам. Ендігі бар қызығы осы Гүлжамал. Оған дау жоқ. Гүлжамалды сүймеу мүмкін емес. Сондай адамның қуанышын тартып алғанда Жәлел көгерер ме? Қиянат емес пе? Бүйту Жәлелдің мінезіне жатпайды. Ол тағы:

— Мен үшін ешкімнен де айырылудың қажеті жоқ, — деді.

Әйелдің жаны шығып кете жаздады.

— Жәлел, Жәлел, сен не айтып тұрсың? Енді қайт дейсің? Өкпелеткен екенмін, бір жолға кешір...

Жәлелдің ішкі даусы: «Қазір жұмсақтық істесең бәрі қайта басталады...»

— Жоқ, кешіре алмаймын!.. — деді ол.

Жәлел өзіне-өзі таң қалды. «Бұл қай қаталдығы? Гүлжамалдан айырылғаннан бері жанының қиналғаны соншалық, тіпті сан рет айқай салып шақырғысы келмеп пе еді? Сөйткен сүйгені өзі келіп, кешірім сұрап тұрғанында осыншама қатулана қалғаны несі?! Гүлжамал бұның Күні, Айы, Жұлдызы емес пе еді? Сәз жоқ, әлі де жақсы көреді. Өзі айтпағанмен, жүрегі айтып тұр. Онсыз өмірінің бақытсыз өмір болатынын сезінеді. Соған қарамай, мүлдем айырылмақ? Күші жетер ме?.. Сүйіп тұрып, сүймеймін деу қандай азап!..

Нә, Жәлел сезім адамы. Сондықтан да мына қылығы оған ұқсамайды. Бірақ сезім сезім гой, сезімнен бөтен адамгершілдік, адалдық бар емес пе? Гүлжамалды бұрын жақсы көрсе, онда ол өзінікі болатын. Ал қазір бөтендікі. Соны біле тұра, бұл қалай біреудің ар-намысын таптайды? Қалай өз арын былғайды? Жоқ, жоқ, жүрек мейлі күйсін, жансын, Жәлел адамгершілікті, азаматтықты, ар-ұятты адал сақтайды! Онсыз махаббатың да мөлдір таза бола алмайды. Ал шын таза болмаған махаббат, ол махаббат емес, тек ләпсі құмарлық!

Жәлелдің ішкі даусы: «Адалдық! Адалдық! Тек адалдық қана адамды қателестірмейді!»

Енді ол өзін сабырлы сезінді.

— Мені аэропортқа апаратын такси келіп қалды, — деді бір мезет.

Гүлжамал солқ-солқ жылап, ең ақырғы рет Жәлелді құшақтап сүймекші болды.

Жігіт сәл кейін шегініп, қолын берді.

— Ал енді хош бол...

— Жолың болсын!

Комендант келіп босап қалған бөлменің кілтін алды. Машинаға отырып жатып, Жәлел бұрылып тағы артына қарады. Есік алдында үн-түнсіз тұрған Гүлжамалды көрді. Жүрегі жылардай ауырып кетті. «Расыменен Гүлжамалды ұмыта алар ма?»

— Жүріңіз! — деді машина айдаушыға.

Такси жүре бастады. Иә. Жәлел жаңа өмірге бет алды. Бірақ сұлу Гүлжамалсыз, әсем Гүлжамалсыз, жанындай жақсы көрген Гүлжамалсыз, ол сонау өзін күтіп тұрған қиындықтарға шыдай алар ма екен? Қылықты Гүлжамалсыз, қиялымен тең Гүлжамалсыз, өмірінен де артық көрген Гүлжамалсыз өзін күтіп тұрған сонау жаңа дүниенің қызығына беріле алар ма екен? Махаббат қайғысын еңбек қуанышымен жеңе алар ма екен? Өйткені Гүлжамалды жанындай жақсы көргені, әлі де жақсы көретіні тек өзіне ғана аян хикая еді. Міне, сол Жәлелдің қазір Маңғыстауға келіп түскен беті.

III

Жәлел Өзекке келгелі айдан асып кеткен. Алғашқы екі жетідей ағасы Хәлелдің үйінде тұрды. Сосын бір құрамалы ағаш үй бітіп, содан екі бөлмелі пәтер алып, соған көшті. Көшкен күнінің ертеңіне, бұрғылау жүріп жатқан жерден елу шақырымдай тұратын Майқұдықтағы колхоздан кәрі әке-шешесін өзінің жанына алдырды.

— Қартайғандарында қасымда болыңдар,— деді ол әке-шешесіне.— Аз еңбек еткен жоқсыңдар, енді дем алатын кездерін де жетті.

— Болсын!— деді жасы келіп қалған Бестібай,— сендердің де қызықтарыңды көрейік.

Бірақ Бестібай колхоздан құр қол қайтпады. Боталы інгенін ала келді. Кемпір-шалдың ермегі осы боталы інген мен Хәлелдің ұлы-қызы болды.

Кен іздеушілердің үш бұрғылау қондырғысы осы бір айдың ішінде бір мыңнан артық метр жер жүрді. Бірақ әлі жер астынан сыртқа аткан мұнай жоқ... Геология ғылымы бойынша алғашқы мың метр Бор дәуіріне жататын қабаттар. Сосын Юра дәуірі басталады. Бұл екі мың метрге дейін кетеді. Юра қабатының орта жері ақшыл түсті уақ құмдақты қоңыр саз аралас болып келеді. Бұл қабаты 1150—1450 метрдей терендікке кетеді. Содан кейін түйіршігі үлкейе түскен су қабаты құмдақ кездеседі. Мұнай кені осы екі тұста ұшырауы керек. Бұның асты, 2000 — 2200 метрлерден бастап, қара қоңыр түсті алевралит деп аталатын тығыз саз аралас ауыр жер жынысы. Оның қалыңдығы кен зерттеушілердің айтуы бойынша бес-жеті километрдей. Әр километрді өткен сайын жүздеген атмосфералық салмакпен тығыздала түседі. Кен зерттеушілердің болжауы бойынша бұл тым тығыз қабаттарда мұнай қоры болуы мүмкін емес.

Хәлелдің бұрғылау қондырғысы бір мың бір жүз метр жер өтті. Бірақ мұнай көрінбеді. Бұл қалай? Мұнай шығатын тұсқа әлі жете алмағандары ма?

Жәлел қобалжи бастады. Оның есіне өзі осы Маңғыстауға келер алдында геология министрімен сөйлескен сөзі түсті. Ми-

нистр бұрын өндірісте көп істеп,мол тәжірибе алып келген кісі еді. Жәлелдің Маңғыстауға барсам деген өтінішін бірден мақұлдады.

— Әрине, өндірісте жұмыс істеген жөн. Министрлік қашпас,— деді ол ойланып,— сонда қандай қызметке барсам дейсің.

Жәлел адал ойын айтып бірден ақтарыла қалған.

— Өзекке жіберуіңізді сұраймын,— деген.

— Өзекке дейсің бе? Ho, онда қызық жұмыс басталғалы тұр. Бірақ, сен өндірісте көп болған жоқсың ғой, тәжірибең аздау-ау.

Жәлел өзінің бір беткей табандылық мінезіне салған.

— Тәжірибені жұмыс үстінде алмаймын ба?— деген қайсарлана,— жіберіңіз, сеніміңізді ақтаймын!

Министр кенет алақанымен столдың үстін шарт еткізіп тартып қалған.

— Жарайды, болсын!— деген.— Бірақ сені жай инженер емес, бас геолог етіп жіберемін. Тек ұмытпа: қателесуге тиісті емессіндер! Дұрыс қойылмаған бір терең барлау скважинасы қанша миллионға түсетінін білесің бе? Және қаншама уақыт босқа кетеді?

Жәлел министрдің үлкен міндетпен жіберген адамы. Бұл Өзекке келген күні ғана Жәлелдің скважинасы бұрғылай бастаған. Бас геолог келмей жатып оған қарсы болған жоқ. Ал сол скважина әлі мұнай бермей келеді «Қателесуге тиісті емессіндер!» деген министрдің сөзін есіне тағы түсірді. Қандай жауапкершілік! Ол кенет терлеп кетті. Рас, Өзекте бұрын мұндай терең бұрғылау жүрмеген. Жалғыз ғана структуралық іздестіру скважинасы бар. Сондағы ақбарға қарағанда бұл арада мұнай қабаты болуға тиісті. Геологтардың осы болжауларын арқа тұтып, көп қаражат шығарылып терең бұрғылау жүріп жатыр. Ал егер бұл болжау дұрыс болмаса қайтеді? Жәлел Өзектің өзінен бұрын басталып, қазір жүріп жатқан бұрғылаудың осы жаңадан істелген геологиялық картасына қайта үңілді.

Ол отырған бөлме жақында ғана құрама ағаштан тұрғызылған, экспедиция кеңсесіндегі кабинеті еді. Кішкентай ғана бөлме, скважиналардан алынған кен-жер жынысы тастарының бөлшектері мен толып жатқан геологиялық карта, әртүрлі ақпар беретін кітаптардан аяқ алып жүретін жері жоқ. Шағын ағаш столы мен бес-алты орындық қана бар...

Жәлел енді басқа үлкен қағазды алды. Бұл алғашқы структуралық бұрғылау скважинасының картасы еді. Бұны да геологиялық ғылыми зерттеу институтының ғалымдары жасаған болатын. Бұған да профессор Сәлімгерейдің қатынасы бар.

Жәлел «сонда мұнай қайда?» деп картаны алдына қарай жақындата үңіле түсті. Бірақ кенет дәл терезесінің алдынан шыққан шу ойын бөліп жіберді. Басын көтеріп алды.

Осыдан екі жеті бұрын ішкі жақтан келген жиырма шақты

жұмысшылар екен. Қолдарында шамадандары, ақша беретін кассаның алдында тұр. Бас геолог бірден түсіне қалды. Бұрын да кейбір леңіре жеткен мамансымақтар, аузымен орақ орып қиратып жіберетіндей болып келген кейбір қызба жастар, жер жағдайының, тұрмыс күйінің нашарлығына, күннің тас балқытардай ыстықтығына, үнемі соғып тұрған шаңды желіне шыдай алмай, кейде келген ізімен, кейде бес-алты күн болып кейін қайтып кететін. Мұндайлардың ілуде бір-екеуі-ақ тиянақты жұмыс істеуге келісім беретін. Онда да алар жалақылары ойындағыларындай болса. Ал мына касса алдында тұрған топтай жиырмалап қайту бұрынды-соңды болмаған оқиға. Бұған не себеп? Рас, күні құрғыр күннен-күнге күйіп барады. Ауа ыстықтығы қырық градустан бір кемір емес, оның үстіне шығыстың қапырық ыстық желі адамның жанын қоярға жерін таптыратын түрі жоқ. Өзек төңірегі шын дозаққа айналғандай. Бірақ жұрттың бәрі ыстыққа шыдай алмай мыналардай топтанып кетер болса, Өзектің асыл қазнасын кім жер астынан алады? Ыстықтан қорықпайтын азғантай жергілікті қазақ жұмысшылары неменеге жетеді?

Шуылдасып тұрған жұмысшылардың қасына қалай жеткенін Жәлелдің өзі де сезбей қалды.

— Жолдастар, бұларың не?—деді алқынып,— жұмыс істеймін деп әдейі келген жоқ па едіңдер?

— Әрине дозаққа күюге емес, жұмыс істеуге келдік,— деді ішіндегі алпамсадай біреуі.— Бізді алдап әкелдіңдер. Әуел бастан айтуларың керек еді, «Өзек» деген жер тамұқтан бірде-бір кем емес, ыстықтығы қырық градустан түспейді, шаңы бір басылмайды, ішетін суға да зәру боласыңдар» деп, онда бұл араға ытім келер ме? Айдасаң да келмейтін едік. Кісі өлтірген жоқпыз.

— Оларың дұрыс емес,— деді Жәлел,— бұл араның құба жон екені, суының аз екені белгілі жәй емес пе? Сол себептен қырық бес процент далалық, отыз процент сусыздығы үшін, тағы отыз процент аймақтық коэфициент артық ақша төленеді.

— Ол ақша біздің қалтамызға түсіп жатыр ма?— деді мұрны қып-қызыл, кеңірдегі сорайып кеткен сары жігіт.

— Қалтаңа түспегенде қайда кетеді?

— Араққа! Магазиндерінде бір жұтым арақ жоқ. Ал қаладан бізге әкеп беретін шоферняға үш сомдық бір бөтелкесіне он сом алады. Онда да сені қимастығынан. Көріп тұрсың ба сенің беретін процентіңнің қайда кетіп жатқанын?

— Ой, қоя тұр, арақ ішпесең өліп бара жатырсың ба?— деді әлгі алпамсадай,— мәселе басқада, біз екі қолымызға сенген жұмысшы адамдармыз, біздің сіздердей мұмыз, басымыз емес, екі қолымыз, ден саулығымыз жұмыс істейді. Егер денсаулығымыз болмаса біз кімге керекпіз? Ал сол денсаулықты сақтайтын мұнда еш жағдай жоқ. Жататын жеріңе анау шатыр.

Бір мезгіл дем алайын деп ішіне кірсең, дәл моншаға түскендей терге малынып шыға келесің. Асханада жөнді береке жоқ. Рас, ет, май мол. Бірақ біз қиярға, капустаға, сәбізге үйренген елміз ғой. Екі жеті көрмеп едік, тісіміз сырқырап, ішектеріміз қатып қалды.

Адам баласы мұндайда күлкі-қалжыңсыз жүре ме, қалжыңкойлар да табылды.

— Ішің қатса айран іш!— деді біреу күліп,—бұл жердің айраны ішің тастай боп қатса да, бес минутте қуып шығады!

— Іш ауру бол дейсің бе? Одан да ішімнің қатып жүргені жақсы емес пе?

— Айттым ғой, осының бәрі арақ жоқтықтан,— деді алғашқы қызыл мұрын кеңірдек сары.— Арақ мол болса, іш ауру алмайды. Арақ бәрінің емі.

— Қап, мына маскүнем иттің малтасын езуін-ай!— деді қасында тұрған кәртаңдау кісі,— адам ет пен майдан өлген бе? Бәріне де шыдар едік. Мына ыстығы құрғыр шыдатпай барады. Жаныңды қоярға жер тапқызар емес.

— Өзгелер қалай жүр?

— Үйренген ғой!

— Сендер де үйренесіңдер!

— «Қарадан тер шыққанша, сарыдан жан шығады» деген, біз үйренгенше, тегіс жан тапсырып жүрмесек иетсін!..

— Жігіттер, сендерге қиын екенін біз де білеміз. Бірақ шыдап көріңдер. Әне, анау құрама үйлерді күні-түні сіздерге арнап салып жатырмыз әрі кетсе бір айда бітіп қалар. Капуста, қияр туралы айтқандарыңның бәрі дұрыс. Қолдан келген бар шара қолданылды. Осы жетінің аяғында көкөніс тиеген алғашқы машиналар да жетіп үлгірер.

— Мұндай үлкен істі бастарда, ең алдыменен, сол істі жүргізетін жұмысшы адамдарға керекті жағдайларды тудыруды ойлау керек қой,— деді бір орта бойлы, көгілдір көзді жігіт,— не жататын үйі, түсетін моншасы жоқ, жуынатын суы да тапшы. Осыншама жұртты машинаға тиеп-тиеп шыжып тұрған шөл далаға алып келіп, енді жұмыс істеңдер дейсіңдер, бұл дұрыс па?

— Дұрыс емес,— деді Жәлел кінәні мойнына алып,— жұмысшы адамға жағдай тудыру біздің ең мықты міндетіміз еді, оны дер кезінде істей алмадық. Бұл біздің қателіміз. «Тезірек мұнай алқабын барландар» деген орталықтың бұйрығын орындай қоямыз деп бірден бұрғылау жұмысына кірісіп кеттік. Сөйтіп тұрмыспен байланысты көп шараны үлгіре алмай қалдық. Ал қазір барымызша болған кемшіліктерімізді жөндеп жатырмыз. Көп кешікпей үй де, күй де жөнделеді. Тек сіздер аз күннің азабына шыдай алмай жұмысты тастап кетпеңдер! Шын жұмысшы табына жататын болсандар, уақытша қиындыққа өкпелеп, өз борыштарыңнан қашпауларың керек!

Жұрт үндемей қалды.

— Уәдеде тұрасыңдар ғой? — деді Жәлелге қарап аздан кейін ең алғашқы сөйлеген алпамсадай қара.— Егер сендер бізге дұрыс жағдай тудыратын болсандар, әрине, біз кетпейміз, шыдап бағамыз. Солай ма, жігіттер?

— Солай!— деді біраз дауыс.

— Демек уәделесіп алайық,— деді алғашқы сөйлегендердің бірі,— тұрғын үйлерін бір айда бітеді ме?

— Бітеді!

— Арақ ше? — деді тағы әлгі қызыл мұрын сары.— Дүкенде о да болады ма?

— Жоқ,— деді Жәлел,— мен осы уақытқа дейін шоферлардың арақ әкеп сататынын білмейтін едім, енді бұдан былай қарай бұл жаққа ондай сәудегерліктің жүрмеуіне бар шара қолданылады!

— Саған сол керек!— деді қызыл мұрынға қасында тұрған жаңағы картаң адам,— «токал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айрылыпты» деген осы!

— Көкөніс ше? Көкөністе бола ма?— деді тағы бір үн.

— Болады!

— Ал су ше?— деді тағы біреу.

— Болады!— деді жұрттың екінші бүйірінен бір әдемі конырқай дауыс.

Жұмысшылар дауыс шыққан жаққа бұрылды. Жәлел де со жаққа қарады.

Екі көзі ботаның көзіндей жаудырап, өріп тастаған қолаң шашы дізесіне дейін төгіліп, жұмысшы комбинезонының белін қынап алған, қазақтың бір қара торы қызы тұр...

Маңғыстау байлығын игеруде үкімет пен партия зерттеу жұмысын жан-жақты жүргізген. Алғашқы мұнай көзі ашылған жылы-ақ мұнда Қазақ Ғылым академиясының Уфа Ахметсафин басқарған су зерттеу экспедициясы келген. Бұл экспедиция жасаған картасында «Маңғыстау жер асты суына бай өлкенің бірі, оны теңіз үстінде қалқып тұр десе болады» деген қортынды шығарған. Тек скважиналар қазып, суды жоғары шығаруды механикаландырып, керегіне қарай молынан пайдалана беруді ұсынған.

Шынында да Маңғыстау жерінің үсті қандай құнарсыз, дақылсыз болса, астындағы тұщы судың молдығы таң қаларлық еді. Ыстығы да, суығы да жеткілікті. Су байлығы сонау Бозашы түбегінен басталады. Сегіз — тоғыз метр қазсаң ол арадан ішерлік су шыға береді. Өзені, көлі жоқ Маңғыстау елі, көбіне осындай құдығы терең емес жерлерді жайлаған. Ал форт Шевченкодан Красноводскіге дейін теңіз жағалай ылғи осындай құдық-

тар қазылған. Бұл араларда шамалы терендіктен-ақ тұщы су шығады.

Ал мұндай судың ең мол тұсы Қаратау, Ақтау қыраттары. Бұлармен жалғасып жатқан Бостан, Сауысқан, Қызылсу, Түйесу құмдары. Бұнда он екі құлаш терендіктен көз жасындай мөлдіреген тұщы су көрінеді.

Соңынан, Өзек және Жаңа Өзек кәсіпшіліктері ашылғанда скважиналар қазылып, насос станциялары салынды. Су жер бетіне көтерілді. Үлкен резервуарлар орнатылып, одан құбырлар арқылы ыстық, суық сулар құрылыс орындарына жеткізілді. Бір ғана отыз мың адамы бар Жаңа Өзек қаласына он мың текше метр су берілді. Әр адамға тәулігіне үш жүз литрден астам су жұмсалды. Мұндай шығын тіпті Еділ, Ертіс жағаларындағы тұрғын жұртқа да шықпаған болар. Ал облыстың кіндігі Шевченко қаласы салынғанда қасынан атом электростанциясы тұрғызылып, тұздан аршылған теңіз суымен бүкіл дала қамтамасыз етілді.

Бірақ бұның бәрі соңынан, соңынан болды. Ал сонау алпыс бірінші жылы, Өзекке қаптап келе жатқан жұртқа су Борлыторым құдықтарынан машинамен тасылып әзер жеткізіп жатқанда, мына қыз қалай жұрттың бәрін сумен қамтамасыз етемін дейді?

Жұрттың бәрі қызға қарады. Жәлел де одан көзін алар емес. «Бұл кім? Қайдан келді?»

Өзекке ең алғашқы жеткен құрылысшылар кілең еркектер, әсіресе жастар болатын. Жердің көркі гүл болса, жігіттің көркі қыз емес пе, құрылыста қыз-келіншектің жоқтығы бірден білінген. Өздеріндей жұмыс істеп жүрген, бірақ уақытша местком боп сайланған бұрғышы Валентин Шилов пен комсорг, бас инженер Михаил Алексеенкоға жастар келген.

— Клуб салып жатырмыз, қызыл бұрышымыз да бітіп қалды, ал қыздарың қайда?— деген олар,— қыз-келіншексіз жұмыс түгіл, тіпті ұйқының да берекесі кетеді екен.

Осындай талаптан кейін жастар мен кәсіпшілер одағының жергілікті комитеті боп Қазақстан қыз-келіншектеріне, Өзек құрылысына келулерін сұрап үндеу алған.

Сол үндеу-шақыру бойынша осыдан он күн бұрын Алматы, Жамбылдан Маңғыстауға қырық қыз келген. Өзек жігіттері үш машинаға тиеліп барып оларды форт Шевченкодан қарсы алған. Әрқайсысына құшақ-құшақ гүл беріп, сырнайлатып-кернейлетіп Өзекке алып келген. Бұлар келісімен бірі үй сылаушы, бірі бұрғылау қондырғысына моторист үйренушісі боп орналасқан. Асханаға, дүкенге жайласқандары да бар. Бірақ бұлардың ішінде мына қыз тәрізді бота көзді Жәлел көрмеген. Бүгін-ертең осындай қыз-келіншектің тағы бір тобы келеді екен деп естіген Жәлел. Әлде солар келіп қалды ма деп ойлады ол.

Жәлелдің ойын бөтен дауыс бөліп жіберді.

— Өзің қайдан келдің?— деді бір жас жігіт қыздың сұлулығына таң қалып.— Көктен түстің бе? Жерден шықтың ба, периштем?

Қыз күлді.

— Көктен де түскен жоқпын, жерден де шыққан жоқпын,— деді ол маржандай аппақ тістерін жарқ еткізіп көрсетіп,— сіздерді шөлдеп жатыр деген соң су тауып берейін деп Мәскеуден келдім.

Бұл баяғы Сарының кенжесі Тана еді. Биыл ғана Мәскеудің су іздеу және суландыру институтын бітірген. Қарағандыдағы ағасының қолындағы әке-шешесін алып, Маңғыстаудағы ұлы құрылысқа өзі сұранып кеше ғана келген. Төбесі әлі салынып біте қоймаған үйден берілген жалғыз бөлмеге жаңа ғана әке-шешесін орналастырып болып, енді кеңсеге келе жатқан беті еді.

— Қайдан келсең де, енді біздің суға кенелетінімізге күмәнім жоқ,— деді әлгі жігіт.— Бізді судан қырылып өлмесін деп құдайдың өзі әдейі жіберген периштесі болар бұл! Айда, жігіттер шатырға! Енді біз еш жаққа кетпейміз!

Жұрт тарай бастады. Қыз да кетпекші болып еді, бағанадан бері одан зілдей ауыр көзін аудармай қарап тұрған тастан жасалған мүсін тәрізді денелі шойын қара бұжыр жігіт қасына келді. Түрі қазаққа ұқсаса да, неге екені белгісіз ол орысша сөйледі.

— Хорошо, и я никуда не поеду,— деді көжек көрген крокодилдей кенет көзі жасаурай кетіп,— но имей ввиду, ты будешь моей!

Тананың көзі жарқ етіп, ұшқын шаша оған қадала қалды да, сөзге келместен, кішкентай алақанымен жігіттің бетінен тартып-тартып жіберді.

Анау қыздың ұрғанын шыбын шаққан құрлы көрген жоқ.

— Ну и краля!— деді ыржия, кенет қабағын түйе қалды.— Посмотрим, будешь ли также гневна, когда...

Жәлел жігіттің жанына жетіп барды, оның не деп тұрғанын естімегенмен, бір жамандықты жүрегімен сезген.

— Кет бұл арадан!— деді ол ашулы.

Жігіт тұманданып кеткен көзқарасымен оның басынан аяғына дейін бір шолып шықты да, бұрылып жүре берді.

— То же мне защитник!

Дүниеде махаббат болмаса, табиғаты саран кісі, бұрынғысынан да саран, ал жаратылысы катты адам одан да қатулана түсер еді. Өйткені адамның көнілін көнітер, жанын жібітер махаббаттан артық күш жоқ. Қызды сүйген жігіт қандай азапқа болса да көнуге бар, ал баласын жақсы көрген ана, баласы үшін жан қиюдан тайынбайды. Бұл табиғат заңы. Махаббатты осындай құдіретті етіп, дүниедегі ең ұлы күш — жаратылыстың

өзі жаратқан. Сондықтан да махаббаттың алдында кім болса да әлсіз, амалсыз.

Рас, Жәлел Гүлжамалды да жақсы көрген. Бірақ қазір оны ұмытуға тырысқан. Бұнысы немене, опасыздығы ма? Жоқ, махаббатқа деген мейлінше опалылығы еді. Жәлел уақытша сүю, алдау дегенді білмейтін, бір беткей, шыншыл адал жан. Ал мұндай адамға өзінің адал сезімінің кірленгені зор күнә. Сондықтан Гүлжамалдың опасыздығы жанын жаман ауырткан. Жаңы ауырған сайын, одан алыстай түсуге тырысқан. Бірақ ол қолынан келмеген.

Сөйтіп жүргенінде міне ол Танаңы көрді. Бұл кім? Жай, қарапайым құрылысшы қыз секілді емес. «Жақында бізге бір гидрогеолог инженер қыз келеді» деген Жандостың сөзі енді есіне түсті. «Ол қандай жас қыз, кім?» деп көңіл қоймаған. Өзіне жаудырай қарап тұрған қыз сол инженер қыз екеніне енді Жәлел шек келтірмеді. Сол екен деп шешімге тоқтап еді, әлденеге «бұл қыздың сүйер жігіті, көңіл қосқан адамы бар ма екен?» деген сұрақ өзінен-өзі туды. Демек, бұндай сұрақ неге тез туды? Өзі де білмейді. Расымен Жәлел бір көргеннен тағы ғашық болып қалғаны ма?

Жоқ, Жәлел қазір Гүлжамалды алғаш кездестіргеніндей жиырма бестегі албырт жас емес. Енді бұл аз болса да өмір көрген, ақыл тоқтатқан жігіт. Өзі солай ойлайды. Әрине, Жәлел Танаға бірден құмар болып қалған жоқ. Құмар болдым деп те ойламаған. Аузы күйген үрлеп ішеді, бұрынғыдай құлап түсетін мінезден Жәлел әлдеқашан арылған тәрізді еді. Бірақ жүрек деген ақылға ырық бермес тентек бар емес пе? Кім біледі оның қалай соғарын? Демек, қыздың түр-келбеті Жәлелдің бірден көңілін бөле берді. Оған қарай бергісі келе берді. Мұндай сезім әркімде-ақ кездесетін шығар. Әсіресе Жәлел тәрізді қызу қанды, сенімпаз жанда көбірек ұшырауы мүмкін. Расында да тамаша салынған суретке таң қалатын, қарай бергісі келетін адам аз ба бұл дүниеде? Жәлелді дәл қазір осындай сезім билеп кеткен еді. Әйтсе де біреуге қызыға қарау, оның түр-келбетінен жаңына тәтті нәр алу, ол әлі ғашықтық емес. Ғашық болу — одан үлкен сезім. Жаныңды, тілегіңді билеп кетер аңсаған арманың!..

Жәлел ондай күйге жетті ме, жетпеді ме, әрине, бізге беймәлім. Бірақ... бірақ ол қазір Танадан көзін алар емес. Ал Тана болса, жаңағы бұжыр шойын қараның қылығы батып, Жәлелге жөндеп көз аударған да жоқ. Әлдеқалай жаудырай көз тастаса, бұлай қарау оның табиғи мінезі, әдеті. Құдай оған осындай мөлдіреген көз берсе, оған Тана айыпты ма?

— Ағай, сіз экспедицияның бастығысыз ба?— деді қыз.

Қара бұжырды тез ұмытқысы келген жігіт:

— Жоқ, бас геологпын,— деді.

— Ә, сіз Жәлел Бестібаев екенсіз ғой.

— Оны қайдан білдіңіз?

— Министрлікте айтқан. Мен Тана Жанбозовамын. Сіздің экспедицияларыңа жіберілген гидрогеологпын.

— Өте жақсы. Таныс болып қоялық.

Жігіт асыға қолын берді. Қыздың алақаны кішкентай, ұзын саусақты, бірақ бір түрлі қатты, қажырлы екен.

Тана жас жігіттердей Жәлелдің қолын қысып танысты.

— Экспедиция бастығы Жандос, әне ана мұнараның жанында болуы керек,— деді Жәлел енді не айтуды білмей.

— Онда мен о кісіге со жаққа барып көрінейін.

— Өзіңіз білесіз. Түскі асқа дейін бұл араға оралмас.

Қыз «дұрыс» дегендей басын изеді де, мұнараға қарай жүре берді. Жәлел әлденені ойлап тұрып қалды. Тананы бұрын бір көрген тәрізді ме, қалай? Кенет қыздың соңынан қарағысы келіп кетті. Бірақ сыртымнан өзімді біреу бақылап тұрса ұят болар деп кейін бұрылды.

Жәлел кеңсесіндегі ондай-мұндай уақ шаруасын бітіріп түскі тамағын ішкелі үйіне келді. Ауызғы бөлмеде әкесімен әңгімелесіп, буырыл сақалды бір бейтаныс кісі отыр екен. Жәлел сәлем беріп амандасып болғаннан кейін, әкесі:

— Бұл кісі бір кезде үш жүз түйе шөктірген Түйебайдың сойылкері болған Сары, қарағым,— деді. Түйебайдың он екі жыл есігінде жүрген, түйесін баққан. Өз қолымыздан конфесковайт еткенбіз. Сары сол кезде Қарағандыға кетіп, қазір содан келіп отыр.

Әкесінің жас кездегі құрбы-құрдастарымен кездескенде бір жасап қалатынын Жәлел жақсы білетін. Карт Бестібайдың баласы сүйетін тағы бір қасиеті бар. Ол әкесінің жанашылдығы, бүгінгі күнді өте ұнататындығы. Кешегі көшпелі елдің кісісінің жаңа өмірді осыншама орасан жақсы көріп қалуына қандай себеп? Әрине, адамды өмір өзгертеді. Бестібай да өзгерген. Әсіресе бұны өзгерткен Қарағанды еді.

Келесі жылы Маңғыстауда да жалпылай колхоздандыру науқаны басталып, Бестібай колхозға кірді. Сол жылы форт Шевченкодағы жақын қарындасы қайтыс болып, соның жетім қалған Жәлел атты бір жасар баласын асырап алды. Баланы жастары келіп қалған Бестібай мен әйелі жандарындай жақсы көрді. Хәлелім жалғыз еді, енді інілі болсын деп, оған біржола өздерінің аттарын берді. Жұрт та Жәлелдің қарындасының баласы екенін ұмытты. Бестібайдың кенжесі санады. Өмір бойы Жәлел өзі де осылай түсінді.

Бірақ осы кезде Маңғыстауды адам түсінбес, сұмдық оқиғалар басып кетті. Егісті даласы жоқ, бір-бір түйесін ортақ қорға берген колхозшы кедейлердің күйі табан астында қалыпқа келе қоймады. Асығыс ұйымдастырылған колхоздар ыдырай бастады. Осы кезде әлдекімдер: «Болышабай партиясы біз секілді

мал баққан көшпелі елге колхоз бол демеген екен, оны шығарып жүрген мына аудан бастықтары көрінеді»,— деген лақап таратып, бүкіл Маңғыстау даласы гу-гу етті.

Тап жауларының күткені де осы кез еді. Олар енді ұран тастап атқа қонды. Әлі көзі ашылмаған көп надан жұрт оларға ерді. Дәл жаугершілік замандай, он екі-он үш жасар балаларына дейін қалмай, адай біткен қолына құрық, сойылын алды.

Бірақ Бестібай желіккен жоқ. Жас Жәлелі мен әйелін ертіп теңіз жағасына көшті. Онда ау салып, балық аулап күндерін көрді...

Оқыс ереуіл, оқыс басылды. Үкімет түсінігін жүргізді, ашумен арандаған жұрт саябырланды. Колхоздар қайтадан құрылды. Бестібай өз аулына үшінші рет қайта оралды. Мұнда түркімен елінен әкелінген және кей жеке меншіктен сатып алынған түйелерден шағын ферма ұйымдастырылды. Бестібайды соған бастық етті.

Жәлел жетіге шығып сол жылы ашылған сегіз жылдық мектепке түсті.

Колхоз шаруасы бірте-бірте жөнделе бастады. Бестібай да тәжірибелі түйе өсіруші болып алды. Сөйтіп жүргенде жер мен көкті сілкіндірген Ұлы Отан соғысы келді. Бір жылдан кейін түйе фермасын қатын-балалардың қолына қалдырып, еркектері тегіс әскерге алынды.

Жасы келіп қалғандықтан Бестібай майданға ілікпеді, ол еңбек армиясына өзі тіленіп Қарағанды шахтасына барды.

Жәлел сол колхоз мектебінде қала берді...

Қарағанды еңбек армиясы Бестібайдың өмірдегі ең үлкен мектебі болды.

Сол кездегі Қарағандыны көргендерің бар ма? Бұл бүгінгі зәулім биік үйлі өндіріс қаласы емес, шахты, поселкелер көбіне бір қабат, екі қабат үйден ғана тұратын.

Сондай шағын поселкенің бірі — Н-БИС шахтасының жанындағы Қалинин ауданының орталығы еді. Осы уақытта қазақ жерінде қаулап өсіп келе жатқан басқа поселкалардан бұның бар айырмашылығы: бұнда не көп — көмір көп, шахтадан шығарылып тау-тау боп үйілген топырақ көп, сосын беттері қапқара күйе, тек тістері мен көздері ғана жылтыраған көмір қазушы жұмысшы-шахтерлер көп. Не аз — мас болып сандалып, не сәнденіп киініп бос жүрген кісі аз. Не аз, қазіргідей ерсілі-қарсылы жүйткіп жүгірген машиналар аз. Жеңіл машиналар түгіл, тіпті жүк таситындары да некен-саяқ. Бәрі майданға алынған, соғысқа әкетілген. Ал қалада жүк таситын машиналардың көбі, қазіргідей бензинмен емес, көмірмен, ағашпен жүреді. Қарағанды тәрізді кәсіп-өндіріс қаласының көшесінде, шофер кабинасының жанынан шығарылған мұржасынан түтіні бұрқырап

келе жатқан жүк машинаны көру де — ғажап емес. Өйткені бәріне себеп соғыс! Соғыс! Соғыс! Машинаның көмірмен жүруі де, кешегі мол дүниенің бүгін тарыла қалуы да — бәрі тек соғыспен ғана байланысты. Соғыс жұтуға тұрған аждаһадай жұрттың апшысын қуырған, жарық көнілін түн еткен.

Сол себепті Қарағандының сұсты ауа райындай, халықтың жүзі қаһарлана түскен. Сонау шахтыдан шыққан қап-қара тас көмірдей, көп адамның көңілдеріне қайғы түні ұялаған. Бір-ақ бұл қайғы түні жайшылықтағыдай жүдеу, мұқалудан жаратылмаған кек, ызадан туған. Сондықтан да мынау шахты үстіндегі мұнараға: «Шахтер, сенің әрбір шығарған тонна көмірің жеңіс күнін жақындата түседі!» деген ұран тұр. Сондықтан да жұрт бензині болмай, көшеде тас көмірдің түтінін будақтатқан машиналарға күлмейді, үстінде тозығы жеткен брезент киімі бар жұмысшының шахтыдан өлердей боп шаршап шығып, аяғын ілбіп басып келе жатқанына таң қалмайды.

Иә, бұл Отан басына ауыр күн туған өте қайғылы, бірақ әр шахтер, әр жұмысшы сол Отан үшін аянбай еңбек еткен жалынды кез еді! Майдан кейін шегініп, жау шебі Москваға таяй түсіп, жалпы халық рухы қиналған, бірақ әр жауынгер сол майдан үшін өзінің істеген ерлігін мақтан еткен — қайғылы да қаһарлы ауыр мезгіл еді!

Жыртық шекпен, түйе жүн күпілі, сірі етікті, елтірі тымақты, еңбек армиясына алынған Маңғыстаулық кәрі-құртаң шалдарды әскери жігіттер Н-БНС шахта поселкасының шетіндегі ұзын казармаға әкеп кіргізгендерінде күн шығып та қалған еді. Қоржын, қапшықтарын арқалай, сүйретіле, ұзыннан ұзақ жасалған екі қабатты сәкінің астындағысына бәрі дабырлай орналасып жатыр. Ат аркасы қиянға үйренген, алыс сапарларды әдеттенген көшпелі жұрттың адамдары болғанмен, сонау Кетіктен Үйшікке дейін кемемен жүзіп келіп, одан қызыл вагондармен ұзақ жүріп Қарағандыға әзер жеткендерінен бе, бұларға жол қиямет-қайымдай ауыр және алыс көрінді. Әбден шаршаған екен, жамбастары жер іскеп еді, жанағы дабыр кенет басыла қалды. Қоржын-қапшықтарына сүйене, жантая-жантая кетті. Тіпті кейбіреулерінің заматта көзі ілініп, бір сәт қорылдағандары да естілді. Дәл осы кезде казармаға екі кісі кірді. Жасы келіп қалған, бірақ әлі қажырлы, енгезердей қаба сақалдысы:

— Уай, тұрыңдар! — деп қатты дауыстады.— Қарай көр өздерің, әкелерінің үйіне келгендей шалжиып-шалжиып жата қалғандарың! Бұларың бола қояр ма екен! Кәне тұрыңдар! Әр қосқа бір-бір адамын қалдырып, өзгелерің далаға шығыңдар! Мына кіре берісте жатқан матрац-қапшықтарды алыңдар. Қорадағы сабанмен толтырып, әркайсың өздеріңнің жататын жеріне төсеңдер! Одеял-көрпені соңынан өзім беремін.— Қаба са-

кал жұрттың қозғалмағанына таң қалып.— Уай, өздерің әбден бітіңсіңдер ғой, алыстан келдіңдер ме?— деді.

Қаба сақалға таяу тұрған шүйкімдей сары шал:

— Маңғыстау, Бозашы деген жерлерді естуің бар ма?— деді қаба сақалдың соншама өктемдей сөйлегеніне шамданып қалған кішкентай ол, сарғылт көзі шатынай түсіп.— «Білсең адайынмын, білмесең құдайыңмын» деген ел боламыз!

— Қарай көр мынаны!— деді қаба сақал дегенмен кішкентай шалдың сөзінен ашуланудың орнына масаттанып қалғаны байқалды,— өле алмай жүріп адаймын дейді! Адай болсаң қайтейін! Адайдан да мықты Совет үкіметі деген құдай бар! Сенің адайлығыңды шахтыға түскен соң көрерміз!.. Шахта саған Қарынжарық, Сауысқан мен Үштағанның құмы емес! Ауа жайыла алмайсың білің қой!

— Қорқытпа шахтаңмен!— деді кенет кішкентай шал қалжыңдап.— Майлықұдықтан қорықпаған адай, сенің шахтаңнан қорқатын ба еді? Оған да түсіп көргенбіз!

Майлықұдық Мақта жолындағы Маңғыстаудың Күлсарыға таяу қырат жағындағы он бес құлаш ең терең құдық. Жұрт ду күлді. Қаба сақал жуаси қалды.

— Жә, болды!— деді ол,— төсек-орындарыңды ыңғайлағаннан кейін моншаға апарамыз. Онда бәріңе жаңа ыштан, көйлек беріледі. Ал ескі киімдеріңді моншаға кірерде дезенфекке тапсырасыңдар. Тазалық — денсаулықтың бас қорғаны,— қаба сақал сірә бұл сөзді басқа біреуден естіген болуы керек, сәл шатыса айтты,— содан кейін бәрінді дәрігер көреді.

— Отағасы, сен өзің тіпті бастырмалатып барасың ғой,— деді шеткерірек тұрған капсағай келген арық қара кісі.— Адамның басы астау дейсің бе, айтқаныңның бәрі бірден сия беретін! Біртіндеп үйретсейші!

— Жақсы,— деді қаба сақал.— Ал, қаптарыңның жанына кезекшілеріңді белгілеген болсандар, жүріңдер өзіме еріп, бәрін де көрсетейін.

— Алдымен шай ішіп алсақ қайтер еді?— деді бір бүкірейгендеу москал кісі.

— Қазір дәл шай ішетін кез!— деді оны кекетіп өзгелеріне қарағанда жастау бір қияқ мұртты адам.— Далаға шығындар деп тұрса...

— Қайтейін, денем құрысып әкетіп бара жатқан соң...

— Денең құрысса моншаға түсесің.

Өмірінде Маңғыстаудан бір шақырым алыс барып көрмеген, жолға шыққаннан бері кемеге, от арбаға, темір жолға, автомобильге, бүк-бүк үйлерге, бәрі-бәріне таң қалумен келе жатқан мықшыңдаған қара шал:

— Онысы тағы не пәле?— деді жанындағысына қарап.

Бұл да қара шалдан артық ештене білмейтін болуы керек:

— Түсесіңдер дегеніне қарағанда,— деді,— сірә әлгі беліне

жабыскан сарысуынды тарататын өзіміздің кара тұз тәрізді тұз көзіне ұқсайды.

Бұлардың күнкілін естіп қалған қаба сақал:

— Бәсе адай деген осындай білгіш келетін еді ғой,— деді кеңкілдей күліп,— білгіштерім-ай!.. Адай болғанына болайын! Монша деген үсті-бастарыңды тегіс ыстық сумен жуатын жылы үй. Ұқтындар ма? Ал шайды келген соң ішесіңдер. Қайнаған ыстық сулы титан осы үйлеріңнің келесі бөлмесінде.

— Онысы жақсы екен,— деді бір аңқаулау шал,— жол бойы шепетогі шүмектеп ағатын еді. Мұнда ыстық су сірә қисаң дегенде тұратын көрінеді ғой. Мейлі, қисаң болса қисаң болсын, әйтеуір ыстық суға кенелсек жарады.

— Ал жүріңдер,— деді қаба сақал есікке қарай өзі бастап.

Бестібайлар бір ауылдың кісілері, Кетіктен кемеге мінбей жатып бір қос болып алған. Жататын орындары да қатар, ішетіндері де бір. Ауылдан әркайсысының алып шыққан сөк, құрт, май, ірімшіктерін бәрін ортаға салған. Кейбіреуінің аздаған сүр еттері де бар. Бұл да бәріне бірдей ортақ. Тек болмашы тиынтебендері ғана өздерінде. Оларын сонау тері шалбар, бөз көйлектің қай жеріне тігіп алғандарын ешкім де білмейді. Білудің де қажеті жоқ секілді, өйткені, бұл ақшаға еш жерден ештеңе сатып алуға болмайды. Пристань, вокзалдарда бірен-саран ашық дүкен кездесе қалса, «Продуктовый аттестат» дегенді сұрайды. Маңғыстаудың жыртық тымақ қазақтарына ондай қағаз қайдан келсін, тіпті көбінің қолында паспорттары да жоқ. Тек ауылсоветтердің бөлген жаста деп берген мөр басқан бір-бір жапырақ қағаздары ғана бар. Ол қағаздарды да Қарағандыға бастап келе жатқан анау бұжыр лейтенант кемеге мінетін күні алып қойған. Және онда көрсетілген жастары бірінікі дұрыс, бірінікі бұрыс, шамалап қойылған. Жастары туралы жазылған бұл сенім қағаздардың тарихының өзі қызық...

— Қосекеңді қоян жылы туды дейтін менің әжем, әлі трудармияға екі жасы жетпейді,— деп жыпылық көзді сары бала — хатшы басын көтеріп алса;

— Қой, ол ұлу жылы туған,— дейді ауылсовет бастығы ұзын мұртты қара шал,— тұратармияға ілігетін етіп жаз жасын, бишараны майданға жібертіп қайтесің, мылтық даусын естігенде жүрегі жарылып кетсе, артындағы шиеттей жас балаларын кімге қалдырасың?

Ал кейбір шындық іздеген карт, ауылсовет төр ағасына:

— Ау, мен сенің үлкен ағаң Нұрәлімен құрдас едім ғой, екі жасты қосып отырсың, бұның қалай? Қангерейдің шаңырағы жерге құлап түссін дейсің бе, ең болмаса артымда қалар балам жоқ,— десе;

Карашал міз қақпастан:

— Шаңырағың неге құлайды? Артында пілдей қара бәйбішең бар.— Сосын шалдың құлағына аузын таяп,— көпке келіп

нәубет қой, Кангерейдің қара шаңырағынан біреудің шықпағаны ұят емес пе? Өзгеге қарағанда әйтеуір көзің соқыр, белінің құяңы жоқ қой...

Шал сәл ойланып қалады.

— Иә, оның да рас,— дейді,— әйтеуір, атаусыз қалғаннан санақта жүрген дұрыс шығар,— сосын тағы,— жарайды барсам барып қайтайын, — дейді,— ер адам дәмі таусылмай, не көрмейді.

Трудармияға бару, оған бір Бейнеуге қала шығып қайтудай.

Ал колхоз председателі, әлі тұғырынан түсе қоймаған, шомбалдай москал қара:

— Ана, Тыңайдың тақылдақ сары шалын неге жібермейсің?— десе,

Төраға:

— Қалай жіберем,— деп түнере қалады,— бір көзі соқыр, бір аяғы ақсақ, жұмыска жарамайды.

— Жас тоқалға жарағанда...

— Немене, сары шалды тұратармияға жіберіп, жас тоқалын өзің иемденбексің бе? Жоқ, Төке, тұратармия мұндай арам ойдың жолы емес. Ал барғың келсе...

— Қой, Нүреке, менің орнымa колхозды кім басқарады?

— Солай де! Менің орнымa жаумен кім соғысады демейсің, ә?

Ғажап! Біреу еңбек армиясына дұрыс, біреу бұрыс алынып жатыр, бірақ «бармаймын» деп өңмеңдеген бірде-бір шал жоқ. Ел басына туған қиындықты бәрі де түсінгендей.

Адай елінің кәрі шалына дейін ержүрек, ештеңеден тайынбайтын батыр екенін осындайда білесің!

Түйе фермасын басқарып жүрген Бестібай ауылсоветке өзі келді.

— Құрбы, құрдастардың бәрі кетіп бара жатыр,— деді ол.— Мені де жібер...

Төраға шақырая қарады:

— Сен үшін түйені мен бағам ба?

— Бақсаң несі бар, бағасын! Қалтаңа ауылнайдың мөрін салып алып, бос жүре бергенде не бітіресің?..

— О да дұрыс,— деді ауылсовет, сөйтті де Бестібайға екі жас қосты да трудармияға жіберді.

Қостың өзге адамдары, біздерден көзі ашық деп оны өздеріне бастық етіп сайлады. Жол бойы Бестібайдың бар істегені — ортадағы азық-түлікке не, ішетін-жейтін кездерінде азғантай астарына бақауыл.

Казармаға кіріп, бұлар орналасып жатқан уақытта сөйлей бастаған қаба сақалдың даусын естігеннен-ақ Бестібай елең ете қалған.

— Япырмай, бұл кім болды екен? Даусы таныс тәрізді,—

деді жанындағы кісіге,— қайдан естідім? Өмір бойы есімде қалған бір үн. Осы Сары болмаса нетсін, ә?

— Қайдағы Сары?— деді жанындағы кісі.— Баяғы Түйебайдың сойылкері болып жүріп, үшті-күйлі жоғалып кеткен өзіміздің тентек Сарыны айтасың ба? Оның өзі түгіл сүйегі де алдақашан қурап қалған шығар. Ондай қаңғып кеткен кісіні айтасың, атамекен жерінен бас көтермеген өзіміз де әзер тірі жүрген жоқпыз ба?.. Қандай замандар өтпеді.

— Әй, білмеймін, Сары тәрізді еті пысық адамдар оп-оңай өле қоймаса керек-ті.

Қасындағы кісісі күлді.

— «Тышқанға мысықтан үлкен мықты жоқ» деген. Түйебайдың айтақтауымен қамшысы тым батып кеткен екен, ә?

Бестібай сөйлеп тұрған қаба сақалға таянғысы кеп есікке қарай жақындады, бірақ дәл осы кезде қаба сақал соңынан ерген жұртты топырлата үйден шығып кетті. Бестібай өз серіктерін күтіп тұрып қалды.

Расында да бұл Сары еді.

Жуынған легендерімен алдыңғы жақтарын қалқалап, моншадан шыққан жаланаш адамдарға көйлек-ыштан беріп тұрған қаба сақал, қарсы алдына келген бір топ кісіні көріп, кенет қуана қалды.

— Ау, мынау, өзіміздің жанбоздар ғой,— деді дабырлай. — Амансыңдар ма, Сәтімбек, Бестібай? Ат-көліктерің аман-есен жеттіңдер ме сендер де?— Аңырап қалған жаланаш кісілерге.— Танымай тұрсыңдар ма? Мен баяғы тентек Сарымын ғой.

Жаланаштар қысыла амандасып жатыр.

— Иә, өзіңіз де аман екенсіз ғой. Біз сізді...

Қаба сақал күлді.

— Өліп қалды деп ойлап па едіңдер? Көрерінді көрмей, көрге кірмейсің деген. Жүрміз ғой.— Ол тағы күлді.— Қап! Кездескен жерімізді қарашы! Жарайды, сондарыңдағы адамдар тұрып қалды, соңынан сөйлесерміз.—Сосын арт жағында қапшықтардан көйлек-ыштан әперіп тұрған бала жігітке дауыстады.— Ана бір қапты бері итеріп жіберші. Іштеріндегілері ашылмаған секілді еді,— деді,— ағайындарыма ең болмаса шыт жаңа көйлек, ыштан берейін...

Өзгелердей емес, Сарыдан судырлаған, қыры сынбаған жаңа көйлек-ыштан алған Бестібайлар мәз боп жатыр.

— Дозақта жанып жатқанында да күзетшісі таныс болсын деген міне осы екен!— деді Қарабай шал.

Кешке таман Сары Бестібайларды өзі іздеп келді. Бұл баяғы Бестібай білетін дөрекі, байдың айтқанын істемеген жалшы-

малшыларын қамшының астына алатын, қиянатшыл тентек Сары емес, заманы биялайдай жұмсақ еткен, жөнделіп қалған шал. Бәрі көрініп тұр.

— Жазығым болмаса да, Петровскийдің өлімін менен көреді екен деп қорықтым. Балам да байдан дізгінінді үз деп қоймады. Сосын осы жаққа қаштым,— деген ол өз жайын жерлестеріне түсіндіріп,— байдың айтақтағанына мәз болып бос жүрген екем, ешбір өнерім жоқ, көрмеген қорлығым, тартпаған михнатым қалмады... Біз сорлыны өмір бойы құлқын тамақ өлтірген емес пе, ақшасы мол дегеннен кейін күрекші боп шахтыға түсіп едім, жаратылғалы қолыма сойылдан бөтен құрал ұстап көрмеген басым, сол күні-ақ екі алақаным, балапанның терісіндей қызылшақа боп үлбіреп шыға келді. Өзінің іші де көрдей қорқынышты екен, сардалада сайрандап өскен бишара, шыдай алмадым, қашып шықтым. Содан кейін моншада еден жудым, шахтаның ат қорасында ат айдадым, қора тазаладым. Байдың малы болса да кейде жорға мінген сабазың енді итөндеген сары атанның үстіне зар болды. Кісі басына түскеніне баспақшыл ғой, қара жұмысқа да әбден машықтанып алдым. Осылай, ана жылы Маңғыстауда қайтыс болған бәйбішемнен кейін осы жақтан екінші қатын алғам, содан туған қызым Танажаным мен әлгі әйелімді асыраймын деп жүріп, арада төрт-бес жыл өтіп кетті. Енді баяғы балуан Сары, сығып алған жіптіктей болды. Қаба сақалды қырып тастап, тырбиған мұрт қойып «пролетар» атанып шыға келдім.

— Оның немене? Бастық деген сөзің бе?— деді бір жанағақ көз жирен қартаң кісі.

— Атаңның басы, пролетар деген бастық болатын ба еді?— деп күлді Сары.— Пролетар нағыз шыр бітпеген қара табан кедей.

Енді Бестібай күлді.

— Мына түріңе қарағанда, сені ондай шыр бітпеген кедейге жатқызу қиын болар,— деді оның әлі де алпамсадай, етженді бейнесіне қарап.— «Жыланды үш кессе де кесірткелік әлі бар» дегендей, бізге қарағанда жемге байлаған құр аттайсың.

— Құдайға шүкір!— деді Сары өзінің қомақты келбетіне, түріне риза болғандай.— құдай жан бергенде тән берем деген ғой, бізді де өлтірмеді. Бірақ тереземіз жұртпен тең ететін жақсылық соңынан келді.

— Иә, сонынды айтсайшы,— деді әлгі жирен шал,— бағанағы бізге өктемдей сөйлегеніңе қарағанда сен әлі осал кісі емессің.

— Қайдағы мықтылық? Сендерге көйлек-ыштан үлестіргенге мықты деп тұрсыңдар ма?— Әлденеге өкінгендей, қорланғандай пішін көрсетті.

Бестібай мысқылдай күлді.

— Уай, Сары, несіне көңілің босап кетті?.. Күйіңнің жаман

емес екенін көріп отырмыз ғой. Одан да, мұндай жағдайға қалай жеттің соны айтсайшы.

— Қандай жағдайға?

— Жақсы жағдайға.

— Мен емес, балам жеткізді ғой. Жаңа айттым ғой, қара жұмыста жүріп жеті-сегіз жылым өтіп кетті деп. Иә солай. Вагонге көмір тиеп жатыр едім, біреу келіп қасыма «көке!» деді. Жалт қарасам, басында сол уақыттағы анженерлер киетін жасыл мауыты фуражкейі бар, қас-қабағы қиылып, қияқ мұртын ширатып қойып, күлімдеп біреу тұр. Көзіме оттай басылды. Бірден таныдым. Сегіз жыл көрмесем де, ойымда мәрдей боп тапжылмай қалған суретін қайдан жаңылайын. Бегісім екен. Маңғыстаудан қашып шыққанда, бір стансада одан адасып қалғам. Қаңғып Қарағандыға келгенімді білмепті. Жеті жыл іздеп әзер тауыпты.

— Ана жылы, Түйебайды қоңпеселеуге барғанда Орынбордан оқудан кеп бір түн қонып өзіңмен бірге жоқ боп кететін Бегісің бе?— деді Бестібай,— ұмытпасам, о да отызға келіп қалды ғой деймін.

— Иә, биыл жиырма тоғызда. Бірақ ол жоқ боп кетпепті ғой, оқу іздеп кетіпті.

— Мейлі.

— Сол балам, орыстың ішкі қалаларында жеті жыл оқып анженер боп кепті. Жеті жылда оның да көрмеген қорлығы жоқ екен.

— Қайдағы қорлық? Сіздікі ылғи қорлықтан келеді екен. Айта бер...

— Иә, өткен күннің азабы да өтіп кеткен азап қой, айналайын үкімет, қаңғып жүрген біреу деп мандайынан ұрмай, әйтеуір оқуын оқытып, адам етіп шығарыпты. Сол Бегісім келген күннен бастап екі қолым жылы суға малынды. Шахтада анженер екен, ертеңіне бізді өзінің қос бөлмелі үйіне көшіріп алды... Содан бері көзіміз ашылды. Сол Бегісім қазір өздерің жұмысқа келген Н-БИС-те бастық.

— Соғысқа алмады ма?

— Алмады ғой, алмады. Өзінің де барғысы келіп-ақ еді, жібермеді. Брон деген бірдемемен алып қалды.

— Ал менің Хәлелімді соғыс басталған күні шақырды!— деді Бестібай. Даусынан өкпеден гөрі, баласының соғысқа кеткенін мақтан еткендей үн естілді.

Бір кезде Түйебайға жылқышы болған, өзгеден гөрі тентектеу, өжет қара шал:

— Ол қара табан кедей, сенің балаң ғой Бестібай. Бегістің түбі Совет үкіметіне де белгілі шығар, әкесі кеше байдың құйыршығы болған. Жауға қарсы тұрады деп сенбеулері де мүмкін...— деді өз ойын мылтық атқандай тарс еткізіп.

Сары шошып кетті.

— Ой, Басықара, сен не айтып отырсың,— деді даусы діріл-деп кетіп.— Баяғы тентек мінезіңнен әлі айрылмапсың ғой!?

— Немене, айрылмасам, баяғыдай қамшының астына алайын деп пе едің?— Қара шал да ежірейе қалды.

— Япырмай, мына патшағар кісі өлтірер!— деді сөз таба алмай қысылып қалған Сары.

— Кісі өлтіргенді құртатын болса, Совет үкіметі мына сені құртар еді ғой.— Қара шал өршелене түсті.— Петровскийді кім өлтіріп еді? Мына сен! Сен! Бегісің кісі өлтіргеніңді естіп әдейі сені алып қашқан...

— Ойбай-ау, мынау қайдағы жоқ пәлені қайдан шығарып отыр!— деді әбден шошып кеткен Сары.— Менің жазығымның жоғын сол кездің өзінде-ақ НКВД анықтаған.

Қара шал тағы бірдеме деп келе жатыр еді, Бестібай зекіп тастады.

— Қой енді, қайдағы жоқты былықтырмай!— деді ол, Петровский өлетін күнгі өздеріне шапқан жігіттерді Түйебай жіберді ме, әлде құмды кезіп жүрген басқа бандиттердің ісі ме, оның көзі сол кездің өзінде де анық жетпеген. Сол себептен де қазір екі шалдың шатысқанын жақсы көрмеді.

— Жоғ-ау!— деді ашуын баса алмай отырған Сары, Бестібайдың жылы сөзін арқа тұтып.— Байдың сойылын соқсам, мен соқтым. Менің Бегісімнің не жазығы бар? Оқу оқыса, сенің балаларың көрмеген қиындықты, қорлықты көріп оқып шықты. Және өкіметтің өзі айтыпты ғой: «Баласы әкесі үшін жазықты емес» деп.— Сары сасқанынан не айтып, не қойғанын өзі де аңғарар емес, әйтеуір баж-баж етеді.— Жоғ-ау, ағайын, туғандарымыз келіпті, кілең шал екен, бұларды шахтының ауыр жұмысына түсірмей, сырттағы жеңіл жұмысқа пайдалан деп Бегісіме айтайын деп жүрсем, бұл тіпті — Сары не дерін білмей сәл отырды да, қайтадан сөйлей жөнелді.— Соғыска алмаса ол айыпты ма?.. Қазір жер астынан көмір шығару, алдыңғы шепте жүріп оқ атудан оңай емес. Оның үстіне қазір Отанға көмір керек. Менің балам күні-түні ұйқы көрмей соны басқарып жүр. Ал сен...— не дерін білмей Сары әзер тоқтады.

— Отағасы, сіз де саябырланыз,— деді Бестібай сәл езу тартып.— Басықара айтса, баяғы жас кезіндегі арқасындағы қамшының ашуы әлі басыла қоймаған соң айтып отыр ғой, қайтесіз кектеніп, одан да бізге балаңыз әлгідей шахта бастығы екен, ал өзіңіз қалай жұртқа көйлек-ыштан беріп жүрсіз? Соны айтыңызшы? Ұлық балаңыздың арқасында отырмайсыз ба үйіңізде шалқайып?

— Ой, қайбір жетіскеннен істейді дейсің,— деді жаман өкпелеп қалған Сары, өкпесін баса алмай.— Балаға масыл болғым келмеді. Және жұрттың бәрі Отаны үшін жан аямай жұмыс істеп жатқанында үйде бос отыра алмадым. Амал қанша қолдан келгені осы болды,— деді.

Сарының ашуы сәл қайтайын деді, бірақ жаңағы ашу-араздықтан кейін сөз дұрыс желіске түсе алмады.

Маңғыстаудан келген түйеші, малшы шалдарды шахта басшылары жер үстіндегі жеңіл жұмыстарға пайдаланбақшы еді. Бірақ тоқсан шал, «алыстан қора тазалауға келіппіз бе?» деп қиқарлықтары ұстап, бірі қалмай шахтаға түсті. Осы отырған екі шал да, сол тоқсанның тобынан еді.

Әрине, Жәлел әкесінің соғыс кезінде Қарағандыда болғанын білетін, бірақ ол жақта не істеді, басынан қандай қиындықтар өткізді одан пәлендей хабардар емес-ті. Бестібай да тақа ақтарылып айта қоймайтын.

IV

Ол уақыттағы Қарағанды шахтыларында тау-кен комбайны, тастай антрацитты бұрқырата уататын шынжыр табақты машинасы бар бүгінгі Қарағанды емес. Көбінесе жұмыс «отбойный молоток» — кенді опырып түсіретін бұрғылау қол машинасымен істеледі. Жылтыр қара тас көмірді қарулы жігіттер қоймай құлатып жатады. Майдан тілегіне сәйкес, жоспар үнемі артығымен орындалатын. Совет Одағының бас көмір ошағы — кочегаркасы Донбасс немістер қолында қалғаннан бері, Қарағанды өндірісі соғыстан бұрынғы жылдарға қарағанда үш есе арта түскен.

Зәулім терең шыңырау — жер асты түгіл, көбі он — он бес құлаш құдыққа түсіп көрмеген, адайдың осы тоқсан шалы енді бес жүз метр шахтыға да түсті. Шахта басшылары бірін вагонеткаға көмір тиеуге, басқа біреуін вагонетка айдауға, қалғандарын забойға тіреу қоюшыларға көмектесуге, жол қарайтын, жоғарыға су шығаратын насос, шахтаға ауа беретін компрессорлардың қасына бақташылыққа қойды.

Шахтаға алғашқы түскен күндері көбінің зәре-құты қалмады. Бірақ «қоянды — қамыс, ерді — намыс өлтіреді» дегендей өздерін батыр санаған ауылдың намысқой өркөкірек шалдары қорыққандарын да бір-бірінен жасырды. Бір күннің қарқыны, үш күнге саналған соғыс кезі, бірте-бірте бұлар да жер астына үйренді. Тапсырылған жұмысты да меңгере бастады. Алғашқы мезгілдерде қарлары солқылдап, тұла бойлары қорғасын құйғандай қозғалтпай, шаршағандарынан сәкілеріне әзер жетіп құлауға ғана шамалары келсе, бір-екі жетіден кейін кәдімгідей көндіге бастады. Енді біртіндеп өзара қалжың-сықақ та пайда болды.

Вагонеткасы рельсіден шығып кете беріп, әлсін-әлсін әуре болған Басықара:

— Құдыққа құлаған ботаны суырып алатын жыпырма бес жасым-ай деп өкініп жүрсем, жолдан тайып кеткен, көмір тиеген әне бір темір қобдиды құрғырды да оп-оңай-ақ орнына сала қою-

ға болады екен!— деп күлді.— Мынадай бір ұзын темірмен алдыңғы жағынан бір, арт жағынан бір көтерсең, тып етіп өзі де темір жолға тұра қаларын өтім білген бе!

— Шахта ішіне жиналған карасуды кор-кор етіп жұтып, сыртқа шығарып жатқан жеңдей брезент құбыр көксау шалдай қақалып кенет су тартпай тұрып қалғанда зәрем зәр түбіне кететін еді,— деді насос станциясына бақылаушы етіп қойған шүйкімдей кішкентай сары шал,— күндіз кезекте болып, түнімен шахтада ұйықтайтын соқыр Микалайды оятқанымша, забойға су толып қалатын. Сөйтсем су жұтатын құбырды тоқтатпау оңоңай екен. Сусоргыштың әне бір кілтпанын оңға қарай екі-үш рет бұрай қойсаң, лектір күші көбейіп, тамағына тығылып қалған лайды лоқсып-лоқсып жіберіп, құбыр әрмен қарай ала жөнеледі. Қәдімгі қақалған адамды желкесінен ұрғандай.

Забойға тіреу қойып жатқан адамдарға ағаш тасуға көмекке берген кісілер:

— Алғашқы кезде құлайын деп сықырлап тұрған тіреулерден зәре-құтымыз қалмайтын,— деп күлетін.— Дәл қазір үстіндегі жерді көтере алмай түсіп кететін тәрізді көрінетін. Енді етіміз үйренгендіктен бе, қолымызға балта алып біз де тіреу тұрғызымыз келіп кетеді. Көп кешікпей бұған да жетерміз.

Адай шалдары жоғарыдағы жеңіл жұмысқа бармай жер астына түскендерін мақтан ететіндері сөзсіз. Оның үстіне майданға баласы, не інісі кетпеген бірде-біреуі жоқ, ал «әрбір тонна қазылған көмір жеңіс күнін жақындата түседі!» деген ұран бұлардың да көкірегіне әбден қонғаны даусыз. Сондықтан да болуы керек, кейде жұмыс қажытса да, батса да, бірде-бірі табансыздық көрсетпеді, қандай қиын іс тапсырылса да бас тартпады, әлдері жеткенше орындап бақты.

Шахтаға түскен тоқсан шалдың ешқайсысы сырттағы жеңіл жұмысқа сұранбады.

Бұлардың мұндай қылығына таң қалған Сары бір күні өзінің жерлестерін үйіне дәмге шақырды. Өкпесін ішіне сақтап қалды ма, қалмады ма, белгісіз, Басыкараға да «кел» деді.

Бегістің пәтері, шахта бастықтарына арнап салынған кең бес бөлмелі үй екен. Іші толған жиһазы мүлік. Бір бөлмесінде әкесі мен реңі әлі де бұзыла қоймаған токал шешесі, екінші бөлмесінде — әлі оқуға бармаған кішкентай қарындасы Тана тұратын тәрізді. Өзгелері өздерінікі секілді. Бегістің екі кішкентай баласы, шырайлы келген мұғалима әйелі бар екен.

Сары қонақтарын ортадағы кең бөлмеге отырғызды. Екінші әйелі, келіні, қызы тік тұрып қызмет істеп жүр. Ет жер алдында үйге өздерінің шахта бастығы Бегіс те келді. Бұл жұмсақ мінезді, жүдеу өңді қара торы жігіт екен. Тіпті адайға ұқсамайды. Сөзі де, өңі де бинзы. Шалдар Бегіспен жұмыста көп кездеспейтін. Ал өзге ескі жұмыскерлерден «өте қатаң, бірақ білгір кісі» деп еститін. Бегіс шахтаға түсті дегенше бүкіл забой

іші, кораларына қасқыр кіргендей үрейлене қалатын. Жұрт аяғының ұшымен қимылдайтын. Ал шалдардың бүгінгі көріп отырғандары ондай «қатаң бастық емес. Хал-жағдайларын, жұмысты қалай істеп жатқандарын сұрап сыпайы, жайдарлы әңгімелесіп отыр. Бегістің бұл қылығын шалдар «Біз жерлестері болған соң, әкесінің абройы үшін сыйлағаны болар,— деп ойлады.— Бұнысына да рахмет! Оқығандығын істеп отыр ғой, әйтпесе қарамағындағы біздей шалдар кімге дәрі!»

Ет жеп, шай ішіп болған кезде Сары:

— Ертең шахтаға мен де түсем,— деді Бестібайға қарап,— сендерден қалғым келмейді.

— Шахтаға түсем дейсің бе?— Бестібай оған тесіле қарады.— Біз болсақ бір сәрі, алыс жерден келдік. Ал сағаң...

— Не жоқ дейсің ғой?— Сары бір тізерлеп отырып алды,— мынау үй, мынау бала — бәрі бар демексің бе?!

— Ия, төрт түлігің сай...

— Мәселе қарынның тоқтығында, көйлегіңнің көктігінде ме?— Сары әлденеге жүдей сөйледі.— Соғыс басылғаннан кейін елге қайтқым келеді, жер-суды сағындым.

— Е, елге қайтсаң, сені шахтада жұмыс істемеді деп біреу Маңғыстауға кіргізбей қояды дейсің бе?

— Әрине, ол солай ғой. Бірақ ертең елге қайтқанда сендердің беттеріңе қалай қараймын? Басықара тәрізді біреу,— ол Түйебайдың баяғыдағы жалшысына әлі өкпелі екенін жасыра алмай қалды.— Біз жер астынан көмір шығарып жатқанда, сен жұртқа көйлек-ыштан үлестіріп, моншаның легенін санап жүр едің ғой деп бетіме салық етсе не деймін? Одан да, шахтаның астында өлгенім жақсы емес пе?..

— Біреу бірдеме айтады екен деп шахтаның астында өлмей-ақ қой,— деді Бестібай.— Ал елге қайтамын дегенің дұрыс. Ит тойған жеріне, ер туған жеріне деген. Босансақ, бір күн тұрар ма екенбіз бұл арада.

— Қарағанды қанша жақсы болса да, Маңғыстауға қайдан жетсін!— деді көртандау келген кісі.— Шіркіннің топырағын бір піскен өлсем, арманым жоқ!

— О күнге де жетерсің, Маңғыстауға да барарсың,— деді киқар Басықара,— жерің піскеп жатқан кезінде, өле қоюға көнер ме екенсің, көнбес пе екенсің оны да көрерміз! Жетуіне жеттім ғой, енді жүре тұрайын деп жалынарсың әлі құдайыңа.— Басықараның мұндай сөзіне өзгелері әбден үйренген болулары керек, құр езу тартты да қойды. Ал Басықара енді Сарыға қарады.— Өзгені білмеймін, ал менің өз басым сіздің шахтаға түсемін дегеніңізді қуаттаймын.

— Неге?— деді жанында отырған жүдеу өнді кісі.

— Мынау үй, мынау күй!..—Басықара қуақылана жан-жағына қарады.— Ал кеше Түйебайдың арқасында бізден артық тұрғансың... Өмір бойы осылай ауырдың үстімен, жеңілдің ас-

тымен өтесің бе? Әділеттік деген қайда? Қолыңа күрегіңді алып, мандайыңнан терің бұрқырап, вагонеткеге көмірді тией алмай менімен қатар бір тұршы! Тереземнің теңелгенін бір көрейін!

Әзілді түсінген жұрт ду күлді.

— Мынау ит менің соңымнан қалар емес қой,— деді Сары да масайрап.— Бірақ байқа, жылағанда соқыр көзден де жас шығады, ышқынып кетсем көмірді де сенен кем тиемеспін!

— Тиесең, тиерсің!— деді Басықара күліп.— Өмір бойы мандайыңның тері шып-шып шығып бір ауыр жұмыс істеп көрген жоқсың, бойың толған қуат болар.

Жұрт тағы күлді.

— Қап!— деді Сары,— осы сенің сөзің үшін, ертең шахтыға түсермін.

— Түс! Түс!— деді Басықара қызып кетіп,— бұрын қамшыны қалай үйіруді сенен үйренсем, күректі қалай ұстауды енді сен менен үйрен!

— Жақсы!

Жұрт тарар алдында Сары тағы:

— Әрине, Маңғыстауға шоқынып кемпір-шал екеуміз ғана бармаймыз,— деді.— Бегіс енді Қарағандыдан кете алмайды. Сол себептен де мына Танажанға соңыра оқуға түскенінде Маңғыстауға керек мамандық ал демекпін, ержеткенде соны қалқа етіп бармасақ, ағайынның арасында да сыйу екі талай ғой...

Қазармаға қайтып келе жатқан шалдардың бар әңгімелері жаңағы өздері шыққан Сарының үйі болды.

— Көрдіңдер ме, Маңғыстаудан қаңғып, қашып кеткен Сарыны? Бізден ақылды болып шықты,— деді біреуі.— Баласын оқытыпты... Соның арқасында, ханға да сәлем бермейтін күйде қазір... Ал біз болсақ...

— Маңғыстаудан шет шықса қасқыр жеп кететіндей ұлықызымызды от басы, ошақ қасы еттік те қойдық...

— Қызын да оқытпақ.

— Өзі де бір керемет көркем болайын деп тұрған бала екен!..

Бестібайлар екі жылдайын Қарағандыда өткізіп соғыстың беті түзелген кезде елдеріне қайтты. Майданда жараланып, осыдан бір жыл бұрын Хәлел де үйіне келген. Қазір Құлсарыда мұнай мұнарасында жұмыс істеп жүрген. Бестібай Қарағандыдан қайтысыменен соның қолында оқып жатқан кенжесі Жәлелді оңаша шақырып алды да:

— Қарағым,— деді ол,— менің басыма қойған құлпытасың болсын, мектебіңді бітіргеннен кейін, әлгі анженер болатын оқуға түс!

Өмір өзгерткен, Қарағанды өзгерткен, үрім-бұтағының келешек күні, өнер, біліммен байланысты екенін ұққан көрі Бестібайдың бұл шын тілегі еді.

— Жарайды, көке!— деген Жәлел күліп.— Өзімнің де арманым оқу!

Соғыс та бітті, Жәлел енді Гурьевтегі мұнай техникумына барып түсті. Одан кейін Қазақ университетінің мұнай факультетін бітіріп, ойдағыдай маман болып шығу үшін Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай институтынан білімін толықтырды.

Әке тілегі баласына жол көрсетер жарық жұлдызы болды. Соның арқасында емес пе, бүгінгі күні Жәлелдің осыншама қыруар жұмысты басқарып, туған елінің керегін іздеп жатқаны!

Иә, соның арқасы! Өздерін оқытқан, хат танымаса да, болашақ күннің ғылымсыз, өнерсіз қараң екенін жүректерімен сезген осы отырған қарттардың арқасында ғой. Сондықтан үлкен адамдарға Жәлел үнемі ілтипатты жылы қарайтын.

Демек әкесінің: «Сары Түйебайдың сойылкері болған» деген сөзін естігенде, оның түрі сәл өзгергендей кескін көрсетті. «Сұсты адам екенсің, кезінде менің әкем секілділердің жон терісінен таспа алған сабаз шығарсың!»

Билеп кеткен сезімін бірден баса алмады. Енді бейтаныс адамға тұнжырай қарады.

Баласының халіне түсінген Бестібай кенет ақжарқын жүз көрсете күлді.

— Ой, бір кезде бай сөзін сөйлегенмен, бертін келе өз табына қосылған,— деді,— тұратармияға барғанда, Қарағандыда шахтада қатар тұрып жұмыс істедік.

Бестібайдың баласына ұнамай қалғанын сезген Сары:

— Құдайға шүкір, Совет үкіметі надан кездегі қатемді кешті, өнменімнен біржолата өтерген жоқ,— деді.— Балаларымды оқытты. Бір ұлым, бір қызым өзіндей анженер болды. Ұлым Қарағандыда шахта бастығы, қызым су анженері. Соған еріп туған жерге келіп отырмыз...

«Ә, жаңағы қыз осы кісінікі болды. Ұмытпасам бұл кісі Жанбоз руынан деуші еді ғой. Қызына арғы атасының атын берген екен».

«Ғажап! Жаңа Тананы көріп іші қандай жылып кетсе, енді оның әкесін кездестіріп кенет көңілі құрғыр үрки қалды. Бұл неліктен? Әкесінің байдың сойылкері болды деген сөзінен бе? Сондағы сойылкер осы отырған мыжырайған қаба сақал кәрі шал ма? «Көн құрысса қалпына барады деген осы да!»

— Әй, Бестібай,— деді Сары,—сонда шахтаға түскенім қандай жақсы болған. Танажанымды да шахтердың қызы деп жоғарғы мектепке бірден алды емес пе, айналайын үкімет әділетті ғой.

Сары бір кезде бай шашпауын көтергеніне әлі де қысылатын секілді. Сол үшін де әлгі сөздерді айтты ғой. Бұны түсінген Бестібай:

— Әрине ғой,— деді.— Кеңес үкіметіндей әділетті өкімет болмаса, сенімен мен бүйтіп балаларымызды анженер етіп, шалқайып отырмас едік қой.

Шалдардың қысылуда екенін ұққан Жәлел де өзіне-өзі ренжіді. «Қайдағы жоқты қайдан шығарып тұрмын. Дәл бір осы шалдар айқасқан тап тартысын басымнан өткізіп, содан етімде өшпейтін таңба қалғандай, баягыда бай жағында болыпты деп мына шалға неге тікірейе қалдым?»

Жәлел осылай өз сезімін ақылға салып, қанша басқысы келгенмен, неге екенін өзі де білмейді, жүрегі құргыр Сарыға жібін қоймады.

Ол терезе алдына барды. Сағымды күні көк аспанның етек тұсына қадаған бір сүйір жалаудай, алыстан бұлдырап Хәлелдің мұнарасы көзіне түсті. Тағы ойын бір жүдеу сезім билеп кетті. «Расыменен Хәлелдің буровойынан мұнай қабаты кездеспей ме? Онда қалай болады? Әрине, бір барлау скважинасынан мұнай шықпады деп ешкім бізді орнымыздан алып тастамайды. Мүмкін кондырғы тұрған жерден кен қабаты үзілген болар. Бұрғы мүмкін бөтен геологиялық ерекшелікке кездескен шығар? Бірақ халық алдында жауапкершілік деген бар емес пе? Әркім өзінің нәтижесіз ісіне сылтау іздей берсе не болады? Жоқ, мәселе істі нәтижелі етуде. Қатесіз жұмыс істелуде!»

Көңілі енді тағы Сарыға ауды.

«Адамды өмір өзгертеді деген міне осы. Бір кезде мақтан болған баймен жақындықтан енді мына кісінің құтыла алмай отырған түрі мынау». Бір мезет осы конфискелеуге келген революционер Петровскийді Сарының жігіттері өлтірді деген бала кезінде естіген ел арасының сөзі есіне түсті. «Біреудің малы үшін кісі өлтіруге барған тентек, міне қазір түбіттей жұмсақ. Өткенді аузына алғысы келмей-ақ отыр...»

Жәлелдің ойының дәл үстінен шыққандай Сары:

— Басқа елге қаңғып бару алғашқы кезде жаман батты,— деді Бестібайға.— Сөйтсем өзге де қызық бар екен. Бала оқыту тәрізді. Және өзіннің мандай теріңмен тапқан тамағың қандай тәтті.

Жәлел оған ойлана қарады. «Бишара-ай, қайтсін, өткен күнінен қашып құтыла алмай отыр-ау!» деді тағы ол ішінен.

Жәлел үндемей бұған ойлана қарағаң сайын, Сары қипақтай түсті.

— Айтпақшы,— деді ол Бестібайға бұрылып.— Ана жылы Түйебайды конфискелегенде жазым болған Петровский деген кісі бар еді ғой. Соның баласы өткен жылы Қарағандыға келді. Мәскеуде тұрады екен. Үлкен оқымысты көрінеді. Біздің Бегістің үйінде қонақта болды. Соның өз аузынан естідім, Петровскийді тонаушыларды басқарып құмда қашып жүрген алаш офицері, сол өзіміздің Түйебайдың баласы Әжіғали өлтіріп кетіпті. Бұрыннан өші бар екен. Артынан ол ит колхоздандыруға

қарсы бай — кулактың көтерілісін ұйымдастыруға қатысыпты. Сонынан ішкі жаққа бөтен атпен қызмет істеп жүрген жерінен қолға түсіпті. Сотта әлгі Петровскийді өлтіргенін мойнына алыпты. Жанындағы серігі ұстап берген көрінеді.

— Бәсе!— деді Бестібай.— Барымта емес, ерегес емес, өз малы емес, біреудің малын компескелеуге келді деп, айдаладағы кісіні жігіттер қалай өлтіріп кетті деп өзім де күмәнданып жүруші едім. Және сенің жігіттеріне тапанша қайдан келеді? Кісі өлген жерден тапанша табылыпты деп жүр еді ғой жұрт со кезде. Иттің артынан қалған үрім-бұтағы бар ма екен?

— Кімді айтасың? Әжігалиды ма? Жеті жасар бір баласы болатын. Сырт естуім ұры-қарыларға қосылып кеткен көрінеді.

— Мүмкін...

«Бұл қай оқымысты Петровский болды екен? Мұнай институтындағы профессор Михаил Васильевич пе екен? Менің Маңғыстауда екенімді естіп үйіне шақырып еді, әне барам, міне барам деп жүргенде өзі шет елге командировкаға кетіп қалып, жолыға алмап едім. Сірә қайтып келген ғой. Мәскеуге барсам, іздеп тауып алуым керек-ақ екен. Әкесі әлгідей қашқын алаш офицерден ажал тапқан болса...» деп Жәлел ойлап келе жатты да, кілт терезеге қарай түсті.

Дәл осы кезде Жандоска еріп, поселкеге Тана қайтып келе жатыр екен. Жәлелдің жүрегі тағы әлек бола қалды.

Онсыз да мойынға алған міндеттен, үлкен мұнайды таба аламыз ба, таба алмаймыз ба деп әбден қобалжи бастаған жігіт, енді өзіне маза бермес тағы бір бейназа кеселдің қосылғанын білді.

Қырсық қырық ағайынды. Жәлелдің өз басындағы қиындықтары аз болғандай, осы тұста Өзекке Сәлімгерей келді. Профессор Маңғыстауды жан-жақты тексеріп жатқан академияның экспедициясына көмек бермек. Өзі бұрын осы Өзекті зерттеген. Қасында әйелі Гүлжамал бар. Бірақ бұл қазір профессордың тек әйелі емес, бір жағы хатшысы, стенографисткасы. Сәлімгерей қайда жүрсе, бұ да сонда жүреді, ерінің дәл бір көлеңкесі тәрізді.

Сәлімгерей мен Гүлжамал кеше келген. Жәлел бұларды іздеп бармады. Оларға жолықпай мұнара жағына кетіп қалған. Содан түн бола бір-ақ қайтқан. Ал бүгін де жолыққан жоқ. Кабинетінен шықпай қойған. Сөйтіп отырғанында Тананы көрген. Енді Гүлжамалға тіпті кездескісі келмеді.

Жәлел тағы терезеге қарады. Тана Жандоспен үйдің жанынан өтіп бара жатыр екен. Қыз әлденеге жалт бұрылды. Тостағандай мөлдір көзі жарқ ете қалды.

Екі шал әлі сөйлесіп отыр. Оның құлағына бір мезетте Сарының сөзі естілді.

— Көзі танадай үлкен болған соң шешесі Тана деп атап кетті. Қішкентайында ылғи «Танакөзім» деп аймалайтын...

Жәлел өз ойына алданып біраз отырып қалса керек... Үйге түскі тыныстамасына Хәлел кіріп келе жатыр екен. Жәлелдің жүзі тағы жадырап кетті. Екеуі бір ана, бір әкеден туғандай тату-тәтті боп бір жерде жұмыс істеп жүргенмен, ағалы-інілі ретінде сирек сөйлесетін. Жәлелдің өз ісінен, ойынан қолы босамаса, Хәлел үйіне ұйықтауға, тамақ ішуге ғана келетін. Өзге уақытының бәрін мұнай мұнарасының қасында өткізеді. Ағасының қондырғысы мұнай көрінетін тереңдіктен өтіп бара жатқан сайын, іштей қобалжи түскен Жәлел, қазір өзі сол жаққа барғалы тұр еді, Хәлелдің келгеніне қуанып қалды.

— Хәке, өзім барайын деп тұр едім, жақсы келдіңіз ғой.— деді Жәлел ағасының қолын алып жатып.

— Жай ма еді?

— Қайдан жәй болсын,— Жәлел ақырын күрсінді,— мерзімі өтіп кетті, ал мұнай әлі көрінген жоқ.. Әлде мұнараны бос жерге құрдық па? Ақылдасайын деп едім.

Хәлел аппақ тістерін көрсете күлді.

— Тым ерте қобалжи бастаған екенсің, асықпай тұра-тұр. Мен бірдеңе білетін болсам, екі-үш күнде мұнай қабаты да көрініп қалар.

— Қойшы? Белгісі бар ма?..

— Бүгін долатам уақ құмдақты тас шығарды. Жуынды сазбалшық та көпіршінді. Және жүрегім естіген секілді, алыстан бір газдың гүілі жеткендей ме, қалай...

— Уа, іске сәт!

Хәлел енді інісін қуантқысы келгендей шабыттана дауыстап қалды.

— Мұнай еш жаққа кетпейді,— деді ол,— тойға дайындала бер!

Дәл қазір жер астынан мұнай атылып жатқандай, екі шал да сөздерін тиып, қалбалақтай қуанып тұра берді. Үй іші жадырай түсті.

— Іске сәт!

Ертеңіне Хәлелдің бұрғылап жатқан жерінде қалың мұнай қоры бары белгілі болды. Бұдан кейін жүргізілген бұрғышы ұстазы Ораз Әшіровтың да скважинасынан мұнай қабаты кездесті. Жәлел Өзекте іздеген кендері бар екеніне енді күмәнданбады. Бірақ оның көлемі, қоры қандай? Келесі мәселе міне осында еді. Өйткені бір-екі іздестіру скважинасынан көрінген мұнай, оның алаңының қоры жөнінде жеткілікті мағлұмат бере алмайды.

Жәлел қайтадан ойға шомды. Ол алғашқы жылдары-ақ Маңғыстау мұнайының негізгі қоры оңтүстік Маңғыстау ойпатының теріскей қанатында деп болжаған. Орталық Маңғыс-

тау — Төбежіктен табылған мұнайдың өндірістік бағасы нашар болып шықты. Ал солтүстік Маңғыстауда — Қызан алаңынан, аздаған белгілі көрінгенмен, жөнді мұнай табылмады. Сонда, Маңғыстаудың орталығы мен солтүстігінде мұнай белгілері бола тұрып, оңтүстігінде болмауы мүмкін бе? Жөлел мүмкін емес деп шешкен. Төбежік пен Бозашыда іздестіру жұмысы аз жүргізілді, түбі бұл жаққа қайта соғу керек деп ойласа да, оңтүстік Маңғыстау ойпатында мұнай қорының мол екеніне шек келтірмеген. Бұл оңтүстік Маңғыстау ойпатының солтүстік қанаты Беке — Басқұдық дөңесімен қиысар жері, Маңғыстаудың басқа геологиялық аймағымен салыстырғанда, теориялық тұрғыдан қарар болса, төрт түрлі үлкен айырмашылығы барын Жөлел әбден ұққан.

Бірінші айырмашылығы: Ұзындығы отыз бес, ені он километр Өзектің алып алаңы, өзге алаңдармен салыстырғанда оңтүстік ойпаттың ең биік жері. Екіншіден, Өзек алаңының жер асты құрылысының өзгешеліктері. Бұл тұста мұнай бітетін Юра-Бор қабаттарының қалындығы бір мың бес жүз-екі мың метрдей, және бұл арадағы мұнайдың бұзылмай сақталуына барлық жағдай бар. Өйткені, бұл алаңның үстін иненің көзіндей тесігі жоқ, тығыз бор аралас сазды палеоген қабаты жауып жатыр. Үшінші айырмашылығы: Оңтүстік Маңғыстаудың солтүстік қанаты боп келетін Өзек, Қарамандыбас, Ассор алаңдарында мұнай ұстайтын Юра-Бор қабаттары жер қыртысы жарықтарынан аулақ. Мұнда мұнай Төбежіктей жарықтар арқылы быт-шыт боп жер бетіне шығып, өзінің жеңіл құрамдарынан аза болып, ауамен араласып қоюланып маңызын жоғалттыратын табиғи жағдайлар жоқтың қасы.

Төртіншіден, оңтүстік Маңғыстаудың жер құрылысының Кавказ, Түркия, Иран кендерімен қатынасының жоғы. Мұндағы мұнай миллиондаған жыл оңтүстік Маңғыстау ойпатының солтүстік қанатына қарай жылжи-жылжи, ақырында Өзек алаңын түгелдей толтырған. Жөлел осылай ойлаған. Бұны Өзекте қазылған структуралық скважиналар анықтады. Осыдан барып, Өзекті жан-жақты терең барлап, бұл араны өндірістік пайдалануға даярлық ісін жүргізу мәселесі туды. Жәлелдің ойынша Өзек Қазақстан көлемі түгіл, бүкіл совет жерінде аз кездесетін мол қорлы мұнай ордасы. Жүргізілген скважиналардың разрездері бойынша мұнда жалпы газ, мұнай қалдығы мың метрдей. Екі жүз метрден мың жарым метрге дейін терендікте жүзге жуық мұнай, газ қабаттары бар. Мұндағы мұнайдың көлемін ашу үшін бұрғылау схемасын — методикасын тез шешу керек.

Міне, қазіргі Жәлелдің бар ойы осы. Ол қол сағатына қарап еді, кешкі бес кезі болып қалған екен. Кенет самолет гүрілі естілді. Терезеден қарап еді, поселке сыртына қонғалы келе жатқан АН-10 самолетін көрді. Жәлел асыға сыртқа шықты. Само-

лет те конды. Аланға бара жатқан Жәлелге, самолеттен түскен бір топ адам қарсы жүріп келе жатты. Жақындаған кезде кейбіреуін Жәлел тани бастады. Іштерінде өзінің Алматыдағы кешегі жолдастары да бар.

Қол алысып амандасып болған соң, Жәлел олардан осыншама адамның хабар-ошарсыз бірден келе қалған мән-жайларын сұрады.

Бұлар Сәлімгерейге жәрдемге Өзек мұнай алаңының бұрғылау схемасының проектасын жасауға келген кісілер екенін білді.

Кеңес сол күні-ақ түнделете, геологиялық карта, схемалардан аяқ алып жүретін жері жоқ Жәлелдің кабинетінде басталды. Кісінің көптігі соншалық топограф, коллекторлар отыратын ауыз бөлменің іші де геолог, бұрғышы, инженерлерге толды. Ортадағы есік ашып қойылды.

Кеңесті басқарып отырған Сәлімгерей, Өзек мұнай алаңының болжауын қорыта келіп:

— Жолдастар, Өзектің барлау схемасын жасау, менімше, бәлендей қиындыққа соқпайды ғой деймін,— деді көзінен екі саусағымен сыпайы түрде алтын сымды көзілдірігін алып,— Мәскеу мұнайшылары соңғы он-он бес жылдың ішінде Қаратон, Қарсақ секілді мұнай көсіпшілдіктерін ашты. Сонда пайдаланылған барлау схемасы Өзекке де келіп жатыр. Сол схеманы қолдану керек.

Бұл схема, бірінші скважина мұнай қабатын кездестіргеннен кейін, келесі барлау скважиналарды, алғашқы жүргізілген скважинадан алшақтау қондырып, бірте-бірте оған жақындау әдісі еді. Осылай мұнай алаңының көлемі анықталады. Геологтар тілімен айтқанда белгісізден белгіліге келу. Бұл әдісті көбіне американдықтар қолданып келген. Олар бұны «тағы мысық» әдісі деп атайды. Американдықтар осындай жолмен жүз скважина жүргізіп, оның елуінен мұнай кездестірсе, соған риза. Өйткені осының өзі олардың шығарған қаражатын, еңбегін ақтайды. Әрине, бұлай барлаудың өзіне тән екі ерекшелігі бар. Бұл әдіс, біріншіден, көлемі тар, геологтардың ұғымымен айтқанда, ұзындығы үш-бес, көлденені бір-екі километрден аспайтын шағын мұнай алаңын, тұзды күмбездерді — брахиан клиналарын барлауға қолайлы. Екіншіден, бұл әдіс станок, кен құрал-саймандарының, бұрғылау жүргізетін бригадалардың жеткілікті болғанын керек етеді.

Сәлімгерей сөйлеп болысымен, кезекті Жәлел алды.

— Ғафу етіңіз, құрметті профессор, сіздің ұсынысыңызға менің көңілім толмайды,— деп бастады ол сөзін,— шынын айтсам, ондай схемаға қарсымын.

— Неге?— деді әлдекім.

— Қазір түсіндірейін.— Ол әлденеге көйлегінің үстіңгі түй-

месін ағытты.— «Тағы мысық» әдісі шағын аланға, және бірден жан-жақты жұмысты бастап жіберу үшін техника мен кісілері көп кен орындарына қолдануға ыңғайлы. Ал біздің Өзек секілді, далиып жаткан жерге жарамайды. Ұзындығы отыз бес, көлденеңі он километрден асып кеткен мұнай аланын әлдеқайдан бастап бұрғылау жүргізу үшін қаншама күш керек? Кем дегенде жүздеген скважина өткізуіміз қажет. Оған техниканы, және бригадаларды қайдан аламыз? Ал қазір біздің бар бұрғылағанымыз екі-ақ іздестіру скважинасы. Дәл бүгінгі таңда, біздің тарапымыздан он станок, оған он бригада табудың өзі қол жетпес қиялмен тең дүние.

— Сонда қандай әдіс қолдан дейсің?— деді тағы әлгі дауыс.

— Қазір...— деді Жәлел. Ол өз ойын жалғай түсті,— мұнда еске алатын тағы бір жағдайымыз бар. Ол мынау. Қалындығы мың метрден астам, жүздеген мұнай, газ қабаттары бар Өзек тәрізді алыпты, Ембі тәрізді шағын мұнай аланымен салыстыру үшін бұрғы жүргізсек, бізге құрығанда он жыл өмір керек. Ал мұнайды біз бүгін табуға міндеттіміз. Өзектің бар қорын ашу жұмысын әрі кеткенде бес жылдың ішінде бітіруге тиістіміз. Буны бізден партия, халық, үкімет тілеп отыр. Сондықтан бұрғылау схемасын басқаша құруды ұсынам...

— Айтыңыз!— деді Сәлімгерей сәл күлімсіреп.

— Айтсам...— Жәлел қабырғаға сүйеп қойылған тақтайларға жабыстырған айқыш-ұйқыш геологиялық карта, диаграммалар, разрездердің қасына барды.— Міне, Бірінші нөмірлі скважина,— деді ол алдыңғы қағазды көрсетіп,— бұл терең структуралық скважинаның разрезі үш топқа бөлінеді. Бірінші — қабат газ қабаты. Екінші — мұнай қабаты. Ал, онан төмен карай су мен мұнай аралас қабат кетеді. Аржағында мұнай жоқ. Біздің ойымызша осы жоғарыда көрсетілген үш топ разрездегі мұнай, газ топтарын үш мерзімде барлауымыз керек.

— Ол не деген сөз?— деді тағы бір дауыс арт жақтан,—қалай түсінеміз?

— Ол былай,— деді Жәлел,— Доссор секілді мұнай аланы төрт қабаттан тұратын жерді бір скважинамен бір мезгілде бұрғылауға болады. Ал, жүз қабаттан құрылатын Өзек мұнай алабын олай бұрғылай аласың ба? Оған қаншама жыл керек. Сондықтан үш топты үш бөлек скважиндармен үш мезгілде бұрғылау қажет. Бізге керегі мұнай болғандықтан, бірінші кезеңде барлық күш, қаражат, адам, мамандар — бәрі-бәрі тек мұнай қабатын барлауға жұмсалады. Екінші кезеңде, мұнай қабаты мен газ қабатын барлау жұмысы қатар жүргізіледі. Ал, үшінші кезеңде су аралас мұнайды барлаймыз.

Шынында Жәлелдің ұсынып тұрған әдісі жаңа әдіс еді. Отырғандар үн-түнсіз біресе Жәлелге, біресе тақтадағы сызықтарға қарады. Үй іші ұшқан шыбынның даусы естілердей тып-тыныш бола қалды.

Жәлел аппақ орамалымен маңдай терін сүртті де, сөзіне қайта кірісті.

— Жоғарыда айтылған үш топтағы әр кен қабаттарын бұрғылауда скважиналардың бір-біріне ұқсамайтын, әрқайсысының өзіне тән өзгешелігі бар әдісі, торы болады. Мәселен мұнай қабаттарына біз бұрғылауды былайша жүргізер едік.— Ол отырғандардың көңілін тағы картаға аударды.— Басқаша айтқанда бұрғылау схемасын былай құрар едік.

Жәлелдің ойынша Өзек мұнай алаңы алты профильге бөлінеді. Барлау дәл ортадағы профильден басталады. Бұл профильге бірінші және екінші структуралық бұрғылау скважинасы орналасады екен. Келесі барлау скважиналары олардан сәл қашықтау жүргізіледі. Геологтар тілімен айтқанда, мұнайы бар белгілі скважинадан мұнайы бары, жоғы белгісіз алаңға қарай жүру. Яғни бұрғылау станоктары мұнай анықталған, сыналған скважиналардан бастап бірте-бірте жан-жағына қарай алыстай береді. Ал, әр профильдің арасы екі жарым, жеке профильдегі барлау скважиналардың арасы бір жарым шақырым. Әр скважина өзіне арналған тапсырмасына қарай шахмат көздеріндей бірі мен бірі қиғаш орналастырылады.

Келесі санды барлау скважинасын белгілерде, өткен сынау скважинасы көрсеткен мұнай мен судың түйіскен тұсы еске алынып отырылады.

Міне осылай қойылған алпыс скважиналар, Жәлелдің ойынша Өзек алаңының мұнай қорын тегіс анықтай беруге тиісті.

— Осы жұмыстың бәрінің бітуіне төрт жыл уақыт керек,— деп Жәлел сөзін бітірді.

Осылайша жүргізілген әдіспен, бірен-сараны болмаса, барлау скважиндары өзінің міндеттерін орындады. Әрине, бұл сонынан анықталды ғой. Ал, қазір ше? Жәлел өзінің ұсынған барлау әдісіне қаншама сенгенменен, әзірге бұл жобаның немен тынатыны белгісіз. Жер астындағы мұнай сандыққа салып қойған мүлкің емес, егер болжауың дұрыс шықпаса қаншама қаражат, еңбек, уақыт зая кетпек! Сөйткенменен де қорықпау керек. Ғылыми дәлелденіп тұрған ойдан бас тарту — әскердің алға алып тұрған қамалынан шегінуімен бірдей. Қиындықты тек қорықпаған ғана жеңеді. Сол жүректінің бірі Жәлел.

Көп адам сөйледі. Біреу қарсы, біреу жақтайды. Көбі Жәлел жағында.

— Жәлел Бестібаевтың ұсынған әдісі мұнай зерттеуде сирек қолданылатын жаңа әдіс,— деді сөзді қорытқан Сәлімгерей,— тек нәтижелі болуын тілейік.

Үш күннен кейін Сәлімгерейден өзгесі Алматыға жүріп кетті. Ал, бір жеті жетпей бұл барлау схемасын Қазақстан кен зерттеу министрлігінің құрамасы да бекітті.

Осылай Өзек мұнайының тағы бір жаңа кезеңі, үлкен мұнай үшін жаңа тартыс-күресі басталды.

Жәлел осы бекітілген схемада көрсетілген геологиялық карталарды алдына жайып қойып, ойда отырғанда үйге Жандос кіріп келді. Бұл қандай қиын жұмыста жүрмесін, үстіндегі көйлегінің жағасы кірлеп, кенептен тігілген жеңіл костюмінің қыры сынып ұйпаланып көрмейтін адам. Сол әдеттегісіндей мұпмұнтаз сәнді қалпы. Тек ботинкасының үстіндегі шаңы жаңа ғана дала жаққа барып қайтқанын аңғартады! Жүзінде сәл абыржығандық бар.

— Валентин Шиловтың скважинасында болдым, бір мың төрт жүз метрден асып кетіпті,— деді ол байсалды үнмен, орындыққа жайғасып отырып жатып.— Ал, Хәлел қондырғысын жинап жатыр. Ұмытпасам оны мына тұсқа тұрғызамыз деп едік қой, э?— Ол түрегеліп Жәлелдің алдында жатқан геологиялық картаның біреуін тауып алып, болашақ скважинаның қай жерден қазылатынын көрсетті.— Мына белгі ғой деймін?

— Ия, сол жер...

— Дұрыс,— деді картадан көзін алмай Жандос.— Бірақ Өзектің дәл осы тұсында мұнай барын немен дәлелдейміз?

— Адамда интуиция деген бар емес пе? Және оның үстіне мына скважиналардың разрездері де мұнайдың осы тұста жатқанын көрсетпей ме?

— Егер бұл арадан қателессек, сенің интуицияңның бізге қаншаға түсетінін білесің бе?

— Білемін. Құрығанда жарты миллион сом ақша.

— Әнекей!

Екеуі де үндемей қалды. Әрқайсысы өз ойының құлы тәрізді, дәл қазір бір дәрменсіз жандар секілді.

— Сосын,— деді бір кезде Жандос.— Бұрынғы схемаларды ұсынған Сәлімгерей ғой. Егер еңбегіміз зая кетсе...

— О кісінің де қателескенін бос қазылған мына скважиналар көрсетіп тұрған жоқ па? Есеп, қисап жүретін инженерлік ғылымға атақ, абырой бөгет бола алмайды. Әр нәрсенің өзінің реті бар...

— Мысалы, махаббаттың да дейсің ғой?

Жәлел осы арық, жүдеу өңді, күнге күйіп тотығып кеткен, жүзіне жолақ сызықтары түскен кісіге «бұл қай ойының, бұл жерде махаббаттың қандай қатынасы бар?» деп сұрамақ боп таңдана қарады. Жандос күлімсіреді.

— Сірә, мені өзіңдей жігіт болып көрмеді дейсің бе?

Жандос көз жіберіп тұрған терезе жаққа Жәлел де бұрылды. «ГАЗ-69» машинадан Тана түсіп жатыр екен. Шамасы алыстағы бұрғылау қондырғысына барып қайтқан тәрізді. Жәлелдің жүрегі әдеттегісіндей тағы тыпырши қалды. Ғажап! Әнеукүнгі жұмысшылар кетпекші болған күннен кейін бұл екеуі кездескен жоқ. Кездеспесе де, бірақ біріпен-бірі бөлініп кете алмағандай. Әсіресе Жәлел өзін осы бір қара торы қызға көзге көрінбес шынжырмен байланып қалғандай сезінген. Содан бе-

рі екеуі екі жақта жүрсе де, ойы Тананы іздеп тыным таппаған. Міне қазірде де сол қызбенен алыстан тілдесіп тұрғандай.

Жәлелдің даусы: «Мен сенімен сөйлесуге құмармын, неге көрінбей кеттің, үйге кірсейші».

Тананың даусы: «Жоқ, әзір кірмеймін, жұмысым бар, көргің келетіні рас болса, әлі де сағына түс».

Тана машинадан түсіп, адам қызығарлық бір сәнді жүріспен, аяғын ырғалта басып өз бөлмесіне кіріп кетті.

Жәлел Жандосқа бұрылды.

— Жаратылыс ережеге, заңға бағынғанмен,— деді оған,— адамның ойлағаны үнемі дәлме-дәл шыға бермейді ғой. Ал, біздің міндетіміз ойлағанымыз бірден болмады деп тоқырап қалмай, іздей беру.

— Дұрыс,— деді Жандос.— Қондырғыны сол өзің ойлаған жерге көшір. Тәуекелсіз бәрібір ештеңе шықпайды.

Жәлел қуанып қалды.

— Рахмет.

Жандос Жәлелге өте ұнайтын. Үнемі осылай. Егер істің бағытын, идеясын жөн көрсе, Жандостың қандай жұмыстан болса да бас тартпайтынын Жәлел байқап қалған. Мұндайда экспедиция бастығы жауапкершіліктен де, қаражаттан да қашпайды. Әдеттегі сабырлы үнімен «жарайды» дейді де қояды. Жандос өз кабинетіне шығып кетті. Жәлелдің ойы кенет қайтадан Тананы іздеп тапты. Жоқ, Тана екеуі байланған шынжырдың бір басы «бері жүр» деп бұны өзі отырған бөлмеге қарай тартып бара жатқандай көрінді Жәлелге.

Мұндай толқыған жағдайда Жәлел дүниені тек өз тұрғысынан ғана ұға алатын. Егер көңілі қайғылы болса, көк аспан да оған күңгірт тартатын. Ал, қиялы көкке шарықтаған қуаныштa тұрса, бұлтты аспан да кенет көгілдірленіп, айнадай ашық боп елестейтін. Мұндайда Жәлелге, Пабло Пикассо салған суреттердей, әдеттегі өмірден тыс ойын билеген әлемнің тек идеясы, өзі ғана ұнатқан, өзі ғана көре білген бейнесі ғана қалатын.

Міне, сондықтан қазір Жәлел үшін бар әлем, іздеп жатқан мұнай да, қазылып жатқан скважина да, алдындағы чертеж сызықтар да, бәрі-бәрі жоғалады да, оның көз алдында тек Тана ғана қалады. Мұндайда ол өзінің іс-әрекетін, қимылын, тілек-арманын ақыл-ойына бағындыра алмайтын, бәрін жүректің дегеніне, соңуына билететін. Осындай жағдайда ол Гүлжамалға да ғашық болған. Осындай жүрек қалаған минуттарда Танаға да ғашық болып үлгірген тәрізді.

Ғашықтық, ерлік, ақылдан гөрі, сезімнен туады. Адам кейде біреуді бірден неге ұнатты — өзі де білмеуі мүмкін. Оны тартқан түрі ме, әлде мінез-құлқы ма, не болмаса жанын тебіренткен әсем әні ме — дәлме-дәл айтуы да қиын... Бірақ шын жақсы көрген адам бәрін де біледі. Шын жақсы көру — ғашықтық, адамның түрінен, мінез-қылығынан, ақыл-ойы, сана-сезі-

мінен, кісіні кісі етіп тұрған бүкіл қасиетінен, жан-тән гармониясынан туады. Шын сүю — адамды түгелдей сүю.

Біреулер «маған оның ең алдыменен қос бұрымы көзіме түсті, қос бұрымына ғашық болдым» дейді. Ал, егерде сол қыз, не келіншек ертеңіне әлгі қос бұрымын кесіп тастаса, кешегі ұнатқан адам бүгін оны ұнатпай қалуға тиісті ме? Не болмаса «мені ғашық еткен жаудыраған бота көзі» дейді бөтен біреу. Ал жарайды, сүйген адамының бір көзіне тас тиіп зақымданса кісі дереу кешегі сүйгенін жек көре қала ма? Жоқ, шын махаббат адамның бір мүшесіне, не бір қылығына қызығудан тумайды, сол адамға жалпы қызығудан туады. Жәлелге Тана бірден ұнады. Жаудыраған бота көзі де, талдырмаш келген дене құрылысы да, шойын қараға ызаланған пішіні де, дірілдей шыққан күміс даусы да — бәрі-бәрі жігіттің жүрегінен бірден орын алды. Сөйтсе де, әсіресе өзіне жаудырай қараған қаракат көзі есінен кетпеді. Осы бір көз әнеукүні ішіне от тастап, сол от бірте-бірте өн бойын балқытып, қазір өртке айналып бара жатқандай сезінді Жәлел.

Әлгі көзге көрінбес шынжыр оны босатпады, Жәлелді еркіне қоймай тартып, Тананың кабинетінің есігін қаққызды.

— Кіріңіз!— деді сызыла шыққан қоңырқай әдемі дауыс.

Жәлел кірді. Тана екі білегін сыбанып жіберіп алдындағы кері-тастарды кішкентай балғасымен ұрғылап, бірдеме іздеп жатыр екен. Кепеп костюмінің омырауы ашылып кеткен. Аржағынан ақ жібек көйлегінің өңірі көрініп тұр.

— Қарындасым, амансыз ба?— деді Жәлел.

Қыз басын көтеріп алды. Тостағандай бота көзі жарқ ете қалды.

Жәлелдің ішкі даусы: «Көзі қандай әдемі еді. Тұнып қалған карасудай түпсіз...»

— Өзіңіз де амансыз ба?— Қыз жымия күлімсіреді.

Қыздың ішкі даусы: «Әнеугіден бері неге іздеп келмедің? Әлде менің барғанымды күтіп жүрдің бе?»

— Жұмысыңызбен әбден танысып болдыңыз ба? Тәртіп бойынша гидрогеолог бас геологтың бөліміне жатады, ісіңіздің барысын бір хабарлап қоюыңыз керек еді ғой,— деді Жәлел.

Жәлелдің ішкі даусы: «Қап! Бөтен сөз таба алмадым ба? Бірден бағыныштыны екенін айтқаным сасқаным ба?»

— Әлі жағдаймен дұрыстап таныса алмай жатырмын,— деді Тана,— қызмет ережесімен танысып, уақыты жеткенде баяндаймын ғой деп жүр едім.

Ішкі даусы: «Өзім де сөйлескім келіп-ақ жүр. Ретін таба алмағанымды бұл қайдан білсін!»

— Демек, су мәселесі қазір ең ауыр мәселе боп тұр ғой, тезірек танысқаныңыз жөн болар,— деді Жәлел терезе алдына қарай барып.

Жәлелдің ішкі даусы: «Қап! Сөйлеспей жатып бұным не? Айтайын дегенім осы ма еді».

Қыздың ішкі даусы: «Бұнысы несі келмей жатып? Бастық екенін көрсеткісі келе ме?.. Әйтсе де өзі жаман жігіт болмауы керек».

— Судың керек екенін мен де білемін,— деді қыз өкпелеп қалғандай.— Танысып-ақ жатырмын... Аз күнде бәрін бірдей біле қою қиын...

Жігіттің ішкі даусы: «Ренжітіп алдым білем. Қабағын шытқаны қандай әдемі еді! Жоқ, абайлап сөйлейінші».

— Әрине ғой,— деді Жәлел күлімсіреп.— Менікі жәй әшейін жәрдемім керек болса деген ой...

Қыздың ішкі даусы: «Бәсе! Тым асығыс кетпегенің жөн болар. Өзі шынында да жақсы жігіт тәрізді. Бірақ көзі неге мені ішіп-жеп бара жатыр? Тек жәрдем бергісі келгені үшін бе?..»

— Жәрдем беремін дегеніңізге рахмет!— деді Тана қайтадан балғасын қолына алып алдындағы сұрғылт тасты ұрғылай бастап.— Жәрдем сұрар кезімде өзім де келермін.

Жәлелдің ішкі даусы: «Тезірек кел. Сағына күтемін!»

— Онда жұмысыңызға бөгет болмайын,— деді ол есікке таяй беріп,— менің кабинетім төртінші есік.

— Білемін.

Жәлел шығып кетті.

Қыздың ішкі даусы: «От алуға келген жоқ едің ғой, кішкене тұра тұрсаң қайтетін еді? Өзім де қызықпын, осындай жігіттермен кездессем сөйлесетін сөз таба алмай қаламын. Дүниеде осы Маңғыстаудың суынан бөтен өмір жоқ па еді? Әлде сөйлесетін басқа сөз құрып қалып па еді?»

Жәлел өз кабинетіне келгеннен кейін тағы ойға кетті. «Қандай әдемі қыз? «Шу» дегеннен өзіме бағынышты екенін айтып шошытып алған жоқпын ба? Сөйткен тәріздімін. Мені бір тас мінезді, катты адам екен деп ойлап қалды ғой. Бірақ Тана менің жүрегімнің қазір алай-түлей боп күйіп жатқанын қайдан білсін!»

Жоқ, Тана бәрін де ұққан. Өйткені дәл қазір өзінің де жүрегі аласұрып өртенуде еді.

Жәлел тәтті ойын бұза алмай әлі де ұзақ отырды. Кенет үйге Жандостың көмекшісі — бала жігіт кірді.

— Жәлел ағай,— деді ол.— Ерден ағай сізді шақырып жатыр.

— Ерден? О кісі келіп пе еді?

— Иә, Жандос ағай бұрғы мұнараларын аралап кеткенде келген. Мен аэроплан алаңына машина жібергем. Мейманханадағы бөлмеден шайын ішіп, конторға кірісіменен сіздерді шақыртты.

Ерден Молқожин Қазақстан кен зерттеу министрлігінің мұнай жағын басқаратын үлкен жауапты қызметкері.

— Қазір,— деді Жәлел.

Бала шығып кетті, Жәлел қағаздарын ыңғайлап өзіне керек бір папканы қолына алды.

— Бір ыңғайсыз кезде келді-ау,— деді ол өзіне-өзі.— Өйткені Ерден қатал, шарт та-шұрт мінезді кісі еді. Ол келген кезде қай кәсіпшілікте болмасын тыныш күн кенет дауыл тұрғандай өзгеріп жүре беретін.

Жәлел әлденені сәл ойланып тұрды да шығып кетті.

Екінші бөлім

I

Жәлелдің көңіліне жорғаға мінгендей жел берген, киялын қияға серпіндірген осы өңір.

Рас, бұл келместен бұрын, Жетібайда мұнай шеберлері № 18 структуралық іздеу кралиус скважинасы жарты километрге сәл жетпейтін терендіктен газ фонтанын атқызды. Одан әрі бұрғылағанда, тым терең үлкен мұнай қоры жатқаны анықталды. Содан кейін ғана жұмыс Өзекте қайнай бастады. Енді міне Жәлел ұсынған жобамен Хәлелдің екінші барлау скважинасы жүргелі де біраз уақыт болып қалды. Жаңа скважина терендігі белгіленген межеден асып кеткен. Бірақ жер астынан алынған тау-кен жынысы тасынан мұнай білінбеген. Кен зерттеушінің көңіліне тағы күдік кірді. Халық ісі—потнжелі болуы керек. Қаншама қаражат шығып жатыр, ал мұнайдан еш дерек әлі жоқ. Мұнайдың барына іштей сенсе де ол, өзінен-өзі әбігерленіп «расыменсп қате жолдамын ба?» деп қобалжи түсті. Бас геолог осындай халде жүргенінде, Хәлелдің бұрғылау — барлау терең скважинасын сынау кезінде он жетінші мұнай қабатынан кенет фонтан атылды. Фонтан атылды дегеп айтуға оңай, ал бұның не екенін көзбен көрсендер! Күн шығып келе жатқан мезгіл еді. Аспан айнадай ашық болатын. Кенет поселкенің құбыла жағынан биіктігі жетпіс-сексен метрдей жоғары көтерілген қарақошқыл бұлт көрінді. Қандай ғажап! Қандай сұлу сурет! Поселкедегі құрылысшылар тегіс далаға шығып қарап тұр. Бірінбірі құттықтап, құшақтап сүйісіп жатыр. Поселкеден жеңіл машинамен скважина қасына жеткен Жандос, Юрий, Жәлелдің екі езулері екі құлағында, үстеріндегі таза киімдеріне қарамай, май-май болған Хәлелмен кезек-кезек құшақтасып, құттықтап күлісіп жатыр. Бірақ моторлардың гүрілі, көкке атылған мұнай фонтанының гүілі бұлардың жай сөзі түгіл, айқайларын да естір-

тер емес. Әйтеуір бастықтардың жақсылық айтып жатқанына шек келтірмеген жұмысшылар да бастарын изеп күлім-күлім етеді.

Шаттықтың шегі жоқ, өйткені, бұл Маңғыстауда, жоқ бүкіл қазақ жерінде атылған үлкен мұнай фонтаны! Жер астынан Қазақстанның үлкен мұнайынан алғашқы қуаныш хабарын әкелген алтын қанатты қарлығашы!

Фонтанның күштілігі соншалық 10 миллиметр штуцерден тәулігіне 80 тонна мұнай көкке көтерілді.

Қандай жеңіс! Бұған кім мақтанбас! Жұрттың бәрі де күйіп тұрған күннің ыстығында, таңдайлары кеуіп шөлдеп тұрғандарын да ұмытқан. Тек көңілдерін телегей теңіздей боп қуаныш билеген.

Жәлел бүгін де ерте тұрған. Күн көтеріліп кеңседе жұмыс басталғанша, поселке сыртына шығып, серуендеп қайту бұған әдетке айналған. Мұндайда өзіне тек киялын ғана серік ететін. Ал, киял деген алтын құс, кейде бұны ұшқыр қанаттарына отырғызып алып, бүгінгі күннен әкетіп, халқының өткен күндеріне серуендететін. Жәлел бүгін де осындай күйде еді.

Бұл жерде кім болмаған, қай заманнан ел тұрмады. Геолог, археолог Алан Медоев Теңіз жағасындағы Сартас қырқасының жанынан палеалит дәуіріне жататын алғашқы адамдардың мекен орнын ашқан. Сол жерден тастан жасалған пышақ, найза ұшын, тағы сондай тас құралдарды тапқан. Сондай-ақ Астрахань қаласының ғылыми қызметкері Курочкин осындай тас заттарды Құланды аралының маңынан қазып алған. Ал Бозашы түбіндегі «Жетіүйік» аталатын қолдан жасалған адыр, төбе, үйілген топырақтар, осы арада бұдан екі-екі жарым мың жыл өмір сүрген массагет тайпы көсемдерінің моласы еместігіне кім кепіл? Осының бәрі Маңғыстау даласын көне заманнан ел жайлаған жер екенін дәлелдемей ме? Рас, ғалымдар біздің планетамыз — жер шарымыз жаралғалы төрт миллиард алты жүз миллион жыл өтті дейді. Бұған қарағанда Маңғыстауда Адам пайда болған шақ ұшы-қиыры жоқ дүние өмірінің бір түні секілді, бірақ сол түні қандай күйде өтті? Үнемі ызғырық соққан қара түнек әлде жұлдыздары жарқыраған алтын айлы болды ма?

Маңғыстау Европа мен Орта Азияның сауда жүйесі, екі мәдениеттің тоғысқан жері. Бұл Европадан Орта Азияға, Индияға баратын керуен жолының үсті. Сол себептен де мұнда не көп болған, қырғын көп болған. Бейнеу мен Кетіктің ортасында Үшхан деген жер бар. Бір кезде Бейнеу, Кетіктегідей бұл арада да әдемі керуен сарайы тұрған. Аңыздың айтуына қарағанда осы арада сырткы жауына қарсы шығуға Хорезм, Өгіз, Қыпшақ хандары кездескен көрінеді. Сондықтан бұл жер Үшхан аталған екен. Бұл қай кез? Қазақ жерінде Өгіз хандығының да өмір сүрген тұсы ғой. Онтүстіктегідей мұнда да Өгізтөбе, Өгізарна деген жерлер бар. Соған қарағанда бұл хандықта біраз жерді алған

тәрізді. Әрине, үш хан теккө бас қосқан жоқ, сыртпен соғыспаған күнде де өзара соғысты. Осындай кантөгіс қырғынның бірінен қалдыма, онтүстік Бозашы ойпатында Қошақ қырғын деген жер бар. Қаптаған бейітті қауым. Ал, бір кезде осы арада мәдениетті ел болған. Үш метр, екі метр жерлерден қазғанда көптеген құмыра, фарфор сынықтары шыққан. Осындай қырғын орындары бұл Маңғыстауда толып жатыр.

Маңғыстауда не көп әулие зираттары көп. Атаулысы алпыстан асады дейді. Және бір ғажабы осы әулиелердің көбі (бәрі десе де болады) жау қолынан өлген. Сірә, елі, жері, суы үшін қаза болған ұлдарын әулие атау бір кезде бұл елде әдет болған тәрізді.

Жәлел Маңғыстау даласында ауыздан-ауызға көшкен аңыздарды естіген, тас мұра, әулиелердің мешіт, зираттарын өз көзімен көрген. Қалмақ қырылған, Алаң жеңілген адыр, төбелердің бастарына шығып сонау өткен күндерге көз жіберген. Сонда Жәлелдің бар тапқаны, осы өңсіз сұр далада өмір бойы қырғын соғыс болған. Бір халық бір халықты шапқан. Күші жеңгені күшсізін талаған. Сонда не үшін? Осы егін ексең шықпайтын, суы астына біткен, құлазыған құ дала үшін бе? Әлде? Әлде?.. Жоқ, бұның астында не жатқанын көшпелі ел ешуақытта білмеген.

Мұндайда Жәлелдің көңілі кенет көне заманнан ауып, бертінгі күнге, Шыңғысхан шабуылынан кейінгі кезеңдерге ауатын.

Жәлел әлі осындай ойда тұр. Таң аткан. Бірақ әлі күн шықпаған кез. Ол поселке сыртындағы қыркаға көтерілді. Көзі алыстағы жаңа алаулана бастаған көкжиекке түсті.

Түнде ескі ақындар өлеңдерін оқыған. Дені осы өзі туып, өскен атамекен жерлерінің жырлары екен. Өз замандарының қайғы-мұңын, зарын ұрпақтарға қалдырған.

Сол түндегі оқыған жырларының әсері қиялын қозғады ма, кенет тағы ол халқының өткен өміріне шомылып кетті. Төрт түлік мал өсіріп, қыс қыстап, жаз шыға күлсары жүнді аруаналарын ыңыранта үдере көшіп, бір шеті Еділ өзенінің төменгі өтегіне, екінші шеті Арал теңізінің құмды, тақыр жағалауларына, Торғай, Ырғыз өзендерінің көкпекті өңіріне дейін барды. Ал күз түсе атам заманнан бергі әдеті бойынша орыстардың қазақ жерінің шетіндегі бекініс шаһарларынан шай-шекер, азық-түлік алып, бәз-баяғы көне қыстауы Маңғыстауға келді.

Жәлел түндегі оқыған толғау, жырларын есіне түсірді. Қашаған жырау айтқандай:

«Маңғыстауды жайлаған,
Жұрт орнына қарасаң
Талай ел болған жер екен».

Бұл арада сан ел өткен. Бір кезде хазарда, қарлукта, селжүк түрікмендері де сеңсең бөріктерін желкілдетіп Маңғыстаудың

құмды даласын кезген. Сақ та, Дай да, көше Қыпшақ та бұл далада болған.

Бір кездегі Еділдегі Алтын Орда астанасы Сарай шаһары арқылы осы Маңғыстаудың үстімен Стамбулдан Ханбалыққа баратын атақты көне Жібек жолы өткен. Түйелі адай сонау Сарайға дейін жүздеген, мыңдаған нар, ингендерін тізбектей керуен тартты. Бертін келе Алтын Орда күйреп, Ноғайлы елінің астанасы (Сарайдың қалдығы десе де болады) Жайық өзенінің төменгі сағасындағы Сарайшыққа көшіп, Россия жерінде мата тоқу кәсібі өркендей бастағаннан бері, бұл ел тағы әйгілі Мақта жолының керуеншісі болды. Бұхар, Хиуа мақтасы, түрікмен батырларының есімдерімен аталған Қара Мандыбас, Қара Манатты, Манатты қорғандарынан өтіп, Маңғыстаудың Бейнеу, Ұшаналулие, Мызанәулие атты елі отырған құдықты жерлерін басып, Құмшеті Құлсарыдан асып Сарайшыққа жетті. Жүздеген түйелі керуендер әкелген мақта осы арадан кеме, баржаларға тиелді. Енді Каспий теңізі үстімен Еділге келіп, жоғары көтерілді. Сөйтіп мата кәсібінің Россиядағы астанасы болған Иваново-Вознесенский, Нижний Новгород мата фабрикаларына мақта жеткізілді.

Хиуадан Үстірт пен Маңғыстауды басып Сарайшыққа баратын осы екі мың шақырымнан астам құмды, тақырлы шөлейт Мақта жолына адайлар екі жүзден астам құдық қазған. Екі құдықтың арасы он бес шақырымдай. Қандай орасан еңбек!

Демек, Жәлел тағы ойға кетті, адайлар осылай құр ғана мал өсіріп, керуен тартып бейбітшілік кәсіппен ғана шұғылданып қойған жоқ, ол өзінің осы атамекен жерін аламын деген сан жаулармен алысты. Сұлжық түрікмен қосындарынан бастап, сол Қашаған жырау айтқан:

«Хорезмнің бектері,
— Шашырап бізге, шеткері,
Қазақ деген кашкын келді деп,
Тілекті алла берді деп,
Ауылды тонап, малды алып,
Күң мен құл ғып жанды алып»,—

деген Хорезм хандығымен де Ақпан секілді ер ұлын бас етіп, күрескен бұл адай...

Бертін келе, Россия патшалығы қанды аузын сала бастағанда он екі-он үш жасар баласына дейін атқа қонып, қолына найза алып ақ патшаның отаршылық саясатына қарсы шыққан бұл адай. (1870 ж.)

Ғасырлар бойы басынан талас-тартыс, жер-су үшін күрес, сан алуан қиындық өтсе де, бұл адай бертін келгенше екі қасиетін ұмытпаған. Ерлігін және көшуін.

Дәл адайлардай, бүкіл әлемге әйгілі сахара бәдәуилері де үнемі көше бермеген. Адайларды көшірген тек мал қамы ма, әлде жау қаупі ғана ма? Жоқ, көшу бұл елдің ұзақ жылғы сал-

тына айналған. Көшудің алай еліне, өзге жұрттан гөрі орасан көркемдігі, қуанышы бар. Біреу өленді қандай сүйсе, бұлар көшуді сондай жақсы көрген. Көшу бейнетке емес, серуенге ұқсаған.

XXIII партия съезінің Маңғыстауды игеру жөніндегі тастаған ұранына ең бірінші боп үн қосқан мына осы батыр, өмір бойы мал баққан, жау қорыған көне адай елдің бүгінгі ұрпақтары еді.

Жәлел ұйқыдан оянғандай жан-жағына қарады. Кенет көзі күнгей жақтағы, шынындай мөлдіреген көк аспанның кеудесіне сүйір ұшымен қадалған бір алып найзадай, көкке сұңғи түскен болат мұнараға түсті. Жүрегі лепіре қуана қалды. Заматта қиялы өткен кезеңінен бүгінгі күнге ауды. Иә, бұдан үш күн бұрын дәл осылай қуанған. Ал, қазір?.. Лепірген көңіл кенет басыла түскендей сезінді. Бұған не себеп? Жоқ, Жәлел қуанышты. Әйткенмен көңілін кенет бір қауіп билеп кеткен секілді... Расында да, Жәлелдің көңілі кенет қобалжи қалатын себебі бар еді: оны өзге скважиналар да дәл мынадай мұнай берер ме екен, бермес пе екен деген ой қобалжытқан. Бұның үстіне жақында Жетібайдан әкелінген «Уралмаш-3Д» бұрғылау қондырғысы түнде тоқтап қалған. Бұ да қазір есіне түсті. Бұл қондырғы былтырдан бері үздіксіз жүріп келе жатқан еді, кей тетік-бөлшектер әбден тозған екен, шеберлер қанша тырысса да жүргізе алмады. Тағы бір қырсығы бөлшектер бұл арада болмай шықты.

Экспедицияның өтініштерін орындайтын заводтарға осындай заттарды тезірек істететін Ерден Маңғыстауға келіп алып жәрдем берудің орнына жұрттың апшысын қуырып әкетіп барады. Дәл бір болат тұмсықтары мұқалып қалған бұрғылар, оның айқайынан өзінен-өзі өткірленіп кететіндей! Бастықтың дегбірінен, рас, қарапайым бағыныштылардың берекесі қашуы мүмкін. Бірақ одан кімге қандай пайда? Біле-білсе, қазір жұрттың бәрі сауатты, біреуді жекіріп, қорқытып жөнді жұмыс істете алмайсың! Ал Ерден дүниені айқаймен тындырмақ, айқаймен алмақ! Әрине, оның дегбірленуі де жай емес. Жалқау түйе бақырауық. Айқалап, жұртты дүрліктіре берсем, өзгеден көзге көп түсемін дейтін шығар ол! Ауызменен опырып-жапырып сес көрсету кей қызметкерлердің ескі әдеті. Ескі кесел. Демек, осылай көзге түсуді көксейтіндер қазір жаңа әдіске көшкен! Айқайына қарсы келсең, кінәсін мойындағандай болады. Тек бұныңды ұмытпайды, есесін соңынан қайтарады. Айқай-шусыз үндемей қайтарады. Бәленің қай жақтан келгенін білмей қаласың. Ерденнің осындай адам екенін түсіне бастаған Жәлел, бүгін оған тойтарыс бермек.

«Жоқ, Ерден, дейді ол ішінен, үнемі тек сен ғана сөйлеп, сен ғана айқайлауға тиісті емессің! Бізде де тіл, ауыз бар! Сәл асықпа. Кінә тағудың не екенін көресің бүгін! Не болса да бетіңе айтамын! Көр сосын істемей!»

Жәлел асыға жүрді. Қазір сағат онда барлау барысына арналған мәжіліс болмақ. Ерденің өзі ашады. Кешігу қолайсыз. Тәртіптің аты тәртіп, біреуді жақсы көресің бе, жек көресің бе, адам әрқашан да өзін дағдылы жұмыс тәртібіне көндіре білуі керек.

Әйткенмен, Жәлел бүгін өте көңілді еді. Қалай көңілді болмасын, Өзекте үлкен мұнай фонтаны атылды! Ағасы Хәлелді бүкіл Маңғыстау маягы — өзгеге жол көрсетер шырағы болды десең де сияды. Алдыңнан жанған шырақтың сәулесі екі есе жарық келеді. Нұры өзіңнен асып жұртқа да түседі. Бұл үлкен үлгі. Жұрт сенен қалмаймыз деп тырысады. Бұл жолғы бұрғылау жай жер қабатын зерттейтін кралиус бұрғылауы емес, терең жан-жақты барлау скважинасы! Іздену осылай нәтижелі бола берсе аз мезгілде Өзек барлауды былай тастап, кәсіпшілік өндірісіне айналады! Бұған қуанбағанда неменеге қуанасың!

Кенет, Жәлел ойлана қалды. Атылып жатқан фонтанға қарады. Көңілі әлденеден секем алған тәрізді. Алғашқы тәулікте атылған мұнай мұнарадан көп жоғары асып түсіп жатқан. Ал қазір?.. Жәлелге фонтан кешегіден көп төмендегендей көрінді... Бүйте берсе екі-үш күннен кейін жер астындағы мұнай сыртқа әзер ғана жылап шығатын болады.

Соңынан, скважинаны өндірістік пайдалануға өткізгенде, бұл үлкен қырсыққа апарып соғуы сөзсіз.

Жәлел терлеп кетті.

Терендегі мұнай қатты екі жер қабатының ортасында жатады. Тәулік сайын аунай түсетін жер шары күннің көзін үнемі айналып тұратындығынан, осы екі жер қабатының ортасында жатқан мұнай орасан салмақты қысымда болады. Бұрғылау станогі сол мұнайға жеткен кезде, әлгі екі жақтан қысқан салмақтың күшіменен сұйық жер майы көкке атылады. Осылай мұнай фонтаны туады.

Маңғыстау кен жаратылысының өзіне тән ерекшелігін ескеріп, үкімет бекіткен жоспарда жер астындағы мұнайдың тек қырық бес проценті ғана алынуы қаралған. Бірақ жер қабатының қысымы тым осал келсе, үкімет рұқсат еткен осы мөлшерді де ала алмайсың. Онда мұнайдың көбі жер астында қалады. Бұл үлкен сәтсіздік. Әрине, мұндайда мұнайды жер бетіне шығарудың қолдан жасалатын әдістері бар. Бірақ оның бәрі шығынмен, қиындықпен байланысты.

Фонтанның ұзақ атылғанына не жетсін! Жәлелдің қобалжуының себебі де осында еді. Әйткенмен ол мәжіліске кешігіп қалмайын деп асыға түсті.

Жәлел поселкеге таяй бергенінде, бір қырқаның бұрышынан кенет Тана шыға келді. Әнеугі сөйлескендерінен кейін екеуі әбден танысып қалған-ды. Жігіттің қызы, қыздың жігіті жоқ екенін де өзі-өзі ебін тауып сұрастырып білген. Екеуінің де көңілдеріндегі буйығып жатқан қанатты тілектер серпіне түсіп, бірақ жұмыс-

тың көптігінен, ауырлығынан қайтадан бас көтере алмай қойған. Оның үстіне күннің мазасыздығы соншалық, жаксы сезімдерге бой ұру түгіл, тіпті мезгілімен ұйықтап, мезгілімен тұруға да мүмкіндік шамалы еді.

— Қарындасым, таң атпай қайдан келе жатырсың? — деді Жәлел, қол алып амандасып болғаннан кейін.

— Қайдағы таң атпаған? — Тананың жігіттің бетіне аударған тостағандай көзі әдеттегісіндей тағы да жаутаң етті,— келе жатқан бетіңізге қарағанда, өзіңізге де сондай сұрақты беруге болатын тәрізді ғой?

Екеуі қатарласа жүрді.

— Алматыдан келгелі күн шығар алдында, даланы кезу әдетке айналды,— деп Жәлел кенет қиялдана күлімсіреді.— Осы кезде, мынау сұрең төңіректің өзінің де қандай әдеміленіп кететінін білесіз бе? Күн әлі шықпаған, ал оңтүстіктің мына тұсына дейін көкжиек, лаулап жанып жатқан от тәрізді, жоқ ,көкке көтерілген қызыл алтын жалынынан аумайды! Аспан шыныдай мөп-мөлдір, көкпеңбек. Жер бетї күміспен жауып қойғандай ақшыл... Жел де тына қалған. Дүние жүзін акварель бояуымен салынған бір ғажайып сұлу сурет дерсің! Шыныдай жарқырап тұрады. Бұл кезде Маңғыстаудың ауасы да тап-таза, бұйырғын, жусан исі мүңкіп, көкірегіңді қарс ашады. Жоқ, бұл кездегі Маңғыстау көрінісі бір ерекше көрініс.

Қыз сыңғырлай күлді.

— Сонда да, сізге Алматы көрінісі ыстық қой деймін?

— Неге? — Жігіт кенет сезіктене қалды.— Неге олай дейсіз?

Қыз жұмбақтай сөйледі.

— Қайдам!.. Адамның алғашқы кездегі қуаныш-тілектері қияларға қанат қаққан жері тым ыстық болуға тиісті ғой деп ойлаймын.

Жәлел сезіктене түсті. Гүлжамалды естіп қалған екен деп ойлады ол ішінен.

— Бірақ Маңғыстау менің туған жерім ғой.

— Алматы ше? Ол сіздің қызық өмір өткізген жеріңіз емес пе?

Жігіт қатты қысылды.

— Әйткенмен туған далаға жете ме?

Жәлел кенет Тана естімеген бір өлеңді тақпақтай жөнелді.

«Көңіл шіркін үнемі осылай күнде алаң,
Сағындым ғой, шөлейт, тақыр құм далам.
Жайнаған гүл, жасыл шалғын болса да
Өзгенің мен жерін жаннат не қылам?
Жал-жал қырат, тұзды ойпаң, сұрғылт дөң,
Шексіз далам, аспан сынды, жаткан кең...
Көрсем сені, іздегенімді табар ем,
Жан жарамды мәңгі-бақи жазар ем.
Көк шалғыннан маған тіпті кем емес,
Еркек шөбің, жусаның мен бұйырғын.

Ешбір сағаң дүниеде жер тең емес
Топырағың, тілеймін, тек бұйырсын!»

— Туған жер деген міне осы,— деді Жәлел,— ол сені тапқан анаңмен бірдей. Ананы таңдай алмайсың, туған жер де сондай!..

Қыз көңілі кенет жүдей қалды.

— Әлгі өлең кімдікі? — деді ол.

— Туған жерін сағынған шетте жүріп қаза тапқан бір қайғылы ақындікі.

— Туған жерін сағынған? Сіз туған жеріңізді рас сағынып келдіңіз бе? Маған әлі де көңіліңіз Алматыда жүрген тәрізді көрініп еді... Неге бұлай ойлаймын, өзім де білмеймін...

Қыз сөзі Жәлелдің жан етін шымшып, ауыртып жібергендей болды. Сәл қабағын шытты. Танаға қарап еді, бойы кенет шымырлап кетті. Оның көзінен тұна қалған бір шексіз мұңды көрді. «Бұл не қылған қасірет көз!» деді ол өзіне-өзі іштей күбірлеп.

— Сіз менің бір тым құпия сырымды қазбалап кеткендейсіз бе, қалай? Оған қақыңыз жоқ секілді еді.

— Қалжындаймын деп ауру жеріңізге тиіп кетсем, ғафу етіңіз,— деді қыз кенет ақжарқын жүзбен, сөйдеді де әңгіме туған жер жайынан басталғандықтан ба, әлде өзі өсіп, өнген өлкесі есіне түсіп кетті ме, бала жастан айтып жүрген бір өлеңін шырқап жіберді.

«Қамысы Әулиедектің мүше-мүше,
Сарғайдым Әулиедектің суын іше,
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе —
Бармас па ем аулыңа мен әлденеше!»

Қыздың даусы сыбызғының үніндей қоңыркай әдемі екен. Ән сөзінің «аулыңа» деген жерін «аулыма» деп өзгерткен. Бұнысы сенің туған жерің Маңғыстау болса, менің де «қамысты Әулиедек тәрізді туған жерім бар» дегенді білдіргендей. Таңның тынық әуесінде Жәлелдің құлағына қыз әні бір түрлі құлпыра естілді. Тана өлең айтып келе жатып, жұмыр, ұзын мойнын бұра тастап жаутаңдап қарап қояды. Жаңағы қасірет көзге енді басқа нұр, қуаныш ұялағандай. Ол қараған сайын, жігіттің де жүрегі отқа түсіп өртеніп жатқандай, күйе түседі.

Жәлел де әнші еді. Өлеңнің екінші шумағын өзі бастай жөнелді.

«Қарындас, қандай едің затың баяу,
Сүйемін болғаннан соң жүрек ояу.
Егерде бір жылы сөз шықса аузыңнан
Жетер ем қанатсыз-ақ жүріп жаяу».

Жігіт сөзіне Тана күлімсіреді. Бұл бұрын естімеген өлең сөзі. Жәлелдің үні де, сөзі де көңілін елең еткізді. Енді екеуі қосылып кетті.

«Жандырып жүрегіме түсірдің шоқ,
Жан сәулем, сенен басқа сүйерім жоқ.
Ұмытсаң алысқан қол, айтқан сертті
Амал не, махаббатқа атқаның оқ».

Қатар шыққан екі қоңырқай ажарлы дауыс, бірін-бірі айналап, сүйіп жатқандай... Жоқ, бірінің бірі бауырына кіріп, құшақтасып, бір үнге айналып кеткендей. Дәл осы сәтте бұл екеуінің жүрек тыпыстары да бірдей соғып, көңілдегі армандары да қос көгаршындай бір жерден ұшып, көз жетпес алыс қияға қатарласа қанат қағып бара жатқандай.

Шіркін жастық, шіркін махаббат! Кейде сенің қалай тұтанып, қалай екі жүректі бірдей отына салып, өртей жөнелетінін алдын ала білу қиын. Ал қазір осы екі жастың қосыла шырқаған өленінің сөздері де екеуіне де бірдей таныс, бірақ көптен бері біріне-бірі айта алмай келе жатқан асыл сырлары тәрізді. Сол себептен өлеңдері де, қатар келе жатқан түрлері де жарасымды. Сонау күміс белдің үстінен көрінген алқызыл сәулелі күн де осылар үшін шығып келе жатқандай. Биылғы ыстық жазда сарғайып күйіп кеткен мынау күлтесіз тырбиған бұйырғындар да, жаңа шыққан егіннің көгіндей, бұл екеуіне әдемі көрінеді. Осынау ренсіз сұрғылт дала да, бұлақ құған көгалдай, осылар үшін құлпыра түскендей. Дүние біткен өзінің жомарт алақанын кеңінен жайып, ән шырқап келе жатқан осы екі жасты маңдайынан сипап мәпелеп жатқандай.

Ән біткен, бірақ әннен туған қуаныш бітер емес. Жүректерінде кенет тулай қалған осы бір қызық, асау сезімдерін үркітіп алмайық дегендей екі жас сөйлеспей үн-түнсіз келе жатыр. Өздерін билеп кеткен осы бір тамаша қуаныштар көңілімізге әбден ұяласын дегендей. Бұл не, махаббат па? Жоқ, әлі махаббат емес. Оркестрдің опера алдындағы увертюрасы. Шымылдық әлі ашылған жоқ, бірақ екі жастың көңіл күйін музыка күні бұрын дайындап жатыр. Екеуінің қазіргі хәлдері, бұларды күтіп тұрған махаббат атты ұлы симфонияға бейімделе бастаған кездеріне ұқсайды. Бұл бірінің бір тек жүрек қылдарын шертіп, бір үнге, бір гармонияға жол іздеп алас ұрған шақтары ғана. Қазір бұларды осы махаббат увертюрасы билеген. Егерде осы увертюра бұдан әрі күшейе түссе, сонда ғана махаббат атты ұлы симфония тұмақ. Екеуін бірдей өз ырғағына алмақ, жүрек, жан, ой сезімдерін тегіс билемек.

Ол симфония қандай болмақ? Таудан құлаған ағынды судай асқақты, айбынды келе ме, әлде самал желдей жанға жайлы, не болмаса жауқазын жаңа өсіп келе жатқан дала гүліндей жұмсақ жаратыла ма? Бұл да осы екі жастың жүрек қылдарының қалай соғуымен жандарының жұмсақ, қаттылығымен байланысты.

«Жібекті жұн етеді түте алмаған» дейді қазақ. Махаббат та бабын тауып тоқи білсе ғана жібектей мықты келеді. Сонда ға-

на махаббат сәнді және тез үзілмейтін, тозбайтын берік, шыдампаз жаратылады. Кейбіреулер ынтызар боп қосылып, сыртай тіпті араларынан қыл өтпейтіндей тату-тәтті көрінсе де, тез тарқап, тез суынады. Бұған не себеп? Тек көңілдің аумалы-төкпелігі ме? Әлде мінез-құлықтарының келіспегендіктері ме? Әрине, бұлар да себеп. Бірақ адамның тез қосылып, тез суынуы, көбіне бірін-бірі жетік білмей табысуынан.

Ал, екі жастың дұрыс ұғысуларына уақыт керек. Оған жүрегі құрғыр шыдай ма? Махаббат шыдамсыз дүние. Шыдамсыздықты жоя алғанда ғана ол берік. Адамды ақыл емес, көбіне сезім билер болса, мұндайда өкініш те қатар ғұрады.

Жәлел, бірден сезімге берілгендіктен, соңынан Гүлжамалдан катты жабырқанған жоқ па? Иә, сөйтті гой. Сондықтан да одан ат құйрығын біржолата кескен тәрізді. Бірақ бұған шын сенуге бола ма? Иә, өзі де ат құйрығын кестім деп ойлаған. Әйел де соған сенген. Және Жәлел Тананы көргеннен бері Гүлжамалды есіне түсіруді де ұмыта бастаған секілді. Толған айдай толықсыған Гүлжамалға деген бір кездегі ыстық сезімі енді оған күркіреп жауып өткен өткінші нөсердей көрінген. Әттең не керек, махаббат, бірақ, кейде түс тәрізді гой, көргің келмесе де, қайта-қайта орала береді. Сөйтіп жүргенінде Гүлжамал Маңғыстауға келді. Жәлел кенет қатулана қалды. Оның бұл арадан тезірек кеткенін тіледі. Неге бұйтеді ол? Гүлжамалды әлі де жақсы көрмесе, оның қайда жүргені бұған бәрібір емес пе? Әрине, бәрібір гой. Жоқ, бәрібір емес секілді. Егер бұл әйел көзіне көріне беретін болса, Жәлелдің мазасы кететін тәрізді. Сонда немене, сөнуге айналған, күлге көміп қойған шоқ тәрізді ыстық сезімі, беті аршылып жел үргендей, қайта тұтана қалады деп қорқады ма, қалай? Иә, бұның өзі сонда не болғаны?

Әрине, осылай күйіп-жанбаған сезім, шынын айтсақ, махаббат емес, жай бірдеме. Бұның аты басқа. Ал Тананы көргеннен бері, жүрегін бірден құйдіріп жандырмай, алыстан жеткен сұлу ән секілді бірте-бірте ойды алып, туып келе жатқан сезімді не дейміз? Бұның да аты махаббат емес пе? Махаббат болмаса, онда басқа аты не?

Осындай жағдайдағы жігіт пен қыз, сол үн-түнсіз, әркайсы өз қуанышына, өз ойына шомылған калпында поселкеге келіп те қалды.

Тек үйлеріне таянғанда ғана екеуі екі айрылды.

Бұлар мұнаралар жағынан көрінгенде Гүлжамал кеңсе жанында еді. Жұмыстағы адамдардың бұлай бірге қайтулары сөкет емес екенін біле тұрса да, өні кенет құбылып кетті. Кешегі сүйген жігітінің бөтен қызбен келе жатканы, жүрегіне шаншудай қадалды. Әлі де Жәлелді өлердей жақсы көретінін түсініп, өзінен-өзі әбігерлене түсті. Қиналғаны ма, таң калғаны ма, «таң атпай бұлар қайда барып келеді?» деді күбірлеп.

Күннің ыстықтығынан, бұрын да айқыш-ұйқыш шытынап жататын тақыр, сорлар, енді піскен қарбыздай жарылып-жарылып кеткен. Індеріне — гүлеп кірген оттай күйіп тұрған ауаға шыдай алмай, кесертке, жыландар да, түннің аздаған салқынын пайдаланып, жүзден, мыңдап солтүстікке, Мұғаджарға қарай шұбырды. Бүкіл Маңғыстауға біткен жалғыз Қарашек көлінің суы тартылып, тайызданып, астынан от жағып қайнатып жатқандай, шеті тіпті ысып кетті. Жағаға таяу жүзетін уақ балықтар мен бақа-шаян, құрт-құмырсқалар шыдай алмай, қырылып қалды. Бір ғажабы, осыншама ыстыққа қарамай, құдық біткеннің маңын быжнаған сары маса, сона қаптады. Және шаққандары жайшылықтағыларынан он есе ащы, уытты. Масамен қатар бөгелек көбейді. Бұлар енді мал түгіл, адамға шапты. Күн найза бойы көтерілісімен-ақ лек-лек боп Өзек поселкесінің үстіне жиналды. Бірақ білектеріне, беттеріне жер майын баттастырып жағып алған мұнайшылар бұған да қарамады, жұмыстарын бірдебір тоқтатпады.

Сона, маса кірмесін деп терезелеріне ақ марлы тұтқан пысынаған бөлмеде мәжіліс басталғалы әлдеқашан. Бөлме іші геологиялық карталарға, схема, диаграммаларға толы. Бос орын жоқ. Өзек экспедициясының басшы қызметкерлері, инженерлері, жұмыстан қолы бос бұрғылау шеберлері тегіс келген.

Жиналысты Ерденнің өзі басқарып отыр. Түрінде аздаған кейістік бар. Сөйлеп тұрған Жандосты көйде сұрақ беріп, бөліп жібереді. Мұндайда қабағын шытып, түксне қалады.

— Басы-аягы жеті ай болмай, көптеген қиыншылықтармен алыса отырып, өздеріне жүктелген міндеттердің бірталайын ойдағыдай орындап шықтындар. Бұрғылау қондырғылары алғашқы мұнайын берді. Терең бұрғылау шебері Хәлелге көп, көп рахмет!— деді ол Тілеповты тоқтатып қойып,— әрине, сендердің бұл жеңістерінде біздің де үлесіміз бар. Бірақ қазіргі әңгіміміз, нәтижелерің жайында емес. Жеткен жеңістеріңді ешкім тартып алмайды. Жақсылығының бәрі өздеріңдікі. Қазіргі әңгіме басқада. Қыска екі-үш ай-ақ қалды, ал ар жағында жаңа жыл. Жаңағы сіз айтып кеткен жетістіктер қанша көрнекті болғанымен, жылдық жоспарды ойдағыдай орындайды деген үміттен шалғай жатыр.— Кенет ол столды алақанымен қатты ұрып қалды. Кейбір өз ойына беріліп кеткен кісілер шошып кетті,— жоқ, олай емес! Өзек бұрғышылары шын қайратты көрсетпей отырсындар! Әйтпесе жұмыстың мұндай ойдағыдай жүрмеуіне қандай дәлел бар?

— Дәлел көп,— деді сөзін қайтадан жалғап Жандос сабырлы үнмен.— Бірақ ең алдымен жаңағы сіздің «шын қайрат көрсетпей отырсындар» деген кінәңызға тоқтап кетейін. Бұл орынсыз айып. Өзек бұрғылау шеберлері, мұндағы жұмысшылар, қолдан келгенін аяп жатпаса керек. Табиғаттың бізге қарсы қойып отырған қиындықтарына қарамай, әлгіндей мен айтып кеткен жеңіс-

терге жетсек, ол сол құрыш білекті, қайтпас тілекті жұмысшы табының күші. Әрине, бұл жетістіктерімізді жеткен жеріміз дей алмаймыз. Жетіспегендіктеріміз де көп. Оған қандай себептер бар? Жол қатынасы, нашарлығы, машиналардың тапшылығы, жұмысшыларға ойдағыдай жағдай тудыра алмай отырғандығымыз. Тұрғын үйлерді салып үлгіре алмай жатырмыз, жабдықтау мәселесінде де аягымызға тұсау көп. Соның арқасында Маңғыстауға алыстан келген жұмысшыларды біржолата бекітіп, ұстай алмай отырмыз. Бүгін келген кісілердің көбі ертең кетіп қалады. Негізгі сеніміміз мұнай жұмысын білетін Баку, Грозный, Эмба жұмысшылары. Бірақ бұлар қарқыны өсіп, міндеті өршіп келе жатқан құрылысымызға тіпті жеткіліксіз. Қандай істі болмасын, оның тағдырын ең алдыменен адам шешеді ғой. Біздің бас жетіспегендігіміздің бірі осы — адам.

— Адам! Адам! Ол біз білмейтін қағида ма? — Ерден Жандосқа бір түрлі жек көре қарады. Бұл өндіріс мәселелерінің таласынан шығатын жәй көзқарас емес. Оны сырт бақылап отырған Жәлел де байқап қалды. Мұндай жек көру көңіл ұнатпаған өшпенділіктен туады. «Ондай жағдайға жететіндей бұлардың арасына не болды екен?» Ерден сөзін жалғап кетті,— Тілепов жолдас, егер сізге адам жетпей жатса, Доссордан келген қырық жасөспірімнің жартысынан көбін неге Алматыға жібердің?

Биыл Доссордағы орта мектепті бітіріп, Өзекке жұмысқа ұл, қызы бар, қырық оқушы келген. Бәрі Ембі мұнайшыларының балалары. Түбі осы Үстірт пен Маңғыстау даласында қалатын жастар. Сол жылы Қазақ политехникалық институтында келесі уақытта ашылатын мұнай факультетіне дайындайтын Алматыда бір жылдық курс ұйымдастырылған. Жандос өзінің қарамағына келген жастардың көбін сол дайындық бөлімге жіберіп қойған. Ерденнің айтып тұрғаны осы еді.

— Маңғыстаудың келешегін де ойлау керек қой,— деді Жандос сабырлы үнмен.— Әлі-ақ үлкен мұнайлы өндіріс өскенде білімді мамандар қажет болады. Алматыға кеткендер осы жердің жастары, ат аналып қазығын табады, ертең Маңғыстауларына қайтып келеді.

Ерден:

— Ал, бізге ертеңің емес, қазіргің керек! Жаңа өзің айттың ғой, мұнай шығаратын адам жетпей жатыр деп. Неге үйретпедің оларды? Неге бұрғылауға салмадың? Маман дейтін болсаң, оқып жатқан жастар аз емес. Әлі оларды қоярға жер таппассың! — Кенет Ерденнің көзінен ұшқын атты.— Ал, жақсы бұрғышы анаумынау инженерден кем бағаланбайды. Соны неге ойламайсың? Мүмкін сенің сол жастарыңа инженер болғаннан көрі, жұмысшы атану ұнайтын шығар?! Адам еңбек үшін жаралған! Ешкімді еңбектен қашыруға қақымыз жоқ! Олар еңбекпен көгереді. Ал

бізге дәл бүгін маман дайындаудан көрі мұнай алаңын тез барлау қажет.

— Әрине, барлауды тездету керек! Керек! — Енді Жандос та қызынайын деді.— Бірақ тек бүгінгі күннің мұқтажымен өмір сүруге бола ма? Ертеңді де ойлау дұрыс қой! Мен оқуға жіберген балалардың әкесі де, кейбіреулерінің атасы да мұнайшылар! Олардың жоғарғы білім алып, өздерінің туған жеріне келулері — қандай тамаша! Бұл біздің келешегіміз. Келешекті ойламай болмайды!

— Сен келешегіңді қоя тұр! Оныңа жауапты өзінің замандастары береді. Сен аланды өндірістік пайдалануға тез әзірле! Менен партия барлауды тездетуді тілеп отыр! Ертең емес, бүгін сұрап отыр! Партия бұйрығын орындаудың орнына жұмысшы жеткіліксіз дейсің! Онда барыңды неге базарға саласың? Ең алдыменен өзің оқуға жіберген жастардың келешегін неге ойламайсың? Бүгін жақсы еңбегі болмаса, ертең келешегі де болмайды. Қазір оларға ең керегі еңбек! Тек еңбек!

Жандос кенет шаршап кетті.

— Адамға еңбек неге керек? — деді ол сәл саябырлай сөйлеп.— Құр жұмыс істеу үшін бе? Жоқ, жақсы өмір сүру үшін, рухани баю үшін, ғылым, білім алып адамзаттың болашағын кеңейте түсу үшін керек емес пе? Сол ғылымн білімі арқылы еңбекті жеңілдетіп, қоғамды алға қарай бастырмай ма? Ал сіз...— Жандос қолын бір-ақ сілтеді.— Жарайды, бұл таласты қояйық. Баяндамамды аяқтайын...

Жәлел енді ғана бірдемеге түсінгендей. Оған бұл екі адам екі көзқарастың уәкілі секілді көрінді. Ерден — өмірге бүгінгі күннің қызығы тұрғысынан қарайтын тәрізді. Тек жоспарды орындап, халық алдында, үкімет алдында абыройлы болғысы келеді. Оның көкжиегі — бүгінгі күн. Ал Жандос болса, о да бүгінгі күнді ұмытудан аулақ. Бірақ ертеңін де есінен шығарғысы келмейді. Маңғыстаудың өрлеуі — оған келешекпен байланысты. Сол келешегіне де ірге тастай кетпекші. Әрине, Жандостікі дұрыс. Тек бүгінгі күнмен ғана өмір сүруге болмайды. Бірақ Ерденнің сол үшін осыншама өштесетін несі бар? Себебі тек бүгінгі күн мен ертеңгі күннің таласында ғана ма? Жоқ. Онда неде?

Жандос та Ерденнің неге өзіне өшіге беретінін түсінбейді. Үнемі осылай. Рас екеуінің арасында баяғыда бір оқиға болған, бірақ оның жарасы жазылғалы қашан!

Иә, ол оқиғаға көп жыл өткен...

Қайғыдан қажыған Сақып бас көтеруден қалды. Көзінің қарашығындай жалғыз баласы Жандосты майданда қайтыс болды деп «қара қағаз» алғанына екі жылдан асып кетті. Көп уақыт жамандықтан бойын алып қашып, қаралы хабарға сенбеді. Сөйткен ананың ең алдымен байқағаны келіні Зейнептің қайғысы

еді... Кешегі бүлдіршіндей топ-толық, екі бетінен қаны тамып тұратын. Жандосының сүйген жары Зейнеп, бүгін күзгі гүл секілді сарғайып, өңі қашқан... Басына түскен қайғыны ол тек жұмысына барса ғана ұмытатын. Аяқ киім тігетін машиналардың зыр айналған дөңгелектері шабысымыздан қалма дегендей еліктіре түсіп, сіңбек күйімен көңілін аударатын. Сондықтан, уақытының көбін Зейнеп фабрикада өткізіп жүрді. Үйге келсе, шаршағандықтан ба, әлде жан жолдасының қасіреті жеңе ме, қабағын ашып бір күлмей, томсарады да отырады... Сақыпты ойландырған келінінің осы жайы еді. Көпті көрген қәрі ана жарын ойлап жастық өмірін өкініш басқан қызындай еркелеткен келінін аяп кетті. Аналық жүрегі ерік бермей, оңымен сөйлесіп, ақыл бермекші болды.

Зейнеп бүгін жұмыстан келді де, шайын ішіп бітісіменен төсегіне қисаюға ыңғайланды. Бірақ орнынан қозғалмаған Сақыпқа көзі түсіп, енесінің сөйлескісі келіп отырғанын сезіп, тұрып кетпеді.

— Апа, бірдеңе айтпақшы ма едіңіз?

— Нә, қалқам.

— Не жайында еді?

Сақып бұл жаңа басылуға айналған сары самауырынға ұзақ қарап отырды да, ақырын күрсінді:

— Қалқам, сөнген шоқты қанша үрлесең де қайта жанбайды, өмір шіркін де сол секілді... Әр нәрсенің кезі бар... Жабырқаған көңілді жадырата алар тек жастық.... Не ойлап жүрсің?

Тосыннан-тосын қойылған бұл сұраққа Зейнеп не айтарын білмей сасып қалды. Ойға кетіп, аз кідірді де шынын айтты:

— Апа, менің бар келешегім Жандоспен байланысты, ал одан хабар жоқ... Және осы күні ой ойлауға да қолым тимейді, жұрт қатарлы ел үшін, майдан үшін жәрдемімді беремін деп күні-түні жұмыстан да босана алмайсың... Оның үстіне Жандосты өлді дегенге сенбеймін. Біздің жаңа ғана басталған жас өміріміз бұлай аяқталуы мүмкін емес.

— Ниетіннен айналайын, қалқам,— деп қәрі ана көзіне жас алды.

Осы әңгімеден кейін Сақып пен Зейнеп бір айдай бұл тақырыпты сөз қылған жоқ. Сөйтіп жүргендерінде май айы туды. Көкпен таласқан теректер қайтадан жасыл жапырақ киінді... Көше бойында, бақшаларда тамаша гүлдер жазғытұрымғы жаңбыр суына жуынып, жұпар аңқытты... Таудан аққан Алматы өзені, көше-көшедегі арықтарға бөлініп, қыз шолпысындай сылдыр қақты... Қаланың қалың ағашы бозторғай мен сірек кездесетін бұлбұл үніне бөленді... Жаңа туған жазбенен жаңа сезім оянғандай, жер бетін қуаныш, шаттық биледі... Бұл шаттық кезең кан майдандағы табыстармен ұласып, халықтың көңілі көтеріле түсті.

Осы майдың бас кездерінде Зейнеп бір күні жұмыстан келді де, енесіне:

— Апа, мен бүгін «Қыз Жібекке» барып қайтсам қайтеді, операға бармағалы көп болды,— деді.

— Бара ғой, қалқам,— деді енесі.

Зейнеп театрда көптеген кісілерді көріп, өзі ұмытып бара жатқан жастық өмірдің жүрек пернесін қозғайтын тамаша бір әндерін естіді. Үйге қайтып келгеннен кейін осы бір әндердің сұлу үндері қиялын қытықтап көпке дейін ұйқы бермеді.

Осы, театрға барған күннен бастап, Зейнеп бұрынғыдан да жаман жүдей бастады.

Зейнептің бұл хәлі сыншыл анаға бұдан да артық батты. Ол бір күні баяғы әңгімені қайта қозғады.

— Қалқам,— деді Сақып,— мен сенімен тағы да сөйлеспекші едім.

— Айтыңыз, апа, құлағым сізде...

— Қалқам, өмір деген ұзақ сапар. Қуанышты болсаң, қалай өткеніңді де білмей қаласың. Қайғылы жүрсең, қанша асықсаң да шетіне жете алмайсың. Қайғы деген жыландай ұзын келеді... Демек, өмір сүру көбіне адамның өзіне байланысты. Сен әлі жассың, жас адамға жастық өмір жарасады. Бұл дүниеде не кездеспейді. Ұзақ жолдың қуанышы да, қайғысы да аз емес. Қайғысына қарайлай берсең, қуанышына көзің түспейді. Қалқам, қайғыланушыңды қой, жұрт қатарлы өмір сүр...

— Апа, апа, не демексіз?..

— Қызғалдақтай гүл-гүл жайнаған жасың бар, қызығын көр. Көңілің қалаған адамың болса...

Сақып сөзін аяқтай алмай еңіреп жылап жіберді. Зейнеп орнынан түрегелді де енесінің қасына келіп бетінен сүйіп:

— Апа, бұл не дегеніңіз? Менен құтыла алмай жүрсіз бе, бұл сөзге қалай аузыңыз барды,— деді.

— Қалқам,— деді Сақып кенет жасын сүртіп,— сен олай ойлама. Жалғыз баласының қосағына кәрі анасының мұндай сөзді айтуы — оған ауыр азап. Жандосымнан айрылып бір жыласам, сенің жүдегеніңді көріп екі жыладым. Обалына қалғым келмейді, өзегім өртенсе де өз аузыммен айтып, бақытыңды ашайын дегенім.

Зейнеп үн-түнсіз орнына барып жатты. Ол ұзақ уақыт тағы ұйықтай алмады.

* * *

Ерден мен Жандос 1941 жылы әскер қатарында алғашқы рет кездесті. Ерден бір жыл бұрын ғана Мәскеудегі мұнай институтын бітіріп, Алматыдағы тау-кен институтына мұғалім боп келген. Жандос сол жылы осы институттың кен-зерттеу факультетін бітірмекші еді, аяқтатпай майданға алынған. Кездескеннен-ақ екі жас сырласа келе жан аяспас дос болып кетті. Бірі мұнай инже-

нері, бірі Алматы институтына келместен бұрын Гурьевтегі мұнай техникумын бітірген екен. Соңынан бұлар қан майданда нелер ауыр күндерді бастарынан бірге өткізді. Ұрысқа Псков қаласы жанында кіріседі, жау әскерімен жағаласа отырып Старая Русь тұсындағы Лычков станциясына шейін шегінді. Бұл сентябрь айының орта кезі еді.

Қарасұр бұлтпенен торланған күзгі сұрғылт аспан. Көз ашырмай себелеген ақ жаңбыр. Аяғыңды бассаң, көк шөпті, қорда сеқілді жұмсақ жер, суы шығып, бырқ-бырқ етеді. Суық күздің көңілсіз райына бөленіп, берекесі кетіп, түскен дүние... Тек қана сырын сыртқа шығармай мұлгіген ну жапырақты, қалың қарағайлы жасыл орман. Осы орманның бойын қуалай, Лычков станциясының солтүстік жағындағы «Долгий бор», «Длинный бор» деревняларына түйіле бұлардың полкі бекінді. Майданның алдыңғы шебі бұл жерден он-ақ шақырым. Ауыр гаубицалардың гүрс-гүрс атылған үндері жер сілкіндіреді. Жаңбыр сол толастаса, қалың бұлттың арасынан сымп етіп шыға келген неміс самолеттерінің гүрілі, аздан кейін тастаған бомбаларының жер солқылдатқан үрейлі дауыстары, тәтті қиялға кеткен адамдай, мұлгіп тұрған орманды селк еткізеді. Терең қазған окоптарда жауынгерлер бастарын шығарын «О-хо! Тағы да дәл тигізіпті! Айдаладағы төбешікке кебін кигізіпті!» деп сықақтай, сұр аспанға бір қарап қайтадан окоптарына кіріп жоқ болады.

Ерденнің полкі бекінген бұл орман майданының екінші қатары еді. Лычков станциясының оңтүстігінен бастап, солтүстікке қарай созылған 30 шақырымдай жерде екі-үш дивизия орналасқан. Ерендер соның дәл ортасында. Бұл күндерде Ерден рота командирі еді де, Жандос бөлімше командирінің қызметін атқаратын. Бірі лейтенант, екіншісі сержант болатын.

Бүгін Жандос азғантай кісімен полктің жатқан жерінен ілгерірек қазылған окопта күзетте болды. Түні бойы бір тынбаған артиллерия гүрсілі кепет өте жақын жерден бұлығып шыққан неміс автоматтарының сақау үні, майданның жақындап қалғанын сездірген. Сөйтіп таң атар алдында Ерден мен Жандос Совет Армиясының алдыңғы қатарында ,неміс әскерімен бетпе-бет кездесетін жағдайда қалды. Жандос Ерденнің бұйрығымен жау келетін тұстың алдыңғы жағына бөлімшесіменен бекінді. Ерден оларға «Бұйрықсыз шегінбеңдер» деді.

Қою қараңғы түн бозарып барып, таң да атты. Кенет қатты жел тұрып, аспан ашылды. Алтын нұрын төгіп, көкжиекті алқызыл сәулесіне боян күн де шықты... Атқан таңмен бірге өлім құшағын жайып майдан да оянды... Бейбіт жатқан өмірді қанға боялған канішер фашистердің зор қылмысынан ұялғандай қызара бөртіп шыға бастаған қызғылт күн, күпәнді бар әлем көрсін дегендей, сәулесін молынан төге жоғары көтеріле берді... Сол кезде, көзді ашып-жұмғанша дүниенің астан-кестенін шығарып, қанды ұрыс басталып та кетті.

Жандостар екі пулеметті қатар қойып алып жауды тойтарумен болды. Қызылға үймелеген шыбындай неміс солдаттары бірнеше рет төніп келіп, совет жауынгерлерінің ерлігіне шыдай алмай кейін сырғыды. Жандос пен көршілес рота командирі Таран бастаған жігіттер аждаһадай жұтамын деп ұмтылған бірнеше танкілерді де үстерінен өткізіп жіберіп, соңынан дүре тиіп, ауыр граната, жанымпаз зат құйылған бөтелкелермен күл-талқанын шығарды. Ер жүректі жауынгерлер өлім хаупі таялған сайын, жараланған жолбарыстай ышқына түсті.

Жан беру жайшылықта қиын. Алысқан мақсатың қымбат болса өлемін деп өкінбейсің. Жаралы ерлер Отан үшін, халқының тілегі үшін төніп келген хауіпті түкке де санамады. Олар алыса берді. Аралары спректей түскен сайын, өлген жолдасының міндетін өзіне тірісі борыш санап, жауға өршіге түйілді.

Адам баласының қасиеттері ауыр кезеңдерде ғана айқын көрінеді. Қимас қуаныштың басына қорқыныш туғанда ғана жайшылықтағыдан гөрі қымбаттана түседі.

Сол қолының қары мен оң аяғының сағы етінен оқ тиіп, қансырауға айналған Жандостың басына енді өлім төнді. Міне осы сәтте ойда жоқ жерден, әлсін-әлсін көз алдына Зейнеп елестей берді. Толқын қуып сыртқа шығарған теңіз түбіндегі асыл тастай, өлім қаупі жүрек шығырауында жатқан Зейнепке деген махаббатын қозған, қарт анасының қасындағы сүйген жарын бір көрсем деген тілек кенет пайда болды. Жан аямас қатты ұрыстың арасында бұл тілек біресе жанын күйдірген жалынға айналып, біресе жел үрлеген шырақтай іп-ілезде сөніп жатты. Осындай халде, окоп шетіндегі Жандостың көзіне бір суық сурет түсті. Оны Зейнепке бір жылдан кейін жараланып Алматыға қайтып келген Ерден айтқан. «Иә, оның көзіне арыстандай ақырған мен түстім»,— деген Ерден. Дәл осы сәтте оған автоматын көздеп жақындай берген немісті көрдім. Батыр достан мәңгі айрылмақпын! Өзіме таяп қалған немістің бір солдатын мылтықтың сүйір ұшымен түйреп тастап, Жандосқа жақындаған фашистке қарай атылдым. Қышқаштай мықты қолдарыммен тамағына жабыса кеттім... Бір секундқа жетпей сорайып тұрған жұтқыншағы қолымда кетіп, ауыр денесін көтере алмай, неміс жерге гүрс ете құлады. Өзім де есеңгіреп қалдым ба білем, тек құлағыма:

— Өмірде ұмытпаспын бұл жақсылығыңды! — деген Жандостың өлімсіреген даусы естілді.

Қанша мезгіл екенін білмеймін, есім кіре, көзімді ашып, жанжағыма бір қарағанымда, жер құшқан жолдастардың арасында мылтықтарын жаландатып өзіне таяп келе жатқан неміс солдаттарына қолындағы ақырғы гранатын жоғары ұстап, қаһарлана күтіп тұрған Жандосты тағы көзім шалды. Дәл осы сәтте гранатын Жандос та лақтырды, немістер де автоматтарын дырылдата

алға жүгірді. Тек шалқая барып мәңгі құлаған Жандосты көріп қалдым. Аржағында есім ауып кетті...»

Пә, Жандос жау оғынан құлаған. Кенет жел тынып, күннің көзін қара бұлт торлап, аспан түнере түсті. Қан-қан болған жасыл орманды қою қараңғылығымен бүркеп түн де келді.

Күні бойы мызғымастан неміс дивизиясының зор күшіне төтеп берген полкке бұйрық жетіп, Ерден де өз адамдарымен кейін шегінді.

Оққа ұшқан солдаттардың ішінде дыбыссыз жатқан Жандостың бетіне ол бір қарады да, кете барды. Жандос осы суретті көрген. Артынан неміс әскері бұл араны басып қалғандықтан совет әскері қайта орала алмады. Сөйтіп шалажансар Жандос өліктердің ішінде қалды.

Полк кейін ығысқанда, неміс дивизиясы «Долгий бор» деревнясына кірді.

Таң алдында Лычков станциясының қалың ағашында тығылып жүрген партизандар, соғыс болып өткен жерлерден асып бара жатып, ақырын ыңырсыған Жандостың үстінен шықты. Өздерінің штабына көтеріп алып кетті. Олар жаралы жанды қалың орман түбіндегі госпитальдарында жылға таяу емдеді.

Жандос осылайша партизандарға қосылды да, оны өлді деп санаған полк командирі Сақып пен Зейнепке «қара қағаз» жіберді.

Ерденнің полкі алдыңғы шептен шегініп, тынығуда біраз уақыт тұрғаннан кейін, Қазақстанға жіберген майдан уәкілдердің бірі болып ол 1942 жылы май айында Алматыға келді. Жолай абайсыз құлап аяғын азырақ мертіктіріп алған. Майдангер адамға балдақ жарасымды. Ерден де сол балдаққа сүйеніп өзінің бұрынғы сабақ берген тау-кен және металлургия институтына барды. Жаралы ерді жұрт құшағын жайып қарсы алды.

Бұл Жандостан үш жас үлкен еді, осы жылы жиырма жетіге шыққан. Кең жауырынды қара торы жігіт болатын. Жоғарғы мектептерге мұғалімдер жетпей жатқан кез, жаралы жауынгер офицер институттың арнаулы хатымен сұралынып әскер қатарынан босатылды. Сонынан арнаулы броньмен мүлдем майданға бармай қалды. Аяғының жарасы жазылса да енді ол өзін соғыс мүгедегі етіп көрсетіп, толып жатқан кездесу, мәжілістерде патриоттық сөздер сөйлеп көптің көзіне түсе білді. Ол кезде жаралы майдангерлердің аса қадірлі шағы, аяғының сылтыңы бітсе де, балдақтың орнына таяқ алып, қолынан тіпті тастамады. Осылай Ерденнің бағасы арта берді .Бір жыл өткеннен кейін, майдандас жолдасының үйі осында екені есіне түсіп, әдеқалай Жандостікіне барды. Оның шешесі мен зайыбына болған уақиғаны бастан-аяқ жыр етіп айтып берді. Сақып пен Зейнеп көздерінен жастары сорғалап отырып тыңдады. Бұл екеуінің Жандосты өлді деп се-

нуіне осы Ерденнің сөзі де көп әсер етті. Кәрі ана Ерденді жалғызының жан жолдасы деп түсінсе, жас келіншек сүйген жарының ерлік істегі серігі санады. Ерден бұл екеуінің бірдей тілеген қонағы, сырласар досы болып алды.

Жігіттің өзі де бұларды өте сыйлап, демалыс күндері әдейі арнап келіп, ұзақ уақыт әңгімелесіп кетуді жақсы көрді. Осындай әңгімелердің көбі майдан, жұмыс жайында, Жандостың ерлігі туралы айтылатын. Сөйте-сөйте Жандостың шешесі мен әйелі Ерденге әбден үйреніп, ол келмеген демалыс күндері өте көңілсіз өтетін күйге жетті. Сөйтіп жүріп жарым жыл мезгіл тағы өтті.

Ерден де жиырма сегізге аттап, енді оған үй болу керектігін ойлайтын мезгіл де жетті.

Бұл ой үйленер жаска жеткендіктен емес, бөтен себептен туды.

Жасыл шөпке қызыл гүл кандай жарасымды болса, жас өмірге махаббат та сондай келісімді гой!

Махаббатсыз өмір жапырақсыз ағаш-сынды сидиып тұрады.

Ерденнің жүрегінен осы өмір көркі — махаббат өрістен орын алған еді. Оған себеп болған Зейнеп. Ерден досының жұбайына бір ақпейіл, кісіні аягыш жан боп көрінеді. Содан кейін бөтендердің жарасын жазамын деп жүріп, өзінің жараланып қалғанын Зейнепке қинала-қинала сездірді. Бұған Зейнеп сенді. Жас келіншекке Ерденнің соңау күнәсіз көзқарасында «менің мұным кешегі жан жолдасымның өлмес бейнесіне жаққалы тұрған кірім болмас па екен?» деген бір жанына батқан, тәуекелге бара алмай қажыған сезім бары да өте ұнады. Жүрегін толқытты. Мұндай адал сезім екінің бірінде бола бере ме? Әрине, бола бермейді. Мұндай жолдаска деген ардың адалдығы, тек Ерден тәрізді жақсы жандардың ғана қолдарынан келеді деп ойлады Зейнеп. Бұның да көңілі Ерденге ауа түсті. Бірақ жас келіншек, кәрі енесі түгіл, өз ойын өзінен жасыра алды. Жаны Ерден деп канша елжірей бастаса да, сыртына сыр бермеуге тырысты. Әйткенмен көпті көрген бишара ана, келінінің шерлі жүзінде Ерден келгенде жарқ ете қалатын болмашы қуаныштан, оның жүрегінде терең толқындардың еріксіз тұнып жатқанын түсінді.

Оған әңгіменіздің басында келініне айтылған сөзді қайтадан бастауына да себеп болған өмір сырының бірі осы еді.

Қанша жасырғанмен бұл сырдың, астынан еріген кар секілді, бір күні сыртқа жарып шығатыны бишара анаға мәлім еді. Расында да солай болды.

Кешке таман Ерден Зейнептікіне келді. Сақып үйде жоқ екен. Зейнеп пен Ерденнің көптен бері бірінші кездесуі еді. Көңілдерінде бірдеңенің бары себеп болды ма, оңаша кездескендерінен екеуі бірдей қысылды. Әсіресе Зейнепке осылай көрінді. Амандасқаннан кейін де жарытып бір-біріне ешнәрсе айта алмады. Фабрикадағы жұмыс жайын сөз қылып отырды да, Зейнеп терезеден алыска көзін салып күрсінді.

— Неге күрсіндің, Зейнеп? — деді Ерден бетіне қарап.

— Жәй әншейін... кейде ойда жоқ жерден есіңе өткен қызық күндер түсіп кетеді...

— Зейнеп, өткен күн қайта оралмас, ол тәтті ұйқыда көрген бір түс секілді. Адамның тіршілігі, тілегі келешегінде емес пе?

— Ол солай ғой...

— Солай болса өзің келешегің туралы не ойлап жүрсің? Әлде осылай өмір бойы қара жамылып өтемін дейсің бе?..

— Қайдан білейін...

Ерден түрегеліп Зейнептің қасына барды, Зейнептің иығына ақырын қолын салып:

— Зейнеп, бері қарашы! — деді. Зейнеп терезеден бетін Ерденге аударды. Оның жүдеңкіреген ақшыл бетіне қызарып қан жүгіріп, мөлдіреген қара көздерінде жүрегін елжіретер тәтті сезімнің ыстық сәулесі ойнап түр екен.

— Зейнеп,— деді Ерден оның иығынан қолын алмай.— Өзіңе анада сездірген бір сырым бар еді ғой, тағы да айтсам тыңдайсың ба?

— Тыңдайын.

— Бұрын сынасып көрген жоқ едім, махаббат деген ұлы күш екен, жеңілмес жігерлі болсам да, мені еңсеріп әкетіп барады... Не дейсің?..

Зейнеп ұзақ отырды. Оның бетї бір қызарып, бір бозарды.

— Не дейін? Жандостан айрылғаннан бері, жүрегім тас болып қатқан секілді еді, жібімес деп ойлап едім... Олай емес екен, тірі адам тірлігін істейді екен... Нұрын түсірер сәуле болса, қара көңілің күмістей ағара алатын тәрізді...

Зейнеп кілт тоқтады. Оның сөзінің жалғасын махаббат нұрымен насаттанған мөлдіреген көздері айтқандай еді. Екі жас бірбіріне жалынды кеуделерін таяп ұзақ сүйісті... Сақып келгеннен кейін Зейнеп алыстан толғап, Ерденге қосылмақ болғанын естіртті. Кәрі ана осылай бітерін бұрыннан сезіп жүрсе де не дерін білмей сүп-сүр боп ұзақ отырды. Бойында іп-ілезде қызғаныштың оты лап етіп тұтанып ,іші удай ашыды. Дегенмен де ақыл-ойын адамгершілік сезіміне билетіп:

— Жарайды, қалқам, Жандосымнан кем жігіт көрінбейді, құтты болсын,— деді.

Екі айдан кейін Ерден мен Зейнептің тойы болды. Сақып алғашқы кезде бөтен үйге көшуді ойлағанмен, Ерден мен Зейнептің көңілін қимай қолдарында қалды. Зейнеп Сақыпты бұрыннан туған анасынан кем көрмейтін. Жалғыз ұлынан айырылып мынадай күйге түскен кәрі ана бірденеден көңілі қалып ренжіп жүрмесін деп басына жастық, астына төсек болды. Жалғыз баласынан айрылған сорлы анаға қандай күй керек, отыруынан жатуы көп. Сөйтіп жүргенде, арада тағы бір жылдай уақыт өтіп, Зей-

неп екі қабат болып ұл тапты. Ерден баласының атын Жеңіс қойды.

Кішкентай ғана Жеңіс үш айдан асысымен Сақыптың қолынан түсірмес ермегі, қуанышына айналды.

Жас балаға жаны құмар кәрі ана Жеңісті жанындай жақсы көріп, күндіз-түні соны ермек етті.

Үш ересек адамның ортасындағы балдырған жас нәресте, үй ішінің сәні де, әні де болды, әлденені былдырлап жұрттың көңілін көтерді.

Бұл кезде майданда да біздің армияның шабуыл қарқыны күшейіп, қала үстіне қаланы алып, жағдай өте өзгерген еді.

Халықтың көңілі масайрай түсіп, шаттық шұғласы ел басына нұрын төге бастаған күн туды!

Жеңіс сағатын жұрт енді аңсап күтті. Әсіресе жалғыз баласын жауға берген, жүрегінде кек жалыны әлі сөнбеген кәрі ана жұрттан ала бөтен осы күнді сағынуда еді.

Таңертең үй іші болып шай ішіп, жайдарыланып отырғанда бірсу есікті қақты.

— Кіріңіз,— деді Ерден дауыстап.

Былғары сумкасын көтеріп хат тасушы жас бала жігіт үйге кірді.

— Тілепова Сақып кім? — деді ол.

— Менмін, неге керек болып қалдым? — деп Сақып хат тасушы балаға қарады.

— Сізге майданнан телеграмма бар,— деп бала қолындағы қағазын Сақыпқа берді де, «отыр шай іш» дегенге қарамастан шығып кетті.

Сақып қолындағы қағазды аң-таң болып, түсі әлденеге сұрғылттанып Ерденге ұсынды. Ерден телеграмманы қолына алды да дауыстап оқыды.

«Құрметті ана және Зейнеп!

Үш жыл партизандармен бірге болып, аман-есен Қызыл Армияның қатарына қосылғам. Денсаулығым жақсы, жақында елге барамын. Өздеріңнің жағдайларыңды айтып телеграмма беріңдер.

Сендерді сүюші Тілепов Жандос». Содан кейін бөлімінің пошта жәшігінің номері көрсетілген.

Телеграмманы оқып шыққаннан кейін үшеуі де алдыменен ешнәрсеге түсінбеген адамдай аңырып отырып қалды.

Ерден телеграмма сөзіне сенбегендей басынан аяғына шейін көзімен тағы бір шолып өтті. Сәл кідіріп, көзінің астымен Сақыпқа қараса екі көзінен жасы сорғалап, аузы кемсеңдеп, не қыларын білмей талмаусырап отыр екен.

— Апа, оныңыз не... Қуанады екен десе жылағаны несі...

Сақып жауап қайтармай ақырын жылай берді...

Қуаныш минуттары өтісіменен, ең алдымен ойға қалған Ерден болды.

«Бұл қалай? Жандостың өліп жатқанын өз көзіммен көрген жоқ па едім? Жоқ, оның кеудесінен жаны шықпаған екен ғой. Нағып сол минутта мен байқамадым? Қап! Енді мынау? Мен оны шешесі мен әйеліне өлді деп естіртіп, ақырында әйеліне өзім үйлендім...» Ерденнің денесі бір күйіп, бір суыды... Бірақ оны дәл қазір ұят емес, Зейнептен айырылып қалу қаупі жеңді. «Расымен Зейнеп Жандосына кете ме?» — жүрегі шын удай ашыды, өйткені ол Зейнепті шын жақсы көріп қалған еді.

Бұл минутта Зейнеп те жүрегінде алабұртып туа қалған асау толқынмен алысуда еді. «Япырай, бұл қалай?.. Нағып сенің қалдым! Сенетін қандай қақым бар еді? Мәңгілікпін деп антымды берген жоқ па едім... Енді мынау төрт жылға да шыдай алмай жұрт алдында, Жандостың алдында масқара болғаным!..»

Зейнептің Жандосты аман-есен көремін деп алғашқы қарқында лепірген көңілі кенет су сепкендей басылды. Бұл сезім Жандосты көргісі келмегендіктен туған жоқ, ол әлі де болса оны көруге ынтық еді. Бірақ, ер жігіттің ар-намысын аяққа бастым-ау деген адамгершілік, ұялудан туған сезім жан-тәнін күйдіріп өзегін өртеді...

Бәрінен де үлкен толқуда отырған Сақып еді. Жалғыз баласының тірі шыққан қуанышы, кәрі ананың әуелі ақыл-ойын, сана-сезімін тегіс билеп кетсе де, қысылып отырған Ерден мен Зейнепке көзі түсіп еді, кенет кәрі буындары дірілдеп, кәрі жүрегі удай ашыды. Ол Жандостың Зейнепті жанындай жақсы көретінін ертеден-ақ білетін. Ер жігітке тірідей жан серігі сүйгенінен айрылу өлімнен кем емес азап, қорлық екені оған ешкім айтпай-ақ мәлім. Қан майданнан жауды жеңіп, күні ертең Жандосы келгенде, оған не деп жауап бермек? Уыздай ұйып жарын күтіп отырған келініне жел берген өзі емес пе?.. Жарайды, Жандосы өлді деген қағаз-ақ келсін. Оған жұрт сенсін, Зейнеп сенсін, бірақ ананың сенетін жөні бар ма еді?

Сақып не қыларын білмей ұзақ отырды. «Болған іске болаттай бол»,— дейді қазақ. Болған іске канша берік боламын десе де жалғыз ұлының басына туғалы тұрған қиындық кәрі ананы қоярға жанын жер тапқыздырмай, өртеп барады.

Әйткенмен, Жандосы тірі ғой. Жалғызы тірі! Анаға бұдан артық қуаныш бар ма? Кенет ол өзге өмірдің бәрін ұмытты. «Жалғызым, Жандосым тірі екен ғой!» деп дауыстап жіберді де, жылап қоя берді.

— Ие, енді не істейміз? — деді Ерден.

Бұл сұрақ Зейнепке арналған еді.

Жай айтылған сөздің түбінде үлкен зіл жатқан... Зейнепке бұл сұрақ: «Өзің шеш... Қайсымызды таңдайсың...» дегендей болып естіледі.

Қандай ауыр болса да осы ұятқа шыдаймын деп отырған

Зейнептің жүрегінде бір жағынан ескі жараның аузы ашылып, Жандоска деген бір кездегі ыстық махаббаты қайта оянып, екінші жағынан Ерден деген жалынды сезім өз құшағынан оны шығармаймын дегендей өрши түсіп, махаббат таласы туып та қалған еді.

Дегенмен де ақылға салып келгенде Зейнепте ақырғы сезім күштірек көрінген. Ол Ерденге де сүйіп тиді, одан ұл тапты. Жандоска бір кезде күйіп-жанып қосылғанмен де, толқынды толқын қуып жарға шығарғандай, екінші махаббатқа берілу үшін бірінші махаббаттың ерке желі жүрегінде сөнуге айналғанын сезгендей еді... Бірақ, дәл қазір оған ар-намыс, махаббат, қуаныш, ұят — бәрі бірдей ұштасып, ойын қорытып, бір пікірге келуге жол бермеді.

Зейнептің қысылып отырғанын білген ана:

— Болар іс болды. Ақылды еді ғой Жандос қалқам, түсінер... әзірге амандықты білдіріп телеграмма беріңдер,— деді.

Ерден мынадай телеграмма жазып:

«Аман қосылғанына көп қуандық. Біз де тегіс аманбыз. Жеңіспен тез қайтуыңды аңсап күтеміз.

Сақып, Зейнеп, Ерден». Почтаға апарып салып келді.

Бес-алты күннен кейін:

«Демалысқа Алматыға келе жатырмын. 20 август күні боламын. Сәлем жолдап Жандос»,— деген Жандостың екінші телеграммасы келді. Сол күні Ерден мен Зейнеп басқа пәтерге шықты.

Жандосты 20 август күні Сақып, Ерден және бөтен жолдастары вокзалда күтіп алды. Жалғыз-ақ Зейнеп бармай қалды.

Үйге келгеннен кейін, зор қуаныштың арасында, жолдас-жораларымен рахаттанып қалжыңдаса бастаған Жандос, бағанадан бері көзіне түспеген соң «Зейнеп қайда?» деп анасынан сұрады. Отырғандар үндемеді. Ерден үйден шығып кетті.

— Қарағым, бір үлкен кешірілмес қате болды, оған мен де айыптымын,— деді анасы, Жандоска таяп.

— Қандай қате!? — Жандостың түсі өзгеріп сала берді.

Болған істі бастан аяқ Сақып баласына баяндап өтті. Бір сұмдыққа ұшырағанын қарсы алуға Зейнептің келмеуінен-ақ сезген Жандос, анасының сөзін бір бөлместен, ернін тістеп, қабағын түйген қалпымен тыңдап шықты.

Сақып сөйлеп болды. Әлі ешкім аузын ашқан жоқ, тек көздерінің астымен отырғандар Жандоска қарап қояды. Олар Жандостың бір бозарып, бір қызарып, әлсін-әлсін құбылған түрінен, жүрегінде қандай тартыстардың жұлысып жатқанын айқын сезуде еді.

Расында Жандостың ой сезімі, жан сезімі, ақыл сезімі бұлқан-талқан аласұруда еді. Бір жағынан алыстан аңсап келгенде сүйген жары сағым секілді кез алдында ғайып болып, махаббаттың жалынды дерті жас жанын отқа салса, екінші жағынан ұлы

қаснет — адамгершілік парызы «Өзіңе өзің ие бол» деп ақыл беруде еді. Сөйтсе де, Отан үшін, ел үшін, қала берді сол Зейнеп үшін, қан майданда қан кешіп, туған жеріне сағынып жеткенде, ар-намысына күйе жағылып, шаңқай түстей көтеріңкі көңілі кенет жер болғаны оған жаман батты.

— Қалқам, ешкім де айыпты емес, тағдыр,— деді бір кезде кәрі ана.

— Жоқ, апа. Бұған айыпты соғыс. Қанішер Гитлер,— деді Жандос орнынан тұрып,— шіркін-ай, мен мұндай болады деп ойлап па едім!.. Махаббат күйігі, қандай ауыр едің!.. Оқасы жоқ, өмірдің бұ да бір сыны да... Бұл опасыздықтан емес, өмір әрекетінен туған оқиға екен, орынсыз тұлау білместік болар...

Жұрт Жандостың сана-сезіміне, ұстамдылығына таң қалған... Оның үлкен жүректі адам екеніне күмән келтірмеді. Отырғандардың көңілдері сәл көтерілді. Бір сағаттан кейін кісі жіберіліп Ерден мен Зейнеп шақырылып алынды. Зейнепті көргенде Жандостың бойы балқып, жүрегі өртеніп кетті. Екеуінің бетінен кезек-кезек сүйіп, қолындағы рюмкасын көтеріп:

— Қәне жолдастар, Ерден мен Зейнептің келешектегі қызықтары үшін ішейік! — деді. Жұрт тегіс мақұлдады.

Жандостың жүрегін дәл осы сәтте адамгершіліктің ұлы сезімі биледі.

Иә, бұл оқиғадан кейін жиырма жылға жуық уақыт өтті. Ондағы жара әлдеқашан жазылған. Рас, оңай жазылған жоқ, ұзақ жылдар ісініп, қабынып, ақыры жара орны мәңгі кетпес тыртық болып бітті. Ия, тыртық болса да бітті ғой, Жандос соңынан басқа семья құрған. Бағына қарай, жаңа семья да құтты болды. Әйелінен бір ұл, бір қыз туды. Әттең, не керек, кемпір шешесі жалғыз ұлының соғыстан қайтқан қызығын көргенмен, баласының қайтадан бақытты болып, семья құрған қуанышына жетпей, екі жылдан кейін қайтыс болған. Бұ да Жандосқа ерекше батқан. Бірақ осының бәрі Жандостың жарасы еді ғой, ал Ерден өшігерліктей бұның қандай күнәсі бар? Әлде, әлде сонау бір карт коммунистің айтқаны шын ба? Қой, біздің заманымызда ондай себеп болуы тіпті мүмкін бе?»

— Тағы бір қиын жағдай,— деді Жандос сөзін қайта жалғап.— Біздің экспедиция әзірге барлау-зерттеу міндетін атқарады ғой. Әсіресе терендіктегі мұнайды зерттеуді. Ал алғашқы жүргізілген скважиналар жөнді нәтиже бермегені, өзіңізге белгілі. Біз тіпті осы тұстан ойдағыдай мұнай қорын таба алмаймыз ба деп қауіптеніп едік. Бас геолог Жәлел Бестібаевтың үлкен көмегі тиді. Бұ кісі мұнараларды оңтүстікке қойдырып жатыр. Соңғы терең жүргізілген скважинадан күшті фонтан атылғаны тағы да бәрімізге мәлім.

— Жарайды Бестібаев келді де мұнай табыла қалды делік,— деді Ерден кекете күліп.— Сосын?

— Сосынғысын мен айтайын,— деді орнынан ұшып тұрегелген Жәлел. Ол рұқсат күтіп тұрмай сөзін бірден бастап кетті.— Өзектің қазіргі кемшіліктері бізден емес, мына сіздерден деп білемін. Жоғарғы жақпен байланысты...

— Қызық екен! — деді Ерден қабағын жаза күлген боп.— Мұнайды Өзекте сіздер барлайсыздар, ал оған Алматыда отырып біз айыпты боламыз! Бұл бұрынды-соңды мен естімеген пародокс!

— Естімесеңіз, естіңіз! — деді Жәлел де қызулана қалып,— қандай сәтсіздік болмасын бұған бір ғана орындаушы айыпты емес. «Балық басынан шіриді» деп қазақ боска айтпаса керекті...

— Асықпай сөйле, Жәлел,— деді Жандос сәл езу тартып.— Бұл кінәласатын жер емес.

— Жоқ, кінәласатын жер,— деді Жәлел Ерденге тесіле қарап,— әркім өз міндетін дұрыс атқара білуге тиісті және кім болса да айыбын мойындауы керек. Мінекей, он үшінші скважина қазылып біткелі жарты ай болды. Жіберетін алты дүйімдік колонна жоқ, содан бері бос тұрмыз. Бұған кім айыпты? Бізге бұл құбырларды Сумгаит заводы дайындауға тиісті еді. Телеграмма да бердік, кісі де жібердік. Не шықты? Құр уәде, бірақ құбырлар жоқ. Ал фонтан атылған бірінші скважинаның мұнайын өлшеп, сынау жұмыстарын жүргізу үшін насос-компрессорға қолымыз жетпей отырғаны тағы белгілі. Ең аяғы мұнай қабатын сынайтын тереңдік монометр мен штуцерге де жарымай келеміз. Маңғыстау құлазыған құ дала, мұнда белағаш сынса да, ондайтын завод түгіл, шеберхана жоқ. Осының бәріне кім жәрдем беруге тиісті? Әрине, министрлік! Ал Молқожин жолдас «сендерге не кедергі?» дейді. Бұдан артық қандай кедергі болуы мүмкін?

— Тағы қандай айыбың бар бізге қояр? — деді Ерден өткір көздерін сәл сығырайтып, Жәлелдің бетіне тесіле қарап.

— Министрлік істемей отырған басқа да кемшілік толып жатыр,— деді Жәлел сабасына түсіп,— мысалға су мәселесін алайық... Өзекке жұрттың шыдамайтын бір кемшілігі құр ғана ыстықтығы; табиғатының өрен қаталдығы ғана емес, көдімгі ішетін ауыз судың жеткіліксіздігі. Ал посёлке болса үлкейіп келе жатыр. Өзектегі өзекті мәселенің бірі бұрғылау қондырғыларын техникалық сумен қамтамасыз ету жайы. Қондырғыларға суды құдықтан қашанғы тасимыз? Бұл жерде, екі жүз елу метр тереңдікте, тәулігіне мың текше метр су беретін қабаттар бар. Оның ащылығы 3 градус БЭМО бойынша. Бұл суды техникаға пайдалануға әбден болады. Осылай жер астынан су тартатын күшті станциялар орнатып, Өзекке құбырлар арқылы су әкелудің орнына, министрлік, тәжірибесі әлі шамалы гидрогеолог жас қыз баланы жіберумен іс бітті деп отыр.

«Тәжірибесі шамалы, жас қыз баланы жіберумен іс бітті, деп отыр» деген Жәлелдің сөзі Танаға батып кетті. Ол шарт ете қалды.

— Су үшін қам жемеңіз,— деді Тана даусы қатты шығып,— су болады!

Бүгінгі мәжілістің стенографиясын жүргізіп отырған Гүлжамал дауыс шыққан жаққа жалт бұрылды. Ол екі көзінен от шашып, Жәлелді жеп қоярдай, қызғана қарағаң Танаңы көрді. Қыздың көзі дәл бұл сәтте махаббат емес, өзін мазақ еткендей болған жігітке ашу-ызаның ұшқынын төгіп тұр екен.

Гүлжамал әлденеге қуанып қалғандай. «Жоқ, жоқ, мынау көзқарасы жігітті жақсы көретін қыздың көзқарасы емес. Жақсы көретін адам әлгіндей «су, му» — деген сөздер үшін, мұншама ашуланаң қалмаса керек-ті».

Жәлел де Танаға мысқылдай көз тастады.

— Су болады? Қайдан болады? Әлде құдықтан өзің шелектеп тасисың ба?

Қыз енді тіпті күйіп кетті.

— Тасыса несі бар, тасимын! — деді ол өжеттене,— бірақ ондай күйге жетпеспіз деп ойлаймын. Жақында ескі құдықтың үстінен су шығаратын «водокачка» құрамыз. Құдықты сәл тереңдетсек поселкеге әзірге ауыз суы жетеді.

— Водокачка? — Жігіт тағы мысқылдай езу тартты.— Ғафу етіңіз, оны сізге кім орнатып жатыр?

— Алматыға телеграмма берілген. Көп кешікпей моторы да, бөтен керек заттары да келіп қалуға тиісті!..

Жәлел кекете «әлі телеграммаңызды ғана айтып тұрсыз ба?» дей жаздады да, Тананың көзінен бұған шын ашуланып қалғанын ұғып, «жақсы, солай-ақ болсын» дей салды.

Бірақ Жәлелдің сөзі Тананың жүрегіне шаншудай қадалды. Поселкеге су жеткізе алмай бұрынғаң да күйініп жүрген Танаға Жәлел оны бұл жолы жұрт көзінше айыптап тұрғандай боп көрінді.

Осы болмашы оқиғадан соңынан бірбеткей екі жастың арасына әжептеуір араздық түсті.

— Ал тағы бізге қояр қандай кінәң бар? — деді әлі қабағы жібімей отырған Ерден Жәлелге қайтадан бұрылып.

Бірақ Жәлелді тоқтатып, сөзді жақында трестке барып келген Сәлімгерей алды.

— Менімше,— деді ол орнынан түрегеліп байсалды үнмен,— Жәлел Бестібаев жолдас дұрыс айтты. Маңғыстауды барлау тәрізді үлкен істе қателік, жетіспегендік болуы сөзсіз. Мәселе әркім өз міндетін дұрыс атқарып, кемшілікті дер кезінде жөндеуде ғой. Әрине, Өзек экспедициясының қолынан келмейтін істерге министрлік жәрдемдесуі керек-ақ. Үнемі олай болмай отырған тәрізді. Сондықтан бұрғыланып біткен екі скважинаның екеуі де

сынақтан өтпей тұр. Бұл үлкен жетіспегендік. Ортақ істің оябын тапқанға не жетсін.

— Ал сонда,— деді Ерден әлденеге күлімсірей,— Жәлел Бестібаевтың бұрынғы барлау-бұрғылау схемасының көп жерін өзгертіп жібергеніне қалай қарайсыз?

Негізгі схемаға Сәлімгерей ғылыми тобының қатысы бар екені осында отырғандардың бәріне мәлім еді. Бұл сұрақты, әрине, Ерден ғалымның менмендігіне тиіп, мәселені шиеленістіре түсіргісі келіп бергенін де жұрт аңғарып қалғандай.

— Геология творчестволық ғылым,— деді Сәлімгерей.— Ал мұндай творчестволық ізденуде қатенің болуы ғажап емес. Біздің схемамыздың дұрыс емес екенін Алматыда жүріп өзім де күдіктене бастағам. Бірақ қатені менен бұрын Жәлел Бестібаев көріпті. Өз басым оған тек рахметімді ғана айтамын. Және кезінде Жәлелдің бұрғылау схемасын қабылдағаным жұртқа аян...

Сәлімгерей құр ғана белгілі оқымысты емес, онымен жоғарғы жақ та санасатын белгілі ғалым. Оның үстіне өз қатесін мойнына алып, Ерденнің ойлағаны болмай қалды. Амал жоқ Ерденге енді кілт өзгеруге тура келді.

— Бір қате екінші қатені тудырмау керек,— деді тағы Сәлімгерей.— Әркім ісінің осал жерін мойындауы біздің жұмысымызда өте қажет.

— Әрине,— деді Ерден,— сол үшін де осы мәжілісті шақырып, өз кемшіліктерімізді де білгелі отырмыз ғой. Жәлел жолдастың да және бөтен сөйлейтін жігіттердің де айтқандары еске алынады. Қолдан келген жәрдем көрсетіледі.

Бұдан кейін де біраз кісі сөйледі. Ақырында кемшіліктерді қалай жою жөнінде тиісті шаралар белгіленді.

— Міне кей, жігіттер, мәмлеге келдік,— деді Ерден күлімсірей,— тек осы белгіленген шараларымызды орындайық, Отан алдында жаманатты болып жүрмелік.

Мәжіліс бітіп, жұрт тарап жатқанда жанында тұрған Сәлімгерейдің көзінше, кетіп бара жатқан Жәлелді шақырып алып:

— Саған да рахмет,— деді оның қолын қысып тұрып Ерден,— бір-бірімізге қатемізді бетімізге айтып, осылай бірігіп қызмет істелік.

Бірақ көзі «тұра-тұр, жұрт алдында мені сынап қадірімді кетіргің келетін сабазсың ғой, сенің де бір сүрінер кезің болар, «бірігіп жұмыс істеуді сонда көрсетермін» дегендей бір түрлі суық қарады. «Өзі күлгенмен көзі күлмейтін мұндайда кісі болады екен-ау» деп түйді ішінен Жәлел. Бірақ ол Ерден туралы бұдан әрі ештеңе ойламады. Өйткені Сәлімгерейдің жаңағы сөздері Жәлелді қуантып тастаған. Енді Жәлел онымен жеке сөйлеспекші еді.

II

Жандос Хәлелді көптен білетін. Бұлар Төбежікте де, Қызанда да жұмысты бірге істеген. Маңғыстауға шабуыл басталғаннан бері бір сапта келе жатыр десе де болады. Жандос бұрғылау шеберінің тұйық мінезіне әбден қанық. Аты-жөні жоқ жарқылдай қоймаса да, дәл бүгінгідей қабағынан қан жауып тым түнерген шақтарын бұдан бұрын көрмеген. Ал бүгін дәл бір жақын кісісі өлгендей көзі кіртиіп, екі ыңғы түсіп кеткен.

Жеңіл «Газ-69» машинасымен Жандос, Хәлел, Юрий Алексеенко үшеуі келіп мұнай мұнарасының жанына түсе қалғанда, басшыларды қарсы алуға алдарынан әдеттегідей ешкім шықпады.

— Көрдіңдер ғой, жұмысшы табы біздің келгенімізге көңілдерін бөлер де емес,— деді күліп Жандос.

— Өзің болсаң да сөйтер едің,— деді Юрий Михайлович көңілсіз үнменен.— Қазір бұларға біздің қанша керегіміз бар?

— «Алыс деп аулыңа қайтпайсың ба?» деген қазақта мәтел бар,— деді Жандос,— Қайткенмен бір шешімге келуіміз керек қой.

Осының алдында бұлар бұрғыланып біткен, сынаққа дайындалған скважинаға барған. Мұнай қондырғы тұрған төмпешіктің күнгей жақ ылдиында қап-қара қарасудай боп тұнып жатқан шағын ғана мұнай көлін көрген. Бұл жер астындағы салмақтың азайған сәтсіздіктің белгісі еді. Үшеуі де жүдей қалған: Содан кейін осы жаңадан қойылған мұнараға келген.

Қондырғыдан ешкім шыға қоймады. Енді бұл үшеуі сөйлесе солай қарай беттеді.

Мұнара іші әдеттегісіндей ың-жың. Төжегіш тетіктердің ысқырығы насос резинке шлангтар мен вертлюгтың катты дірілі, ротордың ырылы — бәрі қосылып бір адам айтқысыз у-шуға бөленген. Терендегі бұрғыға қанша салмақ түсіп жатқанын және оны тағы қанша күшпен төмен қарай айдау керек екенін көрсететін дриллометрдің алдындағы тежегішін қос қолымен ұстап Хәлел тұр. Мызғыр емес. Өзге жұмысшылар да әрқайсысы орындарында. Қозғалар түрлері жоқ. Кейбіреулерінің сақал-мұрттары өсіп кеткен. Бәрінің де жүздерінен қажығандық па, әлде ренжігендік пе, әйтеуір бір кейістік байқалады. Экспедиция бастықтары келгенін көрсе де, сол қозғалмаған қалпында тұрған Хәлел енді ымдап қарсы алдындағы жәрдемші, кірпік шашты жас қазақ жігітін шақырды да, дриллометр тежегішін қолына ұстатты.

— Мықтап ұста,— деді ол. Сөйдеді де өзі босанып шықты.

Келгендермен үн-түнсіз қол алысып амандасты. Өзіне бірдеме деген Жандоска «естімедім» дегендей алақанымен ишарат істеді де, бәрін ертіп далаға шықты.

— Халдерің қалай? — деді Жандос, бұрғышылардың халының қандай екенін біле тұрса да, үйреншікті сұрақты беріп.

— Бізден қандай хал сұрайсың? Көрген шығарсыңдар,— ол Жәлелдер барып қайтқан скважина тұсын меңзеді,— сондай мұнай шығарып жатқан бригадада қайбір жөнді хал болатын еді?! — Ол төмен қарай жылжымай тұрған бұрғылау құралынан көзін алар емес.

Кеше ғана өзгеге шырақ саналып, Маңғыстау үлкен мұнайының алғашқы фонтанын атқызып, екі езуі екі құлағына жете мәз болып жүрген бұрғышының, қуанышы кілт үзіліп, жанының шын ауырып тұрғанын үш бастықтың үшеуі де түсінді. Хәлел қайтадан сөйледі.

— Ана тоқтап қалған скважинадағы ертіндіні көрген шығарсыңдар,— деді.

Бұлар әрине, көрген. Ұзын астауда қара қоңырлайлы болмашы сұйық зат жатқан.

Бұл бұрғы ертіндісі еді.

Бұрғылау жұмысының қалай бара жатқанын көрсететін дриллометрден кейінгі екінші көрсеткіш осы ертінді. Жер астындағы бұрғының сыртқа шығарылып жатқан қазындысы. Осыған қарап жұмыстың қай қабатта жүріп жатқанын анықтауға да болады. Қазір ол жердегі лай қою және қара қоңыр еді. Бұл бұрғының мұнай қабатының астыңғы жағындағы қысым салмағы түсіп кеткен аливариттен жоғарғы мұнайлы аргелит тау жынысының тұсын көрсетіп тұрған.

— Біз жұмысшы адамбыз,— деді Хәлел.— Ал жұмысшы адамның қуанышы да, арманы да істеп жатқан ісінің игілікті болуының үстінде. Тіршілігінің көбі осы бұрғылау өткен кісілерге мұндай қырсық өзгеден анағұрлым ауыр тиеді. Бұны өздерің де жақсы білесіңдер. Оның үстіне мына жаңа қондырғымыздың да бұрғысын тау жынысы ұстап қалды. Түніменен ұйқы көрген жоқпыз.

— Әрине, құр әуре болдыңдар ғой,— деді Жәлел.

Жалпы, тежегіш босатылып, салмақ бұрғыға түскенде тау жынысы қатты болса, бұрғымен жаншылып уақталып үлгірмей, ол түйіршік-түйіршік болып сыртқа лаймен бірге шығады. Әдетте бұрғышы ертіндінің әр сағат сайын сыбағалы салмағын, қазынды түйіршік құмның лайда қанша процент екенін, ертіндінің сұйық, қоюлығын, тағы басқа көрсеткіш қасиеттерін бақылап, өлшеп тұрады. Бұрғы өтіп жатқан қабаттың тау жынысына қарай, жоғарыға ол үнемі өзгеріп шығады. Бұрғышы өзінің керегіне дәлдеп, ертіндіні сұйылтып, не қоюлатып тұруға тиісті. Бұл технологиялық шарт. Дер кезінде судың жеткіліксіздігінен ертіндіге құм мен тастар шөгіп бұрғы жүрмей қалады. Бұны бұрғылау құралын ұстап қалу — прихват дейді. Ал сол ертіндінің түріне қарай бұрғының қандай тау жынысының тұсында екенін де айыру оңай. Тау жынысының ұшыраған жерін геологиялық картамен салыстырып қай қабатына бұрғының жеткенін анықтау тіпті қиын емес.

— Бұрғылау жеткен терендікте мұнайдың жоғы көрініп тұр ғой,— деді Жандос.— Бұдан әрі бұрғылаудың қажеті жоқ, тек бұрғылау құралының ұсталып қалғаны өкініштi. Иә! Жарайды, текке тұрудың қажеті жоқ. Қолдан келер мүмкіншілікті пайдаланған жөн.

— Ұсталған бұрғылау құралын босатуға мұнай ваннасын қолдансақ қайтер еді?— деді Алексеенко,— бірақ бұл әдіс извесі көп болған жағдайда қолданылады ғой...

— Мұнай ваннасының биіктігі забойдан екі жүз елу метрден кем болмауы керек,— деді Жәлел Алексеенкоға.— Оған отыз тоннадай солярка жұмсалуға тиісті. Қане, тез есептеп жіберші.

— Ау, Жәлел, не айтып тұрсың,— деді Жандос ренжіп.— Соншама солярканы қайдан аламыз? Қазір қолда бары отыз тоннаға жетпейді. Бәрін мұнай ваннасына жұмсағанда, өзге шаруаға қайдан табамыз?

— Оны өзің білесің...

— Иә, бұл кідіріс бұрғылаудың айлық жоспарын орындамау деген сөз,— экспедиция бастығы қолын бір-ақ сілтеді.— Майданда өз шебіңнен кейін шегінуден бірде-бір кем емес. Қандай қиындыққа ұшырағанымызды екінің бірі түсіне бермейді. Ертеңақ кейбіреулер Өзек экспедициясының кемшіліктері, шалағайлықтарынан туып отыр деп айыптайды. Ал жер астындағы мұнайдың шықпай қалғанына келсек, техникалық су мәселесі шешілмей жұмыс оңбайды.

— Бәрібір дұрыс айыптайды! — деді кенет қызынып кеткен Жәлел.

— Мен де Жәкеңе қосылам,— деді үндемей қалған Юрий Алексеенко.— Бұл біздің кемшілігіміз. Енді бәріміз бірдей жауап беруіміз керек. Шу деп барлау скважиналарын жүргізгенде су мәселесін де қатар ойлауымыз керек еді. Енді міне...

— Дәл мұндай дағдарыс болады деп кім ойлаған,— Жандос кенет жүдей қалды.

— Бір жылға отыз мың метр бұрғылау жоспарын жоғарғы жақ неге берді?— деп бағанадан бері үндемей тұрған Хәлел де сөзге кірісті.— Жоспар бар, өткен терендік жоқ, бұған кім айыпты? Баз баяғы жұмысшы табы ма? Жоқ, жігіттер, біз жұмыс істегіміз келеді. Тек бұрғылауға керекті заттарды, суды қамтамасыз етіңдер. Бұрғылау жоспарын орындау біздің міндетіміз. Ал боска тұрғызбау сендердікі. Жұмысшы адамға бос тұрудан, төсекте ауырып жату көп жеңіл!

— Жалпы Маңғыстаудың үлкен мұнайын барлауда болған бір мұнараның қырсығынан теңіз суалып, жер жарылмайды,— деді Жәлел.— Бірақ біздің кемістігіміз осы авариямен бітейін деп тұр ма? Бар мәселе атылмай қалған фонтанда. Бір бес жыл өткеннен кейін, жалпы геологиялық болжау бойынша, мұнай қабатының қысымы орта есеппен жиырма атмосфера төмендейді. Осының салдарынан көптеген скважиналарда, мұнай фонтанда-

ры тіпті атылмай қалулары мүмкін. Кезінде тиісті шара қолданбасаң қайғы-қасірет симфониясы сонда басталады.

— Қандай шараны айтасың? — деді Жандос.

— Мұндай жағдайда, өздеріңе белгілі скважинаны сынған өткізуге жәрдемдесер үш әдіс бар ғой,— деді Жәлел.— Біріншісі скважинаны қышқылтыммен жуу. Екіншісі, гидравликалық қысым арқылы мұнай қабатына су жіберу. Үшіншісі, торпедамен аттыру. Осы соңғы әдісті қолдансақ, кенді жібермей жатқан тау жыныстары жарылып, бөлшектенген тастардың арасымен қысымның жолы ашылады. Кішкентай жарықтар бойларымен мұнай скважинаға қарай ағады.

— Иә, алғашқы әдістер жалпы қолайлы...— деді Жандос.— Бірақ біздің жағдайымызда керекті құралдар жеткіліксіз. Мысалы гидравликалық қысым тудыру әдісіне ҚА-200 агрегатының кем дегенде бесеуі керек. Қышқыл сұйық затпен мұнай қабатындағы жыныстарды жібіту ойдағыдай нәтиже бермесе тағы киын. Оданда торпедамен атуды қолдансақ па екен?

— Дұрыс айтасың,— деді Юра,— соның үшін атом зарядын пайдалана білу керек.

— Атом зарядын? — Жандос күлді.— Міне мұның шын киял! Иә, құр киял!

— Неге?

— Жер астындағы мұнайды шығаруға әлі ешкім атом зарядын пайдаланып көрген жоқ. Сосын ол зарядты бізге кім береді? Қалай аткызамыз? Қой, Юра, бұның құр киял!

— Бермесе береді! — деді Юра кенет қызулана қалып,— құлағымыз үйренбеген сөзді естісек, ылғи үрке қарайтын әдетіміз. Обнинскиде жүргізіле бастаған атом станциясы, атом ядросының бейбітшілік өмірге керек қандай күшті бере алатынын көрсеткен жоқ па? Ғылым деген, соның ішінде біздің заманымыздағы атом ғылымы да адам үшін жаратылған. Ғылым дәрі тәрізді, бір жағдайда аурудан жазады, бөтен жағдайда — ауруды асқындыратын уға айналады. Тек дұрыс бейбітшілік мұқтажына пайдалана білу керек.

— Сонда не істе дейсің?

— Торпеда отынының орнына скважинаға атом зарядын түсіру керек. Осы жарылған атом зарядынан қас қақканша, бір секундтан аз уақытта, атом реакциясы ғажайып қуат шығарады.— Юра қыза түсті.— Бұдан артық не керек? Атом реакциясы көзді ашып-жұмғаннан да тез уақытта өтеді. Адам ақыл-ойы бұның қалай болғанын да біле алмай қалады. Бұған шыққан уақыт бүкіл біздің планетаның миллиардтаған жыл сүрген, сүретін өмірімен салыстырсақ, көбелектің азғантай ғана мерзім қанат қағып тірі жүргені тәрізді. Бірақ сол қасқаққандай уақытта жер астында жарылған атом зарядынан миллион градустық ыстық пайда болады. Газы миллиондаған атмосфералық қысым тудырады. Бұл күш қаншама жердің күл-талқанын шығарады.

Ыстықтан кенет пайда болған газдың керемет қысым-қуатына шыдай алмай, мұнай теңізі амалсыз көкке атылады. Бір тамшысы қалмай жер бетіне көтеріледі.

— Фантастика! — деді Жәлел.

— Иә, нағыз барын тұрған фантастика! — деді Жандос.— Мұмкін келешекте мұнайды солай атармыз да. Ал қазір... Сен бізге сонау жер астында көлкіп жатқан байлықты кәдімгі жай күшпен қалай аламыз соны айт! Соны айт!

Көптен бері ойлап жүрген өзінің қиялына беріліп кеткен Юра, Жандостың сөзінен кейін іп-ілезде басыла қалды.

Жандостың да кенет қызына қалғанын түсінген Жәлел:

— Әрине,— деді,— біздің экспедицияның міндеті мұнай алаңын жан-жақты барлап, қорын есептеп болашақ кәсіпшілдікке даярлап беру. Ол кәсіпшілдіктің кезінде өз бастығы, өз бас геологы, бас инженері болады. Олар мұмкін скважинаның үздіксіз мұнай атқызатын жаңа прогрестік әдісін де табар. Бірақ біз өз міндетімізді дұрыс атқаруымыз керек. Анау мұнайы ақпай қалған скважинды қайтадан тірілтуге тиістіміз. Бұрғыланып жатқан скважиналардың бәрінен де жер майы көкке атылуы міндет! Әйтпесе Өзек алаңын төрт жыл түгіл, болашақ кәсіпшілдікке сегіз жылда да даярлап бере алмаймыз.

— Сөйтіп,— деді Жандос қорытып,— тезірек су скважинасын қазып, одан скважинаға құбырлар тартуға кірісуіміз керек қой!? Ал мына бұрғының ұсталып қалғанына келсек, мұнай ваннасын қолданбай болмайды. Трестен соляркі жеткізуін сұрау керек.

— Сол дұрыс! — деді Жәлел мен Юра.

Бұлар көп михнатпен тоқтай қалған Хәлелдің бұрғысын төрт күннен кейін қайта жүргізді.

Ертеңіне Жандос, Жәлел, Юрий, Тана төртеуі Маңғыстаудың академик Ахметсафин Уфа жасаған гидрогеологиялық картасын ортаға алып, жаңа скважинаны бұрғылау ісін ақылдасты. Іс үстінде Жәлел мен Тана қайтадан кездесті. Жұмысқа берілгендіктері соншалық, араларындағы қырғи қабақтық өзінен өзі ұмытылды. Екеуі бірін-бірі шын сағынып қалған екен, бір үйде, бір столдың қасына қатарласа отырғандарына іштей жаман қуанды. Жандос жаңа істің игілікті болуы үшін су жинайтын резервуарды, скважиналар арасына жүргізетін құбырларды қамтамасыз етуді өз міндетіне алды. «Егер бұл заттар форттан, не өзге экспедициялардан табылмаса, бір жетіден кейін түріктермен мұнайшыларына барамын!» деді.

Барлаушылар айтқан уәделерінде тұрды. Апта бітпей су скважина бұрғылау қондырғысы да дайын болды. Бұрғылау басталардан екі күн бұрын былтыр үйленген Юрий әйелі Зинаның ұл табуымен байланысты өзінің әкесі осы араға әйгілі карт мұнайшы Михайло Михайловичтың атынан жолдас, серіктерін тойға шақырды.

Жәлел мен Тананың арасында жаңа тұтанып келе жатқан махаббат оты кілт сөнгендей еді. Бұған себеп әрине әнеугі екеуінің арасындағы болмашы кикілжің емес. Рас, сондағы қағыс-талас, екеуінің де бір беткей жан екенін көрсеткен, бір-ақ одан бұлар шын араздаса қоймаған. Егер жұмыс бабында кездесетін мұндай уақ-түйек жанжалдардан бірін-бірі жақсы көретін екі кісі бірден алыстай қалатын болса, одан махаббаттың не керегі бар? Жоқ, үлкен махаббат тек үлкен жүректерде ғана туады. Ал уақ адамның махаббаты да уақ. Жәлел де, Тана да мұндай жандар емес. Расына келсек, дәл осы кезде бұлар махаббат туралы ойлау түгіл мезгілімен ұйықтап, мезгілімен тұруға қолдары тимей кеткен. Екеуін де бірдей жұмыс баскан. Сондағы болған қабақ шытарлық болмашы кейістік әлгідей жағдайға дәл келген.

Жастардың міне осындай күндерде, істейтін шаруалары жоқ, зерігіп жүрген екі шал — Бестібай мен Сары поселке желкесіндегі төмпешікте кездесті.

— Сары,— деді Бестібай,—сенің үйіңнің шырағы бар. Ал менің үйімнің сол шырақты сөндірмейтін майы бар. Бірісіз бірінің күні жоқ, бірісіз бірі жарық бермейді. Қайтеміз оларды бірдей қараңғы үйде отырғызып, қоссақ қайтеді екеуін?

Бестібайдың сөзіне іштей қуанып қалса да, қызының өз дегені болмаса, өзгеге көнбейтін мінезіне қанық Сары:

— Қайдам,— деді,— осы күнгі шырақтар өздері жанып, өздері сөнгенін жақсы көреді ғой. Екеуіміздің айтқанымызға менің қызым, сенің балан көнетінін қайдан білесің?

— Көнбей! — деді Бестібай,— олардың көздері әке-шешелерінің көздерінен көреген болып па?

— Мәселе көрегендікте емес қой. Бұл күні сен екеуміздің билік кеткелі қашан!

— Уай, Сары, қартаяйын деген екенсің! Тізгінінді осынша босатып жібергенің қалай? Тек маған қарай жантайшы. Өзгесін өзіме жібер!

Сары күлді.

— Адайдың шалдарын осындай өр мінездерімен тануға болады. Ал, мен әлдекашан иілеген терідей жұмсарғам. Бала мен келінге ақыл айтып көндіретін заманнан қалғам.— Ол әлденені ойланғандай сәл үнсіз отырды,— әрине, сенің Жәлелің бір қызға ер бола алатын жігіт, сыртынан көз салып жүрмін,— деді, кенет есіне өзінің Жәлелмен алғашқы кездескені түсіп кетті. Ауыр күрсінді. «Заман деген міне осы, тойшы аты болмаса да, қойшы аты бар Жанбоздың Сарысының жалғыз қызын Түйебайдың малшысының баласы ала ма, алмай ма»,— деп жүдеп тұрған түрі мынау!

— Уай, қайтесін-ді өткенді қозғап! — деді Бестібай, бәрі де алдакашан ұмытқан баяғы күнді Сарының орынсыз есіне түсіріп отырғанына ренжіп қалып.— Бүгінмен санаспаған адамға,

өткен күннің өкініші жыланмен тең, құйрығын бассаң қайрылып келіп өзіңді шағады.

— Жылан боп шағатын менің қайбір «өткенім» бар? — деді Сары бұрынғысынан бетер тұнжырап,—рушылдықтың салдары ғой Түйебайдың дегенін істегенім... Бәрі өтті-кетті емес пе. Ағайын деп Түйебайға жағынғаным бетіме шіркеу болмасын деп шахтаға да түстім.

Сонау өткен күндерінен әлі де құтыла алмай жүрген Сарының жайын Бестібай бұл жолы катты ұқты. Кенет оған жаны ашып кеткендей. «Айналайын Кеңес үкіметі-ай, кешегі біреулерге арман болған байға жағынуды, бүгін құбыжық етіп қойғанын-ай! Жұрттың терезесі теңелді деген міне осы!»

— Сонымен үәде ғой? — деді Бестібай тағы да.

— Ту, айттым ғой, менің қолымда ештеңе де жоқ деп,— деді кенет шын ашуланып қалған Сары, әйтсе де іп-ілезде қайта басылды.— Танажанымның өзі білсін... Балалардың өзі шешсін...

— Әйтеуір, өз жағыңнан қарсылық болмайды ғой?

— Есі дұрыс адам, туған баласының бақытына қарсы шығады деймісің...

— Болды! — деді Бестібай бес-алты тал көсе сақалын сипап.

Кешке таман ол әйелін ертіп үлкен баласының үйіне келді. Хәлел жоқ боп шықты. Қондырғы қасында екен. Жұмыстан қайтып келген келіні дереу шай дайындай бастады. Жайшылықта өткір, шайпау торы Жансұлу, өзін өзгелерден именбей еркін ұстағанмен, қайын ата, қайын енесінің алдында үкідей үнсіз жүріп, құрдай жорғалайтын. Сол мінезіне салып аяғының ұшымен қимылдап дастарханын жайды. Атасының таяғына таласып алысып-жұлысып жаткан ұл-қызына:

— Қойсандаршы,— деді күлімсіреп,— жұрттың мазасын алмай.

— Мейлі ойнай берсін,— деді Бестібай.— «Балалы үй базар» деген.

Аталарының «ойнай берсінін» естіген тетелес өсіп келе жаткан немерелері алыс-жұлыстарын үдете түсті.

Исі бұркыраған, қаймақ құйған қоңыр шайды қана іше отырып Бестібай келген шаруасына кірісті.

— Келін шырағым,— деді қолындағы кішкентай шақпа шекердің шетінен тістеп қойып, кесесінен бір ұрттап,— ана, біздің үйдегі қайның туралы не ойлап жүрсің? Сақалы ағарғанша бойдақ боп бара бере ме? Ал біз жас бөпенің исін сағынып біттік. Бұл манда да қыз-қыркын көбейіп қалды ғой, көзің түскен біреумен сөз байлаған жөн болар...

— Өзім де анда-санда ойлап қоям,— деді Жансұлу дастарханнан көзін алмай.— Бірақ инженер қайныма лайық көзіме

ешкім түспей жүр-ау. Жетібайдан келген бір-екі мұнайшы қыз бар. Инженер қайным ондайларды меңсінеді дейсіз бе.

— Бір қыз балаға менің де көзім түсіп жүр еді.

— Әлгі жақында келген инженер қызды айтасыз ба? — деді келіні.

— Дәл өзі! Қыз болғанда қандай, мейіздей! Оқыған десең оқыған. Тұр-келбеті де бір адамнан кем емес. Шыққан жері де тәуір, көрген елдің жұрнағы.

— Сен, рас картаяйын деген екенсің! — деді кемпірі, сірә шалының сөзін жақтырмай қалған тәрізді.— Осы өзің емес пе ең ана жылы, Сарыны да ұстап алып құртуға керек, ол байдың құйыршығы деп жұртты дүрліктіріп жүрген?! Енді бүгін оны «көрген ел» дей қапсың! Қандай көргендігі бар еді, байдың сөзін сөйлеп жоң терінен қайыс алғандардың бірі емес пе еді ол? Бәлен жыл малын бақканың үшін бай бір қотыр тайлағын әзер беріп, сауырынан сипап айдап салғанда ағайын болса неге араша түспеді?

— Өзің бүгін төсегіңнен шошып тұрғаннан саумысың? — шал әлі ашусыз отыр.— Бай болса Түйебай бай болған, жоң терімнен қайыс алса Түйебай алған. Сарынікі құр шатысу, о да өзімдей пролетар. Ал, байдың берген қотыр тайлағынан шүкір күні бүгінге дейін аузыңнан сілекейіңді ағызған шұбатыңды ішкізіп отырған жоқсың ба? Тіпті баяғыда Сары байдың құйыршығы болды десең, болған әкесі емес пе, қызының не жазығы бар?

— Әрине ғой,— деді Жансұлу сәл томсарып,— бай жағының қызы ма, кедей жағының қызы ма, қыз сорлы қай уақытта дегеніне жеткен, тек қазір ғой теңдік алып, қалағандарына қосылып жатқаны.— Ол әлденеге күміліжіп қалды. Тақа жақын танымағанмен, инженер қыздың сырт пішініне, сөз ілтипатына қарағанда, кімге болса да жар болуға жарайтыны көрініп тұр. Бір-ақ...

— Не «бірағы» бар? — деді келінінің сөзі ұнап кеткен Бестібай «бірақ» деген сөздің күні бұрын секем алып.

— Осы күнгі жастар бірін-бірі өздері ұнатып қосылып жүр. Оқыған қайным мен сол инженер қыздың арасында бізге жеңгетай болу ыңғайлы келер ме екен.

— Не ыңғайсыздығы бар? — деді Бестібай келініне тікелей қарап,— сен оларды айырайын деп тұрған жоқсың ғой, қосайын деп отырсың? Игілікті істің ешбір сөкеттігі жоқ.

— Оқыған қайныма қыз ұнамай жүрсе қайтеміз?

— Ұнамай? Қалай ұнамайды?! Ол шіркіннің көзі жоқ па осы?

— Не қыз жақтырмай жүрсе ше?

— Кімді? Жәлелді ме? Ондай ақымақ қызды қазір бүл Маңғыстаудан пар атпен іздесең табалмассың! Жәлел кімнің

кем? Жас бұрадай қылшылдап тұрған шағы. Бүкіл Маңғыстаудың мұнайын бір өзі ашып, зерттеп жатқан жоқ па!

— Сонда мен не істеуім керек? — Жансұлу қайын атасына бұрылды.

— Дәнекер бол деймін. Қайныңа айт. Осы бір қызды ойлап көрсін. Әке-шешеннің де ойы бар де...

— Оны өздеріңіз неге айтпайсыздар?

Бестібай абыржып қалды.

— Қалай айтамыз? Тік бақай ит бірдеме деп жүрсе, тіпті көңіліміз қалып қояр.— Бұнысы, әрине, Жәлел бізден туған жоқ қой, сөзімізге құлақ қоймаса ренжіп жүрерміз дегені емес еді. Жәлелдің жақын қарындасынан туғанын Бестібай да, оның әйелі де әлдекашан ұмытқан. Жәлел де осылардан тумаған шығармын деп ойлаған да емес. Бестібай сөзін шегелей түсті,— сен болсаң замандасысың. Және қайның ғой. Баяғы заманның жеңгелері...

Жансұлу күліп жіберді.

— Ол баяғы заманның жеңгелері ғой... Оның үстіне Өзекке келгелі оқыған қайныммен тіс жарып сөйлесіп көргем жоқ. Қалай оған «ана инженер қызды ал» деп бірден айта алам?

— Бірден айт деп отырмын ба? — деді Бестібай.— Ретін келтір... Бірақ ұзаққа созба... Қыз деген үзілгелі тұрған піскен алма емес пе, біздің Жәлел «мұнай, мұнай!» деп мұнарасын шыр көбелек айналып жүргенде, біреу-міреу қағып кетсе, өмір бойы ұмытпас өкініште қалармыз.

— Япырмай,— деді Жансұлу шын қиналып,— бұрынды-соңды сөйлесіп көрмеген қайным еді. Әлде ағасына айтсам ба екен, ініі өзінікі ғой.

— Өзің біл,— деді Бестібай,— әйтеуір жатпай-тұрмай осы іспен шұғылдан.

Сол күні төсекке жатқаннан кейін Жансұлу күйеуіне:

— Осы оқыған қайным не ойлап жүр? — деді ерінің ығынан сипап.— Әке-шешесі әбден қартайып барады. Шай-суларын дайындайтын бір шүйкебас алып бермей ме?

Көзі ілініп бара жатқан Хәлел әйелінің сөзіне жөнді түсінген жоқ.

— Шүйкебас? Оны қайтеді? — деді есінеп.

— Қайткені қалай?

— Әйел неге алмайды дейсің бе?

— Ие, ие, Сарының ана инженер қызын...

— Танаңы айтасың ба? Оны шүйкебас деп кім айтты саған? Жоқ, Тана нағыз алтын бас...

Жансұлу бұртия қалды.

— Келмей жатып сол қыз бәріне бірдей ұнай қалған екен? — деді теріс бұрыла беріп.— Алтын бас болса, алтын бас-ақ болсын, алып бер онда сол алтын бас қызды ана темір бас іліне!

— Сенікінің бәрі оп-оңай. Жұрттың бәрі өзің дейсің бе, кас қаққаннан түсінетін? Ол қыздың ойының қайда екенін қайдан білесің?..

— Сонда тегін жатқан мен ғана екенмін ғой.— Жансұлу шын ашуланайын деді.— Жұрттың қызының бәрі қол жетпейтін алтын, ал біз болсақ...

— Ой, ой, сен алтыннан да қымбатсың,— Хәлел енді бері қарап жатты,— мен айтсам, сенің ұғымпаздығынды айтам.

— Бәсе...

Екеуінің де үйқылары шайдай ашылды.

Ертеңіне мұнарасына келген Жәлелге, оңаша қалған Хәлел:

— Жәлел, осы сен неге үйленбейсің? — деді.— Ана Сарының инженер қызы...

Жәлел ағасының сөзін бөліп жіберді.

— Бұрғылау шебері Хәлел Бестібаев жолдас! — деді кәдімгідей шарт ашуланып.— Қазір сіздің алдыңызда қандай міндет тұр: мені үйлендіру ме, әлде мына буровойды шапшаңырақ қазып бітіру ме?

Буровойда авария болғаннан бері інісінің абыржып жүргенін білетін Хәлел бұл жолы ашуланбай қалжыңдап:

— Өзекте барлау жұмысын бітірмейінше, мүлдем үйленбейсің бе? — деді ыржия күліп.

Ағасына дауыс көтеріп ренжітіп алдым ба деп қысылып қалған Жәлел, сабасына тез түсті.

— Алдымен жер астындағы мұнай қабатын тезірек барлап, зерттеуді ойланайық,— деді,— үйлену қашпас...

Екі бөлмелік шағын финн құрама үйінің кіреберіс жағынан тұрғызған шыны қабырғалы кең веранданың іші лық толған кісі. Жалпы саны көп болмағанмен, веранда көлеміне қарағанда тіпті сыймай отырған тәрізді. Біріне-бірі жалғастыра қойған столдардың үсті сынсыған тамақ, ішімдік. Қарт мұнайшы жаңа туған немересінен ештене аяғысы келмегендей. Өзі кемпірімен екеуі ұзын столдың бас жағында отыр. Үстінде аппақ көйлек, бүгін ғана киеден шыққандай жаңа қара костюм. Кеудесі толған ордендер мен медальдар. Жирен мұрты мен қою бурыл шашын әдемілеп тегістеген. Шалдың жетпіске келсе де отырған отырысы да, өзін-өзі ұстау бейімі де мығым. Киген киімі де, кеудесіндегі жарқыраған ордендері мен медальдары да бұл адамның жұртына еңбегі сіңген кісі екенін көрсетіп тұр. Бәрі оған келісімді, орынды. Әке-шешелерін стол басына отырғызып қойып, қонақтарына қызмет істеп жүрген сұңғақ бойлы баласы Юрий мен ақсары келген оператор боп қызмет істейтін талдырмаш денелі келіні Зина. Бұл екеуіне жәрдемдесіп қызмет көрсетіп зыр қаққан бір-екі келіншек пен жас жігіттер бар.

Шал мен кемпірдің оң жағында Жандос, сол жағында Хәлел әйгілі мұнайшының жақсы көретін мейраскорының бірі бұрғылау шебері Валентин Шилов отыр.

Өзге жұрттардың ішінен ерекше көзге түсерлері, еркектерден — әнеугі Маңғыстауға әйелімен келген Сәлімгерей, Жәлел, қыз-келіншектерден, сөз жоқ, Тана мен Гүлжамал. Әсіресе Сәлімгерейдің түр-келбеті өзгеше. Маңғыстаудай ыстық далаға қонақ екені бірден байқалып тұр. Алпыстан асып кеткенмен, бетінде бірде бір әжім жоқ, ақ сары жүзін күн шалмағандай, сәл ғана қоңырланған. Үстінде қала серуендеріне ғана лайықты аспандай көгілдір костюм. Қырауланған қалың шашын жастарша толқындата желкесіне қарай түсіріп жіберген. Отырысы да, өзін-өзі ұстауы да пан...

Сірә той басталғалы біркелкі уақыт өтіп кеткен тәрізді, кейбіреулердің, мандайынан тері шып-шып шығып, көздері әдеттегісінен гөрі жайнай түскен. Стол басы гу-гу сөз, әңгіме. Октын-октын қуана күлген әйелдердің даусы да естіледі.

Бір кезде өзіне осылай қараған Жәлелдің, енді Тананы ішіп-жеп өліп бара жатқанын көрген Гүлжамал не істерін білмеді. Іші лаулай жөнелген өрт тәрізді. Ғажап! Жаны неғұрлым күйе түссе, солғұрлым ерні кезеріп бетінің қаны қашып, өң бойын бір ызғар қарып бара жатқандай ақырын дір-дір етеді. Мұны Гүлжамалдың өзі де сезіп отыр. Бірақ бүйтпесіне әлсіз тәрізді...

Қонақтар далаға шыққанда түн тастай қараңғы екен. Аспанның тең жартысын бұлт жауып алыпты. Тек күнбатыс ашық жақтан он шақты жұлдыз жылтырайды. Шыққан жұрт гу-гу әңгімелесіп, екеуден, үшеуден бас қосып ерсілі-қарсылы жүр. Үйдің бір бұрышында бес-алты жігіт шылым тартып, әлденені айтып қаркылдай күлісіп тұр. Сәлімгерей мен Гүлжамал шықпай қалған тәрізді, көрінбейді. Тана терезе сәулесі түсіп тұрған жердегі тастың үстінде отырған Жәлелдің қасына келді.

— Қыдырмай неге жалғыз отырсыз? — деді ол күле сөйлеп. Жәлел орнынан түрекелді.

— Түн тым қараңғы екен,— деді ол дала жаққа қарап,— жалғыз адам қараңғыны жақсы көрмейді ғой. Екеу болса бір сәрі.

— Онда мен қосылайын.— Қыз сыңғырлай күлді.— Бірақ мен бір су жүрекпін. Қарадай үрейіңізді алып жүрмесем қайтсін.

— Екі адам бір-біріне серік қой. Жүріңіз. Жоқ жерден қорқа қоятындай жағдай туа қоймас.

— Онда, кеттік. Тек өзіңіз қорған бола көріңіз.

Бұлар әлденені сөйлесе, жүз қадамдай жердегі құрылыс ағаштарының үстіне барып отырды. Өзге жұрттың дабырлап сөйлескені естіліп тұр. Әлде кім домбыраға қосылып «Көргем жоқ Гурьевтей жер биігін» шырқап жатыр. «Уа, пәле!» деп

қошаметтеп қояды әншінің даусына риза болған қостаушылар.

Бағана жігіт біткеннің бәрінің Танаға қарай бергені бұған ұнамаған. Тана да адам ғой, бұ да өзіне әлсін-әлсін сұқтанған екі-үш жас жігітке көз аударған. Бұл жай-ақ қарас шығар, бірақ Жәлелдің жүрегі кенет тулай қалған. «Егер сен қызды шын сүйетініңді білмесең оның бөтен адаммен жақын отырғанын көр. Сонда жүрегің бар сырын өзі айтады»,— деп ақын бекер жазбаған болар. Жәлел дәл осы сәтте өзінің Тананы шын жақсы көретінін әбден ұққан. Сол минутте ол, Тананы біреу алып кететіндей қорыққан. Қызбақанды Жәлел, дәл қазір барып Танаға: «Мен сені жақсы көремін»,— деп сырын бірден ашуға ынғайланған. Бірақ өзінен көзін алмай отырған Гүлжамалды аңғарып, абыржи қалған. Сол Тана қазір міне қасында отыр. Жандарында қаранғы түннен бөтен күәлері жоқ. Бірақ Танаға көптен мазасын алған сырын ашайын десе, аузы барар емес. Дәл бір өз ойын айта бастаса, қыз орнынан тұрып кететіндей. Осылай Тананың қасында үн-түнсіз мәңгі-бақи отыра беруге бар. Оған сөйту дүниедегі ең бір тәтті рахат сезілді. Бұл арада Тананың әдемілігіне қызығып көзімен ішіп-жеп бара жатқан ешкім жоқ. Жүрегіне ешкім қызғаншақтық отын жақпайды. Жүрегі бір тамаша қуанышта бұлқ-бұлқ етіп, ақырын соғып елжіреп жүре береді. Бірақ Тана оның былай тілін кесіп алғандай үнсіз отырғанын тілемейді ғой. Иә, иә, не сұрап еді? Ә, адалдық туралы сөз қозғамақшы болған еді ғой. Тананың әнеугі бір сұрағынан, Жәлел бұның Гүлжамал екеуінің арасында болған байланысты естіп қалғандай сыңай көрсеткен жоқ па еді, соны сылтау етіп Гүлжамалдың опасыздығын, өзінің алданғандығын сөз етпек еді ғой. Бірақ мынандай түнде, қасында мынандай жанындай жақсы көретін қыз отырғанда опасыздық еткен біреуді сөз ету жөн бе? Әрине, жөн емес, Гүлжамал кім? Ол бір ұмытылуға айналған түс. Түсті сөз етіп не керегі бар?

— Мен біреудің жылағанын жақсы көрмеймін,— деді ол кенет аты-жөні жоқ.

Қыз тағы күлді.

— Бұл арада жылап отырған кім бар? Бұны неге айттыңыз?

— Тарих — теңіз,— деді Жәлел өзінің түсініксіз ойын жалғап.— Адамзат тарихына бір адамның көз жасының еш мағнасы жоқ. Бірақ тарих теңіз болса, сол теңіз әлгі тамшы көз жасынан құралмай ма?

Қыз енді абыржи қалды.

— Сіз үнемі осылай сөйлейсіз бе? Әлде мені көрген соң философияға ұрынып отырсыз ба?

Жігіт сырын жасырған жоқ.

— Сізді көрген соң.

— Неге?

— Сіз маған ұнайсыз.

Тана енді шек-сілесі қата күлді.

— Қыз ұнайды екен деп, адам қайдағы жоқ түсініксіз сөздерді айта ма екен?

— Күлмеңіз,— деді Жәлел.— Сіз менің құр ғана сезімімді емес, ақыл-ойымды, өмірге деген философиямды ояттыңыз.

Қыз күлкісін тия алмады.

— Мен сізге ұнайтын болсам «ұнайсың» деп тікелей айтпайсыз ба? Қайдағы жоқ «көз жасы, тарих!» Оп-оңай нәрсені соншама қиындатып...

— Махаббат сізге оңай нәрсе ме?

— Ұнау мен махаббаттың арасы жер мен көктей ғой.

— Онда турасын айтайын: мен сізді жаныңдай жақсы көрем!

Қыз не дерін білмей абыржып қалды.

— Ал сіз ше? — деді жігіт қайтадан.

— Сіз де маған ұнайсыз.

— Сіз де мені жаныңыздай жақсы көресіз бе?

Қыз мүлдем састы. Жәлел Танаға өзінің сезімін дәл бүйтіп, таяқпен басқа салып қалғандай етіп айтамын деп өмірінде ойламаған. Осының бәріне бүгінгі кеш айыпты. Өзгелердің Танаға қызыға қарағаны кінәлі. Біреу оны өзінен тартып әкететіндей, енді міне бар ойын лақ еткізіп төге салды. Асықпаны соншалық — сөзіне философиялық астар беремін деп басына келген әлденелерді шатты. Әрине, бұдан кейін Тана бұны бір жынды санап, қалай қашып кетуін білмей отырған шығар. Өзіме де сол керек! Әлі күнге дейін бір қызбен дұрыс сөйлесуді білмеймін.

Бірақ Тана Жәлелді айыптаудан тіпті алыс еді. Өйткені жігітті бұ да жақсы көріп қалған. Бұны ол әлеуметтік күнгі кішкентай жанжалдан кейін, ұзақ уақытқа дейін жолығыса алмай жүрген күндерінде ұққан. Сол күндерде «тағы да Жәлелмен кездессем екен!» деген тілек үлкен арманға айналып, жүрегін кәдімгідей ауырта бастаған. Неге Жәлелді жақсы көріп қалды? Оған жауап беру дәл қазір Танаға да қиын. Бүкіл ақыл-ойының, сезім-қиялының бәрі қосылып жауап беретін сұраққа, тек жүректің соғуымен дәлелдеу дұрыс болмас еді. Жәлелді жақсы көрді. Жақсы көріп еді, «Неге жақсы көресің?» — деген сұраққа жүрегі жауап іздетпеді. Махаббаттың міне осындай жан түсінбес сыры бар. Ал шілденің ыстық күнінде адамның ақпар-қаңтардағыдай қалш-қалш етіп тоңғанын көргендерің бар ма? Жәлелді көрген сағаттан-ақ бүгін Тананы осындай сезім билеген. Бөтен жігіттерге көз тастағанмен, кісі толы үйден ол тек Жәлелді ғана көрген. Тек соның күлген даусын ғана құлағы естіген. Бар жан-тәнімен одан «сені сүйемін» деген сөзді ғана естуді күткен. Енді сол сағынған сөзін естіп еді, жүрегі тыныштадудың орнына бұрынғысынан жаман ойнай жөнелді.

Тана бір қызарды, бір бозарды. Түн махаббаттың досы

деген осы екен, бұның бетінің қалай құбылғанын жасырып-ақ бақты.

Дәл осы кезде бұларды іздеген дауыстар шықты.

— Қазір!— деді Тана дауыстап. Оның үні бір түрлі қуанышты, құдіретті естілді.

— Жауабын бүгін бер,— деді Жәлел түрекеле беріп,— шыдай алар емеспін.

Бұлар қатарласа жүрді. Тана Жәлелдің қолтығынан ұстады. Жігіт енді қыздың аяғын еркелей шаттана басқанынан оның қуанышты екенін түсінді. Кенет бойын билеп кеткен бір алуан күшті тоқтата алмай, Тананың белінен құшақтай өзіне тартты. Құшырлана сүйді. Тана жігіттің сүйгеніне дірілдеген ернімен ақырын ғана жауап берді. Жәлел бұрынғыдан да жаман қуанып кетті. Қыздың бұрын бөтендермен сүйісіп әдеттенбегенін оның ерінінің аузына жабыса қалмай өзер-өзер ғана тигізгенінен байқады. Жоқ, бұл Тана әдеттенбеген шаттық.

Бұлар үйге кіргенде жұрт тағы тағамға отырғалы жатыр екен. Қуанышпен қайғыны кісі қанша жасырам дегенмен жасыра алмайды, іште жата алмай, бірі түндей түнеріп, екіншісі күн көзіндей күлімдеп, еріксіз адамның сыртына шығады. Гүлжамал Тананың жарқ-жұрқ еткен көзінен, қуанышты қайтқанын ұқты. Кенет күндізі қараңғы бола қалғандай оған ештене көрінбей кетті. Жанының ауырып тұрғанын өзгелерге білдіргісі келмей, созыла барып, Жәлелге қырындай отырды. Табиғатта күйремейтін ештеңе жоқ. Ең мықты деген гранит тасты да жанбыр мен жел бұзады. Ал, адам төрізді ет пен сүйектен жаратылған, тек өзінің жан қуатыменен ғана қиындыққа, күйзеліске шыдай білетін пендені қайғы эркаиан да күйрете алған. Тек ілуде біреу ғана мұқалып таусылмайды, тез айығады. Ал күші жетпегендер құрт ауруға шалдыққандай, бірте-бірте сөнеді. Гүлжамал әлі Жәлелді шын жақсы көретініне тағы көзі жетті. Сөйтсе де, сыр бергісі келмей, өзін-өзі зорлай күліп, қолындағы рюмкасына ақ арақты толтыра құйып қырындай бұрылды:

— Жәлел,— деді ол рюмкасын көтеріп жүдей күліп,— мына шарапты бүгінгі сенің қуанышың үшін ішемін!

Бірақ Гүлжамал күлмеді. Жәлел рюмкасын соғыстырды. Бетіне қарап еді, оның көзінде мөлтілдеп тұрған жасты көрді. Бұны Тана да байқап қалды. Өзі бақытты адам, біреудің қайғысын оңай түсінген бе, «мас болып қалған ғой?» деді де қойды. Тананың күдігін шындыққа шығаргысы келгендей Гүлжамал:

— Сенің қуанышың үшін ішем... ін,— деп рюмкасын аузына апара беріп еді, кенет қолы селк-селк ете жөнеле берді де рюмкесі түсіп кетті. Стол үстіндегі тарелкеге тиіп шарт сынды. Жұрттың бәрі Гүлжамал мен Жәлелге қарай қалды.

— К счастью!— деді біреу.

— К счастью!— деп өзге жұрт та ду ете түсті.

Бірақ Гүлжамал бұлардың сөзіне көңіл бөлген жоқ, бағанадан бері өзін-өзі әзер ұстап келсе де, енді шыдай алмай қалды, сылқ етіп орнына отыра кетті де, бетін екі қолымен басып солқ-солқ етіп жылап қоя берді.

Бағанадан бері үн-түнсіз отырған Сәлімгерей:

— Көтере алмайтының бар, ішпеуің керек еді,— деді ешбір зілсіз, сөйдеді де әйелінің шашынан сипап ақырын сыбырлады,— жұрттан ұят болады, көзіңнің жасын сүрт.

— Нервы!— деді тағы біреу.

— Мұндай ыстықта ішпей-ақ жыларсың!— деді басқа біреуі.

— Оның үстіне әйел адам ғой!— деді жаны ашыған басқа дауыс.

Бірақ Гүлжамал бойын тез жинап алды. Жаңа ғана солқылдап жылап отырған Гүлжамал емес ол, екі көзі күлім қаққан қайғы-қапersіз жайнаңдаған жас әйел.

— Ғафу етіңіздер,— деді ол басқа бір рюмканы алып,— мұндай әдетім жоқ еді, жүрегім әлдекалай қысылып кеткені.

Жұрт «уф!»— деп демін алғандай болды. Әлдекім:

— Қәні жігіттер, мына шіркінді алып қояйық,— деді.

— Ненің құрметіне аламыз?— деді бөтен бір жігіт.

— Қішкентай Маңғыстаудың үлкен Маңғыстау болуы үшін!

— Дұрыс тост!

— Тамаша тост!

Той бұрынғы арнасына қайта көшті. Жәлел аң-таң. Гүлжамалдың мұндай құбылмалы мінезіне бұрыннан да қанық. Ал бұл жолғысы бәрінен де асып түсті. Тана екеуі үйге кіргендегі Гүлжамалдың қайғысына, көзінде тұнған жасына нанған. Қолынан рюмкасы түсіп кетіп, солқылдап жылап қоя бергенінде, оның өзін әлі де шын жақсы көретінін, бұны қия алмай отырғанына шек келтірмеген. Іштей алай-түлей боп сасып қалған. Өзін Гүлжамалдың осыншама жақсы көретіні жанына қатты батып кеткен. Қатесін шын түсінген екен деп, нәсілі кісі аяғыш Жәлел, оны жұбататын сөз таба алмай қатты қиналған.

Сөйткен Гүлжамалы көрер көзге кілт өзгерді. Жәлелді ойлап жылаған адам секілді емес тіпті. Адам дәл осылай заматта құбыла қалуы мүмкін бе? Гүлжамал сахнада тұрған артистка емес қой. Жаңа ғана махаббат азабын аркалап қиналып тұрған жоқ па еді, көзді ашып-жұмғанша қалай сол қайғысынан арыла алды? Әлде бұл мінезінің күштілігі ме? Жоқ, кей адам сан қырлы гауһар тас секілді, қай жағынан карасаң да бірдей жарқырай көріне біледі.

Гүлжамал да сондай, қайғысында да, қуанышында да, бірдей жарқырай білетін адам ба?

Қайткенмен Гүлжамалдың тойдың берекесін бұзбай өзін-өзі тез өзгерткеніне Жәлел іштей риза болды.

...Жұрт тарап, Тана мен Жәлел поселке шетіндегі үйлеріне бірге қайтып келе жатқанда түн ортасы ауып бара жатқан еді.

Аспанды басқан бұлт селдіреніп, ай көрініпті. Әлем сүттей жарық. Қара мақпал аспан төрінде быжынаған жұлдыздар, көкке қадап қойған күміс теңгелердей жарқырайды. Топырлап тарай бастаған қонақтардың соңынан Тана мен Жәлел оқшаулау келе жатқан. Тана бағанадай емес, бір түрлі жүдеп қалғандай.

— Әлгі...— деді бір кезде Тана көмескілей,— Сәлімгерей ағайдың келіншегінің қылығына түсінбедім.

— Мен де...

— Саған ол бұрыннан таныс па еді?

Жігіт жалтарған жоқ.

— Таныс еді.

Тана үндемей қалды. Аздан кейін барып:

— Тек,— деді Тана жылардай боп,— осындай бір таныс біреу соңынан жылап келіп, сені менен бөліп әкетпесе нетсін...

Жәлел кілт тоқтады.

— Қорықпа!— деді ол шын жүректен.— Сені менен енді адам түгіл, құдай да айыра алмайды! Тек мендікпін деп уәдеңді бер!

— Бердім!— деді Тана. Ол дәл осы минутте Жәлелді өзінен біреу шын тартып әкететіндей қобалжуда еді.— Мәңгілік сендікпін!— деді бір керемет шабытты үнмен.— Сендік болмасқа күшім жететін емес! Бұл менің аузымнан ең алғашқы шыққан уәдем! Сен!

— Сендім!

Ай да бұрынғысынан сұлулана түскендей. Әлем де бұрынғысынан ажарланып кеткендей. Көктегі быжнаған жұлдыздар да бұрынғысындай құр күміс теңгелер тәрізді жарқырамайды, қатар келе жатқан қыз бен жігіттің сөздерін естіп қуанып кеткендей жымың-жымың етеді...

Жәлел мен Тана қуаныштан тұншығып бара жатқандай! Шіркін дүние қандай әдемі едің! Осының бәріне ажар берген, сән-салтанат берген махаббатты айтсайшы, махаббатты!

III

Күз келді. Күнгей-шығыстан соққан қара жел, ысқыра ышқынып бір толастамайды. Аспанды қаптай жөңкіле көшкен қою қара бұлт пен жерден көтерілген қаракөрпе сұр тозаң ұштасып кеткен. Дала қазір құр ғана көңілсіз емес, адам шошынарлық жексұрын, ырбайсыз. Тіпті аспанда қарақұс, жер бетінде андасанда жалт етіп көрінетін атжалман тышқан да көзге түспейді.

Бір қуанышы, тағы төрт скважинадан мұнай атты. Өзек адамдарына кеннің енді бір жарым мың метрдей терендікте, геологиялық жер жынысының жүз бесінші қабаты мен қатпарларында жатқаны анықталды.

Хәлелмен социалистік жарысқа түскен Ораз Әшіров пен Валентин Шиловтың скважиналары қазуды тоқтатты. Осының бә-

рі үлкен мұнайға жеткеннің белгісі еді. Жәлел енді қондырғыларды келесі бұрғылауда қайда қою керек, соның жабдығына кірісті. Ал, қазылып біткен скважиналар мұнай қабаттарын сынауға әзірленуде еді. Мұнараның теріскей жағынан, сынаған кезде шығатын мұнайға үлкен шұңқыр қазылды. Бұл жолы жеті миллиметр штуцер арқылы тексерілмек. Сынау басталып та кетті. Жер май қабатының сығымы, арматура үстіңгі сығым, тағы басқа көрсеткіштер алынды. Бұл қабаттан тәулігіне сексен тонна мұнай және қосымша елу текше метр газ жоғары көтерілді.

Бұл үлкен табыс еді.

Дәл осы кезде Ораз скважинасында да сынау жұмысы жүріп жатқан-ды. Бұнда да мұнай фонтаны бәсендей түскен. Көп кешікпей мүлдем тоқтауы да мүмкін. Енді осындай жағдай Валентин скважинасында да туды.

Табиғи қысым арқылы әр скважинадан шыққан осы мұнай қабаттары тау жыныстарының ерекшеліктері зерттелді. Бұл деректерді білмей, жер астынан соңыра қанша мұнай қорын алуға болатынын есептеу мүмкін емес. Бұл жұмыска нем құрайлы карауға болмайды. Өйту «бізден кейін мейлі дүние жүзін топан су алсын!» деумен тең. Мұндайға Ердеңдер барар еді, ал Жәлел, Жандос? Жоқ, жоқ, олар бүйте алмайды. Олар тек бүгінгі күннің ғана адамдары емес, келешектің де жоқтаушылары. Себебі жан-жақты барланған мұнай қабаттарының геологиялық, геофизикалық, гидравликалық мағлұматтарын қорытып келіп қана, жер астындағы мұнай қорының есебі шығарылады. Ол қор, кен қоры жөніндегі үкімет комиссиясының алдында қаралып, бекітілгеннен кейін ғана, қобдишада жатқан алтынның қанша екені сонда ғана белгілі саналады. Бұл қордың өзі екіге бөлінеді. Бірі — жалпы қор. Екіншісі — сол жерді зерттеген қазіргі техника жетістігіне сәйкес жер астынан алынуға болатын қор. Осыған байланысты кәсіпшілік құрылады. Кәсіпшілік құру үшін ғылыми институттардың оқымысты мамандары, инженерлері, экономистері «ТЭБ» атты техника мен экономикалық баяндама дайындайды. Осыған қарап кәсіпшілдік құруға шығатын барлық қаражат, құрылыс, қазылатын скважиналар, одан алынған мұнайды қай заводқа жіберу, тұрғын үй салу жұмыска керек адам мөлшері секілді негізгі мәселелер, сандар бекітіледі. Осыншама еңбек істеліп мұнайды өндіруге кіріскенде, егер барлаушылар мәліметтерін дұрыс көрсетпесе, не боп шығады? Бұл халықты, елді, партияны алдау. Сондықтан да Жәлел, Жандос, Алексеенко өздеріне тапсырылған істі адал ақтауға тырысады. Қиындықтан қашпайды. Өйткені мұндай адамдарды халқының көздері, Отанының майталман құлдары десе де болады. Міне, сондықтан да бұлар өз жұмыстарынан жан-тәндерін аямады, әр істі ұқыпты қарады.

Бұл жердің мұнай мен газ жатысы екі үлкен қатарға бөлі-

неді. Біріншісі — он екі қабатты газды қатар, Бор дәуіріндегі неоком — апт-альб кесінді мезгілінде құмды, құмдақты газ ұстайтын тау жыныстарынан құралып келіп, саз балшықпен араласа бірнеше қабатқа бөлінеді. Екіншісі — бұдан төменгісі — бұл мұнай қатары. Бұлар табиғи сығымда жатқандықтан скважинаны ашып жібергенде ондағы сұйық дүние жер бетіне ұмтылады. Мұнай сыртқа шыға түскен сайын, қысым азаяды, ақырында фонтан тоқтайды. Мұндай қатардағы сынау жұмысы әрі қымбатқа түседі, әрі көп уақыт алады. Әдетте мұндай қабаттар газ-лифті секілді әдістермен сынналады.

Экспедиция басшылары табиғи жағдайда фонтан бермеген скважиналарға жасанды қысым беретін сынау әдістерін қолдануды ұйғарды. Қайткен күнде де қиындықтан қашпай, керекті маглұматтарды алу керек. Сөйтіп өздерінің жағдайына қарай газ-лифті әдісін пайдалануды дұрыс тапты. Ол үшін газ қабаттарына скважиналар қазылды. Олардан алынған газдарды арнаулы резерваларға жинап, компрессорлар әкелініп, мұнай колонналарының ішінен жіңішке құбырлар жіберіп, солар арқылы газ айдалды. Осы газ қысымы кәдімгі жоғары шықпай жатқан мұнайды жел үрген көбіктей астынан үрлеп қайтадан аткызады. Өзі де мұнаймен бірге жер бетіне шығады. Енді бұрғышылар скважина жанына бөлгіш қойып мұнайын мұнайдай, газын газдай айырып пайдаланады. Бұл әдіс мұнай скважиналарын кәсіпшілдік құрылғаннан кейін жүргізілуі керек еді, бірақ су жіберілген скважиналарды мұнаймен бірге су көтерілген соң барлаушылар бұны қазір қолдануға мәжбүр болды.

Енді жаңа қондырғылар әкелініліп, жаңа бригадалар ұйымдастырылып күздің қара суығы түсе, Өзек мұнай алаңында бұрғылаудан басқа отыздан астам сынау мұнаралары бір кезде жұмыс істей бастады. Көкке қарай ұмтылған, самсаған мұнараларды көрсеңдер, таң қалар едіңдер! Кешегі елсіз-күйсіз жатқан шөлейт дала осылай бір керемет кәсіп орнына айналды. Көп кешікпей сынақтағы скважиналар мұнай фонтанын ағыза бастады. Мұнай тасқыны осылай үзілмей ағылуға тиісті. Өзек барлаушылары «уф!» деп демін алғандай болды. Бірақ табиғат өзінің қойнындағы байлығын, дүлей күшпен тартып аламын деген адам баласына оңай бергісі келмеді. Қиқарлана түсті. Барлаушылар күтпеген апатқа тағы ұшырады.

Хәлелдің бригадасы қондырғыларын жығып, ұзын-ұзын жалғамаларды трактор поезына тиеп жатқан. Дәлу айының қарға адым қысқа кезі. Күн шығып қалған. Жел де сәл толастаған. Аспанда аздаған алашабыр селдір бұлттар ғана көрінеді. Құм шандағы да шаршағандай, құммен аралас жәй әшейін, жер бауырлай жүгіре түскен.

Кенет бір жас жұмысшы айқайлап:

— Япырмай, ашық фонтан атылып кетпесе жарар еді!— деді күнгей жақты көрсетіп.— Қарандаршы!

Жұрт жігіт көрсеткен жаққа қарай қалды. Сол сәтте-ақ бұлардың құлағына от арбаның ысқырығындай аңқы дауыспен бірге таудан гүрілден өзен құлап жатқандай қорқынышты, үрейлі бір үн де естілді.

Бұлар көз жіберген күнгей жақта, осы арадан бес километрдей жерде, күздің басында «БУ-75» қондырғысы тұрғызылған еді. Бұрғылау бригадасы биыл Ембінефтіден келген жас жігіттерден болатын. Орыс, қазағы аралас.

Қазір сол биіктегі мұнара көрінбейді. Оның орнына мұнараны жауып кеткен, одан анағұрлым жоғары, аумағы үй орнындай ғажайып, қара қошқыл түтінге ұқсас бірдеңе көкке көтерілген. Алыстан қарағанда сондай үрейлі, жан түршігерлік. Жер қопарылып көкке шапшып жатқан тәрізді. Бұл өзінен-өзі атылған мұнай фонтаны еді.

— Тек адамдары апатқа ұшырамағай да!— деді Хәлел бір түрлі қорқынышты дауыспен.

— Сұмдық екен!— деді бір жас жігіт.

— Мұндай сойқанды кім көрген?— деді екінші жас бұрғышы.

— Мынау Жетібайда атылған фонтаннан да сорақы тәрізді!— деді бір москал келген бұрғышы.

Барлау скважиналары газ қатарына жеткеннен-ақ қатты бақылауға алынады. Сәл болмашы қате жіберсең үлкен апатқа ұшырау оп-оңай. Газ тұсына жеткеннен-ақ бұрғылау үлкен сақтықпен жүргізіледі. Бұл ежелгі шарт.

Шамасы мына скважинада сондай сақтық шарты бұзылған. Расында солай болған екен. Осыдан бір жыл бұрын Гурьевтің мұнай училищесін бітірген жас жігіттер аянбай жұмыс істеп келген. Бұрғылау нысанаға алған жерге жеткен кезде, бұлар күніменен жер астына пайдалану құбырларын жіберумен болады. Бірақ сол күні бітіре алмайды. Таң сәріден іске кірісіп әбден қажыған жастар, ендігі аздаған жұмысты кейінге қалдырып, поселкеге қайтып кетеді. Біраз терендікке жеткен құбырдан мұнай мен газ сыртқа атқылап кетпес үшін скважинаның ішін ауыр лаймен толтырмай, тек жеңіл бекітіп, қасына оператор бір жас жұмысшыны қалдырады. Бұрын мұндайдан тәжірибесі жоқ бала жігіт, скважинадан сескенерлік ештене біліне қоймаған соң, енді еш хауіп жоқ екен деп, көрші бұрғылау мұнарасындағы жолдастарына кетеді. Бұрғылау шебері де осының алдында науқастанып поселкеге кетіп қалған.

Жамандық қас пен көздің арасындай жерден туады. Кенет скважинаға салынған сазды лайдың ішінде газ пайда болып, мұнай қабатының үстіндегі салмақ жеңілдеп түседі. Сазды лайға араласа бастаған газ оны көпіршітіп, салмағын жеңілдетіп жоғары көтере береді. Ақырында кенет жоғары ұмтылған газ бен мұнай үстіндегі босаңсып қалған балшық пен көпіршікті көтеріп тастайды да, көкке қарай ата жөнеледі.

Көрші мұнарада әңгіме соғып отырған жас жұмысшы, жанар тау үстінен пайда болған будақ-будақ лавадай, өзінің осыдан екі сағат бұрын тастап кеткен скважинасынан ысқыра, гүрілдей аспанға шапшыған қара қошқыл лай тәрізді сұмдықты сонда ғана көреді.

Өз бетімен атылған мұнай фонтаны өте қауіпті.

Бұны жұрттың бәрі біледі. Ана жылы июльдің бесі күні Жетібайда да осындай оқиға болған. Терендігі екі мың алты жүз метр алтыншы номерлі скважинаға бұрғышылар құбыр жіберіп жатқандарында, забойдың қысымы кенет өсіп кетіп, жер астынан ысылдаған дыбыс естіледі.

Таңертеңгі сағат төрт кезі екен. Ысыл заматта адам шошырлық ысқырыққа, гүрілге, құлақты тас қып бітерлік жаңғырыққа айналады. Сөйткенше болмайды, көзді ашып-жұмғанша жер астынан көкке атқан қара қошқыл сұйық зат — мұнай тастай етіп бекітілген арматураны жұлып әкетеді. Газ, су аралас мұнай фонтаны биіктігі қырық бір метр мұнараны шомылдырып, бұрғылау алаңында сел боп ағады. Мұнай фонтанының биіктігі алпыс метрдей болады. Ертектегі бөтелкеден босанған жын секілді, кішкентай ғана тесіктен жан-жағына шашырай түсіп, алыстан бұрқылдап қайнап жатқан қара бұлт тәрізді боп көрінген.

Мұнай күркірі жеті километр поселкеге де жеткен. Бүкіл поселкеде адамдары, бала-шағасына дейін қалмай фонтанының жанына жиналған. Соның ішінде Хәлел де бар еді. Брезент плащын киіп алып, көкке атылып жатқан мұнайды тоқтатпақ болып күреске түскен батыр жұмысшылардың қатарына бұ да қосылды. Бірақ үш мың метрге таяу терендіктен, үлкен қысыммен көкке көтерілген мұнай, газ су аралас сұйық зат ештеңені шыдатпады.

Мұндай өз бетімен атылған мұнай фонтанының хауіпі Хәлелге әрине белгілі. Сонау жер астынан көкке шапшыған сұйық заттың ішінде түйіршік тастар да кездеседі. Егер алда-жалда сол түйіршіктің біреуі мұнара теміріне келіп тисе, кәдімгі шақпақ тастай ұшқын жарқ ете қалуы даусыз. Онда мынау аспанмен тілдескен алып фонтан лап етіп жанады. Ондайда өртті сөндіру екі талай іс. Қызуынан өрттің мұнайына жақындаудың өзі қиын.

Сол үшін де Хәлел асыққан еді. Бұлар жан ұшырып фонтан жанына жеткенде, машиналарымен Жандос та, Жәлел де, Юрий де келіп үлгірген екен. Бөтен жігіттер де жетіпті. Сонау поселке жақтан шұбырған халық көрінеді. Жұрт болып қолдарынан келген жәрдемін аямай, халық қазнасын апаттан қорғап қалмақ.

Фонтанға күзетке қойған жігіт өз айыбынан жерге кірердей боп қорқып, өңі жоқ, түсі жоқ, безілдеп жүр. Аумаған жұмыртқа салып қытқылдаған тауық дерсің.

— Құдай атты мені, құдай атты!— деп береді.

Скважина бригадасы да жеткен екен.

Қажырлы кілең жас жігіт. Бірақ бұрын мұндай керемет көрмеген тәжірибесіз жастар не істерін білмей, көкке шапшыған қара қоңыр затқа қарап, құр абыржып тұр.

— Ау, бұл қай тұрыс!— деді ентіге жеткен Хәлел.— Тоқта ту керек қой бұл фонтанды!

Өзі бірінші болып будақтаған май ішіне кірін кетті. Үстерінде брезент плащы бар тағы екі-үш жұмысшы да мұнай фонтанының астына енді. Сол-ақ екен, серке бастаған отардай, өзге жұмысшылар да түсе бастады.

Бұлар не істемек? Жер қабатының астынан ысылдай кеп заматта жетпіс-сексен метр биіктікке жетіп қалған осынау алып күшті қалай тоқтатпақ? Қалай тұншықтырмақ?

Әрине, мұндай күшке қарсы тұру оңай емес, оны ауыздықтау өте қиын. Әсіресе, көктен құлап жатқан, мұнараны жауып кеткен қарамайлы сұйық заттың ыстығына шыдау тіпті ауыр. Бірақ бұлар бұдан да соракы қиындықтарды көрген ержүрек жұмысшылар емес пе, шыдап бақты.

Әрине, мұндайда жұртты басқаратын кісі керек. Бұл кісі қазір Хәлел. Жандостың да, Жәлелдің де, Юрийдің де мұнай апатына кіріп кете қоюға үстерінде арнаулы киімдері жоқ. «Фонтан атылып жатыр» деп бағана контор күзетшісі хабар бергенде, сол төсектерінен ұшып-ұшып тұрған қалыптарында қолдарына іліккен жеңіл-жеңіл киімдерін киє салған. Аржағында үйлерінен ата-ата жөнелген. Енді міне, фонтанды айнала құр сыртарынан нұсқау беріп, жүгірісіп жүр.

Қазір бәрін басқаруды міндетіне алған Хәлел. Жұмысшы біткен соның дегенін істеуде. Өзі құйып тұрған ыстық сел астында тұр. Плащын томшалап алған. Төбесінен төмен қарай сорғалаған ыстық мұнайды елең қылмай, жұмысшыларға қолымен әлденелерді нұсқап бұйрық беріп, жанталаса қимылдайды. Жұмысшылар оның даусын естімесе де, қолының ыңғайына қарай, өздеріне үйреншікті жұмыстарын істеп, әрі-бері жүгірісіп жүр. Ауыздарын ашса ақсиған тістері ғана көрінеді. Бет-ауыздары іп-ілезде қап-қара боп жабысқан қарамайға боялып шыға келеді.

Бұлар қанша жанталасқанмен скважина тесігіне задвижкалы арматураны жақындата алмады. Қанша мехнатпен тесік аузына таяй алғанмен, дәл үстінен түсіруге күштері жетпеді. Жақындай берсе-ақ болғаны, жер астынан ысқырына көкке атқан дүлей күш, екпін, арматураны ұстаған жігіттерімен бірге, жанжағына шашырата, ұшырып түсіреді.

Жұмысшылар осылай екі сағаттай алысты. Төтеп бере алмайтынын білгеннен кейін Хәлел амал жоқ сұрапылдың астынан сыртқа шықты. Жұмысшылар да кейін шегінді. Бәрі де әбден қалжыраған, демдерін әзер-әзер алады.

Жандос Алексеенкоға қарады.

— Фонтан қысымы азаймай ештеңе істей алмаймыз ғой дейміз,— деді ол,— дереу шеберханаға жет. Арнаулы арматура жасауға кіріс! Екі сағаттан кейін менің кабинетімде жиналамыз. Фонтанды тоқтататын арнаулы бригадалар құру керек.

Жұрт не істеуін білмей абыржуда. Көбінің құр шықпаған жаны. Жүздерінен — жасығандық, сасқандық, амалсыздық, қорыққандық байқалады... Қолынан ештеңе келмейтінін біліп сыртқа шыққан Хәлелдің көзіне үстінде шолақ жеңді тоқыма көйлегі бар, төртпақ келген, арыс кеуделі, ер қолы балғадай, қара бұжыр жігіт түсті.

Бұл анада Танаға тиіскен жұмысшы еді. Хәлелді таң қалдырған жігіттің тұлғасы емес, түрі болды. Жұрт фонтанды тоқтата алмай қиналып жатқанда, ол мынау апаттан өзіне керек бір орасан қуаныш тапқандай, көзі бір түрлі күлімдеп, бетінде рахат ойнағандай сес көрсетіп тұр.

Жігіттің қылығына ызалана қалған Хәлел теріс бұрылып кетті. Қара тасқынын будақтатып фонтан көкке ата берді.

Экспедицияның бетке ұстар инженерлері, бұрғы шеберлері екі сағаттан кейін тегіс Жандостың кабинетіне жиналды. Фонтанды қалай тез тоқтату мәселесі талқыланып жатыр. Әркімде әртүрлі ой бар. Тек солардың ішінен ең тиімдісін таңдап алу керек. Ақырында жұрт экспедицияның бас инженері Юрий Алексеенконың ұсынысына тоқтады. Бұның ұсынысы бойынша апатқа ұшыраған скважинадан жүз метр жерден көлбей, жанама тағы бір скважина қазылатын болды.

Сол скважина арқылы үлкен қысыммен фонтан атып жатқан скважинаның өнешіне барит аралас саз-лай ертіндісі жіберілу керек. Ертінді цементтей боп тез қатып, ашық атылып жатқан фонтан көмейін тығындайды.

Осы жұмысты тезірек іске асыру үшін көмекшілеріне тиісті тапсырмаларын берді де, Жандос кабинетіне Хәлел, Алексеенко, бұрғышы Хәлелді алып қалды да, өзге жұртты босатты.

Енді бұлар жанама, көлбей қазылатын скважинаның ұзындығы, қандай градуспен қазылатыны, оның апаттағы скважинамен қиылысатын нүктесі қай тұста болуы керек деген секілді мәселелердің есеп-қисабын қарауға кірісті.

Дайындық жұмыстың бәрі түн ішінде бітіп, ертеңіне жанама скважина қазу жұмысы басталды.

Көкке атылған мұнай фонтаны тек үшінші күні ғана бәсеңдей түсті. Төртінші күні бұрынғыдан гүріл, ысқырық әжептеуір әлсіреді. Жедел қазылған жанама фонтаннан жіберілген барит аралас лай бір тәуліктен кейін цементтей боп қатып, фонтан тоқтады.

Ойламаған жерден пайда болған осы айқас Өзек барлаушыларының жеті күнін алды. Халықтың қаншама қаражаты боска кетті.

Хәлелді мұнай апатынан гөрі, осы қырғи қабақ жұмыс үстіндегі өзі көрген қарабұжыр жігіттің қылығы таң қалдырды. Қандай күш, қандай қайрат! Түрінен көрініп тұр. Бірақ қылығы, қылығы қандай өрескел! Өзге жұмысшылар сөзге келмей мұнай сұрапылының астына түсіп жатқанда, бұл артынан қолын бірақ сілтеп өз бетіне кете барды. Бұны көрген Хәлел аң-таң. Оның бұл жүгенсіздігін қалай түсінуге болады? Жұмысшы адам бүйтпесе керек еді. Жоқ, о да жұмысшы.Бірақ қандай жұмысшы? Қазір Маңғыстауға кім болса сол келіп жатыр. Шын еңбек құмарлармен бірге, көп акша іздегендерде ағыл-тегіл... Әрине, түріне қарағанда ол қарабұжыр да еңбек адамы төрізді, ал қылығына келсек, жоқ, еңбек адамы өйтпейді. Жұмысшы халқының әнеугідей қиын ісінен бас тарта ма? Тартпайды! Ол мынау шығып жатқан мұнайды да, анау салынып жатқан үйлерді де— бәрін де өзінікі демей ме? Әрине өзінікі дейді! Сол үшін, халқының мерейі үшін қандай қорқыныштан болса да шегінбейді. Керек болса, жан береді. Ал мынау қарабұжыр ше!?

Кей жұрт, жұмысшы адамды күнделікті жұмысынан, күйжағдайынан, әрі кетсе цехынан, заводынан артық ештеңені білмейді дейді. Жоқ, ол бекер. Қазіргі жұмысшы, біздің барлық замандастарымыздай ой өрісі кең, отандық сезімі өткір, өмірге, өнерге деген көзқарасы өскелең адам. Ал, соның бірі осы Хәлел. Сол себептен де оған қарабұжыр алыптың қылығы өрескел, жоқ, құр ғана өрескел емес, тіпті құбыжық көрінген. Әрине, өзі болса, мұндай қиқарлық істемейді. Халық мүлкін, Отан мүлкін апаттан құткару үшін жан пида етуге бар. Бұны ол осы апатта өзі бастаған күресімен толық көрсетті.

Хәлел енді ойына маза бермеген қарабұжырдың кім екенін білмек болды. Сұрастыра келіп, бұл жігіт жайында ұққаны: нәсілі қазақ екен. Жастайынан жетім қалған. Ес білгелі түрме есігін талай рет тоздырған бұзықтың бірі көрінеді. Фамилиясы Ажигалиенко, аты Алеша. Қазір осындағы бір құрылыс бригадасында тізімде.

«Жұмыс істеуден, бос жүруі көп, бірақ ақшаны жұртпен бірдей алады, бригадир нарядын кем жабуға қорқады»,— деді ол туралы түсінік берген бір кәртаңдау кісі. Хәлел осы жігітпен бір кездесіп, мықтап сөйлеспек болды. Иә, ол сөйлесті, бірақ екеуінің бұл сөйлесуі сұмдық жағдайда әзер бітті.

Тәжірибесі өзгелерден гөрі мол Хәлел, ашық мұнай фонтаны тоқталғаннан кейін, жас бригадаға әлі де екі-үш күн ұстаздық жәрдем көрсетіп, шаршап үйіне келсе, әйелі Жансұлу өзінің әкесі мен Сарыға шай беріп отыр екен.

Жайдары әңгіме үстіндегі екі шал, май-май боп қалжырағаң Хәлелді көріп, қаужандасып орындарынан түрегелді. Хәлелдің мұнай сұрапылын сөндіруге апаттың ортасында жүргенін өз көзімен көрген Сары бұған шын риза болған пішін білдіріп, сүйсіне:

— Амансың ба, батырым,— деді.— Баяғыда жеті басты айдаһармен алысқан ер жігіттер болады деп еститін едік. Ал енді айдаһардан айбарлы дәумен айқасқан шын батырларды өз көзімізбен көрдік. Құдай бала-шағаңмен көгертсін!

— Әйтеуір тоқтаттық қой,— деді Хәлел ыржия күліп.— Әттең аздаған шығын болды... Амал бар ма?

— Иә, солай ғой,— деді әкесі.— Дегенмен, ер екенсіндер, ұзаққа апармай ауыздықтадыңдар... Жақсы, жуынып шайға кел.— Бестібай дастархан жанына қайтадан отырды.— Ақсақал, отырыңыз. Әңгіменізді айта беріңіз... Сосын не болды?

Хәлел қазанда жылып тұрған суды үлкен шелекке құйып алып, киім-кешегін шығына сап жуынуға шоланға шығып кетті. Екі шалдың әңгімесі бұған еміс-еміс естіліп тұрды.

— Қарағым, сәл сұйықтау құйшы. Қаймақсыз шайдан, соңғы кезде жүрегі құрғыр қыжылдайтын боп жүр,— деді Сары кесесін Жансұлуға беріп жатып.— Сосын не болды дейсің де? Сары ала түймелі, сары ала қылышты алашорда әкімі Әжіғали ауылға келгенде, есерсоқ жастық қой, соңынан аз ермегенімді өзің білесің. Құш қолында бар адаммен әкей-үкей болу ол кезде біздей ақымаққа бір дәреже. Артынан барып білдік қой, ол біз тәрізділерді пайдалана білген екен. Шіркіннің көмейі кең еді! Түйені түгіменен жұтатын. Бірақ, одан Әжіғали көгерді ме? Жоқ, әрине... Соңынан өзімен екі рет кездестім.

— Әжіғалимен бе? Сонынды айтсайшы, ана жылы «Әжіғалиды көрген жоқпын, білген жоқпын» деп азар да безер болып едің ғой.

— «Қорыққан көленкесінен үркеді» деген... Банды болып кеткен адамның бәлесі тиер деп, екі туып бір қалғаның болса да аулақ жүргенді жақсы көрдік емес пе? Иә, онымен қалай кездескеніңді айт дейсің бе?.. Қайбір той-думанда ұшырасты дейсің... Түйебай компескеленуінен бір жыл бұрын ғой деймін... Әжіғалиді құм астына сіңіп кетіпті деген-ді бұрын еміс-еміс естіп жүргенмін. Ауылымыз жайылымға Бозашыға көшіп бара жатқан болатын. Көшті құдықтың қасына тоқтатып, түйенің қомын алып қонып жатқанбыз. Түн ортасы ауа біреу қосымның жанына сатыр-сұтыр етіп жетіп келді.

— Сары, барсың ба?— деді бір үрейлі дауыс.— Шығып кетіңізші.

Ай жарық еді. Шыға келсем, үстінде қазақы киімі бар атын жетектеп біреу тұр. Сары ала пешпенті болмағанмен таныі кеттім, Әжіғали екен.

— Ау, Әжіғалисың ба, барсың ба?— дедім қорқып кеткенімді де, қуанып қалғанымды да жасыра алмай.

— Сарыеке,— деді Әжіғали айтыға,— сізге хал-жайымды түсіндірер уақытым жоқ. Құдай жазса артынан айтармын. Ал қазір... Қашқын екі үй құм арасында көшіп жүр едік... Жоқ жерден жалғыз балам Аландың жылан шағып, хәл үстінде жатыр. Өзімізде түйеден бөтен көлік жоқ. Барымыздың түрі мынау,— ол артында бүйірі солқылдап, үстінен көбік атып, басы жерге салбырап кеткен көрі мәстегін көрсетті,— осы араға әзер жетті. Осыдан отыз шақырымдай жерде, Қайнарқұдықтың тұсында шөптен дәрі-дәрмек жасайтын кәрия бар көрінеді. Бір көмек тисе содан тиеді. Тезірек жетіп, дәрі-дәрмегімен өзің алып келуге жүрдек ат керек. Мүлдем емес, соңынан өзім әкеп берем. Әке аулына баруға өзің білесің, көрінуімді күтіп жүрген аңдығандар көп...

Бала шіркін бауыр еттен жаралған емес пе, бәрі де бөлтірігі үшін оққа ұшады, Әжіғалидың даусы маған өте үрейлі естілді. Баласы үшін қорқып тұрғанын даусынан таныдым. Артынан барып білдім, үш жасар жалғыз ұлын құмның сұр жыланы шағыпты. Батшағар құм жыланының уыты қандай! Ол шаққан түйе де тәулікке әзер жетеді. Бала бұғе сауымына жетпей өліп кетер ме еді, қайтер еді егер әкесі сол сәтте жылан шаққан жерін аузыменен сорып алмағанда. Уытын бойына таратпайтын етіп, дізесінің жоғары тұсын қайыс белбеумен мықтап тұрып бұнап үлгіріпті. Тек сол байлаған жерінен төменгі жағы көнектей боп ісіп кетіпті. Екі үйдің түйесі мен ешкілерінің сүтіне баланы салып қойып, Әжіғалидың маған жетіп тұрған бәті екен.

Бәлендей ауқатым болмағанмен жүйрік жалғыз күренім бар. Жарыска салам ба деп жаңа ғана жарата бастаған едім. Сол күні суытылып желіде байлаулы тұрған. Ұруымыз бір Түйебайдың кешегі жалғыз азаматы емес пе, маған да аздаған пайдасы тиген кездерін өзің білесің... Оның үстіне жалғыз баласы анадай боп жатқанда атын аяп қалды деп соңынан кектеніп жүре ме деп те қорықтым. Отыз шақырым жерге шауып барып қайтуға тек менің күренім ғана жарайды, қимасам да амал жоқ:

— Бердім мына жалғыз атымды!— дедім желідегі жүйрігімді көрсетіп.

Әжіғали өзінің мәстегін біздің ауылға тастап, күреңіме мініп құстай ұшып кете барды. Әрине, сол кеткеннен жүйрігім қайтып оралған жоқ, сол жолы зорығып өліпті. Тым қатты шаққан көрінеді. Бірақ әлгі дәрі-дәрмек жиһайтын қарияны әкеп баласын ажалдан аман алып қалыпты. Соңынан Әжіғалидан бір жапырақ сәлемдеме қағаз келді маған. Рахметін айтыпты. Бәйгі күренімді зорықтырып өлтіргеніне жаман қынжылыпты. Бұл жақсылығынды тірі жүрсем бір қайтарармын, ал менен қайтпаса мына жалғыз баламнан қайтар депті ол хатында. Жүй-

рігімнен айырылғаным қабырғама аяздай батты. Құлын күнінде бар ешкі-қойымды беріп біреуден сатып алған едім. Амал қанша, бір кездегі тілектес адамның жалғыз ұлын өлімнен құтқарғанымды тәуба еттім. О да бір құба жонның қасқыры ғой, ізі-күйін ешкімге білдіргісі келмеген екен. Қайда көшіп, қайда жүргенін маған да айтқан жоқ. Ал құмдағы екі үй деген не? Бір қан тарының ішіндегі тышқанның кішкентай екі құмалағы тәрізді, кім оны ізден таба алады?

— Екінші рет қайда кездестірдің?— деді Бестібай.

— Қарағандыға қашып барып, жұмыс істеп жүрген кезімде, ұмытпасам отыз екінші жылы ғой деймін. Ат қора тазалап жүргем. Қайдан танқанын білмеймін,ішкі жаққа жалданып жүріп бара жатыр екен, баягы өзім жәрдемдескен жеті жасар баласымен бір түн үйімде қонып шықты. Сенім қағаздарының бәрін мықтап орысша өзгертіп алыпты. Туған елден осы кеткенім мұлдем кеткенім шығар, егер ер жетіп, адам болса, мына жалғызым туған елін өзі ізден келер деді. Баласының түсі де өзі тәрізді сұық екен. Кескен томардай қошқыл, бітеу біткен бір сом дене. Сол жыл бір ауыр жыл еді ғой, ойтеуір өндіріс-кәсіпті жерде болып, тақа қара суға қарап отырған жоқ едік, бар-барымызша сыйладық, соның алдында ғана осы екінші қатынымды, Таңаның шешесін алғам, кір-қоқын жуып, баласына Бегісімнің жас кездеріндегі ондай-мұндай, тері құлақшын, түйе жүн күпі тәрізді ескі-құсқы киімдерін бердік. Ризалық білдірген Әжіғали егер қатының бала тапса, Алаңым ағасы болар, бүгінгі істеген жақсылықтарыңды ұмытпас деп жүріп кетті. Содан қайтып оны көргем жоқпын. Баласын да кездестірмедім.

Осы кезде жуынып болған Хәлел үйге кірді. Әңгіменің ұзын ырғасына түсінген ол:

— Әлгі кісінің атын кім дедіңіз,— деді Сарыға,— және баласының аты қалай еді?

— Өзінің аты Әжіғали, баласының аты Алаң. Жай сұрадың ба?

— Жәй, әшейін,— Хәлел сәл ойланып қалды, «қарабұжырдың әкесінің аты Ажигалиенко, өз аты Алеша деді ғой осы» деді ол өзіне-өзі.— Қызық екен!

Екі-үш күннен кейін тоқтап қалған скважина қайта жүрмек! Қандай керемет! Хәлел бұған өте қуанған. Бүгін жұмысынан үйіне көңілді қайтудың себебі осында еді.

Жалпы, Хәлел өзін қоршаған әлемді — жерді, көкті, суды, адамды, өсімдікті, жан-жануарды — бәр-бәрін өте қымбат бағалайтын. Солармен бірдей өзін де өте бай санайтын. Әрине, оның байлығы рухани, көңіл байлығы ғой. Мұндай өзгеге жаны жомарт, сана-сезімі бай кісінің өмірге деген көзқарасы да бөлек, қимылы да өзгеше келетін әдеті.

Егер сенің игілікті ісіңнен біреу өнеге алса, соның өзі қандай бақыт! Ал Жәлел, Жандос, Хәлел, Валентин, Ораз, Юрийлердің қаһарман еңбектері қаншама адамға үлгі. Қаншама адамды қуантады! Шабыттандырады!

Сондықтан да Жәлел өзін бақытты санайды. Оттең тек, осы жақсылықтың ішінде оның үлкен үлесі бар екенін көп жұрт білмейді. Кейбіреулер білсе де, әдейі білгісі келмейді. Бұл орынсыз, өкінішті. Иә, адам біткеннің бәрі кеңпейіл жаратылмаған. Біреулер басқалардың жақсы ісін көрсе кіршікшешен тәрізді жиырыла түседі. Өз қолынан ондай іс келмейді. Ал іс келетіндерді кірпідей жиырылып тікенек инелерімен шаншып өлтіруге бар... Ал, Жәлел ондай адам емес. Оның бар атақ-даңқы серіктерімен бірге істеген істерінде жатыр. Ол солардың бірі. Ақын, әнші тәрізді бөлекше жеке шығу оның талайына жазылмаған. Шыңға жолдастарыңмен бірге шығу бұйырылған. Бұл оның үлесі. Озса серіктерімен бірге озады, қалса бірге қалады. Сол себептен Жәлел коллективтің бір мүшесі болуын қанағат еткен. Тәубе деген! Өзгеден дарының артық, бергенім көп деп өзін жеке атауды сұрамаған. Коллективімен бірге халқына берген жақсылығына қуанған. Ал жұрт қуанар іс істеп, оған өзің де қуансаң, бұдан асқан бақыт бар ма? Әрине жоқ.Рас, түбі ақын, әнші, ғалымдардай сен де артыңдағы ұрпағыңның атасы, бабасы боласың. Әлсіз, белгісіз ата, бабаны ешбір ұрпақ мақтан етпеген. Оларға да сенің даңқың, атағың күндердің күнінде өте керек болады. Бірақ сол ұрпаққа қалдырар әйгілі атағың болмаса не істейсің? Онда сен оларға аспанда бұжынаған көп жұлдыздың бірісің. Күні де, Айы да, Марсы да, Шолпаны да, Юпитері де емессің. Жай жұлдызсың. Атсыз жұлдызсың. Демек, атсыз болсаң да, жұлдыз болғанның өзі не тұрады! Со да жетеді ұрпаққа! Тек сол көп жұлдыздың бірі болып, көкте жарқырай біл! Тұра біл! Міне, сенің міндетің! Сондықтан да Жәлел жан-тәнін аямай жұмыс істейді. Ал сол жұмысы нәтижелі болса — жас баладай қуанады, өзін бақытты санайды.

Міне, қазір де ол өзін осындай қуанышта сезінген. Сол себептен ынырсып өлең де айтып қояды. Аспанда ай ақырын жылжиды. Селдір біткен ұшпалы ақша бұлттар айдың бетін қымтап жаба алмай, жай бір қояншық адамның езуінен көпіріліп жерге түсіп жатқан ақ көбіктей, түйдектеліп кейін қалып барады. Оның күміс сәулесінен жер беті қалайы тәрізді ақшыл тартқан. Түн ортасы таяп қалды-ау деген Жәлел жүре түсті де, сол сәтте тоқтай қалды. Поселке шетінде оқшаулау тұрған төбенің етегінде отырған Гүлжамалды көрді. Расымен Гүлжамал ма? Жоқ, ай сәулесіне шомылған су перісі тәрізді біреу. Оның Гүлжамал екенін Жәлел көзімен емес, жүрегімен таныды. Сәл кідіре қалды да, қайтадан жүрді. «Қашар қылмысым жоқ қой, мейлі!» деді ол ішінен.

Жәлелді көріп Гүлжамал отырған жерінен түрекелді. Баяғы Гүлжамал, кербез Гүлжамал, сұлу Гүлжамал, тек ақшыл түсі бозғылт түнде бұрынғысынан да бозара түскен. Иығынан төмен төгіліп жатқан қызғылттау сары шашы, ай сәулесімен ойнаған қызыл алтын толқындар тәрізді.

— Бір-екі күннен кейін жүретін болған соң саған жолығып қалайын деп әдейі күтіп отыр едім,— деді ашу, зілсіз, жай жадырай сөйлеп ол.— ренжімессің деймін.

Жәлел ренжірін де, ренжімесін де білмеді.

— Сәлімгерей ағай жақсы ма?— деді, оны бүгін таңертең көрсе де, бөтен сөз таба алмай.— Өзі жасарып кеткен бе, қалай? Бұрынғысынан анағұрлым тың тәрізді.

— Тың болмай біреу оған жүк артып жүр дейсің бе?

— Жай күттің бе?

— Жай болса, түн ұйқымды төрт бөліп не жыным бар?— Ол жүдей күлді.— Алдымен жүр, азырақ отырайық.

Екеуі жаңағы Гүлжамал отырған төбе етегіндегі жалпақ тасқа қатарласа орналасты. Гүлжамал ішінде жатқан уайымды жасыргысы келіп, шерлі-шеменсіз адамдай күле сөйлегенмен, көңілінің ұйқы-тұйқы екенін Жәлел кенет толқи, қобалжи шыққан үнінен байқап қалды.

Заты адал жанның қайғысын адам сөзінен емес, көзінен таниды. Бетіне ай сәулесі ұялаған Гүлжамалдың көзінен Жәлел ешнәрсе ұға алмады. Және ұғу үшін жөндеп үңіліп қарағысы да келмеді.

— Әрине сен маған әлі де өкпелісің ғой?— деді Гүлжамал ақырын күрсініп.

Жәлел шынын айтты:

— Өкпелеуден гөрі, алғашқы кезде саған қатты ренжігенім рас.

— Ренжідім?!— Әйел тақ қалған тәрізді.— Мен сені өзімдей капада ғой деп ойлап едім.

— Жоқ,— деді Жәлел,— сенің жүріп-жүріп келіп кенет істеген опасыздығың мені қапаландырудан гөрі таң қалдырған. Адамда сондай да орасан жаман қасиет болады екен-ау деп ойладым.

— Бірақ, бәрібір сен мені бір күні болмаса бір күні тастап кететін едің ғой.

— Неге?

— Ұмыттың ба, менен кішісің ғой.

— Бірақ көңілім кәрі емес пе еді? Енді ғана жасарды.

— Расымен, сен ана қызды жақсы көресің бе?

— Иә, өлердей!

— Онда... Онда бақытты бол.

— Неге бақытты бол дейсің? Мен қазірдің өзінде де бақыттымын. Орасан бақыттымын!

— Ал, мен бақытсызбын. Соңынан түсіндім. Шын ғашықтың сүйген адамын ұмытуы — құлдың өзін матаған шынжырдан босануынан қиын екен. Шынжырды сындыруға болады. Ал махаббатты сындыра алмайсың, ол сені жібермейді, жаныңды ауыртады.

— Буны бұрын неге ойламадың?

— Қолда бардың қадірі бола ма?

— Дұрыс айтасың, адам қолындағы қуанышын сақтай білуі керек. Сен сақтай алмадың. Ал мен... шын қуанышым Тананы кеудемнен шыбын жаным шыққанша сақтаймын ғой деп ойлаймын.

Гүлжамал Жәлелдің өзіне тіпті оралмайтынына енді әбден көзі жетті. Бірақ ол әлі де болса бірдемені күткендей, орнынан тұрып кетпеді. Екеуі үн-түнсіз қатар ұзақ отырды. Өйткенмен, қатар отырса да, көңілдерінің бірінен-бірі ұзап бара жатқаның екеуі де сезінді.

— Қайтайық,— деді бір кезде Жәлел.

— Қайтсақ қайтайық...— Ол Жәлелдің қолынан ұстады...

Жәлел бұрыштан бұрыла түсіп «азаптан құтылдым ба?» дегендей «уф!» деп демін алды. Бірақ тым ерте қуанған екен, шын азап бұны күтіп тұрғанын жаңа білді. Әлгі бұрыштан өз үйіне беттей беріп қарсы келген Сәлімгерейге тап болды.

— Тұу, жақсы кездестің ғой,— деді Сәлімгерей шын қуанып кетіп. Төсегінен тұрған адам сынды, шашы таралмаған ұйпы-тұйпы, үстінде өтектелмеген жеңіл кенеп костюм, пенжегінің жағасы ашылып кеткен.

— Гүлжамалдың қайда екенін білмеген соң, іздеп шығып ем. Ұйқысы құрғыр келер емес,— деді ол ақжарқын үнменен.

Жәлел не дерін білмеді. «Сонда Гүлжамалды менің үйімнің қасынан іздеуі керек пе еді? Әлде бірдемені сезіп қалды ма?»

— Түннің өзі де бір түрлі жексұрын ғой,— деді Жәлел.

Расында қазір оған түн де, бар әлем де құбыжықтай жат көрінген.

— Тұу, бұдан артық түн бола ма екен!— деді Сәлімгерей жас баладай таласа кетіп.— Ай болса мынау, күмістей аппақ, жердің бетіне аямай алтын сәулесін төгіп тұр. Аспанда бір бұлт жоқ, жел де күндегісіндей екілене соқпайды. Әлем біткен жымжырт. Бүгінгі түн тек бақытты жігіттер мен ғашық қыздардың кездесетін түні.

Жәлел терлеп кетті. Мүмкін, Сәлімгерей артқы сөзді жәй әшейін айтқан шығар, бірақ геологтың күдікті көңіліне суық пышақтай тиді. «Расында да түн тамаша екен-ау... Маған немесі ұнамай қалды? Ә, түсінікті. Дүниенің бәрін маған бүйтіп тікенектей етіп тұрған жаңағы Гүлжамалмен кездескенім екен ғой».

Енді Жәлел Сәлімгереймен қатарласа жүрді. Бұлар жаңағы Гүлжамал екеуі отырған таска қарай келе жатыр. «Сәлімгерей неге бұл араға әкеле жатыр? Расымен көріп қалды ма?.. Сосын, әдейі...» Жәлел тіпті абыржи түсті. О жаққа бармаймын деуге шамасы жоқ. Ал барайын десе, Сәлімгерей бейбастақтық еткен жерін бетіне басқалы әкеле жатқандай, алға басқан аяғы кейін кетіп, әзер қимылдайды.

— Біз шын бақыттың не екенін білмейміз,— деді Сәлімгерей әлгі төсек таска отырып жатып. Үйқысы қашқан ғалымның, сіро, сөйлескісі келіп тұрған-сынды. Шынында да ол қазір бір үлкен полсанаңы қозғамақ.— Атақ, бақ, дәреже, бір кездерде маған да дүниедегі ең үлкен бақыт көрінген,— Сәлімгерей есіне алденені түсіргендей сәл тоқтады да, сөзін жалғап кетті.— Ал Гүлжамалға қосылғаннан бері, көз қарасым көп өзгерді. Шын бақыт адамның бірін-бірі дұрыс бағалауында екен. Жалпы кісінің бір-біріне жақсылық ойлағанына не жетсін! Егер Гүлжамал менің оған деген көзқарасымды бағаламаса, маған жақсылық ойламаса, мен дүниедегі ең бақытсыз адам болар едім.

Жәлел ауа жетпегендей, демін әзер-әзер алды.

— Ал дүниедегі ең жаман адамның кім екенін білесің бе?— деді Сәлімгерей кенет басқа бір ойға көшкендей.— Тату-тәтті екі кісінің арасына түсіп, татулықтарын бұзатындар ең құнсыз жандар... Олар дымқыл індеріндегі жып-жылмағай тышқандар тәрізді. Денелеріне қолың тиіп кетсе, бір жаман ауруы жұғатындай жаның түршігеді.

Жәлел жерге қарай берді. Кенет Сәлімгерейдің аягына жығылып өзінің күнәкар екенін айтып кешірім сұрағысы келіп кетті. Бірақ үлгірмей қалды. Ғалым сөзін қайта бастап кетті.

— Егер адамның тағдыры — баратын жері белгілі темір жол тәрізді тіп-тіке созылып жатса,— деді ол әлгі ойына алыстан орағытқандай,— онда кісі өзін сол жолмен сырғи беретін от арба секілді қамсыз, күшті санар еді. Өйткені, шығар тоқтар, барар жері бәрі анық. Бірақ бұндай алдын ала бәрі белгілі өмір ешкімге қызық та болмас еді. Өмірдің қызығының өзі де сонда — адам ертеңгісін де, одан арғы күнгісін де білмейді. Бәрі белгісіз. Соны белгілі етем деп ол күреседі. Ойы, ақылы, жігері сол күресіне қанат береді. Адам өзінің не үшін өмір сүргісі келетінін, не үшін күресетінін біледі. Мұндай өмір қызықты, мағналы. Жаңа айттым ғой, жаман жандардың қандай болатынын... Олар әлгідей мағналы өмірдің құнын ұқпайды.— Сәлімгерей әлдене есіне түскендей тоқтап қалды да, қайтадан сөйлеп кетті.— Мұндай кісілер уақ келеді, адам мен адамды өшіктіруге душар болады,— Сәлімгерей кенет Жәлелге бұрыла қарады.— Осының бәрін мен саған неге айтып отырмын?— деді.

Жәлелдің үні әзер шықты.

— Білмеймін...

Сәлімгерей сәл күлімсіреді.

— Білмесең айтайын. Сен маған өте ұнайсың. Жасың, жігерлісің, ақылдысың. Және менің қатемді тауып, мұнай бұрғылау схемасын тыңнан құрғаның жақсы инженер екенінді көрсетеді. Әрине, бөтен біреу болса, мүмкін, қатесін мойнына алмай, саған кектене қалар ма еді, қайтер еді. Ал өз басым үйте алмаймын. Мен де жас болғам, мен де өзімнен үлкендердің қатесін талай таңқам. Және бұл күнде атақ, данқым өз басыма жетеді, адасқанынды мойындауға болады. Оның үстіне бұл қателер басы ашық қателер ғой, құр таласу жөнге келмес еді.— Ол тағы сәл үндемей қалды,— әйткенмен жаңа айттым ғой сен маған ұнайсың деп. Сол ұнағаның үшін және үлкендік, ұстаздық хақымды пайдалана отырып, бір ақыл айтқым келеді. Әрине, оны сен тыңдар құлық көрсетсең.

Жәлел бағанадан бері енді ғана басын көтерді.

— Айтыңыз,— деді Жәлел даусы дірілдеп кетіп.

— Әрине көрінгенге ақыл айта бермейсің,— деді Сәлімгерей тағы да ойланып.— Сені өзімнің келешегім деп айтып отырмын. Тағдыр жолы қисық-қисық келеді, ол темір жол емес, құзы да, тұңғиығы да кездеседі. Сен де от арба емессің, ет пен сүйектен жаралған пендесің, адасатын да, шаршайтын да кезің болады. Бірақ соның бәрінен адамның бір қасиеті алып шығады. Ешуақытта да өкіндіртпейді. Ол — кімнің болса да ар-ұятын таза ұстауы. Ол атақ-данқ емес, оған дарынынмен, еңбегінмен жете алмайсың, ар-ұятың өзіңмен бірге туады. Сондықтан оны көзіңнің қарашығындай қорғай білу керек.

Екеуі де кенет үн-түнсіз отырып қалды.

— Сен ғалым да боларсың, саған абырой да, дәреже де келер,— деді кенет қайтадан Сәлімгерей.— Бірақ ар-ұятынды жоғалтып алсаң, оны ештеңемен де қайтарып ала алмайсың. Ол дүниедегі ең қымбат қасиет. Одан айрылмауға тырыс. Түсіндің бе?

— Түсіндім,— деді Жәлел тұншығып бара жатқан адамдай қырылдай сөйлеп.

— Түсінсең... Онда үйге қайтайық. Гүлжамал да келіп қалған шығар.

Бұлар поселкеге қарай қатарласа жүрді. Екеуінде де үн жоқ. Жәлел малшына терлеп кетті.

Өз қылығынан өзінің ұялғандығы соншалық, ертеңіне кездесіп қалған Тананың бетіне қарай алмады. Асығып бара жатқан боп сөйлеспей кетіп қалды.

Үш күннен кейін Сәлімгерейлер жүріп кетті. Танаға Жәлел жолыға қоюға тағы беті шыдамады. Сөйтіп жүргенде Өзекте ешкім ойламаған бір сұмдық оқиға болды. Оны Жәлел білген жоқ. Білуге жағдайы да жоқ еді. Қеше ғана, жер астына жіберілген су Хәлел скважинасынан мұнай фонтанын қайта атқызған. Жәлел дүниенің бәрін ұмытып, тағы геологиялық зерттеу жұмысына шұғыл кірісіп кеткен.

IV

Тұйық мінезді Хәлел екі нәрсені өлердей жақсы көретін еді. Бірі — кітап, газет оқу. Екіншісі — қолы бос уақытта ойға, қиялға берілу. Хат танитын ғана білімі бар бұрғышыға кітап, газетке құмарлық ерте келді. Қарабұғазға жұмыска кірген жылы бір күні әкесіне Ревком бастығы Петровскийдің: «өзің әліп-биді білмесең де балаларыңды оқыт. Саясн сауатын ашуға тырыс. Біздерге онсыз өмір сүру қиын. Хәлелің менің баламдай инженерлік оқуға түспеді деп ренжіме, жұмыста жүріп те білім алуға мүмкіндік көп. «Правда» газетін бес жыл бойы үзбей оқыған адам, жоғарғы дәрежелі бір мектепті бітіргендей болады»,— деген сөзі әлі күнге есінде. Осы сөз Хәлелдің санасына қамшы боп тиді ме, жігіт бола бастағаннан-ақ «Правда» газетін қолынан түсірмей оқыды. Жоқ жалғыз бұл газетті ғана емес, өзге газет, журналдарды да жазып алдырды, енді ол кітап деген бір баға жетпес қазына екенін ұқты. Осылай Хәлел өзінің жан дүниесіне керек орасан бір мол байлыққа кездесті.

Ал ойға, қиялға берілу — бұл да оның құр табиғи жаратылысынан, тілегінен ғана туған жоқ. Кең зерттеу тәрізді, кейде өз көлеңкесінен бөтен серігі жоқ құлазыған ку далада ұзақ жалғыз жүріп үйренгендіктен, ойын, қиялын жолдас ету Хәлелге әдетке айналған. Оқыған кітаптарының ол құр ғана қызық-қызық оқиғаларын, ондағы кездесетін сан алуан адамдардың қылықтары, мінез-құлықтары мен олардың тағдырларын, серпінділерін ғана өзінің ой азығы етіп қоймайтын, соларға еліктейтін, солардай болсам деп талпынатын. Және Хәлел сол оқығандарынан өзіне керек қорытындылар да істеуге тырысатын. Белгілі бір тұжырымдарға да келетін. Мысалы: Күн, Ай, Жер, Адам — бәрінің өзіне берілген өмірі, мерзімі бар деп сенетін ол, сол кітаптарды оқып біткеннен кейін, тек мәңгі бітпейтін оған уақыт қана болып көрінетін. Содан барып Хәлел өзіне қорытынды істейтін: «Күн, Ай, Жер миллиардтаған жыл өмір сүрсе, ал Адам көп дегенде жүз жыл ғана тұрады. Мейлі ауасы мөлдір таза тау басына шықсын, мейлі өмір бақи ірімшік пен апельсин жесін, бәрібір кісі екі жүз жыл жасай алмайды. Табиғаттың әр нәрсеге, дүниеге, жан-жануарға арнап берген уақыты бар, одан асу мүмкін емес. Бар мәселе, деп тұжыратын Хәлел, сол өзіңе берілген мерзімді аз ба, көп пе — қалай өткізуде. Ленинның өмір сүрген елу төрт жылы мың жылға бергісіз. Ал істеген ісі, тастап кеткен жолы әлі миллиондаған жылға кетпек. Әрине, жұрттың бәрі ұлы көсем тәрізді мәңгі жасай алмайды, бірақ әркім-ақ өзіне берілген сол аз жасты адал, парасатты етіп өткізуге тиісті».

Бұл Хәлелдің істеген қорытындысы, өмірге деген программасы. Ол осы жолынан ешуақытта да тайған емес, таямын деп те ойламайды.

Міне бүгін де Хәлел осындай бір тамаша ойда келе жатты. Жаңа ғана үйінен түскі шайын ішіп шыққан. Беті өзінің мұнай мұнарасы. Бүгін күндегісінен гөрі қондырғысының қасында көбірек болмақ. Өйткені айдың аяғы. Графиктен сәл кешігіп, жоспардың орындалмаған олқылықтары бар, соны толтырулары керек.

Тәтті ойға беріліп, көзі күлімдеп рахаттанып келе жатқан Хәлел кенет тоқтай қалды. Мұнараға баратын жолдағы сайдың ернеуіндегі көкпекте шөгіп жатқан әкесінің ингеніне көзі түсті. Бұ да көшпелі елдің баласы ғой, жас күнінен-ақ түйенің жатысынан, тұрысынан әр нәрсені аңғарып өскен-ді. Ингең басын поселкеге, арт жағын Қарақұмға бере шөгіпті. Түйенің былай жатуы құбыладан келе жатқан құмды дауылдың белгісі. Хәлел дереу Қарақұм жаққа қарады. Аспан айнадай ашық, көкпеңбек. Тек сонау құм дала осы кезде-ау деген тұстағы көкжиектен қарылып жатқан қара көрпе тәрізді, бірдеме алабұртып қарайып көрінеді. Бұлт па, әлде көтерілген құм ба? Көз жетпейтін алыстан айыру қиын. Жел жоқ, әлем біткен тып-тыныш. Бірақ әлгі қара дүние біреу шетінен ұстап алып, шаңын сілкіп тұрғандай, жоғары көтеріліп барады. Бұл не? Көтерілген құм, дауыл дейін десе, жел жоқ, бұлт жоқ. Дегенмен, Хәлелдің жүрегі әлденеге қобалжи бастады. Осы қара зат, өзінің мұнарасына қарай сырғып келе жатқандай көрінді оған. Сөйткенше болған жоқ, жел тұрды. Енді ыстық күнде үрлесең бұрқ ете қалатын Маңғыстаудың борпылдақ сұрғылт топырағы, біреу сабаумен салып-салып жібергендей, бұрқылдап көкке көтеріле жөнелді.

Хәлел бір керемет дауылдың келе жатқанына шек келтірмеді. Түскі тыныстамада үйге қайтатын оның жалпы әдеті жоқ-ты. Бүгін поселкеде бір шаруасы болып және кешке жұмыска қаламын ба деп ойлағандықтан, әлдекалай келе қалған еді. Енді міне айдалада дауылға ұрынбақ. Ал Маңғыстаудың дауылының кейде қандай қияпат, жан шошырлық сойқан екенін Хәлел жақсы біледі. Ол енді жел катты тұрғанша қондырғыға жетіп қалайын деп жүгіре түсті. Бірақ айдалада, жел кідіретін кедір-бұдыры жоқ жазықта, дауылдан жүйрік дүниеде ештеңе жоқ. Жаңа ғана көз ұшында көрінген қара мақпал көрпе, кенет дастархан үстіне төгілген сиядай, іп-ілезде бүкіл аспанды жаба бастады. Жел өкіре соқты. Жел екпінімен шашып жіберген құлдей жоғары көтерілген топыраққа енді сонау алыстан көшіп келе жатқан құмды ғаламат қосылып, жер мен көк кенет қараөлеңкелене қалды. Тал түсте күн тұтылғандай.

Дауыл тұрған далада ежелгі тәжірибе бойынша керуен болсын, жеке адам болсын жүрмеуі керек. Жүру мүмкін емес. Қойны-қонышына, мұрын-аузына кірген құмнан тұншығып өлуге болады. Және адам көзін аша алмай, жел екпінімен заматта адасады. Дауыл шыркөбелек айналдырып, қай жақтан келе жатырсың, қай жаққа бара жатырсың тіпті айыра алмайсың. Бұ-

ны білетін Хәлел, желге қарай қарап құлағын қолымен басып, етпетінен жата қалды. Сұрапыл өткенше шыдайын деді. Мұндай сойқан ұзаққа созылмайды. Бірақ «мұнай мұнарасы желге қарсы тұра алар ма екен?» деген ойына бір мезет қауіп келіп, орнынан атып тұрып еді, сол сәтте дәл маңдайынан ұрған дауыл екпіні, үйіре түсіп оны кейін қарай сырғыта жөнелді. Хәлел амал жоқ қайтадан жата қалуға мәжбүр болды. Жел күшейе түсті. Енді бірнеше тұстан ұрпықтай үйірілген құм құйындар, бағаналар ойнақ салып, бүкіл Өзек үсті бұрқылдап қайнап жатқан алып қазанға ұқсап кетті. Аспан әлем-тәпірік жерге құлап түскендей. Долы сұрапыл дүние жүзін шыркөбелек айналдырып әкетіп барады. Алғашқы кезде дауыл Қаракұм тұсынан келе жатқан тәрізді еді, енді оның бетін айырып болар емес, жел Өзек алабының төрт тұсынан бірдей соғып тұрғандай. Тек ортасындағы құм алаң ойран-асыр тулай түседі. Дауылдың күштілігі сондай, поселке шетіндегі қазақ жұмысшыларының киіз үйлері әлдеқашан жығылып қалған, көрпе-төсектерін жел әлдеқайда қуып әкетіп барады. Қолдан салынған саман үйлердің де төбелерін дауыл көтеріп әкеткен. Сынбаған терезе, күйремеген есік жоқ. Күн көзі қалың матаға орап қойғандай, құм көрпенің арасынан анда-санда ағарандап көрініп қалады. Қап-қара бұлттың жыртығынан сығалаған ай тәрізді, не қызуы, не сәулесі жоқ, тек ақшыл түсі ғана көзге түседі.

Жарты сағаттай соққан сұрапыл кілт тоқтады. Бір ғажабы, жаңа ғана бүкіл әлем құмы осы араға көшіп келгендей еді, енді Өзек бойының тақырлы, сорлы жерінде әлгі қалың құмның бір ұсы да қалмағандай. Бәрін өткіншек сойқан өзімен бірге көтеріп әкеткен-ді. Енді аспанмен тілдескен қара көрпе-дауыл, Өзек өңірін тастап, Қарабұғаз жаққа ақырын сырғып бара жатқаны ту сыртынан байқалады. Тек шөккен тастар, жарқабақтар арасы мен Өзек бойының сай-жыралы кедір-бұдырлы ойпаттарын ғана құм басқан, өзге әлемнің бәрі бұрынғыдай ағарандаған тақыр, күңгірт сор, бұйырғынды, еркек шөпті, жусанды түрсіз дала.. Төңкерілген қазандарға ұқсаған дөңгелек ұшты, алыстан көгілдір тартқан төбелер. Ал қара албасты сұрапыл өткен құмды қыраттар, жал-жал боп тоқтап қалған теңіз толқындары тәрізді. Сөйткенше болған жоқ, сонау алыс көкжиектерде кенет тағы көгілдір сағым жүгіре бастады.

Үсті-басын басқан шаңды, құмды сілкіп тастап Хәлел орнынан атып тұрды. Ең алдымен ол өзінің зәулім бинік қондырғысын көрді. Болат мұнара сол қалпында тұр. Керемет сұрапыл да құлата алмапты. Сүйір ұштары аспанның көгілдір кеудесінде қадалған қалпынан мызғыр емес. Хәлел «уф» деп демін алды да, қондырғысына қарап тағы асыға жөнелді.

Дәл осы кезде победит бұрғы ұшы мұқалып қалып, бұрғылау жұмысы әзер жүріп жатқан.Кетерінде Ерден керек болшектердің бәрін жіберемін деп уәде берген. Бірақ Өзекке сол

заттардың көбі жеткізілмеген. Айдың орта шені асып бара жатқан шақ, осы айда жаңа орынға көшемін деп социалистік міндет алған Хәлел сасуда еді. Өзектен тақа алыс емес жерлердегі экспедициялардан басы артық бұрғылар шыға қоймағаннан соң Жандостың жеңіл машинасын сұрап алып Хәлел осыдан екі күн бұрын төрт жүз елу километрдегі түрікмен мұнайшыларына барып келген. Әйтеуір ісінің оңы түсіп, Түрікменнің Төңгелек-Сор іздестіру партиясынан бір кезде өзімен бірге Қарабұғазда жұмыс істеген әйгілі түрікмен мұнайшысы — бұрғылау шебері Атанепесовтен қарызға өзіне керек бұрғылау саймандарын алып қайтқан. Қазір мұнарасына барысымен, тозған бұрғыларды Махачкалаға жібермек еді. Оның үстіне ай аяғы өндіріс жоспарын орындау үшін, барлаушыларға қалған мерзімнің әр күні, әр сағаты, әр минуты қымбат. Осыны ойлаған Хәлел мұнарасына қарай асыға жүрді.

Хәлел қатты жүрістен ыстықтап кетіп, пенжегін шешіп алды да алпамсадай темір кілтті ұстап келе жатқан оң қолының қарына ілді. Қарсы алдынан соққан ыстық желге енді кеудесін төсей, алға қарай ұмтыла түсті. Дәл осы сәтте оның құлағына кенет бір үрейлі үн естілгендей болды. Хәлел кілт тоқтай қалды.

— Ойбай, өлдім! Өлдім! Жібер! Жібер!— деген әйелдің даусы мұнайшының құлағына талмаусырай жетті. Дауыс жел жақтан шыққан тәрізді.

Хәлел тағы құлағын тосты. «Жібер! Жібер!» деген дауыс енді өлімсірей шықты. Алдындағы елу метрдей жерде, кішкентай төбешікті қоршай, біреу әдейі әкеп тастағандай, сандықтай-сандықтай үйілген ақшыл тастар жатқан. Қайдан келгені, кім әкелгені белгісіз. Көшпелі ел бұл тастармен баяғы заманнан бері таныс. Дәл осы тастар үйілген төбешіктің түбінен сұрлеу жол екіге айырылады. Бірі Хәлелдің қондырғысына қарай кетеді де, екіншісі күнгей тұстағы жақадан қазылып жатқан су скважинасына барады.

Дауыс осы үйілген тастар арасынан шыққанын Хәлел бірден ұқты. Жүгіре жөнелді. Ентіге, демін әзер ала бұл жеткен кезде, ең алдыменен көргені, төбешіктің етегінде мөңкіген екі тастың ортасында, дауылдан кейін үйіліп қалған құм үстінде етпетінен, солқылдап жылап жатқан Тана болды. Пара-пара болған сырт көйлегінің бір жақ етегі қасқыр жұлып әкеткендей. «Бұл не сұмдық?» деп Хәлел тастарды жанай арғы бетіне қарағанда, төбені айнала кетіп бара жатқан, әнеугі обатас тәрізді, шомбал қара жігітті көрді. Болған оқиғаны Хәлел бірден түсінді.

— Тоқта малғұн!— деді ол ақырып. Жігіт кілт тоқтады да ақырын бұрылды. Хәлел де жетіп барды. Жігіттің қанталап кеткен өткір көздері мызғыр емес. Ол өзіне жақындай берген Хәлелден көзін алмай, мелшиіп тесіле қарап тұр. Қозғалмайды да,

қорықпайды да, тек көйлегінің жеңін сәл жоғары түріп, екі білегін сыбанғандай болды да қойды.

— Доңыз, жүр бері!— деді жанына жете беріп Хәлел.

Шомбал қара Әжіғалидың баласы Алаң еді.

Адам сан түрлі болып жаратылады. Бірақ Аландай кісінің тууы екі талай. Анасының ішінен бала емес, тас түскендей болған. Батпандай боп дүниеге келген томардың безіндей, шымыр біткен пәреске көзін ашқаннан жылауды, не ауруды білмеді. Екі жасында шешесі қайтыс болды. Өмірден бөтен күтер қызығым жоқ, артыма аландасам, осы балам үшін аландармын деп Әжіғали оның атын Алаң қойған. Бертін келе аты-жөнін сәл өзгертіп Россияның ішкі жағына ауысып кетіп, енді ұлының есімін Алеша деп атады. Осы Алаң-Алеша үшінші класта оқып жүргенінде әкесінен айрылды. Әжіғалиды қылмысы үшін ұстап әкетті. Ол әкесі ұсталғаннан кейін көп кешікпей, бұл кезде әлі де тәусыла қоймаған жасөспірім ұры, қарылардың қатарына қосылды. Абақтының сан азабын да көрді, бірақ мойымады, сол алған бетінен қайтпады. Абақтыны Алаң-Алеша өз үйі санады. Керемет күштілігі, ештеңеден қорықпайтын батылдығы, жан аяуды білмейтін қаталдығы, оны сол абақты ішіндегілердің бастығы етті. Сондықтан мерзімі бітіп босанған кездерінде қайтадан бұрынғы әдетіне басты. Абақтыға қайта түсем-ау деп қорықпады.

Нә, мұндай соткар, топас, қанышезер адам дүниеде сирек кездеседі. Осы спректің бірі — осы Алаң-Алеша еді. Бұның тағы бір ерекшелігі Алаң-Алеша өз айтқанын ғана заң көреді. Ешбір ақыл оған қонбайтын. Барлық ойы, пиғылы, тілегі тек бір күндік болса да өзінің жан дүниесінің рахаттануы. Сол рахаттану жолында қандай қылмыска болса да оп-оңай бара алады. Міне, осындай адамның көзі жоқ жерден Танаға түсті. Қалың құмның арасынан жарқ ете қалған сары алтындай Тана бірден оның көңілін тартып әкетті. Шынын айтсақ, Алаң-Алеша Танаға кәдімгідей ғашық болып қалған. Жүрегі елжіреп, бойы балқып, жанын қоярға жер таппаған. Оңашада бір жылады, бір күлді, аузына тек Тана түсті, көз алдында тек Тана тұрды. Өмір бойы хайуандық нәпсі құмарлық сезімді ғана білген Алаң-Алешаны, енді құдайды да, адамды да өзіне бағындырған махаббаттың ұлы күдіреті бұны да дегеніне көндірді. Бұл, өзінен өзгені жау көрген, қасқырдың жүрегіндей Алаң-Алешаның тас жүрегінде оянған таза, шын махаббат еді. Дәл осы сәтте егер оған біреу: «Он жыл абақтыда отырып шықсаң, Тана саған қосылады» десе, ол сол он жылға сөз айтпай көнер еді. Ал Тана өзі егер: «Мен сендік болам, жиырма жыл күт» десе, Алаң-Алеша жиырма жыл күтер еді. Сол жиырма жылын Танаың бір ауыз жылы сөзіне мәз болып өткізер еді. Өйткені, ол дәл осы күндерді бұрынды-сонды өзі білмеген бір тамаша жарық сезім-

ұруды білмейді. Бар қолынан келері — балуанша күресу. Бірақ оған Алаң-Алеша енді жіберер емес. Хәлелді нағыз бір боксшыдай айнала жүріп ұрады. Ұрып құлатпақ! Құласа ар жағы кісі өлтіріп дағдыланған бұзыққа оңай! Дегенмен бұрғышы қанша болат денелі болғанмен сыр беруге айналды. Алаң-Алеша оны енді қалай ұрса да еркі бардай. Оған Хәлел қамыққан бір үлкен қаншықтай көрінді. Ал Хәлелдің қолынан бар келгені екі бетін, басын қорғау болды. Тоқпақтай боп тынбай тиген жұдырықтан бұрғышы шын әлсіреді. Дәл осы кезде Алаң-Алеша сәл есеңгіреп қалған Хәлелді дәл шекесінен кеп ұрды. Хәлел тәлтіректеп кетіп екі қолын басынан босатып жіберді. Анау оны енді дәл бетінен кеп соқты. Бұрғышының мұрнынан қан бұрқ етіп, сорғалай жөнелді. Талмаусырап кеткен бойы еңкейе берді. Сол кезде Алаң-Алеша кеп желке тұсынан тағы ұрды. Мұнайшы етпетінен түсті. Әлсіреп қалған адамға кімнің болса да күші жетеді. Хәлел енді осынау дүлей күштің қолынан өлетініне шек келтірмеді. Есі ауытқып барады, әйтсе де жүректен ыза, санадан ашу әлі біржолата сөнген жоқ. Бірақ басынан, бүйірінен, арқасынан, бар-бар жерінен тепкілеп жатқан Алаң-Алеша оны өлтірмей тынар емес.

Өзінің осыншама әлсіздігіне Хәлел өлердей таң қалды. Сөніп бара жатқан сана, сезімі оны: «Хәлел, атақты мұнайшы Хәлел, расымен сен осындай бір қаңғыған иттің қолынан өлгенің бе, тұр, тағы айқас! Тұр, тұр, жатпа! Жатсаң өлесің! Тұр! Тұр!» деп айқай салып жатқандай болды оған.

Тұруға дәрмені жоқ, бірақ әлі жүрегінде сөнбеген ашуы, ызасы бар, өліп бара жатқан Хәлелдің қолы кенет астында жатқан бір суық затқа тиген. Алысып-жұлысып жүріп қызумен екеуі де ұмытып кеткен бағанағы ұшып түскен станок жүргізетін үлкен темір кілт екен. Кілттің үйреншікті сабын Хәлелдің қолы өзінен өзі тапқан. Суық темірді алақанымен қысқан сайын, бұрғышының тамырында кенет бір орасан қуат жүгіріп, санасында «жоқ, жоқ, әлі өлмейсің, оны өлтірмей өзің өлмейсің!» дегендей бір сенім пайда болған. Қолына осы бір темір тиісімен-ақ Хәлел тез есін жинған. Бағанадан бері бойынан күш кетіп, дәрменсіз боп жатқан бұрғышы орнынан қалай атып тұрғанын өзі де білмей қалды. Әйтсе де оң қолындағы кілтті пәрменінше сермеуге әлі әзер жетті. Бірақ Алаң-Алеша құлап түскенде, қуаныштан бойына кенет қайтадан алуан қуат бітіп, ананың кеудесіне қона қалды. Жеңіс адамға әрқашан да қанат, күш береді. Хәлелдің бойын енді бұзыққа деген ыза, ашу, кек билейді. Ол қолындағы балғадай ауыр кілтті жоғары көтере берді. Бүкіл ақыл, ойын, өн бойын билеп кеткен өшпенділік»: «Ұр, ұр! Өлтір! Оны сен өлтірмесең, бәрібір бұл сені өлтіреді!» деп айқайлап тұрғандай. Хәлелді енді тек астында жатқан адамнан өшін алу арманы ғана биледі. Ол астындағы бұзықтың дәл маңдай тұсынан ұрмақ боп ыңғайланды. Бірақ үлгірмеді.

Кенет ол:

— Тимеңіз, тимеңіз! Өлтіре көрмеңіз!— деп шар-шар еткен дауысты естіді.

Бұл Тана еді. Үрейі ұшқан қалпында, қыз безектей келіп Хәлелдің қолына жабысты.

— Адал қолыңызды былғамаңыз малғұнның арам қанына! — деді Тана екі көзінен парлаған жасын тимай сол шарылдаған қалпында.— Бәлесінен аулақ, ағатай, бәлесінен аулақ!

Ашу үстінде өзінің не істегелі тұрғанын Хәлел енді түсінді. Әрине мынау сом кілтпен есі ауып жатқан адамды мандайынан бір ұрса иттің мыны бұрқ етіп атылып, тіл қатпай жан беруі даусыз. Істеген жауыздығына, қылығына қарағанда — бұны өлтіру мың да бір сауап болар еді, бірақ Хәлел секілді әйгілі бұрғышыға, жұмысшы адамға, ашуға беріліп кісі өлтіру жөн бе? Рас, мынау жатқан бұзық жексұрын, малғұн, бірақ өзіңнің адал қолыңды оның арам қанымен қалай жуасың? Жуа аласың ба? «Өзі өліп қалған жоқ па?» деп Хәлел астындағы адамның бетіне қарады. Қабағы діріл қағып, кеудесінен демін әзер-әзер алып жатыр. «Бұндай ит оп-оңай өле қоятын ба еді?!» Хәлел оның үстінен түрегелді де, аяғын ілбі басып, теңселе қозғалып поселкеге қарай жүре берді. Бір он қадамдай жүрген кезде, ол тоқтай қалды. Құлап кетуге таяу тұр. Тана жүгіріп келіп қолтығынан ұстады. Аздан кейін, екеуі бірін-бірі сүйемелдей поселкеге қарай беттеді.

Поселкеге жетіп қалған кезде ғана Тана:

— Ағатай, ешкімге айта көрмеңіз,— деді екі көзінен кенет тағы ага жөнелген ыстық жасын тия алмай, тұншыға сөйлеп.— Айрандай төгілген абройымды жұрт естісе... Жоқ, жоқ, Хәлел мұндай сұмдықты көтере алмайды... Және оның бетіне қалай караймын?.. Жоқ, жоқ қарауға хақым жоқ... Ертең, жоқ, бүгін бұл арадан көзімді жоғалтамын...

— Сонда...— Хәлел әзер сөйледі,— сонда... осындай зұлымдықты істеген адам... жазасын тартпай кете бере ме?

Қыз енді ағыл-тегіл жылап қоя берді.

— Оның тартар жазасы... жұрт естісе, Хәлел естісе, менің тартар жазамнан анағұрлым жеңіл болып тұр ғой.

Хәлел қыз сөзін енді ұққан тәрізді.

— Айналайын-ай, қандай бақытсыз жан едің. Бұл неткен кияпат қиянат! Жарайды, өле-өлгенше тірі жанға айтпайын.

— Хәлелге, Хәлелге айтпаңыз!

— Жақсы, қалқам.

Поселкеге таянғанда Хәлел өзі жалғыз кетті. Жұрт көзіне көрінуге өлердей қорланған Тана тек ымырт үйіріле ғана өз үйіне әзер барды. Бөлмесінің есігін ішінен жауып алды да, кереуетіне етпетінен құлады. Күндікке жылағаны аз болғандай енді жастықты бауырына қыса өкіріп қоя берді.

Тананың көзінен аққан ашу, ыза, кек, намыстың долы жасы емес еді. «Адамды ақиық айырар тек ұяты»,— деп ойғілі Дарвин айтқандай,— ұлы сезім — сол ұяттың оттай күйдірген ыстық күйігі болатын.

Бұның бағына дәл осы сәтте, үйінде әкесі жоқ еді. Ол қызының болашақ тойы жайында сөйлеспек боп Бестібайдың үйіне кеткен.

Шын адам мағынасындағы кісі ұят-ардың құлы. Ондай жанның басына қандай бақ қонбасын, қандай дәрежеге жетпесін, тек ар-ұяты таза болса ғана көңілі жай. Ар-ұятының былғанғаны оған өлімнен де ауыр. Мұндай адам жер басып жүргенінен өлгенін тілейді. Өмір сүргенінен, сүрмегеніне риза. Бірақ дүниеде табиғат дегенде ұлы күш бар ғой. Бұл дүниеде оған көнбеген жан-жануар жаралмаған болар. Қазақ бұрын жылап-сықтағанына қарамай, жас қызын өзінен үлкен адамға бергенде, жаратылыстың осы табиғи күшінің құдіретіне сеніп бермейтін бе еді? Күйеуін менсінбеген, тіпті өлердей жек көріп қосылған талай сұлулар да, егер ері осы табиғи — жаратылыс тілектерінің дегенінен шыға алса, соңынан үбірлі-шүбірлі боп, көндігіп кетпейтін бе еді? Тіпті, кешегі зорлықпен берген күйеуімен бақытты өмір сүретіндері де аз болмайтын. Осындай қисыннан барып туған жоқ па қазақтың:

«Ойнасаң өзің тендес жаспен ойна,
Олдағы сүйген жардан кем болмайды»

деген өлеңі?

Арқаға батқан ер жылқының жүрісін өзгертеді. Жанбырды аңсаған гүл тәрізді, дер кезі жетіп, әбден пісіп тұрған Танаға Алаң-Алешаның, мейлі зорлық-ақ делік, бір істеген қиянатынан осыншама қорланар, қапаланар не бар еді? Оның озбырлығында, қиянатында табиғаттың өзіне де тән тілегі жатқан жоқ па еді?! Жоқ, жоқ! Адам хайуан емес, тек табиғи шөлдің құлы бола алмайды! Адамда жүрек, махаббат, қиял, арман атты ұлы күштер бар. Біреу жанып тұрған шырағын үрлеп сөндірсе, не басқа бір дүлей күш асыл арманын, өзінің балшықты, кірлі аяғымен таптаса, бар ынтызарын тек әйелдік табиғи күшке бағындырып, Тана қалай көне алар? Көне алмайды! Көне алмайды. Шынын айтсақ, зорлықтың аты зорлық, зорлықпен берілген қазақ қыздарының, жазмышына көндіксе де, өмір бойы ерін жек көріп, қорланып өткендері аз ба? Танаңы да осындай мәңгі өшпес жек көру билеген еді.

Тана өзінің күнәсінің, жазасының жоғын біле тұрса да, жанындай жақсы көре бастаған Жәлелдің қапелімде ар-ұятын былғағандай сезінді. Жәлелдің қолына махаббатын мөлдір таза қалпында жеткізе алмағанына өлердей қорланды, бетіне қарай

алмай ұялды. Хәлелге «бұл сұмдықты ешкімге айта көрмеңіз, әсіресе Жәлелге...»— деп жалынғанда, Жәлелді алдап, болған оқиғаны одан жасырып қалу үшін айтқан емес-ті. Жоқ, Жәлелдей шын жақсы көрген адамына ластанған ләззатын ұсынуға ары бармады. Хәлел уәдесінде тұрып, бұл сұмдықты Жәлел өмірбақи білмей кеткен күнде де, Тана өзінің абыройын қалай жоғалтқанын бір минут ұмыта алмас еді. Және болған оқиғаны Жәлелден жасырып, оған қосылу ешуақытта да қолынан келмес еді. Егер алда-жалда қосыла қалса да, ешкім мұнан бұлай масқараланғанын тіпті білмесе де, Тана бәрібір ар-ұятын таза санай алмас еді. Мұндай жағдайда Тана сөкілді мөлдір таза жаска, өмір ең қиын азапқа айналуы даусыз. Ондай азап кімге керек? Ондай азаппен өзін шын сүйген жігітке қалай жар бола алады? Жоқ, бола алмайды! Бола алмайды! Өйткені Тана Жәлелді шын жақсы көреді. Ал шын жақсы көрген адамына бар абыройынан айрылып, қосыла алмайды! Қосыла алмайды!

Мүмкін, Танадан басқа қыз болса, жоғалған абройын жасырар ма еді, қайтер еді? Сөйтсе қой, сүйген жігітінен айрылмайды. Бірақ Тана ондай қыз емес қой. Танаға берген уәде, бір сөзде тұру, ар-ұятын таза сақтау, өмірдегі ең қасиетті парыз. Махаббатынан да қымбат парыз. Әлі есінде студентка кезі. Базаргүл атты дос қызы екеуі екінші курста оқып жүрген шақтары. Оның Машырап атты өзімен бір курстағы ұнатқан жігіті болатын. Сондай бір биязы мінезді, ұяндау жас еді. Өткір, шолжаң қылықты Базаргүл қалжыңдап, еркелеп, Машырапты ылғи күлкі етіп жүретін. Бірақ жақсы көретін. Москвада сол жылы қазақ көркемөнер онкүндігі жүріп жатқан, әлгі Машырап Танамен танысуға құмар өзінің жерлес бір жігітін ертіп бұлардың жатақханасына келген. Қолдарында сол күнгі Колонный залда болатын қазақ көркемөнер шеберлерінің концертіне екі билеті бар. Ойы, сірә Базаргүл екеуі бармақ... Базаргүл билетті көргеннен-ақ кесімін бір-ақ айтты.

— Концертке Тана екеуміз барамыз,— деді.

— Ал біз қайтеміз?— Машырап Базаргүлден айырылғысы келмеген сыңай көрсетті.

— Сендер біз концерттен шыққанша, сол Колонный залдың жанында жүре тұрасыңдар. Концерттен кейін бірге қайтамыз.

Машырап қуанып кетті.

— Жарайды,— деді.

Концерт онды болды. Бірақ тыныстама кезінде Таналарға екі жігіт кездесті. Біреуі Базаргүлмен бір қаладан екен. Екеуі де жаның тұрған оттай, өткір жігіттер екен. МВТУ-да оқитын боп шықты. Олар концерт біткеннен кейін ресторанға барайық деді. О кезде ресторандар түнгі сағат екіге дейін істейтін. Тананың барғысы келген жоқ. Далада өздерін күтіп жүрген екі жігітті есінен шығара алмады.

— Бұнымыз біздің тіпті адамгершілікке жатпайды. Жазығы бишараларды өздерінің билеттерін бізге бергендері ме, ресторанды құрысын, бармай-ақ қояйық,—деді.

— Ту, қызық екенсің, Тана,— деді Базаргүл,— ресторанға барып біз арақ-шарап ішпейміз ғой, азырақ отырып музыка тыңдап үйге қайтамыз. Ал біздің мүшкәтерлеріміз туралы тіпті опық жеме. Машыраппен ертең таңертең кездесетін болып уәделескем... Олар бізді күтпейді.

Тана сенді. Бірақ ресторанда көп отырмады. Базаргүлді қояр да қоймай, метро тоқтамай жатақханаға алып қайтты. Әйткенмен түніменен, өздерін күтеміз деген екі жігіт ойынан шықпай-ақ қойды...

Ертеңіне олармен кездесті. Базаргүл әдеттегісіндей қалжыңдап жалған айткан екен. Екі жігіт сол күтеміз деген жерінде тұрыпты. Таналардың қай есіктен шыққандарын байқамай қалыпты. «Уәделесті ғой, бізді тастап кетпес» деп екеуі сол манда метро жабылғанша сандалып жүріпті де қойыпты.

Өздерінің істеген опасыздығына Тана екі бетінен оты шыға ұялған. Ал Базаргүл сол баяғы ерке-шора мінезіне салып:

— Оқасы жоқ,— деген күліп ана екі жігітке.— Өстіп сарғайып барып қолдарына түссек, бағалы боламыз.

Бірақ бұдан ол бағалы болған жоқ. Базаргүл әлгі театрда кездескен екі жігіттің біреуіне сол жылы күйеуге шыққан. Машырап өз бетімен кеткен. Осы Маңғыстауға жүрер алдында Тана Базаргүлді көрген. Бұрынғы жайнаған Базаргүл емес, дауыл ұрған гүлдей семіп қалыпты.

— Шын махаббаттың кадірін білмеген жеңілтектігімнің сазайын тарттым,— деген ол Танаға,— қолда бар алтынның кадірі жоқ, Машырап бишараны бағалай білмеппін, маған ерге соған шығу керек еді...

Осы бір кішкентай оқиға Тананың ойында мәңгі қалған. Өмір бойы тірі жанды алдамауға, өтірік айтпауға өзіне-өзі сөз берген.

Тана осындай жан еді! Ол Базаргүл емес. Сондықтан да жоғалған абройы оның жанын өртей жалады.

Махаббатын осылай құрбан етуіне Танаға тағы бір себеп бар еді. Ол Хәлел, мүмкін Жәлелге де, бөтенге де бұның абройының қалай төгілгенін айтпас та, бірақ болған оқиғаны өз көзіменен көрді ғой. Ол Жәлелдің туған ағасы. Бар жамандықты Хәлелдің көзімен көргенін біле тұра. Тана, қалай ұялмай оның інісі Жәлелге қосыла алады? Мейлі мұнайшы інісіне айтпасын-ақ. Бірақ, одан келер бұған қандай жеңілдік бар? Өзінің абыройының жоғалғанына туған ағасын куә етіп қойып, інісінің қойнына қалай жата алады? Ол мүмкін бе? Мүмкін емес! Беттің арын белге буып, Жәлелге қосылған күнде де, Хәлелді көрген сайын күнде бір өлмей ме? Әрине! Әрине! Өйткені Тана адал жан. Адал адам ар-ұятының құлы. Төгілген абыройына өзінің күнә-

сіңіп жоқтығын себеп етіп, басқаның өзін аяғанын тілемейді. Болған істі бүрге жауып, өзгенің де ар-намысын аяғына баскысы келмейді. Бұндайға ол бара алмайды! Бара алмайды!

Әйткенмен Жәлел екеуі бірін-бірі жақсы көреді ғой, бір бұзықтың қылығы үшін мәңгі айырылып кетулері обал емес пе? Жазығы жоқ жас жүректерге қиянат емес пе? Қалай бірін-бірі қияды? Шын махаббат қандай қатені де, қылмысты да кешуге тиісті ғой. Иә, тиісті. Өйткені шын сүйсең, махаббат бәрінен де күшті. Жүрек өз дегеніне көндіреді. Бірақ сол жүрек сұлнбай ма? Адам балалы-шағалы болады. Бастарынан ұзақ өмір өтеді. Жалындай күйіп қосылғанмен, жылдар өткен сайын, сол от жүректердің қызуы азая түсіп, өмірдің ұзақ сүрлеуінде бірінен-бірі алыстай бастауы да мүмкін ғой. Сонда осы бір жас кезде төгілген абырой екеуінің арасына тікенек боп шықпасына кім кепіл? Бірін-бірі жек көріп кетуіне себеп болмасын кім біледі? Сондай күйге жетіп, махаббат деп алданып келгендері махаббат болмай шыққа қайтеді? Бұл үлкен өкініш емес пе? Әрине өкініш! Өкініш! Одан да сол жастағы жалынды махаббатынды көкірегінде үнемі сақтап өткенің дұрыс емес пе. Бұл, жүрегінді мәңгі өртейтін от, жаныңды жанталастырады және өмір бойы өлмейді. Өзіңмен бірге қартайып барып сөнген махаббаттан, әрине, өмір бойы қиял сезімінде от боп жанып мәңгі сөнбейтін махаббат артық! Мейлі ол жаныңды күйдірсін, жандырсын, бірақ ондай арманың мәңгі өзіңмен бірге ғой! Қолың жетпей қалса да, өзіңмен бірге. Мұндай арманды болуының өзі не тұрады! Ондай арманы бар адам — бақытты адам. Өйткені ол сүйе білген, сол үшін күйе де білген жан. Қысқасы, болған оқиғадан кейін Жәлелмен қосылуға Тананың ар-ұяты көнбеді. Ол өзін-өзі зорлап көндіре алмады.

Сол себептен де ертеңіне Жандос Тілеповке кеп, әнеугі трестің ұсынысына келісетінін айтып, бұл арадағы жұмыстан тезірек босатуын сұрады. Арызын берді.

Жәлел екеуінің жақында болмақшы тойынан хабардар Жандос бір түнде, күн көзінен оңған шүберектей бозарып, қас-қабағы кіртиіп, жүдеп кеткен қызға тандана қарады.

— Танажан-ау, не болып қалды? — деді абыржып.— Әнеугі сөзің бұлай емес еді ғой... Әлде...

— Еш «әлде-мәлдесі» жоқ,— деді Тана төмен қарап. Ол дәл қазір әбден таусылып тұрғанын жасыра алмай қалды.— Бұл арада жұмыс істегім келмейді. Шыдай алатын емеспін.

Жандос та қабағын шытты.

— Шыдай алмағаның қалай? Бүгінгі күнге дейін шыдап келіп, бір түнде өзгере қалуыңа жөн болсын? Трестен гөрі гидрогеолог бізге керек. Егер жібермесем қайтесің?

— Онда бүгін кешке треске баратын машинамен кете берем...

— Япырмай, не болды саған? Әлде бірсу-мірсу ренжітті ме? Жәлел кейде өзін-өзі ұстай алмай қалатын еді...

— Жәлелді қайтесіз бұл арада қыстырып? Қалаған жеріме бару — ол менің шаруам ғой.

— Жалғыз сенің шаруаң емес, ол біздің де, халықтың да шаруасы. Өкімет сені алты жыл неге оқытты? Осындай керек жерінде жұмыс істесін, халық ісіне көмектессін деп оқытқан жоқ па?

Бағанадан бері өзін-өзі амалсыз қатты ұстауға мәжбүр болып тұрған Тана кенет босай қалды. Ол енді жалына сөйледі.

— Ағажан, мендей сіздің де өсіп келе жатқан балаңыз бар ғой, соның жылағанын жақсы көресіз бе? Егер мен бұл арада қалсам, өмір бойы жылап өтетін түрім бар... Өтінемін, босатыңыз, треске де мендей инженер керек қой. Сіздерге о жақта жүріп жәрдемім көбірек тиюі сөзсіз.

— Әрине, ол солай ғой... Бірақ бір түнде кетемін деп шыға келгеніңе түсінсем бұйырмасын,— ол қыздың бетіне тағы қарады. Тананың бір түнде осынша жүдеп кеткеніне таң қалды. Енді оны шын жүректен аяп кетті.— Жарайды, босатсам, босатайын... Бір себебі бар шығар. Тек треспен хабарласуға мұрша бер. Сөйлесейін, бөтен адам алып қоймады ма екен.

— Қызмет табылмай қалады екен деп қорықпай-ақ қойыңыз,— деді Тана тағы төмен қарап,— біздің тресте орын болмаса, форттағы бөтен экспедициялардың бірсуіне орналасармын, тек қазір босатыңыз. Бұл арада бір күн тұруға дәтім шыдар емес.

Қыздың соңғы сөзінен оның жанына жаман батқан бір ауыр қайғысы барын ұқты Жандос. Тананың бұл арада енді қызмет істемейтінін түсінді.

— Жарайды, бүгіннен бастап өз еркіңмен босайсың! — деді столынан басын көтермей,— қазір жарлық бергізейін.— Сөйдеді де есікке қарай қаттырақ дауыстады.— Вера, кадрлар бөлімінің бастығын шақырып жіберші.

Тана ес кіргелі, әкесі Сарының күрек алып жер қазған, ат айдап жүк тасыған жұмысшы адам екенін ғана білетін. Оның бір кезде конфискеленген байдың сыбайласы болғанын тек еміс-еміс естіген. Бірақ ешкім бұған «сенің әкең бәлендей» деп бетінен қақпаған соң, Сарының өткен күніне көңіл қоймаған. Тана, өзі тәрізді жүздеген, мыңдаған еркін үнді совет жастарының қатарында өскен. Сондықтан ба оның сана, сезімінде, қылығында өзгеге жамандық істеу тәрізді жат әдеттер кездеспейтін. Қоғам тәрбиесінде өскен адам қоғамшыл келеді. Тана өзі секілді жастарға жуық жүретін. Сөйткен Танаға, кенет, бұрынғы жолдастарынан бөлініп жеке қалуға тура келді. Мұндайда тек өзімен өзі ғана болу, өз жүрегінің ауыра соққанын

ғана тыңдау адамға қандай қиын. Осындай жағдайлағы Тана дегенмен жұмыстарын, қағаздарын тез тапсырып, бірден жүріп кете алмады. Ал оған Өзектегі жалғыздық азапқа айналды.

Қандай адам болмасын, оның өмірі бөтендердің өмірімен байланысты. Дүние солай жаратылған. Күн, Ай, Жер, Су — бәрі, бәрі бірі мен бірі үзілместей боп шиеленіскен. Күнсіз Жер жоқ, Жерсіз Су жоқ. Бұл табиғат гармониясы. Адам да сондай. Еркексіз әйел жоқ. Әйелсіз еркек жоқ. Бұл табиғат гармониясы, махаббат гармониясы. Адамды адам етіп жаратқан да сол махаббат гармониясы. Кісі бірін-бірі жек көруден емес, жақсы көруден өркейеді, өрісі кеңиді. Ал адамның жақсы көруі, мейлі әйел мен әйелдің, еркек пен еркектің арасында болсын, бұл адамзаттың бақытының негізі.

Тана міне осындай өмірдің шу бұлағы, жанар шырағынан өз еркіменен айрылмақ. Бұдан артық оған қиындық бар ма?

Сүйгенінің жүргелі жатқанын Жәлел жаман оқиғаның болған күнінің ертеңіне естіді. Сол сағатта-ақ қыздың үйіне жетті.

Тана жалғыз екен. Кешкі тамақ мезгілі еді. Қішкентай терезеден батып бара жатқан күннің қызғылт сәулесі қыздың жүдеу бетіне түсіп тұр. Жәлел шошып кетті. Тананың кешегі бота көзінің жанарын ішіндегі бір ауыр қайғысы үркітіп жібергендей көрінді. Онсыз да үлкен көздері қазір қара су құйылған қос тостағандай. Тек қарашығында сөнуге айналған күннің қызғылт сәулесі ғана жылтырайды.

Жәлел Тананы «кетейін деп жатыр» деген сөзге сенбеген еді, енді бір сұмдықтың болғанына бірден наңды.

— Сені Өзектен біржолата кеткелі жатыр деп естідім,— деді ол екі ерні кенет дірілдеп кетіп,— рас па? Бұл не сұмдық?..

Қыз көзін жігіттің бетінен бұрып әкетті.

— Рас...

— Қалай рас болады? Маған берген уәдең қайда?

— Иә, білемін... Бірақ кетпеске амалым жоқ.

— Сонда не боп қалды? Себебі не?!

— Себебі... махаббат...

— Махаббат? Қызық екен! Кеше ғана маған уәде берген жоқ па едің?..

Беу, Жәлел, саған берген уәдесін, сол адал махаббаты үшін, бұзғалы тұрған Тананың жүрегінің қазір қалай ауырып тұрғанын білсең! Ешбір сұрақ бермес едің. Жанын бұдан әрі ауыртпас едің.

Қыз жауап қайтармады.

— Әлде біреу сені ренжітті ме, өкпелетті ме, тілі тиді ме?

— Жоқ...

— Онда не болды?..

— Айттым ғой жалғыз ғана себеп махаббат деп...

— Қайдағы махаббат?!

Өкініш, өкпе билеп, өн бойы дірілдеп кеткен Жәлел енді өзін-өзі ұстай алмай қалды.

— Енді түсіндім,— деді ол аузы әзер барып,— бөтен сүйген жігітің бар екен ғой.

«Соған бара жатырсың» деуге аузы бармады. Ентіге барып әзер тоқтады. Жауап таба алмай тұрған Танаға Жәлел өзі жәрдем берді. «Жоқ, жоқ бұл азаптан тезірек құтылу керек, деді ол ішінен, бұл енді бірер сөз айтса менің шыдамауым мүмкін. Жалынып, жалбарынып аяғына жығылуым шәксіз...»

Қыз кенет басын көтеріп алды. Көзінде бір орасан өткір сәуле пайда болды.

— Дұрыс таптың! — деді даусы шаңқ етіп, бірақ сол сәтте әлгі сәуле сөне қалды. Енді ол қинала сөйледі,— өлердей жақсы көретін жігітім бар еді. Әлденелер себеп болып айрылып кетіп едік. Сол фортқа келіпті. Жаздым-жаңылдым, қосылайық деп хат жазып отыр. Соған жетпей шыдай алар емеспін...

Жәлел не дерін білмей сәл тұрды.

— Онда... Онда маған жалған уәде берген екенсің ғой?! Алдаған екенсің ғой!?

— Кешір мені...

Ашу-ыза, өкпе қысқан Жәлел өн бойын өртендіріп бара жатқан намыс отына шыдай алмай:

— Қош! — деді қажырлы үнмен.— Бақытты бол!

Есікті тарс жауып сыртқа ата жөнелді.

Тана мелшиіп сәл тұрды да, кенет, орылған құрақтай, жанындағы кереуетіне, өкіре жылап, құлай берді.

Күні бойы далада жападан-жалғыз сандалып жүрген Сары, қайтып келе жатып, бұның үйінен ашулы шығып бара жатқан Жәлелді ту сыртынан таныды. Кешеден бері Танасына не болғанын біле алмай, «бір бәле осы Бестібайдың баласынан келді-ау, бөтен біреуді алайын деген ғой сірә» деп күдіктенген қарт, енді сестене қалды. Қызының көз жасына Жәлелдің себепкер екеніне шек келтірмеді. Жүрегін кенет намыс өртеп жіберді. «Шіркін-ай, баяғы күнім болар ма еді,— деді ол, көп жылдан бері басынан ұшқан бағын, жастық шағын алғашқы рет есіне алып қапаланып,— менің қызымды жылататын, тең көрмейтін шіркінді алар едім-ау аттың бауырына, қамшының астына!»

Кенет оянған бұл сезім, құдіретті, ай-шайды білмейтін, дүлей тегеурінді әке намысы еді. Оның үстіне Танасы қашып жат жерге барғаннан кейін туып, титтейінен қасында боп, өзінің балдан тәтті мінезіменен жүдеу ойын жадыраткан көңжесі ғой, жанынан да жақсы көретін. Кішкентай болса да ол жалғыз тірегіне айналған. Бегісі хабарсыз кеткен Сары осы кезде қолындағы жалғыз қызы үшін өмір сүрмек болған. Бар тапқан-таянғанын соның үстіне салған. Сондықтан Танасы

ерекше ыстық. Әке ниетін қызы да жақсы түсінген. Кішкентайынан одан сыр жасырмай, өкпе, назы болса да ашық айтып еркe өскен. Бала кезіндегі кейбір ерке-шора мінездері біртебірте жойылып, Тана әкесінің бағына қарай, түбіттей жұмсақ, жібектей берік, сары алтындай салмақты қыз боп өсті. Сөйткен Танасын, жанындай жақсы көретін Танасын, кешегі бай есігінде жүрген малшының баласы көзінің жасын көл еткізді. Қорлады. Меңсінбейді екен, шу дегеннен әуре етпеуі керек еді. Енді міне бүкіл Өзекке хабарлап қойып, масқара етіп отырғаны мынау!

Әке жүрегі қабына түскен. Намыс, ыза, қорлану бәрі жиналып үйінде отыруға дәйек тапқызбаған. Сол үшін күні бойы сар даланы кезді, өзімен өзі күңірене сөйлесті. Сірә, ой түбінде бір шешім туған болуы керек, ауылға кетіп бара жатқан жолаушыға, колхозға берген жалғыз атын ала келуін сұрады. Содан кейін төменгі жыраның жағасында құлап жатқан екі тамның қасында өсіп тұрған жалғыз қарағаштың безді бір бұтағын кесіп алды. Оны күнімен жуан аса-таяқ етіп кішкентай кездігіменен жонды. Міне сол таякка сүйеніп үйіне келе жатқанда Жәлелді көрді. «Не болса да, осы жігіттен келді» деп ойлады ол. Шал асыға басып үйге кірді. Төргі бөлменің есігі ашық екен, төсегінің үстінде етпетінен түсіп солқылдап жатқан қызына көзі түсті. Жүрегі тағы ойнай жөнелді. Аяп кетті. Шешесі ауылға кетіп, қайтпай жатқан еді, қызын уатар өзінен бөтен ешкім жоқ. Танасының бөлмесіне бұрын аттап көрмесе де бұл жолы амалсыз жанына барды.

— Қалқам-ай, сенің түріңді көріп кешеден бері қабырғам қайысып құр сұлдем қалды ғой,— деді.— Айтсайшы, кандай ит сені жылатқан? Қәрі қойдай жасым қалды, сені жылатып қойып, жер басып жүрмей-ақ қояйын, кім болса да айтшы, қолында өлейін.— Қызы жауап бермеді. Шал бұрынғысынан жаман қинала түсті,— кандай ғана ит екен карашығымды жылатқан? Үрім-бұтағы көрде өкірсін! Айтшы, қалқам, әлде... әлгі Бестібайдың баласы бірдеме деді ме? Көңіліңді қалдырды ма? Онда...

Әкесінің соңғы сөзі бір түрлі үрейлі шықты. Тана басын көтеріп алды, бірақ көзінен ағыл-тегіл ағып жатқан жасын сүртпеді. Сол бұлыға жылаған қалпында тағы біраз үн-түнсіз отырды. Өзіне деген әке махаббатын Тана жақсы білетін. Өзі үшін қандай қылмыска болса да бара алатыны да оған аян еді. Әлі есінде, үшінші класта оқып жүрген кезі. Төртінші бөлімдегі бір бала кішкентай бұрымынан жұлқып қалып, қолындағы дәптері мен қарындашын тартып алған. Тана бақыра жылап үйіне келген. Танасының бақырған даусын естіген әкесі кім жылатқанын ести салып, баланың үйіне барған. Тентегін қорғамақ болған ергезердей қара кісіні қолындағы таяғымен салып-салып қалған. Сол жолы екі кісі бірінің-бірі мұрнын

қанатқан үлкен төбелес болған. Милиция келіп екеуін әзер айырған. Бір жетідей абақтыда отырып шыққан. Бірақ шығысымен әлгі қара сақалдың үйіне тағы барған. «Егер,— деген ол қара сақалға,— мені тіпті Сібір айдап жіберсе де, балаң Танамның мандайынан шертетін болса, өз обалың өзіңе, менен жақсылық күтпе, өзіңді де, баланды да бауыздап өлтірем!» деген. Әке сөзін бірге еріп барған Тана өз құлағымен естіген. Сол әке қазір «кәрі қойдай жасым қалды, сені жылатып қойып жер басып жүрмей-ақ қояйын» деп тұр. Бұл сөздің астарында қандай зіл жатқанын Тана біледі. Ызаланған әке түсінбей Жолелге зақым келтіріп жүруі де ғажап емес. Амал жоқ бұған шынын айтуы керек. Және Тана әбден бой жетіп қыз болғанша, әкесінен сыр жасырып көрген емес. Оған әбден сеніп үйренген. Сол әдеті де «айт, айт сырыңды» деп іштей мазалап әкетіп барады.

— Жоқ, ол емес,— деді Тана тағы өксіп-өксіп жіберіп.

— Онда кім?

Қыз бетін екі қолымен баса отыра, көзінен жасын тимай болған оқиғаны жобалай айтып шықты. Тек Хәлелдің араша түскенін, бұзықтың өлі-тірісін білмейтінін, бұлар кеткен кезде оның айдалада қозғалмай жансыз қалғанын жасырмай, анықтап айтты.

Қызының сөзі басталғаннан бері, бетінен қаны қашып, өліктей боп мелшиіп отырған әкесі, әлден уақытта барып:

— Кеше кешке таман жұмыстан қайтқан бұрғышылар, тасты төбеде шала-жансар біреуді ауруханаға алып кепті деп еді,— деді ол сөзінің әр буынына түйіле,—сол доңыз екен ғой.

Тана жауап бермеді. Тағы бетін басып жылап теріс қарап кетті.

— Қалқам,— деді әлден уақытта Сары.— Бұл жерден кетем дегенің дұрыс. Көп кешікпей машина да келіп қалар. Мен осы арада қалам. Апаң ауылдан қайтқан соң соңынан біз де жетерміз.

Қыз жылап тағы біраз отырды.

— Жарайды,— деді ол бір мезет,— тек, көке, сізден жалғыз сұрарым: бұл сұмдықты апама айта көрме, қорланып қайғыдан өлер. Және...

— Не, қалқам, тағы не айтпақсың?

— Бұл сырдан хабардар екеніңізді Хәлел ағай білмесін. О кісі тірі жанға айтпаймын деп уәдесін берген.

— Қалқам-ай! — деді кенет қабырғасы қайысқан Сары.— Айтқаның көрге өзіммен бірге кірер. Хәлелге айтпақ түгіл, мен сорлыны оның бетіне қарай алады дейсің бе!

Шал ауыр күрсінді, бірақ сол сәтте ол кенет қатулана қалды.

— Болған іске болаттай бол, қалқам! — деді қызына бір түрлі қажырлы үнмен.

Ол орнынан ықшам қимылдап, тез түрегелді. Әлгіндей емес бойына бір қуат сіңгендей, қимылы да шапшаң, жігерлі. Орақтай иіле бастаған денесін тік ұстап, ауыз үйге барды. Неге екені белгісіз босағада сүйеулі тұрған бағанағы айдаладан алып келген безді басты жуан таяғын қайтадан жонуға кірісті.

Екі күннен кейін Тана жүріп кетті. Бірақ әке-шешесі бұл арадан көше қоймады. Әлденеге қарайлап жүрген тәрізді бұлар. Тек Сары колхоздан жолаушы әкеп берген жалғыз атын бәйгеге қосатындай баптап, күнде кешке таман құба жонға барып терісін алдырып қайтады. Қасқыр қуатындай мұндайда жуан таяғын тастамайды, үнемі өзімен бірге ала жүреді.

Екі жұмадай жатып Алаң-Алеша да ауруханадан шықты. Өзін ешкімнің іздемегеніне іштей таң қалды. «Кім сені ұрып кетті?» деген бөлімше милициясына «ескі есеп» деп жауап берді. Қыздың бұл арадан кетіп қалғанын біліп: «Бәсе, өзім де осылай ойлап едім.— деді ол ішінен,— ұяты бар қыз өзін-өзі қайдан масқараласын!»

Көңілі орныққан Алаң-Алеша да бірдемені күткендей бұл арадан кете қоймады. Жәлел де Сарының үйіне қайтып соққан жоқ. Сөйтіп жүргендерінде күздің қара суығы басталып, желі өкпеніңнен өтетін Маңғыстаудың ақырған қысы да келді. Қыспен бірге Өзек бұрғышыларына тағы жаңа қырсық та жетті.

Жаз бойы тапқан жетістіктің бәрі енді боска кеткендей болды. Мұнайшыларға қыспен бірге келген қырсық қатты батты. Енді Жәлелдің өз басының қайғысына берілуге уақыты да қалмады.

Үшінші бөлім

I

Маңғыстау қысы біркелкі жылы келеді. Бірақ биыл жазы қандай ыстық болса, қысы да басқа жылдардан анағұрлым өзгеше суық болды. Күз түсе Шығыстан соққан үскірік адамның өкпенінен өтіп, бет бақтырмады. Сібірдің қырық градустық қызыл шұнақ аяздарына мызғымайтын өжет жігіттердің өздері де осы бір қарасуық желдің өтіне тұра алмай, арық койдай бүрсең қақты.

Күзі былай басталғанда қысы қандай қырсық әкелмек?

Маңғыстау өлкесінің, әсіресе Өзек алаңының мұнай құрамында күкірт аз да, парафин өте көп. Және жер бетіне шыққан мұнай отыз градустық жылылықтан сәл төмендесе бұйығып қалады. Сондықтан да барлаушыларға скважиналарды жан-

жақты сынақтан өткізіп, керекті деректер алу, шнемен құдық қазғандай қиынға түседі.

Парафиннің химиялық шикі зат ретінде баға жетпес құны болғанменен, мұнай скважиналарын сынауда, һәм оларды өндірістік пайдалануда кесірі аз тимейді. Ең жаман қасиеті сәл суықтан қата бастайды. Осының салдарынан мұнай, жер бетіне таяған сайын, коюлана түсіп, құбырларды тығындап, тіпті ақпай қояды.

Ал қыс суық келсе, бұдан сорақы қырсық болмайды. Рас, әзір Өзекте сынау жұмысы үстінде тоқтап қалған скважиналар жоқ. Күн бір күн суыса, екінші күні қайта жылып барлау жұмысы бір қалыпта жүріп жатты. Бірақ ертең суық келгенде скважиналар қандай күйге ұшырайды? Осыны ойлаған Өзек барлаушылары күні бұрын қолдан келер шараларды қарастыра бастады.

Ботасы өлген інгендей шығыс түстан тынбай боздаған күздің қатты желі біреу қамшыменен қуып келе жатқандай бір тоқтастар емес. Ышқына, ысқыра соғып тұр. Аспанда оймақтай бұлт жоқ, сөйтсе де көк төрінде жылтыраған жұлдыздар, күзгі суықтан тоңып кеткендей, дір-дір етеді. Жартылай туған айдың да күміс сәулесі жер бетін бәлендей жарыта алмай, бұталар алыстан қарайып, әлем біткен күңгірт тарткан. Оның үстіне желге де қара күңгірт түр біткендей, түн қараңғысы да коюланып, біртүрлі үрейлене түскен.

Міне, осындай сұсты түнгі құлазыған далада санаудағы скважинаның жанында үстіне мақтадан сырған фуфайкасымен, шалбар киген кезекші оператор Жансұлу тұр. Ол скважинаны сынау шеберінің тапсырмасы бойынша, жер астынан аққан мұнайдың мөлшерін сағат сайын өлшеп шығуы керек. Және сол сандарды дәптерге жазып тұруға міндетті. Бұл өте керекті мағлұматтар. Әйел іші пыса ма, әлсін-әлсін әндетіп қояды. Оның әні де сұлу, даусы да әдемі қоңыркай...

Маңғыстау сұлуысың барлық жердің,
Бойыма тауысылмайтын қуат бердің.
Іздесең табасың сен осы арадан
Әйгілі жұмысшысын туған елдің...

Өленді, сірә, жақында үйренген болуы керек, кенет ұйқасымынан айрылып қалып сәл тоқтайды да, әнін өзгертіп бөтен сарынға түсе жөнеледі. Енді ол аспанды, айды, соғып тұрған желді мадақтай бастайды. Бір мезет қайтадан еңбекке, бұрғылауға оралады. Өлең сөздері бәлендей ұйқасымды, күшті болмағанмен, лебізінен жұмысшы деген атты мақтан ететіні, өмірді, еңбекті қуаныш сезінетіні ап-айқын көрініп тұр.

Бір сағаттай уақыт өткен кезде, Жансұлу шұңқырға ағып жатқан мұнай мөлшерін, басқа мағлұмат — парометрлерін өлшеуге кірісті. Алған ақпарларын жуан дәптеріне жазып, оны

кенеп бокшонтайына салып қойды. Көкке қарады. Қара мақпал аспан сол қалпында, титтей де бұлт жоқ, көк төріне қадап қойған күміс теңгелердей жыбырлаған тек жұлдыздар ғана оған күлім қаққандай. Ашулы жел де сол бұрынғы қалпында, көрі қобыздың қиналған үніндей, сарнауын бір тоқтатар емес. Әйел әлденеге күлімсіреді. Қайтадан өлең айтуға кірісті. Бұл жолы оның әні де, әннің сөзі де өзгеше жылы шықты.

Шіркін өмір қызық қой ойнап, күлсең.
Сүйгеніңмен сыйласып қатар жүрсең.
Ғашықтықтың да маңызы сонда емес пе,
Бір-бірінді сағынып күте білсең.

Өлең, сірә, әйелдің ойындағы мұддесін қозғағандай бір түрлі әсем, сырлы.

Сүйсең егер жарынды, сүйсең қатты,
Ләззат деген, япырмай, қандай тәтті.
Басынды ий, адамзат, алғыс айтып.
Берген бізге тәнірге махаббатты!

Әйел өлең сөзіне мәз-майрам.

Бір мезет ол тағы қалта сағатына қарады. Мөлшер алатын уақыты асып бара жатқан болуы керек, кенет мұнай ағып жатқан тұсқа асыға ұмтылды. Осылай біресе өлең айтумен, біресе мұнай өлшеумен түн ортасы таяды. Жансұлудың шаршайтын түрі жоқ. Әйткенмен машина келетін уақыты таяп қалды білем, сағатына әлсін-әлсін қарай түсті. Бірақ машина көрінбеді.

Әлден уақытта түнгі сағат екі болды. Әйел ең ақырғы өлшеулерін жүргізіп, скважинадан керекті мағлұматтарын алып бітірді. Дәптерін кенеп бокшонтайына салды да, енді белбеуін қайта буынып, машинаны күтпей поселкеге бет түзеді.

Маңғыстаудың ауа райы, әсіресе күзді күні өте құбылмалы. Бір күн қыс түссе, ертеңіне күн көзі қайтадан жадырап шыға келеді. Бүгінгі күн де осындай еді. Осыдан бір жеті бұрын түскен қар кенет еріп кетіп, қайтадан күз оралған. Ал бүгінгідей желді қара суықтың әп-сәтте долы боранға ауысып кетуі оп-оңай жайт. Әйел скважинаның теріскей-батыс жағындағы поселкеге қарай жарты шақырымдай жер жүріп үлгірген жоқ, кенет күншығыс тұстан соққан жел үдей бастады. Енді бір жарты шақырымнан асқанда, дүние алай-дүлей ақ түтек боранға айналды да кетті. Жансұлу жүріп келеді. Жел бұрынғысынан да күшейуде. Айналасы ыскырған, ішін тартып қасқырдай ұлыған, әлем-тәпірік үнге толды. Скважина поселкеден төрт шақырымдай жерде еді. Оператордың жететін уақыты әлдеқашан болған. Бірақ поселкадан еш белгі жоқ, тіпті жылтыраған шам да көрінбейді. Жансұлу құлағын қанша тосса да бұл елең етер ешбір үн де естілмеді. Желдің гүілінен, ыскырығынан бөтен ешбір үн жоқ. Жансұлу адасып кеткенін енді білді. Оның үстіне түн де бұрынғысындай емес, суыта түсті. Қарлы, ызғарлы боран —

бетіне, құлағына мың иледей қадалып бар еркінімен кеп мандайынан ұрды. Жансұлу енді амалсыздан желге қырындай жүрді. Бұл оны адасқанының үстіне адастыра берді. Әйел, осы тұрған поселкеден адасқанына, өзіне-өзі ыза болып, қайтадан поселке «осы жақта-ау!» деген бағанағы, алғашқы бет алған тұсына қарсы бет бұрды. Енді әбден шатысты. Оның үстіне боран үскірікке айналып, әйелдің ән бойын темір сауыттай қысып, мұп-мұздай боп қоршап алды. Қалшылдатып, сығып әкетіп бара жатыр. Әр басқан адымы, аяғын кісендеп тастағандай, қынға түсті. Бірақ Жансұлу сонда да болар емес, басын төмен қарай тұқыртып алып, желге қарсы ұмтылды. Кенет тізерлей құлап кетті де, тұра сала қайтадан жүрді.

«Адам өзінің аса бір қиын кездерін, басынан өткізген ең қызық күндерін осындай жағдайда есіне түсіреді»,— дейді мұндай оқиғада болып көрген жұрт. Бұл, өліп бара жатқан кісінің шат дүниені қия алмай, көз алдына ақырғы рет елестеткеніне ұқсаса керек-ті. Осы бір өте шаршаған, қиналған шағында оператор әйелдің де көз алдына жас шағының өткен бір суреті ойнай жөнелді: Сол кезі кенет, дәл алдынан, көк орай шалғын шөптің арасынан быр етіп көтерілген көкаршындай көрінді оған. Өмірдің осы бір тамаша шағы есіне түскен сайын Жансұлудың бойына қан жүгіріп, кенет қуаныш білеп кеткендей болды. Енді ол соғып тұрған алай-түлей боранға да елең етпейтіндей.

Жансұлудың әкесі қой баққан жай әшейін қарапайым колхозшы еді. Бұлар тұрған «Майдан» колхозында сегіз жылдық мектеп ашылғанда, әкесі ақ түйенің қарны жарылғандай қуанды. «Өзім оқымағанмен, әкем оқымағанмен, атам оқымағанмен, қызым оқитын болды,— деді ол,— айналайын үкімет-ай, қараңғы үйімізге әйтеуір жарық-сәуле кіргізіп жатыр-ау!»

Сол қызы осы Жансұлу — оқуға тек тоғызында ғана барған. Ол жаңағы сегіз жылдық мектепті бітіріп, он жетіге шықты. Мектеп бітіретін көктемде мұғалима әйел бұларды колхоз жанында былтырдан сынақтан өтіп жаткан мұнара бригадасына саяхатқа алып келді. Көкке атып тұрған мұнай фонтанын жасөспірім қыз бұрын көрмеген. Таң қалды. Әсіресе оны таңдандырған осы бір ғажайып дүниені басқарып, дегеніне жүргізіп тұрған қара торы жігіт болды. Жеңгелері құлағына ананымынаны сыбырлап, сана-сезімі ерте оянып, тіршілік-тұрмыстан ұғым ала бастаған ауылдың пысық қызы он жетіге жаңа шыққа да, әлгі жігітке өзгеше қарады. Әрине, өз колхозында да жігіттер көп, Жақан тәрізділері мына мұнайшы жігіттен түрге де, бойға да артып түсуі мүмкін. Бірақ олар мынадай алып машинаны жүргізе білмейді ғой. Ал мынау қандай өнерлі десейші! Әрине, біздің ауылдың бозбалалары бұның башайына да тұрмайды. Ең тәуір дегендері қой бағып, жылқы күзетеді. Ал мынау... жоқ жоқ, олардан көш артық!

Өзінен көзін алмай тұрған, піскен бұлдіргендей, екі бетінің ұшы қан-қызыл қара торы қыз балаға жас жігіт Хәлел де екі-үш рет қараған. Өзге қыздардай емес, бұл да оған өзгеше көрінген. Тағы бір көзіне көзі түсіп кеткенінде жігіттің ұшқын атып тұрған шоқтай жайнаған көздері ішіне от жағып жібергендей өн бойын кенет жылытып жіберген. Жігіт бұрғылау машинасының қалай жүретінін, не іздеп жатқанын оқушыларға түсіндіре бастағанында Жансұлу оған өзгелерден сәл жақындау келіп тұрған. Ыстық пештің қасына таяғандай, қыздың жігіт жақ бүйірі кенет қыза түскендей болған. Енді сол қызу, бүкіл денесін алып, «жылы, тәтті у тарады қанымa» деп ақын айтқандай, қыздың өзі де бір ғажайып тәтті сезім билей бастағанын сезген.

Сол күннен бастап колхоздан сүт, айран алуға Хәлелдің өзі барды. Бararда да, қайтарда да мектеп алдымен өтеді, бірақ оған сонау әсем қыз кездеспей-ақ қойған. Кездеспеген сайын, Хәлелдің қызды көргісі келе түскен. Егер ол кездесе қалса, аты-жөнін біліп, танысқысы келген.

Сөйтіп жүргенінде Хәлел бір күні кешке таман фермадан сүт әкеле жатқанында, поселка шетінде қызбен бетпе-бет кездесіп қалды. Қолында кітап салған сумкасы, сірә мектептен қайтқан беті болуы керек қаншен-қаперсіз келе жатыр. Сумкасын үйіре шайқап, әндетіп бірдемені айтып, күліп қояды.

Тапал үйдің мүйісінен, карама-қарсы шыға келгенде жасөспірім қыздың да көзі жарқ етті. Хәлелдің де екі көзі күлімдеп, бетінде бір орасан қуаныш ойнай жөнелген. Хәлелдің сондағы жүзі Жансұлудың әлі күнге дейін көз алдында. Сол бақыт, сол қуаныш содан бері бұны да құшағынан шығармай келе жатқан. Өмір бойы осылай өтеріне Жансұлу сол күні, сол кеште әбден сенген.

Амандасып болғаннан кейін, жігіт:

— Көрінбей кеттің ғой? — деген.

Қыздың көзі жарқ ете түскен.

— Көрінуге міндетті ме едім? — деген ол әзілдесе күліп.

Жігіт сөз таба алмай:

— Әрине... Жоқ... «Бір көрген біліс, екі көрген таныс» деген... Атың кім?

Қыз бұрынғысынан бетер әзілдесе кеткен.

— Оны қайтесің? Әлде менің атымды біліп алып, хат жазайын деп пе едің?

— Жазғанда қандай! Бірақ атынды білмеймін ғой.

— Атым Жансұлу...

Ауылдық жерде жігіт пен қыздың оңаша ұзақ сөйлесуі өрескел жағдай. Үйлерінің алдында тұрған бір-екі әйел бұларға қарай бастады. Бұны көрген қыз енді қысылып қалды.

— Жақсы, қош болыңыз. Әне бір қатындар бізден көзін алар емес,— деді жүре бастап.

Қыздан айырылып қалады екем деп қорқып кеткен жігіт:
— Ертең ымырт үйіріле осы арада кездесейік,— деді.
Кетіп бара жатқан қыз бірғұрлі шаттана дауыстады:
— Жарайды!..

Артынан екі жылдай өткеннен кейін, қыз осы әскерден оралған жас жігітке ерге шықты. Жансұлу келесі жылы қалаға оқуға кетпей бұрғылау станогына жұмысқа түскен. Екі-үш жылда алдыңғы қатарлы оператор боп шыға келді. Хәлел екеуі шын бақытты ерлі-зайып болып, балдай тәтті тұрмыс құра бастады. Бірақ сол алғашқы екеуі оңаша кездескен күнгі Хәлелдің түрі, сөзі бәрі Жансұлудың дүниедегі ең бір үлкен қуанышы, мейрамы тәрізді мөлдірлік есінде қалды. Міне қазір де, ең бір қиналған сәтінде сондағы көрініс кенет көз алдына елестеді. Көңілі жылып кетті. Үңірейген түнде, үскірік боранды қорқыныш та кенет жоғала берді. Ол аяғын бұрынғысынан ширақ баса түсті. Осы кезде дәл бүйір тұсынан машина оты көрінді. Жансұлу қуанып қалды. Бұны әдейі іздеп шыққан Хәлел екен.

— Тү, жаксы келдіңдер ғой,— деді Жансұлу қуанғанынан не айтарын білмей.

— Амансың ба, барсың ба, күнім?— деді Хәлел.— Ешжерінді үсік шалмады ма?

— Тоңғаным болмаса, үсі қойған жоқ шығармын.

— Ертерек жететін едік, жолай өлейін деп жатқан бір жаракатты адамға кездесіп, соны ауруханаға апарамыз деп кешігіп қалғанымыз.

— Ол кім? — деді шошып кеткен Жансұлу.

Хәлел қолын бір-ақ сілтеді.

— Ой, қай бір дұрыс адам дейсің!..

Осындай қиындыққа қарамай, қатаң қыс ішінде барлау скважиналардың саны қырық беске жетті. Кейбіреулері бұрғыланып та болды. Бірақ оларды сынау жұмысы өнбеді. Алпыс процентten аспады. Және келесі айларда да сынау жұмысының жөнделіп кететіні байқалмады. Экспедицияның қандай халге ұшырап отырғанын баяндап, жоғарғы жақтан жәрдем сұралды. Жәрдем орнына, Алматы көмекке тағы кісілер жіберді. Тағы Өзекке Ерден мен Сәлімгерей келді. Мұндай жағдайда жоғарыдан келген адамдар ең алдыменен жергілікті жұртпен ақылдасу үшін бәз-баяғы кезекті мәжілісін шақырады. Бұл жолы да осы қалыптасқан дәстүр бұзылған жоқ, әдеттегі мәжіліске жұрт жиналды.

Жандостың кабинеті. Лық толы кісі. Экспедиция басшылары, аға инженер, бұрғышылар, Ерден мен Сәлімгерейден бөтен ғылыми зерттеу институтының бір-екі ғалымы мен Партия Комитетінің секретары отыр. Бұл жақында облыстан жіберіл-

ген ашаң жүзді, орта жасқа таяп қалған, кимыл, сөзі сабырлы кісі.

Жиналысты әдеттегі тәртіппен Ерден ашты.

— Қаралатын мәселе біреу-ақ,— деді ол.— Өзек барлау скважиналарын сынау жұмысы төмен болып отыр. Бұған не бөгет? Қысқасы мәселе кыс кезінде шығатын мұнайдың парафинымен күрес жайында, яғни оған қарсы қолданылатын шараларды талқылап, қаулы-қарар алып, сынау жұмысын бір тәртіпке келтірсек деген ниет. Бұл жағдай бүгінгі күні Өзек барлау экспедициясының ең бір ауыр ісіне айналып отыр. Сол үшін талқыламақпыз. Егер қарсы болмасаңдар сөзді өздерінізге белгілі оқымысты Сәлімгерей жолдасқа берсек дейміз.

— Қарсылық жоқ,— деді екі-үш дауыс.

Өзектің бұрғылау ісінің барысын, сынау жұмысының нашарлығын, оның бас айыпкері парафин затының көптігі және қысты күні қатып қалатын қасиетін қысқаша баяндап келіп Сәлімгерей:

— Бұған қарсы біз не істеуіміз керек?— деді.— Ал, шынында біз қорықпайтын заттан қорқамыз. Мұндай жағдайда қолданылатын шара көп. Мысалы фонтан скважинасының аузынан бастап жүз метрлік бойына дейін никель, немесе шыны ұнтағы, тіпті болмаса кәдімгі лак жағылған құбырларды қою керек. Бұл құбырларға парафин жұқпайды. Бұны қиын десеңдер, скважинаның ауыз жағын электр жылытқышымен жабдықтау жөн. Бұ да мұнайдағы парафинді суытпайды. Ең ақыры, құбырларды жылытатын жылжымалы бу машинасын да пайдалануға болады. Қысқасы парафинді жеңетін әдістер көп. Қайсысын қолданамыз десеңдер де еріктеріңіз.

Сәлімгерей байсалды түрде сөзін бітірді де орнына отырды. Сөзді енді Жәлел сұрады.

— Сәкеңнің жаңағы ұсыныстарының бәрі де ғылыми дұрыс ұсыныстар,— деді Жәлел. Өзек мұнай парафинының өзіне тән басқа ерекшеліктерін де айта келіп,— кітаптарда бұл әдістердің бәрі де жазылған, теория көзімен қарағанда да қатесі жоқ... Бірақ іс жүзінде бұл әдістердің біреуін де біздің скважиналарға қолдануға болмайды.

— Неге? — деді жұлып алғандай Ерден таң қалғандық пішін көрсетіп.

— Оны сізден сұрау керек еді,— деді Жәлел әдеттегісіндей қызып кетіп.

— Қызық екен!

— Қызық ештеңесі де жоқ. Жарайды, профессор айтқан әдістердің біреуін қолданайық делік. Бірақ өйтуге біздің қолымызда не бар? Мысалға, жылжымалы бу агрегатын алайық. Қырық бес скважинаға құрығанда бұндай агрегаттың оны керек. Ал, біздің экспедиция түгіл, министрлікте де ондай жылытқыштың өзі түгіл, үлгісі де жоқ. Оны министрлік қайдан табады,

қашан жібереді? Әлде мен қателесетін шығармын,— Жәлел Ерденге қарады.— Мүмкін ондай агрегаттарды сіздер тез ұйымдастыратын шығарсыздар?

Ерден үндемеді.

Жәлел сөзін жалғай түсті.

— Сәкеннің екінші айтқан әдісі,— деді ол Сәлімгерейге қарай,— ұмытпасам, Өзек тәрізді мұнай құрамында парафины көп, Солтүстік Кавказдағы Өзек — Суат кәсіпшілдігінде қолданылып жатқан әдіс қой деймін. Мұнда скважина ауыз жағындағы құбырларды никельмен, не сұйық ыстық ұнтағымен жауып пайдаланатын көрінеді. Құбырларды бұйту үшін арнаулы цех, және ондай істің мамандары керек. Біз оларды қайдан аламыз? Өзіміз ұйымдастырғанша қанша уақыт өтеді? Қыс кетіп, жаз келмей ме?

— Сонда осылай отыр дейсің бе? — деді Ерден қабағын сәл шытып.— Әлде ұсынар бөтен шараң бар ма?

— Бар,— деді Жәлел жігерлі үнмен,— рас, менің айтайын деп тұрғаным жаңадан табыла қалған тәсіл емес. Бұны біздің әкелеріміз де пайдаланып келген, атам заманнан белгілі айла. Амал жоқ соны қолдануға мәжбүр боламыз.

— Тіпті о заманнан қалған дүние болса да айтсайшы,— деді тағы Ерден шыдамы таусылып.

— Бұл екінің бірінің қолынан келетін амал,— деді Жәлел Ерденнің асыққанына мән бермей сол бұрынғы қалпында баяу сөйлеп.— Былайша айтқанда, мұнай атып жатқан скважинаның ауыз жағындағы құбырларды ыстық факелы жөкемен сүртіп жылыту немесе қырғышпен қата бастаған парафинды қырып, құбырларды тазалап тұру.

— Ау, оған қыруар адам керек қой,— деді Жандос шын абыржып.— Оны қайдан аламыз?

— Әзірге Ембінефтіден шақырту керек.

Тағы біраз адам сөйледі. Ақыры Жәлел ұсынысына тоқтады. Скважиналарды сынау бригадалары бестен онға жеткізілсін, құбырларды тазалайтын кісілер дайындалсын делінді. Және бұларға қосымша Ембіден бес бригада әкелінетін болып қаулы алынды. Алматыдан келген кісілер шаруаларын бітіріп астанаға сол күні жүріп кетті.

Міне осылай, Өзек барлаушылары қыстың қақаған суығымен байланысты скважиналарды сынаудан өткіздірер тағы бір қиындықты жеңуге кірісті.

«Қоянды — қамыс, ерді — намыс өлтірген». Намыссыз жан болмаса керек-ті. Әсіресе әке намысын айтсайшы! Сары Танасының қалай қор болғанын өз аузынан естіген күні, түні бойы көз іліктірмей шықты. Қорланған, намыстанған әке жүрегі қоярға жанын жер тапқыздырмады. Бір күйді, бір суынды.

Ақыры азапқа шыдай алмай, Сары қара түнде, жастығын жұлмалап, ағыл-тегіл жылады. Әрине, қуаты бойына симаған жас кезінде бұндай оқиғаға кездессе, ол сол болған сұмдықты естіген сағатында-ақ бір мезет үйінде отырмас еді. Танасын қорлаған жігіттің қолында өзі өлер еді, не оны өлтірер еді. Ал қазір ондай қайрат көрсететін жағдай қайда! Кешегі қажырлы дене қазір суға салған еттей босап кеткен. Біреуге күш көрсетпек түгіл, өзі әзер жүр. Ал бұзықты жазалауға кісі жіберуге — оған да құдіреті жоқ, рулас жігіттерін жинайтын заманы әлдеқашан өтіп кеткен. Заман демекші, Сарының сол өткен заманды көксейтін несі бар? Ештеңесі де жоқ. Бай болған жоқ, батыр болған жоқ, тек мұндай намыс қорланар күн туа қалғанда рулас адайдың аққөз жігіттерін бір жинар едім деген құр далбасасы гой. Әрине, бұл құр далбаса. Рушылықты Сарының өзі де алдақашан ұмытқан. Осыдан барып ол еңбек, жұмыс дегеннің не екенін түсінген. Оның қуаныштарын да ұға бастаған. Сөйтіп жүргенде Бегіс адам боп келіп, Сары кенет жаңа заманның қызығына әбден кенелген. Оның үстіне қызы Тана инженер деген атқа неленіп, өзі кешегі қашып кеткен даласына, жұрт тәрізді толық құқты адам боп оралып, төбесі көкке тигендей қуанышты еді. Осындай күйге жеткеніне тәубе етіп, Сары енді өткен Түйебай заманын мүлдем есінен шығарған. Жаңа дүниеге алғысын айтып, оны тіпті мақтан еткен. Сөйтіп жүргенінде мынадай жантүршігерлік оқиғаға кезікті. Енді кенет оған бар дүние қарап қалғандай болды. Қолдан келер дәрмені жоқ, сотқа беріп бұзықтан өшін алуға, қызы Тана рұқсат етпейді: Жоқ, қызы рұқсат еткен күнде де, «менің Танамды осылай етіп кетті!» деп біреуге арыз етуге өзінің беті де шыдамас еді.

Міне сонда барып оның есіне сонау соңынан сойылкер жігіттерді ерткен өткен заманы қайта түсті! Іш қазандай қайнады! Бірақ ол өткен күнін есіне түсіргенмен, Совет үкіметін айыптай алмады. Бұзықтық істеген адам — кешегі өзі тілектес болған Әжіғалидың баласы. Жалғыз күренін пида етіп өзі ажалдан аман алып қалған баяғы қара домалақ Алаң. Енді Сарының өзінің қазіргі әлсіз жағдайына өкпесі мүлдем өшті. Сонда Алаң кім? Иә, иә, ол өзі безген ескі заманның қалдығы. Ескі заманның зорлыққа, озбырлыққа тәрбиелеген жаман ғұрпының қанды көз тас түлегі. Оған Совет үкіметі айыпты ма? Жоқ, сондай бала өсірген Әжіғали, сондай баланы өлімнен алып қалған өзі айыпты! Міне осылай жанталасқан Сары, өз айыбын өз қолымен, керек болса өз қанымен жумақ болды. Танасының өшін де, өзінің өшін де Алаңнан өзім аламын деді. Бірақ қалай алады? Тепсе тегеуріні темір үзетін жігітке жетпістегі шалдың күші қалай жетеді? Ал Алаңның қандай күш несі екенін дене бітімінің өзі айтып тұрған жоқ па? Иә, айтып тұр. Алаң-Алешаны алысып жеңбек түгіл, қасына барып қатты сөз

айтудың өзі қандай қорқынышты! Бір қойғанына шыдай алар ма? Бірақ қайткенменен өшін алуы керек! Тапталған намыстан артық дүниеде қорлық жоқ! Ондай қорлыққа шыдағаннан да өлгені артық! Бірақ өшін қалай алады? Әрине, жерлес, рулас жігіттерден мұның намысын жоқтайтын қызу қанды намыской бірер жас табылып қалуы да мүмкін. Бірақ... бірақ кек өзінікі ғой. Біреудің қолын қан еткенше, одан да бұзықты андып тұрып, өз қолын неге қандамайды. Жоқ, жоқ, әйтпесе кек қайтпайды. Кегін алу үшін қасын кісі сыртынан ұрып өлтірмейді! Бетпе-бет кеп кеудесіне мініп отырып, өшін алады! Солай қайтпаған кек кек емес! Намысыңды қорғағың келсе, жауыңмен жүзбе-жүз қарсы келе біл! Тек сөйтсең ғана кегіңді жоқтай білгенің! Бұл атам заманнан келе жатқан дәстүр! Қодардай, не Бекежандай кісіні қазақ ежелден жек көрген! Алатын өшің қандай адал болғанмен, біреуді сыртынан өлтіріп қайтқан өшті халық ерлікке санамаған! Бірақ бетпе-бет келер жетпістегі шалда қандай қуат бар?

Міне, осы күннен бастап Сары, Алаңнан өшін ашық алу дайындығына кірісті. Колхозға қойған жалғыз атын алдырып, баптай бастады. Көп жылдан бері ат арқасын көрмей әбден тосаңсып қалған екен, енді күнде жонға шығып, екі-үш сағаттай жүріп қайтатын болды. Шу дегенде желістен бастағанмен, біраздан кейін қатты шабыска да үйренді. Содан кейін ескі қыстауға барып бір жіңішке сырғауыл тауып әкелді. Оны күнде май жағып, күлге көміп, көдімгідей сойыл етіп жонын алды. Енді құба жонға шығып, жердегі біреуді ұрғысы келген жандай, шауып келе жатқан атының үстінен сол жақ тұсына қарай сілтеп, көп уақыт шынықты. Күнде осылай. Сыртынан біреумірең көре қалса, бұны жын ұрған дер еді, әйтеуір ешкімнің көзіне түскен жоқ. Күздің қарасуығы түспей-ақ, баягы қасқыр соғып жүрген шақтарындай сойыл ұруға әбден төселіп болды. Енді қандай қасқыр болса да соғып ала алатын күйге жетті. Расында да ол қасқыр сокпақ еді. Бірақ оның қасқыры төрт аяқты аң емес, екі аяқты адам Алаң-Алеша. Сарыға ол қасқырдан кем көрінген жоқ. Оны соғып өлтіруді — өзіне сауап санады. «Осыным дұрыс болар ма екен?» деп сәл күмәндана бастаса-ақ Танасының жылаған бейнесі көз алдына елестеп кетеді де, бұрынғысынан бетер қатулана түседі. Қенет сырғауыл-құрығын қыса ұстап, ат жалын құша, қасқыр қуып бара жатқандай қаһарлана шаба жөнеледі. Мұндайда жүрегі де ат шабысынан қысылмай, тынысының да едәуір кеңіп қалғанын сезеді. Енді Алаң-Алеша бұған айдалада кездесе қалса, сөз жоқ, сойылға жығып өлтіре алатынына күмән келтірмейді. Ат үстіне үйреніп, сойылға әбден шығығып қалған соң, Алаң-Алешаға деген ашуы енді оны қастасқан жауынан тезірек кек алуға шақырды. Сары бұзықпен кездесетін жағдайды іздей бастады. Бұл кезде Алаң-Алеша мұнай қондырғысының біріне сайман

тасушы боп жұмыска кірген. Сары канша онаша кездеспек болса да оны жалғыз жолықтыра алмады. Алаң-Алеша да сонау қырқа бауырында сойылын сүйреткен салт атты аншы шал өзін әдейі аңдып жүргенін сезгендей, үнемі мұнараға жүртпен бірге келіп, поселкеге бірге қайтты. Ешуақытта да жеке кездеспейді. Ал басқа мұнайшылардың көзінше талтүсте кісі өлтіруді Сары дұрыс көрмеді. Және жұрт та өздерінің көзінше кісі өлтіртпейді. Бұны Сары жақсы біледі. Сондықтан да ол қарақшыны аңдыған жеңеді деген қағидаға сеніп, бұзықтың жалғыз ұшырауын үн-түнсіз шыдап, күтіп жүре берді.

Бірақ канша шыдаймын дегенмен де әке намысы шыдатпады. Ақырында Сары Алаң-Алешаны аңдып тағы да атына қонды.

Ал Сарының қасын кездестірген шақ кешкі мезгіл еді, жел күндізгі соққан дүлей екпінінен бірде-бір әлсіремеген. Жылжыған оба тастай, қырқа үстінен төмен қарай дөңкіліп құлаған Алаң-Алешаны Сарының көзі анадайдан шалды. Кенет денесі дірілдеп, ашу қысып кетті. «Доңыз бір ажалыңнан өзім құткарып едім, енді өз қолымнан өлтірейін» деді Сары кенет өзіне-өзі күбірлей сөйлеп, оған дәл осы сәтте бұл айтқаны шын адал үкім боп көрінді. Істегелі тұрған қылмысын дәлелді деп ұқты. Ашу енді Сарыны біржолата билеп кетті. Атын тебініп қап, келе жатқан адамға қуйындата қарсы шапты. Иә, бұл Алаң-Алеша еді. Тымақты қара шалдың өзіне қарай қуйындатып келе жатқанын бұ да көрді. Өзгені өлтіргенде міз қақпайтын жан, өзіне өлім төнгенде қорқақ келеді. Өлтіруге келе жатқан салт аттының ынғайын анадайдан ұқты. Ол енді саскалақтап, көзі шарасынан шыға, бастырмалап қарсы жетіп қалған аттыдан тайсала, жалт бұрылды. Сол сәтте нық тұсынан кеп сырғауыл-сойыл сарт тиді. Жігіт жантая кеп құлай жаздап, тұрып кетті. Сары төнген бойы, атының басын әзер бұрып, кейін қарай қайта шапты. Қашқанмен, бұлтарып жалтарғанмен жігіт сау қалмайтынын ұқты ма, енді сәл енкейіп, екі аяғын бүге, екі қолын не, шабатын қасқырдай, салт аттыға қарсы тұра қалды. Келе жатқан аттыны секіріп барып, ат үстінен алып түскісі келген барыс тәрізді. Сары сол құйғытқан қалпында таяй берді. Бірақ ынғайы келе тұра ұрмады, сойылын сілтемеді. Қанша қаһарланғанмен қарсы тұрған адамның көзінен бір орасан қорыққандықты, жанталаскандықты, дәрменсіздікті байқап қалды. Кенет қатуланған буыны босап кетті. «Ит, жауыздық істесе де, адам ғой, мықтап бір ұрдым, со да жетер» деген бір ой оның миында кенет пайда болды. Расында да өмірінде кісі өлтіріп көрмеген адамға, бұлай бірден екі қолын кан етіп шыға келу қиын еді. Әлгі алғашқы мықтап сілтеген сойылының ауыр салмағымен бірге өзінің жүректегі ауыр өші де жеңілденген тәрізді. Шал қайта оралып, сырғауылын басына көтере ұстап таяп келе жатыр. Жігіт сол секіруге ынғайланған

қалпында, тек салт аттыға бұрыла қалған. Түрінде сол қаһар төккен сес, сөйтсе де, көзінде жаным қайтсе қалады деп сасқандық, жанталасқандық қауіпі бар... Жалғыз-ақ алғашқысындай аяй көр деген ишарат жоқ, оның орнына бөтен бір «қайтсем қанынды ішем?» дегендей бір суық ызғар байқалады.

Сары енді ашуын, ызасын сөзбен баспақ болды.

— Шошқа-ау, білсең ол сенің қарындасың еді ғой,— деді жақындай беріп.— Мен сені өлімнен құтқарғанмын, ал сен не істедің? Өзіңді біржолата құрту керек еді! Әттең, әттең, қан ішіп үйренбеген басым, қолым бармады.

Алаң-Алеша шалдың сөзін тегіс ұқпаса да, оның үнінен өзін енді ұрмайтынын түсінді. Бірақ тұрған қалпын өзгерткен жоқ. Шал тағы бірдемені айтып келе жатты да, кенет үрейлене сойылын сілтеп қалды. Сойыл бұл жолы жігіттің жамбасынан тиді, бірақ сәрт сынды. Аш қасқырдай қарсы атылған Алаң-Алеша біржақ жамбасының жаны кетіп бара жатса да, ышқынып барып, аттың дізгінінен ұстап үлгірді. Тебінің қалған ат, алға ұмтыла беріп жігітті шалқасынан құлатты. Жігіт аттың бауырына түсті, сонда да қайыс шылбырды босатпады. Ол сүйретіле түсіп, аттың алқымына қарай тығылды. Сойғты де көтеріле беріп қайыс дізгіннен мықтап ұстап аттың басын тұқырта, екінші қолымен жалына жабыса кетті. Енді бір сәт, аюдай қарулы жігіттің қолы шалдың белінде де жетіп қалды. Сары, бұны аяймын деп өзінің басына қауіп төнгенін енді сезді. Жігіттің көзіне көзі ұшыраса қалып еді, оның қып-қызыл боп қанталап кеткен көзінен бір рақымсыз отты көрді. Шал шаруасының біткеніне шек келтірмеді. Жігіт аттың кеуде жағынан жабыса кеп, шалдың белбеуінен мықтап ұстады.

Енді Сарыны аттың үстінен жұлып алуы ғана қалды. Аржағында не істейтіні белгілі. Жанталасып, жолбарыстай жабыса, жігіт шалды өзіне тарта берем деген кезінде, Сары сырғауылдың қолындағы қалған сынығымен қос қолдап кеп оны дәл маңдайынан ұрды. Шалқалай құлай берген жігіттің, сірә маңдай сүйегі сынып кеткен болуы керек, басынан қызыл қан бұрқ етті. Алаң-Алеша шалқасынан түсті, бірақ оның білегіне оралып қалған қайыс дізгін атты босатпады. Бәледен қашып құтылғысы келген Сары атын тебінумен болды. Әбден үріккен, шошынған, көп күннен бері шабысқа жаратылған тың күрең бауырында сүйретілген жігіттен құтыла алмай, оны алдыңғы екі аяғымен таптай берді. Әлден уақытта дізгін үзіліп кетті ме, әлде жігіттің қарысып қалған қолы жазылып босатып жіберді ме, ат шаба жөнелді. Сол шапқаннан Сары тек поселкеге таяп қалған кезде ғана аздап есін жиды. Енді ол атын тежеп тоқтатып, бөкен желіске салды. Бұл кезде түн болған еді. Поселкеге кіре бере, Сары атын тоқтатып, әлденені ойлағандай үн-түнсіз біраз тұрды. Сірә есін жинағысы келгендей. Сосын тебініп қап поселкеге қарай аяндады. Бірақ жолының оң жағындағы өз

үйіне бұрылмады. Тікелей Өзек поселкесінің учаскалық милиция бөлімінің кеңсесінің қасына тоқтады. Созыла барып аттан түсті. Үйге кірді. Темір торлы кішкентай терезесі бар, шағын бөлменің ішіндегі қолдан жасаған тақтай столдың аржағында отырған милиция лейтенанты, қияқ мұртты қара торы жас казақ жігітіне:

— Қарағым,— деді аптықпай.— Мен кісі өлтіріп келдім, не істейтін едіңдер мұндайда, алдында тұрмын.

Жігіт шалдың сөзі қалжың екен деп күлді.

— Кісі өлтіріп дейсіз бе? Неше кісі?.. Мүмкін...— Бірақ электр жарығы көрсетіп тұрған етегіндегі күренденіп шашыраған қанды көріп шошып кетті.— Япырмай, отағасы, сіз шын айтып тұрсыз ба?

— Қарағым, кісіні адам өтірік өлтіре ме? Болар іс болды,— деді төмен қарап.— Денесі жетінші мұнараның бер жағында жатыр...

Милиция лейтенанты өзінің жәрдемшісін шақыруға телефонға жабысты. Қолы дір-дір етеді. Зәресі жоқ, өйткені Өзек поселкесі салына бастағаннан бері адам өлтірілген бұл бірінші оқиға еді. Және кім өлтірді десейші?! Қазақтың жетпістегі шалы! Мұндай сұмдықты кім естіген! Кім көрген!

«Адасып кетті-ау!» деп машинамен Жансұлуды іздей шыққан Хәлел әнеукүні осы Алаң-Алешаның үстінен шыққан. Өлім аузында жатқан жаралыны шофер екеуі әзер көтеріп машинаға салып кейін қарай, поселкеге беттеген. Жолай, суық желі тыпбай уілдеген қараңғы түнде Сары «өлтірдім» деген адамның өлігін таба алмай сандалып жүрген екі милиция мен медпункт кісілеріне кездескен. Әлі кеудесінде шығар-шықпас жаны бар жаралыны екінші машинаға салып жатуды қауіпті көріп, бұлар оны сол Хәлелдердің машинасымен поселкеге алып келген. Жолай милиция лейтенанты Хәлелге:

— Бұны осылай етіп ұрған әнеукүні біздің Өзектен кетіп қалған әлгі инженер қазақ қызының әкесі,— деген.

Хәлел таң қалған.

— Оны қайдан білдің? — деп сұраған.

— Өзі айтты. Кісі өлтірдім, жетінші скважинаның бержағында жатыр деп милицияға өзі келді...

— Өзі айтты?! Ол тіпті шал адам ғой! Неге өлтірдім дейді?

— Себебін айтпайды. Тек бізге: «өшім бар еді, сол үшін сойылмен бірақ рет ұрдым. Оны өлтіргім келмеп еді, өзіме жабысқан соң амалсыз өлтірдім» дейді...

Медицина машинасында лейтенантпен қатар отырған Хәлел үндемеген. Ойға кетіп тұнжырай түсті. Әлден уақытта барып:

— Онысы рас болуы керек,— деген.

Милиция лейтенанты Хәлелдің бетіне жалт қарады.

— Оны қайдан білесіз?

Хәлел жауап қайырған жоқ. Бұрынғысынан да катты тұнжырай түсті. Ал дәл қазір оның іші де алай-түлей еді. Қызының төгілген ары үшін намыстанып Сарының Алаң-Алешаны өлтіргеніне ол күмәнданбады. Бірақ көрі адамның жолбарыстай күшті жігітке қалай қорықпай қарсы қол көтергеніне таң қалды. «Әке намысы деген міне осы,— деді ол ішінен.— бишараны шыдатпаған ғой... Бүйтіп өш алу тағылық... Бірақ бөтен жолы болмаса не істейді?.. Енді міне қызы үшін картайғанда сотталады... Бірақ неге сотталады?.. Әділіне келсек, бәрін бұлдірін жүрген бұзық Алаң-Алешаның өзі емес пе? Оған сол керек! Ашу үстінде адам не істемейді? Ана жолы Тана болмағанда, оны мен де өлтіретін едім ғой... Қазір көзім бозарып абақтыда отырар едім... Шал да сондай күйге жеткен де... Мүмкін оны өлтірмес пе еді, егер жанында менің қолымнан ұстаған Тана секілді жаны ашыр кісі болса? Әрине, өлтірмес еді... Өзі де айтыпты ғой «өлтірейін деп өлтіргем жоқпын, өзі жабыскан соң өлтірдім» деп... Бұл сөзіне қарағанда бар бәле тағы Алаң-Алешаның өзінен келген бе, қалай. Әрине, ондай болса Сарыны соттатпау керек. Сонда қалай соттаттырмайсың?.. Кісі өлтіргеннің аты кісі өлтірген... Көрі-жасына қарамайды, заң жүрттың бәріне бірдей. Бірақ өлтіру себебін біліп, жазасын жеңілдетуге болатын шығар. Ол үшін Алаң-Алешаның қылмысын ашу керек. Ал ол қылмыстың жалғыз куәсі менмін... Сонда Танаңың абыройын қалай төгемін? Төге алмаймын... Мейлі Танаға Жәлел мәнгі қосылмай кетсе де, жүрегі жеркенбесін... Ал бала намысы үшін осындай қылмыска барған адамды абақтыға салдырып кою әделеттікке жата ма? Жатпайды! Жатпайды! Көрі адам мұндай қылмыска бостан боска бармайды. Сотка бұны айту кажет...»

Ойда отырған Хәлелден шофер кенет:

— Сары атам, айдаладағы бұзықты неге өлтірді екен? — деп сұрағанында, ол:

— Өзің болсан қайтер едің? — деп жауап берді.

Ештеңеге түсінбеген шофер:

— «Өзің болсаң қайтер едіңіз» не? — деді.

Хәлел тағы жауап берген жоқ. Машина енді омбы карды бұркыратып, қаранғы түнге кіре, кедір-бұдыр жерлердің үстімен секендей гүрілдеп, алға карай жүйтки түсті.

Ертеніне жел токтап, Маңғыстау түбегі толайым қайтадан қоңыр салқын күзге айналды. Өмір үйреншікті қалпына қайта кірді. Бірақ бір апта өтпей қара суық сұрапыл қайта соқты. Онын ақыры кенет ақ түтек боранға айналды. Боран бір күн емес, ұдайы бір жетідей ұлып тұрып алды. Енді осы суық түсісіменен жиырма процентттен астам парафины бар мұнай қоюлана келіп, аяғында аязды боран кезінде мүлдем ағуды қойды. Құбырдың ішінде тығындалып катты да қалды.

Өзек барлаушыларының басына тағы бір сын, жаңа қырсық

туды. Табиғат қойнындағы казнасын адамға онай бермеу әрекетін қайтадан істеді. Бүкіл жұмысты үскірік билеп, жұрттың берекесін тағы алды. Мұнай фонтаны атылып сынауға қойылған он скважинаның жұмысы бірдей тоқталды.

Жандос пен Жәлел күндіз-түні скважиналардың басында болды. Кеңсе жұмысы былай қалды.

— Ал боран тағы он күн соқса не істейміз? — деп Жандостың тапал кабинетін шылым түтініне толтырып, кабақтары қатыңқы тұнжыраң отырған мұнайшыларға қарады.

— Он күн соқса, он күн күтуге тура келеді,— деді бір москал жұмысшы,— мынандай боранда өзгені былай қойғанда, ең болмаса адамды аяу керек қой?! Вахтаға келуге жаяу кісі түгіл, трактор — тягачтың өзі жүре алмайды.

— Трактор жүре алмаса — түйе жүре алады. Қәдімгі казақтың кос өркеш сары атаны,— деді Жәлел.

— Түйені қайдан аласың? — деді арт жақта отырған бір дауыс,— оған бір түйе емес, құрығанда қырық-елу түйе керек. Одан да шыдайық, боран да басылар.

— Басылмаса ше? — деді Жәлел бұрынғысынан бетер тұтана,— осылай боранның қорқып үйді-үйімізде тығылып отыра береміз бе? Бұйту тіпті жөн емес. Одан да боранға қарамай, жұмысшыларды жылы киіндіріп іске кірісуіміз керек. Қазір поселкеде жекеменшікте, жаз сүтін ішіп, қыс су тасуға деген он бестей түйе бар көрінеді. Иелерімен сөйлесіп, соларды пайдаланған онды. Одан, артық түйе таба алмайсың, бұл манда колхоз жоқ. Ал колхоз болған күнде де, оларда түйе некен-саяқ...

Маңғыстау малды аудан болғанменен, мұнда түйе фермасы құрылмаған. Өйткені түйеден түсер пайда-кіріс шамалы. Түйе тек көшіп-кону үшін ғана керек, сондықтан оның саны қырық-отыздан аспайды.

Көбіне бұл жақта қаракөл қой фермалары ұйымдастырылған. Ал Өзек маңында жайлым жоқ. Сол себептен бұл арадан қой фермалары да алыста, жазда жүз елу — екі жүз шақырым жердегі Тұщықұдық, Қызан маңында тұрады да, қыс түсе әрмен қарай Сам құмына көшіп кетеді. Жұрттың қазіргі айтып тұрғаны осы жағдай.

— Сонда не істеуіміз керек? — деді арт жақтағы бағанағы көнілсіз дауыс,— күннің түрі мынау...

— Қазір...— Жандос ойлана сөйледі,— не істеу керек дейсіндер ме? Меніңше Жәлелдің сөзі дұрыс... Қайткенмен де жұмысты тоқтатпауымыз абзал...

...Күн сол бұрынғы калпында алай-түлей ақ түтек боран. Түйе жегілген колдан жасаған ағаш табанды шана. Үстіне үйілген бұргы ұштары, бөтен саймандар. Әр шананың жанында сегіз-тоғыз жұмысшы. Іштерінде Ембіден келген құбырларды парафиннан тазалаушы жас жігіттер де бар. Бәрінің аяғында

пима, бастарында елтірі, немесе сеңсең тымақ, жылы құлақшын, үстерінде қалың фуфайка, қысқа тон, сырттарынан қар тұрмасын деп далбағайлы брезент шекпен киіп алған.

Боранның екпініне кісі қарсы тұра алар лық емес. Тіпті жел ішін тартып долдана соққанда, кейбір шаналарды кейін сырғытып әкетеді. Жанындағы адамдар құлап кетіп, қайтадан жармасады.

Боран құр ғана екпінді емес, бет қаратпайтын ызғарлы. Тоқтайтын түрі жоқ. Тіпті, үдей түскен торізді. Міне соған қарамай барлаушы-мұнайшылар алған беттерінен шегінер емес. Егер мұрындарын, қолдарын аяз ала бастаса, қармен уқалап-уқалап жіберіп, жұмыстарына қайта кіріседі. Біреуі қалжыраса, оның орнын поселкеден келген тың басқа біреуі басады. Осылай кезектесіп жұмысшылар біраз істі өндіріп тастады.

Боранмен алысқан осындай қауырт жұмыс үш күн ұдайы жүргізілді. Жұмысшылар кезектесіп өзгеріп тұрғанмен Жандос, Жәлел, Алексеенко секілді басшы адамдар жұмыс жүріп жатқан буровойдан, скважиналар басынан кетпеді. Тек қолдан жасаған қалқандарға кіріп, бірер сағат көз шырымын алады. Поселкеден термостерге салып әкелінген ыстық тамақтарды жейді де, қайтадан жүріп жатқан жұмыс жанына келеді. Өздері де әбден қалжыраған, бірақ сыр бермер емес. Тек осыншама адамның ішінен шаршауды білмейтіні жалғыз Хәлел ғана секілді. Қай уақытта ұйықтап, қай уақытта тамақ ішетінін білу қиын, үнемі буровойдың басында. Үш кісі әзер көтеретін құралдарды жалғыз өзі көтеріп жүр. Шаршаса да тоқтар емес, нағыз бір боранды күні жұмыс істеуге туған адамдай.

Иә, адам баласы бір ғажап жаратылған күш! Әсіресе совет адамдарын айтсаңдаршы! Олар халқының бақыты, елінің болашағы үшін жандарын аямайды. Қеше қан майданда Отаны үшін міз қақпай жау оғына көудесін қалай тосса, бүгін сол Отаны үшін ең ақырғы күшін сарп етіп, ерлігін еңбекте көрсетуге дайын! Мұндай жандар боранды да, ең ауыр қиындықты да жеңеді! Өстіп Өзек мұнайшы-барлаушы қиындықты жеңді. Үш күннің ішінде қыруар жұмыс істелді. Тек сонда төртінші күн өткенде барып кенет боран тоқталды.

Жарқырап күн де шықты. Жер беті белуардан келетін аппақ қар. Аяз бетінен тістеп-тістеп алғысы келген тентек құлын тәрізді, тап-тап береді. Омбы қар суықтықтан қатып қалған. Үстінен жүрген адамға тырп етпейді. Барлаушылардың көңілі енді бораннан құтылған ашық күндей жарқырай түскен. Міне дәл осы ақ түтік тоқтаған күні, әнеугіден бері боран қойнына тығып қойып жаңа ғана босатып жібергендей, жоқ жерден самолетпен Ерден Молқожин тағы Өзекке жетіп келді. Бірақ ол жай келген жоқ боран біткенмен, өзімен бірге ашу атты екінші боранын ала келді.

— Он күннің ішінде экспедиция екі жүз метр ғана жер бұрғылады,— деді ол Жандостың кабинетіне жинап алған Өзек басшыларына.— Бұны қалай түсінуге болады? Әдейі істеп отырсыңдар ма? Әлде бұрғылау қолдарынан келмей жатыр ма? Онда сендердің орындарына станоктарды жүргізе білетін бөтен кісілерді коюға мәжбүр боламыз!..

Әлеуғі шаралардан кейін де қыс түсуімен байланысты барлаушыларға туған қиын жағдайды Жандос түсіндірді.

Ашушаң Ерден сүзетін бұқадай жуан мойнын күжірейтіп, көзінің астымен қарады.

— Үнемі өзіңше істейтін әдетің ғой, Жандос. Өткен жолы ғана біраз шаруаны жөндеп кетіп едік қой. Содан бері не істедіңдер? Он күнде бұрғылау жоспары жүз елу метрге орындалмау деген сөз, ол өздеріне тапсырған міндетті атқармау. Бұл тәртіпсіздік! Сондықтан да сынау жұмысындағы скважиналардың бірде-бірінен мұнай қабатындағы толық дерек алынбаған! Ал Өзек мұнайында парафиннің көп екені бәрімізге де мәлім. Қыеты күні мұнай фонтандық құбырда қатып қалмас үшін оны үнемі жылылықта ұстап отыру керек дедім ғой. Бұны неге істемедіңдер? Одан да «шырылдауық шегіртке, шырылдап жүріп ән салып, қыс келерін білмеді» дегендей кезінде ойламағансыңдар ғой. Өзекте жан-жақты барлау жұмысының тоқтап қалуына тек өздерің ғана себепкерсіңдер. Бар істерінде салақтық, істің алдын ойламау. Енді амал жоқ, Жандос, сені орныңнан босатуды министрдің алдына коюға мәжбүрмін.

— Неге өйтесіз? — деді атып тұрып арт жақта отырған бір жас жігіт.— Бір адамның жұмыска жаны ашитын болса, Жандос ағайдай ашысын! Жұмысшылардың алдында мұндай сөзді айту ұят!

— Иә, ұят!— деді өзге жұмысшылар да.

— Мені босату еш жаққа кашпас,— деді Жандос сәл кекете, Ерденді тоқтатып қойып.— Әрине, онан құбырларды бойлап мұнай жүгіретін болса. Бірақ, өйтпейді ғой. Бүйдеу, әрине, жергілікті жағдайды білмеуден шығады. Сөз жоқ автономдық электр қыздырғыш істеуге болады. Рас, оған қазір ток беретін бізде күші жетерлік электр станция жоқ. Демек, мұндайда қолданатын басқа техникалық шаралар да бар ғой. Бірақ оларды тек министрлік қана шеше алады: жоғары орынның жәрдемісіз біз ештеңе істей алмаймыз. Жәрдем дегенде қандай жәрдем? Мысалы, бу агрегатының, сіздер егер, қолма-қол екі жылжымалы түрін тауып берсеңдер, міне сонда біз сынау құбырларынан мұнайды өзенше ағызар едік,— Жандос сәл тоқтап демін алғандай болды, жоқ, Молқожин жолдас,— деді ол қайтадан сөйлеп,— қолда жоқ техниканы құр сөз ету — бұл қылмыс. Одан іс өнбейді. Осы себептен де біз қолдан келген шараларымызды қолданып жатырмыз.

— Шара! Шара! Қандай шара? — деді Молқожин даусын көтеріп.— Шара қолданған болсандар фонтан қайда? Мұнай неге ақпайды?

— Мұнай да ағады, фонтан да болады,— деді салмақпен Жандос, сосын жұртқа қарап,— кәне, жолдастар, босқа тұрмайық, жұмыстарыңа барыңдар,— деді.— Молқожин жолдас шаршап келген шығар, азырақ демін алсын.

Жәлел көптен бері Молқожинмен оңаша сөйлескісі келіп жүрген. Ондағысы Ерденнің қандай адам екенін білу еді. Ғылым кандидаты, көптен үлкен қызметтерде жүрген адам, бірақ өзгеге қояр орынсыз талаптарына қарағанда, оны түсіну шынында Жәлелге қиын тиген. Үнемі ылғи білері: «Жоспар! Жоспар!» Өзге жұрт асық ойнап жүргендей! Мұндай көз карастың аржағында не жатыр? Тек жұмысты ойлаған патриоттық па? Әлде іске берілген қызба мінездік пе?Әлде осылай етсем жұрт көзінде тегеуірінді қызметкер боп көрінемін дей ме? Ал істеп жүрген жұмысына қарасаң, бәрі су бетінде қалқыған жапырақтардай жеңіл жатыр. Еш терендігі жоқ.

Ал шынын айтсаң Жәлелге Ерден өз кезеңі тудырған жаңа бюрократтық кейіпкер боп көрінген. Сол себептен де геолог оның тамырына терең үңіліп, қандай адам екенін білгісі келген. Геологтың бұйтуіне тағы бір себебі бар еді. Неге екені белгісіз түбі Жандос екеумізге бір пәле келсе осы кісіден келер-ау деп ол күні бұрын өзінен өзі сезіктене берген. Неге сезіктенеді? Бұндай ой неден туды? Оны өзі де түсінбейді. Жаздың қандай боларын күні бұрын аңғаратын бытпылдықтай, көңіл шіркін тек Ерденнен күдіктене түскен.

Жәлел өстіп жүргенінде, онын үйіне Молқожинның өзі келді.

Кешкетаманғы мезгіл еді. Геолог алыстағы жүріп жатқан скважиналарға барып қайтқан. Алматылық дәрежелі қонақтың үйлеріне өзі келгеніне кемпір-шал да қуанып қалды. Етін асып, шайын құйды. Жақса, сыркыраған буындарына шипасы бар дегеннен кейін, Бестібай күзден бері сақтап жүрген жарты бөтелке спиртін де сандықтан алып, су қосып, дастарханына әкелді.

Маңғыстау жайын шай ішкелі әңгіме етіп отырған Ерден, Жәлел күткен сөзді кенет өзі бастап кетті.

— Адам қызық жаралған,— деді ол кесесін дастарханға қайта қойып.— Мақтағанды жақсы көруі онай. Ал жамандағанды ұнатуы қиын.

Жәлел Ерденнің сөзін іліп ала жөнелді.

— Бәрінен қиыны —адам өз қасиетін, жақсылығын, жамандығын мойындай білуі. Егер кісі өзінің қандай екенін ұғып, сонысына қарай кемшілігін жоюға тырысса, дүниеде бірде-бір жаман адам болмас еді.

«Сондағы жаман адамын менмін ғой»,— деді Ерден ішінен. Сөйтсе де:

— Дұрыс айтасың.— Ол кесесін қайта алды.— Бірақ жұрттың бәрі бірдей емес қой.

— Жақсылықты түсінуде жұрттың бәрі бірдей болуы керек.

— Сен солай ойлайсың ба? Адамның қара басының қамы деген бар емес пе? Бұл біздің өміріміздің ең негізгі тетігі... Мысалы, соғысты алайық. Әркім-ақ, «соғыста мен өлмеймін, бөтен өледі» деп сенеді. Егер өзінің өлетінін білсе, ол соғыска бармас еді. Жұрттың бәрі сөйтсе, әрине, соғыс та болмас еді. Жоқ, өйтудің орнына жұрт соғыстан бас тартпайды, өйткені өзі емес, басқа өледі деп ойлайды. Бұл не? Бүкіл адам баласының тағдырына кісінің тек өз басының қамы тұрғысынан қарауы емес пе? Иә, солай. Жоқ, Жәлел, адамды алға ұмтылдыратын да, өмір үшін күрестіретін де, таластыратын да ең алдыменен өз тілегі, өз арманы.

«Расыменен осылай ойлайсың ба?» дегендей Жәлел Ерденге тандана қарады. «Міне сен қандай адам едің. Мұндай философиямен адамзат қамын ойлап та жарылқамассың. Жоқ, сен адамзат қамын ойлайды деп маған кім айтты? Ешкімде айтқан жоқ...»

— Егер жұрттың бәрі сіз айтқандай дүниеге тек өз тұрғысынан ғана қарайтын болса, онда қоғам қалай өркендей алады? — деді Жәлел.— Жоқ, Ерден, мен сенің бұл философияңа қосыла алмаймын.

— Әрине, қосыла алмайсың! — деді күліп Ерден.— Өйткені сен патриотсың. Өзің үшін емес, халқың үшін қызмет істейсің. Мен де сондаймын. Бірақ екеуміздің өзгеден бір айырмашылығымыз бар. Бөтендер ең алдыменен өз басының қамын ойлайтынын ашық айта алса, біз ондай ойымызды жасыра білеміз.

Жәлел ашудан қызарып кетті.

— Мүмкін сіз солай шығарсыз. Мен ештеңе жасырғам жоқ, жасырғым да келмейді.

— Қойшы!

Баласы мен қонағының сөзі Бестібайға ұнаған жоқ. «Осы нттер ұрысып қалмаса нетсін» деп ол хауіптене екеуіне кезек-кезек қарады.

Бірақ бұл екеуі ұрсысудан аулақ еді.

— Сен ғой, менің сөзіме қарап, Ерден Молқожин деген қара басының қамын жеп жүрген біреу деп ойлап қаларсың,— деді күліп Молқожин.— Олай ойлар болсаң, қателесесің. Мен бұлай десем, қоғам ісінде адамның жеке басының қандай орны бар екенін есіңе салып жатқаным ғой. Ал өзімнің кім екенімді түсіндіру үшін майданда болған бір оқиғаны айтып берейін.

— Айтыңыз...

— Лычков станциясында бір полктың бүкіл солдат, командирлерін сапқа қойып дивизия бастығы жарлық оқиды. Полк

осының алдында ғана қырғын ұрыста болып, резервке шыққан. Дивизия командирі бір жігіттің фамилиясын атады. Жігіт алға шықты.

— Аса істеген ерлігі үшін бәленшені Қызыл Ту орденімен наградтаймын,— деді дивизия командирі,— лейтенант, орденін кеудесіне тағыңыз!

Бірақ наградталған жігіт:

— Жолдас командир, бұл орденді мен алмаймын,— деді.

— Неге? — деді таң қалған командир.

— Бұл ұрыста мен еш ерлік көрсеткенім жоқ. Ерлік көрсеткен жігіттердің біреуінің орденін кеудеме тағу маған ұят. Одан да оны несіне беріңіз,— деді. Әрине, оған орден берілген жоқ. Ал білгің келсе, сол жігіт мен едім.

Жәлел Ерденнің соғысқа қатынасқанын және еш наградасының жоқ екенін бұрын да естіген. «Осындай адамның тек қара басы үшін қызмет істеуі мүмкін бе? Мүмкін емес. Сонда менікі не? Сірә, Ерден жайында қателесіп жүрген тәріздімін ғой...»

— Мен сендерден жоспардың орындалуын талап етсем, өз басым үшін, не болмаса жоғарғы жақтан бір жақсы сөз естиін, не бір орден алайын деп жүрген жоқпын. Сендерден жоспарды талап ету менің міндетім. Мен тек сол міндетімді адал орындағым келеді. Құс жеткен жеріне қонады. Мүмкін менің де жеткен жерім сол шығар... Оған ренжуге бола ма?

— Әрине ғой.

Жәлел үн-түнсіз отыр. Расында да Ерден жайында қателескен тәрізді.

— Ал менің саған неге келгенімді білесің бе? — деді Ерден сәлден кейін.

— Жоқ.

— Білмесең айтайын. Біз сені Өзекке бастық етпек едік.

— Жандосты қайда қоясыңдар? — деді Жәлел жұлып алғандай.

— Оған да бірдеме табылар.— Ерденнің даусынан Жәлел құлағына жат бір жағымсыз үн естігендей болды.— Өзектей алыпты басқару оған күннен күнге қиынға соғуы сөзсіз... Отан соғысы кімнің денсаулығын құртып кетпеген.

— Оны босату дұрыс емес. Жоқ, мен болмаймын.

— Неге?

— Жандос Өзектегі барлау экспедициясын өзі құрған. Енді өзі бастаған істі өзі аяқтауы керек. Егер дихан көктемде егінін егіп, жаз бойы оны күтіп, ал күз келе, піскен шағында оруға қатынаса алмаса қиянат қой. Бұл да сондай жағдай.

— Онда өзің білесің. Бізге бөтен адам іздеуге тура келеді.

— Жоқ, сіздер ешкімді де іздемейсіздер!— деді кенет Жәлел қызулана қалып.— Іздетпейміз де! Бұндай ойыныздан бас тартпасаңыз, біз бүкіл коммунистер болып қарсы шығамыз.

— Бұл менің ойым емес қой.

— Кімнің ойы болса да!

— Жарайды, Жандоска тимей-ақ қояйық,— деді Ерден әлгі сөзінен тез қайтып.— Жоғарғы жаққа да түсіндірермін.

Әрине Жандоска ешкім де тиген жоқ. Бірақ Жәлел сол күнгі әңгімеден Ерденнің Жандосты жек көретініне көзі жетті. Неге? Жәлел оны білмеді. Және Ерден өзіне: «Өзекке бастық сен бол»,— дегенде, Жәлелді осылай өз жағына тартып Жандоска қарсы қоймақ болғанын Жәлел артынан ұқты.

II

Маңғыстау қысы енді біржолата түсті. Боран апталап қаскырдай ұлып тұрып алды. Ол толастаса түкірігің жерге түспей қатып үлгіретін қақаған аязы келді. Бет бақтырмайды. Қарай қалсаң, бетіне жүздеген мұздай ине қадалып жатқандай шыдай алмайсың. Күннің суықтығы сондай, бұрғылау мұнараларына тартқан жерге көмілген су құбырлары мүлдем қатып қалды. Соған қарамай Өзек барлаушылары бір күн жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Суықтан жүрмей қойған моторларды отпен жылытып, қайта-қайта еңбек майданына шықты.

Хәлел скважинасының да жұмысы бірқелкі, дұрыс жүріп жатты. Бұрғы шеберінің көңілі тек бір нәрсеге алаң еді. Ол Тана мен Жәлел жайы болатын.

Інісінің Тананы жақсы көретініне бұрғылаушының көзі әбден жеткен. Сүйгенінен айырылғалы Жәлелдің салы суға кетіп жүдеп кеткен. Бұл әрине, ғашықтықтың қайғысы. Рас, сол қайғыны ұмытқысы кеп Жәлел жұмысына бұрынғысынан да беріле түскен. Соның салдары ғой, бас геологтың міндетіне жатпайтын істерге де боранды күндері жанын сала кірісіп жүрді. «Мен бас геологпін, менің шаруам — жер астының қай тұсында мұнай бар, соны сендерге біліп беру» деп сылтау айтып бір сағат бос отырмады. Қауіпті, қиын жұмыстардың басы-қасында болды. Жандос, Алексеенколардан қалыспады. Әрине, совет инженерінің өз борышына бұлай қарауы тақ қаларлық іс емес. Бірақ адамның өмірі тек жұмыстан, мұнай шығарудан ғана тұрмайды ғой. Әр нәрсенің өзінің орны бар. Тек жұмыс қана өмір емес, махаббат та өмір. Соның бәрі ойлағандай болса ғана кісі өзін бақыттымын дейді. Ал бір жағы күйреп жатса, кім өзін бақытты санар? Ондайда адам өзін біреу поездан айдалаға түсіріп кеткендей сезінеді. Әрине, Жәлелдің жүрегі темірден жаратылған емес. Сондықтан оның күйінуі де, жүдеуі де заңды. Сол себептен де оған бүгінгі өмірі кейін кеткендей. Барлық жан сезімі өліп қалғандай.

Иә, ол қайғысын тез мезгілде ұмытар емес. Мұндай қайғыны ұмыту ақылға сия ма? Сыймайды! Оның үстіне Танадай бәтен қызды Жәлел екінші рет сүйе алар ма? Сүйе алмаса қайтеді?

Махаббат деген адамның бір шын қызығы, қуанышы емес пе? Сол махаббаттан айрылса Жәлелдің қалған өмірі мағыналы, бақытты болар ма? Болмаса керек-ті.

Әрине, тек бұрғылауды ғана біліп, үнемі май-май боп, ауыр жұмысқа ғана әдеттенген Хәлелден ешкім де мұндай толқуды, махаббатқа осындай мән беруді күткен емес-ті. Бірақ Хәлел құр ғана әйгілі мұнайшы, жұмысшы емес қой, ол адам. Адам болғанда, нәзік сезімді, ақын жанды адам. Табиғаты солай жаралған. Өзіне біткен қасиетің арқашанда өзіңмен бірге болады. Хәлелде өзінің жанымынен, қанымынен бірге біткен қасиеттерінен айрыла алмады. Сол себептен де Жәлелдің махаббатына аяй қарады.

Хәлелге тағы бір батқан жағдай Сарымен байланысты еді. Жаратылысы қанша мықты болғанмен Алаң-Алеша екі ай жатып, дүние салған. Оның өліміне Сары жауапты екені белгілі. Енді сотталуға тиісті. Сарының өзі де өлтіргенін мойнына алып отыр. Тек «сырғауылмен қатты бір соққанымнан кейін, өшім қайтқандай болды, оны өлтірейін деген жоқ едім, өзіме жабысқан соң, амал жоқ, сырғауылдың сынығымен басынан ұрдым. Егер мен оны өлтірмегенде, ол мені өлтіретін еді» дейді... Бірақ бұған кім сенеді, жанында тұрған кісі жоқ, өлімнің аты өлім, жауап беруі керек. Әрине, Сарыға осынша жұрттан бөтен жаны ашып күйіне қалатын Хәлелдің себебі жоқ тәрізді. Өзі де жат, қылығы да жат. «Кеше кедейлердің сүліктей қанын сорған байдың жағында болған адам. Кісі өлтірсе өзі жауап берсін. Қолдан істегенін мойнымен көтерсін» деп Хәлелдің бұл іске кіріспеуі де кешірімді. Бірақ адамгершілік деген бар емес пе? Сарының мұндай қылмысқа неге барғанын бұл біледі ғой. Сарының қызына Алаң-Алешаның істеген қиянатын өзі көзіменен көрді ғой. Бөтенге айтуға қорланған әкенің жанын жеген намысын қайтаратын бөтен қандай жолы бар еді? Рас, бұлай өш алу айуандық... Бірақ... бірақ... өзің болсаң не істер едің? Мүмкін ашуыңды ақылына жеңгіздірер ме едің, қайтер едің? Ал ондай ұстамдық екінің бірінің қолынан келе бере ме? Мүмкін, қорлыққа сен шыдарсың, ал Сары шыдай алмады, қайтесің? Өлтіресің бе? Намыс деген де бір қиянат сезім ғой, әке түгіл, мұндай жағдайда бөтеннің де оның дегеніне көнбеуі қиын. Сарының қылмысқа барғанын қанша дұрыс көрмегенмен Хәлел, қызының арын, намысын кәрі шалдың осылай қорғағанына іштей, бір ретте, риза да болып қалған. Қәрі адамның мұндай қылмысқа баруында жауыздықтан, қанішерліктен көрі, үлкен адамдық сезім жатыр деп ойлаған. Бала үшін, оның былғанған ары үшін мұндай намысқа шабу, төрінен көрі жақын шал адам түгіл, көнілінің оты сөнбеген жас кісінің де қолынан келе бермейді. Осындай шалды соттатып жіберу әділеттікке жата ма? Жоқ, жатпайды! Жатпайды! Жатпайды! Және өлтірген адамы қандай адам? Қоғамға керегі жоқ, әбден кісі болудан

қалған, хайуанмен тең бір қанішер. Бұндайды өлтірудің өзі бір сауап емес пе? Әрине сауап... Тек Ғанаға істеген қиянаты үшін оны атып тастаса Хәлел адал үкім дер еді! Әттең не керек, өйтуге болмады. Ақырында бір шалдың қолынан жазасын алды.

Сарыға қандай үкім болмақ? Әрине, сот оны актамайды. Кісі өлтіріп отыр. Және қалай өлтіріп отыр десеңдерші! Күні бұрын, бір айдан астам дайындалып әдейі өлтіріп отыр! Алаң-Алеша қандай бұзық болғанмен, адам деген аты бар ғой, заң оны мұндай жазадан қорғайды. Қорғауға тиісті. Өйткені Сары тәрізді біреуде кеткен өшін әркім өз бетімен ала берсе не болады? Онда күші жеткен бірін-бірі өлтіріп, адам аңға айналып кетер еді. Әрине соттан ешкім Сарыны алып қала алмайды. Бірақ қандай жаза қолданылады? Кісіні әдейілеп өлтіргені үшін заң ондай адамға өлім жазасын беруге тиісті деді ғой, кеше мұны заңмен таныстырған адвокат. Сонда Алаң-Алеша секілді қанішерді өлтіргені үшін Сары өлуге тиісті ме? Жоқ, бұл тым ауыр үкім...

Сарыға айтылатын үкім жайында Хәлелдің қиналатын тағы бір себебі бар. Ол — осы жақында болатын сотқа заседатель етіп белгіленген-ді. Үкім шығаратын үш дауыстың бірі өзінікі. Алаң-Алешаның қылығынан бастап, Жәлелдің сүйген қызынан айырылған себебіне дейін білетін Хәлел, бұл істі тек заң тұрғысынан ғана қарай алмады. Оған өзінің ішкі даусы көнбеді. Бір ретте сотқа кеңесші болудан бас тартқысы да келді. Бақытсыздыққа ілігіп отырған адамның бірі Жәлел — өзінің туған інісі, ал оны сол бақытсыздыққа душар еткен адам Алаң-Алеша. Ал сондай бұзықты өлтірген Сары. Хәлел інісі үшін осы Сарыны жақтап шығуы мүмкін ғой. Осыны дәлел етіп ол сотқа қатыспауына болатын. Бұнысы және дәлелді де еді. Бірақ оған бармады. Өзінің пікірін айтпай, тығылып қалуға ары жібермеді. Барлық жағдайды көзі жете тұрып, үкім айтудан тайсалу әділеттіктен бас тарту деп санады. Қандай қиын болса да, әркашанда шындыққа көшу, сол шындық үшін өзінің пікірін қорықпай айту осынау қарапайым жұмысшының жанына біткен қасиетінің бірі еді.

Сары, әрине, өліп кетуге бар, бірақ Алаң-Алешаны неге өлтіргенін сотқа айтпайды. Ал бұл қылығы, шындықты жасырып қалғаны, сот алдында оның күнәсін ауырлата түседі. Сондықтан да оған қатты үкім шығуы мүмкін. Ал өзінің міндеті, бұл сұмдықтың бар сырын білетіндіктен Сарының жазасын жеңілдету. Бірақ қалай жеңілдетеді? Қалай?

Хәлел ойлап-ойлап, бұл істі қарауға ауданнан әдейі келген, көшпелі соттың председателімен ашық сөйлеспекші болды.

Сот председателі орта жастағы, көгілдір ойлы көзді орыс әйелі еді. Хәлел есік қақканда, Сарының ісіменен әбден танысып болып, ол қызыл бұрышта, зілдей столдың жанында үлкен

ойда отыр екен. Сот ертең осы үйде болмақ. Хәлел өзін таныстырғаннан кейін:

— Бұл бір біздің даламызда бұрынды-соңды болмаған оқиға,— деді.

Әйелге сот мүшесі — барлаушы мұнайшының күні бұрын кеп танысқаны ұнап қалды.

— Иә,— деді ол,— жетпістегі адамның, әдейі біреуді өлтірем деп дайындалуы әсіресе таң қаларлық іс... Бұның түбінде бір терең сыр жатқан тәрізді. Тергеуде бірақ айтылмаған. Шалдан тергеуші бірнеше рет сұраса да, жауап бермепті. «Өлтіргім келді, сосын өлтірдім» дей беріпті. Көп түйін осында жатыр...

Хәлел сәл қозғалды.

— Шалдың мұндай қылмысқа неге барғанын білсеңіз, жазасын жеңілдетуге болады деп ойлайсыз ба?

— Бұл Алаң-Алеша әрекетімен байланысты. Егер ол шалды өлтіргісі келіп жүрген болса...

— Жоқ, ол одан да зор қиянат істесе ше?

— Сіз бірдемені білетін тәріздісіз ғой,— әйел бұрғышыға ойлана қарады..— Айтыңыз, айтыңыз. Үкім дұрыс болу үшін мұндай істің егжей-тегжейіне дейін біліп алған жөн.

Хәлел Тана мен Жәлелдің арасындағы махаббаттан бастап, өз көзімен көрген Алаң-Алешаның қылмысын, содан Тананың қорланып Өзектен кетіп қалғанын, бұл оқиғаны Хәлелден ешкімге де, әсіресе Жәлелге де айтпауын өтінгенін, тегіс айтып келіп:

— Осы салмақтың түйіні шалға келіп тірелген ғой,— деді.— Сотқа беруге қызының абройы төгіледі деп қорыққан, ал үндемей қалуға дәті шыдамаған... Намысқор әке қызын қорғамақ болған. Бірақ жетпістегі шал қалай қорғайды? Сіз Алаң-Алешаны көрген жоқсыз, адам баласының бір алуаны. Өштескен шал, оны өлтірмей тыныштық таба алмайтынын білгеннен соң, күні бұрын дайындалған. Әйтсе де бетпе-бет келіп, сонау сырғауылмен алғашқы мықтап бір ұрғаннан кейін, «кегім алынды» деп бұрынғы ойынан қайтқан. Бірақ Алаң-Алеша оны тағы ұруға мәжбүр еткен.

— Сіз шалдың сол сөзіне сенесіз бе?

— Сенемін.

— Неге сенесіз?

— Білмеймін. Бірақ оқиғаның солай болғанына күмәнім жоқ. Солай болды деп жүрегім айтады.

— Иә, жүрек деген кейде әділ...

Әйел үн-түнсіз ұзақ ойланып қалды. Әлден уақытта барып:

— Бұл істің түбінде бір үлкен трагедия жатыр-ау деп өзім де ойлап едім,— деді,— солай болып шықты. Бұндай жағдайда шалды бәлен жылға соттап жіберу де қиын... Кісі өлтіргені қылмыс болғанмен, біз де адамбыз ғой... Кейде мен өзімді қылмыстының орнына қойып «өзің болсаң не істер едің?» деген сұрақ

коям. Әрине, өз басынан өтіп жанын ауырмаған іске жауап беру де қиын... «Алтын тіс қанша қымбат болғанмен, өзіндікі емес қой»,— дегендейін, жаның қанша ашып тұрса да, іс өз басыңнан өтпегені сезіліп тұрады... Мұндайда үкім шығару өте ауыр. Мына қылмыста сондай тәрізді. Шалды соттау үшін, көп ойланғанымыз жөн...

— Әрине, мен де сізге сондықтан күні бұрын келіп отырмын ғой.

— Келгеніңіз тіпті дұрыс болды.

Әйелдің ақылды сөздері Хәлелге ұнай түсті. Сары туралы алынатын үкімде бәлендей қате болмайтынына ол енді сене бастады.

— Егер сіз келмегенде,— деді әйел сөзін қайта жалғап.— Мен Сарының Алаң-Алешаға өшігуін басқаша түсіне жаздап едім... Істе Сары бір кездерде Алаң-Алешаның әкесімен жақын болғанын, тіпті Алаң-Алешаны бір рет өлімнен құтқаруға жәрдемдескенін де айтыпты... Соған қарап, шалдың өшігуі ертеден келе жатқан бір өкпенің салдары ма деп ойлап едім... Онда, әрине, қылмыстының тағдыры өзгеше шешілер еді. Әкесінің қиянатын баласынан алуға болмайды ғой. Қасында қанша жек көргенмен, оның баласы екен деп жазықсыз жанды өлтіру — үлкен қылмыс. Өлтірмеген күнде де, өлтірем деп дайындалудың өзі де күнә. Ал баланың өзінің жазығы болса... Сіз айтқандай қыз әкесінің намысына тиіп қорлап тұрса — бұл басқа мәселе... Оның үстіне, өзін қорғау үшін шалдың жігітті өлтіргенін еске алсақ... Бірақ бұл істе тағы бір жағдай бар.

— Қандай жағдай?

— Танаға Алаң-Алешаның өткен қиянатын кім біледі? Сізге куә болуға болмайды, өйткені заседательсіз...

— Мен сізге ғана айтып тұрмын. Сот алдында шығып сөйлемеймін. Танаға берген уәдем бар.

— Онда қайтеміз? Әрине, шал адамды мұндай күйге жеткізгені сот үкіміне үлкен жәрдемін тигізер еді. Ал онсыз... Жоқ, сот шешімі сенімді болу үшін, оған айғақты дерек керек,— әйел Хәлелге қарады. Шалдың қызы өзі айтар? Рас, оған мұндай сұмдық істі жұртқа естірту қиын-ақ болар. Бірақ әкесін соттатпаймын десе... Мүмкін, алдын ала онымен өзім жеке сөйлескенім дұрыс шығар? Әйел мен әйел тіл табуы қиын емес қой? Сіз қалай көресіз?

— Әрине, сөйлескеніңіз жөн, бірақ Тананы дәл қазір қайдан табасыз? Ол бұл арадан көшіп кеткен.

— Әкесі сотталып жатқанда қандай бала шыдап тұра алады? Бүгін Өзекке келген. Бағана соттың қашан болатынын сұрап кеткен.

— Тана осында дейсіз бе? Бишара, амалы қалмаған ғой. Әйтпесе Өзекке келмек түгіл, бұ жаққа қарауға да беті шыдамас еді. Басқа бұл арадан кеткенінше асыққан,— Хәлел кенет сот

председателіне қарады.— Сөйлесіңіз. Міндетті түрде сөйлесіңіз. Мүмкін болған оқиғаны сізден жасырмас.

Үш күннен кейін Сарының соты болды. Соттың жабық мәжілісінде Тана өзінің Алаң-Алешаның қолына қалай түсіп қалғанын, абройының қалай төгілгенін, болған оқиғаны тек әкесіне ғана айтқанын, әкесінің Алаң-Алешаны өлтіруге бел буғаны содан шыққанын айтып берді. Бұл бұрынғы сандуғаштай құлпырған әп-әдемі Тана емес еді. Әбден жүдеген. Қайғыдан ба, әлде жұмысының ауырлығынан ба, Хәлелге ол мүлдем тәусылып қалғандай көрінді. Бірақ Хәлел қызға еш сұрақ бермеді.

Сот әке әрекеті қорланудан туғанын және Алаң-Алешаны өлтіруде, бұзықтың өзі де себепкер болғанын, сондай-ақ айыпты адамның жасы келіп қалғанын ескеріп, Сарыны екі жылға соттады. Бірақ жоғарғы себептермен санаса келіп, сот бұл мерзімді Сары абақтыға жабылмай өткізсін, тек егер осы көрсетілген мерзімнің ішінде айыпкер басқа бір бөтен қылмыс істер болса, мына екі жыл да қосылып, бар мерзімін абақтыда өткізетін болсын деп шешті.

Қызы үшін қылмыс істеуге бел буған кәрі кісіні аяған, соттың екінші заседателі Сарыны мүлдем босатып жіберуін сұрады. Бірақ сот мүшелерінің дауыстары бөлінбес үшін, ол өз ұсынысын қайтып алды.

Әкесін босатып алған Тана, кеш түсіп кетіп сол күні жүре алмай қалды.

Қыс қатты басталғанмен ортасына таман жұмсара түскен. Бүгінде тап-таза жұмсақ қар жауып әлем жүзі күмістей ағара қалған. Желсіз, борансыз жауған қар соншалық қалың бітіп, сай мен аңғарлардан ауыр машиналар оптығып әзер-әзер өтті.

Хәлел күнімен мәжілісте болып, үйіне шаршап қайтқан. Сөйтсе де қыстың тамаша кешін пайдаланып, серуендеп азырақ ауа жұтуға поселкенің сыртына шыққан.

Тана кеткелі Хәлелдің жападан-жалғыз айдалаға қыдырғаны осы еді.

Әлемде ішкі бедері біріне-бірі ұқсас ағаштың екі кесіндісі кездеспейді. Бұл табиғаттың бәрі бірдей бір үлгіменен жаратылуын жек көретінін көрсетеді. Сондай-ақ, өмірде де ішкі сезімдері бірдей бол екі адам қатар тумайды. Қайғы-қасіретті де, қуаныш-қызықты да әркім әртүрлі қабылдайды.

Тана кеткен күні Хәлел қоярға жанын жер таппаған. Гүлжамалды да жақсы көрген, бірақ одан айырылғанда өзін мұндай бақытсыз сезінген емес. О да жанына батқан. Әйткенмен Гүлжамалдың Сәлімгерейдің дәрежесіне, атына қызығуы — бұның намысына тиіп, оны тезірек есінен шығаруға тырысқан. Ал, бұл жолы? Жоқ Тананың қайғысы оған өзгеше батты. Ол өзін тіпті өмір бойы қайғыда өтетіндей сезінді. Рас, Тананың да қасіреті, оның бөтен адамды қалауынан туды ғой, бұл жолы да Хә-

лел намыска шабуға тиісті еді, бірақ өйте алмады. Бұл неліктен? Әлде Танаиы Гүлжамалдан артық жақсы көргендігінен бе? Әлде?.. Бұл кәсіреттің өлмешінен ұрғандай кенет келгенінен бе? Ал, Гүлжамалдың қайғысы мұндай болған жоқ қой, оның құбылмалы мінезімен байланысты түбі одан айырылатынын Жәлел соңғы кезде аңғара бастаған емес пе еді? Сөйтті ғой. Бірақ онда мұны күтіп тұрған Маңғыстауы бар еді. Тезірек туған жерге жетіп, соның байлығын зерттесем деген арман махаббат қайғысын жеңілдетті емес пе... Ал, қазір ше? Сол арман орындалып, және жаңа махаббат тауып көңілі орныққан жоқ па еді? Сөйтіп жүргенінде мынандай күйге ұшырады. Енді міне оған дүние қара түнектей көрінді. Расыменен барлық арманнан махаббат күшті болғаны ма?

Бір кітаптан «Біздің қуанышымыз да, қайғымыз да әйелдерден» деген сөзді оқығаны бар. Расыменен дүниенің бар тетігі әйелдерде тұрғаны ма? Өзінің күйінуіне, жүдеуіне қарағанда солай тәрізді ғой. Ал, сонда өмірдің бөтен тілегін ,қызығын қайда қоясың? Таңа жүріп кеткен кезде емес пе еді, қара суықтың басталғаны. Артынан ақ түтек боранға айналды ғой сол суық. Өзек көсіншілігі барлау жоспарын орындай алмайтын қаупі туды. Махаббат кеселі соншалық күшті болса, неге Жәлел сол сәтте қайғысынан бас көтермей бүк түсіп жатып алмады? Неге суға батып, отқа күймеді? Жоқ, ол өйткен жоқ, қайғысын да, махаббатын да былай тастап, екі білегін сыбанып жіберіп, жұртпен бірге бұ да партия, үкімет тапсырмасын орындауға кіріскен. Сөйтті. Бұл махаббаттан да жоғары, махаббатты да құрбан етерлік үлкен тілектердің бар екенін көрсетпей ме?

Сондай тілектің бірі Жәлел үшін Өзек аймағынан үлкен мұнай қорын ашу емес пе еді? Иә, солай. Енді сол тілекті дәлелдеу үшін күрделі жұмыс үстінде, махаббат деп салы суға кетіп, тағы күйзелуге тиісті ме? Жоқ ,көңілі жарымжан адамнан нәтижелі жұмыс шықпайды. Сонда қалай болғаны, жан-тәнімді аямай жұмыс істен жүрмін деп өзін-өзі алдауда ма? Жоқ, жоқ, Жәлел, ондай жігіт емес. Бұл борыштың адамы. Махаббат деп жүрегі мың жерден күйсін, жансын ,ол өзінің ақыл-ойын, жігер-қуатын оған құл етпейді. Халқының алдында, үкіметінің алдындағы тиісті азаматтық міндетін бұлжытпай атқарады. Пулемет дәстесі кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағамбетов, жанып бара жатқан самолетін жау шебінің үстіне құлатқан Нүркен Әбдіровтер де осы Жәлелдей жалғыз жүректі жандар шығар. Олар да біреулерді сүйген шығар. Біреулер үшін олардың да жандары оттай күйген шығар. Бірақ соған қарамай, ел басына күн туғанда олар да шыбын жандарын құрбан еткен жоқ па? Сүйгенім бар еді деп қорқып қалған жоқ. Жоқ, әрине. Бұған қарағанда махаббаттан да асар күштер болғаны да! Ол қандай күштер? Жүрек, ақыл, сезім, даңқ, абырой дегендердің бәрін былай қойғанда, халқының, отанының алдында адамның кәдімгі міндеті, борышы бар

емес пе? Осы борыш, міндеттер махаббаттан да басым күштер. Адам өзінің жан сезіміне опасыздық істеп алғанмен, өзінің борышына опасыздық істеуге тиісті емес. Ал Жәлел міндетіне, борышына опасыздық істемек емес. Міне қазір де, оңаша келе жатып әлсін-әлсін есіне түсе берген Тананың суретін, бейнесін өзінен аулақ қуып, бар ойын әлі де шешілмей жатқан болжамына аударғысы келеді. Бірақ махаббат деген қынабында жатқан қылыш тәрізді суырып алсаң болды, алып түсуге дайын, о да Жәлелдің дегеніне көнбеді. Қиялы болжамынан гөрі Тананы көз алдына қайта-қайта алып келе берді. Әсіресе оның бота көзі өзіне жаудырап қарап тұрғандай көрінеді Жәлелге. Ол кенет ауыр күрсінді. Көп жыл бұрын өткен бір оқиға есіне түсті.

Бала кезі еді. Көрші үйінің бір кішкентай ботасы болды. Ботаның жүні аппақ, көзі үп-үлкен, мөлдіреген бір керемет көз еді. Танамен алғашқы кездескенінде сол ботаның көзін көргендей болған. Қазақтың «бота көз» деген сөзі, осындай әйелдердің көзінен алынған екен-ау» деп ойлаған Жәлел. Әлгі бота бір жылдан кейін өлесінен айырылған. Жетім кезінде Жәлел оны тағы көрген. Таң қалған. Кешегі мөлдіреген көзде бір орасан қайғы тұнып жатыр екен. Жас бала болса да жүрегінде кенет ақындық сезім туып, ботаны Жәлел «Қасірет көз» деп атаған. Сол «Қасірет көз» өмір бойы оның есінен шықпай қойған. Жас ботаның алғашқы көрген мөлдіреген көзінен жаны қанша қуанса, артынан оның қасіретті көзінен соншалық ауырған. Сондықтан да болуы керек, Тананы алғашқы көргенінде, оның дүниеге қуана қарағанынан жүрегі толқи түсіп, ішінен: «тәңір, бұның көзін сондағы ботаның көзіндей қасіретке толтыра көрме!» деп еріксіз тілеген. Әрине, бұның тілегі орындалған жоқ. Айырылар күні кездескен Тананың көзі, сүйген жігітіне қосылғалы бара жатқан бақытты қыздың көзі емес, баяғы жетім қалған ботаның қасіретті көзі еді. Тананы ойласа ең алдымен өзіне жылардай боп қарап тұрған оның сол қасіретті көзі елестеп кетеді. Қайда болса да сол «Қасірет көз»! Ояу жүрсе де, ұйықтаса да өзіне жалынғандай боп қарайды да тұрады. Бұнысы несі? Сүйгеніне қосылғалы жолға шыққан бақытты адам осылай қарайтын ба еді? Жоқ, бұл өте бақытсыз адамның қарасы. Ал, аз мезгілдің арасында оған бақытсыз бола қалатындай қандай жағдай туды? Не болды? Жоқ. Тана «бөтен адамға шығамын» дегені ойлап тапқан тәсілі. Менің көңілім алаң болмасын дегені. Гәп бөтенде!..

Ол енді өзінің ойына әбден сенген. Жақында Тананы іздеп барып, тағы сөйлесуге ұйғарған.

Осындай ойда келе жатқан Жәлел қарлы төбені айнала беріп кенет тоқтай қалды. Дәл қарсы алдында өзіне мөлие қарап тұрған Тананы көрді. Жоқ, бұл Тана емес. Басындағы ақ түйе жүн шәлісі, үстіндегі аппақ етіп илеген тері тоны, тоқтай қалған түрі, тұрысы бәрі-бәрі бөтен адамдікі. Тек көзі, көзі ғана Тананыкі. Сол баяғы өмірінде есінен кетпейтін қасірет көз. Қара

судай тұнған қайғылы көз! Жанына қайғы батқан жаралы көз!

— Амансың ба, Жәлел? — деді ақ киімді әйел.

— Тана? Танажан?! — деді Жәлел даусы кенет қаттырақ шығып айқайлай жаздап. Оның даусынан қуанғандай да, таң қалғандай да бір үн естілді.

Расында да бұл Тана еді. Бүгін жүрмейтін болған соң, азырақ қыдырып қайтқалы поселке сыртына шыққан. Құба жонда Жәлелді кездестірем деп ойламаған.

— Япырмай,— деді Жәлел не айтарын білмей,— сені де көретін күн бар екен ғой! Қайдан жүрсің?..

Қыз қайғылы езу тартты.

— Әкемнің сотына келіп едім...

— О кісінің соты бүгін бе? Немен бітті?

Тана кеткеннен кейін, осының алдында Жәлел бір айға жуық Москва, Алматыда командировкада болып, бұл жақтың көп әңгімесінен хабарсыз еді. Тіпті Танаың қандай күйде екенін де жөнді білмейтін. Оның үстіне осыдан үш күн бұрын орталықтан тағы да кісілер келіп, соларға бұрғылау қондырғыларын көрсетемін деп жүріп қолы босамаған. Шынында да Сарының сотынан беймәлім-тін.

Қыз төмен қарады.

— Әйтеуір бітті ғой. Екі жыл берді.

Жәлел шошып кетті.

— Екі жыл абақты ма? Кәрі адамға...

Қыз қасірет көзін жігітке аударды.

— Жоқ, абақтысыз... Әдейі өлтірмегені анықталды. Бірақ қандай малғұн дегенмен де адам аты бар ғой... Сол үшін.

— Әйтеуір абақтыда отырмайды ғой?! — Жігіттің жүзі сабырлана түскендей.— Онда оқасы жоқ, құдайға шүкір де!

Қыз ақырын күлімсіреді.

— Өзім де солай ойлаймын... Қартайғанда бишараның абақты көрмегенінің өзі қандай қуаныш...

Жәлел Танаың бетіне қарады. Көзіне көзі түсіп кетіп еді, жүрегін өрт жалағандай өн бойы балқып жүре берді. «Япырмай, мұндайда көз болады екен-ау, қарашығында дәл қазір қайғы менен қуаныш таласып жатқандай...»

— Қуанышыңа ортақпын, Тана,— деді Жәлел бойын алып кеткен үлкен бір толқыма сезімді ұстай алмай,— сені мұндай бақытты кезінде көргеніме мың да бір шүкір...

Қыз жауап бермеді. Екеуі қатарласа жүрді. Қайда бара жатқандарын өздері де білмейді, беттері ауған жаққа қарай келе жатыр.

— Өткен жолы сенің қайғылы түріңнен жаным шығып кете жаздаған еді,— деді Жәлел тұнжырай.— Егер бүгінде сондай бақытсыз күйіңді көрген болсам...

— Бүгін менің бақытты түрімді көрдің бе, Жәлел? — деді қыз сол басын жерден көтермеген қалпында аяғын ілби басып,—

әкемнің абақтыға түспегеніне, әрине, қуанышпын. Бірақ мен бақытсыз жанмын, өмірбақи бақытсызбын...

Жәлел қалай қатты дауыстап жібергенін өзі де білмей қалды.

— Не болды?! Не болды саған, айтсайшы?! — деді өзінің де жүрегінің ауырып кеткенін жасырмай,— қолымнан келер жәрдемімді аямайын... Мүмкін менің жолдастық көмегім керек шығар? Әлде... әлде сол сүйген жігітіне қосыла алмай қалдың ба?..

— Иә.

— Онда... Әрине, менің қолымнан ештеңе де келмейді,— деді жігіт күбірлеп.

Екеуі тағы үн-түнсіз біраз жер жүрді. Енді бүкіл батысты жауып тұрған торғын ақша бұлттар жоғары көтеріле түсіп, батып бара жатқан күн көзі көрінді. Күннің қызғылт сәулесі түскен аппақ қарлы жазық дала, үстінен күміс көрпе жабылғандай жалт-жұлт етті. Дүниенің кенет бұлай өзгергеніне таң қалып, қыз үн-түнсіз алыстағы белеске қарап тұрды да, кенет поселкеге қарай бұрылды.

— Жәлел,— деді ол,— әрине, сен маған өкпелісің ғой?

— Бұл араға «өкпелісің бе?» деген сөз жүрмейді,— деді Жәлел жүре бастаған қызға ере түсіп.— Өкпе емес ,өкініш пе, әлде алданған махаббат азабы ма, жүрегімді күні бүгінге дейін күйдіруде.

— Ал менің жүрегім одан жаман өртенуде.

— Мен осы күнге дейін түсінбеймін, не болды? — деді жігіт кенет тағы толқып кетіп.— Жоқ, мені жақсы көргеніне күні бүгінге дейін күмәнсізбін. Сендей адал жан басқа біреуді жақсы көре тұрып, бөтен адамға сені сүйем дей алмайды.

Қыздың жүрегіне Жәлелдің «адал жан» деген сөзі біздей қадалды. Ол демін әзер-әзер алды. «Сүйген адамы айыпты ма, айыпсыз ба, егер бұл оның арының былғанғанын білсе не дер еді? Адал сенімінің ақталмағанына қападан өлер еді... Жоқ, Жәлелдің жүрегіндей пәк жүрекке абыройын былғанбаса ғана өмірлік жолдас болу лайық. Ал, абыройың айрандай төгіліп тұрғанда, оның бетіне қалай ұялмай қарай аласың? Жоқ, біздің махаббатымыздай махаббат тек мөлдір таза жаратылуды тілейді. Онсыз арамыздағы достық мәңгілік бола алмайды! Ал, маған тек мәңгілік, өмірлік қана қуаныш керек! Онсыз мен өзімді де, Жәлелді де бақытты санай алмаймын!» Қыз кенет өзін-өзі ұстай алмай қалды.

— Кешір, Жәлел,— деді ол даусы жаска тұншығып.— Саған деген ләззатымды мен адал сақтай алмадым.

— Неге?! Қалай?! — деді Жәлел кенет айқайлап жіберіп.— Айтшы, неге адал сақтай алмадым дейсің?! Кім айыпты?! Әлде...

— Аузым бармайды. Сұрама! — деді қыз жылап жіберіп.— Мен саған татымаймын, қара бетпін! Енді саған мәңгі жоқпын! — Сөйдеді де қыз кенет поселкеге қарай жүгіре жөнелді.

Төбесінен жай түскендей боп аңырайып тұрып қалған Жәлел

кенет: «Токта! Токта!» деп соңынан ере түсті де, кідіріп қалды. Бұл кезде Тана алдыңдағы қырқадан асып кеткен еді. Аржағында поселке.

Тананың сөзінен түні бойы жүрегі қабынып Жәлел көз іліктіре алмай шықты. Онымен тағы сөйлеспек боп таңертең қыздың үйіне келді. Бірақ Тана әкесімен күн шықпай жатып жүріп кеткен екен. Орталықтан келген адамдар қайтысыменен, қызды өзі ізден бармақ боп қала берді. Тананы бұрынғы жақсы көруіне енді бір қайдағы жоқ, өзі түсінбес жаңа жан күйігі қосылды, көңіл құрғыр әлденеден сезіктене ме, намыстана ма, өзі де білмейді, тек әйтеуір күйіп-жанып бір өкінішке бөлеп әкетіп барады.

Қыс кенет тағы суыды. Боран аралас ызғырық бүкіл Маңғыстауды тағы темір сауыттай құрсап алды. Шығыстан соққан суық жел тағы бет қаратпайды. Бойын құрыстырып, өнменінен өтіп адамның берекесін кетіріп болды. Жаңа жыл туғалы Өзектің өндіріс жоспары да өскен.

Биыл бірінші үш айлықта он бес скважина сынаққа қойылып, екінші үш айлықта сынау жұмысы екі есе артпақ. Бұрынғы барланған қабаттарға қосымша солтүстік-шығысқа қарай мұнайдың бірнеше километрге созылып жатқанын айқындайтын деректер алынбақ.

Маңғыстау түбегінің теңізбен шектескен жағалауларында бұрын балық кәсіпшіліктері, балық аулайтын колхоздар ғана орналасқан-ды. Бөтен өзге өндіріс мекемелері болмаған. Ал, теңізден әрі далаларында тек мал шаруашылығы ғана өркендеген. Маңғыстау мен Гурьев облыстары әсіресе Совет үкіметі кезінде қой өсіретін аудандарға бейімделген. Осымен байланысты бұл өлкеде не көп — қой көп, не көп — қойшы көп.

Енді міне, бір мың тоғыз жүз алпыс бірінші жылдан кейін бұл даланың түрі кілт өзгере бастады. Жел үрлеген құ атыраптың әр түсында мұнай барлаушылар поселкелері пайда болды. Кеше бұл құлазыған құ далада, анда-санда қойшы, малшының әні естілсе, ал бүгін бүкіл өңір басқа үнге, машинаның гүріліне толды. Бұл жаңа ән — қысы, жазы, қақаған суықта да, ұлыған боранда да тоқтамады. Кешегі мал соңында жүруге дағдыланған қазақ жастары, енді форт Шевченко қаласында ашылған мұнай бұрғылау мамандарын дайындайтын училищеге түсті.

Маңғыстау партия ұйымдарының аса көңіл бөлген өндіріс орны болды. Мұнда Москвадан үкімет мүшелерінен бастап, Алматыдан Орталық Партия Комитеті мен Геология министрлігінің жауапты қызметкерлеріне дейін ағылып келіп жатты. Жаңа үйлер салынды. Жаңа қаражаттар бөлініп, бұрғылау жұмыстарының кем-кетіктері жойылып ,мұнай іздеу ісі алға қарай басты. Әсіресе партиялық ұйымдастыру, халық мәдени-ағарту жұмыстарының ойдағыдай өрісі кеңіді. Бұрынғыдай емес, әр барлау поселкелерінде өзінің Мәдениет Үйлері, кітапхана, кинотеатра-

ры ашылды. Құрылыс қаркыны үдей түсіп, жұрт жеркепе, саман үйшіктерден құтылды.

Көптерлі жұмысшы табы жанталаса еңбек етті. Жәлел басқарған мұнай іздеушілердің алдына жаңа міндеттер қойылды. Алғашқы үш ай ішінде жүргізілетін жиырма терең бұрғылау қондырғылары қойылатын мұнайлы жаңа алаңдар белгіленуі керек болды. Бұл әлі әбден зерттелін бітпеген Өзек тәрізді жерге жеңіл іс емес еді. Рас, кейбір нүктелерге жаңадан орналатын қондырғылар, бір жағынан мұнай іздеу міндетін атқарса, екінші жағынан астықгы қабаттарды барлау жұмысын да жүргізеді. Бұл жағдай мұнай зерттеушілердің міндеттерін біраз женілдетеді, бірақ бұған қарап мұнара қойылған жерден ойдағыдай мұнай қабаты табылмай қалса, «бұл әлі іздену» деп жауапкершіліктен бас тарту орынсыз, өйткені, Отанға жаңа мұнай алаңы керек, нәтиже берер жаңа орын керек. Бар іс, мұнай іздеуге, мұнай алаңын табуға бағынған. Сондықтан әрбір қондырғы тұрғызылған жер ойдағыдай шығуы қажет!

Өз басының қайгысы жүрегін қанжоса етіп жүрсе де, Жәлел өзін-өзі зорлап, қайтадан геологиялық карталарға үңілді, мұнай іздеуші серіктерімен жиылып, жаңа ойлар, жаңа ұсыныстар талқыланды. Қазақ республикасының геология министрі бір келгенінде Шабдан Ералиев суға батырылған жерден теніз фортын салуды түгелдей шешіп кеткен. Өзге тұстан емес, осы арадан Өзек пен Жетібайға жүргізілген жол ең қысқа жол болуға тиіс еді. Онымен қатар осы фортта бүкіл Маңғыстау бойындағы мұнай барлаушы экспедицияларды техникамен және бөтен керек заттармен қамтамасыз ететін база құрылған. Мұндағы жұмысшыларды, жалпы Маңғыстау мұнай барлаушыларының мәдени-тұрмыс жұмыстарын жөндеуді облыстық партия комитеті өз міндетіне алған және тиісті шаралар белгілеген.

Міне осы істердің арқасында тез мезгілде Ералиево форты салынып, жаңадан жүргізілген қысқа жолмен қыстың суығына, боранына қарамай үлкен-үлкен жүк машиналары мен тракторлар бұрғылау станоктарын Өзекке төге бастады.

Бүгін бұркасын еді. Соған қарамай Жәлел, жанында екі жас серігі бар, салтатпен алыстағы бұрғылау қондырғысына барып қайтқан. Бұлардың бағына қарай, біраздан кейін жел де толастап, күн ашылған. Болашақ мұнаралар тұрғызылатын жерлерге темір қазықтарды қағып, түс ауа әзер оралған. Өздері де өлердей боп қалжыраған еді. Жәлел үйіне келсе колхоздан әке-шешесі де қайтқан екен. Бұлар осыдан төрт ай бұрын, тарту-таралғыларын алып, ел аралап кеткен. «Төріміздеп көріміз жақын ғой, қанша жүреді дейсің, төсекте жатып қалмай ағайын-туысты көріп, туған жердің топырағын ніскеп бір жасап қайтайық»,— деген Бестібай карт. Содан оралған беттері екен. Күндегідей емес, шешесі пешін жағып, қуырдағын қуырып, шайын қайнатып, үй ішін маздатып қойыпты.

— Ту, апамның келгенін бірден білдім ғой,— деді Жәлел жас күйіндегісіндей шешесіне арсаландай қуанып,— үй іші құлпырып кетіпті.— Сосын киімін шешіп жатып,— әйтеуір аман-есен барып қайттыңдар ма? Ауыл-аймақ, ағайын-туыс аман ба екен?..

— Бәрі де аман. Сендерге сәлем айтып жатыр. Өзі болған төркінін танымайды деген, неге келмейді дейді.— Бестібай баласына күлімсірей қарады.

— Елді өзім де сағынып жүрмін. Құдай бұйыртса биыл жаз Орал, Гурьев маңайындағы жолдас-жора, ағайын-туысқа бармақпын. Әйтеуір, өздерің ауырмай-сырқамай, жақсы жүріп қайттыңдар ма?

— Ой, несін айтасың! Қонағасыға шақырмаған ел жоқ. Күніне екі малдың басын жеп отырдық десек өтірікші болмаспыз. Ел де күйлі екен. Баяғыдай түйенің қомына, сиырдың желініне қарап дірілдеп отырған бірде-бір қазақты көрмедім. Жегені ақ май, ішкені інді шай... Тіпті кейбіреуінің жеңіл машинасы да бар. Жоғында матасекіл. «Түйеге мініп нтіндеп кім жүрсін» дейді.

— Мақтауыңызға қарағанда, ауылыңызға қызығып келген түріңіз бар ғой,— деді Жәлел қолын жуып жатып, әкесіне күлімсірей қарап.— Сірә, Жем бойындағы колхоздың біреуіне көшіп кетіп жүрмесеңіз нетсін?

— Бүйте берсең, көшіп кетуден де тайынбаспыз.

Жәлел күлді.

— «Бүйте берсеңіз» дегеніңіз не?

Дастархан жайып болған шешесі:

— Қалқам, шайыңды іш,— деді отырып жатып,— әкеңнің сөзін қайтесің... Жол бойы той істеймін деп лепіріп келгенде...

— Иә, солай болды,— деді Жәлел дастархан жанына отырып жатып.

— Мына құрт-май нағашың ауылынікі, ала отыр,— деді шешесі, абажадай сары самаурынның жанындағы қайқы мұрын кішкентай аппақ шәйнектен шайды бұрқыратып керней кесеге құйып жатып.— Тоқып қалған шығарсың, ыстықтай іш...

Шешесі баласының баяғы жас кезіндегісіндей асты-үстіне түсіп өліп барады. Бестібай дастарханның төр жағында малдасын құрып алып, жай байсалды түрде отыр. Баласына әкесінің мінезі белгілі. Бір жанына батқан істі айтарында үнемі осылай ойға кетіп, үндемей қалады. Бұл жолы да солай боп шықты. Шайын бір-екі ұртап қойды да сөзіне кірісті.

— Асыл тас жерде, жаман сөз елде жатпайды,— деді ол.— Бұл жақта болып жатқан сұмдықтың бір шеті еміс-еміс бізге де естілген. Анығын ешкім білмеді. Күн жылына қайтамыз ба деп едік, қақаған суыққа қарамай жүріп кетуімізге сол себеп болды. Кеше ауылдас қана болғанмен, бүгін құда ғой. Қартайғанда кісі өлтіріп бишараға не көрінді екен?..

— Онысын ешкім білмейді. Өлтірген жігіті әйгілі бұзық екен. Әкесінің бір кезде Сарымен қатынасы болған деседі. Содан қалған бір өшпенділік бар ма, қалай?..

— Аты кім екен әкесінің?

— Ұмытпасам Әжіғали ма, Қажығали ма, сондай біреу, жоқ Әжіғали деді білем. Бұрынғы уездің тілмашы, алаштың офицері көрінеді...

— Ойбай-ау, ол баяғы Түйебайдың Әжіғалиы болды ғой, әлгі Қарақұм кезінде, бандит боп құмға сіңіп кетіп, өшіккен елін қырып жібере жаздаған найсаптың өзі ғой! Оны әлдекашан өлді деген жұрт. Мына Сарыдан қаза тапқан соның баласы дейсің бе?

— Иә, соның баласы. Өмірін абақтыда өткізген бір қанішер дседі.

— Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген міне осы. Бөлтірік анасының емшегін жаның ауырта емеді. Анасы да сол үшін, өзімдей ешкімді аямас боп өседі деп күшігін жақсы көреді. «Қаніпезер Әжіғали тәрізді адамның баласын мұндай жақсы көргенін, бұрын-соңды кездестірген емеспін»,— деп Сары үнемі таң қалып айтып отыратын еді. Сіра бұрыннан бір кектескен жерлері болды ма, әйтпесе Сары кісі өлтіретін бе еді? Балаларының жетілгеніне мәз-майрам еді ғой». Айналайын үкімет балаларымды оқытып сендерменен тең етті» деп ұлы, қызының инженер болғанын ылғи мақтан етіп отыратын. Сөйткен төрт түлігі сай Сарының ойда-жоқта қаңғып келген біреуді өлтіруі тіпті түсініксіз. Әлде әкесінде кеткен бір өші болды ма екен? Әйтседе ескі кектің тозатын уақыты да жетті ғой.— Бестібай кенет баласына бұрылды.— Біздей қәрі адамның қандай жағдайда қылмысқа баратынын білесің бе? — деді түксне.

— Әртүрлі жағдай болатын шығар,— деді күліп Жәлел,— өзім қәрі бола қоймаған соң ойламаған шаруам...

— Мүмкін қызымен байланысты емес пе екен? Қаңғыған ит бір қиянат істеп жүрмесе нетті... Мұндайда әке бала үшін өлуге бар. Әсіресе Сары секілді ұлы, қызын жанындай жақсы көретін адам...

Жәлел сұп-сұр болып кетті.

— Білмедім.

Кенет оның көз алдына Алаң-Алешаны алғаш көрген күні, сондағы оның Танаға аш қаскырдай тамсана қараған түрі елестеп кетті. Оның үстіне Тананың жылап тұрып: «Жәлел, мен сағын деген ләззатымды адал сақтай алмадым» деген сөзі есіне түсті. «Япырмай, сондай бір сұмдық болды ма?» Жәлел енді шайын іше алмады.

Жүрегі өртеніп, қолы дірілдеп кетті. Шайын төгіп ала жаздап кесесін жерге қоя қойды.

Баласының кенет осыншама әбігерлене қалғанын көрген шешесі, бажырайып шалына қарады.

— Баланың көніліне түйтік салып, шала жанған тезектей

әлденені бықсытпай жайына отырсайшы,— деді сәл ашулы үнмен,— Танажан кетсе алыска кеткен жоқ, мына тұрған Шетпеде көрінеді ғой. Әлі талай жолығар. Қызмет бабында осы күнгі жастар қайда жүрмейді? Соны да сөз деп...

Бірақ Бестібай әйелінің сөзінен елең де етпеді. Баласының құбыла қалғанына да қарағаң жоқ, шайын бір ұрттап қойып, өзінің ойын жалғай түсті.

— Шырағым,— деді ол,—Сарының әлдеқалай өшіккеннен ана бұзықты өлтірді дегеніне сенбеймін. Әрине, кісі өлтіруге бару жақсы қасиет емес. Мұнда бір үлкен гәп бар... «Адаммен жақсысында сыйлас та, жаманында қаш» демейді ғой бұл қазақ. Ертең Сарыны іздеп Шетпеге жүрсем бе деймін. Құда ғой, мүмкін бір сыр ашылып қалар. Дегенмен Тана тәрізді қыздан айырылу жөн емес.

Әкесінің Сарыға баруын Жәлел жек көрген жоқ. Мүмкін ол Тана екеуінің арасын жақындатудың бір тәсілін біліп қайтар;

— Автобус таңертеңгі сегізде жүреді,— деді Жәлел.

— Тіпті жақсы болады,— деді әкесі.— Бір-екі түнеп, біраз шерімді тарқатып қайтайын.

Бірақ дәл осы сәтте әкесі мен баласы Сарының Алаң-Алешадан қызының абыройы төгілгенін айтпайтынын білген жоқ. Қандай әке өз қызының абыройының қалай төгілгенін бөтенге естіртіп алады? Бұндай сөзді айту оған өлімнен де артық қорлық қой...

Адам істеген ақылды ісі мен ақылсыз ісін, өмір жолын толық таптап өтіп, тек қартайғанда ғана біледі. Жас күнінде кісінің алғырлығымен қатар қатесі де көп болады. Бұдан жас адамның ақылды, әлде ақымақ болатынын күні бұрын болжай алмайсың. Ал Бестібай Жәлелдің Танадан айрылғанына өте қайғылы және өкінішті екенін ұқты. Адам жаны ашитын кісісіне, өзінің қайғысын сезімнен емес, көбіне көзімен айтады. Бестібай, баласының Танадан айрылдым деп уайымын ашпаса да, оның сонау кешегі айнадай ашық көз жанарында бүгін бұлт болып мұң ұялағанын көрді.

Жәлелдің ойы осыдан миллиондаған жыл бұрын өткен кезеңдерге кетіп тұр.

Қазір Жәлелдің көз алдына елестетіп тұрғаны бұдан жүз миллиондаған жыл бұрын өткен баяғы заман. Адам баласы тек қиялымен ғана шамалаған сол көне заманды геологтар «жоғарғы альба» дәуірі деп атаған. Жәлелдің еске алып тұрғаны Бор дәуірінің соңғы кабаттары біткен шағы... Міне осы Бор дәуірінен жүз жиырма миллион жыл бұрын Юра заманында мұнай жаралған деген жорамал бар. Неден жаралды? Қалай жаралды? О да тек жорамал... Бір оқымыстылар мұнай сол замандағы ойпат, аланды алып жатқан құрт, титтей жәндіктерден пайда болды дейді, ал басқа ғалымдар: «Жоқ, мұнайдың жаралуы, сол кездегі жер астындағы минералдардың ерекше табиғаттарымен байланысты» дейді. Қайсынікі дұрыс?

Жәлел қазір мұнайдың қалай жаралғанын ойлап тұрған жоқ. Оның көз алдына елестетіп тұрғаны өзінен жүз миллион жыл бұрын өткен, бүгінгі күнге кейбір тас боп қатқан сүйектері ғана жеткен үрейлі бейнелі динозавр, ихтизаврлар.

Иә, олардың өмір сүргеніне миллиондаған жыл өткен! Бүгінгі заман адамдарына олар енді бір қиял жетпес ғажайып дүние!

Ал, дүние тағы бір миллиондаған жыл өткеннен кейін, біздің бүгінгі күніміз — оларға қандай боп көрінбек? Расымен, осы күнгі адам, аңдар, сонау алыстағы ұрпақтарға қазіргі өзіміздің динозаврларға таң қалғанымыздай, оларға да ғажайып бір бейнелер болып елестеуі мүмкін бе? Осы күнгі адам, хайуандар миллиондаған жылдардан кейін басқа түрге айналуы мүмкін бе?

Дарвиннің эволюциялық заңы осыны дәлелдемей ме?

Жүз миллион жыл! Адам баласының алдында сондай ұзақ өмір бар ма? Бар! Жүз миллион жыл, табиғаттың жалпы мәңгілік өмірімен салыстырғанда ұзақ уақыт емес. Тіпті қысқа мерзім! Мүмкін адам баласы мәңгі өлмес? Күн сөнсе де Адамзат өмірі сөнбес?! Сондықтан мәңгі өмірге әрбір ұрпақ, әрбір адам өз үлесін қосуы керек, Жәлел де өз үлесін қосады.

Міне осындай ойдағы Жәлел өзіне қарай қарсы төбешікке көтеріліп келе жатқан Жандосты көзі шалды. Жәлел таң қалды. Жандостың бұдан бұрын былай жападан-жалғыз өз бетімен жүргенін ол бірінші рет көріп тұр.

— Ту, дала қандай жақсы еді! — деді Жандос Жәлелдің жанына жеткеннен кейін, төбенің үстінен жан-жағына қарап.— Тіпті жұмыстан қолың босамайды, жарықтықпен жөндеп кездесе де алмайсың.

Жәлел ақырын езу тартты. «Осынау кең далада жүріп, оны дұрыстап көре алмайсың»,— дегені күлкі тәрізді ғой. Бірақ бұнысы рас. Жандостың жұмыссыз, жападан-жалғыз жүргенін көріп тұрғаны осы. Демек, шыныменен жұмыссыз жүр ме?»

— Япырмай,— деді Жәлел,— мен өзіңді скважиналардың араларында зырлаған ана кішкентай «ГАЗ» машинаңсыз, не жан-жағыңыздан қоршаған адамсыз көріп тұрғаным осы. Адам өз көзіне өзі сенбейді де екен-ау!

— Иә, жұмыстан қолың босамайды ғой,— деді Жандос сәл езу тартып.— Ескі жараларым маза бермеген соң әдейі жүріп қайтайын деген едім.

Ол өзінің осылай жұмыссыз, өзінен-өзі жалғыз қыдырып жүргенінен ұялғандай. Жәлел Жандостың соғыстан қатты жараланып қайтқанын білетін. Күзді күні Шевченко қаласына барған жолы, мейманханада сау тамтығы қалмай тыртық-тыртық боп біткен денесін көріп таң қалған. Содан бері «Япырмай, бұл кісі қалай жұмыс істеп жүр?» деп сан ойлаған. Қазір Жандостың «ескі жараларым сырқырап» деген сөзінен, оның қандай күйде тұрғанын ұққандай болды. Аяп кетті. Бірақ Жандостың шын

жағдайын анық білмейтін. Экспедиция бастығының құр сырты ғана сау, ал шынын айтсақ ауырмайтын жері жоқ еді. Тек соның бәрін жұмыспен ғана жабады. Кей түндерде ескі жаралары сырқырағанда қоярға жанын жер таппай, дереу машинасына мініп алып түнгі кезекте жұмыс істеп жатқан скважиналарға тартып кетеді. Күн демей, түн демей өздеріне жетіп келетін экспедиция бастығының жігеріне жұмысшылар таң қалатын. «Япырмай, бұл кісінің жаны темірден жаралған ба?» — дейтін. Егер олар Жандостың сол «темірден жаралған ба?» деген денесін көрген болса қандай ер адам екенін түсінер еді. Оның үстіне соншама сырқат ауыр халде жүргеніне қарамай мінезінің қандай биязы екенін айтсаңдаршы! Жандостың біреуге дауыс көтеріп катты ашуланғанын Жәлел көрген емес. Ал, кейбір қызу қанды өндіріс командирлеріне ұсақ күйіп-пісуді тіпті білмейді. Не істесе де сабырлы, жайымен істейді.

— Жәке,— деді Жәлел,-- мен сіздің қалай жұмыс істеп жүргеніңізге таң қалам. Анау жаралар кімді болса да шыдатпайтын-ақ шығар.

— Тек жаның ауырмасын, Жәлел,— деді Жандос тағы езу тартып.— Жаның ауырмаса бәріне де шыдайсың. Ал, осыншама істеліп жатқан жұмысты, мынау қайнаған еңбекті көре тұрып,— ол қолымен сонау Өзек бойын тізілген барлау, сынау мұнай мұнараларын жайпай көрсетті,— ауырмақ түгіл, рахаттанудан қолың босамайды. Тіпті денеңнің ауырғанын ойлайтын кезің де болмайды!

— Дегенмен...

— Рас, кейде жаның да ауырады. Онда өзіңді-өзің қоярға жер таппайсың.— Ол Жәлелге бір түрлі жүдей қарады.— Сондай жағдай, әсіресе мына алғашқы скважиналар қазылу кезінде болды. Жасырмайын, бірінен соң бірі әр түрлі себептермен жөнді жүрмей тұрған шақтарында менің іштей күйінгенімді көрсең!

— Оны мен сіздің түріңізден байқамадым ғой?

— Егер өндіріс командирі өзінің абыржып жүргенін жұртқа сездірсе, жұмыстан қандай нәтиже шығады. Еңбек майданы да, соғыс майданы тәрізді, іс басқаратын адам, өз қобалжуын, сенбеуін, күмәндәнуін, қысқасы жұмысқа кедергі істейтін сезімдерінің бәрін жасыра білуі керек. Өйтпесе жұртта да сенім азаяды. Ал сенім азайған жерде жұмыста да береке қалмайды.

— Ол солай ғой... Оның үстіне, алғашқы сынақтағы скважиналар жан-жақты зерттеуде тұрған айлар нағыз шілденің бас кезі болатын. Жер, ауру адамның тіліндей, ақтаңдақтана жарылып, жарылып кеткен еді ғой. Есіңізде бар ма, ыстық елу градусқа таяп қалғаны?

— Елу градус? Ғафу ет, соны мен байқамаппын-ау! Байқайтындай мезгіл ме еді?

Жандосқа Жәлел іштей қатты сүйсінді. «Өз жұмысыңа берілсең, осылай беріл. Міне, осы Жандос секілді кісілерден ғана өн-

дірістің шын қамқоры, нағыз командирлері шығады. Тіпті күннің күйіп тұрғанын да байқамаған! Тек айтуға ғана жеңіл! Ал...»

Жәлелдің ойын Жандос бөліп жіберді.

— Алғашқы мұнай шықпай жатқан кезде,— деді ол,— менің ойымнан бір күдік кетпей-ақ қойған. Әйтеуір сыртыма шығармауға тырыстым.

— Ол қандай күдік еді?

— Адам деген өткенімен, бүгінгісімен, алдағы келешегімен өмір сүреді ғой. Өткені кісінің көңілінде сақталады. Қандай ауыр болса да демек, ол бірте-бірте алыстай береді. Бүгінгісі — адамның бүкіл тамырына қан жүгіртіп тұрған жүрегінің соғуы тәрізді. Ол жүрек қалай соғады? Қуанышты ма, қайғылы ма, содан сенің қазіргі тіршілігің айқындалады. Ал, алдағы күн — ол үміт, сенім. Сол келешек үшін сен қанат қағасың, алға ұмтыласың. Егер сол үмітің, сенімің ақталмаса дүниеде бұдан жаман нәрсе жоқ. Өзіңді өзің қанатың кесіліп қалғандай сезінесің. Босқа әуре болғаныңа өкінесің. Айыпты жандай тіпті жұрт бетіне қарауға ұяласың... Егер біздің скважиналар фонтан атпағанда мен өзімді дәл осылай сезінер едім. Сол себептен де «мұнай бар ма, жоқ па?» деген күдік, сол күндері менің ақыл, ойымды жегідей жеді, жанымның ауырғаны соншалық, әзер шыдап жүрдім.

Жәлелге ол кездерде Жандос ойшыл жан секілді көрінбеген. Іштей, «қызық кісі екен, тіпті мұнай бар ма, жоқ па, ойына кіріп те шығар емес. Тек жоспардағы скважиналарды жүргізсе жетеді бұған. Егер мұнай мүлдем табылмаса, қандай ұялатынымызды неге түсінбейді екен?» деп өкпелі болатын. Сондағы Жандос туралы теріс пікірінен енді өзі ұялғандай. Кешірім сұрағалы келе жатыр еді, Жандос тағы бөліп жіберді.

— Бірақ мен сендерге, геологтарға іштей қатты сенген едім,— деді.— Сол себептен де бұрғылауды тоқтатпауға қолымнан келгенімді аямадым...

— Ал, егер мұнай табылмаса қайтетін едіңіз?

— Әрине, жауапкершілік деген бар ғой. Онда. Онда мен мұнай іздеу барлау ісінен мүлдем кететін едім. Үкіметтің сонша ақшасын боска шығарып, қалай ұялмай, қызармай жұмыс істеп жүре аласың?

— Мұнайдың жоқтығына сіз жауапты болмас едіңіз ғой.

— Жоқ, қолына алған іске коммунист адам әрқашан да жауапты. Егер сенбейді екенсің, онда жуыма, жуиды екенсің, жауап бер.

Жәлел кенет көз алдына Ерденді елестетті. Ол мұндайда, әрине, «мұнай шықпады, ешкім де айыпты емес» дер еді. Шыққан қаражатқа беті де қызармауы мүмкін. Ал, мына кісі ше? Әр жұмсалған үкімет сомына ұятымен жауап беруге бар. Міне екі түрлі бастық, екі түрлі құлық. Осыдан қоғам тілегін орындау жөнінде екі түрлі философия туады. Бірі барлық іске өзі жауапты, ар-ұятыменен жауапты, ал екіншісі тек орындалған іске ғана

жауапты, іс нәтижелі болса — ол соның нәтижесі. Ал нәтижесіз болса, оған басқалар, табиғат, не өзгенің олақтығы кінәлі.

Жандос тағы Жәлелдің ойын бөліп кетті.

— Мен сені әдейі іздеп келіп едім. Отызыншы скважина...

Жәлел күліп жіберді.

Жандос таңдана қарады.

— Неге күлесің?

— Жай әншейін. Өзім де таң қалып едім. Жәкең біздің қалай бостан-бос қыдыруға шықты деп.

Жандос ақырын езу тартты.

— Қайтесің, жұмыстың ыңғайы солай болған соң.

Енді екеуі де күлді. Олар аржағындағы отызыншы скважинаға қарай қатарласа жүрді.

— Менің айтайын дегенім...

Енді бес минуттан кейін екеуі де жан-жақтағы жаңа ғана өздері сұқтана қараған осынау аппақ қарлы табиғатты да, өткен күннің мұнай іздеудегі қобалжу-қуанышын да ұмытты. Ертең істейтін шаруаларын талқылай бастады.

Бестібай Өзектегі көкір-шүкір шаруалары екі-үш күндей біте қоймай, тек бүгін ғана, қазір шай ішіп болғаннан кейін жүрмекші еді. Әке-шешесіне дастархан басында әлденені айтып отырған Жәлел конторына баруға енді орнынан тұра бергенде хат тасушы жас бала кіріп келді.

— Ага,— деді ол Жәлелге.— Сізді Жандос ағай тезірек келсін деді.

Жәлел балаға қарады.

— Не болып қалды? Жай ма?

— Жай болуы керек. Бағанағы кезде самолетпен ана жолғы әдемі сары әйелі бар кісі келген.

— Қай кісі? Сәлімгерей емес пе?

— Иә, иә. Тағы әйелімен келіпті.

— Қазір барамын.

Кетіп бара жатқан балаға Жәлелдің шешесі:

— Отырып шай ішіп кетсейші, үнемі жүгіресің де жүресің,— деді.

— Жоқ, асығыспын. Тағы Юрий Михайловичты тауып алуым керек.

— Онда мына бауырсақты ала кет...

Бала алған бір уыс бауырсағының біреуін аузына сап, бұлтыңдата шайнай үйден ата жөнелді.

«Сәкең қысты күні боска келмесе керек-ті. Манғыстау мұнайын зерттеуде тағы бір талас туып қалған ғой» деп ойлаған Жәлел конторға таяғанда есік алдында тұрған Гүлжамалды көрді. Сол баяғы қалпы. Тіпті бұрынғысынан да әдеміленіп кеткен. Үстінде ақ норка терісінен тіккен пальто. Бас киімі де сондай ақ

норка. «Амансың ба?» деп ұзын саусақты қолын ұсынып, көздері күлім-күлім етеді. Тана мен Жәлелдің айырылып кеткенін естігендей. Жүзінде бір орасан шаттық бар. Айтпағанмен «бәрібір менен бөтен ешкімді таба алмайсың!» дегендей көзінде де бір ойнақы от билеп тұр.

Ғажап! Бұрын қандай ренжіп жүрсе де Гүлжамалды көргенде бір толқып қалатын. Тананың қайғысы жүрегіне әбден батқандықтан ба, бұл жолы көңілі тіпті селт етпеді. Алдымен қымбат бағалы ішікке малына киінген түрін көргенде «осы үшін ғой Сөкеңе ерге шыққаның, арманыңа жеткен екенсің!» деп бір ойлады да, өзіне қылымси қолын беріп, күлім қаққан келіншектің бетіне тағы бір қарап «әдейі есік алдында күтіп тұрғаны, оңашада кездесейін дегені екен» деп шешті. Бірақ сол кабағы ашылмаған қалпында: «Аман, есен келдіңдер ме?» деп сұлық амандасты да, Жандостың кабинетіне өте берді. Артына бұрылып қарағаң да жоқ.

Бұл кабинетке кіргенде бөлмеде екі-үш инженерімен Жандос отыр екен. Үстінде көгілдір костюмі, әдеттегісіндей тап-таза, мұнтаздай боп киінген, қою ақ шашы бұйралана түскен Сәлімгерей терезе алдында тұр.

Ол жарқын жүзі күлімсіреп, есіктен кірген Жәлелге қолын соза қарсы жүрді.

— Амансың ба, Жәлел? — деді Сәлімгерей өзінің қоңырқай даусымен.— Өзектің жаңа табыстарымен құттықтаймын. Мына жолдастар мені барлаудың түзету енгізілген жаңа схемасымен таныстырды. Бәрі дұрыс. Өзектегі соңғы кездегі жүргізілген барлау жұмысынан алынған деректерге қарағанда бұрынғы зерттеулерімізде аздаған қате бар-ау деген жаңа болжамға келіп едім. Сен оны дәлме-дәл анықтапсың! Көп рахмет!..

Жәлел әйгілі ғалымның бетіне тікелей қарауға тағы жүзі бармады. Бұрынғы өкініші, қабаған иттей тағы жанына жармаса түсті. «Сезімге беріліп, өзімді-өзім ұстай алмай, осындай ақ жарқын адамның көзіне де шөп салдым-ау! Бұрынғым болса бір сәрі... Ал, Гүлжамал бұған шыққаннан кейінгім не? Адамгершілік деген қайда?»

Өзінен-өзі қысылған Жәлел:

— Сізге де рахмет! — деп міңгірледі.

III

Көңіл жаныңның көленкесі. Жаныңды ештеңе жүдетпесе, етіне қызыл қосып семіре берген күзгі көк дөнендейсің. Ал, жаның ауру, көңіл сырқат болса, қанатына оқ тиген құс тәріздісің, қанша талпынсаң да көкке көтерілер дәрменің жоқ.

Егер адам күні бұрын бәлен күні бәлен сағатта өлерін білсе, сол кезіне жеткенше қайғыдан сан мәртебе өлер еді. Ал, арманы

орындалар мезгіліне алдын ала көзі жетсе, сол мерзіміне дейін күні бұрын сан рет жасарар еді. Осының бәрі көңілден. Дегенмен адам арманына ішінен, біртіндеп жетеді. Ал, қайғы өзі келеді. Және бірден келеді.

Жәлел жұмысын қанша беріліп істеймін дегенмен де, бұл жолы бұрынғысындай емес қабағы ашылмай-ақ қойды. Және көзіне күйік болып құлпырған Гүлжамалды көрген сайын Тананы сағына түсті. Түр жағынан, қылық жағынан Гүлжамалды Жәлел ешкімнен кем деп алмас еді, сөйтсе де оған деген көңілінің біржолата суынғанын өзі де сезді. Бір ғажабы: мұндай жайына қуанбаса, реніжіген жоқ.

Осындай күйде отырғанында үйге Гүлжамал кірді. Март айының бас кезі еді. Күн бұл кезде жайма-шуақтана жылы бастаған. Осының алдында ғана түскен қалың қар, жіпсіп, әр жерден көз жасындай жылап аққан мөлдіреген қар суы да көрінген. Бірден ауада көктемнің дымқыл иісі сезілген. Сәулесі әлі күйдіріп жібермегенмен күн көзі кісінің бетіне жылы тиіп, арқасын жіпсіткен. Өзге құстардан бұрын бұл жақта ерте пайда болатын қара торғай, қарлығаш, таргақтар әлі келе қойған жоқ еді, бірақ көктем таяп қалғаны хақ, өйткені қыс ызғары қайтып, жұрттың көңілі көтеріліп, қысқы киімдерін тастап, жеңіл киіне бастаған.

Гүлжамал да кілт өзгерген. Үстіне жасыл шұға пальто киген, басында да сол түсті шляпа. Пальтосының етек жағын кеңдеу етіп тіккен. Белі қыналып тұр. Аягындағы шұлық етіктің қонышы оқтаудай дүп-дүзу және жұп-жұмыр балтырмен балтыр болып, сыптай етін көрсетіп ерекше көзге түседі. Шиедей қып-қызыл томпиған дәнді еріндері, бұрынғысындай сүп-сүйкімді. Бұлтсыз күнгі аспандай, жадырай түскен үлкен көздері күлім-күлім етеді. Жалпы сырт бейнесі, өмірде қайғы-қасірет көрмеген адамдай. Жәлел оған еріксіз қарады. «Сәкеңе ерге шыққаны қандай жақсы болған. Жайнап кетіпті. Көңіл күйі-ғұмыр күйі деген міне осы!»

— Амансың ба, Жәлел,— деді Гүлжамал екі көзі күлімсірей тұманданып,— Сәкең, саған он төртінші мұнай қабатында көрсетілген структуралық картаны берсін деді.

— Қазір...

Жәлел орнынан түрекелді. Гүлжамал бұртия қалды.

— Өзің тіпті амандасқың да келмейді ғой.

— Ғафу ет...

— Ғафу ет! Ғафу етпесем, не істейсің? — Ол ойнақши күлді.

— Өзің біл...

Жәлел бұрыштағы столдан Сәлімгерейдің сұраған картасын алып келді.

— Мінекей...

Жаңа ғана жайнап тұрған Гүлжамал кенет жүдей қалды.

— Арамыз мұндай болады деп ойламап едім,— деді даусы дірілдеп кетіп.— Мен келгелі айдан асып кетті, ең болмаса қандай күйде екенімді де сұрамадың ғой.

— Қандай күйде екенің түріңнен көрініп тұрған жоқ па?

— Қара жамылып жылай беруім керек пе еді? Адамның бәрі бірдей емес. Кейбіреуі іштегі қайғысын сыртқа шығарғысы келмейді.

— Іштегі қайғысын? Сонда қайғылымысың?

— Қайғылы болмай! Махаббат деген сүртсең кете қоятын, ерініне жаққан бояуың ба?

Гүлжамалдың көзіне кенет мөлдіреп жасы келіп қалды. Жәлел оның бұлай кілт өзгеретін әдетіне бұрыннан қанық. Жылап тұрып күліп жіберу, не күліп тұрып жылап жіберу оған оп-оңай еді. Мұндай мінезіне әбден үйренген Жәлел тек «шіркін-ай, бұл актриса болса — тамаша өнер несі болар еді. Адам өз жолын үнемі таба білмейді ғой!» деп ойлайтын да қоятын. Жоқ, Гүлжамалдың мұнысы артистігі емес еді. Оның мінезі осылай жаратылған. Күлуі де, жылауы да оңай, жас баладай кексіз, ақ көңіл жан. Бұның кілт өзгеруі де, өзінің сондай зілсіз мінезінен туатын.

— Сені көрсем дүние бір түрлі кеңіп кеткендей болады,— деді ол толқуын баса алмай.— Өзімнің барлығымды не қылайын, қасымда сен жоқсың...

Жәлел созыла тұрып жанына барды.

— Гүлжамал,— деді ол ақырын.— Жаңа өзің айттың ғой, махаббат сүртсе кете қалатын ерінге жаққан бояу емес деп. Жақсы айттың! Бірақ екеуміздің арамыздағы махаббат сол бояу екен. Сондықтан да сен оп-оңай ерге шықтың. Ал мен болсам...

— Бөтен қызды жақсы көрдім демексің ғой.

— Иә, мен ол қызды жанымдай жақсы көрем.

— Бірақ ол қыз енді саған жоқ қой.

— Қыз жоқ болғанмен, оған деген махаббатым өзіммен бірге емес пе?

Жаңа ғана жылауға жақын тұрған Гүлжамал кенет жымиып күлді.

— Қыз саған жоқ. Ал сенің оған деген махаббатың бар... Түсінбеймін. Сонда жоқ қызды сүйемін деп, ешкімге қарамай өтпексің бе?

— О да мүмкін. Мүмкін мен тағы біреуді сүйермін. Бірақ кімді сүйсем де шын, адал сүйгім келеді. Өзіңнің жүрегің таза болмай тұрып, басқаның да таза болуын тілеу қиын ғой,— Жәлел төмен қарады.— Анадағы оқиғадан кейін, өзімнен өзім жеркеніп жерге еніп кете жаздадым. Осы уақытқа дейін Тананың маған бұйырмағаны сондағы күнәмнан ба деп ойлаймын.

— Странно,— деді Гүлжамал тағы жымиып.— Маған сол түн, екеуміздің ең бақытты түніміздей көрініп еді. Ал, сен... Жоқ әлгі сөзді дүниеде тек махаббат қана бар деп ұғынатын он тоғыз жасар бала жігіт айтса бір сәрі. Ал, сен тәрізді...

Жәлел Гүлжамалдың сөзін бөліп жіберді.

— Менің кім екенімді айтпай-ақ қой, Гүлжамал,— деді Жәлел шамасы келгенше жұмсақ сөйлеп,— көп жыл бірге болсақ та мені анық түсінбеген екенсің... Амал не! Меніңше махаббаттың қызығы да сонда, егер адам оған өмір бойы сол он тоғыз жасар жігіттей қарай алса! Сонда ғана махаббат адам баласының қуанышы, шын идеалы бола алады.

— Өзің солай қарай аласың ғой, сірә?!

— Қарай алмасам бұл сөзді айтпас едім...

— Онда маған деген бөлек жылғы махаббатың не болғаны?

— Жалған болғаны. Оны жалған еткен өзіңсің. Және оған көзімді жеткізген де өзіңсің!

— Бәріне мен айыпты екенмін ғой. Жақсы. Егер сол айыбымның бәрін мойныма алып, кешірім сұрасам қайтесің? Махаббат бәрін де кешіреді дейді ғой жұрт.

— Ондай кешірімназ келетін шын махаббат қой. Ал жалған махаббат ше? Ондай лоззатың кешірім сұрап қиналатын ештеңесі жоқ... Күйінуі де, өртенуі де — бәрі өз кезінде. Тез өтетін көктем тәрізді. Адамның жүрегіне жазын, күзін, қысын қалдырмайды... Бір сәттегі қуаныш тәрізді ұмытылады да кетеді.

— Сөйтіп... Бәрі де ұмытылды дейсің ғой? — деді Гүлжамал кенет түсі қуқылданып кетіп.— Өзімде солай болар деп ойлап едім. Сондықтан да Сәкеңе ерге шығуға асыққам. Ойлағанымдай шықты... Тым жақсы көретін тәрізді едің. «Әсіре қызыл тез оңар» деп қазақ текке айтпаған екен ғой.— Кенет ол бойын жиып алды.— Жә, болды. Бәрі де түсінікті. Қош бол.

— Қош бол.

Гүлжамал кілт бұрылды да шығып кетті. Жәлел тағы жалғыз қалды. Жоқ, жалғыз емес, оның қайғысы, қиялы, ойы өзіменен бірге қалды. Сол қайғы, қиял, ой «қолымызға жеке түстің бе?» дегендей тағы жан-жағынан шырмай жөнелді.

«Расында дүниенің бар қызығы адамның бірақ кісіні сүюінде ғана ма? Көбелек тәрізді көрінген гүлге құмартып жүргендер аз ба? Дүниенің қызығын көріп қал дейді біреулер. Дүниенің қызығы бірді емес, онды сүйгенде ме? Ол да мүмкін. Демек, бірді сүйесің бе, онды сүйесің бе, сірә, адамның мінез-құлқымен, жүрегінің соғуымен байланысты болар. Өз басым өйте алмаймын. Маған махаббат — өмірің тәрізді жалғыз рет келіп, жалғыз рет қана қызығын көрсететін күш. Ал егер сол күштен, сол рахатыңнан мәңгі айырылсаң өмір сүріп жүрмін деуіңе бола ма? Адам баласы бұл дүниеге бақыт үшін, қызық өмір үшін келмей ме? Ал ондай өмірсіз бұл дүниенің саған қандай қызығы бар? Сонда барып сен шын махаббат қолына түспесе, жалған махаббатқа да тәубе етпейсің бе? Алтынның орнына жезбен алданбайсың ба? Солай күніңді өткізбейсің бе? О да өмір емес пе? О да саған қызық емес пе?»

Жәлел кенет үрейлене қалды. Мүмкін Тана бір оқиғаға душар болды ма? Бірақ істеген күнәсін Гүлжамалдай жасыруға ар-ұяты жібермеген шығар? Қолмен істегенін мойнымен көтеріп, бөтен айла таба алмай, өзін-өзі осылай жазалап, менен безген түрі ме бұл қылығы? Жәлелдің бұлай ойлауының да себебі бар еді. Шетпеден жақында әкесі Бестібай оралған. Бірақ ешнәрсе біле алмай қайтқан. Баласының:

— Ана Аланды неге өлтірмекші болыпты? — деген сұрағына ол:

— «Әкесінде кеткен кегім бар еді, соның өшін алмақшы едім» деп жауап берді Сары,— деген.— Әрине, мұнысына мен сенген жоқпын. Сары ондай адам емес. Өзінің баяғыдағы өмірін ұмытқанда, біреуде кеткен кегі есінде жүр дейсің бе, жай әшейін өзінше тауып отырған сылтауы ғой... Жалпы, не бәле болса да сол қызы арқылы келген тәрізді... Бірақ өйдейін десең, Тана шырағым жүзінің солғындығы болмаса, сол бұрынғы жіптіктей қалпында. Арда емген құлын тәрізді, мойнына құрық түсіп жуасып қалыпты деу қиын. Тек әлденеден ұялғандай адамның бетіне қарай алмайды. Мұндай әдет бұрын соңынан сөз ермеген қыз балада болып тұрады... Ал бұрын... Шырағым, бұл тасбауыр жазмыш кімді биялайдай жұмсақ етпеген.

Әкенің жұмбақтап сөйлеген сөзінен Жәлел көп нәрсені аңғарған. Танаңың жұрт көзін шұқып көрсететіндей қауіптен адал екенін ұққан.

Ал әңгіме екі шал арасында өзгеше болған. Бестібайдың өзін іздеп келгеніне қуанып қалған Сары, қонақасын бергеннен кейін, замандасын төргі бөлмеге алып кеткен. Бұлардың соңынан ерген әйеліне:

— Екі шал, қыршаңқы жылқыдай, бірінің қотырын бірі тілдерімен қасып айыздарын қандырсын,— деген Сары,— сен ауыз үйде бол, Тана қалқам келсе, асын бер.

Сарыны тек «отағасым» деп қана сыйлап тұратын әйелі, үндемей ауыз үйде қалып қойған.

Төр үйге кіріп, астарына көрпе, шынтақтарына жастық салып, жайғасқаннан кейін екі қарт әңгімеге кіріскен:

— Әрине, Бестібай, сен жай келген жоқсың ғой,— деді Сары,— шаруаңды айта отыр.

Бірақ оның ішкі даусы басқаша сөйлеген: «Танамның Жәлелге неге қосылудан қашқанын білгің келеді ғой. Демек, бір бұзықтан абыройының төгілгенін аузым барып қалай айтамын?»

— Дұрыс айтасың, Сары. «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген. Балалардың арасы алыстап кетсе де, өз қалыңды білгім келді.

Бестібайдың ішкі даусы: «Танажанның неге Жәлелімнен

айырылды деп қалай сұраймын? Ауру жеріне тиіп кетсем, ренжіп қалмай ма?»

— Иә, Бестібай, «күйеу жұз жылдық, құда мың жылдық» деп бұрынғылар тауып айтқан. Осы күнгінің жастарына не дейсің?

Сарының ішкі даусы: «Иә, осы күнгі жастардың бәрі менің Танамдай ма? Егер, Бестібай, Танамның қалаған адамын біржолата неге ұмытқысы келгенін білсең»...

— Иә, осы күнгі жастардың мінезіне түсіну қиын. Жоқтан өзгені сылтау ете салады ғой,— деді Бестібай Сарыға жайбарақат қарап.

Бестібайдың ішкі даусы: «Танажанның Жәлелден айырылу себебін енді айтатын шығарсың, Сары? Уақ-түйек демесең, кәне, сырыңды аш!»

— Дұрыс айтасың, Бестібай, бұл заманның жастары кәкір-шүкірді де себеп ете береді. Кесімін бізге салмайды ғой!

Сарының ішкі даусы: «Беу, Бестібай, сен оның қандай «кәкір-шүкір» екенін білсең! Адамның ауызы барып айтпақ түгіл, ойыма түсе қалса жүрегім жарылып кете жаздайды!»

— Солай де! — деді Бестібай.

Бестібайдың ішкі даусы: «Енді анық болды, Танаың айырылу кәкір-шүкір емес екен! Кәкір-шүкір болса айтар едің ғой. Гәп қынында жатыр екен».

— Солай! — деді Сары.

Бестібай енді бөтен жағынан келмек болды.

— Жастардың арасында біздің шаруамыз жоқ,— деді ол.— Бәрібір біздің айтқанымызға көнбейді. Өздері түсінісер.

— Сөз бар ма?— деді енді арбасқысы келмеген Сары.

Сөз осымен біткен. Олар бөтен әңгімеге көшкен. Әйтсе де Сары қызының Жәлелден айырылған себебін айтқысы келді, бірақ айта алмады. Бестібай білгісі келді, бірақ біле алмады.

Олар ананы-мынаны әңгіме етіп ұзақ отырды. Тана келіп, шайын ішіп өз бөлмесіне кіріп кетті. Жатар алдарында екі шал өмір туралы тағы бір ұзақ әңгіме қозғады.

— Өмір шіркін жасында қырдың қызыл түлкісі секілденгенмен, қартайғанында бір сиқы кеткен кәрі қотыр қой тәрізді көрінеді екен,— деді Сары әңгімелері аяқталып келе жатқан кезде бір күрсініп.— Көрген қызығының бәрі ұмытылып, көкірегінде тек өкініш қалады.

Бестібай ойлана жауап берді:

— Адамның жасы келгенде өкініш те тозады ғой.

— Тозбайтын да өкініштер бар...

— Баяғы тентек-жастық күніңді айтасың ба?

— Жоқ, о күнге бәлендей құштарлығым жоқ. Көрінген мықтыдан қорқатын шерменде, ойсыз сұрқия заман кімге қажет

дейсің. Одан, картайған шағымдағы қазіргі күнімнің тынысы кең. Тек балаларым аман болсын.

— Соны айт.

Екеуі тағы үндемей қалды. Әлден уақытта Сары:

— Әлгі тозбайтын өкініш дегеннен шығады ғой,— деді.— Өмірімде ұмытылмайтын екі өкінішім болды. Егер соларға ұшырамағанымда бұл дүниеден армансыз өтер ме едім, қайтер едім.

— Нә?

— Біріне Көне Жібек жолында кездестім.

— Оның бертін келген соң әлгі мақта жолы деп аталатын жол ғой?

— Сол ма, бөтен бе қайдан білейін, үлкендердің айтуы бойынша сонау Қызылбас* елінен шыққан керуен. Маңғыстаудың күнгейдегі құмшеті ұшқан, Желеннің жоғарғы жағы қалың құмды басып, теңізді жағалай жүріп Қара Манта Атадан өтіп, Қарабұғаз келіп, содан әрі карай Үзбай арқылы Хиуаға жетеді екен.

— Ал бұл Жібек жолының сенің өкінішіңе не қатынасы бар?

— Қазір...— Сары әлденені ойланғандай аз уақыт үндемей қалды.— Сол Жібек жолымен біз жігіт болғанға дейін Қызылбас еліне керуен шығып жүрді.— Сары ауыр күрсінді.— Кегі қайтпаған намыс бір өкініш қой. Ең алғашқы айттырған қалыңдығым бір момын шаруаның қызы еді. Әкесіне мал бітпегенмен, қызына көрік біткен еді. Бізде жас болып көрдік қой, қалыңдығымды өте жақсы көретін едім. Ұрын келе жатқанымда, маған ерегескен тенейдің бір есер жігіті, қалыңдығымды құдық басында ұстап алып, абыройын айрандай төгеді. Қорланған қалыңдығым, маған қарауға беті шыдамай аңғарға құлап өледі. Бұл оқиға біз келерден үш күн бұрын болыпты. Ол кезде жаспын және құдайға шүкір сойылымды соғар серіктерім бар, құмға сіңіп кеткен бұзықты, саяқ құрып іздеп бердім. Қолыма түскенде қанын ішетін едім, әттең не керек, сол баяғы Көне Жібек жолымен Қызылбас еліне өтіп кетті. Ұстай алмай қалдым. Осы бір өкініш әлі күнге дейін ұмытылмайды. Ал, екінші өкінішім... Жоқ, бұл жолы кегім кеткен жоқ. Аланды өлтіргім келмесе де, өлтірдім. Бірақ...— Сары тағы үндемей қалды.

«Бірақ» деген сөздің аржағын, «Аланды неге өлтірдің, ол не істеп еді?» деп Бестібай сұрамады. Оған болған оқиға айқындалып қалғандай еді.

Бестібайдың ойын анықтай түскісі келгендей Сары:

— Өшім кайтқанмен, кісі өлтірді деген атым бар, жұрттың бетіне карай алатын емеспін,— деді аздан кейін қайта сөйлеп.— Егер Танам көнсе, жаз шыға Қарағандыдағы Бегістің қолына көшем бе деген ойым бар.

---

[1] Қызылбас елі — Иран елі. Иранлықтардың басына киетін қызыл шұға такиясынан қазақ бір кезде оларды Қызылбас деген.

Бестібай баласына Сарымен әңгімесінің, тек, соңғы сезін ғана айтты.

— Дегенменен,— деді Бестібай әлі әңгімем біткен жоқ дегендей баласына көз тастап.— Өлер жігіт өлді ғой, сотталар Сары сотталды. Сары бәрібір кісі өлтірген боп шықты. Ал маған салсаң, сол Сары өлгі бұзықты қызы үшін өлтірген болса екен.

— Неге, көке?

— Қазір түсіндірейін. Баяғыда бір әділетті хан болыпты. Құлмей-ақ қой, ертегіде әділетті хандар көп кездеседі.

— Жарайды.

— Сол ханның қарамағындағы бір қыр қазағы, ордаға кіре тартып келіп, абайсызда шаһардың бір тұрғынын өлтіріп алыпты. Хан өлгі қыр қазағын дарға асуға бұйырады.

Абайсызда болса да, кісі өлтіріп алды, бишара қыр қазағы не істесін. «Үкіміңіз әділ, хан ием,— дейді,— тек мен аулымнан кіре шығып кетіп едім, қатын, балам мені «әне келеді, міне келеді» деп өмір бойы күтіп қапа болады ғой, бір жетіге мұрсат беріңіз, үйіме барып болған жағдайды түсіндіріп қайтайын. Содан кейін, мейліңіз, дарыңызға аса беріңіз» дейді.

Хан рұхсат етпейді. Тек сені кепілге алатын кісі табылса сонда ғана босатам дейді. Танымайтын шаһар, айдаладағы біреуге кім кепіл болады. Және хан шешімі бойынша егер айыпкер айтқан уақытында келмесе, оның орнына кепілге алған адам дарға өзі асылуы керек. Бишара қыр адамы әбден сасады. Сонда ханның бір уәзірі: «бұл кісіні кепілге мен алайын» дейді.

Хан:

— Байқа, егер айыпкер бір аптада келмесе, өзіңді дарға асамын, соған көнесің бе? — дейді.

— Көнемін,— дейді уәзір.

Бір апта өтті. Айыпкер келмеді. Хан оны кепілге алған уәзірін дарға асуға бұйрық береді.

Сегізінші күні дарға дайындалды. Майданға жұрт жиналды. Жаналғыш уәзірдің мойнына қыл арқанды байлап, енді тарта берем дегенде, алыстан бір шаң көрінді.

Уәзір:

— Мына келе жатқан сол кісі,— дейді.

— Арқанды тартпай тұра-тұр,— деді хан бұйырып.

Сол айыпкер кісі екен.

— Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас дегендей,— деді ол,— мына жаман мәстегімді биыл жаз шыға отқа жіберіп едім, тойынып қалған екен, кешеден бері ұстатпай бүгін таңертең ғана әзер ұстадым. Сондықтан кешігіп қалдым, хан ием, кешіріңіз. Дарыңызға асылуға мен дайын.

Сонда таң қалған хан:

— Сенің орныңа мына уәзір бүгін дарға тартылып, өзің аман қалатын едің ғой, соны біле тұра неге келдің? Тастай алмай жүрген жаның бар ма еді? — дейді.

— Әрине, тастай алмай жүрген жаным жоқ,— дейді айыпкер.— Бірақ мына уәзіріңіз маған сеніп кепіл болды ғой. Қарамағыңыздағы адамдар бір-біріне сенімін жоғалтпасын деп әдейі келдім.

Жауабына риза болған әділетті хан оған кешірім істейді, сосын уәзіріне қарап:

— Ал, сен неге танымайтын адамына кепіл болдың?— дейді.— Егер мына кісі келмесе дарға өзің тартылатын едің ғой?

— Иә, білемін, хан ием,— дейді уәзірі.— Мен қарамағыңыздағы адамдар бір-біріне мейірбандығын бірі үшін бірі ара түсер жан қияр жақсы ғұрпын ұмытпасын деп кепіл болдым.— Уәзір сөзі риза еткен әділетті хан бұны да өлім жазасынан босатқан екен. Міне көрдің бе, қалқам,— деді Бестібай баласына күлімсірей қарап,— әрине, хан қара халыққа жақсылық жасай да қоймас. Бірақ халық арманы, қиялы соны көкседі. Ал бақыт кілті біздің өз қолымызда тұрғанда, миллионнан шыққан бір бұзық баласының абыройын төгіп жатса, ол үшін әкесі жан беруге бармағанда не істейді? Мұндай әкеңе мында бір рахмет. Өзім болсам да сөйтер едім. Әкесінің сөзіне Жәлел іштей риза боп қалды. Кішкентайынан балаларын «жігіт болсаң әрқашан да кішік бол, біреуге тон, біреуге өң ішік бол» деп жақсылыққа үйреткен осы қарапайым шал дер кезінде үнемі дұрыс ақыл бере алатын. Бұл жолы да солай тәрізді.

Шал қайтадан сөйледі.

— Менікі жай далбаса ғой,— деді ол.— Тек саған айтарым, біз тәрізді жетпістегі шалдар бостан-боска кісі өлтірмейді. Намысына катты тиген ғой ана найсап. Ал төрінен көрі жақын адамға соншама намыстанар не боп қалды? Кісі қартайғанда тек балалары үшін ғана өмір сүреді. Бала үшін адам ең ауыр қылмыска да бара алады. Әсіресе оның абыройын, ар-ұятын сақтауға тура келсе және Сары маған баяғыда болған құдық басындағы оқиғаны боска шартті дейсің бе? — Бестібай сәл үндемей қалды.— Мен саған өзімнің жай жорамалымды айтсам, қалқам, түбі Тана жазықсыз күйіп жүрсе сен де оның жебеушісі бола біл демек едім...

Әке сөзі ұнаса да Жәлел үндемеді. «Тана күнәсіз болса, әрине, тек оны кешіруге тиістімін ғой. Кешірмеу адамгершілікке жатпайды. Бірақ Тананы мен бұрынғыдай сүйе алар ма екем? Міне мәселе қайда?..»

Ал Тананың ойламаған оқиғадан ар-ұятының жер болғаны былай қойғанда, оның тірі қалу, қалмасының өзі екі талай еді. Қыздың әбден бойжетіп, күзгі алмадай мұлдем пісіп тұрған кезі, егер Алаң-Алешадан, абыройы ғана төгіліп қоймай, одан да сорақы күйге ұшырап қалғандай күп туса, қайтеді? Тананың тым

жүдеп кетуінің бір себебі осы қорқу еді. Иттің етінен де жек көретін, өні түгіл түнде түсіне кірсе жиркенетін адамынан шерміп шыға келсе не қылады?

Тана әлденеге бел буғандай, күннен-күнге қабағы қатуланып, іштей жиырыла түскен. Дәрігерлерге барып, күні бұрын шара қолдану, туғалы мұндай іс түгіл, Жәлелге дейін бір жігітпен жөндеп сүйісіп көрмеген Танаға адамның беті шыдамайтын масқара саналды. Өйтуге дәті бармады.

Өлу! Егер Алаң-Алешадан екіқабат екеніне Тананың көзі жетсе, әрине, бір күн тірі тұрмауы ақиқат. Бірақ өлу оңай дүние ме? Қалай өзіне-өзі қол көтереді? Қалай өмірді қияды? Жарайды, қия алмайды делік, сонда ерсіз бөпе әлдилеп отыру бұған өлімнен кем тиер ме? Жұртқа көрінген сайын күнде бір өлмей ме? Бұдан артық қорлық, азап болар ма? Жоқ, бұған шыдай алмас еді. Рас, адам баласы басына түссе баспақшыл келеді, Тана да бұл қорлыққа көнсін, ал сонда дүниедегі ең жек көрген адамынан туған балаға ана жүрегі дұрыс соғар ма? Өзінің бақытсыздығына себеп болған нәрестені ол қабылдай алар ма? Егер қабылдай алмаса, нәрестені де әкесіндей жек көре қалса, дүниедегі ең қиын сормандайлық сол емес пе? Бұл өзіне де, іштен шыққан баласына да өлімнен кем соғар ма? Жоқ, ондай азапқа Тана тағы бара алмас еді. Одан да Тана біржолата өмірмен қоштасқанды әділетті көрер еді. Әлде, іштен шыққан шұбар жыланға да ана, аналық махаббатпен қарайды дейді ғой қазақ, мүмкін Тананы да сол бір ұлы сезім жеңіп, баланы жақсы көріп кетер? Сол бала үшін өмір сүремін дер. Бірақ мұндай ой дәл қазір Тананың басына келген жоқ. Ол қазір тек өзінің абыройсыз төгілген ар-ұятының қайғысымен, қауіптене, қинала күнін өткізіп келді.

Осындай арпалыста қыл үстінде тірі өлік боп Тана үш жарым ай жүрді. Үрейін алған қауіптен аман өткенін сезгенде ғана Танаға ес кіре бастады. Бестібай шал да оны осы кезде көрді.

— Сары, кемпірімен екеуі асты-үстіме түсіп, жақсы күтті,— деген Бестібай баласына ойлана қарап.— Сендерді тағы көретін күн бар ма дейді. Сірә, жаз шыға қызын алып, Қарағандыдағы баласына көшетін түрі бар ма, қалай?

Әкесінің бұл сөзі Жәлелдің ауырып тұрған жеріне таяқтан кем тиген жоқ. Әбігерлене қалды. «Рас, Тана біржолата кетіп қалса не істейді? Жоқ, онсыз өмір сүру қиын. Оған осы төрт айдың ішінде көзі жетті ғой? Ал, Тана көнбесе ше? Неге көнбейді? Неге? Қандай қылмысы бар. Тек қылмысы бар адам ғана сүйіп тұрып, сүймеймін дейді. Әлде өзіне-өзі кешпейтін бір қате істеді ме? Әй, адам баласы, осы «бір қатені» істемей өтуіне әлің жетпей ме?

Жәлел кенет басын көтеріп алды «Иә, иә»,— деді ол өзіне-өзі, сотта да Сарыны жақтап шығыпты. Бұл шиеленіскен оқиғаның сырын бір адам білсе, ол Хәлел. Әнеугіден бері содан неге сұрамадым? Жоқ, қазір сұрауым керек. Бірақ өзі скважина басында ғой...»

Скважина есіне түсіп еді, Жәлел бұрынғысынан бетер әбігерлене қалды.

Жәлелдің әдісімен қойылған қондырғылар айтарлықтай нәтижеге апарғаны жұртқа белгілі. Бұл ғылыми табыстар, жұртқа әлі жете қоймаған геологтың айтарлықтай жеңісі еді. Бірақ теория көзімен қанша дұрыс делінседе, жер астының кені сенің өз қолынмен сандығыңа салып қойған қазынаң емес, мұндайда жаңа ойының ең ақырғы қазығы—осы күнгі Хәлел жүргізіп жатқан алпыс үшінші санды скважинада ғой. Егер он үшінші — он төртінші мұнай қабаты бұл скважинадан кездессе, Жәлелдің болжауы бүтіндей дұрыс болғаны. Әлі де Өзек ауданын зерттей түсуді керек еткені. Қосымша зерттеу жүргізгелі осы арада қондырғыны тұрғызып жатқанда, Хәлелге берілген тапсырмаға сәйкес, бұрғыны екі мың бір жүз метр терендікке дейін жіберілуі керек деп ұйғарылған. Жәлел «түбі көрерміз, алдымен бір мың үш жүз елу метр өтсін» деп ойлаған да қойған. Міне, қазір ғана есіне түсті, кеше кешке Хәлелдің үйіне барғанда, шайын ішіп отырған Хәлелге Жәлелдің:

— Шаруаң қалай? — деген сұрағына ағасы:

— Жаман емес, графиктен алда келе жатырмыз,— деп жауап берген, егер қатты тау жынысы кездесіп қалмаса, енді бір жиырмашақты күнде екі мың бір жүз метр терендікке жетіп, сенің нысанаға алып отырған жиырма бесінші қабатыңды да сынап аларміз...

Жәлел үйден шығып кеткен. Кеңсесіне барып картадағы диаграммаларды талдап, жіктеп келіп, ағасына алпыс үшінші скважинаны қазіргі жеткен бір мың үш жүз елу метрден әрі қарай бұрғыламауын тапсырған. Қазір Жәлел өз кабинетінде отыр. Кешегі берген нұсқауын тексеруде. «Бәрі дұрыс,— деді ол өзіне, газ қабатынан өтіп, мұнай қабатына Хәлел жетіп қалған екен.— Кеше өзі де сүйдеді ғой». Неге мұндай шешімге келді, тек Жәлелдің өзі ғана біледі. Бірақ бір мың үш жүз елу метрден бұрғылауды тоқтатқаны дұрыс екеніне еш күмәні жоқ. Сондықтан да ол экспедицияның техникалық бөліміне Хәлел скважинасын сынауға тез дайындық жүргізуін өтініп телефон соққан.

Ал бүгін?.. Дәл осы кезде дүр етіп есік алдына «Газ-69» машинасы тоқтай қалды. Жәлел орнынан тұрып та үлгерген жоқ, кабинетіне коллектор қыз жүгіріп кірді.

— Ағай, сұмдық,— деді ол екі көзі шарасынан шыға бадырайып,— скважинадан газ атылып жанып жатыр дейді, Хәлел ағай өрт астында қалған көрінеді...

Жәлел үйден ата жөнелді.

Газ фонтанының өрті бір қауіпті өрт. Жер астынан жүздеген атмосфераның қысымы арқылы тынбай, жоғары көтеріліп көкке шапшыған газдың өртенуі бір киялат дүние! Қара қошқыл түтінді бұдақтап көкке өрлей, жалыны жан-жағына шашырай жүз елу метрдей биіктікке жеткен қып-қызыл оттың түрі қандай қорқынышты!

Көбіне мұндай өрт техникалық қауіпсіздендіру ісіне салақтық етілген кезде, пропан, бутон тәрізді жанғыш газдың кенет тұтануынан шығады. Бұл газдардың тұтануы да оп-оңай. Газбен бірге жоғары қарай жер астынан атылған кішкентай түйіршік тастардың біреуі мұнара теміріне тиіп, ұшқын берсе болғаны от лап ете түседі. Бұл жолы өрт осындай жағдайда, тіпті күтпеген жерден шыққан.

Жәлелдің бұйрығын алғаннан кейін, Хәлел сол күні түнгі кезекте бұрғылауды бір мың үш жүз елу метрден тоқтатып, скважинаға сол терендікте пайдалану құбырларын жібереді. Жәлелдің тапсырмасы бойынша сынау мезгіліне керек цемент келіп үлгіреді. Газ қабатынан жоғары қарай газ атылмасын деп Хәлелдің бригадасы екі ЦА-80 агрегаты арқылы құбыр мен скважина қабырғасының арасындағы бос жерге үш тәулікте қататын сынау цементін құяды. Бұл шаруа бітісіменен Хәлел отыз жеті метр биіктіктегі заттарды жоғары-төмен түсіретін темір қондырғы үстіне шығады. Дәл осы кезде күтпеген жерден, құйылған цементті өзімен бірге көкке көтере тарсылдай, гүрсілдей газ фонтаны атылады. Жер астының үлкен атмосфера қысымы газбен бірге аспанға бір-ақ жеткізген кішкентай түйіршік тас мұнара арматурасының теміріне тиіп, кәдімгі шақпақ тас ұшқынындай от жарқ етеді. Сол сәтте-ақ газ лап жанады. Көзді ашып-жұмғандай уақыт өткен жоқ, асау жалын кіші-гірім таудай боп лаулай жөнеледі. Хәлел секіруге де үлгірген жоқ. «Ах?» деген ең ақырғы айқайы, бір сәт санқ етіп естіледі де, заматта тына қалады. Өзі қып-қызыл оттан көрінбей кетеді.

Жәлел машинасын ұшырып скважинаға жеткенде бұдан бұрынырақ келген, не істеуге білмей үрейлері ұшып тұрған бір топ кісілерді көрді. Ұшар басы қап-қара түтін боп, жүз елу метрдей биіктікті алып, қып-қызыл от пен көгілдір жалын көкке шапшып тұр. Мұнараның болат темірлері шоқтай балқып, жерге құйылып жатыр.

Көзінің жасы бетінің үстінен бұршақтай домалап, омырауын жуып, үн-түнсіз, отты қабырғаға қарап Жәлел қатты да қалды. Ешкім бұл мынау сұрапыл өртті сөндіруді ойлап тұрған жоқ секілді. Ешкім тыпыр етер емес. Дыбыс шығармай, үрейлі көздерін тулап жатқан жалыннан алмай тек мелшиіп күйзеліп тұр. Жандос пен Алексеенкода да үн жоқ. Жоқ, олар жан-жақтағы жұртқа бірдеме дейді, бірақ дауыстары естілмейді, құр еріндері ғана қыбырлайды.

Жәлел қанша тұрғанын өзі де білмейді, тек бір мезет біреу жеңінен тартқандай болды. Бұрылып қарап еді Хәлелдің ұлы екен. Баланың жанында егіліп өзінің әкесі мен шешесі, ағасының әйелі мен жас қызы тұр...

Жәлел баланы көтеріп үн-түнсіз бетінен сүйді. Оның көзінен аққан ыстық жас ернін күйдіріп жіберді ме, тезірек жерге қоя қойды. Қалтасынан орамалын алып, бетін сүртті.

Осы кезде қызарып барып күн де батуға айналды. Көкжиектегі күн қызылы мен айдаладағы мынау ғажайып өрттің шарпуы қосылып, жұртқа бүкіл әлем жанып жатқандай боп көрінді.

Жәлел сонда ғана барып, мұнарадан кілт бұрылып поселкеге қарай жаяу жүре берді.

Өрт сөндіру әрекетіне жұрт тек түнде кірісті. Инженер біткен жиылып Жандостың кабинетінде ақылдасты, ертең істейтін шараларын қағазға түсірді, проектылардың сызықтарын жасады. Үш сағаттай төсегінде етпетінен түсіп жатып алған Жәлел, түн ортасы ауа бұларға кеп қосылды. Көзінде тұнған жасын әзер дегенде сыртына шығармай, сол қабағы қатқан қалпында бұ да жұмысқа кірісті.

Жанған газ фонтанын сөндірудің де әр түрлі әдістері бар. Егер газ қысымы бәсеңсіген кезде өрт шықса, онда атылып жатқан скважинаға қарсы ауа қысымын жіберіп тұншықтырылады. Өрт сөнеді. Не болмаса сонау фонтан көтерілген тесікке әдейі арнаулы құрыш тығын жасалып, арнаулы маман кісілердің күшіменен скважинаның аузын бітейді. Кейде осылай да сөндіріледі. Мұндай әдісті сол Маңғыстауда бұрын да қолданылған.

Газ өртін сөндіретін бөтен де әдістер бар. От-дәрімен скважина тұсын аттырып, өртті бірден жоқ ету, не скважина ішін, пенопласса секілді заттардың көбігімен толтырып, газды жоғары шығартпай тұншықтырады.

Басқа да тәсілдер аз емес. Өрттің орасан күштілігіне байланысты Өзек инженерлері арнаулы арматура жасап, газ шығып жатқан құбыр мен скважина қабырғасының арасын бітеп, газды тұншықтыруға кірісті.

Қажырлы жұмысшылар қоя ма, бір аптадан асырылмай өрт сөндірілді. Мұнай тәрізді халық мүлкі апаттан аман сақталып қалынды, бірақ аяулы бұрғышы Хәлел құрбан болды.

IV

Міне, Маңғыстауға да көктем келді! Көктемнің бір ғажайып қасиеті бар. Күн жылысымен-ақ тіпті тақырлар да өзгеріп сала береді. Көктем, сортаңды, тақырлы, құмды Маңғыстаудың алып даласын да жеңді. Көктен аямай төгілген күн сәулесі биыл қар мол түсіп, жер қар суына лықылдап тойған. Жоғарғы қабаты әб-

деп дымқылданған сұрғылт дала шу дегеннен-ақ түрлене бастады. Қазақстанның өзге өлкелеріндей көк орай шөп қалың бітпесе де, тізеге дейін өсетін жусан, алабота, еркек шөп, ақ селеу, бұйырғындарын бірден дүр еткізді. Әр өлкенің төрт мезгілге қарай өзінің түрленетін кезі бар. Мұндай кез Маңғыстауға жазғытұрым келеді.

Жәлел көктемді үнемі бір үлкен қуанышпен күтетін. Күннің алғашқы қыза бастаған кездерінде-ақ екі беті күренденіп, кезінде орасан жарқын нұр пайда болатын. Қонатын көліне, ұшатын көгіне жеткен жыл құсындай қиялы қанаттана түсетін.

Ал, биыл ше? Көп жылдан бергі арманы,— зерттеп келген Маңғыстаудың Өзек мұнай қабатының құрылысы Жәлелдің болжағанына сай шықты. Осындай Өзек ауданында ғаламат мұнай кені анықталып, көңілі көтеріле түсуге тиісті еді. Әйтседе қабағы ашылмай қойды. Халқы үшін, Отаны үшін осыншама жеңіске жете тұрып, Жәлелдің бұлай жүдеуі жөн бе еді?! Әрине, жөн емес. Бірақ жүрегі құрғыр өз басына түскен, тек өзі ғана көтеретін ауыртпалықтан құтыла алмаса не істесін!

Жәлелге ағасының тұйық мінезі, бір беттілігі, табандылығы, жұмысын жақсы көретіні — бәрі-бәрі ұнайтын. Және өзі осы жасқа келгенше Хәлелге қарсы, оның көңілі қалар бір ауыз сөз айтып көрмеген. Іштей әйгілі мұнайшы Хәлелін мақтан ететін, әр еңбек табысынан бір жасап қалатын, баладай қуанатын. Сөйткен ағасы жоқ жерден қаза тапты.

Ал, бұл өлім болмауы мүмкін еді!

Міне Жәлел ойының осы жеріне келгенде, бармағын шайнап «аһ» ұрып ерсілі-қарсылы жүре бастайды.

«Иә, егер Хәлел сол «бір мың үш жүз елу метр терендікке жеттік!» деген күні неге бұл «бұдан әрі жұмысты тоқтатпай, екі мың бір жүз метрге дейін бұрғылай бер» демеді? Рас, өйтіп бұрғылаудың қажеті жоқ еді. Сөйтсе де белгіленген мөлшерге дейін жұмысыңды тоқтатпа дегенде Хәлел өлмес пе еді, қайтер еді? Қап, бекер ақыл берген екен! Бәрібір бір мың үш жүз елу метрден көрінген мұнай ешжаққа қашпайтын еді ғой. Әлде, ажалдың себебі көп, Хәлелдің дәмі таусылып тұрды ма? Әттең, әттең бір мың үш жүз елу метрден газ атылатынын білсейші! Бұрғылауды тіпті тоқтатпас еді ғой!

Жәлелдің тағы бір өкінетін себебі бар. Артынан барып айқындалды, қойма бастығы сынау скважинасына цемент жібергенде, екі түрлісін жіберіпті. Жартысы сынауға деген арнаулы цемент, екінші жай түйіршікті құрылыс цементі. Біріншісін лаборанттар тексергенде, екіншісін тексермеген. Бәрі бір цемент деп ойлаған. Нашар цемент газды ұстай алмай, апат содан болған. Цементтердің қандай екенін қадағалап неге тексертпедім? — дейді ол. Міне сондықтан да Жәлелдің өнбойы өртеніп, жүрегі әлсін-әлсін қабына қалады.

«Иә, оның үстіне сол күні әкесі Бестібай Шетпеден келіп, бар ойы соның сөзінде. Танада болды ғой... Сол Тана деген шөлге үнемі ылғи жүрегіне қадалып, өзге іске көңілін бөлдірмей қойды емес пе... Сол күні де жүрегі дәл бүгінгідей күйіп, ойын тас-талқан етіп тұрмап па еді? Иә, иә, солай, солай! Бәрі солай!».

Қазір ол жападан-жалғыз төбе басында тұрған. Көзі сонау көкжиектегі алғашқы пайда болған сағымда, ал ойы онан да алыста.

Жарайды, Тана, кешегі ағасы Хәлел тәрізді, бұған мүлдем жоқ болсын делік, сонда Жәлел өмір бойы осылай қайғыда өтпек пе? Танадан, оның махаббатынан басқа да өмір бар емес пе?.. Халқының алдындағы борышы, міндеті қайда? Осыны істесем деп арман еткен ойлары қайда? Соның бәрін бір махаббатқа құрбан етіп, дүниеден осылай түңілмек пе? Жоқ, Жәлел ондай адам емес. Махаббат қайғысы жанына қандай батса да, ол жұртының алдында өзінің борышын, міндетін адал актап өтеді. Жалғыз жақсасы қалғанша әлі де өз ойы, алдағы тілегі үшін күреседі.

Ендігі күрес неде?

Жәлелдің болжамы бойынша, Оңтүстік Маңғыстау өлкесінің Өзек алаңы мұнайға ең бай, және сол кен байлығы өте терендө жатпаған тұсы. Тағы осындай қай жері бар? Мүмкін солтүстігі шығар? Ал қолдағы дерекке қарағанда бұл болжам негізсіз тәрізді. Неге бұлай? Жәлелдің ойынша Оңтүстік Бозашыдағы, Қызандағы аздаған зерттеулер мұнай теңізінің құрғақ араларында өтіп жатқан секілді. Мұнаралар мұнайы бар алаңдарға қойылмағандай көрінеді оған. Сондықтан геологтың ендігі ойы кен барлаушылар Өзекті тастап, әлі жөнді зерттелмеген Бозашы қолтығына барса: дұрыс болатын тәрізді. Мұнай іздеу жұмысы бұдан былай қарай сол жақта жүргізілуге тиісті. Бұл, әрине, оңай шаруа емес. Өйткені Бозашы түбегінің солтүстігі бұрын Каспий теңізінің түбі болған. Әсіресе солтүстік Бозашы күні кеше Өліқолтық, Соркайдан шыгандары арқылы теңізбенен жалғасып жатқан. Бұл жерлер қыс пен күзді былай қойғанда, жаздың ортасының өзінде жамбастан келетін балшық, сазды. Осы манда Қаражамбас дейтін жер бар. Мұнда альб-апт дәуірінің қап-қара саз қабаты жер бетіне шығып жатыр. Сондықтан да бұл араны қазақ Қаражамбас деген. Осы жерлерде қай сазынан болса да өте беретін вездеход машинасы болмаса, өзге машина жүре алмайды. Зерттеудің бір қиындығы осында. Мұндай қиын жерлер қаншама еңбек, қаншама қайрат тілейді. Бірақ ізденудің қасиетінің өзі сондай қиындықта, күресте, қажымай еңбек етуде жатқан жоқ па? Иә, сонда. Толып жатқан кедергі, бөгеттерге қарамай қажырмен, дарынмен, осындай тартыспен әбден шаршап тапқан жеңіске не жетсін! Өмірдің қызығының өзі осындай ізденуде, осындай күресте ғой. Әрине совет кен зерттеушілері ондай қиындықтан бас

тартпайды, сол Бозашыға барып жаңа айқасқа түседі. Өзектен де мол мұнай аудандарының табылуы мүмкін.

Тіпті, барын Жәлел сезетіндей жүрегі, интуициясы ояна бергендей. Студент күнінен-ақ, Маңғыстауға алғашқы мұнай іздеген экспедиция, партиялармен бірге келген күндерінде-ақ Жәлел туған даласының орасан бай дала екеніне әбден нанған. Сол күмәнсіз ойы, бұны әлі сан биіктерге жетектер, әлі сан қиындықты алдырар!

Жақында Маңғыстауға үкімет адамдары келіп кеткен. Бұлар Маңғыстаудан бұрын Таяу Шығыс, Египет, Америкада да болыпты. Бүкіл капиталистік дүниеде осы мұнайдың жеткіліксіздігі мен энергетикалық дағдарыстың басталғанын өз көздерімен көріпті. Бір жағынан осы да себеп болды ма, әлде Маңғыстау мұнай байлығы — осы үкімет адамдарының қанатты ойларына күш берді ме, Маңғыстау өлкесін, мұнай шаруашылығымен шұғылданатын жеке облыс істеу керек деген ойды айтқан бұлар.

Егер жеке облыс болса, әрине, сөз жоқ Маңғыстаудағы мұнай зерттеу жұмысы да біркелкі жөнге қойылады. Партия басшылығы таяу жерде, алыс міндеттер де жақындай түседі. Сонда Бозашыны зерттеу мәселесі де алдыңғы міндеттің бірі болып саналуы даусыз. Сол міндетті, әрине, Жәлел секілді барлаушылар өз мойнына алады. Жан-тәнін аямай зерттеу жұмысына беріледі. Мүмкін Жәлел Бозашыға барып, зерттеу жұмысына беріліп, жүрегін жеген қайғысын ұмытар, лаулаған күрес, қайнаған еңбек арасында Тана да бірте-бірте естен шығар.

Жәлел ақырын күрсінді. «Есінен шығара алар ма екен бұл Танаңы? Бәу, махаббат қандай ауыр едің! Ауыр болсаң да армансың!

Жоқ, жоқ, өмір бойы арманда кеткенше Танамен тағы бір кездесуі керек, тағы бір сөйлесуі міндет» .

Жәлел шығыс жаққа қарады. Ералиеводан созылған жолмен ағып келе жатқан «Газ-69» машинасын көрді. «Бұл кім екен! Жандос емес пе? Оралатын уақыты да болып қалды ғой».

Бұрғылау қондырғысында болған кісі өлімімен байланысты, Алматыдан Ерден Молқожин басқарған арнаулы комиссия келген. Оқиғаның неден болғанын тексерген. Жалпы кәсіпшіліктегі техникалық қауіпсіздендіру жұмыстарымен тегіс танысқан. Мұндайда өндірісте кездесетін кемшілік-қатенің бәрін жіпке тізгендей етіп жазып әкеткен. Сол комиссияның қорытындысы министрлікте қаралмақ боп Тілепов пен Алексеенконы Алматыға шақырған. Олар кеткелі де бір жетідей уақыт өткен. Келетін кездері де болып қалған.

Жәлел қырқадан төмен түсіп, жолға қарай аяндады. Өздеріне төтесінен келе жатқан кісіні көріп машинадағылар тоқтады. Жандостар екен.

Тілепов пен Алексеенко машинадан түсті. Амандасып болғаннан кейін Жандос Юрий Михайловичке:

— Сендер жүре беріңдер,— деді.— Біз Жәлел екеуміз әңгімелесіп, поселкеге жаяу қайтармыз.

— Жақсы.

Машина жүріп кетті. Екеуі оңаша қалғаннан кейін Жәлел:

— Министрліктің коллегиясынан қалай өттіңдер? — деді Жандосқа.— Әйтеуір орынсыз кінә тақкан жоқ па?

— Ерден Молқожинның жаппаған бәлесі жоқ,— деді Жандос күрсініп.— Бәріне де тиісті жауап берілді ғой. Бірақ одан қандай маған жеңілдік бар? Бәрібір аяулы ер қаза болды. Хәлелдің өлімі есіме түсіп кетсе, қоярға жанымды жер таппаймын... Маған қандай жаза қолданылса да өзіме аз көрінеді... Кісі болғанда қандай кісі еді!..

— Иә, Хәлел бір орасан жақсы жан еді,— деді Жәлел тұнжырап.— Амал қанша, жазмыш солай болған соң! Оның ажалына егер біреу кінәлі болса, мына мен, туған інісі Жәлел кінәлімін. Мың үш жүз елу метрден әрі бұрғылауды тоқтат демегенімде мүмкін бұл оқиға болмас па еді. Ешкім маған екі мың бір жүз метрге дейін бұрғылама деген жоқ қой... Осы жағдайды ойлай қалсам өкініштен жанымды қоярға жер таппаймын..

— Бар мәселе сол терендікте болды емес пе. Ерденнің де бізге қойған бас айыбы да осында жатыр. Бірақ есіңде бар ма, осы бұрғылауды жүргізердегі біздің таласымыз?

— Иә, иә,— деді Жәлел, сондағы болған таласты есіне түсіріп.— Бұрғылау терендігін сіз бір мың төрт жүз елу метрден алайық, қаншама мезгілді, қаражатты үнемдеп қаламыз, ал ол қаражатты тұрғын үйлерді көбейтуге жұмсайық дегеніңіз әлі есімде. Ерден тіпті көнбеген. Бес-алты скважинадан мың төрт жүз елу метрге дейінгі мұнай қабатына қарап, бүкіл Маңғыстауды солай бола береді екен деп ойламаңыздар деген. Жоспар министрлік бекіткен, проектіге де соны бұлжытпай белгілеңдер деп отырып алған жоқ па еді? — Жандос ақырын күрсінді.

— Иә, жоспар деген догма емес, әрқашан да творчестволық көзқараспен қарау керек деп бетбақтырмады Ерден. Сөйлеген сөзіне қарасаң барлық барлау жұмысын өзі атқарып жүргендей. Бұларды, әсіресе, мені жұмыстан босату керек деп тастабандап отырып алды. Әйтеуір, бұл іске министрдің өзі араласып, әзер аман қалдық. Ерденнің скважиналарды проектіде қаралған терендіктен кем бұрғыламау керек деген ұсынысы министрдің де есінде екен. Егер мұнай ерте көрінсе де бұрғылай бересің бе? деді ол. Әйтеуір, сөгіспен орындарымызда қалдырды. Барлау скважиналарындағы қауіпсіздікті күшейту үшін көптеген шаралар бекітілді.

— Ол сөгіс маған берілуге тиісті еді,— деді Жәлел тағы жүдей сөйлеп.— Әттең мұндай күйге ұшырайтынымызды білсем!

— Енді сен де жүдей берме,— деді Жандос.— Өлген адам қайтып келмейді. Топырағы торқа болсын.

Екеуі поселкеге қарай қатарласа жүрді.

— Хәлелдің ажалына бәріміз де айыптымыз. Бұл оқиға өмір бойы есімнен шықпас.— Жандос кенет Жәлелдің бетіне қарады,— Бозашыны зерттеу жөнінде министрге арыз жазған екенсің, маған неге айтпадың?

Жандостың сұрағының орнына Жәлел оған өзі сұрақ қойды.

— Министр қалай шешті?

— Өзі де Бозашыны колға алмақ боп жүр екен, ойының үстінен дәл түсіпсің! Экспедиция бастығы етіп мені де жіберу керек деп министр ұсыныс беріп еді. Ерден көнбеді. Енді ол жаққа сен барасың. Жәлелге бұл экспедицияны сенуге болады деді Ерден. Және егер Жәлел Бозашыда мұнайдың көптігін дәлелдесе, Тілеповты сонда мұнайды шығаруға жібереміз деп күлді.

— Оған министр не деді?

— Не десін? Иығын көтерді де қойды. Әрине, Ерденнен сұрайтын болса, мені біржолата құртып жіберуден тайынбас еді.

Енді Жандостың бетіне Жәлел қарады.

— Осы мен бірдеңеге түсінбеймін,— деді ол.— Өзекке келгелі көріп жүрмін. Ерден сіз десе, бөтен үйдің көкжалын көрсе желке жүні тікірейіп, ырылдап шыға келетін төбеттей тітіркене қалады. Неге бүйтеді?

Жандос күлді.

— Ол үнемі өйтпейді ғой, кейде жұмсақ сөйлейді де, тіпті маған жаны ашитын ықғай көрсететін де кездері болады.

— Иә, иә, сөйтеді. Бірақ аржағында бір үлкен зіл жатқанын мен де сеземін. Және ол зіл көптен келе жатқан секілді.

— Дұрыс айтасың, ол маған көптен өшігулі...

— Неге?

— Біздің арамыз бір қызық оқиға,— деді Жандос алдарындағы қырқаның үстіне шыққаннан кейін, кеудесін ашып көктемнің салқын самал желіне тосып,— осыдан он жыл бұрын мен Алматыдағы ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істедім. Кандидаттықты жаңа қорғаған кезім. Өзімді-өзім дүниені төңкеріп тастайтындай сезінетінмін. Мен істеп жүрген лаборатория соның алдында ғана басқа лабораториядан бөлінген. Бастығымыз осы күнгі ғылым докторы Жакенова.. Әкесі бұрын біздің жақта белгілі қажы болған. Бірақ баспасөзде жұмыс істеп жүрген ағайындары қажыны төңкеріске қатысқан етіп газетке жазып, қызының бағы ашылып тұрған шағы... Бізде кейбір адамдар, біреуді көтергілері келсе жоқтан барды сылтау ететін әдеттері ғой, бәлендей әкетіп бара жатқан ғалымдығы болмағанмен, әйтеуір институттың біраз тетігін қолына беріп қойған. Әрине, менің лабораториямның бөлінгенін Жакенова жақсы көрген жоқ. Көп дүние адамның мінезімен байланысты ғой, біздің жеке отау болғанымыздан оның қадірі түсіп кетердей, ерін бауырына алып тұлады. Менімен тіпті өшігіп алды. Сөйтіп жүргенімізде директор боп осы Молқожин келді. Бұрын жоғарғы институтта мұғалім болған, ғалым деген аты бар .Оқу орындарында істеген адамдардың

тікелей ғылымн зерттеу жұмыска қатыспағаны қандай қиын іс. Студентке сабақ беру бір сөрі де, ғалымдарды басқару екінші дүние ғой. Бірақ «семіздікті қой көтереді» деп қазақ босқа айтпаса керек, мың адамдық институтты қолына бергендіктен Ердекең өзін жарты құдай санай келді. «Өзі де шығуға ғаяу тұрған көз еді» дегендей, бұрын да көкірек адам, бірден дәрежесі мұндай көтерілгеннен кейін қалай көкімесін! Менімен бұрын соғыста бірге болған және арамызда бөтен де қиын жағдайлар кездесіп жүрген. Қойшы, оның бәрін қозғап қайтейін, әйтеуір, келісіменен бір ай өтпей-ақ маған тиісе бастады. Ол кезде мен Ақтөбе мұнай барлау трестісімен шаруашылық шартқа отырып, зерттеу жұмысын жүргізіп жүргенмін. Ең алдыменен сол жұмысыма жабысты. Әрине біздің зерттеуіміз, кәсіпшіліктің басшылары өздері қабылдап алған мұнай іздестіру-барлау тәсілдеріне қарсы келді. Оларға «бұларың дұрыс емес, халықтың қаражатын босқа шығарып жатырсыңдар, мына жаңа ғылыми әдісімізге көшіңдер»,— деп ұсыныс еңгіздік. Адам біткеннің бәрі өз қатесін тез көре қояма, барлау трестісінің басшылары да айыптарын мойындарына алғысы келмеді. Әрине, ұсынысымызды қабылдаған жоқ және «бұл пәлемен қайдан табысын қалың едік!» дегендей бізден құтылғанша асықты. Ақырында жаңа жылға шарттаспай қойды. Молқожин осыны пайдаланып, менің соңыма түсін берді. Ол менің лабораториямды жауып, жұмысымызды Жакенова лабораториясына қосып, өзімді босатпақшы болды. Осының бәрі неден? Тіпті Ақтөбе аймағындағы зерттеуім қате бола-ақ қойсын, бірақ бұл ғылым ғой, ғылымда кім қателеспейді? Ондай жағдай өз басына да тумасына кім кепіл? Жалпы жамандық істеуден жақсылық істеу қиын. Жамандық екінің бірінің қолынан келеді. Ал жақсылыққа үлкен жүрек керек. Жақсылық істейтін адамның ең басты қасиеті, ол адам дегенді жақсы көре алатын болуы керек. Сонда ғана кісі өзгеден жақсылығын аямайды. Ал Молқожин ондай болмай шықты. Ақыры өзімді қуу үшін жұмысымды ғылым кенесіне салды. Жакенова мен өзі және «қайтсем өсемін» деп жанталасып жүрген жас бір-екі оқымысты жігіт жұмысыма қарсы шықты, бірақ өзге профессор, доктарлар, ғылымның шын адамдары мені жақтады. Бұл іске енді жоғарғы орындар, партия ұйымдары қатынасты, ақырында лабораториямды жауып, өзімді жұмыстан шығару былай қалып, директордың өзіне сөз келді. Бірақ Молқожин, өзің де сезіп жүрсің ғой, оп-оңай айтқаныңнан кейін шегінетін адам ба, менің соңыма түсуін қоймады. Енді өзім ол институтты тастап, өндіріске кеткім келді. Бұным әрине, Ерденнен қаймыққаным емес еді, бұдан бұрын өндірістегі тәжірибемнің аз болғаның, зерттеп жүрген ғылыми жұмыстарымда сезіне бердім, отызға жаңа жеткен кезім, ғылымға әлі уақытым бар ғой, алдымен молырақ тәжірибе алайын дедім. Бірақ бір нәрсе көкейімнен кетпей-ақ қойды. «Маған осынша өшігер Молқожинге не істедім?» — деп өзімнен өзім сұрадым. Жакенова тәрізді

бір адамның айтқанымен өшігу тіпті миға сыймайтын дүние ғой... Сөйтіп жүргенде бір кезде әкеммен әріптес болған бір қарт коммунистпен кездестім.

Ол маған:

— Жандос шырағым, сені Молқожиннің қарамағында жұмыс істеп жүр деп естідім ғой,— деді амандасып болғаннан кейін,— қалай қиянат көрсетіп жүрген жоқ па?

— Жоқ,— дедім арамыздағы шатақты бәлендей жақын емес кісіден жасырып.— Оны неге сұрадыңыз?..

— Қайдам,— деді қарт коммунист.— Біз сендердей тапсыз қоғамда тәрбиеленген жоқпыз ғой, тап тартысының шылғи ортасында өстік. Молқожиннің баласы сенен бес жастай үлкен ғой...

Мен ештеңеге түсіне қоймадым. Сонымды айттым.

— Түсінбеуің заңды,— деді ол кісі,— мүмкін қателесетін де шығармын, дегенменен өз ойымды ашайын. Молқожа емес, оның атасының аты Малқожа. Бұл Жайық бойына аты шыққан шұнжыр балақ, шұбар төс би ұрпақтары бертін келе кедейленген. Конфискеленгені конфискеленді, конфискеленбегендері ертерек елінен, жерінен бөтен қалаларға ауысып, орыс араларына сіңіп кетті. Кешегі бөлтіріктер, енді қой терісін жамылып момақан бола қалды. Соның бірі осы сенің директорыңның әкесі Қамдем еді. Ол кісі Жакен қажымен құда болатын. Жакен қажының Қамдемнің осы кейінгі, сендерге директор баласына айттырған қызы да өздеріңнің институттарында жұмыс істейтін көрінеді ғой, жұрт оны үлкен ғалым болды дейді. Болсын, бала әкеге айыпты емес, ғылымға пайдасы тиіп жүрсе, мейлі. Ал, сенің әкең де сол жақтан еді. Қаратабан кедейдің баласы, Орынборда орысша оқып, төңкеріс ісіне ерте қатысқан, аяулы азамат болатын. Сол кісі конфиске өткен жылы біздің ауданға уком секретары болып келген. Мен ол кезде жұмысшы-шаруа бақылау инспекциясында жұмыс істейтінмін. Ана жақта өзге туыстары конфискеленіп жатқанда, біздің жерде партияға кіріп, басшы қызметке де ілігіп қалған Қамдем мен Жакенді сенің әкең екеуміз партиядан шығартып, жұмыстан қуып жібергенбіз. Сонда осы қара домалақ директорың, он бір-он екідегі бала еді. Әрине, өмір өзгерді. Жұрт та өзгерді. Біздікі жай ескіден қалған түсінік қой. Әкеммен әкесі жау болды, тап жауы болды, бүгін әкеңнің қасының баласы жетілді, әрине ол совет тәрбиесінде өсті, оған өткен күн, тап тартысы да жат шығар, бірақ көп нәрсе адамның өз басыменен байланысты ғой, кеше соғыста өзімізбен қатар тұрып жаумен атысқан әкелері конфискеленген жігіттер болды. Ал, таптың жаттығын қуып жау шебіне шығып кеткендер де кездесті. Сондай-ақ бүгінде, коммунизм құрып жатқан заманда да, күні үшін түсін өзгертіп, бірақ ішінде қара жылан-жаттығы бұйыққан кейбір сұмырайдың жоқ еместігіне кім кепіл? Қазіргі идеологиялық күрес біздің заманымыздағыдай ашық белдескен күрес емес, ішінен тынған, ыңғайлы сәтін күткен күрес. Әкесі жеген таяқты ұмыт-

пай баласы өшін сенен алуды ойлап жүрген жоқ па деген менікі бір жай далбаса ғой. Бірақ бұнымның да секем алған себебім бар еді. Бізге адал келсе ол әйгілі Малқожаны неге Молқожа етіп өзгертеді?

Әрине, карт сөзі маған бәлендей әсер қалдырған жоқ. Бірақ бұ да жай нәрсе шығар... Оның үстіне Ерден майданда менімен бірге болды ғой. Өзім жараланған күні оның соғысқа қатысқанын өз көзіммен көргенмін. Қоңілінде алаңы бар адам ондай алдыңғы шепте тұра алады ма? Тұра алмайды. Әйелімді алғанмен, кешегі майдандас болған адамды мен жаманатқа қимадым. Оны қорғауды өз міндетім көрдім.

— Ақсақал, сіз қателесетін тәріздісіз,— дедім карт коммунисқе.— Ерден майданда менімен бірге болды. Фашизмге қарсы күрескенін өз көзіммен көрдім. Егер онда бөтен таптық сезім болса...

Карт мені бөліп жіберді.

— Оның қалай соғысқанын білесің бе? — деді ол.— Білмесең мен айтайын. Сол өзің қызмет істеген ротада, осы Ерденнің ординарец-атқосшысы болып менің жалғыз ұлым майданға қатысты.

— Ермекті айтасыз ба? Иә, оны мен жақсы білемін.

Ермек деген бір жанып тұрған от, тұрымтайдай кішкентай сержант болатын. Оны бәріміз де жақсы көретінбіз.

— Иә, білсең, сол сен қатысқан ұрыста,— деді карт,— менің балам да қатысқан. Рота басқарған Ерден екен. Сен сонда жараланыпсың. Ал, бүтіл ұрыс бойынша Ерден окоптан бір шықпапты. Жауға қарсы бір рет оқ атпапты. Тек ұрыс біткен соң ғана жұрттың көзіне көрініпті. Артынан сол ұрыс үшін наградалар бермек болғанда оған да орден берілетінін естіген менің балам ұрыс кезіндегі командирінің қылығына әбден күйінгендіктен оған «жауға бір оқ атпай осы орденді алатын болсаңыз мен сізді жұрт алдында масқара етем» деп тікелей айтыпты. Мұндай адамдар әркашан да қорқақ келеді. Ерденге ол уақытта орденнен гөрі өзінің тірі қалуы арман болуы керек, бергелі тұрған орденді алмапты. Осылай жұрт көзіне адал азамат боп көрініп қапты. Соңынан Қазақстанға майданнан делегаттар жіберілгенде, командир Ерденді өзі қосыпты. Бұны Алматыға келгеннен кейін, керек ғалым еді деп институт сұрап соғыстан босатып алыпты. Сөйтіп, оның майданда болуының өзі екі-үшты ұғым деген әлгі карт коммунист.

Мен бұл сөздің анығына жеткен жоқпын. Жеткім де келмеді. Және сол күндері карт коммунистің сөзіне бәлендей мән бергем жоқ, өйткені бұның бәрі баяғыда болған дүние ғой. Егер Ерден сондай адам екені рас болса, өзінің ар-ұятының алдында жауап берсін! Соның өзі де оған жеңіл тимес, әрине, ұят-ары бар адам болса ол,— деді Жандос аз тоқтап қалып,— және біздің заманымызда ғалым адамдар да, оқымысты кісілер де, елімізде әлде-

қашан біткен таптық күрестің ызғары бар деу шын жалған ұғым болар еді. Бірақ Жакенова мен Молқожинның бір жерден екені, екеуі де бірін-бірі жастан білетіні маған әжептәуір әсер қалдырды.

— Әрине.

— Қысқасы, мен Молқожинның өзіме өшігуін тек мінезінен, ақылының жетпегенінен көрдім. Маған істеп жүргені қиянат екеніне Ерденнің ақылы жетпесе не істеймін? Онымен таласатын уақытым болмады, өндіріске жүріп кеттім.

— Бірақ Ерден онда қалды ғой. Көрдің бе бүгінгі күні қандай сатыға көтерілгенін?

— Мәселе оның көтерілген сатысында емес қой, мәселе адам қандай сатыға шықпасын, өзінің орнында тұруында емес пе?

— Әрине ғой.

— Ал Ерден қазіргі көтерілген дәрежесінде дұрыс отырған жоқ. Амал жоқ, министрліктің ертеңінде болған коллегиясында соны айтуға мәжбүр болдым. Әрине, бұнымды кейбіреулер бас араздықтан деп те түсінер, бірақ үндемей қалуға коммунистік арым бармады.

— Жұрт қалай ойласа солай ойласын, мейлі! Дұрыс екенсің! Егер сенің орнында мен болсам, мен де сөйдер едім! Министрлік Молқожин туралы қандай қорытындыға келді?

— Әрине, бұл мәселе бірден онай шешіле қоймайды ғой. Молқожин, жасыл шөп арасындағы жасыл кесертке тәрізді, жұрттың оны бірден айыра алуы да жеңіл шаруа емес. Бірақ қанша ұзын болғанмен жіптің де бітетін шеті бар емес пе? О да қанша жүрер дейсің...

Бұлар поселкеге таяп қалды. Үндемей келе жатқан Жәлел кенет тағы бөтен ойға берілді. «Бұл адам баласының уақытығы қашан бітеді. Маңғыстауды игеру секілді үлкен істе Ерден Молқожин тәрізділердің ұсақ қылықтары шын жексұрындық қой. Жоқ, Маңғыстау майданы тәрізді тартыс майдандағы құр ғана мұнай үшін күрес емес, бұл адамның жамандықтан тазару жөніндегі күресі. Мұндай күрестер бізді тек материалдық жағынан ғана байытпайды, рухани байытады. Біз бұндай тартыс-таластардан кейін жаман қылықтарымыздан, жаман адамдардан арылып, сұлулана түсеміз. Сол үшін де аянбай күресуіміз керек. Тек мұнай үшін ғана емес, адам үшін де күресуге міндеттіміз. Өйткені мұнай да тек Адам үшін ғой!»

Бұлар бұдан әрі сөйлеспей поселкеге кіре берді. Үндемегенмен екеуі де, алдарында әлі сан қиындық барын, сол қиындықтардан тайынбай әлі де талай күресетіндерін, іштей ұғып келеді.

Өзек мұнай барлаушылар поселкесі үлкейе түскен. Қаз-қатар тізілген бір қабат үйлер. Кең көшелер де пайда болған. Бұрынғы бірімен-бірі жалғаса, бұйығып тұрған қазақтың жеркепелерінің

ныспысы да жоқ. Ол жерде қазір жас бау-бақша, кісі бойындай боп өсіп қалған жас қарағаш, қанды ағаш... Бұлар Сауысқан құмынан қазылған скважинадан құбыр арқылы жер астының мөлдір суымен суарылады... Көктемдегі күн сәулесімен мол су бұл бау-бақшаны мезгілінен бұрын көгерткен. Сұрғылт далада аз болсада жасыл бау-бақша қандай тамаша. Аса бір көрік беріп тұр. Дала күміс жүзік болса, бұл жас тоғай сол жүзіктің жасыл меруерт көзі тәрізді, бүкіл даланы өзгертіп жіберген. Ал поселкенің сыртында, алыстан сағымдана көрінген, бүкіл көкжиекті алған самсаған мұнай мұнаралары. Қазір мұнда құрығанда елу қондырғы қойылған. Бұл Маңғыстаудың үлкен мұнайының алдынғы шебі. Қыр, ойпат тың өңірін мұнай тасқыны басып кеткендей, сағыммен бірге көкте ұзын трубадан жанған газ жалыны да алыстан толқындана ойнап, жер бетіне көктен құлаған дариядай, әлемді бір сұлу сәулеге бөлеп тұр.

Поселке көшелерінің аттары да үлкен қалалардағы тәрізді жаңа: «Еңбек», «Коммунистік», «Космос». Осындай көшенің бірі Хәлел Бестібаев деп аталады. Бұл бір жалпақ кең көше. Бұдан шыққан жол тікелей Шетпеге анарады. Қазір осы көше бойымен поселкенің сыртына қарай ағылған халық. Бәрі сәнді киінген. Қызыл галстукті топ-топ пионерлер. Жұрттың көбінің қолында гүл. Бұл әрине, роза, астра емес, көбінің ұстағаны көктемде ғана осы арада аз уақыт пайда болатын сарғалдақ, жанаргүл, асаймұсай, кейбіреулерінің қолдарында осы кезде гүлді жапырақтарынататын мендуана, алабота тәрізді дала өсімдіктері. Жұрттың бәрі сонау қырқа үстіндегі үстін березентпен жауып қойған үлкен тас мүсінге қарай ағылып бара жатыр.

Бұл Хәлел Бестібаевқа арналған мүсін — ескерткіш. Бүгін ашылмақ. Өзі де тым үлкен. Үстін березентпен жауып қойғандықтан алыстан бір сұрғылт жартас тәрізденіп көрінеді.

Мүсіннің ашылуына келмеген адам жоқ. Алматыдан, Гурьев, Шевченко қалаларынан арнаулы уәкілдер топтары да жеткен. Солардың ішінде Сәлімкерей, Молқожин, Тана да бар. Хәлелдің әкесі мен шешесі, әйелі мен екі баласы да осында тұр. Жүздерінен әлі де қайғы ізі таралмаған. Анандай жерде Жәлел көрінеді. Үстінде қара костюм, галстуксіз ақ көйлек. Ол бүгін қуанышты да, қайғылы. Қуанышты болатын да себебі бар. Былтырдан бері жүргізілген 62, 51, 57 скважиналар Өзектің бүкіл структуралық жер құрылысы картасын өзгерткен. Осы бұрғылаулар арқылы Өзек алаңының он төртінші, он бесінші қабаттарының мұнайы Солтүстікке қарай ауғаны анықталған. Сонынан осы арадан ұзындығы он шақырым, ені он бес шақырым, қалыңдығы токсан метр орасан бай, жаңа мұнай алаңы

ашылған. Бұл кен орны Самотларға[1] жетпегенмен, Ромашкино[2], Арлон[3] кен орындарымен пара-пар түсуі хақ еді. Егер Бозашыны зерттер болса мұнай қоры өсе түсуі сөзсіз делінген. Осы байлық жақында Мәскеудегі Мемлекеттік қор бекіту комитетінде қаралған. Сонда Жәлел ұсынған барлау тәсілі-методикасының сондай дұрыс болғаны айтылған, «осы методиканың арқасында, деген комитет председателінің өзі, бірде-бір бос скважина казылмапты, бәрінен мұнай атылыпты. «Елу жыл өмірімде мен мұндай арзанға түскен мұнайды көргем жоқ» деген сөзінің аяғында сол қорғауда комитет председателі академик Малышев. Соңынан Өзек өндіріске берілгенде де Өзек мұнайы арзан екені анықталды. Егер Америкада бір тонна мұнай жүз доллар тұратын болса, әрине бізде ондай қымбатқа түспейді. Әркімнің өз ісінің нәтижелі болғанына қуанатын әдеті гой. Жәлел де ұзақ жылғы іздеуінің мұндай жоғары бағаланғанына өте көңілді, шат еді. Ал кабағының қатыңқы болуының да себебі бар. Ол, әрине, Танамен байланысты. Сондықтан да Жәлел дүркін-дүркін Тана тұрған жаққа қарап қояды. Әр қараған сайын көзінде бір орасан толқу, өзіне бір мәселені шеше алмай шаршап тұрғаны, қобалжуы байқалады. Бірақ сонау қоңыр көздердің жарқ ете түскен сәулесінен Танаға деген үлкен махаббаттың оты сезіледі. Тана да Жәлелдің өзіне әлсін-әлсін қарай бергенінен әлденеге әбігер болып, жанындағы адамдарды тасалай бергісі келеді. Бұның дәл қазір осыншама қысылуында бір себеп бар. Жәлелдің жанында, осыдан төрт-бес ай бұрын, өзі жауап берген әкесінің сотын басқарған әйел тұр. Жәлелге бар болған оқиғаны оның айтып бергенін жүрегі сезеді. Сондықтан ұялғанынан жанын қоярға жер таппай тыпыршиды. Кетіп қалайын десе әдейі өзі сұранып келген Хәлелге деген ескерткіштің құрметті ашылу мерекесін кимайды. Бұл құрметті өз көзімен көріп, осынау құшақтап тұрған гүлін, анау бір оқиғадан кейін үлкен адамгершілік қасиетіменен, жүрегінен мәңгі орын алған осы бір әйгілі барлаушының тас мүсінінің аяғының астына төсеп, басын имек.

Иә, Танаың ойлағаны дұрыс еді. Осыдан бір ай бұрын Жәлелді жаңадан құрылған Бозашы мұнай іздестіру экспедициясы бастығы және бас геологі етіп бекітілген министрліктің бұйрығы келген. Дайындық жұмысына кіріскенмен Жәлел, жақында ағасына арнап жасалған ескерткіштің ашылу күнін күтіп, жүрмей қалған. Ескерткіш ашылғанша Шетпеге барып, Танаға жолықпақшы болып жүргенінде Өзекке бір шаруамен ауданнан судья әйел келген. Өткен жолы өзі сот жүргізгенде әділетті қасиетімен ұнап қалған заседательдің үйіне барып көңіл айтқан. Сонда Жәлелмен кездескен. Хәлелдің сөзінен Тана мен Жәлелдің бірін-

---

[1] Самотлар — Батыс Сібірдегі ең үлкен мұнай қоры.
[2] Ромашкино — Татарстандағы мұнай орны.
[3] Арлон — Башқұртстандағы мұнай орны.

бірі жақсы көргенін, Алаңның әлегімен екеуінің айрылғанын, және Тананың Өзектен неге дереу кетіп қалғанын, бұны Жәлелдің білмейтінін Хәлелден естіген әйел, Жәлелмен ұзақ әңгімелескен. Оқиғаның қалай болғанын бәрін айтып берген. «Біреудің озбырлығынан ұялып, сүйген адамының көңілін жабықтырмайын деп өз қызығын құрбан ету Танадай адамгершілігі мол, қызға ғана тән қасиет» деген ол. Жәлелдің жүрегі кенет тағы алай-түлей бола қалған. Қорланған сезім, жер бон тапталған намыс, біреудің жауыз қылығы қандай жанның ар-ұятын аяғына басқаны, жоқ жалғыз Тананы ғана емес, өз жүрегін де жерге таптап кеткені, Тана айыпты болмаса да, аппақ сүтке аузы лас қара мысықтың тигеніндей, қайдағы жоқ сезім жанын өртей жөнелген. Соның бәрі Жәлелдің басына кеп, қабайын деп қоршап алған топ иттей түнімен маза бермеген. Жүрегін қабындыра, жанын жылан ұындай жаман ашындырған. Бірақ бірте-бірте басқа сезім билей бастаған. Біреудің қиянатынан өшбір жазығы жоқ. Тананың қайғырғаны, налығаны, ұялғаны Жәлелдің жүрегіне қайтадан от тастаған. Өз махаббатын құрбан еткенмен, Жәлелдің адал сезіміне кір жұқтырғысы келмей, сүйгенінен айырылардай қиын шешімге барғаны — енді Жәлелді басқа ойға бұрған. Мұндай адалдықты жүрегіне тұмар ғып таққан, адамгершілікті тым жоғары бағалаған кісіні, біреудің озбырлығы үшін айыптауға бола ма? Болмаса, сондай Тананы кездейсоқ жамандыққа душар еткен жамандықты ұмытып, Тананы бұрынғысындай жақсы көре ала ма? Түнімен ұйқы көрмей, жүрегі жанып-күйіп, дөңбекшіп шыққан. Өйткенмен орынсыз тұлаған намыс, қорлану емес. Тананың адалдығы ,өзінің кірленген ар, ұяты басқаны қорламасын деп, жүрегі өртеніп тұрса да, оның ерлігі, адамгершілігі жеңген. Тананы осы мінезі үшін бұрынғысынан да жақсы көре бастағанын сезінген. Міне Жәлелдің де толқуы осыдан еді.

— Жолдастар,— деді жұрт жиналып болды-ау деген кезде мінбеден Жандос.— Бүгін біз, Өзектің терең барлау скважинасын бұрғылап, Маңғыстаудың үлкен мұнайының алғашқы фонтанын атқызған және сол үлкен мұнайды барлау-зерттеу үстінде ерлікпен қаза болған әйгілі бұрғышымыз Хәлел Бестібаевқа арналған ескерткішімізді ашқалы тұрмыз! Бұл осынау Үстірт даласы мен Каспий теңізінің арасындағы алып өлкеде тұрғызылған алғашқы мүсін! Бұл мүсіннің жұмысшы адамға, еңбегімен, ерлігіменен бәрімізге үлгі көрсеткен қарапайым, барлаушы-мұнайшыға арналғаны, Хәлел Бестібаев секілді халқымыздың, партиямыздың әйгілі ұлдарына деген сүйіспеншілігінің белгісі. Сол белгіні көзімізбен көрейік! Жасасын жұмысшы адам! Кәне, березентті төмен түсіріңдер!

Екі жұмысшы мүсін үстіндегі кенептің жуан кендір бауларын төмен тартты. Березент сырғып төмен түсе берді. Ең алдымен Хәлелдің кең далбағай киген басы көрінді. Ескерткіш-мүсін құр үлкен емес, ғажайып шебер жасалған екен. Жанып жатқан

от тәрізді, шеттерін кедірлі-бұдырлы етіп қашаған қып-қызыл гранит тас-пастамент үстіне жүрегін жалынға, ажалға қарсы тосқан алып адам тұр. Бұл сәл алға қарай ұмтыла түскен, қап-қара мәрмәр тасынан ойып жасалған қажырлы пішін, бұрғышы — Хәлел Бестібаев! Көк аспанның аясында алып мүсін өмірдің мәңгі өлмес бейнесіндей. Тұғыр да «Есіл ер өлгенменен, есімі мәңгі өлмес» деген тасқа ойған жазуы бар.

Жұрт ду қол шапалақтаумен бірге духовой оркестр қуаныш гимн ойнай жөнелді. Мінбеде Хәлелдің аяулы серіктері Жандос, Алексеенко, оның әке-шешесі, әйелі, балалары, інісі Жәлел ең бірінші боп, гүлдерін мүсіннің жанына қойды. Сол-ақ екен ескерткіштің астыңғы жағы гүлден көрінбей кетті. Бұл халқының аяулы ұлына көрсеткен ұлы құрметі еді. Оркестр тоқтап, митинг қайтадан ашылды. Хәлелдің серіктес жолдастары әйгілі бұрғышылар, Валентин, Ораз, әкесі Бестібай сөйледі. Қарт Бестібай көзіне келіп қалған жасын ақ орамалмен сүртіп тұрып:

— Менің балам Хәлел Маңғыстаудың мұнайлы топырағын қазуға жиырмасына жетпей араласып еді, ағайын,— деді.— Жиырма жылдан астам еңбек етті! Сол еңбегін бағалап бүгін оның мәңгі құламас тас мүсінін орнатқандарына, қалайық, алғысымды айтамын! Өркендерің өссін!

Митингі күн батуға жақындағанда ғана бітті. Жұрттың бәрі тарап болған кезде ғана Жәлел мен Тана поселкеге қарай беттеді. Екеуі қатар келе жатыр. Батып бара жатқан күн қызылы алыстағы төбе, адыр, белестердің басын алтын сәулесімен шалып, әлем біткен бір түрлі сәндене қалған. Кешкі көкторғын аспан да айнадай ашық. Дүние бұдан былай қарай еш қайғымұң көрмейтіндей, жер беті мүлдем көңілдене түскен. Осы батып бара жатқан күнді құттықтағысы келгендей, бозаң арасына қонып алған бір топ бозторғай қосыла шырылдайды. Бұлардың әнін тыңдауға құмартқандай, ақ селеу түбіндегі індерінен, атжалман тышқан әлсін-әлсін басын қылтыңдатып, жан-жағына қарайды. Бұйырғын түбін қуалай, Маңғыстаудың топырағы тәрізді, сұп-сұр кесірткелер жүгіреді. Кенет сол кесірткелердей сұп-сұр түсті шегірткелер шырылдай жөнеледі. Күндізгі қапырық жел де тына қалған. Әлемді, анаңның құшағындай, бір жайлы, жұмсақ тыныштық билеген. Табиғат, күн бойы ыстық күнмен алысып, аянбай жұмыс істеген адал баласының шаршаған жанын аяп, бір мезет өзінің құшағына алып, әлдилеп жатқандай.

Қыз бен жігітте әлі үн жоқ. Тек тас мүсіннен алыстаған кезде ғана Жәлел:

— Тана, ертең мен Бозашыға жүрем,— деді.

Тана әзер-әзер жауап берді.

— Естідім.

— Естісең...— Жәлел тағы үндемей қалды. Біраз жер өткесін

ғана ол қайта сөйледі.— Сот әйел маған болған оқиғаның бәрін айтты.


— Құдай үшін айтпаңызшы. Ешнәрсе есіткім келмейді.— Тана аржағын айта алмай бетін қос қолымен басып жас баладай солқылдап жылап жіберді.


— Оған сен айыпты емессің.— Жігіт ақырын қыздың бетінен қолын алды.— Мен сені бұрынғыдан да жақсы көремін...

Жәлел жас балаша өксігін баса алмай тұрған Танаңы құшақтап, үнсіз ұзақ тұрды. Сонан соң екеуі қол ұстасып шетсіз-шексіз даланы бетке алып кетіп бара жатты...

Соңы.




Аманат





Бірінші бөлім

Бірінші тарау

Біреу қызыл шұнақ үскірік қысты, не сағыныштай сарғайған алтын күзді, болмаса шат көңілдей жазды жақсы көреді. Ал кей кісі төрт мезгілдің басы, тоқсан тілектің тоғысқан шағы хош иісті көктемді сүйеді.

Бұл бір қуаныш нұрына бөленген ғашық жүздер, махаббат көздер молая түскен шақ. Әлем біткен қырмызыдай сәнді келеді. Дымқыл тартқан жер бетінде көкбалауса, бетеге, киік, марал, каз оттары ду ете көтерілген. Жайшылықта иіс бермес аюбалдырған, әйбатмия, сасыр, шетендердің өздері де жұпар аңқиды. Жоқ, олар көктем исімен мұрныңды жарады. Қыс бойы бұтақтары сидиып, арық торғайдай суық желден үрпиіп сиқы кеткен қарағай, емен, ақ қайындар жасыл жапырақтарын төгіп, шыңкай бояулы суреттердей жадырай қалған. Бастарына әнші құстар қонып, құлпырған көктемді құттықтап, жанынды жай тапқызатын шаттық үндеріне бөлеген. Өткен күзде ұшып кеткен жыл құстары, қайта оралып, қиқу салып жер мен көкті базар еткен. Күміс көлдер, көгілдір өзендер үстінде жыпырлай жүзген аққу, каз, үйрек. Олардың у-шуынан, қоңырлата сыңси салған әндерінен құлақ тұнады. Жанаргүл, қозыгүл, лала, меруерт гүлдер қауызын ашып үлгірмесе де қызғалдақ, сарғалдақтар үкілі бастары сыланған көздің жауын алады. Сай-салада, сылқ-сылқ күліп былдырлай аққан қар суы, мұз бұлақтар. Дүние анасынан жаңа туғандай жасарған. Осы бір керемет сәнге бөленген әлем,

өзінің ғажайып ән-күйімен сенің жаныңды, қиялыңды қуанышымен әлдилеп, құлашыңды көзің жетпес көкжиегіне серметеді. Көзіңде күн сәулесі тұтанып, билегің, ән шырқағың келеді! Өзіңді-өзің бұл жалғандағы ең бақытты, ең қуанышты жан сезінесің! Кім мұндай көктемді сүймес! Кім жақсы көрмес! Әсіресе Алматының көктемін айтсаңдаршы! Қандай сұлу! Қандай көрікті!

Көк аспанмен құшақтаса біткен ақ сәлделі Алатаудың қарлы құздарының аппақ сүйір бастарына мамық бұлттар қонған. Күншуақ баурайларына қою тұман ұйысқан. Балағынан сонау түкті кеуде тұсына дейін, қыңыр жоталы, ожар шыңды, шоқай шоқылы, күдір жартасты жақпар-жақпар тау өңірлерін жасыл қарағай мен шырша тұтаса жапқан. Қошқыл қойнауларында жас баланың көз жасындай мөлдір, қантар мұзындай суық, гүрілдей бұрқасынған-бұрсанған тау өзендері. Осы ғажайып суреттердің үстінен жоғары шырқаған қарлы биіктердің ұшар бастары көк аспанның кеудесіне қадалған алып күміс найзалар тәрізді. Қарап тұрсаң көктемдегі тау әлпеті теңеуі жоқ ғаламат бір сұлу көрініс! Сұсты және сәнді! Қиялың тәрізді алыс, бүгінгіңдей жақын! Енді Алатаудың етегіне көз жіберсең, Әбілхан Қастеевтің мың бояулы суреттерін көргендей таң қаласың! Екі жағында бірдей зәулім биік үйлер тізілген, қыз бұрымындай дүи-дүзу боп созылып жатқан ұзын көшелердің өн бойын жасыл шинель киген жауынгерлердей, аспанменен тілдескен биік ағаштар күзеткен. Қала ортасының кей жерлері мен шеттерінде қызғылт, сарғылт, аппақ гүлді, сан түрлі түске бөленген алма, өрік, алмұрт бақтары. Көктөбеге шығып төмен қарасаң, қала жатқан тау етегі, көгілдір торғын-түтінге оранған, қызылды, жасылды гүлдермен әшекейленген бір алып сұлу кілем дерсің!

Міне осы кілемнің бір бұрышында, шаһардың күнгей шетінде көктемнің қуанышына бөленгендей, жасыл бақтың ортасында, биіктеу етіп салынған, қорғасын түстес көгілдір қаңылтыр шатырлы, қызыл кірпіштен қаланған бір әдемі үй тұр. Үйді қоршаған бау-бақшаның алдыңғы жағында Медеуге қарай созылған ұзын асфальтты жол. Жолдың аржағы тағы қала...

Бұл қалың ағаш ішіндегі жалғыз үй — археология маманы, әйгілі инженер Күнтуар Құдайбергеновтың үйі. Қазір күнгей жақ терезесі ашық. Археологтың өзі төр жақтағы үлкен стол жанында бірдемені қарап отыр.

Бүгін, сенсең жапырақтары кешкі салқын желмен сыбдырлай ойнаған осы бау-бақша да, ортасындағы әсем үй де, ұялжыған тамаша тыныштық та маужырай қалған. Ал осындай бүкіл әлем қуанышқа кенелген көктемде біреудің көз жасы төгілер қайғы-хасірет болуы мүмкін бе? Мүмкін емес сияқты. Бірақ өмір мың қырлы, әр қашанда жұмбақты сырға толы, қай жерден, қай бұрыштан кімді қуаныш, не өкініш күтіп тұрғаны беймәлім. Бұл үйдің адамдарын да не күтіп тұрғаны белгісіз.

Күнтуар көне құмыраны тағы өзіне таяды. Жанында жатқан

үлкейткіш дөңгелек шынысы алып оған үңіле қарады. Құмыраның алқым тұсындағы қашап салған суретке тоқтап, бұл заттың көне сақтар дүниесі екеніне шөк келтірмеді. Археологтар «тағы андар стилі» деп атаған олардың көркемөнер мұрасына жататыны бірден көрініп тұр. Барыска ұқсаған қанды тырнақты аңдарды аң дала маралын алқымынан қысып жатыр... Әрине, бұл сақтар мұрасы. Бірақ қай тайпасы, қай кезінікі? Жақсы көретін оқушысының бірі, жас археолог буны Есіл өзені басталатын Теңіз көлінің тұсынан тауып әкелген. Археологтар экспедициясы осы сапарында басқа да адамды ойға қалдыратын бірталай ескі дүние қалдықтарын тауып қайтқан. Құнтуарды әсіресе бүтіндей табылған құмыра қызықтырған. Әрине, кезіккен тұсына қарағанда, бұл осы күнгі қазақ жерінде сонау Геродот заманынан да бұрын, Қара теңіз скифтерін де ілгергі кезде өмір сүрген сақтардың бір бөлегі аргиппей тайпасына жатады. Оған дау жоқ, өйткені көне заманда (тағы сол Геродот айтуы бойынша) Хазар* теңізінің солтүстік алқабын саврамат қауымы жайлаған. Ал онымен шектесе, Атрау** теңізінің күншығыс-оңтүстік жағасын, Жейхундария*** өзенінің қойнауларын алып массагет тайпасы жатқан. Содан кейін Сейхундария**** орта шенінен бастап, шығысындағы Памир мен Тянь-Шань тауларына, солтүстігіндегі Көкше теңіздің***** теріскей жағасына дейінгі, ұшы-қиыры жоқ алып даланы қалың сақ елдері қоныс еткен... Массагет: аргиппей, саврамат, бәрі де сақ халқына жатқанмен де, тілдерінде, әдет-ғұрыптарында, шаруашылықтарында айырмашылықтары да бар тәрізді. Демек, көркемөнері, салт-ғұрпы, тұрмысы, жалпы тілдерінің негізі бәріне ортақ екені даусыз. Ал, бұл көне замандағы қазақ жерінде өмір сүрген, археологтар Сырдария және Жетісу сақтары деп атаған осы бір жауынгер елдің негізгі кәсібі мал бағып, аң аулау болған. Әйгілі археолог Құнтуардың бар өмірін сарп еткен іздену дүниесі — міне осы көне халық әлемі еді. Бүгінде сол ұшан-теңіз зерттеу жұмысының бір сұрағына жауап іздеп, біздің дәуіріміздің мың жыл бұрын өткен ежелгі жұртты тастап кеткен мұрасы, осынау көне құмыраға әлсін-әлсін үңіле түседі.

Бірақ Құнтуар дәл қазір әдеттегідей ғалымдарға тән, алдындағы заттың жұмбақты сырын ашсам деген ақыл-ойын мүлдем билеп әкететін серпіннен аулақ. Көзі суретте болғанмен, көңілі әлдеқайда... Енді ол бір сәт өзінің басқа отырғанын түсінгендей, қатты күрсінді де, үлкейткіш шынысы стол үстіне тастай сап, түрегеліп кетті. Кең кабинетті ерсілі-қарсылы кезіп жүре бастады. Алпысқа таяса да бурыл шашы әлі қоп-қою, ұйыса нығына түсіп

---

* Хазар теңізі — Каспий теңізі.
** Атрау теңізі — Арал теңізі.
*** Жейхундария — Амудария
**** Сейхундария — Сырдария
***** Көкше теңіз — Балқаш көлі.

тұр Орта бойлы, төртбақ денесі мып-мығым ,жүрісі де қажырлы. Тек үлкен ойлы қоңыр көздері ғана әбден шаршағанын көрсетеді. Жоқ, оның бүгінгі түрі бір сұмдықтан жан дүниесі шошынған, пәк сезімін қара албасты әлденеден түршіккен, үріккен адам екенін аңғартады.

Бүкіл ел-жұртына әйгілі, жан-жағындағы адамдарға үнемі кішіпейіл, парасатты ғалымның кенет бұлай алабұртып жабырқана қалуына не себеп? Себеп біреу-ақ. Ол — ескі досы Ергазының жалғыз ауыз сөзі еді.

Басқа адам, оған бәлендей мән бермей, «жарайды, анығына жетерміз» деп қоя салуы мүмкін, ал жаны жалғансыз таза, көңілі бұлтсыз мөлдір инженерге бұл сөз сойылмен ұрғаннан кем тиген жоқ.

Ергазы мен екеуі бірін-бірі жігіт бола бастаған күннен біледі. Университетте де бір кезде оқыған.

Жасөспірім шақтарында айта қаларлықтай жақындықтары болмағанмен, жігіт жасына жеткен кездерінен қанды көйлек дос санасып кеткен. Құнтуар университетті бітірісімен соғыс басталды да, майданға аттанды. Көп кешікпей Ергазы да әскерге алынды. Құнтуар майданның алдыңғы шебінде аяғынан қатты жарақаттанып, елге келіп, Алматыдағы бір үлкен мекемеге қызметке кірді. Осы тұста соғыстан Ергазы да оралды. Бұл қолынан жарақаттанған екен. Екеуі жылап көрісті. Құнтуар, өз қатарындағы жастардың көбінен оқуға алғыр, жанаяспас кешегі досының мүгедек түрін көріп аяп кетті. Ергазы соғыстан ғана жүдеп келген жоқ, майдан түгіл, қолмен істейтін ауыр жұмысқа жарамайтын күйде қайтты. Ал бұның негізгі мамандығы археологиялық істер, соғыс кезі, мүлдем тоқтатылған. Сонда бүрісіп қалған саусақтарымен Ергазы қандай жұмысқа бара алады?

Құнтуар ақылдаса келе оған:

— Боса да майданға әзір жібермейді екен, ал завод, лабораторияларға кіре қоятын мамандығың жоқ, қара жұмысқа жарамайсың... онда... уақытша біздің мекемеге кір... Жетілгеннен кейін өз мамандығыңа ауысарсың,— деді.

Құнтуардың бұл ұсынысына Ергазы қуанып кетті. Өзінің ойлағаны да сол екен.

— Егер бастықтарыңды көндіре алсаң оған не жетсін! Қазір дәрігерлер мені алты айға майданнан босатып тұр. Сендердің мекемелеріңнің маңызы зор ғой, броньмен әскерден де алып қалар...

Құнтуардың көңілі кенет елең етті. Бірақ «соғыс кімнің үрейін ұшырмаған, әбден титығына жеткен соң айтып тұр-дағы» деп өзін өзі дереу басты.

Екі-үш күн өткеннен кейін, ол Ергазыны мекеме бастығының орынбасары, қазақтың сол күндердегі саналы, алғыр қызметкерлерінің бірі Ермағамбетке ертіп келді. О кісі соғыстан қайтқан

жас инженер, коммунист жігітті жұмысқа алуға бірден көнді. Бірақ ең алдыменен өзі жеке әңгімелеспек болды.

Екеуі бір сағаттай сөйлесті.

Содан кейін Ермағамбет Күнтуарды шақыртып алған. Онаша қалғаннан кейін ол:

— Бұл жігітті сен көптен бері білесің бе? — деп сұраған Күнтуардан.

Анау дереу жауап берді.

— Білгенде қандай! Бала жасымнан десем де қателеспеспін... Бірер жас үлкендігі бар. Біздердей қала баласы емес, ауылдан келгендіктен университетке де менен екі жыл кейін түскен. Бірақ жақсы оқыды. Адамгершілігі де мол, ұстамды, жолдастыққа да жақсы, ақ ниет, ер жігіт...

— Ер жігіт? — Ермағамбет жалпы биязы, сабырлы кісі болатын. Тек өзіне бірдеме ұнамаса, кенет бетінде ызғар ойнап сұстана қалатын. Бұл жолы да сондай сес көрсетті.— Ер жігіт дейсің бе? — деді ол креслосына шалқая түсіп.— Оң қолынан жараланыпты. Және үлкен саусағынан... Байқап қалдым. Оқ алақанынан қадалған тәрізді. Сұқ саусағы да ілмей, құр шошайып тұр. Сонда қалай, оқ әдейі ізденіп келіп алақан жағынан тигені ме?..— Күнтуардың жүрегі дір ете түсті. Ерғазыға жаны ашып кетті, кенет екі бетінен қаны қашып, демін әзер-әзер алды. Егер Ермағамбет жолдасының ар, намысына тиетіндей тағы бірдеме айтар болса, лап етіп тұтана қалуға бар. «Жаралы Ерғазы соғыстан аз қиянат көргендей, жұмсақ креслода шалқая отырып алып, аяулы майдангердің ерлігіне әлі нұқсан келтірмекші!» Әйтсе де, Ермағамбет, Күнтуардың ашудан жарылғалы тұрғанын ұқты ма, әлде бөген себебі болды ма, айтқалы келе жатқан үрейлі сөзін іркіп қалды. Әдеттегі сабырлы мінезіне салып, жайбарақат:

— Қысқасы,— деді ол.— Бұл жігіттің бізге ынғайы келмейді екен. Және қолында әлі дипломы да жоқ... Әскери дәрігерлік комиссия соғыстан алты айға босатыпты ғой, менінше сол уақытын диплом алуға жұмсағаны жөн болар... Сосын көре-жүре шешерміз... Егер алты айдан кейін комиссия тағы майданнан босатса...

Күнтуардың өзі майданға кеткенінде Ерғазының университеттің ақырғы курсында оқып жүргені есінде еді. Ал дипломы бар ма, жоқ па, оған көңіл қоймаған. Өзі білмейтін жағдайға қарсы ештеңе дей алмай, үйден шығып кеткен.

Ерғазыға ол Ермағамбеттің сөзін тегіс айтып берген. Тек қолының жарасы жөніндегі оның күмәнді ойын жасырып қалған. Жолдасын жамандыққа қимағандықтан, онсыз да жүдеп жүрген көңілін несіне қинай түсем деп ойлаған.

Күнтуардың сөзін тыңдап болған Ерғазы:

— Ермағамбеттің айтқаны дұрыс. Менің қолымда қазір дипломымның жоғы рас,— деді.— Бірақ дәл қазір диплом қорғауға денсаулығым да, жағдайым да жоқ. Ал қалай оқығаным да, қор-

ғай алатынын да өзіне аян ғой деймін. Диплом деген құр тілге тиек сөз. Университеттің теориялық курсын бітіргенімді білесің. Алты ай соғыс, алты жыл бойы алған білімімді суалтып тастамаған шығар....

— Оның бәрі солай ғой. Дегенмен түбі диплом алмай болмас, Ерекең де соны тілеп отыр. О кісінікі жөн тәрізді.

Енді Ерғазы қиыла сөйлеген:

— Өзің көріп тұрған жоқсың ба, қазір диплом қорғайтын күйдемін бе?.. Менің қандай адам екенім бәріңе мәлім, бір азаматтық істеуің керек.

— Қандай азаматтық?

— Қазір соғысқан мүгедек боп қайтқан жандарға алуан-алуан жәрдем беріліп жатыр ғой. Университет те маған көмек көрсетсін. Қолдарыңдағы бітпей қалған жұмыстарыма қарап диплом берсін. Алда-жалда бұны дұрыс емес дер болсаң, жұмысқа кіргеннен кейін алты-жеті айдың ішінде дипломымды да жазып тапсырармын. Міне қолым, міне антым!

Күнтуар дәл осы сәтте бір үлкен қылмысты іске барғалы тұрмын деп ойлаған жоқ, майдангер жолдасының өтінішін қимады. Оның үстіне Ерғазының университетте жақсы оқығаны, білімінің барлығы, жараланып келгені, бәр-бәрі себеп болды. Ертеңіне университеттің ғылым жөніндегі директорының орынбасары Арташовты шақырып алып мән-жайды түсіндірді. Жасы келіп қалған профессор, университеттің көнілшек ескі мұғалімдерінің бірі болатын, және екеуін де жақсы білетін. Әсіресе, Ерғазының озық оқығанына қанық, түбі бұдан атаулы ғалым шығар деген үміттен де аулақ емес еді. Оның алдыңғы шепте Отанын қорғап, жаралы болып келгенін еске алып, диплом беруді оқымыстылар кеңесінде ерекше мәселе етіп көтеріп, ақылдаспақ боп уәдесін берді. Көп кешікпей Ерғазы дипломын да алды. Бұ да уәдесінде тұрды, артынан, кандидаттық қорғар алдында, сол материалдарынан диплом жазып университетке тапсырды. Қарт профессор Арташовты ұятқа қалдырған жоқ.

Ерғазы дипломын алған күнінің ертеңіне, Күнтуар Ермағамбетті былай қойып, мекеме бастығы, Гудкин жолдастың өзіне барды. Майдангер жас инженерді қызметке алуды өтінді. Бұл кезде соғыс мүгедегі Күнтуардың өзі де, жан-тәнін сала істеген қызметінің арқасында әріптес жолдастарының көзіне түсіп, әжептәуір абыройлы болып қалған. Мүмкін, Күнтуардың қиыла еткен өтініші себеп болды ма, әлде соғыстан қайтқан жас инженердің өзі ұнады ма, Гудкин қаулы шығартып, Ерғазы жауапты қызметке алынды.

Жұмысына ол ұқыпты болды. Соғыс та бітті. Ерғазы өз мамандығына көшті. Осы кезде ол ері соғыста қайтыс болған, үш жасар Арман атты баласымен қалған жесір әйел Ақгүлге қосылды. Бұл бір ойлы көзді, кербез, ажарлы адам еді. Әсіресе ақжарқын мінезі кімге болса да ұнайтын. Бота көздері өзгеге үнемі

сене қарайтын. Ренжу, ашулану дегеннен жат Ақгүл ақылымен де, қылығымен де Ерғазының көңілін таба білді. Енді ол жатпай-тұрмай кандидаттық диссертация жазуға кірісті. Бір жыл өтпей қорғап та шықты. Өмірден тәжірибе алып қалған Ерғазы осы тұста өзіне қорған болар адамдарды да тапты. Солардың арқасында оңтүстіктегі өндірісті қалалардың біріне көшіп ғылыми-зерттеу институтына директор болды. Соңынан Алматыға қайта оралып, докторлық диссертация қорғады. Профессор атағын алды. Қысқасы, Күнтуар оған өзінің адал құшағын босқа жаймаған екен, соғыс біткеннен кейінгі жиырма-жиырма бес жылдың ішінде Ерғазы өзінің қызмет дәрежесі арқылы, стол басында отырып-ақ өсіп, белгілі ғалым деген атқа жетті.

Ал Күнтуар қиын жағдайларға кездесті. Бағы жанып өсе бастаған кезінде тағдыры кенет өзгерді. Ғашық болып қосылған жібек мінезді, көген көзінде мұң мәңгі ұялағандай, қайғылы пішінді он тоғыз жасар Дәмелінің әкесі бір кезде кінәланғаны қайта көтерілін, қызметінен босатылды. Көп мезгіл бос жүріп әзер дегенде жай инженерлік жұмысқа орналасты. Ерғазы мұндай күйге ұшыраған Күнтуарға бір-екі рет ақшадай жәрдем де берді. Енді Күнтуарға өмірді қайтадан бастауға тура келді. Соның өзінде де долы толқынды тағдыр деген асау теңіз оны сан жартасқа соғумен болды .Рас, мұндай жағдайларда, бұ да пенде гой, кейде шаршады, адасты. Бірақ өмірдің темір тегеуіріне дер кезінде жөнделі отырды. Осы тұста Күнтуар Ерғазыдан көз жазып қалды. Ал Күнтуарды Ерғазы өзі іздеп келмеді. Ақыры бұ да көздеген мақсатына жетті, қазақтың әйгілікті археологтарының бірі танылды.

Міне осындай күндерінде, тіршілік атты ұлы мұхитта екі дос тағы кездесті. Ашаршылықта татқан құйқаның дәмі ауыздан кетпейді. Қиын шақта Ерғазының берген жәрдемі көкейіне алғыс болып қонып қалған Күнтуар, ескі досын бұрынғысындай құшағын жая қарсы алды. Ақтарыла сырларын ашысты. Бір кездегі жомарт көңілдер қайтадан табысып, бір бірінен сыйсипаттарын аямады.

Бірақ бұл мезгіл Ерғазының бақ тасы бұрынғысындай өрге домалап тұрмаған кезі еді. Доктор, профессорлығына қарамастан, ғылыми зерттеу институтының директорлығына бұл емес, басқа адам — бекітілді. Ерғазы орынбасарлыққа ғана өтті. Ғылым академиясына сайлауға түсіп, соры жеңіп корреспондент-мүшелікке керек дауысты ала алмай қалды. Сөйтіп жүргенінде директормен екеуінің арасы қым-қиғаш дау-жанжалға, ренішке айналды да кетті. Ерғазы өзінің осы тұстағы сәтсіздігінің бәрін, институттың біраз тағдыры қолында тұрған үлкен оқымысты академик Вергинскийден көрді. Бір кезде Күнтуар да осы кісімен бір мектепте оқыған, бертін келе қызмет бабында да байланысы болған, ал археология ғылыми-зерттеу жұмысына ауысқаннан бері тікелей қарамағына көшкен. Осындай академикпен

арасы жақсы жолдасына Ерғазы, бөтен ешкімді таба алмағаннан кейін, өзінің күнәсіз екенін айтып, араша түсуін сұраған. «Мені академик Вергинскийге бірсулердің жамандап қойғаны даусыз. Тек сол кісіге бір жолығып түсінісем екен, қолынан келсе, сөйлестір» деп өтінген.

Әрине Құнтуар көнген. Ол академиктің аяулы, парасатты адам екенін білетін. Расында да Алексей Максимович Вергинский ақылды, кімге болса да қолынан келер көмегін аямайтын кеңпейіл жан еді. Құнтуарға да жүдеп жүрген кезінде аз жәрдем бермеген. Тіпті қайтадан археологтар қатарына келіп, өзінің дарынын көрсетуіне де себепкер болған. Құнтуар оны құр ескі досым, үлкен ғалым деп қана сыйламайтын, өзінің тағдырына бола жаратылған бір періштесі санайтын. Және Ерғазының қызмет дәрежесінің қазіргі төмендеуіне оның әсері тиіп жүргенінен де хабардар еді. Бұл жайында Вергинскийдің бір сөзі есінде қалған. Бұрын ғылыми-зерттеу институтына кісі іздеп жүрген күндердің бірінде Құнтуар өз шаруасымен академикке келген. Ол ананы-мынаны әңгіме етіп отырып кенет:

— Сенің досыңды институтқа директор етіп бекітпедік. Анкетіне қарасақ доктор, профессор болғанмен, өндірісте бір күн жұмыс істемепті,— деген Вергинский.— Ал бұл ғылыми-зерттеу институты, өндірістің мұң-мұқтажына бейімделген институт қой.

Академиктің кім туралы сөйлеп отырғанын Құнтуар түсінбей қалған.

— Менің қай досым туралы айтып отырсыз,— деген ол.

— Ерғазы ше? Екеуің бірге қызмет істедіңдер ғой, және ескіден дос екендерің есімде...

— Ия, әлі де доспыз. Бірақ бір кезде екеуміздің жолымыз екі айрылған. «Ұлы Муравн» романында мынандай бір сөз бар...

— Қандай сөз?

— «Өмірдің сан түрлі жолы бар. Дұрысын тапқан шыңының басына шығады. Ал адасқан құлап кетер шыңырауына келіп тіреледі».

— Дұрыс айтылған.

— Ерғазы болса, шу дегеннен дұрыс жолға түсе алды...

— Сен одан кем қалдың ба? Сәл адастың, бірақ данғыл жолыңды тез таптың. Атақ-бағың, беделің, құдайға шүкір, қазір ешкімнен кем емес.

— Әрине ғой,— деген Құнтуар. Кенет ол ойлана қалған,— мен мұны Ерғазының дәрежесін, докторлығын, профессорлығын күндегеннен айтып отырғам жоқ. Жалпы қызғану, көре алмастық деген неден туады? Өзгенің жазғаны, істегені қолынан келетін адам, басқаның шыққан төбесін күндемесе де, қызғанбаса да керек-ті.

— Дұрыс айтасың...

— Өз басым ондай мүшкіл сезімдерден аулақпын... Досым түгіл, қасымның да орынсыз құламағанын жақсы көрем...

Міне осы адам Ерғазы жайындағы сөзді бір күні тағы өзі бастаған.

— Сенің досың,— деген ол тағы.— Жаңа бастыққа тіпті жұмыс істетпей жүрген көрінеді. Бұнысы қалай?

Күнтуар шынын айтқан:

— Әрине, араларындағы тартыс-таласқа тек бастықты ғана кінәлі деу қиын болар. Ерғазы да бөлендей жыл осындай институтты басқарған адам. Тәжірибесі де, білімі де ешкімнен кем емес. Өзінен атағы төмен адамның айтқанына көне қоймауы да мүмкін. Мұндайда айып Ерғазы жағында болу да табиғи зат...

— Ғылымда — ғылымды басқару емес, оны ашу қымбат.

— Біреу арманына жылай жетеді, біреу жырлай жетеді. Өмірбақи басқаруды ғана үйренсе не істейді?

— Бар бөленің өзі осында ғой! — Академик күлген.— Бәрімізде басқаруға құмармыз.

— Өйткені арман әркашанда адамның өз жанынан табылған, тек оған жетуі өзгеден .

— Дегенмен таң қалам,— деген академик аздан кейін,— өндіріске бір күн жұмыс істемеген адам, бөлендей жыл сол өндіріспен байланысты, сондай үлкен институтты қалай басқарып отырды! Бөлім бастығы оны бұл институтқа директор етіп қойғанда және жұмысының мәрдімсіздігіне қарамай ұстап келген де бәріміз сыйлайтын... бөленшекең дейді. Бөлім бастығы және сенің Ерғазыңды со кісінің туысы деп жүр ғой! Бізді құртатын осындай ілік-шатыстықтар екені белгілі. Әсіресе ғылымда туыс-туғандық болмауы керек. Ғылымға адамды жақындататын тек дарының, еңбегің...

— Ерғазының оған туыс екені бекер, академиктің директор етіп көтергені рас. Бірақ кімді-кім көтермей жатыр, со да айып па? Тек адам көтергенді ақтай алса жарайды ғой.

Күнтуар бұдан артық ешнәрсе айта алмаған, өйткені Ерғазының оңтүстікте жұмысын қалай атқарғанын, тіпті білмейтін. Бұл жағы Күнтуардан көрі, Вергинскийдің өзіне көбірек белгілі еді.

Сөйтсе де, Күнтуар академикпен Ерғазы жайында тағы сөйлесті.

— Ерғазы сізге өкпелі,— деді ол Вергинскиймен бір кездескенінде,— әнеукүні ғалымдардың мәжілісінде өзіңізге кездесіпті ғой, шақырып сөйлесем деген екенсіз, содан бері бітеу жара боп «қашан қабылдайды» деп күтіп жүрген көрінеді.

Академик үндеген жоқ. Күнтуар әлдеқалай Ерғазы жайында төртінші рет сөйлеспекші болып еді, Вергинский сөйлескісі келмейтін сынай көрсетті.

Күнтуар бұдан кейін ол кісімен Ерғазы туралы әңгіме қозғаудың ыңғайын таба алмаған. Тек ішінен «үлкен ғалым болғанменен, бұ да басы жұмыр пенде ғой, бірдемеден көңілі қалған шығар Ерғазыдан, сол себептен де сөйлескісі келмейтін болар» деді де, бұл мәселені тіпті аузына алмай қойған.

Содан кейін Күнтуардың қолынан ештеңе келмейтінін білген Ерғазы да бұнымен кездесуін кілт доғарған. Бірақ Ерғазымен ауруханада жатқан кей кісілерден «академик жөнінде оның айтқан сөзінің бәрін Вергинскийге жеткізіп жүретін көрінесің ғой» деген тәрізді сөздерін кейде құлағы шалып қалса да, Күнтуар мән бермеген. Өйткені академикті даттап Ерғазы да бұған ештеңе айтпаған. Айтылмағанды айтылды деп ешкімге тіс жарып сөз етіп көрмегендіктен өзінің арын таза санап, кәкір-шүкір өсекаяңға көңіл қоймаған. Міне сол Ерғазымен кеше ойламаған жерден ұшырасып қалған.

Ерғазының соңғы жылдары бұнымен сөйлеспей кеткеніне іштей өкпелеп жүрсе де, оны ойынан біржолата шығарып тастай алмаған, сондықтан кездескен жерден-ақ:

— Саған не болған? Тіпті жөндеп амандасудан да қалыпсың ғой,— деген.

Анау Күнтуарға нағыз бір қылмысты адамдай түксие жауап қайырған.

— Оған өзің айыптысың!

— Қалайша?

— Академик Вергинскиймен сөйлестім. Ол: «сен жайындағы менің бар теріс пікірім Күнтуардың сөзінен туған!» деді. Сені дос санап жүрсем, барып тұрған әзәзіл екенсің ғой. Менің Вергинский жайындағы айтқанымның бәрін оған жеткізіп жүріпсің!

Күнтуар досының сөзін алдыменен жөндеп түсінбеді. Түсініп еді, жүрегі кенет қабынып, бетінің реңі құқылдана, көзінің шұғыласы бұрынғысынан да өртене, жарқырай қалды.

— Сенің есің дұрыс па? Өзің не айтып тұрсың? — деді ол аузына бөтен сөз түспей.

— Естіп тұрған жоқсың ба? — деді Ерғазы шаян көзі шатынай, ерні кезеріп кетіп.— Маған академиктің өзі айтты. «Сенің күнәң Күнтуардан!» деп. Көр сөзіне сенбей!

Ия, Вергинскийдің өзі сүйдеген болса қалай сенбейді? Әрине, сенеді.

— Сонда мен не деппін? — деді Күнтуар тоңып кеткендей қалтырап.— Бұл сұмдық екен!.. Аузыңнан шықпаған сөзді ол кісі саған қалай айтты? Өзіңнің есің дұрыс па?

— Қайсыңның есіңнің ауысқаның қайдан білейін. Менің сөзімді өтірік десең өзінен сұра!

— Сұрармын!

— Қайсыңның қара бет екеніңді сонда білерсің!

Ерғазы «бәлем, сазайынды бердім бе» дегендей, орнынан түрекеліп, өз жайына жылмия кете барды.

Күнтуар біреу дәл маңдайынан ұрып жібергендей орнында отырып қалды. Көңілі айран-асыр мазасызданып оқиғаның түбі неден шыққанын түсінер емес. «Әрине, академиктің аузынан шықпаса оның атынан өлгідей адамның жанын мертіктірер қауіпті сөзді Ерғазы айтты дей алар ма? Бірақ сонда қалай болғаны?

Расыменен Вергинский сондай құбыжық сөзге аузы барғаны ма?» Жанындай жақсы көретін адамына деген өкпе енді Күнтуардың жүрегіне біздің өткір ұшындай қадалды. Түні бойы ұйқы көрмей дөңбекшіп шықты.

Ертеңіне академиктің хатшысына телефон соқты, Вергинскийдің дереу қабылдауын өтінді. Хатшысы академиктің Шығыс Қазақстанға жүріп кеткенін айтты. Күнтуар, амал жоқ, өз қайғысын өзі арқалап қала берді. Міне қазіргі толқу да осыдан еді. Вергинский сапар шегіп кеткеніне бір жеті болған. Келуіне де әлі екі-үш күн бар. Ал осыдан бір апта бұрын лаулай жүрегін алған өрт, әлі бір сәт те баяулаған жоқ. Ақыл, ойын, миын өртеп әкетіп барады. Ерғазының айтқаны есіне түсіп кетсе, түн ортасында төсегінен атып тұрады. Өн бойы дулап, не істерін білмей, ерсілі-қарсылы жүре бастайды. Нағыз адам деп ойлап жүрген кісілердің мұндай уақ мінез көрсеткендері оған өте батады. Алғашқы күндері ол академикке қатты өкпелеп, айтуға сөз таба алмай, әлсін-әлсін күрсіне берген. «Малдың аласы сыртында, адамның аласы ішінде» деген міне осы екен ғой деп, лүпілдеген жүрегін қолымен басып, қылдай сезімі жанына арқандай батып ойға берілген. «Осы уақытқа дейін мен академикті қалай білмей келгенмін! Әлде ол менің сөзімді дұрыс түсінбеді ме, түсінсе де бөтен біреулердің айтқандарымен шатыстырып алды ма? Өзгелерден гөрі, мүмкін, мен есінде көбірек қалған болармын? Бірақ айтпаған өсекті қалай айтты дейді? Бұл пәк сезімді, адал ойлы оқымыстыға лайықты қасиет пе? Жарайды, мен тіпті, солай деп шағыстырайын-ақ сонда өз басы, өз пікірі, өз ақыл, ойы қайда? Біреудің айтқанымен, егжей-тегжейіне жетпей, басқаға қаһар төгуге бола ма? Бұл үлкен адамды көгертетін қылық па? Жоқ, бұның бәрі бұлай емес. Бұнда бір түсінбестік бар. Қайткенмен де өзіне тез жолығуым керек. Анығын білмей өкпелеу жөн емес. Тек тезірек келсе екен». Ақылға сала келе, академикке деген ашуы, өкпесі, ызасы бірте-бірте енді Ерғазыға ауған. «Жарайды Вергинский солай десін-ақ, сонда Ерғазы қалай осындай сөзге сенді? Қалай менің бетіме әнеугі балшықтан да ауыр, лас сөздерін лақтырады? Мені сондай жамандыққа барады деп қалай ойлады? Бәлен жылдан бері жолдас болып жүріп менің жүрегімнің адал екенін білмегені ме? Біле тұрса да, Вергинскийдің үлкен адам екеніне бас ұрып, маған сондай қиянатты, досыңды да жау ететін сөздерді айтуға барғаны ма? Әрине, барғаны ғой. Олай болса, сондай жаман адам үшін неге налисың, несіне жаныңды ауыртасың?»

Адамзат сыйласуының, мейірбандығының ең мөлдір көзі достық. Ол ешуақытта да шөлдетпейтін, жаныңды рахаттандыратын бәлзем. Кісі қартайғанда шын махаббаты адал достыққа айналады. Ал адал достығы шын махаббатқа көшеді. Бұл қасиеттер екі кісінің арасында тартылған көзге көрінбес болат шынжыр. Оны ештеңе де үзе алмайды. Уақыт та, қиындық та. Тек ажал-

дың ғана әлі жетеді. Бүкіл адам баласын, жер шарының бар ұлттарын, осындай ешкім бұза алмас күштер мәңгі сөнбес бақытқа жеткізеді.

Күнтуар достықты осылай түсінген. Өзі достық үшін жан беруге бар. Дос саналған адамға кір жұқтырмақ түгіл, оны өкпелетіп, ренжітіп көрмеген. Ал Ерғазы болса солардың ең аяулысы еді. Сол себептен де оның сөзі жанына жаман батқан. Көңілін қалдырып ашуландырған.

«Жоқ, жоқ,— деді ол күйіне қайтадан — жетеді! Жетеді! Мен оны енді тіпті көрмеймін! Көрмеймін! Атасына нәлет!»

Енді кенет Ерғазыға деген Күнтуардың ішінде бір ызалы қызыл туып, оны жеккөре қалды. Бұнысы өзінің көңілінің ақ болғандығынан ба? Ақ бола тұрып, Ерғазы секілді болмашы адамның жапқан қара бояуынан шошынғаны ма? Әйтеуір өнбойын күннен-күнге қусырып бір жеркеніш сезім билеп әкетіп барады. Ол сезім «сондай сөзге мені қалай қиды» деген сұрақпен тұтасып енді тек Ерғазыға ғана емес, өзі шын құрметтейтін Ақгүлге де ауа түскендей. Адамның аузы бармайтын сөзге бұлар қалай сенді? Ау, бұлар менің әзәзіл жан емес екенімді білмегендері ме? Әлде біле тұрса да, жала жапқылары келгендері ме? Өзің қары болмай, қарының сөзіне сенбейсің дейді жұрт, өздері сондай адам болғандықтан, мені де жамандыққа қиғандары ма? Жоқ, жоқ, Ерғазы ез болғанменен, Ақгүл адал жан! Бұл бір мен ұқпайтын сұмдық!»

Міне Күнтуар қазір осындай күйде еді. Әсіресе оған бататын тағы бір жағдай бар. Ақгүлмен еріп келген, Ерғазының Арман атты өгей ұлы биыл Мәскеу университетін бітіріп Күнтуардың қарамағына келген. Өзінің жалғыз баласы Дәниел, әкесінің әйгілі археолог екеніне қарамай, оның жолын қуудан бас тартқан. Жазушы болмақшы еді. Ал Арман өгей әкесіндей археолог мамандығын қалаған. Жасынан өзіне таныс осы жігітті Күнтуар неге ұнатып қалғанын өзі де білмейді. Рас, оның дарынының қаншалық терең екені көрі инженерге әлі мәлімсіз. Дегенмен, әке-шешесінің жақсы адамдар екенін еске алып, түбі тәрбиелей алсам, осы менің ісімді жалғастыратын ғылыми мұрагерім болып қалуға мүмкін ғой деп ойлаған. Өйткені құс қанатсыз, жылқы тұяқсыз, ғалым оқушысыз шарықтай алмайды ғой. Ал археологтың артында бұның ісін жалғастырар мирасқор жақсы оқушысы, жас серігі жоқ еді. Сондықтан да Күнтуар оған ықласын өзгеше аударған. Ал қазір, Ерғазыға деген инженердің өкпелі көңіл зауқы, нала сезімі оның баласына қарай көшпесе нетсін... Жоқ, бала жазықты емес қой. Бірақ бір көл суының үсті лайлы, асты таза болмайды. Алма ағашына құрт түскенде бұтағында өсіп тұрған алмасы сау қалмайды. Бұл табиғи заң... Сөйтсе де, ғалым өн бойын билеп кеткен өкпе-ашуға өзін біржолата құл еткізгісі келмеді. Ақылға салып, әкесіне деген суық-салқынын баласына тигізбеуге тырысты. Осындай халдегі Күнтуар столының қасына

қайта отырды. Көңіл кірбің, ой шұбәлі: Тағы тұңғиыққа бойлай жөнелді. Бұл жолы көңіл жамалын Дәннелі мен Арманның арасына аударды. «Бұл екеуі сыбайлас-катарлас болғанменен бәлендей жақсы емес тәрізді. Әрине, ондай араздық әкелерін арасындағы қырыс-теріс қабақты бәлелерден туған жоқ. Екеуінің қырғи қабақтығына себеп тек Жаннат. Бұлаудай боп өскен, ибалы осы қыз кеше ғана Дәннел десе қоң етін кесіп беруге бар секілді еді. Ал, бүгін оған не болды? Махаббат деген қызыл шұберек емес қой, тез оңбаса керек еді. Тек бояуы осал асыра кеуек мата ғана бір жеті күннің көзінде тұрып, екі мәртебе жанбырмен жуылса, бозарып шыға келеді. Әлде қыз жүрегі аумалы, төкпелі келеді ме? Әрине, менің Дәннеліме қарағанда Арман келбетті де, сымбатты да. Бірақ дүниеде не көп, көрікті жігіт көп, соның кездескеніне көңілі ауып, бұрынғы жақсы көрген адамынан теріс бұрылып кете берсе, қыздың жүрегінен не қалады?.. Ол кімге жетеді? Бау, адамзат-ай! Қандай сан қилы, сан сырлы болып жаратылғансың? Өз бақытың үшін өзгені аямайсың! Жаннат та сондай аяусыз жан болып шыққалы тұр ма? Жалғызымның халы қандай болады? Шешесі ерте қайтты, әке деген ондай азар іске олақ келеді. Ақыл айтып, қайғысын басар кімі бар? Ешкімі жоқ. Не көрседе өзі көреді. Ал жалғыз тартқан қайғы әркашанда аяусыз. Шыдай алар ма? Әлі жас қой. Бұның жасында махаббат күйігінен ауыр адамға күйік жоқ. Төзе алса жарар еді. Әй, білмеймін, тым жұмсақ мінезді, ал махаббат азабы деген өте тегеурінді, жас жігіт түгіл, көк темірден берік қаһармандарды да саз балшықтай илей алған...».

Күнтуар ойын тұмандата жөнелген осы бір ауыр қайғыдан құтылайын дегендей, кенет басын көтеріп алды. Стол үстіндегі құмыраны былай сырғытып жіберіп шеттеу жатқан жуан қолжазбаны өзіне қарай тартты. Бұл оның көп жылғы күнделік дәптері ретінде сақтап келген еңбегі еді. Баспаға дайындалған түрі. Ертең апарып тапсырмақ. Бұл, әрине, археологиялық табыстары, көптен бергі еңбегінің құр қортындылары ғана емес, сол археология жөніндегі ізденулері, өмір, бақыт, ғылым жайындағы ұзақ жылдар бойы жинап келген шабытты ойлары, жас ұрпаққа айтайын деген қанатты өсиеттері. Өзінің ғылымнан, дүниеден күткен алтын армандары, алдағы күнге деген уыз қиялдары, баласы, жолдастары, өзі жайындағы тәлім-тәрбие пікірлері. Қысқасы қара қылды қақ жарып айтқан өмір шежіресі, қиялнамасы. Бұл еңбегін ол өмір бойы жазған. Әр жолы, әр сөзі жүрегінен шығып, ақыл арнасынан туғандықтан, бұл қолжазбасы оған өте қымбат еді. Егер әр сөз шалымы кең осы жазғандарым кітап болып шықса, дүниедегі бір арманымның орындалғаны деп ойлайтын. Кейбір көңілі жасып, ойын ғасірет жүдеткен кезендерде Күнтуар алдындағы қолжазбасын оқи бастаса, көктемде келген жыл құсын алғашқы көргеніндей, көңіліндегі күздің қою бұлттары тарап, жаны жадырап сала беретін. Ашық аспандай жай-

дарлы жұмыс сағаттары келіп, өлшеусіз қызық ойларға көміліп, кілт өзгеретін.

Бірақ бұл жолы қолжазбасы да оның қамыққан көңілін аша алмады. Бір-екі бетін оқып көріп еді, жаны селт етпеді. Ақыл-ойы желсіз күнгі қара судай тұнған қалпынан қозғалмады.

Күнтуар түрекеліп, ашық терезенің алдына барды.

Ымырт үйіріліп келеді екен. Аспан мақпал қара тартып, жұлдыздар көк төріне күміс теңгедей бадырайып шығып қалған. Сырттағы жұрт та азая түскен. Қаракөлеңкеленген көшелерде тек ағыл-тегіл танбай аққан машиналардың жарықтары жылтыр асфальт пен сұрғылт үй қабырғаларында жарқырай ойнап, сырғи барып жоқ болып жатыр. Жаңа ғана су сепкіш машина өткендей дымқыл тартқан түнгі ауаның көктемдегі хош иісі мұрынды жарады. Аспанда жаңа ғана туған ай сәулесіне бөленген жасыл шаһар бейне бір күміс тор жамылғандай. Күндізгі ақ сәлделі Алатау, түнде қара барқын тартып, қалаға таяй түскендей...

Күнтуар «Дәнелдің келетін уақыты асып бара жатыр ғой, қайда жүр?» деп ойланып үлгіргенше, (ол жырмадан аскан баласы айтқан мерзімінен көбірек кешіксе-ақ үнемі осылай апшысы қуырылып қобалжи қалатын) кенет, қора жақтағы бау-бақшадан «құтқара көріңдер!», «ойбай, өлдім!» деген ащы дауыс шар-шар етті. Күнтуар селк ете қалды. Дауыс оған Жаннаттың даусы секілденіп естілді. Жүрегінің қыспа ауруына қарамай, Күнтуар аптыға есікке қарай ұмтылды. Бұл ситіге басып, қорадағы алаңға келгенше, қарсыларындағы үлкен үйдің жас жігіттері де жетіпті. Айқайлаған шынында Жаннат екен. Ол жүрегін қолымен басып әзер тұр. Бұл Дәнелге жолықпақшы болып, Күнтуардың үйіне таяй берген кезінде, сол жақтағы ағаштардың арасынан ербиіп екі жігіт шыға келіпті. Иығына ілген сумкасын жұлып алып, өзін қараңғы ағаш арасына қарай жұлқи ала жөнеліпті. Біреуі Жаннаттың аузын басып үлгіргенше, қыз жанталасып, қарбанып «құтқарыңдар!» деп айқай салып үлгіріпті. Қарсы үйдегі жігіттер жүгіріп шыққан кезде әлгі екі қарақшы қаша жөнелген. Жігіттер қуып жете алмай қалған. Оқиғаның қалай болғанын естіген Күнтуар, әлі де үріккен еліктей үрпиіп тұрған болашақ келінін уатып, үйге алып кірді.

— Қазір Дәнел де келіп қалар,— деп Жаннатқа сөйлеп келе жатты да кілт тоқтай қалды. Жаннат оған таңдана қарады.

— Япырм-ау, жаңа ғана столдың үстінде жатқан еді ғой,— деді абыржып археолог,— әлде тартпаға салдым ба? Кәрілік деген міне осындай, қолыңдағыны қайда қойғаныңды ұмытып қала бересің...

Ол сасқалақтап біресе столдың тартпасын, біресе кітап шкафтарын ашып жоғалтқанын іздей бастады.

— Япырм-ай, кімге керек болды екен, ә?.. Бұл неткен ғажап? Жаңа ғана стол үстінде тұр еді ғой,— деп Күнтуар күйіне, ана жерді бір, мына жерді бір шұқылай үйдің ішін кезіп жүр...

— Ата, не жоғалттыңыз? — деді қыз археологқа жаны ашып...

— Қолжазбамды, қарағым... Жаңа ғана осы жерде қарап отырғанмын. Сырттан сенің даусыңды естіп шыға жөнелгенімде де дәл осы жерде жатқан... Сірә, біреу терезеден әдейі түсіп алып кеткен тәрізді гой... Кімге керек болды екен, басқаның ойлары, ә?.. Япырм-ай, бұл неткен сұмдық!.. Әлде асханаға апарып тастадым ба?..

Күнтуар аяғын сылбыр басып екінші бөлмеге қарай беттеді. Жаннат әлденені ойланып тұрды да, дереу стол үстіндегі қағаз бен қарындашты алып бірдемелерді жазды да, үйден асыға шығып кетті.

Әп-сәтте құп-қу боп жүдей қалған инженер бөлмеге қайта оралды. Ол ауыр күрсініп, жан-жағына қарап сәл сұлық тұрды да жұмсақ диванға барып отыра кетті. Күнтуар жасып қалғандай төмен қарап, үн-түнсіз ұзақ отырды. Дәл осы кезде үйге ашаң жүзді, талдырмаш денелі, үлкен қоңыр көзді бала жігіт кірді. Бұл Дәниел еді. Баласы келгенде жүзі жаз шыққандай жадырап қоя беретін әкесінің үн-түнсіз табжылмай отырған түрін көріп, жанына асыға жетіп барды.

— Көке, көке, бір жерің ауырып отыр ма? — деді ол әкесінің иығынан құшақтай, бетіне еңкейе қарап.

Күнтуар басын көтерді.

— Жоқ, жүрегім сәл шаншып кетті. Жаңа ғана стол үстінде жатқан қолжазбамнан айрылдым...

— Дәниел ешнәрсеге түсіне қоймады.

— Қолжазбам дейсіз бе? Ол қайда кетті?..

— Жаңа Жаннат айқай салған шақта осы жерде жатқан еді. Далаға жүгіріп шығып қайта келсем қолжазбам жоқ.

— Жаннат дейсің бе? Ол осында келіп пе еді...

— Ия, жаңа осы арада тұр еді ғой. Қолжазбам ана жерде жатқан.

Дәниел әкесінің көрсеткен тұсына қарады. Стол үстіндегі бір жапырақ қағазды көрді. Лып етіп барды да, қағазды алды. Асыға оқи бастады.

— Бұл не сұмдық? — деді даусы кенет дірілдеп кетіп.

— Ол не, қалқам?

— Жаннат хат жазып кетіпті.— Дәниел хат сөзін даусы дірілдей қайтадан оқып шықты. «Дәниел, кешір мені. Өзіңмен сөйлесіп, бәрін түсіндірмекші едім, жолым болмады. Қырсығым Күнтуар көкеме де тиген секілді. Сені бұдан әрі күтуге дәтім шыдамады. Енді саған жоқпын. Арманмен бірге экспедицияға жүріп бара жатырмын. Махаббат деген ұлы күшке қарсы тұра алмадым. Сені аяймын, бірақ қолымнан ештеңе келмеді...

Қош! Жаннағың».

Дәниел хатты оқып болды да, созыла барып стол жанындағы орындыққа отырды. Қағаз жерге түсіп кетті.

Күнтуар енді өз жоғалтқанын ұмытты. Екі қолымен бетін басып, столға сүйеніп қатып қалған Дәниелдің әлсін-әлсін иықтарының көтерілгенінен жылап отырғанын түсінді. Жүрегі удай ашып, жанына барды.

— Қалқам,— деді ауыр күрсініп,— бүгінгі күн бізге бір бақытсыз күн болды ғой... Сен Жаннатыңнан, мен ұзақ жыл жазған қолжазбамнан айырылдым...

Баласы жауап бермеді. Тек оның иығы жиі-жиі көтеріле берді. Аялап өсірген жалғыз ұлын Күнтуар жанынан да жақсы көретін. Тек осының артында қалдыра көрме деп тілейтін құдайдан. Қартая бастағаннан бері ол бұл дүниеде өзіне деген екі-ақ қызық қалғанын сезінетін. Бірі осы Дәниелі, соның болашағы, табысы, жеңісі. Екіншісі — өз еңбегі, зерттеуі, ізденуі.

Сөйткен жалғызының қазір көкірегін қарыс айырған қайғыға шомылғанын көргенде, өңменінен шаншу қадалғандай бір орнында тұра алмады. Оның көз жасынан өз жүрегі күйреніп кетті. Дәнелін баяғы жас күніндегісіндей, алдына алып әлдилей, аялап сүйіп, уатқысы, жұбатқысы келіп кетті. Бірақ жігіт болып қалған баласын қалай уатады, қалай жұбатады? Не деп тоқтау айтады? Ал жұбату да, тоқтау да айту керек. Өйтпесе, жас адам, қауызын жаңа жарған гүл тәрізді, өкіністің азнаған үскірігіне шыдай алмай, мезгілсіз солып қалуы да мүмкін...

— Құлыным,— деді Күнтуар ширақы үнмен,— жаман ой, масыл ой ақылыңды серпілтпейді. Жасыңды сүрт, басыңды көтер. Қайғы деген ауыр дүние. Бірақ жас төккізетін қайғы бар да, жан ашуын шақыртатын қайғы бар. Сенің жасыңда мен қыз үшін емес, халқым үшін жылағанмын. Қолына мылтығын ұстап фашизмге қарсы шыққан өзіндей өрен жастардың талайы сүйген қызынан, адал жарынан айырылған. Сүйгендерінің опасыз болғандары да бар... Майдангер достарына тағдыр жазбағандары да көп. Бірақ сол жігіттердің бірде-бірі қайғыдан қабырғалары қайысса да, құт-берекелерін қашырып, қайрат-жігерлерін құм етпеген. Оларға өз басының қасіретінен, Отанының қасіреті қатты батқан. Сол үшін жауымен аянбай күрескен. Өз бастарының бақытсыздығын ұмытқан. Қапелімшіл қасіретті еміпіп, бойрап, бүлініп қалмаған. Сенің алдыңда да, таудай міндет бар. Рас, қазір соғыс жоқ. Бірақ жанаямай ат салысар халқының арманы көп, болашағы бар. Қыршын жас, ер жігіт өз басының тіршілігіне, халқы тұрғысынан қарауға тиісті. Тәуекел дариясына қайығыңды сал. Халқың үшін өз қасіретіңді ұмыт. Қаламыңды өткір қайрап, Жаннаттың әлегімен соңғы кезде тастап кеткен, жұртына керек кітәбіңе кіріс. Жанынды жабырқата беретін қандай беймаза қайғыны болса да еңбек жеңеді. Сен де өзіңді еңбекке жеңгіз.

Дәниел тағы жауап бермеді. Тек жылауын тоқтатып, жасын сүртіп, орнынан созыла барып түрегелді.

— Ия, көке, бәрі солай ғой,— деді ол күрсініп біраздан кейін.— Бірақ махаббат кеселі табанына кірген шөнге емес, жүрегіне қадалған тікенек... Оны бірден қалай жұлып тастарсың! Мезгілі жеткенде өзі де кеудеңнен сары запыран боп шығып бітер. Ал қазір... бұлай күрт сынды деп ренжіме, көке... Өзімді берік ұстап қалуға күшім жетпеді. Тым жақсы көретін едім мен Жаннатты...

Күнтуар баласының басынан сипады.

— Көптен жаман, аздан жақсы шығады, қалқам... Жаннат төңкерілген тоты құстай көрікті көрінгенмен, нашар қыз боп шықты ғой, қайтесің... Ризық солай шығар.

Бұдан кейін екеуі де үн-түнсіз тұрып қалды.

Түн қараңғысы қоюлана түсті.

Екінші тарау

Қазақтың күнгейіндегі дархан дариясы, ұлы өзені, сұрғылт сулы, толықси ирелене аққан Сырдария мен бірімен-бірі жалғасып кеткен дөңкиген жоталы, еңіс, бөктерлі қарт Қаратауының арасы ежелден-ақ жаз бойы қайнаған ыстық келетін. Күншығыс жағы күлше сұрғылт топырақты, безерген тақырлы, күйгелек желді елсіз құлазыған атрап. Мұнда күздің сұрқай мерзіміне жетпей, кей дақылсыз жылдары тіпті жаз ортасы аумай-ақ шандақ боп қуарып, сілемі шығып қалатын дәрмене, бозаң, жусан, көкпек өседі. Тасбақадай тырбиған баялыш пен өзге малдан көрі түйеге шүйгін кермек, шағыл, изен кездеседі. Қысы қарлы, көктемі қара суықты, жаңбырлы жылдары осы құмайт, шөлең жерде бұл қара оттар бітік шығып, күзге дейін тұрады. Ал қуаншылық жаздарда олар жетік бітпей, күн қыза бастағаннан-ақ күйіп, қуарып кетеді. Бұл атраптың күнгей тұстағы, құммен шектес, алыстан қарауытқан Қаратаудың соңғы даласын, жотасы мен қобасын, күнес, қыры мен күңгірт беткейін бозғылт көде мен күйреуік шеркез, түйе қарын, боз жапқан. Сырдарияның қамысты, торағылы, жиде ағашты жағасы болмаса, бұл жадағай жаланаш өңір аққу, қазды Арқа жеріндей емес, құсқа да бәлендей бай келмейді. Көбіне бұл араны жаз көгілдір тартқан сарғыш дуадақ, қоңырқай безгелдек, қара бауыр буылдырық, сидиған сиракты тарғақ, тышқан аулайтын ақсарыбас құс тәрізді қыр құстары мекендейді. Бірақ осы құлазыған жапан түз аңға бай. Құмға жақын жерлерінде шидей аяқты лақтары шешелерінен қалыспай жарысқан топ-топ бөкен, байырғы заман тау текесі, тау бойларында мүйіздері дағарадай ақтаңлақ арқар, жазық өңірінде мыңдап шұбырған қара құйрық киік. Қара қылшықты сұрғылт қасқыр, қызғылт жүнді қыр түлкісі де мол. Әлімсақтан бері қазақ елі жайлап келе жатқан осы өлке кенге де бай. Тек

зерттелгені қорғасын, мырыш, жер оңдағыш фосфорлы минералдар. Су келсе күлгін топырақты бұл далада сан түрлі пайдалы өсімдіктердің шығуы да хақ. Әсіресе мақта мен күріш. Күні де ыстық, жері де құнарлы. Тек керегі су.

Міне осы Сыр мен Қаратаудың ортасындағы елсіз атрапқа қауырт көп қабат үйлі жаңа қала салынған. Бұл шөлейт даланы игерудің алғашқы бекіністерінің бірі. Осы қаладан Ташкент, Шымкент, Түркстан секілді үлкен шаһарларға кеткен асфальтты қара жолдардан бөтен, кен зерттеп, су іздеп, көне заман мұраларын қазып жатқан экспедицияларға жіңішке жадау, тарақ сүрлеулер де барады. Осы қалаға үш күн бұрын ақырғы тәжірибе жұмысына Алматы қыз-келіншектер институтының соңғы курсынан Өрік атты қыз бен жақында диссертациясына айғақты материалдар іздеп жас ғалым, тарихшы Пейілжан келген.

Күн бүгін тымырсыған ыстық еді. Күнгейден соққан орасан қапырық жел көріктің жалынды лебіндей бет қаратпайды. Ақ сортанды, бұта-бұдыры сирек далада сәске көтерілмей жатып, селдір сағым көкжиектің құбыла тұсын тегіс жауып алған. Алыстан көгілдір толқынды ғажайып бір теңіз тұлап жатқандай боп көрінеді. Күннің ыстығынан қалайыдай ағарып кеткен жайшылықтағы түпсіз кең көк аспан, шыр айналып жерге құлап түскелі тұрғандай. Жер бетінде қыбырлаған жәндік, аспанда қанат қаққан құс жоқ. Күн көзі әлем біткенді қорғасындай балқытып, бүкіл жанды-жансызды жалынды құшағымен қысып алып, тұншықтырып жатқандай. Жоқ, бар дүние дәл осы сәтте ауа жетпей қысылып өліп кеткендей. Көк те, жер де марту басқандай қыбыр етер емес, бәрі өлік... Осы тапырық өлі әлемде тек бір-ақ адам тірі секілді. Ол — Пейілжан.

Шын ғашық жамандыққа бармайды. Махаббаты үшін күюге, жануға дайын, үн-түнсіз жүректегі азап отына шыдай береді. Қолына түспес қиял құсына құшағын жайып, тек үміттене қарайды. Бірақ қиянатты, зұлымдықты ойламайды. Ал сонда Пейілжандікі не? Рас, Нұрәлі тетелес, немере інісі. Бірақ әке, шешесі ерте өліп, Пейілжанның үйінде өсіп, туған інісіндей болып кеткен жоқ па еді? Енді міне өзі жоқта оның махаббатын тартып алмақ... Бұл не? Адамның кішкентайынан құлынтайдай тебісіп өскен інісі түгіл, жақын жолдасына да мұндай қиянат істеуге дәті шыдамайды. Ал Пейілжан болса, бұны неге ойламайды? Жоқ. Пейілжан да ойлаған, бірақ бұл жолы жылан боп жүрегіне оралып алған сұрқия сұм, әулекі тілек адамгершілік, адалдық, туыскандық атты мейірбандық қасиеттің бәрін жеңген. Бар ақылын, жан-тәнін қытықтай шымырлатып өн бойыма у болып жайылған Өрік деген тәтті арман билеген де тұрған. Бұл не, махаббат па еді? Иә, бұ да махаббат, бірақ бұл арын, ұятын, адалдығын бәрін тек нәпсіге бағындырған, адамгершілікке ырық бермес

дөрекі, қиқар, жарбағай-жанғалақ сезім еді. Тек хайуан ғана нәпсі құлы. Ал адам біреуді сүйер болса, оны қәусәр суындай таза, гауһартас сәулесіндей мөлдір ләззатпен сүюге тиісті. Сөйтсе ғана ол өзінің де, жақсы көрген адамының да арман-мұддесін адал сақтайды, кір жұққызбайды. Ал Пейілжан ше? Сұмдықтан қап-қара қан құйып ар, ұятын өлшусіз арам етуге бар, тек өз нәпсісінің дегеніне жетсе болғаны. Мүмкін бұл тегеурінді жан сезімінің күші шығар? Өн бойын қусырып бара жатқан құмарлық деген көк айыл, әулекі кәрі жын, ақыл, ойын қырсығымен құртып, адамгершілік парқын біржолата жеңіп кеткендіктен болар? Мүмкін... Әрине, мұндай ырық бермес күшті басу үшін адалдықты қалқан еткен, жан тазалығы көк сүңгідей берік адам болуы керек. Ал Пейілжан кім? Сырты сыпайы, сөзі құнарлы болғанменен қасқыр тектес жан. Күші жетсе ойындағысын орындайды. Ол тек өз тілегінің шабарманы. Қолынан келсе, өзіне ұнамаған ойдың жан алар жендеті. Бірақ одан Пейілжанның беті түгіл, құлағы да қызармайды. Бойымды еріксіз әкетіп бара жатқан зор махаббаттың әлегі, жанымды жегідей жеген ғашықтық күйігі деп өзіне өзі сылтау айтады. Егер өзгеге деген жүрегінің түбінде көмескі аяушылық бар болса осылай қуады, осылай құртады. Адамгершілікті өзінен өзі тартып алады.

Шіркін табиғат, дүниеге осындай қос аяқты сұмдарды да жаратқан қандай қиянатшыл едің! Әлде бұған сен емес, парасатсыздық жүректеріне запыран боп байланған сол қос аяқты сұмдардың өздері ғана айыпты ма? Әрине, өздері! Табиғат адамды титтей қиянат білмейтін нәресте етіп жаратады. Ал зұлымдықты адам өзі тауып алады. Бұған оның тек ауру сана-сезімі, өзімшіл, қиянатшыл жаратылысы ғана кінәлі!

«Арық адамнан сақтан!» дейді Юлий Цезарь. Неге? Жамандық, сірә, ондай кісінің табиғи жаратылысымен бірге бітсе керек. Пейілжан да солай туған тәрізді. Өмір үйретті деуге ол әлі жас. Және өзгеге істеген қиянаты да жоқтың қасы. Бірақ жасы өскен сайын, өзгеге деген жаманшылығың да өсе түсетін шығар, кім біледі? Алтын боп жаратылғанды жез ету қиын. Ал жез боп дүниеге келгенді алтын ету одан да ауыр. Тек сыртын ғана алтынмен қаптауға болады. Бірақ сондай боп туған жанды алған білімі де, басына қонған атақ, бағы да, өскен дәрежесі де өзгерте алмайды. Тек мұндай кісі білімі, бағы өскен сайын, өзінің қара пиғылын жасыра білуді үйренеді. Оның күлім қаққан түрінен, май тамызған тілінен, ішінде не жатқанын айыра алмайсың! Сосын, адам баласы өте ұмытшақ. Талай қылмыстылардың сан ауыр күнәләрін ұмыткан. Ұмытылатын қылмыс — ол адамды қорқытпайтын қылмыс. Сондықтан да Пейілжандар қандай қиянат, қандай жамандық болса да тайынбайды.

Міне сол себептен де ол қазір немере інісі Нұрәлінің жас жанына жазылмас жара салғалы тұрғанын ойлар емес. Бар ынтызары кер бедеудей бұландаған Өрік. Қапелімшіл жүрегін,

шыдамсыз жанын шоқтай күйдірген оның ойнақы қарақат көздері, гүл қабыз нәр құмар еріндері... Сол бір жанаргүлдей жанбыр күтіп шөлдеген қыз, телміре қарап өзін шақырып тұрғандай оған .

Әрине Қайрақтыға Пейілжан Өрік үшін емес, өз шаруасымен келген. Нұралінің осы бір өріктей тәтті, көктемдей көңілді қызды алайын деп жүргенін бұрыннан да білетін. Пейілжан Қайрақтыға түскен күні, биыл ғана институт бітірген Нұралінің, өзінен екі жеті бұрын су іздейтін экспедицияға отряд бастығы боп жүріп кеткенін естіді. Інісінің қашан қайтатынын білмек боп, оны күтіп жүрген, Қайрақтыға тәжірибе жұмысына келген Өріктті іздеді. Оны қыздар жатақханасынан тауып алды. Екеуінің осы кездесуі қалай әзіл-әңгімеден басталып кеткенін өзі де сезбей қалды. Тек соңынан барып осы кездесу — жүрек сезімін күрт өзгерткен ләззат өзекті өзгеше кездесу болғанын бір-ақ білді...

Пейілжан елең-алаңнан тұрған. Бұның сорына қарай бүгін демалыс күні екен. Күнұзақ не істерін білмей, бір жатып, бір тұрып кешті ғашығындай сағына күткен. Әйтеуір, өгізаяңмен асықпай жылжып күткен кеші де жетті-ау! Енді ол асыға киіне бастады. Кешегі бұлардың кездесуі тек біріне-бірі қызыға қарап, қыздың дірілдеген ұзын саусақтарын сәл батымсыздау қысумен біткен. Ал бүгін немен тынбақ? Пейілжан бұл жолы да Нұраліні есіне алмады. Асыға далаға шықты. Ымырт үйіріліп, қараңғы түсіп бара жатыр екен. Күндізгі қапырық ыстық басылып, жанға жайлы самал жел тұрыпты. Қаракөк мақпал тартып бара жатқан аспанда ай туған. Түн қараңғысы әлі әбден түсіп бітпегендіктен, күміс сәулесін жер бетіне барынша төге алмай, ай аспанға қадап қойған алтын табақ тәрізді құр жарқырай көрінеді. Дүние жүзі қара көленке. Тек, әр тұста, пайда болған жарық жұлдыздар ғана Пейілжанға «жолың болсын!» дегендей жымың-жымың етеді.

Жігіт кешегі үәделескен поселке шетіндегі бау-бақшаға жеткенше, оңтүстікте жылдам түсетін қараңғылық жер бетін қара көрпедей жаба берді... Пейілжан бау-бақшаның бергі шетінде тұрған ақ көйлекті ағарандаған Өрікті алыстан таныды. Жүрегі кенет дүрсілдей соға жөнелді. Ол жүгіріп кетпей, өзін өзі әзер ұстап, енді асыға жүрді. Қыз да қарсы келе жатыр. Көз көре алмасты жүрек көреді. Өріктің де бұны шыдамсыздана күтіп тұрғанын енді жігіт анандайдан сезді. Енді бұдан әрі бұрынғысынан да жылдам аяндай түсті. Қыз, өн бойын жалын балқытып жібергендей, аяғын былқ-сылқ басып, жүрегі алқына демалып, жігітке таямай тоқтай қалды. Пейілжан асыға қасына келді. Өріктің қолынан ұстап, бөтен сөз таба алмай:

— Мен сені көлмейді гой деп ойлап едім...— деді.

— Неге? — Қыздың даусы күміс қоңыраудың үніндей сылдырлай, еркелей шықты. Пейілжан Өріктің даусынан өзін қызықтыра шақырғандай бір үн естіді. Жүрегі тағы ойнап кетті.

— Білмеймін,— деді жігіт шынын жасырмай,— сенің келуің маған мүмкін емес бір қияпат үлкен бақыт көрінді.

Қыз жауап берген жоқ. Тағы сылқылдай күлді.

— Бүгін жұлдыздар күндегісінен жарық секілді,— деді.

— Маған да солай көрінді... Әсіресе менің жанымдағы жұлдыз аса жарық тәрізді.

— Жұлдыздар көкте ғой...

— Ал менің жанымдағы кім?

— Жай әшейін қыз.

— Әшейін қыз? Жоқ, бекер! — Жігіт кенет қызулана сөйледі.— Менің жанымда жұлдыз бедерлі дүние жүзіндегі ең сұлу қыз! Жоқ, ай бедерлі!

Қыз тағы да жауап бермеді. Жігіттің жүрегін қытықтай түсейін дегендей тек бұрынғысынан да сынғырлай күлді. Пейілжан енді оның қолынан қайтадан ұстады, Өрік тартып алмады.

Жігіт:

— Бетіңнен сүйейін бе? — деді...

— Ұят қой...

— Неге ұят?

— Күнәлі боласың...

— Күнәлі болсам нетеді?!

— Дозаққа күйесің...

— Онсыз да күйіп тұрмын ғой, аясайшы!

— Сен де мені ая...

— Аяғанда не істеуім керек?

— Бетімнен сүй...

Жігіт қыздың дуылдаған бетінен аймалай сүйді. Енді бұлар құшақтаса қатарласа жүрді. Құшағындағы Өріктің бойын билеп кеткен жастық сезімнен аяғын мас адамдай әзер басып келе жатқанын Пейілжан тез аңғарды. Төбесіне кісі қолы жетпестей боп өскен топ асай-мұса бұталарының түбіндегі жусанмен аралас көде шөптің қасына келгенде, аяғына жем түскендей, әрмен қарай жүрмей, Өріктің белінен құшақтап өзін қыса тартты. Қыз қарсылық еткен жоқ, екеуі бірдей исі мұңкіген сортаң шөптің үстіне құлай берді...

Өрік не болғанын енді ұқты. Жүрегі удай ашып, қайтадан солқылдап қоя берді.

— Оның бетіне қалай қараймын! Қалай қараймын! — деді ағыл-тегіл жылап.

Пейілжан сәл қозғалды.

— Кімнің?

Қыз көз жасына тұншыға жауап берді.

— Кімнің екенін білмейсің бе? Нұрәлінің. Сенің інің Нұрәлінің!.. Мұндай қара бет болармын ба!..

— Мен сені Нұрәліден кем жақсы көрмеймін,— деді Пейілжан, сөйдеді де Өріктің аш белінен ұстады.

— Тиме енді маған!

Қыз бірақ оның қолын белінен жұлып тастамады.

— Жақсы көрем! Нұрәліден де жақсы көрем! — деді Пейілжан, кенет даусына жан бітіп.

«Бәсе, бұл мені шын жақсы көреді! Сондықтан менің обалыма қарамады. Інісінің де обалына қарамады! Шын жақсы көрген адам отқа да, суға да түседі деген міне осы! Бұның жазығы қанша? Жазығы сүйгені ме? Жоқ, бұның бір күнәсін кешуге болады. Бәрі бір Нұрәлі біліп жатқан жоқ!..»

Бірақ Нұрәлінің аты аузына түсіп еді, жүрегі тағы удай ашып жылап қоя берді. Оның құлағына жігіттің өктем даусы бұл жолы қаттырақ жетті.

— Сені! Сені мен Нұрәліден де жақсы көрем! Сені енді оған бермеймін.

Пейілжан сол жатқан қалпында қызды белінен ұстап өзіне қарай қатты тартты...

Үш күннен кейін бұлар тағы кездесті. Содан кейін кездесу жиілене түсті.

Үш ай өтіп, Нұрәлі экспедициядан қайтқанда бұлар ерлі-зайыпты адамдардай әбден біріне-бірі етене болып қалған еді. Оның үстіне Өрік Пейілжаннан екі қабат екенін білген.

Қырсық бір айналдырса, шыр айналдырады. Мұндайда бақытсыздықтың ұшы-қиыры болмайды. Алты айдың ішінде Нұрәлінің экспедициясы Қаратау етегінің құмға қарайтын жерінде екі терең скважина жүргізгенмен мардымды жер астындағы тұщы не минералды суға кездеспеді. Ауыр бұрғылау станогін үшінші жерге орнатқанша күз де түсіп қалды. Қаратаудың күнгей жағының күзі «Қарабас» атты суық желді болғанмен, қар түскенше Нұрәлі экспедиция жұмысын тоқтатқысы келмеді.

Алматы мен Қайрақтыдағы трескс әлсін-әлсін телеграмма беріп, қыс бойы да бұрғылау жұмысын жүргізе беруге рұқсат алды. Міне, осы үшінші скважинді өздері тұрған «Қызыл тас» лагерінің жанына орнатып болысымен Нұрәлі Қайрақтыға жүрмек болды. Нәтиже бермеген екі скважина туралы техникалық кеңеске есеп-қисап тапсырумен қатар, Өрікті көруге асықты. Жамандықтың мың аяғы, мың даусы бар, жетпейтін бұрышы, естілмейтін жері жоқ. Осыдан екі жеті бұрын Пейілжан мен Өріктің арасы жақын екен деген хабар бұған да жеткен. Өрікке деген Нұрәлінің көңілінен бейхабар, трестен келген жас техник жігіт қаннен-қаперсіз: «Қайрақтыға Өрік деген бір сұлу қыз бен жас ғалымсымақ Пейілжан атты жігіт келді. Сірә, күз түсе екеуінің тойы да болып қалар» деген. Өмірінде адам баласына қиянат істеп көрмеген ақ көңіл Нұрәлі оларды мұндай жамандыққа тіпті қимаған. Қимақ түгіл, ондай жамандық мүмкін-ау деп ойламаған. Осындай жаман сөзді екінші рет естігенінде де

тағы күлген де қойған. Осы сыбыстар түрткі болды ма, әйтеуір ол Өрікті көруге асыға түсті. «Қызыл тастағы» бұрғылау станогі жұмыс істей бастаған күні Нұрәлі қалаға жүріп кетті. Қайрақтыға таянған сайын, әлденеге жүрегі лүпілдеп, қайдағы жоқ бір қобалжу пайда болды. Көңілі бұрынғыдан да күптене түсті. Мейманхананың бір бөлмесіне келіп орналасып, тез-тез жуынып, үстіне серуенге киетін костюмін киіп, енді Өріктің жатақханасына бармақшы боп дайындалып жатқанда, біреу есік қақты.

— Кіріңіз,— деді галстугін байлап болып қалған Нұрәлі. Жарқын екен. Бұл осындағы су зерттеу тресінің бас инженері. Нұрәлі оқыған институтты үш жыл бұрын бітірген. Жас инженермен сырлас, оған жаны ашитын адам. Жел, күн сүйіп қоңыркай тарткан аққұба жүзі сәл жүдеулеу күлімсіреп, ол үйге кіріп келді. Екеуі құшақтасып амандасты.

— Машинасын гаражға қойып жатқан шоферыңнан сенің келгеніңді естіп, жеткен бетім осы,— деді Жарқын.

— Келгенімізге бір сағаттай болды. Көшеге шыққан соң телефон соқпақшы едім,— деді Нұрәлі.

Жарқын оған ойлана көз тастады:

— Өзің бір жаққа барғалы асығып жатырсың ғой?

Нұрәлі сәл езу тартты.

— Оның рас, сағынып қалыппын, Өріктің жатақханасына бармақшы едім...

— Ә-ә!

Жарқын Өрік пен Нұрәлінің арасындағы құпияны жақсы білетін. Ол сәл үндемей тұрды да, кенет ренжи қалды.

— Несіне асығасың, өзі келіп жолығар.

Нұрәлі Жарқынның сөзінен бір суық лебіз естігендей болды. Қабағы қарс жабылып кетті.

— Неге үйдейсің? Әлде...

— Жоқ, жоқ, менікі жай әшейін сөз ғой,— Жарқын Нұрәлінің кейбір жолдастары хабардар бола бастаған жаман сөзді жас жігітке естірткісі келмеді. Сол себептен:

— Жарайды, барсаң бар,— деді,— өзің түсініс...

— Нені?

— Нені дерің бар ма, қыз бен жігіттің арасында түсінісетін жағдайлар қашан да болса табылады ғой... Тек сенен өтінерім, Өрікпен сөйлесіп болғаннан кейін біздің үйге кел. Жолықпай экспедицияңа жүріп кетпе...

— Жүріп кетеді деп кім айтты?— Нұрәлінің түрі қуқылдана түсті.— Өзіңмен ақылдасатын шаруам көп. Ертең есеп-қисапты тапсырғаннан кейін жолықпақшы едім.— Кенет ол Жарқынға тесіле қарады.— Маған айта алмай тұрған бір сырың бар секілді ғой, не болып қалды, жасырма, айта бер...

Жарқын жерге қарады.

— Сен алыстан шаршап келгенінде, жаман сөз айтып көңіліңді қалай қалдырам? Оны менен емес, бөтеннен есті...— Ол

есікке қарай жүрді.— Жақсы, кешке кездеселік, жарай ма? Күтем!

Жарқын қоштаспай шығып кетті. Бір сұмдықтың болғанын Нұрәлі енді ұқты. Қолы діріл қағып, галстугін қайта шешіп, сол көйлекшең қалпында айна жанындағы жұмсақ креслоға барып отыра кетті. Үн-түнсіз ұзақ отырды. Орнынан түре келмекші болып еді, екі аяғына қорғасын құйып қойғандай қозғала алмады. «Бұрын сенбей келген өсектің шынымен рас болғаны ма?» деп ол өзінен өзі әлсін-әлсін сұрады. Бұндай оқиғаның болуы, тіпті мұнда қонбады. Сөйтсе де, сезімтал жүрек құрғыр бұл сұмдыққа сене бастады. Айыпты Өрік емес, дәл өзіндей, онымен барып сөйлесуге енді бетінің ары шыдамайтындай көрінді. Дәл осы ауыр сәтте көз алдына Өрік емес, өзі мен Пейілжанның балалық шағы елестеп кетті. Өлген әкесінің ағасы, бұған өгей, ал Пейілжанның туған әкесі Сұрықбай, белендей бай болмағанмен, әжептәуір ауқатты, пысық адам еді. Ол кездегі қазақ ауылында, күнкөрісі мол үйлердің көбі ұл балаларды еркелетіп өсіретін. Сол әдетпен Сұрықбай да балаларын еркелетіп өсіріпті. Бірақ жасынан жетім қалған Нұрәлі еркеліктен, ойынан көрі, ертек құмар, ән-күйді жақсы көрді. Ал мұрнынан боғы аққан, арық Пейілжан үйіне келген қонақты әкесінен бері қарай, дымын қалдырмай боқтайтын бейбастақ, сотқар боп өсті. Ақ көңіл Нұрәліні, күші одан кем бола тұрса да, ол талай жылатқан. Әсіресе бір төбелестері Нұрәлінің әлі есінде. Інісінің құлжа сақасына Пейілжан таласа кеткен. Тетелес ағасының сан қылығынан әбден қорланған Нұрәлі, ызаға шыдай алмай Пейілжанды алып ұрып сақасын тартып алған. Мұрнынан боғы ағып, екі көзінен жасы парлап, бақырып тұра келген Пейілжан, «әкеңнің аузы...» деп пеш алдында жатқан көсеуді алып, Нұрәлінің басына періп-періп жіберген. Нұрәлінің кеше ғана шашын алдырып тастаған тықыр басынан қан бұрк ете қалған. Басқа бала болса, қанды көріп шошып кетіп, өзінің ызамен ұрғанына өкінер еді. Інісін аяп үстіне түсер еді. Ал Пейілжан «саған сол керек! Сол керек!» деп екі қолын шапалақтап, қуана айқай салған.

Сөйткен немере ағасы, енді міне Нұрәлі ер жетіп, жігіт болғанда тағы алдынан шықты. Пейілжанның кесіп алса қан шықпайтын, адамды аяуды білмейтін қатыгез мінезін Нұрәлі енді ғана есіне түсірді. Жұрттың айтып жүрген өсегінің шын екеніне шек келтірмеді. Бұл сұмдыққа сеніп еді, көзі қарауытып, есінен тана жаздады. Бетінен шып-шып тер шықты, демін әзер алып күрсіне берді. Дәл осы мезгілде тағы біреу есік қақты.

— Кіре беріңіз,— деді Нұрәлі әзер сөйлеп.

Сопақ басы, су жыланның басындай қақшаңдай, сұп-сұр боп үйге Пейілжан кіріп келді.

Нұрәлінің бойы дірілдеп кетті, жүрегі ойнай жөнелді. «Япырм-ай, Өрікпен менің сөйлесуімді күтпей, болған істі өзі естірткелі келгені ме? Қандай тас жүректік!»

— Аман-есен келдің бе? — деді Пейілжан Нұрәлінің қарсы алдындағы креслоға отырып жатып.

Нұрәлі әзер дегенде жауап қатты.

— Келдік қой...

— Естіп жатырмыз, экспедициян әзірге бәлендей табысты емес тәрізді ғой. Оқасы жоқ, жұмысты қысты күні де жүргізбекші көрінесің. Жер астында су болса бәрібір сенен қашып құтылмайды...

Нұрәлі есін жиып алды.

— Соны айтуға келдің бе?

Інісінің ызғарлы түрінен қорқып кеткен Пейілжан сәл сескеніп қалды.

— Жоқ,— деді ол даусына шамасы келгенше қайрат-қажыр беріп. Дегенмен оның үні қаймыға шықты.— Нұрәлі,— деді ол қайтадан, кінәлі адамдай төмен қарап, шабан сөйлеп.— Бір үйде өскенмен інілі-ағалы екі адамға бір үйде өлмек жоқ. Бауыр жас кездерінде бауыр. Ер жеткеннен кейін әркайсысы өз бетімен кетеді. Әркайсысы өз жүрегінің қалауымен өмір сүруге тырысады... Біз екеуіміз бірге өстік, бірақ жазмышымыз өзге екен... Сен ренжіме, менде де жүрек бар, сені қанша аясам да, махаббат деген бір ерік бермес асау тұлпар екен, дізгіндеп жібермеуге күшім жетпеді. Біз, Өрік екеуміз, көңіл қостық... Жақында тойымыз болмақ...— Ол Нұрәлінің бетіне қарады, оның үн-түнсіз отырғанын көріп, сөзін жалғай түсті,— қиын екенін білемін, бірақ амалым болмады.

Нұрәлі тұншығып бара жатқан қырылдай сөйледі.

— Басқа айтарың бар ма?

— Жоқ,— деді Пейілжан орнынан қозғала беріп жаймашуақ үнменен,— дегенмен тағы бір өтінерім, Өріккс жолықпай-ақ қой, кайтесің бетін қызартып...

Нұрәлі орнынан қалай атып тұрғанын өзі де білмей қалды. Кетіп бара жатқан Пейілжанның жанына адымдай аттап жетті де, оң қолымен желкесінен бүре ұстап, сол қолымен есікті шалқайта ашып, сыртқа қарай бір-ақ ытқытты.

— Кет, лағнат,— деп есікті тарс жапты. Пейілжан баспалдақтан омақата құлай, сүріне-қабына астыңғы алаңға бір-ақ түсті. Менің бұл қалпымды біреу-міреу көріп қалмады ма дегендей жан-жағына үрейлене алақ-жұлақ қарады. Маңында ешкімнің жоқ екеніне көзі жетіп, тез есін жинап, үн-түнсіз, таяқтан қорқып, құйрығын қысып алып, маймия қашқан бұралқы ит тәрізді, сыртқа шыға жөнелді.

Нұрәлі сұп-сұр боп бөлмесінің ортасында теңселіп сәл тұрды да, аяғын сүйрей басып жұмсақ креслоға тағы әлсіз отыра кетті. Қандай ауыр қайғыға ұшыраганы сана, сезіміне енді жетіп, жүрегі күйіп-жанып, екі қолымен бетін басып ұзақ қозғалмады. Жоқ, бұл осалдықтан қажығаны, қайғырғаны емес еді. Мұны осыншама жермен-жексен етіп жіберген, жоғалтқан ма-

хаббатының, өкпе, ызаның, кор болған ар, ұятының, таза сезімнің бірге өскен ағасының қиянатының, барлық, барлық жамандығына, опасыздығына қарсы тұлай жөнелген адамгершілік қасиетінің өкініші, күйігі еді. Әлден уақытта барып есін жиды. Енді ол талмаусырап кеткендей көзін жұмып, креслода шалқалай отырып ауыр ойға шомды.

Өмір тек махаббаттан ғана жаратылмайды. Ол қуаныш, шаттық, қайғы, қасірет, ерлік, еңбектен құрылады. Жазы өтсе, қысы келеді. Бұның бәрін Нұрәлі де біледі. Бірақ дүниеде мұндай зұлымдық бар деп кім ойлаған? Адамда адамгершілік деген болмайтын ба еді? Адалдыққа, ақ жүректікке сүйенбеген махаббат махаббат па? Өріктің опасыздығын қалай түсіну керек? Сүйдім дегені жалған болғаны ма? Сонда бұл не сұмдық. Адам жалған сезіммен қалай сүйе алады? Әлде оның адал сезімін күшпенен қаралатты ма? Сондықтан да маған өзі келіп Өрікке жолықпай-ақ кой деп тұр ма?.. Жоқ, қайткен күнде де мен Өріқпен кездесуім керек. Болар іс болды, сұмдықтың бәрін өз аузынан естиін. Өз аузынан естіген шындық мүмкін, жүрегімнің жарасын жеңілдетер...

Нұрәлі ауыр күрсінді. Ол енді тек махаббатынан ғана емес, ең жақын бауырынан да айырылғалы тұрғанын түсінді. Ұрыссын, талассын, төбелессін, жастай құлын-тайдай тебісіп өскен, бір құрсақтан шыққаса да, бір құрсақтан шыққандай болған жалғыз ағасынан айырылудың да оңай емес екенін ұқты. Жүрегі бұрынғыдан да жаман өртеніп кетті. «Жоқ, жоқ, сұлу қыз мүмкін оны адал жолдан адастырған болар. Бұл қайғыға, мүмкін ол емес, Өрік себепкер шығар. Онда... онда ең болмаса Пейілжанға бұйтіп ашуланбас па едім, о да болса жаныма жеңіл тиер ме еді, қайтер еді?..»

Бір сағаттан кейін, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, Нұрәлі Өріктің жатақханасына келді. Өрік бұның келе жатқанын терезеден көріп тұр екен, далаға өзі шықты.

Түрінде ешбір қайғының ізі жоқ, жайраң-жайраң етеді. Тек сәл жүдеген бе, қалай... Сөйтсе де өз айыбын мойындағандай, Нұрәлінің бетіне тік қарай алмай тұр.

— Амансың ба, Нұрәлі!— деді даусы сәл дірілдеп, қара торы беті ду етіп қызарып кетіп,— жүр, былайырақ барып сөйлесейік.

Бұлар үн-түнсіз қатарласа, сылбыр аяндап жатақхананың сол тұсындағы кішкентай баудың шетіндегі орындыққа келіп отырды. Екеуінде де әлі үн жоқ...

— Болған оқиғаны Пейілжан айтқан шығар,— деді әлден уақытта Өрік, даусы енді сәл күмілжіп.

— Айтты, бірақ өз аузыңнан естігім келіп еді...

Өрік үндемей қалды. Әлден уақытта:

— Мен бақытымды жаңа таптым,— деді ол. Бұл жолы оның даусы ширақтау шықты.

— Сонда... Маған айтқан сөздерің жалған ба еді?

— Жалған ба, жалған емес пе, енді оның қандай қажеті бар? Біраз уақыт ойнап күлдік... Екеуміз де енді соған риза болуымыз керек...

— Ойнап, күлдік! — Нұрәлі өзін өзі ұстай алмай, қызыпа сөйлеп кетті.— Мұндай азабыңа қалдырарың бар, ойнап, күлмеуің керек еді! Адам бірін-бірі жақсы көргенде бір күндік деп жақсы көре ме? Онда махаббаттың қандай құны бар? Мен сені сүйгенде мәңгілік деп сүйгем... Ал сен...

— Опасыздық істедің демексің бе? — Өріктің даусы кенет бұлыға шықты.— Ия, опасыздық істедім. Ал қайт дейсің?! Ия, ия, мен қара бетпін! Сені жақсы көре тұрып, шайтан азғырды, ағаңның дегеніне көндім. Бар айып менде! Менде! Естің дегенің осы ма еді! Есті! — Енді оның даусы шаңқ-шаңқ етті.— Ия, ия, қара бетпін! — Кенет Өрік бетін жауып солқылдап жылап қоя берді.— Күйдірме... Онсыз да күйіп жүрген жанымды енді күйдірме,— деді ол көзінің ыстық жасын парлай ағызып.

Нұрәлінің бетіне тағы қарай алмай:

— Кет... Кет... Осымен қош бол!..— дей берді.

Нұрәлі үн-түнсіз орнынан түрекелді. Кетейін десе, аяғы осы жерге шегеленіп қалғандай орнынан қозғалта алар емес. Қайтадан отырды. Кенет екі бетін қолымен жауып, бүк түсіп солқылдап отырған Өрікті аяп кетті. Қазір оған Өрік қорғансыз бір бишара жандай көрінді. Дәл осы сәтте қарсы алдарындағы жапырағы қызара түскен қанды ағаштың басында отырған боз торғайды, тал арасынан пайда болған жұдырықтай күйкентай, шыр еткізіп, желкесіне бүре, жерге құлап түсті... Құлаған боз торғайды күйкентайдан құтқармақ боп Нұрәлі орнынан тұрғанша, қанішер құс олжасын тастай салып, тал арасына кіріп жоқ болды. Бір қанаты топшасынан сынған боз торғай, екінші қанатын талпына қағып ұшуға дәрмені жоқ бір орнында шыр-шыр етіп шыр көбелек айналды да қалды. Нұрәлі боз торғайды қолына алып, таяу жерде тұтаса біткен бүрген талдарының арасына апарып тастап, қайта отырды. Оған әлденеге мынау жылап отырған Өрік сонау қанаты сынған боз торғай, ал Пейілжан жаңағы қанды тырнақ күйкентай құс тәрізді боп көрініп кетті. «Шіркінай, жаңағы күйкентайдан алып қалған боз торғайдай, Пейілжаннан Өрікті құтқара алсайшы, қандай тамаша болар еді!»

Ол өкіне ауыр күрсінді.

Өрік жауап қайырмады, сол солқылдаған қалпында әлі жылап отыр.

Тал бастарында ақырғы шапағының қызғылт нұры ойнап, күн батып бара жатты. Нұрәлі осынау сөнуге айналған күн сәулесіндей, өзінің де бүгінгі кешін ақырғы кеші тәрізді сезінді. Қазір күн батады. Сосын ымырт жабылып, түн келеді. Нұрәлінің де қалған өмірі осы түнге ұқсайды ма? Жоқ, жоқ, түн біткенінің бәрі бірдей тастай қараңғы болмаса керек. Жұлдыздар жарқы-

рап, ай да шықпай ма? Нұрәлі тағы ауыр күрсінді. «Ай күн емес қой. Өрік менің күнім еді... Енді міне ол маған мәңгі сөнді. Маған арнап қандай ай туса да, осынау сөнген күнімдей жүрегімді өртеп, жанымды жалындата алар ма?»

Әрине, дәл осы мезетте Нұрәлі білген жоқ, келе жатқан түннің де өтерін, әлі ертен-ақ өзін тағы шаттандырар жарқырап күн шығарын.

Қазіргі қайғысы, мынау келе жатқан қара түндей, тым үрейлі ауыр еді.

Ол орнынан әзер түрегелді.

— Жақсы мен кеттім. Бақытты бол.

Қыз өксігін әзер басып, тағы бұлыға сөйледі.

— Бақыттымын дедім ғой. Қош!

Нұрәлі теңселе басып жүре берді. Түн қараңғысы қоюлана түсті. Көше бойларында жарқырап электр шамдары жанды. Көкте күміс оттай жұлдыздар да тұтанды. Нұрәлі әлі келе жатыр. Бір өткен көшесін аз дегенде екі-үш рет өтті. Бірақ оны аңғарған жоқ. Бар ойында, мұнда, көз алдында тек Өрік! Өрік! Өрік! Тіпті еш нәрсе де ойлап келе жатқан жоқ. Бар дүние оның көз алдынан мүлде жоғалып кеткен секілді. Біреу мұнына шегемен тек Өрікті ғана қағып қойғандай! Ойын бөлер көз алдында да, қиялында да ештене жоқ. Жүрегі де Өрік деп күйеді, жаны да Өрік деп ауырады, көңілі де Өрік деп күңіренеді, тілі де Өрік деп күрмеледі!...

Бұл не? Расымен Өрікпен қоштастым деп ақылынан адасуға айналғаны ма? Нұрәлі кілт тоқтады. Жан азабынан есеңгіреп қалғанын енді ұқты. Осыншама неге күйінді? Әлде Өрік өліп пе еді? Ия, ия, ол өлген! Нұрәліге жоқ болу үшін Өрік өзін өзі өлтірген. Бағанағы батқан күндей бұған мүлдем сөнген! Бірақ ол Пейілжанға күн боп туған жоқ па? Ия, сөйтті! Сөйтті! О, опасыз! Опасыз! Опасыз! Сондай опасыз жан үшін өзінді өзің осыншама неге кінәйсың? Неге ыстық жазда құрғап қалған сай суындай тәусыласың? Нұрәлі енді жан-жағына қарады. Қаланың шетіне шығып кеткен екен. Жанынан өтіп бара жатқан бір машинаны тоқтатып, ол енді үйіне қайтты. Есігін ашып бөлмесіне кірді. Шамын жақпай біраз тұрды. Сағатына қарады. Фосфор санды сағат тілі он екіні көрсетті. Әлі де ұйқысынан оянып болмаған жан тәрізді... Өзін қанша берік ұстаймын деп тырысса да жүрегі удай ашып барады. Жанын қоярға жер тапқызар емес. Ол енді өмірінде істемеген әдетін істеді. Шамды жағып, мұздатқыштан бір бөтелке коньякты алды. Тығынын ашып жіберіп, үлкен қырлы стаканды толтыра құйды. Бірақ ішпеді. Арақтан махаббат ауруы жазылатын ба еді дегендей, стаканды стол ортасына итере салды. Енді ол шамды да сөндірмей, шешінбестен, төрдегі диванға келіп қисайды. Алыстан, машина соғып шаршап келгеніне қарамастан, күні бой жанын жегідей жеген азап, өкпе, ашу бәрі бірдей, соңынан абалап үріп шыққан иттердей, маза-

лап, көзін іліктірмеді. Нұрәлі орнынан қайта тұрды. Енді ол ерсілі-қарсылы жүре бастады.

Ертеңіне кенсесіне де бармады. Бір күнде сең соққандай боп жүдеп шыққан түрімен ешкімге көрінгісі келмеді. Әрине Нұрәлінің қандай күйге ұшырағанын жұрттың бәрі біледі. Бірақ бұның қайғысы кімге керек? Жұмысқа барады екенсің, қайғы, қасіретіңді үйіңе таста...

Міне осындай уақытында, түс бола Жарқын тағы келді. Досының қандай халде екенін көріп шошып кетті. Бірақ үндеген жоқ. Креслоға кеп, қалтасынан папиросын ап, ұқалап ұзақ отырды.

— Саған ауыр екені белгілі,— деді ол бір кезде, басын көтермей,— бірақ қайғыны қаналанумен жеңуге болмайды.

Нұрәлі оған зілдене қарады. Кенет оны ашу қысып кетті.

— Сонда, ғафу ет, махаббаттың не екенін өзің білесің бе?

— Қандай махаббатты айтасың? Адам бірін-бірі өмірбақи ардақтайтын таза махаббат бар. Ол үшін шертартпақ түгіл, адам жанын киып болса, о да көп емес. Ал опасыз да махаббат бар. Ондай махаббатты жоғалттым деп өзіңді азапқа салу — ол өзіңді өзің қорлау!..

Нұрәлі кенет жүдей қалды.

— Шын сүйсең, сүйген адамыңның опасыздығы да жаныңа жаман батады...

— Өйтпесе махаббат болар ма еді? Бірақ опасыздық адамның ең жаман қасиеті емес пе? Ондай қасиет, күйзелтіп қоюға ғана емес, жеркеніш тудыруға тиісті...

— Саған айтуға жеңіл!..

— Неге жеңіл? Тіпті жеңіл емес. Жеңіл болуы үшін сенің қасіретің маған батпауы керек. Ал маған ол...— Жарқын сөзін аяқтамай тоқтады. Тағы ұзақ үндемей қалды.

— Жарайды, жанған жүрек басқаның ақылымен басылмайды. Өзің баса біл,— деді аздан кейін Жарқын.— Мен саған бөтен шаруамен келдім. Қазір экспедицияңа қайтуға тиістісің...

— Неге?

— Соңғы скважинаң үлкен аварияға ұшырапты...

— Қашан? Қандай авария? — Нұрәлі бас инженердің сөзін аяқтатпай бөліп жіберді.

Енді Жарқынның үнінен ғажайып бір мұң естілді...

— Және Қазікен деген бала жігіт каза болыпты...

— Не дейді?! — Нұрәлі орнынан атып тұрды.

— Рас. Жаңа ғана радиограмма алдық. Ток ұрыпты.

— Япырм-ай... Бір аяулы жас еді!

Нұрәлі қайтадан диванға отыра кетті. Көз алдында осыдан үш ай бұрын, өзі қатысқан, Қазікен мен Күнімжаннын қосылған тойы елестеп кетті. Қыз Жібек пен Төлегендей, жаңбыр жуған гүл тәрізді әсем, сол ұлжыған екі жасқа жұрттың бәрі сұқтана қараған. Нұрәліге де сол күні бүкіл әлемде осы екеуінен бақыт-

ты адам жоқтай көрінген. Екеуі де бірдей, ғаухар тастай кімнің болса да көзін тартатын, аса көрікті жастар еді. Сөйткен армансыз қосақтың енді бірі жоқ! Кенет көз алдына қара жамылған Күнімжанды елестетіп еді, өн бойы шымырлап кетті. Дәл осы сәтте оған өзінің қайғысы Күнімжанның қасіретіне қарағанда ойыншықтай жеңіл боп сезілді. Нұрәлі дереу жинала бастады. Жаңағы жанын жеген күйігінен дым қалмаған секілді.

— Қазір жүремін! Қазір! — деді ол костюмін киіп жатып.

Алған хабары мен Нұрәлінің басына түскен ауыртпалықтан көңілі қанша жүдеп отырса да Жарқын, жас инженердің басқаның жан шошырлық ауыр күйін сезіп, өз қасіретін ұмытуға тырысқанын көріп, Нұрәліге риза боп қалды. «Бәсе,— деді ол ішінен,— біздің Нұрәлі осындай болуға тиісті еді ғой. Бұған өзгенің күйігі өз күйігінен кем батпайтынына мен бекер күмәнданбаған екем...»

Жарқын Нұрәліні машинасына отырғызып жатып:

— Бүгін сенің басыңа аз ауыртпалық түскен жоқ,— деді.— Бәрін де жеңіп шығады деп сенемін.

— Әрине, өйте алмасаң жігіт болып не керек!

Жарқын Нұрәлінің қажырлы үніне шын сүйсінді.

— Жолың болсын!..

Үшінші тарау

Өмір деген үлкен той. Адам өкінішін той үстінде емес, той өткен соң айтады. Өкініш кімді болса да қайғы-азапқа апарып соғады. Ал ондай жанға күйзелтер өмір, қараңғы үйде сықсиған білте шам тәрізді, тек еміс-еміс сәулесі бар, жарқыраған жарығы жоқ. Мұндай күйге ұшыраған кісінің тек арманы ғана жолын көрсетер нұрлы шырағы. Бірақ арман қанша қусаң да жеткізбейтін бір қиял. Түнгі от тәрізді, жақындаған сайын алыстай береді.

Демек, өмір кейде сырын білмес тентек жылқы секілді, теуіп жібермес үшін қай жағынан келеріңді білмейсің.

Жасы жетпей осындай өмірден таяқ жегеннің бірі Дәниел еді. Жоқ, өмірден емес, ол махаббаттан көрді қиянатты. Бірақ махаббатсыз өмір бар ма? Сүйгенінен айрылған Дәниелдің де тіршілігі азапқа көнді. Бұл азаптан қалай құтылады? Қандай жолы бар? Жол біреу-ақ. Ол — тағы еңбек.

Рас, еңбекті біреу сүйеді, біреу сүймейді. Өзін жек көрген адамға еңбек те өгей шешедей тас қабағын түйіп ап, жібімейді. Ал жақсы көрген кісісіне, ол ғашық жарындай ыстық қойнын ашып, тілеген мұратына жеткізеді. «Еңбекті сүйе білгенің, құлыным,— деген әкесі,— өмірдің қуанышын сүйе білгенің. Істер еңбегің таусылмай, қуанышың таусылмайды».

Әке сөзін дұрыс түсінген Дәниел жан күйігі қанша ауыр бол-

са да, өзіне өзі қажыр-қайрат беріп, тастап кеткен жұмысына қайта кіріскен.

— Біздің дәуірімізден мың жыл бұрынғы кезеңнің орта шеніндегі сақ тайпаларының қоғамдық құрылысына түсіну үшін,— деді сәл тоқтап, өзінің сақтар жайында жазып жүрген романын әкесіне оқып отырған Дәниел,— ең алдымен олар жер мен суды, өнім құралдарын қалай пайдаланды, соған тоқталық: Геродоттың айтуы бойынша, жалпы скифтер, әсіресе осы күнгі қазақ жерін жайлаған көшпелі сақтар, жер мен суды малының санына қарай дәлме-дәл бөлген. Осы даласын жаулап аламын деген бөтен тайпаларға бұл — әлгі сақтар руларының бірігіп қарсы тұруына негіз болған. Қысқасы, жер мен суын қорғау — олардың және көрші тайпаларды біріктіріп келген күш екені тарихтан айқын. Тағы бір жағдай: Алтай, Тарбағатай тауларын жайлаған тұрғын сақтарға қарағанда, көшпелі сақтар жайлым жерді бәріне бірдей ортақ санаған. Ал мал басы, көшіп, қонатын көлігі, жауға мінетін аты, әр сақтың жеке меншікті дүниесі болып келген.

— Түсінікті. Сақтар ортақ жер-суымен бірге өзінің жеке меншікті дүниесін де қорғаған демексің ғой,— деді Күнтуар ойлана,— ұмытпасам Ксенофонтта ғой деймін Иран патшасы Кирдың сақтармен одақтасып Вавилонды алған тойында, бәйгіден аты озып келген сақ жауынгеріне сәйгүлігіңді маған бер, қалағаныңды ал дейтіні? Жауынгер көнбейді. Жүйрігін соңынан Персияның достасқан бір батырына тартады. Егер ат өзінің жеке меншігінде болмаса, ол өйге алар ма еді? Және жер бәріне ортақ болғандықтан, сонау Хазар теңізінен Тарбағатай тауына дейінгі ұлы даланы жайлап жатқан көне сақтар мен олардың көршілері саврамат, массагет, аргиппей секілді тайпалардың осы далаға қол сұқпақ болған жауларына үнемі бірлесіп қарсы аттанулары да содан. Тағы не айтасың?

— Осылай қауымдасқан сақтар тайпылары ұлы Персия патшалығының теріскей жағы мен сауда керуен жолдарына үлкен қауіп туғыза алған. Сол себептен бе біздің дәуірімізден бес жүз отыз жыл бұрын Персияның ұлы жиһангер патшасы Кир массагеттарды, соңынан біздің дәуірімізден бес жүз он жетінші жылы сақтарды бағындырамын деп, ал бұдан бес жыл өткеннен кейін Персияның екінші ұлы жиһанкер патшасы Дарий Қара теңіз скифтарына қарсы аттанған. Бірақ бұл үш шабуылда да Персия патшалары жеңіліп кейін шегінген. Осы ұрыстарға қарамай, соңынан сақ жауынгерлері Персия патшаларының әскерімен сан рет одақтасқан. Геродоттың айтуынша, Персия патшасы Ксеркстің кемелерінде персиялықтармен, мидияндармен бірге болған. Платеядағы ұрыстарда Персияның жаяу әскеріне қосылып сақтардың атты әскері де үлкен ерлік көрсеткен. Сондай ерлігімен, спицилиялық Диодордың айтуынша, сақтар Фермополь ұрысында да өзінің жаужүрек ел екенін танытқан. Ал менің

романымда әңгіме болар оқиғалардың алдында, Ктесияның жазғанына қарағанда, Лидия патшасы Крезге қарсы соғысында Кирға сақ патшасы Аморг жәрдем берген. Соңынан Кир дербиттіктермен шайқасып, жараланып, әскері жеңілуге айналғанда сол Аморг он мың жаяу, мың салт атты әскерімен келіп, жаудан қорғап қалған.

— Сөйткен Аморгты Кир өзі өлтірткен ғой?

— Ия.

— Әрине,— деді Күнтуар баласына күлімсірей қарап,— мәселе жалғыз ғана байырғы скифтар мен сактар тайпаларының сол кездегі ұлы мемлекет — ахеменидтар Персиясына қарсы тұрарлық соғыс күшінің барлығында ғана емес, олардың мәдениеті де күнгейіндегі атақты Парфия мен Мидия мәдениеттерінен кем соқпай, тіпті парапар келгенінде. Олар тек соғыс тұсында ғана емес. Алдыңғы Азия елдерінің бейбіт өмірлерінде де әсерлерін тигізіп баққан. Ксенофонттың «Киропедиясында» сактардың мидия жастарын өз тілдері мен садақ тартуға үйреткендері белгілі. Ал Мидия патшасы Астиагтың сарайында шарап жасаушы сақ бақауылының қандай ықпалды болғаны тарихта әйгілі...

— Міне менің романым сактардың сол күшті кезіндегі өмірінен басталады.

Күнтуар Жаннат оқиғасынан кейін баласының тым босап кеткенін көріп сескеніп қалған. Ешкіммен сөйлеспей, жапа-жалғыз отыруды әдет еткен Дәнекелді, қайтсем қайтадан өмір сүрлеуіне түсірем деп әбден бәйек болған. Әкесінің мұндай күйін ұққан баласы, бишараны күні бұрын өлтіріп алармын деп қорқып, өзін-өзі зорлап жұмысына қайта кіріскен. Алғашқы кезде мардымды ештеңе жаза алмаса да, бірте-бірте ой серпіні дем беріп, стол басында көбірек отыра бастаған. Бұны көрген Күнтуар іштей қуанған. Бүгінде Күнтуардың осындай көңілді күнінің бірі еді.

Дәнекел жасыл шыны қалпақты қозғалмалы электр шамын өзіне таяу қойды. Шамның бозғылттау жұмсақ сәулесі столдың орта шенімен жігіттің беті тұсына түсті.

«Жаннат кеткелі бір айдан асып барады ғой, жалғызым қалай жүдеп біткен. Шын жақсы көрмесең махаббаттың қызығы жоқ. Ал, шын сүйсең, жаныңды қоярға жер тапқызбайтын азабы бар...» Күнтуар баласының катты жүдеп кеткеніне бұрыннан қанық болса да, бұл жолы тіпті айқын сезінді. Жаны тағы ашып кетті.

Әкесі баласының бетіне тағы ойлана қарады.

— Әрине, сен енді Кир мен Спаретра әскерлерінің соғысын жазасың. Ол үшін солардың кездескен жерін өз көзіңмен көруің керек қой...

— Әрине...

— Ұмытпасам,— деді қайтадан Күнтуар,—сақ әскері Кир-

мен осы күнгі Сырдария станциясының даласында кездесті-ау дейміп...

— Иә, тек Тәжікстанға қарай созылған шетінде...

— Ә-ә! — деді әкесі.— Қазіргі біздің экспедиция жұмыс жүргізіп жатқан манда екен ғой...

— Мүмкін...

— Ал ол жерде Арман жұмыс істеп жатыр...

Әкесінің «ол экспедицияда Жаннат та бар, оны көру сағап қиын болмас па екен?» — деген сұрағын мұңайған көзінен таныды.

Дәниел ауыр күрсінді.

— Амал қанша,— деді ол жүдей.— Майдан жерін өз көзіңмен көрмей жазу қиын...— ол кенет басын көтеріп алды,— жоқ, барамын! Бару керек! — деді бір түрлі өзін-өзі зорлаған ызалы үнмен.

Әкесі жауап қайырған жоқ. Тек баласының бетіне үнсіз тағы сынай қарады. «Ия, бұл кездесу немен бітер екен? Жаннаттың енді өзіне жоқ екенін түсініп, ол жақтан біржолата махаббаты сөніп қайтады. Не болмаса, әлі жанып бітпеген жүректегі оты қайта тұтанып, сүйгенін өмірбақи ұмыта алмайтын болады». Қайткенмен де, баласының Жаннатқа кездесіп, өкпесін, назын айтып, көңілін бір жеңілдеткенін Құнтуар дұрыс көрген. Сондықтан да әңгімесінің аяғын екеуінің жолығуына әдейі алып барған. Бірақ, бұл кездесуден кейін олардың арасы немен тынады, археолог білмейтін...

Төртінші тарау

Жер табаны қуырылып машина сұрғылт тараң жолды шыдатпай жеп, жүйтки ағып келеді. Екі көзін алыстағы бұлдыраған жоталардан алмай, арт жағында отырған Нұрәлі қалың ойда. Мүше алып қашқан бәйгі көктей ойы бір тынар емес. «Аспанда жұлдыз, жерде құндыз көп, бірақ қайсы оның қолға жеңіл түсіп жатыр? Ия, жақсылық істеу қиын, жамандық — оңай. Әркімнің-ақ қолынан келеді. Дүние неге бұлай жаратылған? Ал адам баласы дүниеге бір-біріне тек жақсылық істеу үшін ғана келеді емес пе? Неге адал жолынан таяды?

Кей кісі өмір қызығына аш қасқырдай қомағай, бұлдіргіш жаратылатыны несі? Өмірді неге аямайды, неге мәпелеп құрметтемейді? Бұл шіркін бір-ақ рет беріледі ғой. Ал тұлкі тәрізді өзгелерді алдап-арбап, үнемі рахатта өткісі келетіндер де көп. Бұлар тіпті адалдықтың не екенін білмейді...».

Ол тағы ойға кетті. Ойы тағы Өріктен ұзай алмады. «Демографтар адам баласының күзі, қысы, көктемі, жазы болады дейді. Біз қазір күзі мен қысынан өтіп, көктеміне келіп тұрған жоқпыз ба? Алдымызда мәңгі жайнаған жасыл жазы жатыр. Соған қарай құлаш ұрған, мінез-құлқымыз тазаланып, сана-сезі-

міміз бен рухани адалдық жан дүниеміз жоғары сатыға көтеріліп келе жатқанда, мұндай сұмдықтың болуы масқара!»

Лепіре жөнелген күйік, қиялын кері шалып, Нұрәлі кенет тына қалды. Машина лагерьге таяй берді.

Бұлар Қызылтасқа жақындағанда күн батып бара жатты. Ойпаттау, осынау шөлейт жазық далада төбесі шошайған осы бір қою қан түстес жалғыз жартас әр қашан да тобылғы сырыменен боялғандай, алыстан қызыл күреңдене көрінетін. Күтпеген жағдайда аяулысынан айырылып, көріп жанды болып жүдеп келе жатқан Нұрәліге құздың осынау сұмдық көрінісі кенет көңілін қартайтып, шошытып жіберді. Қаза тапқан жас жігіттің қаны қызыл тасқа төгіліп жатқандай. Батып бара жатқан күнде жартастың омырауын өзінің ең ақырғы қан-қызыл сәулесіне мейлінше малындырып, адамның зәресін ала түскен.

Машина зырғытқан бойы су зерттеушілер экспедициясы лагерінің дәл ортасындағы алаңға кеп тоқтай қалды. Алаң дегеніміз, алмалы-салмалы он шақты фини үйлерімен, ортасында үстіне шифермен, қабырғаларын қамыс қалқандармен жапқан ұзынша казарманың жаны. Казарманың бір жағы жұмысшылардың асханасы, екінші жағы қызыл бұрыш. Жаз салқын болсын деп іші-сыртын сұр балшықпен сылап тастаған. Лагерьден сәл оқшаулау бензин, солидол, солярка тәрізді бұрғылау станоктарын, автомобильдерді жүргізетін жанар майлар құйылған темір күбілер қойылған жеркепе, одан әрі лагерьге электр жарығы мен электр күшін беретін движок. Бұның сол жағында, су зерттеушілердің құрал-саймандары, жұмыс киімдері қоймалары. Лагерьдің оң жағында екі ЗІІФ-150 жер бұрғылайтын станоктардың ұзын мұнаралары көрінеді.

Бұл экспедиция бір жағынан осы арада Сырдария бөгеліп, жаңадан пайда болатын теңіздің жалпы аймағын, қай жерлерден бастап қазылатынын зерттесе, екінші жағынан жаңа теңіздің астында қандай су қоймалары, минерал суларының қандай көздері қалмақ соны анықтамақ. Келесі бесжылдықта жүргізілетін Сырдарияны бөгеу жұмысы осы ауданнан басталуға тиісті. Бірақ нақтылы, қай жерден қай жерге дейін қазылуы керек әлі анықталмаған. Экспедицияның бас міндеті: алдағы бір-екі жылда осы жұмысты бітіру. Сондай міндет осы арадан елу километрдей жердегі Қайрақты археология экспедициясына да жүктелген. Экспедиция тұрған жерді түбі су алатын болғандықтан, соған дейін ондағы бар асыл мұралар зерттеліп бітсін делінген. Сол себептен де бұл экспедициялардың жұмыстары қарқынды, асығыс жүріп жатқан.

Машина келіп тоқтаған сәтте-ақ лагерьдегі инженер, жұмысшылар Нұрәліні коршап алды. Қәртендеу, Қазікенмен бірге жұмыс істеп келген бұрғылау шебері:

— Капелімде осылай болды,— деді бала жігіттің қалай апатқа ұшырағанын айта келіп,— ажалына ешкім де айыпты емес.

Тек өзі ғана. Ризығы бітіп тұрған ғой. Әйтпесе, жайшылықта қолынан резинка қолғабын тастамайтын бишараның дәл осы сәтте жалаңаш қолымен ток жүріп жатқан сымды ұстай алады деп кім ойлаған .Жазмыш деген міне осы...

— Қаза болған себебін зерттейтін комиссия құрдыңдар ма?— деді Нұрәлі, әлі жөнді ештеңеге түсіне қоймай.

— Жоқ, сіздің келуіңізді күтіп едік,— деді оның орынбасары қара торы келген жас инженер татар жігіті.— Және ертең қоймақпыз.

Нұрәлі өзінің орынбасарын басшы етіп, осының алдында ғана сөйлеген жергілікті комитеттің бастығы жұмысшы адамды, және жұмысты қауіпсіздендіру жөніндегі техник — биыл ғана техникум бітіріп келген бала жігітті мүше етіп, комиссия құрды. Сосын тағы өзінің орынбасарына қарап:

— Министрлікке, инспекцияға хабар бердіңдер ме? — деді.— Олардан кісілер келмей бәрібір маркұмды біз жерлей алмаймыз ғой.

— Жаңа ғана рациямен хабар алдық,— деді орынбасары,— Алматыдан самолет қазір ұшады. Ел жатпай ол кісілер де келіп қалар...

— Жігіттің денесі қайда? — деді Нұрәлі.— Өзінің бөлмесінде ме?

— Жоқ, қызыл бұрышта,— москал жұмысшы жауап берді,— келіншегі де сонда...

Нұрәлі қызыл бұрышқа қарай беттеді. Оған комиссия мүшелері мен бір-екі кәрі жұмысшылар ерді. Есіктен бірінші болып кірген Нұрәлі, кенет, жүрегі қабынып тоқтай қалды. Мұндай сұсты және қайғылы көріністі ол бірінші рет көргені еді. Қызыл бұрышта бірде-бір қызыл зат жоқ. Қызыл ту да, Құрмет тақтасы да бәрі сыртқа шығарылған. Терезеге қара шүберек ұсталған. Үлкен ағаш столға да қара мата жабылған, қап-қара табыттың ішінде қара костюмді бала жігіт жатыр. Бұл бұрынғы көзі күлімдеген, жаңа қойылған сұлу қияқ мұртты, қыр мұрынды, бетін күн шалып сәл күреңделген аққұба жігіт емес, электр ток ұрғандықтан беті қара қошқылданып кеткен адам деген құр бейне...

Бас жағында, үстіндегі жұмыс киімін шешпеген қалпында, сүйген жары Күнімжан отыр. Түндей қою қара шашы төгіліп, иығын, кеудесін, арқасын жауып кеткен. Басына салған қара желектің бір шеті арқасынан салбырап жерде жатыр. Тостағандай қарақат көздерін ұзын кірпіктері жауып, кеше ғана бетінің ұшында күн сәулесіндей қызғылт нұры ойнаған қара торы жүзі, сұрланып, жігіттің бетіне қадала қалған. Отырған бейнесіндегі, түр келбетіндегі жігітке деген махаббатты, жақсы көрерлік сезімі қандай қиянат зор! Жоқ, бұл алдында жатқан электр ұрып, түрі адам қорқарлықтай боп өзгеріп кеткен Қазікені емес, оған бұл сол баяғы қас-қабағы қылған ең сұлу, ең көрікті жаны сүйген жары!

Сүттей жарық электр сәулесі түсіп, қаралы үйдегі, қара жамылған жас арудың қаны қашқан, бордай боп өзгерген аппақ беті мен жігіттің кеудесіне жолдастары қойған шумақ меруерт гүлдің ақ маржан түрі Нұрәлінің көңілін енді біржолата бұзып жіберді. Қарапайым сұм дүниеде адал сезім, ақ ниет жылап жатқандай боп көрінді. Дәл осы сәтте ол өз басының қайғысын, қорланған ар, намысының күйігін, бәрін-бәрін ұмытты. Өз күйігі кейін қалды. Шексіз шерменде жас келіншекті жылардай боп аяп кетті.

— Қарындасым,— деді ол табыттың оң жағына қойылған орындыққа отырып,— қайғыңа ортақпын. Қазікенді інімдей көруші едім, амал қанша, ойламаған ажал аяған жоқ. Енді өзіңе берік бол.

Келіншек жасқа толған қасірет көзін енді Нұрәліге аударды. Көңіл айтып отырған кім екенін танып:

— Сорлы болып қалдым ғой, аға, сорлы болып қалдым,— деп жылап қоя берді.— Құдай бишараны неге мүсіркемеді? Өмірден әлі еш қызық көрген жоқ еді ғой, ең болмаса бір он жыл бірге тұрмадық...

Нұрәлі түн ортасы ауа төсегіне қисайып көрді, бірақ көзі ілінбеді. Оңаша қалып еді, бірінен-бірі сұмырай ойлар, су жыландардай бастарын қақшитып-қақшитып жан-жағынан сумаңдай жөнелді. Біресе опасыз Өрік, біресе одан бетер аруақтай арық ағасы қарсы алдына тұра қап мазақтап сақ-сақ күледі. Бір мезет «аға» деп жайрандай жанына бала қылықты Қазікен келді. Одан кейін қара жамылған қайғылы Күнімжан, жарының өліміне дәл Нұрәлі айыптыдай, көз алдынан кетпей қойды...

Канша тырысса да Нұрәлі, ажалмен төбелесіп жатқандай, түні бойы төсегінде дөңбекшіп ұйықтамай шықты.

Күнімжанның да көзі ілінбеді. Күйеуінің сол басында отырған калпынан түн баласына қозғалған жоқ. «Екеуміздің бірге болатын бұл ақырғы түніміз ғой, маған қандай өсиет айтып кетесің, жарым» дегендей әлсін-әлсін оның бетіне жаутаңдай қарай береді. Жұртқа өлгенмен өзіне әлі де тірідей, ерімен ақырғы рет сөйлескісі, сырласқысы келгендей бетіне-бетін таяйды, дәл тірісіндегідей, шашын ұзын саусақтарымен тарап, құлағына бірденелерді сыбырлайды. Бір мезет, өздері оңаша қалғанын көріп, көзінің жасы парлап, күйеуін аймалай құшақтап, қапкара боп күйіп кеткен еріндерінен шолпылдатып сүйді. «Жаным, алтыным, өзіңмен бірге жастық дәуренім, мастық дәуренім мәңгі бітті, мен үшін қауіптенбе, алаң болма, калған жасымда ер сүйіп, қызық көрмеске ант етемін» деп қам көңілін, қайғысымен тербетіп, солқ-солқ жылады. Енді бір сәт, дүниеде ешбір қайғы, қасірет, табытта жатқан мезгілсіз өткен жас жоқтай, сарғайып таң атып, жарқырап күн шықты. Аспанда құс сайрап, жерде жан-жануар оянды. Күн сәулесінің алтын нұрымен бірге тірші-

ліктің кең арал, асау серпіні әлем біткенді тағы қуанышқа бөледі.

Алматыдан келген министрлік пен инспекция уәкілдері, экспедиция комиссиясы өлікті жерлемей тұрып, түске дейін, бұл апаттың қалай болғанының егжей-тегжейіне дейін тексеріп, ақыры «ешкім де айыпты емес, жігіттің байқамағанынан, әлдекалай кездейсоқ ажалға душар болған» деп танты.

Төрт жігіт бесіндіге дейін «Қызылтас» биігінің төбесін от-дәрімен атып, тасты төрт бұрышты етіп қашап зират дайындады. Тек күн батар алдында ғана өлікті қаралы табытымен кешеден жатқан қалпында, сол жартастың басындағы тасбейітке қойды. Үстіне өзге жігіттер күнімен дайындаған үлкен төрт бұрышты жалпақ тасты жапты. Басына «Қайрақты» су экспедициясының жырма бір жасында апатқа ұшырап қаза тапқан жас жұмысшысы Қазікен Райбаев» деп құлпытасқа атын алтынмен ойып жазып, басына ай мен қызыл жұлдызды ұзын темір орнатты.

— Түбі бұл арада теңіз келсе, Қазікеннің табыты су астында қалмайды,— деді әдейі жігіттерді күніменен бейнеттендіріп, зиратты осы жартас басына қаздырған Нұрәлі.

Бұнысы тек жас жұмысшыны құрметтеп жерлеткені ғана емес, сонау қаралы жардың махаббатын да қатты сыйлағаны, бағалағаны еді. «Сүйген жарына мұндай қымбатты, қадірлі бола алған жас жігіт, осындай жұрттан бөлек, мәңгі бұзылмас зиратта жатуы керек» деп ойлаған ол.

Қазікеннің денесін су басатын жерге көмбей, жолдастары дәріптеп, жоғары көтеріп қойғандарына ризалығын білдіргені ме, әлде түніменен жылап, қайғысы енді жібімес тас боп қатқандықтан ба, Күнімжан ерінің табытын жабарда көзі мөлдіреп қоштасып мандайынан ақырғы рет шөп-шөп етіп екі-үш мәртебе сүйді де, содан кейін жылауын мүлдем тоқтатқан. Табытты қызыл бұрыштан шығарғанда да, серіктері жар басына көтеріп апарып тас зиратқа қойғанда да, көзіне тамшы жас алған жоқ. Қайғысы қабағына бұлт боп ұялап, ақ беті кенет тапжылмас мүмия тәрізді, қатты да қалды. Түн келіп, шам жағылып, ең ақырғы «еске түсіру» ғұрпыменен стол үстіне тағам мен ішімдіктер сығылысып қойылып қызыл бұрышта сол «еске түсіру» басталғанда да жылаған жоқ. Жұрт аяулы жасты еске алып, ері жайында да, өзі жайында да жылы сөздер айтып жатқанда да көзінен жас шықпады. Есінен, тілінен, ақыл, ой, сана-сезімінен айырылған адамдай сұп-сұр боп, тостағандай көзін бір жаппай мелшиіп отырды да алды. Кейбіреулер «япырм-ай, мына бишара есінен айрылып, жынданып кетпесе нетсін!..» деп енді шын қорқа бастады. Тек еске алу аяқталып, Нұрәлі:

— Қазікеніңнің қайғысы бізге сенен кем тимегенін өзің де көріп отырсың, шырағым. Жүрекке түйілген қайғы, жаныңа ұрған тастан кем батпайды. Сыртыңа шығарып бірдеме айтасың ба? — дегенде ғана ол ұйқысынан оянғандай селк етіп жан-жағына

қарады. Кенет бота көздерінен ыстық жас парлап ағып қоя берді. Шемен жас сол сәтте бар даусыменен қайғыға көмілген, ақылға ырық бермес жоқтауды зарлай жөнелді.

Жарым өлді, көзімнің нұры сөнді,
Жанып кетпей жүрегім қалай көнді?
Періштені қимайтын қара жерге
Ағажандар, япырым-ай, қалай көмді?
Аямадың қу тағдыр ғарып жасты,
Күнім сөнді, ақ жүзден қаным қашты
Сені алғанша, сұм ажал, мені алсайшы,
Кісі таңдай білмейтін қара албасты....

Нұрәлі Күнімжанның қыз дәурен, қызық дәурен, сұлу әндерін бұрын да талай естіген. Даусы күміс қоңыраудай сылдырлаған, ғашық жарынды сүйіп жатқандай бойыңды балқытып, шымырлатып әкететін, теңеуі жоқ әсем еді. Үнінен жаз шығып, құс біткен сайрай жөнелгендей үнемі таусылмайтын шалқыған қуаныш естілетін.

Сол дауыс қазір жасқа толы булығып, қайғыдан тұншыға, қарлыға шықты. Осынау кенет қартая қалған жас дауыс мұндай қасірет, шерге толы болар ма, отырған адамдардың көбін, басына қара бұлт төніп, жүректерін у жалағандай, кемсеңдетіп әкетіп барады. Зарлы ән, қызыл қанға боялып, жараланған аққудың, көкке ұшарға дәрмені болмай, құр қанатымен көк толқынды сабалап, «жаны ашыр жан болса, ажалдан арашаландар мені» деп өліп бара жатқанда салған әні тәрізді. Япырмай, адам баласының үніне мұншама шегі жоқ қанатсыз қайғы, таусылмас өкініш бітер ме, сай-сүйегі сырқырап кеткен Нұрәлі, мынау жас болып ағып жатқан қасірет толқынына шыдай алмады, көзіне келіп қалған жасын қолымен сүртіп, үйден ата жөнелді.

Нұрәлі беті ауған жаққа келе жатыр. Түн ай тұтылғандай тастай қараңғы. Аспанды қаптаған қалың бұлт тек қалың қайғының арасынан селт еткен жас көңілдің үмітіндей кенет арасы әлде қалай ашыла қалса, жарқырап, біреп-саран жұлдыздар көрінеді. Бірақ бүгінгі түн тек қайғы үшін жаралғандай, іп-ілезде қайтадан аспан төрін бұлт тұтаса жаба қояды. Әлем аясы моладай үрейлі, тірі жанның үні шықпайды, түн қараңғысы қорғасын қара көрпедей жер үстін тұншықтырып қымтыра жауып алған. Ең болмаса жел де жоқ, жайшылықта айқайы құлағыңа құбыжықтай боп естіліп, зәренді селк еткізетін өгіз шағаланың да шақырғаны естілмейді. Жерде де, көкте де үн жоқ, дүние бір үйелеп қалғандай тым-тырыс.

Нұрәлі әлі келе жатыр. Шаттық шаттықты, қайғы қайғыны туғызады. Күнімжанның шер-қасіреті екі күннен бері сәл саябырлаған өзінің қайғысын қайта қозғаған. Сәл тыныштанған жүрегін қайтадан отқа салған. Қазікенін Күнімжан қандай жақсы көрсе, бұл Өрігін одан кем жақсы көріп пе еді? Өлердей ғашық

болған. Ал қазір ше? Махаббаттың ең қиын азабы, сонда ғой, шын сүйсең сүйгеніңнің өткен қызығы түгіл, қазіргі қиянатын да бірден ұмыта алмайсың! Ол біртіндеп сөнетін от тәрізді. Тез сөне ме, жоқ ұзақ жүріп өше ме, адамның жақсы көрген күшімен байланысты. Мүмкін Күнімжан өзінің Қазікенін тіпті ұмытпас. Ал өзі Өрікті ше? Жоқ, бұның жанның өмірбақи қинауы мүмкін емес. Сөнбейтін, өлмейтін махаббат, тек адамның бірін-бірі шын жақсы көруінен ғана туады.

Ал бірі сүйіп, екіншісі опасыздық етсе ше? Жоқ, ондай сезімді жүрегіңе мәңгі сақтай алмайсың. Ондай сүю, тек сенің ар, намысыңды ғана қорламайды. Ондай адам үшін қасірет шегуге де, өлуге де болмайды! Болмайды! Болмайды! Болмайды!

Нұрәлі «болмайды!» деп айқайлап жіберді. Ия, Күнімжанның бақытының күйреуіне өлім себепкер болды. Өліммен төбелесе алмайсың! Егер өлімде жан болса, бір сәрі, адам алар еді одан өшін! Бірақ ол дүлей, мылқау, саңырау күш! Сенің жылағаның да, жалынғаның да өтпейді. Сондықтан Күнімжанның қайғысы жазылмайтын қайғы. Емі жоқ қайғы. Тек жүрек қартайған сайын ұмытылмас шердің өткір ұшы мұқалып, жанының ауруы азая түсуі мүмкін. Бірақ мұндай махаббат жоғалмайды, есіңе түссе болғаны, күлге көміп қойған шоқтай қайтадан жайнап шыға келеді. Ол сары алтынмен тең, тозбайды, тот баспайды, тек жаныңның түбінде асыл қазынадай сақтала береді. Ал сенікі не? Жоқ сенің махаббатың жүрегіңе қадалған тікенегің. Және оны сүйген жарың жаныңды ауырсын деп қадады! Өзіңді сондай аямаған, опасыздығымен жаныңды өлердей ауыртқан адамды, сен неге қимауға, ұмытпауға тиістісің? Жоқ, қи, ұмыт! Жүрегіңнен жұлып таста. Кетсін сенен әрі! Жоғалсын! Құрысын! Құрысын! Құрысын!

Ол тағы ойға қалды. Көз алдына тағы Күнімжан елестеп кетті. «Рас, сен бүгін бақытсызсың. Бақытыңды сұм ажал тартып алды. Және қайтып қолыңа түсірмейтін етіп мүлдем алды. Бірақ сен менен бақыттысың. Өйткені, сүйгеніңнен қанша айырылсаң да, оған деген үлкен махаббатың өзіңмен бірге, жүрегіңде қалды. Жүректе адал сезім сақтау зор бақыт! Ондай махаббаттың несі бақытсыз болса да, бақытты! Ал менде не қалды? Бақытымды ұрлаған Өрік пен Пейілжанға лағнат оқыған, жүрегімде қаралы сезім мен мұңымда жеркеніште өкініш қалды. Олар мөлдір махаббатымды ғана емес, адал жанымды да былғады. Мұндай адам шын бақытсыз!»

Нұрәлі әлі де ұзақ жүрді. Алыстан көрінген бұрғылау мұнарасының төбесіндегі шамға қарағанда лагерьге қайтып келе жатқан тәрізді.

Осы кезде құланшектеніп, сарғая барып таң атты. Нұрәлі лагерге келгенде күн де көтеріліп қалған. Жазатайым бір пәлеге ұшырап қалды ма деп үрпиіскен жұрт, отряд бастығының аманесен келгенін көріп қуанысып жатыр.

Нұрәлі Өрікті есінен шығаруға айналды. Бұған біріншіден, себеп болған Күнімжанның Қазікенге деген мөлдір махаббаты еді. Жас келіншектің осынау мәңгі жазылмастай жүрек жарасы, қайғысы Нұрәліңің опасыздықтан күйінген жанын тас-талқан етті. «Мұндай кіршіксіз таза, тұңғиықтай терең махаббат үшін өлуге де болады, ал менікі не? Тұлкі мінезді бір қыздың опасыздығы үшін өзімді-өзім, көл жағам деген қаражағал қызғыштай, өткә салып осыншама бүлінуімнің реті тіпті жоқ-ақ екен! Егер мұндай күйікке шыдай алмаса, онда бұл жүрек құрғырды жұлып ал да итке таста!»

Өрікті ұмыттыруға себеп болған жағдайдың тағы бірі — күнделікті жұмыс еді. Осы тұста Қызылтастан он бес шақырымдай Қаскыртөбе деген жерден су зерттеушілер, радон көзін ашқан. Судың қасиетін лабораторияда тексергенде өте құнды, және өзге жердегі минералды сулардай емес, адамның ден саулығына өте пайдалы басқа да химиялық заттардың көп екені анықталған. Ал Қаскыртөбе тұсы, проекті бойынша үш жылдан кейін жаңа теңіздің түбінде қалуға тиісті еді. Сол себептен бұл араны тезірек зерттеу керек болды. Радон суының бұл жерде тереңдігі, көлемі, қай тұстан қай тұска дейін созылады? Егер бұл арада радон суы тым бай бітсе, мүмкін болашақ теңіздің шетін бері ауыстыру керек болар. Онда осы экспедиция тұрған жер бұрынғы проектіде белгіленген тереңдіктен тағы он бес метрдей төмен түсуі керек. Не болашақ теңіздің шетін сол бұрынғы қалпында қалдырып, радон көзі бар жерлерді аралға айналдыра ма әлде, сосын радон көздерінен жоғары шығатын құбыжеңдер жасап, үстіне фонтан орнатып, солар арқылы пайдалану дұрыс бола ма? — Қысқасы, су зерттеушілер осының бәріне жауап беруге міндетті еді. Және тез берулері керек-ақ! Сол үшін Қызылтастан гидрогеологтарға дереу бұрғылау станоктарын Қаскыртөбеге көшіруге тура келді. Ал ЗИФ-150, ЗИФ-250 секілді станоктардың мұнараларын құлатып, оны бөтен жерге апарып қайтадан тұрғызу онай шаруа емес. Оған бірнеше трактор, автомашиналар, жұмысшылар керек. Нұрәлі күні, түні осы станоктарды көшіріп, қондыру жұмысының қасында болды. Бұл істерді өзі басқарды. Енді Өріктіні ойламақ түгіл, мезгілімен ұйықтап, ас ішуге де уақыты жетпеді.

Бұл жұмыстың бәрін бір айдың ішінде аяқтап, төрт станокты төрт жерге орнатып, енді бұрғылауға кіріскен кезде, бір бұрғының победит ұшы әзер алатын қатты, қайдағы жоқ тау жынысына кездесіп, не әрі, не бері жүрмей қойды. Ал екінші ЗИФ-150 станогі жиырма метр өткеннен кейін, тереңдігі қырық сантиметрдей радон көзіне ұшырап, одан әрі тек роговик тау жынысынан бұрғылауға кірісті. Қалған екі станоктың екеуі де, өндіріс керегіне жарайтындай радонды көздерге кездесе алмай, қалың пайдасыз тастардан өте алмады.

Жалпы алғанда, бұл арадан отряд қуана қаларлықтай радон

суына бай көлемді, терең аландарға әзірге жеге қоймады. Бірақ Нұрәлі жұмысты тоқтатпады. Өзі де шаршады, жұртты да шаршатты. Өзге жұмысшылар, кезегі біткеннен кейін, бір тәулікке жуық лагерьге барып дем алып қайтатын болса, бұл сол бұрғылау жұмысын тікелей басқаратындықтан, жұрт тәрізді поселкеге де күнде қайта алмады. Қасқыртөбеге шатыр құрғызып ап, сонда жатты. Күнделік тамағын лагерьден алдырып тұрды. Осындай жағдайдағы Нұрәлі лагерьге тек жетісіне бір баруға ғана уақыт тапты. Ал бұл бару оған үлкен қуанышқа айналды. Күнімжан су құрамын зерттейтін лабораторияда істейтін. Жұмыстың аты жұмыс, қайғың бар ма, қуанышың бар ма, өзіңе жүктелген міндетті атқару керек. Бұл қоғам заңы. Күнімжан да, қайғы қанша мазасын алса да, амал жоқ, өзін-өзі зорлап жұмысына кіріскен. Алғашқы кездерде тіпті не істеп, не қойғанын білмегенмен, бірте-бірте өзінің бұрынғы қалпына көшіп, тиісті міндетін де атқара бастады. Бірақ жұмыс көңілін қанша бөлгенмен, қайғысына араша түсе алмады. Қабағы көтерілмеді. Күнімжанның көңілі тек үйіне қайтқаннан кейін ғана аздап ашылатын болды.

Бірде Нұрәлі Күнімжанның үйіне келді. Күнімжан есік алдында отыр екен. Басын орамалмен таңып алған. Амандасып болғаннан кейін Нұрәлі:

— Басыңды неге таңып алғансың? — деп сұрады.— Ауырып отырған жоқсың ба?

— Күні бойы басым зілдей боп көтертпей қойды. Бүгін жұмыска да барған жоқпын...— деді келіншек сол төмен қараған қалпында басын жерден алмай,— суық ұстаған болар, дәрі ішіп едім, қазір жазылайын деді ме, қалай...

Осы күннен бастап Нұрәлі Күнімжанның үйіне жиі келетін болды.

Күнімжан кейде үйінде болады, кейде болмайды. Бола қалса, Нұрәлімен жұмыс жайында аздап сөйлеседі, кейде әлденені сылтау етіп көп тұрмай үйіне кіріп кетеді.

Бұл қандай сезім? Нұрәлінің өзі де білмейді. «Сенен бөтен өмірбақи ер көрмей өтуге ант етем» деген Күнімжанның сөзін өз құлағымен естіген. Және мұндай қаралы айларда, жаралы жанның көңіліне дақ салар ойдан өзі де аулақ... Сөйтсе де, жанына тыныштық бермеген, жүрек түбінде терең жатқан бір сезім оны үнемі лагерьге қарай сүйреп, мазасын ала түсті. Келіншекпен ең болмаса бес минут сөйлесуге құмартып, жүрегі алып-ұшып, асыға түсу оған бір ғанибет тілекке айналды. Сөйлеспей, Күнімжан үйіне кіріп кетсе де, әйтеуір көріп қалса, соған да ол өзін бақытты санады. Ал келіншекті тіпті көрмеген күні, көңілі сүрен атып қамығып, кенет біртүрлі әлденеге жүдей қалатын болды.

Дегенмен, осы бір жанын жай тапқызбаған белгісіз беймаза сезімдер енді ұзаққа созыла алмады.

Бір күні келе жатқан Нұрәліге Күнімжанның өзі қарсы жүрді. Қол алысып амандасып болғаннан кейін:

— Ертең Алматыға жүрем,— деді.— Медицина институтына түсуге қағаздарымды жіберген едім, емтиханға бірінші августан қалмай кел деген шақыру алдым.

Нұрәлі не дерін білмеді.

—Егер институтқа түсе алмасам, өз орныма қайтып келем.

— Жарайды, жарайды,— деді Нұрәлі бөтен сөз қайтара алмай. Оның жүрегінде дәл осы мезетте Күнімжанның институтқа түсе алмай қайтып келуінен бөтен тілек жоқ еді.

Демек, жігіт қанша тілесе де Күнімжан қайтып келмеді. Ол институтқа түсіп Алматыда қалды.

Бесінші тарау

Адам баласының бір қуанышы, жарық жұлдызы, темір қазығы — туған елі. Оған деген махаббаты — өзін сол темір қазыққа байлаған қыл арқаны. Қандай қиын кезең тумасын, қыл арқан қандай жанына қатты батпасын, үзіп кете алмайды. Ал, алда-жалда үзіп кете қалса, жаны бұрынғыдан да жаман ауырады.

Әркім де туған елін жақсы көреді. Біреу өзі үшін, біреу халқы үшін.

Ал туған елі үшін жан беру — жай дүние салу емес. Ол көк аспанда қырандай шарықтап, найзағай оғына кеудесін қарсы тосып ажал табу. Ондай өлім халықтың көкірегінде қалады, жас ұрпағына үлгі етеді, арманына айналады. Өйткені екінің бірі көк аспанда шарықтай алмайды. Жай оғына мызғымай кеудесін тоса алмайды.

Күнтуар туған елін, жерін үлкен сезіммен сүйген. Оған деген махаббатын, ар, ұятын жаралғаннан адал сақтаған. Қешегі тар жол, тайғақ күндерде де шыбындай жанын Отаны үшін құрбан етуге қорықпаған. Ылғи алдыңғы шепте болған. Бірақ жау оғы, көкірегінен емес, аяғынан тиіп, аман қалған.

Демек көңілі дүниеден бітпеген, көздеген мұратына қолы жетпеген кей адам, шала ұйықтаған кісі тәрізді. Қиялы тұманды, ақыл, ойы мең-зең. Оған жарқыраған күн де көмескі, жайнаған гүл де ажарсыз. Мұндай кісінің бір тілегі орындалса, жазмышына енді бар арманыма жеткіз деп жалбарынады. Ұйқы көрмейді. Адам деген міне осындай. Жоқ болса азға қол созады. Бар болса көпке талпынады. Болған үстіне бола берсін дейді. Ал, біздің Күнтуар азды мәсе тұтпай, көпті аз санап, мазасызданған кісі емес. Қуаныштың әр мысқалына, өмірдің әр сәтті сағатына тәубе еткен. Ашусыз, жанжалсыз күні өтсе, өзін қайғысыз жан санаған. Өмірді ол зор бақыт көрген. Бар тілегені жалғыз ұлы

Дәнелі сау болып, шұғылданып жүрген жұмыстарының нәтижелі бітуі ғана...

Шынын айтқанда Күнтуар көне және орта ғасырлар дәуірінің археология ескерткіштерінің үлкен зерттеушілерінің бірі еді. Оның бұл кезеңдерден жазған ондаған кітабы болған. Бірақ Күнтуардың соңғы жылдардағы еңбектері тегісімен қазақ жеріндегі, қала берді Орта Азия сақтарының мұраларына арналған. Біздің дәуірімізден мың жыл, бес жүз жыл бұрын қазақ жеріндегі сақ қорғандарының бірнешеуін қазып, Есіл, Нұра, Ертіс, Сырдария, Жетісу өңірі мен Арал теңізі төңірегінде сақтар мен сақтар тектес тайпалардың тұрғанын анықтаған. Бұл зираттардан, сол тұстағы көне қорғандардан алтын мен күмістен жасалған ғажайып аңдар мүсіндерін, ыдыс-аяқтарын, қару-жарақтарын, сауыт-саймандарын тауып, сақтардың «Тағы аңдар стилі» деп аталатын көркемөнерінің зерттеулеріне өзінің үлесін қосқан. Бірақ оның ойынан ешуақытта да бір күдік кетпеген. Шығыс пен Батыс түйіскен, осы күнгі қазақтың алып даласын сонау көне заманда сақтардың көшпелі тайпалары мекен еткені қазір бар әлемге айқын. Ал, сол көшпелі ел өзінен бұрын не шығысында, не батысында жоқ «тағы аңдар стилін» — қайдан алғаны оған белгісіз еді. Өзі кеше ғана отырықшылыққа ауысқан көшпелі елдің бел баласы болғандықтан, мәдениет таңы көрші грек, иран жеріндей әлі атпаған, көшпелі сақтар қола, алтын, күміс қазып, оны ұстаханаларында отпен балқытып, сондай ғажайып мүсіндерді өз бетімен жасады дегенге күмәнді еді. Ал, көшпелі сақтардың сондай мәдениеті болды дегенге сенбейін десе, сол дәуірдегі зират, қорғандардан табылған, өте шебер жасалған мұралар сол кездегі сақ жұртының өзіне тән үлкен мәдениеті болғанын дәлелдейтін. Демек, сойыл ұстап, мал баққан көшпелі елдерге бұлар қайдан келді? Мүмкін Қара теңіз жағасындағы мәдениетті скифтардан, не болмаса, Алтай ,Тарбағатай таулары бойындағы тұрғын сақ тайпаларынан әкелінген шығар? Жарайды, солай-ақ болсын делік. Бірақ ол скифтардың өзі бұл өнерлерді қайдан алды? Олар өздері ол тұсқа Орта Азиядан, осы күнгі қазақ жерінен соңырақ барған жоқ па еді деген сұрақ өзінен өзі туған. Бұның үстіне қазақ жерінен табылған кей мұралар тіпті Қара теңіз скифтары мәдениетінің гүлдену кездерінен көп ғасырлар бұрын жасалғаны анықталған. Қысқасы, Күнтуардың ойынша, бұл арада сақтардан бұрын жер қазып, кен қорыта алған, қаласы, қол өнері мол мәдениетті жұрт болған. Соңынан ол халық үлкен бір апаттан, не қоғамдық, табиғи құбылыстармен байланысты, мүлдем тарих бетінен жойылған. Олардың орнына мұрагер ретінде Орта Азияға және қазақ жеріне көшпелі, жауынгер сақ тайпалары келген. Мүмкін бұл ойы қате болар? Дүние бұл арада сақтардан-ақ басталған шығар. Бәрі де мүмкін. Бірақ ғылымда бірнәрсеге күмәндану — ізденудің басы. Күнтуардың да ізденуі осы күмәнданудан басталған. Демек, сол тарих бетінен құрып кеткен мәде-

нметті ел, Европа тілімен айтқанда көне цивилизация қандай болған? Жалпы ол болған ба? Бұның бәрі әрине, Күнтуарға жұмбақ. Жоқ, жұмбақ емес, бұл Күнтуардың дәлелі жоқ болжамы, қиялы. Оның үстіне, мұндай қиял ақтауды қазақ жерінде сылтау санар ешбір дерек табылмаған. Бұл арада табылғанның бәрі архоно-еннсей дәуірінің, сақ заманының мұралары еді. Сол себептен де ол өзінің осы ойын бекітетін археологиялық дәлелдер іздеуде еді. Ал, іздеудің оның ойынша бір-ақ жолы бар. Ол сақ елі өзінің «тағы аңдар стилінің» үлгісін алған көне жұрттың қалдығын табу. Сонда көшпелі сақтар сол жұрттың мұрагері екені анықталады. Қысқасы, сақ, архоно-еннсей замандарынан бұрынғы мәдениетті, цивилизацияны ашу. Бұл адамның фантазиясымен тең арман. Мүмкін бұл арман бос қиял шығар, бірақ осы бос қиял Күнтуарға көптен бері маза бермеген. Және қиялшыл археолог бұл арманын тірі жанға айтқан емес, өзінің көкірегінде, ойында ғана сақтап келген.

Сондықтан ол жоғалып кеткен қолжазба — ой дәптерінде:

«Сақ дәуірінің толып жатқан «тағы аңдар стилін» анықтайтын заттары табылғанмен, әлі күнге дейін саврамат кезеңінен бұрын сол заттарды жасайтын өндіріс құралдары, өндіріс орындары, қала берді алтын, мыс, қола, күмістерді қорытқан жері кездескен жоқ. Кей ғалымдардың ойынша Қайрақты, сол көне елдің сақтардан да бұрын Мұғаджар, Маңғышлақ, Жезқаған секілді кен қазған, орда тіккен тұсы. Мен бұған қосылам. Оған толып жатқан дәлелдер бар. Сондықтан да осы Қайрақты өңірін бес жылдан бері қазып келеміз. Бірақ бұл арадан ғалымдар күткен өндірістік, не кәсіпорындық ешбір мұра әлі ұшыраған емес... Ал, менің есебім бойынша, сақ дәуірінің алғашқы өркендеген кезінен бұрын, бұл ара Жақсарт дариясының түбі болған. Міне осы жағдайларды дәлелдегеннен кейін...» деп жазған. Күнтуар «бұл арада Жақсарт түбі болғанын дәлелдегеннен кейін» не демек, оны тағы айтпай, ойында, көкірегінде сақтап қалған.

Күнтуар мен Дәнел Қайрақты археология экспедициясына келгенде шаңкай түс еді. Сұрғылт топырақты, қиыршық тасты жіңішке таран жолмен, соңынан ақ шаңдақты, көкке көтерілген ұзын із тастап «ГАЗ-68» машинасы белеске көтерілгенде, бұлардың дәл қарсы алдарынан ойдым-ойдым боп біткен баялыш, жыңғыл, мендуана, рақ, өгей шөбі ыстық күннен сарғайып күйіп кеткен құлазыған құмайтты, сортанды, тақырлы, қу дала көрінді. Сол жағында бір шақырымдай жерде, арғы бетінде сағымы ойнаған, сұрғылт толқынды Сырдария жатыр. Оң жағында құлын жалдана көтерілген, қатпарлана созылған құба белестер бейне тасыған Сырдария толқындары жағасынан шығып, бері қарай құлай түскен тәрізді. Кедір-бұдырлы аласа асулар да дәл сол дарияның үлкен-үлкен толқындарына ұқсайды.

Жіңішке жол барып тірелетін жерде, бірнеше төбе, қорғандары көзге түседі. Олардың ара-арасында, алыстан, жақында ғана

жүргізілген арықтар тәрізді, айқыш-ұйқыш орлар, ішінен шығарылған топырақтары жандарына үйілген қазылған құдық-шурфтар байқалады. Бұлардың арғы бетінде, күнгей тұсында алты ақ шатыр тігілген. Бұлар экспедиция адамдарының жататын, ас ішетін, тапқан заттарын зерттейтін, тексеретін орындары.

Машина ызғыта, соңынан шаңды бұрқырата, қазылып жатқан ордың шетіне кеп тоқтады. Бұларға қарсы денесі қара қошқыл боп күнге әбден күйіп кеткен, аршын төс кеудесінде көк сиямен «Менің өмірім қияда» деген жазуы бар, бұлшық етті, қара көзілдірікті, басында қолдан тіккен ақ мата шляпасы бар жігіт келе жатыр. Белбеуіне қыстыра салған тас мүсіндерді топырақтан аршитын кішкентай археологтық күрекшесі бар.

Машинадан шыққан Күнтуар мен Дәниелге жігіт қолын беріп:

— Амансыздар ма? — деді. Сөйтті де, машинасынан түсіп жатқан бала шофер Вадимге.— Привет, работяга! — деп қолын көтерді. Бұл биыл абақтыдан босанып шығып, экспедицияға жұмысқа кірген «Тентек шыбын» деп аталатын Михайлов деген жер қазушылар бригадирі еді.

Амандасып болған Күнтуар одан:

— Өзгелерің қайда? — деп сұрады.

— Суға кетті,— деді жігіт, сөйтті де күлді,— жоқ, суға батып кеткен жоқ, түсуге кетті.

— Ал, жұмыстарың қалай?

— Ғылымды қимылдатып келеміз.

— Әйтеуір қаркындарың жақсы ма?

— Алға қарай қимылдатуға ақылымыз жетпейді, кейін қарай жүргізуге жоспарды орындай алмай қаламыз ба деп қорқамыз,— деді жігіт күліп. Оның үлкен ақ тістері, қара қошқыл бетіне бір жарық бергендей аппақ боп көрінді,— сондықтан бүйірге қарай итеріп келеміз.

Жігіттің қуақы тіліне күлген Күнтуар:

— Әйтеуір бір орында тұрып қалмасандар болады,— деді әзілдей.— Бір орнында тек құз, жартастар ғана тұрады.

— Өйткені олар жалақы алмайды ғой,— деді жігіт.

Бәрі тағы күлді.

— Қайрақтыдан қашан шықтыңыздар? — деді жігіт.

— Екі сағаттай болды.

— Жолай профессорды кездестірген жоқсыздар ма?

— Қайдағы профессор?

— Әлгі біздің Армашканың өгей әкесі дей ме, қалай.

— Армашкаң кім?

— Бұлар Арманды «Армашка» дейді,— деді Вадим.

— Ә!... Профессор Ергазы Аюповты айтасыз ба? Ол бұл жақта не істеп жүр?

— Онысын өзі де білмейтін шығар. Әйтеуір екі күн бойы әр жерді бір шұқылап, қағаздарына бірдемелерді жазып жүрді.

Сосын, бүгін баласын Қайрақтыға алып кетті, жұмыска сонда орналастырам дейді.

Күнтуар таңдана сұрады.

— Арманды ма? Ау, ол археолог емес пе?

— Археолог дегеннен алхоголик десеңіз дұрыс болар?!— Жігіт тағы күлді.— Ол бір жарым ай бұрын бір краляны алып келді. Қыз болғанда қандай! Джина Лолобриджия, София Лорен, Леа Массари, Лиза Гастона — бәрі өзі? Сол краляны алып келгеннен іші. Егер әкесі әкетпегенде, бұл күнде табыттың ішінде ойнайтын еді!... .

Дәннел сұп-сұр боп кетті. Бірақ ештеңе демеді. Тек теріс бұрылып алыска қарай бастады.

Ал, шынында Арман туралы Күнтуар қате пікірде еді. Өгей әкесінің арқасында университетке түсіп, тарих факультетін бітіргенмен, археологияны тіпті жақсы көрмейтін. Былтыр бір-екі ай экспедицияда болса, онысы диплом алу үшін амалсыз көнгені еді. Жігіттің мұндай қасиеттерінен бейхабар Күнтуар, жақсы көретін жолдасының баласы былтыр өзінің экспедициясына тәжірибе жұмысына келгенде қуанып қалған.

— Археологияны жақсы көресің бе?— деп сұраған одан Күнтуар.

— Жатсам, тұрсам ойлайтыным өткен дүние мұралары...

Күнтуар жігіттің бұл сөзді қандай оймен айтқанына мән бермеген, тек егер бар ойы өткен кезең мұраларында болса, бұдан шын археолог шығады екен деп болжаған. Адам тек жақсы көрген кәсібінен ғана нәтиже шығара алады. Бұл археологке мәлім ескі қағида.

Сол себептен ол:

— Археологияны жақсы көретін болсаң, келесі жылы менің экспедициямa қосыл,— деген оған Күнтуар.— Өкінбейсің, біз қазақ жерінің тарихын зерттеуде елеулі іс үстіндеміз.

«Ал, сөйткен Арман қандай жігіт боп шықты? Баласының жақсы көретін қызын азғырып әкетті. Ол аз болғандай, мұнда келгелі жұмыс істемей, арақ ішумен болыпты. Аракка берілу— ол өзіңе өзің ауру тілеп алу. Жоқ, жаткан жыланның құйрығын басу. Ойнақтаған бота от баспай қоймайды, арақ деген у жылан, бір күні болмаса бір күні шағып өлтіреді. Ақырында экспедициядан қашып кетіпті! Бұл не деген сұмдық! Әлде мына жігіт жалған айтып тұр ма? О да мүмкін... Кескіні мынау, кеудесіндегі жазуы бұның да қандай адам екенін көрсетіп тұрған жоқ па? Тегі экспедицияға биыл кімдер алынды, көңіл қойған жөн болар».

Расында да, биыл жазғытұрым экспедицияға кісі алынып жатқанда, Күнтуар басқа жұмыстардан қолы босамай, бұл шаруаны көмекшілеріне тапсырған еді. Енді міне сондағы қатесін тағы өзі тексермек боп тұр.

Жігітті істеп жатқан жұмысына қоя беріп, баласын ертіп, Күнтуар қазылған тұсқа қарай беттеді.

Расында да бұл араны көне елдер Ордасын тіккен жер деуге снятын еді. Шу дегеннен кездескен бірнеше қорған-молалар әсіресе оның ішіндегі қойылған топ адамдар, бұл араны қоныстаған (әлде осы араға әдейі жиналған) жұрттың көп болғанын дәлелдеген. Ал, бұл көп жұрт, әрине, Орда маңайына жиналған жұрт, не қалың қосындар дәл осы тұста майдан ашқан. Әйтпесе зираттардағы осыншама кісі сүйегі қайдан келеді? Бұдан басқа бұл жерден бірнеше тас үйдің орны, қабырғалары табылған. Тіпті осы тас үйлердің дәл орта тұсында (сірә жұрт жиналатын алаң болуы керек) көсемдері отыратын тастан қашап салған хан тағы да, желі тартылып, ат байлаған темір қазықтар да шыққан. Бірақ еш жерде де мыс қорытқан, не қола, күміс, алтын балқытқан пеш қалдығы, темір таған, тас қазан, болмаса мүсін жасайтын шеберханалар ұшырамаған. Сондай-ақ, дәл осы арада кен қазылды-ау деп ойлар тау жынысы шығарылған құдық, үңгір, шұңқырлар тіпті кездеспеген. Бұның бәрі «тағы аңдар стилі» деп аталатын мүсіндердің басқа жақтан алып келінгендігін, немесе ескіден қалған мұра екенін көрсеткендей еді. Демек, Күнтуар бұл тұстың зерттеуін тоқтатпаған. Биыл тағы жер астына тереңірек түсуді жөн көрген.

Баласын ертіп Күнтуар бірнеше терең орларды, құдық-шурфтарды көне замандағы тас үйлердің еденіне дейін жеткен жерлерді қарап шықты. Қазылған орлар тастай боп қатып қалған, ұсақ тасы мен құмы аралас сұрғылт балшықты тау жынысына келіп тоқтаған.

— Мына цементтей боп қатып қалған құм балшықты жердің не көрсететінін білесің бе?— деді Күнтуар баласына.— Байқайсың ба күрек түгіл, сомның өзі әзер алады.

— Ия, тастай қатты,— деді Дәниел.— Бұл араның тау жынысы үстіндегі топырақтан өзгеше жаралғандай.

— Ия, дұрыс айтасың. Неден жаралған деп ойлайсың?

— Білмеймін.

— Мынау цементтей мықты құмайтты сұр балшық, бұл жер бір кезде Жақсарттың түбі болғанын көрсетеді.

— Онда бұл араны енді қазбаймайтын шығарсыз? Судың түбінде еш қала болуы мүмкін емес қой.

— Ол солай. Бірақ қазуды біз тоқтатпаймыз.

— Неге?

Әкесі тікелей жауап бермеді.

— Менің болжауым дұрыс болса, кезінде көрерсің...

Дария жағынан салқындау дымқыл жел есті. Күн қызуы сәл басылайын дегендей. Арғы беттегі сағым селдірлей түскен. Обатас жанында жападан-жалғыз ойға шомып отырған Дәниел кенет құлағын түре қалды. Күле сөйлеген қыз бен жігіттердің да-

уыстарын естігендей болды. Сөйткенше адамның мейірін қандырғандай бір әдемі ән көкке шалықтай көтерілді.

«...Есейіп кетсем де,
Мен саған сәбимін...»

Дәнелдің бойы дірілдеп кетті. Бұл өленді осылай көтере созып, «сәбимін» деген сөзді ерекше еркелетіп тек Жаннат қана айтатын. Бұл соның даусы. «Қап бекер обатастың қасына отырыппын-ау. Бұл ара дариядан қайтатын жұмысшы жастардың жолы екені есіме де келмепті! Жоқ-ау, соны біле тұра, Жаннатты ең болмаса бір көріп қалайын деп, осы араны әдейі өзім таңдап едім ғой. Енді несіне қынжыламын? Дегенмен былай қарай жүрсем бе екен? Жаннатпен бетпе-бет кездесу дәл мұндай қиынға түседі деп кім ойлаған?.. Жоқ, енді бәрі бір үлгірмейсің...».

Дәнел бір шешімге келгенше обатаска таяу бір бұлтарыстан топ қыз бен жігіт көрінді. Бәрі де түрлері қара қошқылданып күнге күйген, үстерінде жеңіл киім, джинси шалбар мен қысқа жеңді тоқыма көйлектер, бастарында ақ матадан жасаған кең калпақ, не сабан шляпалар. Қайсысы бұның Жаннат?.. Дәнел бірден таныды. Әне, анау, сәл шеттеу келе жатқан қыз. Көмілген күлінен аршылып, жайнай қалған шоқтай көзіне ыпыстық боп көрінді. Иә, Жаннат десе жаннат қой ол! Жоқ, жаннаттай құлпырған шілденің басында қауызын жарған нағыз жанаргүл ғой ол өзі! Жаңбырдан кейін, алтын күнінің сәулесі аймалаған, алтын түстес кәдімгі әсем жанаргүлді көргенің бар ма? Көрмесең, көрмей-ақ қой. Жаннатты көрсең жетеді. Ол гүл де бір, Жаннат та бір.

Жаннат пен Дәнел бір мектепте оқыды. Жаннат үшінші класта жүргенде Дәнел алтыншыда еді. Үйлері көршілес болатын. Жаннаттың әке, шешесі екеуі бірдей, Күнтуармен жерлес еді, содан ба, әйтеуір олар Дәнелдің үйіне жиі келетін. Кей кезде Жаннаттың шешесі Дәнелге, «айналайын, қазір қараңғы ерте түседі, менің Жаннатымды мектебінен ерте кел» деп тапсыратын. Әрине, Дәнел көрші апасының айтқанын орындайтын. Мұндайда Жаннаттың шешесі кейде: «Байқа, Дәнелжан, Жаннатынды көзіңнің қарашығындай сақта, біреу-міреу ұрлап әкетіп жүрмесін. Өскен соң өзіңе беремін» деп қалжындайтын. Мұндайда Дәнел қысылып, екі беті қып-қызыл боп балбырап, ұялып қалатын. Екі-үш күндей Жаннатқа жуымай да қоятын. Сөйткен Жаннат бесінші класка шыққанда, шешесі соқыр ішек боп ауырып, абайсыз істелген операциядан дүние салды. Енді Дәнел Жаннатқа көз қырын салуды өзіне міндет көрді. Үнемі мектептен бірге қайтып, бөтен балаларға тигізбей, үйіне апарып салып жүрді. Сөйте-сөйте, Жаннат кейде Дәнелдікіне келіп сабағын сұрап алуды шығарды. Енді олар бір-біріне күле қарап, ұзақ уақыт бірін-бірі көрмесе, араларындағы қылдырықтай нәзік сезімдері үзіліп кеткендей, кәдімгідей жүдеп қалатын болды.

Жаннат алтыншыға шыққанда, қыз бала қылтиғанша дегендей бұлар ең алғашқы рет қар атысып ойнады. Дәниел оны қуып жетіп қарға домалатты. Жас өспірім қыз бала мен бала жігіттің махаббаты осылай, күнәсіз пәк ойындардан, кітабын, қарындашын алып қашу, алғашқы ақша қарды лақтыру тәрізді болмашы әрекеттерден басталады. Жаннат жетінші класта оқып жүрген кезінде, енді бұрынғыдай ойындардан көрі, Дәниелмен бірге киноға баруды, жаңа жыл, бірге оқып жүрген балалардың туған күні тәрізді мерекелерде, оңымен қатар отырып, сонынан бірге билеуді ұнатты. Әлде қалай Дәниел, бұған көніл қоймай, басқа қызбен көбірек оңаша сөйлесіп кетсе, Жаннат өкпелеуді шығарды. Ал егер сол бөтен қызбен киноға баратын болса, онда Жаннаттың екі көзі білеудей боп ісіп, Дәниелді кәдімгідей қызғанып, күйінетін болды. Бұл екі жасөспірім жастың махаббаттарының ең алғашқы оянған түрі еді. Жаннат Дәниелді әлі де қыз аталып қалыптаспаған жай пәк балалық сезіммен ұнатса, Дәниел оны жігіт бола бастағандағы жаңа оянған шын махаббатымен жақсы көрген.

Дәниел он жылдықты бітірген мектеп кешіне Жаннатты шақырды. Екеуі бұл кешті «қоштасу балынан» бастап, Ленин алаңындағы ең ақырғы Дәниелдің оқушылық түнін де бірге өткізді. Тек күн шыға берген кезде ғана бұлар өзге жасөспірім серіктерінен бөлінді. Жоқ, үйлеріне қайтқан жоқ, қол ұстасып, Алматының бау-бақшалы жасыл көшелерін аралап кетті. Шаршаған кездерінде әлі жан жүрмеген, қаланың шеткі қалың ағашты бір көшесіндегі орындыққа келіп отырды. Қыз аппақ гүл жапқан бозқарағаң ағашының басына түскен күн нұрын көрсетіп:

— Қарашы, күн сәулесі қандай тамаша!— деді.

— Күн сәулесі сенің көзіңдегі сәуле тәрізді!— деді бала жігіт.

Қыз ұяла күлді.

— Қойшы!

— Берші маған сол сәуленді!

— Ала ғой!

Жігіт қыздың көзінен сүйді.

— Жоқ,— деді бала жігіт,— сәуле сенің көзіңнен қашып, енді ерніңе қонды.

— Оны да ал!

Жігіт енді құштарлана қыздың ернінен сүйді.

— Қандай тәтті еді,— деді бала жігіт,— ерніндегі нұр сәуле!

— Жоқ, ол ернімнің нұр-сәулесі емес, жүрегімнің шырыны ғой,— деді қыз.

— Онда аямашы менен сол шырыныңды,— деді бала жігіт,— мас бола сусынымды қандырайын.

— Жарайды.

Енді қыз жігітті аймалай сүйді.

Сәске көтеріле бұлар үйлеріне қайтты. Өз бөлмелеріне кіріп,

ұйықтап жатқан осы екі жасты дәл осы сәтте көре қалсаң, дүние жүзінде бұлардан асқан бақытты адамдар жоқ дер едің. Расында да бұл екеуі көңілдерінде тіттей түйткіл жоқ шын бақытты жандар еді, өйткені бұлар тек махаббаттың ғана риясінен өзге, алдарында өрі, ойы-қыры көп, кенеуі тез кетер өмір барын әлі білмейтін. Бұл албырт екі жастың дүниенің бар қызығы, зәңгіпасы қолдарын созса түсе қалатындай көретін әлі сарсылып күн өткізіп, жүдеуді аңғармайтын шақтары.

Сол жылы Дәнекел университетке түсті. Үш жылдан кейін, әкесі автомобиль қағып қаза болған Жаннат та кеп осы университетке емтихан берді. Үш жылдай хат арқылы, әйтпесе демалыстарында жаздың тез өтер айларында ғана кездесіп жүрген жас тілектер, бірін-бірі тағы тапты. Былтыр Дәнекел университетті бітіріп, жұмысқа сол Алматыда қалған. Биыл күз екеуі қосылмақ еді. Сөйтіп жүргендерінде кенет уәде бұзылды, Жаннат ойда жоқ жерден Арманмен қашып кетті. Бұған қандай себеп бар еді?

Дәнекелдің әкесімен бірге Қайрақтыға келгендегі ойының бірі, ауыр тнеріп білсе да Жаннатпен кездесіп, онасыз болған себебін білу еді. Дәрменсіз бітеу жара боп қиналғаннан гөрі, анығын естіп, болған іске болаттай болуды тілеген еді Дәнекел.

Дабырласқан жастар келіп те қалды. Кейбіреулері Дәнекелмен бұрыннан таныс. Қол алысып, қалжыңдаса амандасып жатыр. Көп тұрақтамай әрі-беріден соң бұлар өтіп кетті. Дәнекелдің қасында үн-түнсіз төмен қарап, жалғыз ғана Жаннат қалды. Ол басын жерден алмай:

— Амансың ба, Дәнекел?— деді.

— Өзің де амансың ба, Жаннат?

— Сен маған өкпелісің ғой?...

— Жоқ...

— Солай ма?— Жаннат басын көтеріп алды.— Істегенім жаныма қатты батып жүр еді...

— Сенің бұлай кеткенің маған да оңай тиген жоқ. Тек өлмеген сұлдем қалды...

— Өзім де солай болар деп ойлап едім. Амал қанша, шын махаббат, адамның ай менен күні тәрізді, өзінен бөтен ештеңені көрсетпейтін жалғыз жарығы екен.

— Маған бұлай демеуші едің ғой...

— Ия, саған бөтен сөздер айтатынмын. Олар да шырайлы болатын, бірақ жанымды өртеп, жүрегімнен шықпаған екен. Енді сенің алдында қарабетпін. Айыптымын.

— Қайдағы айып? Жүрегің мені шын сүймегеніне сен кінәлісің бе? Тек оны қалай білмей келгенмін, соған өкініштімін...

— Ия, сені шын сүйген тәрізді едім, бірақ бұным қате екен. Өзіне бала жастан үйренген соң, достығымызды махаббатқа санап келіппін. Ал шын махаббатым кездесіп еді... Және сен өз махаббатыңды қорғай алмадың...

— Бәрібір одан ештеңе шықпас еді...

— Ия, ол солай. Бірақ қыз жүрегі әлсіз жүрек, қашан да болса қорғауды тілейді. Егер сен қорған бола білгеніңде мүмкін...

Жаннат шынын айтты. Оған Дәнекел бала жастан шын тілеген адамы бол көрінген. Өзі солай деп сенген. Бірақ аралары ұзақ жылдарға созыла келе, Дәнекелдің жұмсақ мінез-құлқы да, күздің шуақ күніндей самалды салқын махаббаты да, Жаннатты өзіне етене етіп үйретіп алған. Жігітін ұзақ уақыт көрмесе сағынатын, бірақ жасөспірім кезіндегідей жанып, күйіп кетпейтін. Жолықкандарынша сабыр сақтап шыдайтын. Сөйтіп жүргендерінде бір күні оқуын бітіріп Мәскеуден Арман келді. Дәнекелге деген тыныш жан әлемі кенет алай-түлей бола қалды. Бұрын орта мектепте бәрі бірге оқып жүргендегісіндей емес, Жаннатқа ол енді өзгеше, біртүрлі жоқ жерден пайда болған сап алтындай көрінді. Дәнекел талдырмаш, жұпыны ғана жігіт болса, Арман көз тоярлықтай сыр-сипатты, сымбатты, көрікті еді. Дәнекелдің ойлы көзі қара судай тұнып, қыздың жүрегін ғажайып бір тыныштыққа бөлесе, Арманның ұшқынды өткір көзі, ақыл, ойын біржолата өртеп жібергелі тұрғандай, жанын бірден әбігерге салды. Заты сабырлы, мүләйім мінезді Жаннатты, терең жатқан махаббатымен жанын ауыртпай әлдилеген Дәнекелдей емес, Арман қыз жүрегінің кенет қарасудың бетін ойпантойпан еткен дауылдай, өзінің жалындаған, оттай ыстық ләззатымен астан-кестеңін шығарды. Оның үстіне ауыр мінезді Дәнекел, сүйгенінің ауытқи бастағанынан күдіктенсе де қызғаншақтық көрсетіп, Арманнан аршаламады. Бақытым уысымнан шығып кетер деп ойламады. «Мені сүйгені рас болса, жауабын өзі де берер» деп Жаннатқа сенгендіктен, әдеттегі салмақты момын мінезіне салып оны қорғамады. Ал Арман болса, ондай кең пейілдіктен тіпті аулақ еді. Өзі де жанып-күйді, қызды да жандырып-күйдірді.

Би билесе белінен тым таяу ұстап, ұршықтай үйірілдірді, оңаша қалса қыздың еркіне қоймай бауырына қысып, бетінен, аузынан, мойнынан сүйді. Ләззат отына өзі де шыдамады, қызды да шыдатпады. Осындай күйдегі екі жас бір күні қараңғы түскен кезде қала шетіндегі, көгал шөпті, сыңсыған қалың ағашты алма бағында кездесті. Айлы түнде, ақ гүлді алма ағашының саясында тірі жан қыбырламаған тыныштықта, Жаннаттың аш белінен қатты қысып өзіне тартты, қызыл ернінен құштарлана сүйді.

Жан қуанышынан өзін-өзі қорғай алмаған Жаннат, балбыраған хош иісті, үйпаланып қалған көк шөптің үстінде екі тізесін құшақтап, күлімсіреп ұзақ отырды.

«Дәнекел бұйтпес еді, деді ол кенет өзіне өзі ақырын сыбырлап,— әрине бұйтпейді. Өйткені ол мені Армандай сүймейді. Сүйе алмайды!»

Жаннат кенет дауыстап күлді. Оның бұлақ суындай сылдырлаған үнінен бір орасан бақытты қуаныш естілді. Сол күннен бастап Жаннат Дәнелмен кездеспеуге тырысты. Ақыры Арманның алып ұшқан жүрегі, ыстық махаббаты жеңді, онымен бірге Қайрақтыға жүріп кетті. Дәнел екеуінің содан бері кездесіп тұрғандары осы.

— Сенің хатыңды оқығанымда сол күні түнде өзімді өзім өлтірмекші де болдым,— деді Дәнел сөзді қайтадан бастап.— Тек әкемді аядым. Жалғызымын ғой, тым жақсы көреді, менің қайғымды көтере алмас еді. Сосын артынан сенің мені шын жақсы көрмегенің тоқтау болды.

— Мен сені шын жақсы көрмеген екем. Және дер кезінде өзің қорғамадың... Сосын... Мен оның әйелі болып қалдым... Сені аяп жүргенімде дәлел табылды. Сүттей таза махаббатыңды былғауға тиісті емеспін дедім. Содан кейін Арманмен кетіп қалдым...

Дәнел үн-түнсіз ұзақ отырды.

— Ия, солай,— деді ол әлден уақытта,— бұл неткен әділетсіздік! Адам дүниеге жалғыз-ақ рет келеді, оның өзі де азапта өтеді.

Жаннат оған аяй қарады.

— Неге олай дейсің? Бар өмірінің қызығы өзіңді бағалай білмеген бір әйелдің тұрақсыздығында қалып па? Әлі жассың ғой.

— Жассың? Бірақ сол «бір әйелдің» күйігі оны қартайтпаса нетсін...

— Ұмыт оны.

— Ұмыту қолдан келсе.

— Неге келмейді? Өз бақытын өзі тапқан бір әйел үшін бүкіл өмірінді өкінішке айналдыруға бола ма?

— Өзің бақыттысың ба?

Дәнел неге бұлай сұрағанын өзі де білмейді. Жаннат таңдана қарады.

— Әрине, бақыттымын!— деді.— Бақытсыз болсам, мен бұлай сөйлемес едім...

Дәнел оның даусынан сәл күмілжігендей үн естігендей болды. Сөйтсе де:

— Оған да құдайға шүкір,— деді жақсы көрген адамының бақыттылығына риза болғандай.

Кенет машина даусы естілді. Екеуі бірдей қала жақтағы жолға қарады. Артынан шаңды будақтатып ағып келе жатқан «Волга» машинасын көрді.

— Пейілжан да жеткен екен.— деді Дәниел.— Мынау сонын машинасы ғой.— Сосын ол Жаннатқа қарады,— Қош. Жаннат!

— Қош, Дәниел! Шаман келсе, мені тез ұмытуға тырыс.

— Жарайды.

Бірақ Дәнекел дәл осы мезетте Жаннатты тез ұмыта алмайтынын түсінді.

Әрбір дана болжаудың түйіні көбіне ап-айқын оңай шешілетін ойға құрылады. Тек сол айқын ойдың тетігін табу қиын. Қайрақты өңірінде сақ дәуірінен бұрын бізге мәлім емес үлкен мәдениет болуға тиісті деген Құнтуардың болжамы да сондай айқын ойға негізделген-ді. Археолог болжамының алғашқы сатысын мынау сақ қаласының қалдығы, бұл қаланың бір кезде дария түбі болғандығы толық дәлелдеді.

Ескі көне тарих кейбір деректеріне қарағанда (әсіресе Иран, Грек, Индия елдерінің) Орта Азия мен оның көршілес көшпенділер елін жаулап алуға бағыштаған белгілі аттанысында Ескендір Зұлқарнайын да Сырдарияның осы күнгі Қайрақты тұсына келіп тоқтаған* тәрізді. Соңынан осы арадан табылған кейбір ескі мұралар (қазан, ошақ, кейбір найза, қалқан, қылыш тәрізді әскери қарулар) сөзсіз грек әскерінікі екендігі дәлелденген. Егер, бұл араға сонау Александр Македонский қосыны жеткені рас болса, онда бір кезде осы тұста сақ тайпылары бірінің ордасы тұруы да мүмкін. (Ескендір фалангасы аты-жөні жоқ, қашқан сақтардың соңынан қуа бермесе керек-ті). Егер сақ тайпасының осы арада Ордасы тұрғаны анықталса, осыдан екі жарым — үш мың жыл бұрын Жаксарт арнасының да жағасы берірек болуы ықтимал. Өйткені Сырдария да Амудария тәрізді, өзінің ағысын үнемі өзгертіп отырған. Онда бұрынғы арнасы осы күнгі дарияның ағып жатқан жерінің күнгей жағынан өтуге тиісті. Өйткені теріскейлігінде медозей кезінде пайда болған, бірі мен бірі жалғасып жатқан базальт тасынан жаралған ескі ұзақ қырқа, адыр, таулар бар. Су қашан да болса өзі өте алатын жұмсақ таужыныстыны іздейді. Ал ондай жер құмайтты, сортаң, сұрбалшықты өңір Сырдарияның күнгей жағы. Қысқасы, Құнтуар болжамы бойынша, сақ Ордасы тұрған Қайрақтының Теріскей жағынан бір кезде Жаксарт өткен. Оның жағасында сол тұста бізге беймәлім үлкен мәдениетті қала тұрған. Бертін келе Жаксарт өзінің әдеті бойынша күнгей жағына қарай арнасын өзгерткен. Бұрынғы қала (мүмкін басқа ел қиратқан қала қалдығы) су астында қалып, оны құм, топырақ жауып тастаған. Соңынан дария тағы күнгей жаққа ауысқанда, бұрынғы

* Біздің дәуірімізден 329 жыл бұрын Александр Македонский Персия әскерін жеңіп, осы күнгі Сырдарияның сол жақ жағасына жетіп өзінің Эскендр Эсхату (Ең шеткі Ескендір қаласы деген сөз) бекінісін салған (қазіргі Ленинабад жері) Көне Рим тарихшысы Квинт Курцияның айтуы бойынша осы арадан Александр Жаксарттың оң жағасына шығып, сақтармен соғысқан. Сақтар қаша соғысып екі жүз шақырымдай шегінген. Құнтуардың түсінігінде бұл ара Қайрақтыға таяу жер. Кир мен Дарийдың сақ жеріне келген тұсы да осы араболуы керек деп ойлаған ол.

жер басып қалған қаланың үстінен сақтар өздерінің ордасын тұрғызған. Бөтен жерде емес, Сырдарияның дәл осы тұсында қала болуы керек деген ой, бұл аранын жағрафиялық қолайлылығы, Батыс пен Шығыстың сауда керуендерінің жолына ыңғайлығынан туған.

Міне, сол болжаудың бірінші бөлегі айқындалды. Қала қалдығы кеп дарияның түбіне тірелді. Ал болжаудың екінші бөлегі немен тынады? Қандай нәтиже береді?

Міне сондықтан, кешке таман барлық жұмысшыларды жинап алып, істелген жұмыстың нәтижесін қорытып келіп Күнтуар:

— Осы өздерің жеткен тереңдіктен,— деді,— енді мына схема бойынша терістікке қарай тағы екі метрдей қазуларын керек.

Бағанағы Михайлов деген жұмысшы:

— Тағы қазу керек дейсіз бе? Жана өзіңіз айттыңыз ғой, біз бұрынғы дарияның түбіне жеттік деп... Ал оныңыз дұрыс болса, дарияның түбін қазып қайтеміз?— деді де күлді,— әлде осыдан үш мың жыл бұрын өлген балықтардың сүйегін іздейміз бе?

Күнтуар бір ретте бұл араны неге қазу керек екенін түсіндірмек болды да, ол ойынан тез қайтты. «Әлі ештеңемен дәлелденбеген ойды айтып қажеті не? Менікі дегенмен құр болжам ғой».

— Жолдастар,— деді.— Біздің программамыз соны тілейді. Және теріскей тұсқа қарай зерттеуіміз абзал.

Жігіттер, қыздар шуласып тарай бастады.

Күнтуар өздеріне берілген шатырдың қасындағы жөндеп жонылмаған тақтайлардан жасалған столдың қасына кеп қағаздарын актарып, бірдеме іздей бастады. Дәл осы кезде жұмсақ үні дірілдей шыққан қыз даусын естіді.

— Көке! — деді әлгі сынық дауыс.

Күнтуар басын көтеріп алды. Жаңшат екен. Бағана көрген. Салқын ғана амандасқан да қойған. Қазір ол, Күнтуарға қарауға беті шыдамай, басын жерден көтерер емес.

— Көке,— деді тағы ол бұрынғы әдетінше Күнтуарды «көке» деп атап.— Сіздер бүгін жүресіздер ме?

— Жоқ...

— Онда ас дайындайын.

— Жақсы.

Күнтуар қағазын тағы қарай бастады. Қыз кеткен жоқ. Сол мөлиген қалпында әлі тұр. Ғалым қайтадан басын көтерді.

— Бірдеме айтайын деп пе ең, қалқам? — деді Күнтуар неге екенін білмей,қызды кенет аяп кетіп.

— Ия...

— Айта ғой.

— Анада жоғалған қолжазбаңызды әкеп берді ме?

— Кім?

— Сейілжан ба, Мейілжан ба деген адам.

— Жоқ...

— Онда қалай болғаны? — Қыз кенет жарым көңілді жандай назалана түсті.— Біз Қайрақтыға жүргелі жатқанда бейтаныс біреу телефон соққан. Арман үйде жоқ еді. Бейтаныс адам маған: «Күйеуіңе айт, археологтың қолжазбасын бір жеті өзіммен бірге алып жүрдім. Ол ақша төлеп сатып алмақ түгіл, іздейтін де түрі жоқ. Лақтырып тастауға аядым, қалай дегенмен де біреудің еңбегі ғой. Ал қашанғы оны сақтаймын? Ал үйіне апарып беруге, не қорасына тастап кетуге қорықтым. Әлдекалай аңдып жүрген милиция бола қалса... Кім қолға түскісі келеді? Қысқасы біздің жанымызда тұратын Сейілжан (қыз ойлана қалды: «Әлде Мейілжан деді ме, ұмытып қалдым») деген жас ғалымның есігінің алдына «Мынаны археолог Құдайбергеновке беріңіз, қателесіп алыппын» деп қағаз жазып тастап кеттім. Ол археологті әрине, білуге тиіс. Ал өзім жаңа өмір бастауға экспедицияға кетіп бара жатырмын. Еріңе сәлем де, қалғанын жолыққасын айтармын» деді. Кімсің деп сұрағанымша телефонның трубкасын іліп қойды. Арман үйге келген соң сұрап едім, ол сіздің қолжазбаңызбен байланысты ешкімді білмейтін болып шықты.

— Ғажап оқиға екен,— деді Құнтуар,— маған ешкім ештеңе әкелген жоқ. Және ақша төле, қолжазбаңызды қайтарамын деп те тірі жан телефон да соққан емес. Нағыз шетелде болатын оқиға тәрізді. Егер біреу-міреу қолжазбаны әкеп беруге тиісті болса әкелетін мезгілі. Екі айдан асып кетті.

— Мүмкін алып келер...— деді Жаннат әлденеден дәмеленгендей.

— Әй, білмеймін... Қолжазбамда менің ғылыми жайындағы ойларымнан бөтен болжауларымның да кейбіреулері жазылған. Егер қастасқан біреудің қолына түссе, маған қайтып оралмас.— Археолог күлімсіреді.— Оқасы жоқ, кім болсада менің миымды емес, қолжазбамды ғана ұрлады ғой. Егер табылмаса, амал жоқ, қиынға түссе де қайтадан жазып шығам.

Ал оқиға былай болған-ды.

Арман биыл экспедицияға жүрер алдында, үйренген әдетіне сап, бір шала таныс жігіттің үйінде өзі секілді кілең «жұмысы жоқтармен» арақ ішіп, карта ойнаған. Ұтылып, төлейтін ақшасы болмай қалған бір бейтаныс жігітке, мас болып отырып қалжыңдай:

— Ту ақша деген сендей адамға сөз бе екен! — деген.— Егер оны онай табатын жолын білмесең мен саған айтайын ақшаны қалай табуды... Осында өзінің меншікті үйінде тұратын атақты бір археолог бар. Терезесі үнемі ашық. Столының үстінде қашан барсаң да қолжазбасы жатады. Қорасын күзететін ең болмаса ит те жоқ. Терезесінен түс те сонысын ал да кет. Қолжазбамды тауып берген адамға мың сом бәйгі берем деп ол ертеңіне құлақтандыру бермесе қара да тұр! Сен тауып

алдым деп қолжазбаны әкелесің де мың сомды қалтаңа саласын!

— Бұл бір оңай жатқан ақша екен! — деп жұрт күлген.

Қалтасында бір тиыны қалмаған, өзі жақында ғана түрмеден шыққан қылмысты жігіт, милицияның қолына қайта түспейтін, ақша табудың бұл ең оңай және күнәсі жеңіл жолы деп іштей шешкен.

Содан кейін бәрі жоғарыда айтқандай болған. Тек ұры қолжазбаны есігінің алдына тастап, кеткен кісі оны Күнтуарға әкеп бермеген. Мүмкін қолжазба о кісіге тимеген шығар, мүмкін ұры ақыргы минутінде басқаша шешім тауып, оның үйіне апарып тастамаған болар. Әйтеуір, қолжазба Күнтуарға қайтып оралмаған.

Археолог алғашқы кезде жанын қоярға жер таппаған. Бөлен жылдан бері көргенін, қорытқанын, ұзақ түнде ұйқы көрмей ойларын жазған еңбегінен айырылу қарт адамға жеңіл ме, ол милицияға да хабар берген, өзіне таныс адамдарға да айтқан. Бірақ оны әдейі ұрлап алды, ақша төлеймін десем қайтып береді деп ойламаған. Ақырында кім болса да маған қастасқан біреудің істегені деп қорытқан. Сондықтан ол негізгі ойларын бұрыл қыс қайтадан жазуға кіріспек болған. Бұл шешімі көніліне әжептәуір медеу боп, қолжазбасының жоғалған қайғысы басылуға айналған.

Жаннат ас дайындауға кетіп қалды. Күнтуар іздеген қағаздарын тауып алып, бірдемелерді қосты да, бағанағы келген қара «Волганың» жанында тұрған баласы мен бейтаныс жас жігітке қарай беттеді.

Жандарына келген әкесіне Дәниел:

— Көке, таныс бол, тарих ғылымының кандидаты Сұрықбаев! — деді.— Бір университетте оқыдық...

Жігіт бірінші боп қолын берді.

— Пейілжан!

— Күнтуар...— Археолог ілмиген, ат жақ, аққуба жігіттің бетіне үңіле қарады. «Жоқ, бұрын көрмеген жігітім, бірақ атын естігендеймін бе, қалай?» Атын да есіне түсіре алмады.— Көп болды ма кандидат болғалы?

— Үш жылдан асып барады.

— Қайда істейсің?

— Институтта.

— Ә-е! Өте жақсы екен. Мына машинамен келдің бе?

— Ия.

— Өзің жүргізесің бе?

— Шофер алуға әлі ертерек қой...

Археолог әлденеге таң қалғандай, өзімен өзі сөйлескендей ойлана:

— Сендердің жастарында мықтағанда біздің жұпыны ғана бір костюміміз болатын. Ал қазіргі жастар... Жоқ, тамаша!

Өзі кандидат, өзі ғылыммен шұғылданады, өзінің машинасын өзі жүргізеді. Бәріне уақытты қайдан табады? Ақшаны қайдан алады? Ақылым жетпейді! — Ол Пейілжанды ұнатпай қалғандай.— Бұл жақта жай жүрсіз бе?

Пейілжан орнына енді Дәниел сөйледі.

— Көке, бұл жігіт археологиядан докторлық қорағамақ... Тарих пен археология байланысты жатады ғой.

— Тақырыбы?

— Ондайы әзірге жоқ. Сіздің қамқорлығынызды тілейді. Өзіңіз оппонент боп, өзіңіз тақырыбын берсеңіз дейді.

— Археологияда бұрын жұмыс істеп пе едіңіз?

— Жоқ. Экспериментгік жұмыс жүргізбекпін. Әрине, алған тақырыбым саласында....

— Қысқасы доктор болғым келеді дейсіз ғой?

— Әрине өзіндей жігіттердің бәрі доктор болып жатқанда, сенің тек кандидат аталып жүруің тым-ақ ынғайсыз екен.

— Егер археология ғылымының докторы атын алғыңыз келсе, сол салада ұзақ уақыт жұмыс істеп, оны әбден зерттеп, белгілі маманы болып алу қандай жақсы. Докторлық қорғау содан кейін де кеш емес қой?..

— Доктор болу мен маман болу біріне-бірі қайшы келмейді ғой.

— Қысқасы, «ғалым болалсаң бол, бірақ доктор болуға міндеттісің» деген мәтелді жөн көресің ғой? — деді. Құнтуар кенет ашулана қалды.— Жоқ, жігітім, ондай көзқарасты мен қолдай алмаймын. Рас, талай жастарға жәрдем бергенім бар. Бірақ олар инемен құдық қазғандай қиын және ауыр ғылым сырын зерттеп мұратқа жетем дейтіндер болатын. Ал сен... Сен, олардай емессің! Қайткенмен де тезірек доктор болуды ғана арман еткен кісіге ұқсайсың! Сендейлерден доктор шыққанымен ғалым шықпайды.— Құнтуар ашудан не дерін білмей тіпті булығын кетті.— Жоқ, жоқ, сендейлерге мен оппонент те бола алмайтын, тақырып та тауып бере алмаймын! Маған сендей оқушылардың керегі жоқ! Сенің оқу жолың басқа, маған жат жол!

Құнтуар катты ренжіді. Ертеңіне келетін экспедицияның техник-прорабын күтпей, түнделете жүріп кетті.

Пейілжан қалып қойды. Бір жетідей экспедицияның жұмысымен танысты.

Бір айдан кейін орталық газет бетінде оның «Дарын иесінің адасуы» деген Қайрақты археологиялық экспедицияның жұмысы жайында терең, маңызды мақаласы шықты. Ол бұл мақаласында үкімет қаржысының босқа шығып жатқанын ғана айтып қоймай, Қайрақтының археологиялық келешегі жоқтығын да сөз еткен. «Осындай теориялық шындықты археолог Құнтуар білмейді ме? Әлде біле тұра, әйтеуір Құдайбергенов зерттеу жүргізіп жатыр екен деп айтсын деп өз атын көтерудің жал-

ған жолына түскені ме?» деп бітірген. Күнтуар мақаланы оқып шығып, кей теориялық талдауларына риза болып қалған. Мақаланың кейбір жолдары, өзінің көңілінде сақтап жүрген көкейкесті шешімдерімен ұштасып жатқан. Ал тек ақшаны басқа шығарып жүр деген жері ғана оған ұнамаған. Бұны ол қастықтан емес, тек білместіктен жазып отыр деп ойлаған. Енді Күнтуар осындай жігітті қарамағына алып тәрбиелеуден бас тартқаным дұрыс болмады ма деп өзінің істегеніне шүбалана бастаған. Дәл сол сәтте Жаннаттың сөзі есіне түсті. «Бәсе осы жігіттің аты Жаннат та айтқан есімге ұқсас секілді ме, қалай? Бірақ сол жігіт болса, менің қолжазбамды неғып әкеп бермеді? Мұндай мақала несінің біреудің күнделігін пайдаланып кеткісі келуі мүмкін емес. Жоқ, ол басқа адам!»

Тағы бір айдай мезгіл өткен шақта Күнтуар Пейілжанның докторлық жұмысына жетекшісі боп Ерғазының бекітілгенін естіді. Ерғазыдан күдіктене бастаған Күнтуар: «Япырм-ай, бұл қалай, расыменен менің қолжазбам қолына түскен осы жігіт пе?» деп ойлады ішінен, сөйтсе де жамандыққа жаны қас адал жан — «қартаяйын деген екенмін!» деп күмәнді ойын кейін қуды.

Алтыншы тарау

Жаз шығып, жер кебісіменен, бір күні арнаулы самолетпен Қызылтасқа Күнімжан келіп түсті.

Қызылтас отряды бұл кеткен жылы, күндіз-түні демей, күздің қара суығына дейін бұрғылап ақыры Қасқыртөбеде жүз метрдей терендікте радон суына бай терең көлге жеткен. Өткен қыста екі ай ғана бұрғылау жұмысы тоқталып, биыл жаз бойы сол жерде тағы зерттеу жүргізілген. Ақыры адам баласының денсаулығына керекті, осы арадағы минеральды судың көлемі мөлшерленген. «Бұл алқаптың радон суына байлығы орасан үлкен, бірнеше курорт, санаторийлар салынғанның өзінде де, жүздеген жылдарға жетеді» деген қорытынды шығарған су зерттеушілер.

Мұндай адам баласының мұқтажына керекті құнды байлықты теніз астына қалдыруға бола ма? Сол теніздің өзі де адам баласының керегі үшін жасалмақшы емес пе? Олай болса радонға бай көлді, әрине, теніз астына тастауға болмайды. Болашақ салынатын ГЭС-тің және жаңадан жасалатын теніздің негізгі авторы академик Вергинский де осындай шешімге келген. Күз бойы өзі осы Қызылтаста болып, болашақ теніздің шекарасын қайтадан өзгерттірген. Бұрынғы жоба бойынша теніз Қызылтасқа келіп тоқтап, Қасқыртөбе су астына кетуге тиісті еді. Енді жаңа проектіге қарағанда Қасқыртөбе алқабы аман қалып (ол ара курортты теніз жағасына айналуы қажет). Қызылтас құзын су басуы керек. Бір шеті Қайрақтыға дейін созылатын болашақ теніздің көлемі осы арамен бітуі үшін, бұл тұстың біраз топырағы алынылып асты төмендей түсуі шарт.

Ал Қызылтас құзы үстінен өтетін кемелерге қауіп туғызбаска ол от-дәріменен атылып, бір жолата жоқ етілуі дұрыс.

Биыл жаздың ортасына дейін Қызылтас отряды осы жұмыстарды бітіруге міндетті болатын. Қайрақты теңізінің жаңа проектісі жайында газетте жазылған мақалада, болашақ теңіздің жаңа жағалары көрсетілген-ді. Қызылтас құзының су астында қалатынын, ол аз болғандай от-дәрімен атылып біржолата жоғалатынын Алматы медицина институтының екінші курс студенті Күнімжан газеттен оқыған. Сол күні түні бойы ұйықтамай шыққан. Сүйген жарының бұл дүниеде сүйегін де қалдырмай мүлде жоқ болып кетуіне көнгісі келмеген. Оның сүйегін қайткен күнде де су астына тастатпай, не от-дәрімен атқызып жібертпей, Алматыға әкеп, басына құлпытас орнатып жерлеуді ұйғарған.

Осы ойын Қазікені жұмыс істеген Министрлігіне барып айтқан. Олар бұны дұрыс көріп, жәрдемдеспек болған, ерінің сүйегін әкелуге жеке самолет әперген.

Сол самолетпен Күнімжанның бүгін Қызылтасқа келіп түскен беті. Күнімжанның келетінін рация арқылы кешеден бері хабардар Нұрәлі бір-екі жігітпен оның алдынан өзі шықты. Самолет лагерьдің оң жағындағы жалпақтау сұрқай алаңға кеп қонды. Оған қарай асыға аяндаған Нұрәлінің жүрегі кішкентай бөбегін құшақтап баспалдақтан түсіп келе жатқан Күнімжанды көріп ойнай жөнелді. «Өмір бақи ер көрмей өтем» деген анты қайда қалған? Әйел біткеннің бәрі Өрік тәрізді опасыз келетін бе еді? Махаббат бұларға тек дер кезінде ғана қадірлі екен ғой».

Енді оның алға басқан аяғы кейін кетіп, самолетке әзер жетті. Тек Күнімжан бұлардың алдынан шығып қол беріп амандасып жатып шешесінің мойнынан құшақтай алған нәрестеге көзі түсіп кеткеннен кейін ғана жүзі жадырап сала берді. «Япырм-ай, әкеге мұндай ұқсап бала да туады екен-ді,— деді ол ішінен,— қас-қабағы қылған, айнымаған Қазікен. Аузынан түскендей».

Бір жігіт Күнімжанның шамаданын көтеріп, бұлар лагерьге қарай беттеді. Өзгелер де жесір келіншектің неге келе жатқанын білетін. Кеше министрдің көмекшісі: «Осындай әйел барады, жақсы күтіп алыңдар, тілегенін істеп дұрыстап жүргізіп жіберіңдер. Ерінің табытын құрметтеп самолетке өздерің салыңдар» деп тапсырған.

«Жақсы күтіп алыңдар!» деген сөзге Нұрәлі мысқылдай езу тартқан. «Егер сен, министрдің көмекшісі жолдас, біздің қалай күтетінімізді білсең, мұндай сөзді айтып әуре болмас едің! Қазір бізге, жоқ бізге емес маған Күнімжаннан аяулы қонақ бар ма! Егер ол қаласа, алақаныма салып күтер едім. Әттең аз күнге келе жатыр ғой. Ертең-ақ қайтып кетеді. Бұл жолы да сөйлесе алмай қалам ба?»

Күнімжан өзіне дайындалған бөлмеге кеп түсті.

— Алыс жолдан шаршап келдің ғой, бүгін дем ал,—деді Нұрәлі.

— Жарайды... Жолай дегбірсіз жел тұрып, самолетті қатты шайқады. Дем алған да дұрыс болар,— деді Күнімжан.— Тек Қазікенімнің сүйегін қайтеміз? Таңертең алсақ, кешігіп қалмаймыз ба, бізге ертерек ұшу керек қой.

Нұрәлі ойлана жауап берді.

— Зират басына дем алған соң жай барып қайтарсың... Табытты самолетке кешке таман өзіміз саларміз...

— Жақсы,— деді Күнімжан. «Әрине,—деді ол іштей.— Қазікенімді зираттан шығарып жатқанда көңілі құрғыр тағы шыдайды дейсің бе... Самолетте мына кішкентай құлыныммен өзімнен бөтен ешкім болмайды ғой, табыты бізге әлі оңаша тиер... Жұрт көзінше жылап, өзгелердің көңілдерін босатпай-ақ қояйын...»

Келіншек бөтен ештеңе айтпаса да, Нұрәлі оның мұңлы көзінен осы болып жатқан істің бәрі оған ауыр азап екенін ұқты. Енді мазасын ала бермейік дегендей:

— Азырақ дем ал,— деп жолдастарымен үйден шығып кетті. Бірақ Күнімжанды жұрт дем алдырған жоқ. Кешегі лабораторияда бірге жұмыс істеген серік қыздары, өзін танитын басқа жұмысшылар бірінен соң бірі келіп, қал-жайын сұрап, баласын алдарына алып сүйіп, келіншектің кішкентай бөлмесін түс ауғанша босатпады.

Түс ауа Күнімжан бұрынғы серік қыздарын ертіп жарының зиратына барып қайтты.

Қызыл іңір түсе Алматыдан келген екі ұшқыш пен бірнеше жұмысшыны бастап, Нұрәлі зиратқа өзі барды. Үстіндегі тақта тастарды сындыртып, табытты алдырды. Сол ашылмаған қалпында самолеттің ішіне әкеп орналастырды. Тек шам жанған соң ғана ол Күнімжанның үйіне келді. Келіншек баласын көтеріп далаға шығып, азырақ серуендемек болып тұр екен. Нұрәлі серік бола кетті.

Екеуі қатарласа лагердің жанындағы белеске беттеді. Бұл кезде аспанда табақтай боп ай туып, ымырт қараңғысы тарап түн ала көленкелене бастаған-ды. Солтүстіктен ақырын самал жел еседі. Жақын жердегі қарасудан, қамыс арасына түнеуге бара жатқан қос аққудың бірін-бірі шақырған сыбызғыдай созылған қоңыркай әндері естіледі... Қалың қау арасынан әлсін-әлсін шегірткелер шырылдайды... Алабұта түбінен жер бауырлай сонау ойпатқа қарай қосаяқ зымырай жөнеледі.

— Міне, орталарына мына құлыныммен оралдым,—деді Күнімжан Нұрәліге қарап.

— Бөпенің бетін көргенше, біртүрлі ойда болып едім.

— Қандай ойда?

— Әлі жассың ғой... Өмір қызығы деген бар.

Келіншек енді жүдей сөйледі.

— Әрине, мені түсінбеген адамдар ылғи сіз тәрізді көніліме нұқсан келтіре ойлайды. Жас екенім де, өмір қызығы бар екені де рас, бірақ қанша әуре болсаң да қолың жетпейтін, жүрегіне мәңгі бақыт болып ұялаған, ұмыта алмайтын, бүгінгіннен де, ертеңгіннен де ыстық және сұлу өткен күндерің болады емес пе? Мүмкін бүгін Қазікенімнен артық көптеген жігіт кездесер. Олар менің сүйгенімнен көрі көрікті де, ақылды да, өнерлі де шығар. Бірақ менің Қазікенім, қанша талпынсам да енді қолым жетпейтін шынарым емес пе? Ол енді жоқ. Жоқ, болған соң да ешкім жете алмайтын жүйрік, ешкім шыға алмайтын биік қой... Мен антымды сол кездегі күйінгенімнен берген жоқпын, шын сүйгенімнен айырылып, одан басқа адамды сүйе алмайтынына көзім жетіп бердім...

— Өйтіп өту мүмкін бе? Қәрі ағаш, қуарып, қайтадан жасыл жапырақ атпайды десе сенер едім, сен әлі тым жассың ғой, ал жас ағаш қыс қуарса да, жаз жасарады...

— Сіз көңіл дегеннің не екенін білмейтін бе едіңіз? Адам өзі қанша жасынып десе де, оның көңілінің, қолы жетпес арманынан әлгі кәрі ағашыңыздай, қайта жасармастай боп, қартаятын кезі де жоқ емес. Өзім жас болғанмен, жоғалтқанымның тым қымбаттылығынан көңілімнің енді жасармайтынын білемін.

— Мен бұныңызға сенбеймін. Өмір деген ұлы күш кімді болса да өзінің дегеніне көндіреді.

— Сенбейсіз бе? Сенбей-ақ қойыңыз. Бірақ жанын жеген күйікті және алмай, жүрегіндегі жастық, әйелдік деген сезімді мүлдем басып, өмірбақи тұл болып өткен әйелдерді көрмеп пе едіңіз? Ал менің күйігім басылмайтын күйік. Тек өмір сүрсем, оған бірақ қана себеп бар. Жарыма деген махаббатым, өзім сезем, енді менің мына құлыныма арналған аналық қуанышыма айналды. Ал мұндай қуаныш үшін де өмір сүруге болады.

— Әрине! — деді Нұрәлі.

Ол енді Күнімжанның антының берік екеніне шек келтірмеді. Бірақ, бұған қанша сенсе де, сенгісі келмеді. Ішіндегі бір дауыс: «Сенбе! Сенсең, өз арманыңа жете алмайсың!» деді.

Нұрәлі келіншекке бұл жолы бөтен ештеңе айта алмады. Қыс Алматыға келгенінде Күнімжанға тағы жолығатын болып уәделесті. Самолет ертеңіне сәске болмай ұшты. Күнімжанды бүкіл лагерь болып шығарып салды. Самолет ұзап кеткенше Нұрәлі орнынан қозғалмады. Неге екені белгісіз, бұл жолы Күнімжанды мүлде көрмейтіндей, ұзақ айлар жүрегінде сақтап жүрген үміті енді біржолата үзілгендей сезінді.

Күнімжан табытты аштырып Қазікеннің денесін қарауға бата алмады. Кешегі қара торы, жанар көзді сұлу жігіттің, бұйра шашты басының орнына — көзұясы шүңірейген, кеңсі-

рігі үнірейген қу сүйекті көргенде кімнің болса да жүрегі лоқсып аузына тығылары сөзсіз ғой. «Менің есімде, өзімнің жүрегімнен өшпес орын алған Қазікенімнің әй-әй бейнесі ғана мәңгі қалсын»,— деді Күнімжан.

Алдын ала дайындалған зираткa жарын қойып, баласын қайтадан тәулік бойы қарайтын сәбилер үйіне апарып берді. Енді сабақ басталғанша Алматыдағы бір ауруханаға уақытша жұмысқа кірді. Қазір Министрліктің шеберханада қара мәрмәрден жасалып жатқан Қазікенің тас мүсінін көріп келе жатты. Жұмыстан қолы бос уақытта шеберханаға барып жарының әлі бітпеген тас бейнесін бір көріп қайту оған әдетке айналған. Бүгінде осындай жағдайда еді. Мүсінкердің алдындағы Қазікенінің суретінен әлденелер ойына түсіп өте жүдеу қайтты. Онымен бірге өткізген кешегі қайта оралмас шатты күндер, енді жыландай ұзын, бітпес қайғы-қасіретке айналған. Сол жылан өн бойын шырмап, аяғын алға қарай әзер ілбі басып келе жатқан Күнімжан, кенет тоқтай қалды. Айқайлап жіберe жаздады. Көптен бері қарасудай тұнып қалған жас әйелдің көңілін селт еткізген осы бір ғажайып оқиға дәл осы сәттен басталды. Бұлыққан жастан тұмандаған көзіне шеберханада жаңа ғана өзі көрген Қазікеннің сурет-бейнесінен аумаған бір жігіт Күнімжанның дәл алдынан өте берді. Келіншек кілт тоқтады. Жігіттің сырт бейнесі Қазікенінен аусайшы! Қою, қара шашы ұйысқан, сұрғылт жүзді. Бойы да, жүрген жүрісі де, тіпті үстіне киген қарақөк костюмі де каза болған ерінікіндей... Бар ойы сана-сезімі, жүрек толқуы сүйген жарында келе жатқан келіншек дәл осы сәтте Қазікеннің өлгенін ұмытып кетті, жас жігітті сол екен деп қалды. «Қазікен! қайда асығып барасың? Тоқтай тұр!» — деп жаздады.

Бірақ бейтаныс жігіт өтіп кетті.

Елес көрген адамдай Күнімжан аңырап әлі тұр... Бірақ тез-ақ оның есіне Қазікеннің жоқ екені қайтадан түсті. Жүрегі удай ашып кетті. Күнімжан енді жарының сол бір елесін тағы бір көріп қалайын дегендей, мүйісті айнала жігіттің алдынан шықпақ боп жүгіре баса жөнелді. Соңынан қуып баруға арланды.

Жігіт, жолай бірдемеге кідіріп, әлі өтіп кетпеген екен.

Қарсы келе жатқан жастың бейнесін Күнімжан анадайдан көрісіменен, оның ой-сезімін тағы қайғы-мұң билеп, аяғын әзер басты.

Жігіт те бұны көрді. Екі көзі таяй түскен Күнімжанда. Дүниеде сұлу қыз көп, бірақ осынау бейтаныс қыз оған қазір өзгеше біткен бір сурет тәрізді еріксіз толқытып жіберді. Жігіт дәл осы сәтте сұлулық пен тамашаның айырмасы неде екенін ұққандай еді. Әсіресе оны таң қалдырған осы бір жас сұлудың мұңлы жүзі болды. Ақ бетінде бір таусылмас арманның акша бұлты тұнып, қиылған қас-қабағында қайғы түні мәңгі қонып

қалғандай көрінді оған. Сөйтсе де, қыздың қайғылы жүзі, өзінің сұлулығымен, жігітті бір сәулелі арманға шақырып тұрғандай. Күнімжан бұған таяған кезде тостағандай бота көзін жалт еткізіп бір қарады... Жігіттің өн бойы шымырлап кетті. «Япырмай, мұндай да қасірет көз болады екен-ау!» деді ол таңқалып ішінен. Бұл бір атағы жаңа жайылып келе жатқан жас әнші еді. Осы сәтте өн бойын дәл бір әуенді ән билеп кеткендей болды. Жоқ, оған өмір бойы арман еткен, дүниеде бірақ рет кездесетін сұлу ән өтіп бара жатқандай көрінді. «Тоқтай тұр, мен әлі сенің әдемі әуеніңді үйреніп болғам жоқ» дегендей, жігіт еріксіз қыздың соңынан ере берді. Қайда бара жатыр өзі де білмейді. Қыз бұны өзімен жіпсіз байлап қойғандай, ол қай жаққа бұрылса, бұл да сол жаққа бұрылады, қыз аяғын жылдам басса, бұл да жүгіріп кете жаздайды, тек бар арманы дәл алдында осынау шырқай түскен ғажайып ән жоғалып кетпесе екен дегендей тәрізді.

Адам баласы кей сезімді тек жүрегімен аңғарады. Бұрылып қарамаса да, бағанадан бері жігіттің соңынан келе жатқанын байқап қалған Күнімжан, жатақханасына таяған кезде жас ағашты алаңның жанына кеп тоқтады. Жігіт те таяй берді.

— Қарындасым, аяп келем, жүзіңіз тым қасіретті екен,— деді жігіт билеп келе жатқан сезімнен шыға алмай,— оның қандай емі бар? Қолдан келсе...

Жігіт қызды тым аяп келе жатыр еді. Сондықтан болуы керек жүректегі сырын бірден ашты. Аузына бөтен сөз түспеді. Күнімжан жүдеу күлімсіреді. Жігіттің даусы да оған Қазікеннің даусы тәрізденіп естілді.

— Менің қайғымның емі жоқ...

— Емі жоқ бір-ақ қайғы бар. Қайтып оралмас бақыт...

Өзінің тағдырына жаны ашып тұрған жігітке Күнімжан да дұрыс жауап бергісі келді.

— Мен де сол бақытымды жоғалттым. Махаббатымнан айрылдым...

— Оны қайтаратын күш жоқ па?

— Күш жоғалғанды табуға ғана жетеді. Ал менің махаббатым... Жоқ, жоқ, ол енді маған мәңгі жоқ... Ол қаза болған махаббат...

— Жоғалғанды табатын күш, оны тірілте алмай ма?

— Жоқ,— деді Күнімжан,— қара тасқа жан беруге бола ма? Қаза болған махаббатымнан менің де жүрегім тас боп қатқан...

— Оныңыз бекер болар,— деді жігіт,— қара тасты да жібітетін күшті мен білемін.

— Ол қандай күш?

— Өмір.

Күнімжан жүдеу күлді. Ол жігіттің сөзіне күлді.

«Ал егер сол өмірдің өзі маған өлген болса қайтесің?» —

дегісі келе қалды бір мезет. Бірақ айтпады. Оған бейтаныс жігіт тағы Қазікен тәрізденіп кетті. О да ылғи біреумен таласса, не басына әлдекалай қиындық түссе, үнемі «өмір» деген сөзді пайдаланар еді ғой. «Өмірде не болмайды?», «Өмір бәрін де жеңеді» — деген ұғымдар үнемі оның тіршілігінің аркауы еді. Аузына «өмір» деген сөз түсіп тұрған мынау жігіт те оған, сол сүйген жары тәрізді өмірді сүйгіш шат көңілді жас боп көрінді. Оның ақ жарқын тілектеріне, сенімдеріне қорғасындай ауыр сөздерімен тас атқысы келмеді.

— Ләйім, сіздің айтқаныңыз келсін! — деді ол тағы жүдеу күлімсіреп.

Міне, осы жігітпен Күнімжан сол күні танысты. Ертеңіне тағы кездесті. Бұған жігіт Қазікенге ұқсай түсті. Енді өзінің жаны сүйген жарының кейбір тәтті мінездерін есіне түсіргісі келгенде, көңілі әнші жаспен жиі ұшырасуды тілейтінін сезінді.

Ал жігіттің жүрегінен де осы уақытқа дейін өзіне таныс емес бір жаңа музыка орын алғандай болды. Енді оның осы жаңа музыкадан айрылмасам екен деген тілек шын арманына айналғандай еді. Жігіт Күнімжанмен екеуі қатарласа бау-бақшалы түндерде жүргенінде өзін бір күміс қанатты ғажайып ақша бұлттардың арасында ақырын ұшып келе жатқандай сезінетін күйге жетті.

Бір күні ол Күнімжанға:

— Мен мына үйде тұрамын. Жалғыз өзіммін... Кірсең қайтеді,— деді.

Сол кеште Күнімжан жігіттің қиылған тілегіне мұңая жауап берді.

— Мен өте қайғылы жанмын,— деді.— Қайғыдан айрылмай қуаныш бола ма?

— Мен қайғыңа араша түссем қайтеді? — деді жігіт тағы қиылып.

Күнімжан жүдеу басын шайқады.

Жігіт кенет өзінің әдемі даусымен орасан сұлу «Мақпал қара» әнін бастап кетті.

«Үйірі қысырактың мақпал қара,
Шашынды күндіз өр де, түнде тара.
Алыстан ат аямай келгенімде
Ей, Мақпал, қырындамай бермен қара!

Осынау тоқылып жатқан жібек жіптей сан бояулы ән кам көңілді кенет елжіретіп жіберді. Енді Күнімжан өзінің қоңыр-қай жұмсақ даусымен жігітке қосылып кетті.

Екі әдемі дауыс, біріне-бірі дем беріп қатар ұшқан қос аққу тәрізді, шарықтай біресе көкке көтерілді, біресе қанаттарын баяу серпіп, айдын көлге қонғалы келе жатқандай, мұлгі баяулады.

Ән Күнімжанның жас көнілін алдағы бір жарық сезімдерге оятқандай.

«Баз күн Дәнетінге салдым салық
Артымда зарланамын Мақпал қалып.
Қосылған ғашық болып қайран құрбым,
Қасіретің өзегімді кетті жарып».

Ән екі жастың жүрегін мұлде жібіткендей. Өлеңнің талмаусырап барып ең ақырғы дыбысы өшкенде жігіт:

— Қайғы көріге тән дүние,— деді Күнімжанның шашынан ақырын сипап,— әлі жассың ғой, қайғыңды ұмытсаң қайтеді?

— Көріліктің өзі қайғы ғой...— деді Күнімжан кенет тағы жүдей. Сөйдеді де орнынан тұрып кетті.— Ал жасың жетпей қартайткан қайғы ол жастығыңды да ұмыттырады.

Әйтседе, осы күннен бастап Күнімжан жігітпен бұрынғысынан көбірек кездесетін болды. Ұзақ уақыт көрмесе сағынып қалатын тәрізді. Жігіттің концерттеріне барып жүрттың оны қошаметтегенін, ұзақ қолшапалактағандарын көріп, бұның да көнілі қуанышқа бөлене түсті...

Бірақ шын махаббат болат шынжырдан да берік, тот жеп әбден босансымай үзілмесе керек-ті. Қазікенге деген жүрегі бөтен адамға оңай ауа қоймады. Бірте-бірте жас жігіттің қанша өнерлі болғанмен де сүйген жарына тіпті ұқсамайтынын түсінді. Бұл жігіт өзінше көрікті, өзінше қасиетті. Ал Күнімжанның жүрегі тек Қазікен үшін ғана жаратылған,ол өлсе де әлі де соны сағынып аура соғатынына жас келіншек енді шек келтірмеді.

Қазікеннің мәр-мәр тастан жасалған мүсіні бітіп, зиратының басына қойылған күні Күнімжан алғашқы рет уәделескен жас жігітімен әдеттегісіндей кездесуге келмеді. Сол күннен бастап келіншек оны тіпті көрмей кетті. Әр мейрам, дем алыс күндері, қолына шоқ гүлдерін ұстай Күнімжан үнемі сүйген жарының зиратының басына баратын болды. Өзінің Қазікенді, осылай жақсы көре білгеніне ол қуанышты еді...

Күнімжан жүріп кеткеннен кейін, Нұрәлі қайтадан өз жұмысына кіріскен. Гидрогеология экспедициясы осы жаз бұл арадағы зерттеулерін мұлдем бітіріп бөтен жаққа көшпекші болды. Қандай зерттеу отряды, партиясы болмасын, ізденулерін қортар жылы жұмысы көп және ауыр келеді. Қызылтас экспедициясының да жұмысы кем тиген жоқ. Нұрәлінің күндіз-түні қолы босамады. Төрт «ЗИФ» станоктарын құлатып, бөлшектеп, үлкен-үлкен машина, тракторларға тиеп, Нұрәлі жаңадан баратын жерлеріне жүргізді. Соңғы есеп, қисаптарын жасап, болашақ теңіздің, Қызылтаста, Қасқыртөбеде жүргізілген ізденулерінің карта, чертеж-сызықтарының ең ақырғы табақтарына дейін бітірді. Нұрәлінің өзі де бұл арадан тезірек кетуге

асықты. Зерттеу жұмыстары ойдағыдай нәтижелі біткенмен де, ол бұл Қайрақты өңірінде үлкен қайғыларға ұшырады ғой. Өріктен айырылды, кісі өлді, Күнімжан жүріп кетті. Онымен енді кездесе ме, жоқ па... Ал кездеспесе оған деген көкірегінде тұнған айтылмай қалған сөз, түбі ұмытпастық өкінішке айналмасына кім кепіл? Кездескен күнде де, өз арманын аша ала ма, жоқ па, әлі екі талай. Ашқан күнде де, Күнімжан не дейді? Әрине, сертін бұзбайды. Бұныкі құр әуре екенін өзі де сезеді... Бірақ жүрегі құрғыр тыныштық беретін емес. Ішінде сарысу етіп жинағанша, сыртқа шығар дейді кеселінді. Айтпай арманда болғанша, айтып арманыңнан шық деп мазаны алады... Күнімжан былтырғы көтерілген құрақ қамыстай жас. Өмір деген шалқар дария тартылып, дүние қызығы біржолата суалып қалмаса, бойына тағы уыз шырын бітіп, басындағы үкісі шайқала әлі талай жыл жасыл төгіп, жадырап тұрмай ма? Қандай қайғы болса да қажиды, оның да өшетін, әлсірейтін кезі келеді. Ал өмір деген тегеуірінді патшаның әміріне бірде бір адам көнбей өте алмайды. Күнімжан да соның бірі. Күнің жеткенде о да сенің сөзіңді тыңдайды дейді қайдағы жоқ бір далбаса үміт...

Нұрәлі енді бұл арадағы жұмыстарын мүлде бітіріп, бүгін-ертең біржолата жүрмекші болып жүргенінде, Алматыдан академик Вергинскийден: «Осы жетінің аяғында Қамбаров екеуміз Қызылтаска барып қалармыз» деген телеграммасы келді. Қамбаров Әмірбек — Алматыдағы үлкен орында істейтін жауапты қызметкер. Амал жоқ, енді оларды күтуге мәжбүр болды. Айтқан уақыттарында бұл кісілер де жетті. Бірақ академик Вергинский мен Әмірбек қана емес, қастарында Жарқын мен Пейілжан да бар екен. Академик пен Қамбаров жолай Қайрақтыға түсіпті. Вергинский Жарқынды, Әмірбек Пейілжанды ертіп алыпты. Қамбаров пен Пейілжан бір кезде бір институтта қатарлас оқыған дос-жар жігіттер болатын. Ал Жарқын өзінің қызмет бабында Вергинскийге бағынышты. Бұлар екі жеңіл машинамен келген. Сірә Қамбаровтың бұл жақта аздап аң аулап, демалудан да ойы болуы керек, кенеп қапқа салған қос ауыз мылтығы да бар. Бірақ ол мылтықты өзі емес, машинадан Пейілжан ұстап түсті. Вергинский арықтау келген, ақ шашты, көгілдір көзді алпыстарға таяп қалған кісі. Әмірбек, ақсары, қой көзді, ұзын бойлы жігіт, жасы қырықтарға жақын. Бұл екеуін де сырт жұрт жақсы атайтын. Вергинский жұмысшы баласы, ғалым адам. Ал Әмірбек үлкен қызметте жүргенімен кішіпейіл, бірақ өз жолы бар, өз сөзінде тұратын және өзге елдің айтуы бойынша, әділетті, қулық-сұмдықтан алыс бір бетке адам. Биыл күз Қайрақтыда Сырдың суын тоқтататын бөгет салына бастамақ. Соның алдында бұлар теңіз алатын жердегі колхоз, жұмысшы поселкелерді соңғы рет аралап, олардың көшу жұмыстарын тексеріп шығу еді. Ал Қызылтас партиясына

келгендегі мақсаттары, ең ақырғы зерттеу жұмыстарымен танысып, шешілмей жатқан уақ-түйек істері болса, соған көмектесу болатын.

Машинадан түсіп жатқан Пейілжанды көзі шалғанда Нұрәлі бір ұлы жыланды көргендей тітіркеніп кетті. Бірақ, сол минутте көңілі қайта басылды. Нұрәлі таң қалды. Өріктен айрылғаннан бері мұны бір рет те ойына алмаған. Өріктің өзі де ақырғы айларда есінен мүлдем шығып үлгірген. Ал бір кезде осы екеуінің қылығы үшін қандай күймеді! Өміршең, өскелең жаны қандай қиналмады! Тіпті өліп кетуге жақындады ғой! Нұрәлінің тағы бір таң қалғаны өзіне соншалық қиянат істеген Пейілжанға қазір қастығы да, достығы да жоқтығы. Пейілжан оған құлынтайдай тістесіп бірге өскен бауыр емес, бір бейтаныс адам тәрізді. Оның өскені де, өшкені де бәрібірдей сезінді ол. Бұл неліктен? Әрине, көңілі одан шын қалғандықтан... Сол себептен де Нұрәлі онымен амандаспады, қал жайын сұрап жанына бармады. Бар сұмдықты білетін Жарқын: «Міне махаббат деген осындай, асықтың алшысы мен тәйкесіндей, тел өскен екі жігітті қақ айырды»,— деді ішінен. Бірақ Өрік үшін қиялдың қияметін көп шертіп қиналып опық жемей, Нұрәлінің өз сабасына тез түскеніне іштей қуанды.

Күшімен Вергинский мен Әмірбек мұндағы жағдаймен, болашақ теңіздің ең ақырғы шекарасымен, көлемімен, проектіге жататын тағы басқа цифрларымен танысты. Кешке таман оларға қазақ дәстүрімен қонақ асы берілді. Таңертең Вергинский экспедицияның басқа жұмыстарымен шұғылданбақ оймен лагерьде қалып, Әмірбек пен Пейілжан қамысты қарасуға барып біраз құс атып, ынғайы келсе ау аулап қайтуға жүрмек болды. Нұрәлі мен Жарқын академиктің жанында қалуды ұйғарды.

Пейілжан тұрған жерде кешеден бері аузын ашып сөйлемей келген Нұрәлі, аналар жүргелі жатқандарында Әмірбекке қарап.

— Қарасу деген құр аты. Бұл өзі бір қамысты үлкен көл,— деді.— Онда ерлі-зайыпты қос аққу бар. Тек соны ата көрмеңіз...

— Атпаймыз. Аққуларды ату обал, олардың киелі құс екенін өзіміз де білеміз,— деді Пейілжан Әмірбектің орнына киліге жауап қайырып, Нұрәлі үндеген жоқ. Тек ішінен: «ия, сен ненің обал, ненің обал емес екенін жақсы білесің ғой!» — деп кекете күлді.

Жақын екі адамның арасындағы оқиғадан хабардар емес, сөйтсе де кешелі-бүгін бұл екеуінің қырғи қабақ екенін аңғарып қалған Әмірбек, бұлардың араздығын жай ағайын-туыстың өкпе-назынан шығар деп ойлаған.

— Әрине, аққуды атуға болмайды.— деді ол.— Аққу құс, сұлулық пен сәнділіктің бейнесі ғой. Оларды өлтіретіндей жамандыққа өзіміз де бара қоймаспыз.

— Адамның бәрі бір емес.— деді Нұрәлі.— Кей адам көрсекызарлықпен қандай жамандыққа болса да барады.

Бұл сөз өз жайында айтылғанын ұққан Пейілжан жауап қайырмады. Тек түсі сұрлана қалды.

Әмірбектер жүріп кетті.

Онаша қалған Жарқын:

— Басыңа түскен зор қайғыны жеңе білгеніңе мен қуанышты мын.— деді.

Нұрәлі мұңая езу тартты.

— Қайғының бәрі бірдей емес,— деді Нұрәлі.— Жақсы көрген адамының опасыздығынан туған кәсірет адамға екі есе қиын тиеді екен. Оның опасыздығына бір күйінсең, өзіңнің махаббатыңның, ар-ұятыңның қорланғанына екі күйінеді екенсің. Мұндайда кейбіреулердің өзін өзі өлтіруі де осындай орасан ауырлығынан тәрізді. Рас, мен өз күйігімді жеңе алдым. Өзіңді қорлаған опасыз жан үшін, күйінудің де үлкен қылмыс екенін ұқтым. Бірақ менің түсінбейтін бір жайым бар...

— Қандай жай?

— Біреудің жүрегіне өлердей дерт салып тапқан махаббат шын бақытты махаббат бола ала ма?

— Өзің естідің ғой, Өрік өз махаббатын бақытсыз махаббат деді ме?

— Деген жоқ. Бірақ оның махаббатты түсінуі басқаша болып шықты ғой...

— Қалайша басқаша?

— Ол — бақытты тудыратын махаббат емес, бақыт махаббатты тудырады деп ойлады. Қара да тұр, сол өз бақыты үшін ол махаббатын әлі сан рет өзгертеді.

— Оны сен қайдан білесің?

— Үлкен бір опасыздық істеген адам, он уақ опасыздықтан тайынбайды. Адамға адал жолдан бір тау қиын. Одан әрі, тек берік саналы кісі ғана жамандықтан өзін ұстап қала алады.

— Мүмкін ондай сана Өрікте де бар шығар?

— Нә, оған сондай сана бітсе екен деп тілер едім.

— Мен де сөйтер едім. Біздің заманымызда бір адамның бақытсыздығы мың адамға батады. Ал адал жүрегі жоқ жан — ол бақытсыз жан...

Нұрәлінің «Өрікке сана бітсе екен деп тілер едім» дегенінен Жарқын бұның жалғыз өзінің ғана емес, өнгенің де көсегесінің көгергенін тілейтін кең қолтық, ақ пейіл адам екенін мықтап ұқты. Нұрәлінің осындай жан екеніне ол тағы іштей қуанды.

Бұлар Вергинский жатқан бөлмеге келіп қалды.

Академик бағана тұрған. Қазір жуынып, шайын ішіп, енді жұмыска кіріскелі отыр екен.

Бұлар кірісімен Вергинский қолдан жасалған тақтай столдың үстінде жатқан көп чертеж қағаздардан біреуін тауып алды. Бұл осы Қызылтас түсінің қаншалық тереңделе түсуін

көрсеткен инженер тілінде разрез деп аталатын жер қалыңдығы сызықтары еді.

— Егер осы араны тағы бір метр терендете түссек, канша топырақ алынады, канша уақыт кетіп, канша шығын болар екен? — деді ана екі жігітке ойлана қарап.

— Өйтудің қажеті болмас,— деді Нұрәлі,— көлдененінен стол үстінде жатқан ватман қағазына таяу келіп,— Қасқыртөбеге су бармас үшін, бұл араның осы теренделгені жеткілікті.

— Қазір менің ойым Қасқыртөбеде емес,— деді академик бөтен ватман қағазына таяп,— міне мына жерде, болашақ теңіздің Күншығыс жағында, өзінде көрсетіпсің ғой. Құнтуар Құдайбергенов археологиялық экспедициясы көптен бері жұмыс істеп жатыр...

— Иә, білемін, Қайрақтыда ғой,— деді Нұрәлі.— О кісінің өзі де таныс, әйгілі адам, баласы Дәнелді де танимын. Алматыда бір мезгілде оқығанбыз, кездесіп жүргенбіз...

— Танысаң,— деді академик ойлана,— бұл кісінің осы Қайрақтыдан күткені көп... Тіпті сақ дәуірінен бұрын өткен мәдениетті ашамын ба деген де үміті бар... Бірақ ойлаған мақсатына жету үшін ол әлі екі-үш жыл керек дейді... Біз егерде Қызылтастың терендігін осы калыпында калдырсақ және бөгетті келесі жылы майда бітірсек, су Қайрақтыны келесі жазға таман ала бастайды. Ал Қызылтасты тағы бір метр, бір жарым метр терендетсек. Археологтарға тағы бір жаз жұмыс істеуге мүмкіндік береміз.

— Бұған Министрлік көнбейді,— деді — Жарқын,— Қасқыртөбемен байланысты проектіден тыс каншама қаражат кеткелі тұр? Сосын, археолог Құнтуар ол арадан канша іздегенімен әлі ештене тапкан жоқ. Таба ма, жоқ па, о да белгісіз ғой. Ал Сырдың суын дәл осы арада тоқтату да үлкен маңызды іс... Оны халық күтіп отыр. Күр боска уақыт өткізіп алмасақ нетсін? Қасқыртөбемен байланысты онсыз бір жылға графиктен кешіктік.

— Сырдың суын тоқтату да, Қасқыртөбені аман алып қалуда,— бәрі де совет адамы үшін істеліп жатыр,— деді академик.— Жылына он мыңдаған еңбекші жұрттың ден-саулығын жөндейтін курорт салынатын жерді су түбіне жіберткізбей, болашақ теңіздің жасалуын бір жылға кешіктіргенімізге үкімет алғыстан басқа ештене айтпайды. Бұл келісілген мәселе. Ал археология... Әрине, сырт қараған адамға оның маңызы үлкен де емес шығар... Бірақ олай емес! Адам тек бір күнгі нанымменен тұрмайды. Оның ақыл, ойының өскені, интеллектісінің байығаны, өткенін де, келешегін де білгені өте қажет. Коммунизмді солай өркендей білген, ақыл, ойы өскен адамдар құрады. Өткен мәдениетті қайтадан ашу — адамды рухани байытады. Бұл бізге өте керек қасиет. Ал Құнтуар ол мәдениетті аша ала ма, аша алмай ма, бұл басқа мәселе. Ғылымда тәуе-

келсіз ештеңе де шешілген емес. Біз де тәуекелге баруымыз керек. Сол тәуекеліміз қаншаға түседі, соны санайық...

Жарқын мен Нұрәлі академиктің қойған міндеті қанша уақыт алады, қанша күш, қаражат керек және бұның бәрі Қайрақты экспедициясының жұмысын қанша мезгілге созады,— бәрін түс ауғанша есептеп шығарды.

— Біз егер болашақ теңізді Қызылтастан бастап Күншығыс жағын тағы бір метрге төмендетсек, археология экспедициясының жұмысын бар болғаны жеті айға ғана созамыз,— деді Нұрәлі.

— Бұған да шүкіршілік,— деді академик,— ендігі мәселені жоғары жақта шешерміз.

Бұлар тамақтанып, аз уақыт дем алып, серуендеп оралғанша күн де батуға айналды. Сол уақытта аңшылар да қайтты.

Машина «Олжалымын! Олжалымын!» дегендей қарқының бәсеңдетпей, сол зырлаған бойы лагердің ортасындағы алаңға кеп тоқтай қалды.

Бір сағаттан кейін бар шаруаларын бітіріп академиктер жүріп кетті.

Жетінші тарау

Құнтуар колжазбасын оқып отырған баласын тағы тоқтатты.

— Сақ дәуірін біздің тарихшылар терең тексерген емес,— деді ол.— Қай тілде сөйледі? Егер аңызға қарағанда олардың арғы атасы Тарғытай, одан Липоксай, Арпоксай, Колаксай туады. Грек тілінде емес, өз тілінде құдайларының аты Апай, Папай, Тәбіти, Ғайтосыр, Арғымпас, Фагимасад. Өздері жағасын жайлаған Сырдарияны Жақсарт деп атаған. Сондай-ақ бізге жеткен Сауран, ақпнақ, тағы басқа сөздерге қарағанда көне түркі тілі осы тілден туды ма деп қаласың. Оған тағы бір дәлел: сактармен жалғаса біздің дәуірімізден үш ғасыр бұрын Сырдария бойында көшпенді елдерден құрылған Кангуй, қытаймен шектес Хұну, Жетісуда Үсіней тайпылары болған. Қангуй мен сактардың аяғы қыпшақтарға барып соғатын тәрізді. Ал Үсіней болса ертеден келе жатқан ел екені белгілі. Біздің дәуірімізден үш жүз жыл бұрын Үсіней тайпысының кәрі патшасына берілген қытайдың жас қызының қайғыдан шығарған:

«Әке-шешем мен бейбақты
Қалап қиыр алыс жақты.
Ерге берді жас шағымда
Үсінейдің патшасына.
Ол тұрады жұмыр үйде
Киізбенен тыстаған.
Ішкені сүт,
Жегені ет ыстаған»

деген өлені қытай хроникасында бар. Дұрыстап тексерсең қыпшақ қытай шежіресінде қыпсақ, қайсақ, қазақ — бәрінің

түбірі осы сақтан тууы мүмкін. Ал сонда сақ деген сөздің өзі не ұғым береді? Бұл қазақтың «сақ ел» — деген сөзі ме? Жоқ, олай секілді емес. Геродоттың тарихында сақ елі қасқырдан туыпты-мыс деген аңыз бар. Содан ба, әлде көршілес боп әбден мазасын алғандықтан ба, сақ деп бұларды Иран жұрты атаған тәрізді. Сақ деген сөз көне иран тілінде тағы ит, қасқыр деген мағана берген. Қысқасы бұл иран сөзі-ау деймін... Бұдан тағы бір дәлелім. Кей деп ирандықтар патшаны атаған. Содан патша сақтары кейсақ, қазақ тілінің үндестік заңдарымен байланысты қайсақ, болып өзгеруі мүмкін. Ал «Қас» деген сөз ежелден батыр деген ұғымды береді. Сақ елінің жауынгер ел екенін еске алсақ, қас сақтан қазақ шығуы таң қаларлық іс емес. Міне, археологияның да керек жері. Біздің даламызда табылып жатқан сақ мұраларынан бұл сөздердің сол уақытта айтылғанын, айтылмағанын, айтылса қандай мағнада айтылғанын терең зерттеп, әлі көп жайды түсінуге болар еді. Әттең дүние-ай, біздің қолымызға тек сақ дәуірінің алтыннан, күмістен, қоладан жасаған мұралары ғана түсіп жүр. Жазу өнері тым сирек. Және оларды сақтікі деп айту да қиын. Айғақты мүліктер табылады ма деп бір дәмеленгенім Қайрақты төнірегі еді, одан да әзір ештеңе табылмады.— Кенет Күнтуар баласына қысыла қарады.— Ғафу ет, мен сенің кітабыңды бөліп жібердім ғой.— Аморгтың әйелі Спаретраның үш жүз мың еркек, екі жүз мың әйел жауынгермен қарсы шығып Персияның ұлы патшасы Кирды жеңген ұрысын өте жақсы бергенсің. Сыр жағасындағы Қайрақты өңірі сондай дәлме-дәл суреттелінген. Көктемде менімен бірге боска бармаған екенсің! Кир мен Спаретраның соғысқанын Ктесийдан оқығаным бар. Ал саврамат қызы мен жігіт — Дүрия мен Сартардың оқиғасын ең көне авторлардан кездестірген жоқпын. Менің білетінім саврамат қызы, елінің бір жауын өлтірмей ерге шығуға құқы болмаған. Оларда сондай қатал заң ежелден қолданылып келген. Ал сенің жазған оқиғанда бір ғажап өкініш бар. Осы жерін қайтадан оқышы.

Дәниел даусын сәл көтере түсіп оқи бастады.

— Мен саған бір жауымды өлтірмей, ерге шыға алмаймын,— деді Дүрия.— Ата заңы осылай.

— Махаббат жолы ата заңынан үлкен,— деді Сартар,— жүр, бірге қашайық! Менің жүрегім сенімен мәңгі бірге.

— Жоқ, қаша алмаймын,— деді қыз.— Шын жүрегің менімен бірге болса, тастап кет оны маған.

— Жүрегімді қалай тастап кетем? Жоқ, ол менің қолымнан келмейді.

— Онда менің жүрегімді өзіңмен бірге ала кет!

— Қалай? Сені өлтіріп пе? Жоқ, Дүрия, мен сені жанымдай жақсы көрем.

Қыз жігітке қандай жауап берерін білмеді.

— Онда,— деді ол бір сәтте,— Менің бір тілегімді орында.

— Жарайды.

— Сен маған он жылдан кейін кел. Оған дейін бір жауды өлтірермін: Және әбден сағынып қосылған махаббат берік болады. Ал саған деген махаббатымды мен адал сақтаймын. Бұған сен!

— Сендім! — деді жігіт.

Жігіт Парфия, Мидия, Лакодамияға сапарға кетті. Бірақ келесі күні қыздың аулына жау тиіп,Дүрия жау жағының бір жауынгерін өлтірді. Әбден ер жетіп қалған қыз жастық лоззатына шыдай алмай бір жылдан кейін басқа жігітке күйеуге шықты. Он жылдан кейін Сартар қайта оралды.

— Мен күте алмадым, ерге шықтым.— деді Дүрия.— Ал сен он жыл қалай шыдадың?

— «Мені шын сүйетін адам бар» деген махаббат қуанышы шыдатты.

— Енді не істейсің? Сенсіз маған дүниенің керегі жоқ дейтін едің ғой, өлесің бе?

— Жоқ. Әлі де болса сол сүйген қызым қайтадан мені жақсы көрер деген үмітпен тағы он жыл өмір сүрем.

Он жыл өткеннен кейін, жігіт шал, қыз кемпір болуға айналған шақтарында бұл екеуі қайта кездесті.

— Міне екеуміз де қартайып қалдық,— деді Дүрия. Зая өткен өміріңе өкпелісің бе?

— Жоқ,— деді Сартар,— мен бақытты өмір сүрдім. Өмір бойы ғашық болып өттім.

— Ал мен бақытсызбын,— деді Дүрия,— махаббатымды жастығыма ұрлаттым. Өмір бойы өкініште өтіп келемін.

— Жақсы әңгіме,— деді Күнтуар.— Бірақ өмір бойы бір адамды ғана сүю екінің бірінің қолынан келмейді. Оған тым үлкен жүрек керек.

— Мысалы сіздің жүрегіңіздей жүрек қой?

Күнтуар Дәниелдің шешесіне ғашық болып қосылды. Екеуі өте бақытты өмір сүрді. Дәниел он екіге келгенде, шешесі Фатима жүрек аурудан қайтыс болды. Ынғайлы адамдар кездескенмен, жұмысына әбден берілген, жана ғана орта жастан асқан Күнтуар екінші рет үйленбеді. «Табиғат адамды ерлі-зайыпты жұп етіп жаратқан. Бүкірейген шал емессің, әр кезеңнің өзінің сәні бар, үйлен» деген серіктерінің желкемдеу сөздеріне: «Бәрі солай ғой, бірақ Фатиманың маған деген махаббатына кір келтіргім келмейді. Есін біліп қалған балаға өгей ана, қанша жақсы болса да өз анасына жетпей қалуы мүмкін. Онсыз да жараланған сәби жүрегін қоса жаралап қайтемін? Және кімді алсам да маған Фатимадай болмайды, қосылар жұбайымды да, өзімді де алдаудың қандай қажеті бар?» деп көнбей қойған. Әкесінің бұл сырын Дәниел жақсы білетін. Сол себептен де ол жоғарғы сөзді айтты.

— Сенің анаңнан мені ажал айырды, ол айыпты емес еді, сол себептен де мен оған деген жүрегімді адал сақтауға тиістімін,— деді әкесі.— Ал Жаннаттан сені Жаннаттың өзі айырды. Өзіңді бағаламаған адамға қарап көңілің тым көп қабармасын... Дүниеге адам бір-ақ рет келеді, дегдар жігіт бұған да зейіл қойса керек.

Әке сөзіне түсінген Дәниел:

— Жаннатты сүйгенім маған шын қуаныш еді,— деді.— Мен оны әлі де жақсы көремін.

— Сен жазушы боламын дейсің. Бұл ниетің жақсы ниет. Жоғын көзімен көріп, қуанышын құлағымен естіп, халқының жүрегінің қалай соққанын түсіне білетін жазушы болғанға не жетсін! Бірақ есіңнен бір ақиқатты шығарма. Эмиль Золяның: «Кімде кім онбаған деген атты естігісі келмесе, ондай адам жазушы бола алмайды»,— дегендей, сен әлде кімдердің шулағанынан, жамандағанынан өзіңнің жаныңды жараландыра берсең, онда жазушы бола алмайсың!

Күнтуар кенет тоқтай қалды. Бірақ сол сәтте баласының бұны тек әке деп ғана емес, ұстазым деп қарайтыны есіне түсіп кетіп, қайта сөйлей жөнелді.

— Әрине, «шыдай бер, жаныңды жаралама» деу оңай. Ал адам не құрлым дарынды болса со құрлым өзгелерге қарағанда күншілдердің сөздерінен жараланпаз келеді. Тек тәкаппарлығы ұстап сыр бермеуге бар... Расында да мазасын ала берген ұсақ адамдардың жамандауына, шуына шыдау әркімге-ақ қиын. Піл тұрған қорада тышқандар пайда болса, дейді оқымыстылар, олардың аяғының астында жүгіріп мазасын ала берген сыбдыр-қыбырына шыдай алмай алып жануар етпетінен құлап түсетін көрінеді. Жақсы адамға жамандардың сөздеріне көңіл бөлмеу ауыр тиеді. Бар мәселе сол жамандардың сөздеріне көңіл бөлмеуде, «ит үреді, керуен көшеді» деп қарай алуда.

Күнтуар кенет тағы тоқтай қалды да, ұстазылық ойларымды тегіс айтайын дегендей, сөзін қайтадан бастап кетті.

— Мен осы жасыма дейін сан түрлі жұртпен кездестім,— деді ол,— ойлап тұрсам, оларды үш түрге бөлуге болады. Бірі адал жандар. Олардың ішінде дара жаратылғандары да, үлкен жүректілері де мол. Бұл топтың бас қасиеті тек өзі ғана емес, өзгенің де бақытты болуын тілейді. Сол үшін күреседі, өмір сүреді. Ал екінші топ, осы адамдардың буын-буынына ұялаған сарысу, тамырларында пайда болған арам қан тәрізді. Бұлар аналардың жүрек соғуларын бәсеңдеткісі, алға басқан адымдарын шабандата түсіруге құмар. Өн бойларына сарысу боп жабысып, тамырында арам қан боп жүгіруге дайын. Бұлар көбейіп кетсе адамға зақым. Бірақ мұндайлармен күресуге болады. Сарысуды да, арам қанды да азайту адамның өз қолынан келеді. Ал үшінші топ — бұл ең қауіпті топ. Жайшылықта көп көрінбейді. Ал басына бір пәле түссе, үй іші қаранғы бола қалғанда шыға келе-

тін тарақандар тәрізді, өзі көп, бұрын кайда жүргендерін де білмейсің, күні туғанда санлау-санлаудан қаптай жөнеледі. Бәлендей саған зиян істей коймаса да күпінің аш битіндей өріп, шақпаған жеріңді, кірмеген жыртық-тесігіңді қалдырмайды. Жүрегіңді айнытады, жаныңды түршіктіреді. Тегіс у беріп кырып тастамасаң, бұлармен күресу де онай емес. Қараңғы үйде кенет шам жағып жібергенде, тараканлардың не істейтіні есіңде бар ма? Ақыл, естерінен адасқандай, қайда барарларын білмей сол қабырғада, стол үстінде, шам жағылған кезде қай жерде тұрса, сол жерде тұрып қалады. Тек өлтірейін деп ыңғайласаң ғана қаша жөнеледі. Және каша біледі. Мен мұндайлармен көп кездестім. Міне осы тарақандар тәрізді, мінез-құлқы, өмірге деген арманы уақ, кілең кәкір-шүкірлер алғашқы топқа өш келеді. Дарындыларды көре алмайды. Ал өздері ше? Шабан жылқыдан, канша жемдесең де, жүйрік шықпайды ғой. Бұлар да сондай. Сен бақыттысың. Мұндайларды көрген жоқсың. Қазіргі совет адамдары оларға ұқсамайды. Дегенмен мұндайлар әлі де бар. Әсіресе мұндайлар өзіңнің әріптес, қаламдас серіктеріңнен шығады. Сенің дарыныңды көре алмайды. Сондықтан ең бірінші шабуылды солар бастайды.

— Егер жақсы кітап жазып шығарсам, мейлі не десе о десін!

— Жазып шығарасың, қалқам. Бірақ арманға жету — атқа секіріп міну емес. Оған сенің дарының да, жалықпай жұмыс істеуің де жеткіліксіз. Жазушы боламын деген адам ең алдымен өзінің тақырыбын табуы керек. Бұл жағынан олар археологке ұқсайды. Өткен дәуірлердің ең болмаса бір жұмбағын ашамын деп археолог қаншама жыл ізденеді? Қаншама қорғандарды, зираттарды қазады. Ескі мұраларды топырақтан тазартады, тозып қалған суреттердің көне бояуларын жаңартады? Бірақ табылғанның бәрі сап алтын емес қой. Өткен дүниенің керегі де, керек емесі де бар. Сол керек еместерді ғана тауып, бар өмірін сарп еткен талай ұлы ақыл иесі, дарынды археологтарды көрдім. Жазушы да сондай. Қанша таланты болмасын, егер тақырыбын таба алмаса, ол өзінің дарынын дамыта алмайды, халқының мұддесінен шыға алмайды. Қаламынан күміс маржан сөз төккенмен, ондай жазушыны тарих та, халық та жадында ұзақ сақтамайды. Сенің сак дәуірімен шұғылданғаның бір ретте жақсы-ақ. Өткен көне кезді білу — бұ да керек. Олардың өмірін, таптық таласын, тартысын, қоғамдық өсуін, өрбуін, өшуін, қатесін, табысын, мәдениетін-көркемөнерін, адамдарының мінез-құлқын ашу бұ да бір ғанибет іс. Бірақ бұның бәрі көркем әдебиеттен көрі, ғылыми зерттеушілердің дүниесі тәрізді. Ал саған сол дәуірдің өзінен де өз тақырыбынды табу — жазушылық міндетің.

— Көке, мен өз тақырыбымды тапқан секілдімін. Романыма Дүрия мен Сартар хикаясын босқа кіргізген жоқпын ғой.

— Міне, міне! — деді Құнтуар,— менің де айтып тұрғаным

жазушының осындай өз тақырыбы ғой! Бірақ бұл тақырыптың тілегі бүгінгі заманның тілегімен ұштаспай жатпаса, не болашаққа арқау етер ойы, қиялы арманы болмаса тағы шықпайды. Ондай кітапты замандастарың сүйіп оқымайды. Ал оқылмайтын кітап — жазушының осалдығы...

— Көке, мен замандастарым оқитын кітап жазуға тырысамын. Өзгесін білмеймін, бұл кітап менің шын жүрегімнен туады. Дүрияны өмірбақи сүйіп өткен Сартар менің өзім тәрізді, оның қайғысын, қасіретін мен түсінем...

— Ондай кітап шығуға тиісті,— деді Құнтуар,— және жазуға да міндеттісің! Бірақ бір ұмытпайтын жәйт: махаббат адамды тоқыратпауы керек. Ал бюпа дүниеде... уақытын өткізіп алған арманды «Волгамен» кусаң да жете алмайсың.

Дәл осы мезетте телефон шылдыр ете қалды. «Демалыс күнінде де, тыныш отыра алмай жүрген бұл кім екен?» деп Құнтуар сәл ойлана қалды да саспай трубканы алды.

— Ия, тыңдап тұрған Құнтуар Құдайбергенов! — деді ол.

Телефон сымының арғы ұшынан әлдекім асыға сөйлеп жатыр. Құнтуар үн-түнсіз. Қабағында кенет сәл кейістік пайда болды.

— Филиалдың ғылыми кеңесінде ғой? Тақырыбы «Қайрақты экспедициясының жұмысын тоқтату жайында дейсіз бе? Жақсы. Баяндамашы кім? — Сәл тоқтап тұрды да,— Ә, білем, ертеңгі кеңесті кім басқармақ? Филиал директоры Ерғазының өзі?! О, рахмет! Мұндай қиын мәселеге өзінің қатысқысы келгеніне рахмет! Солай деді деңіз! Жарайды, ертең сағат үш ноль нольде мен конференц-залда боламын!

Құнтуар телефон трубкасын орнына қойып сәл ойланып қалды.

Жақында Орталық институттың жаңа филиалы осы Қайрақты өндіріс қаласында ашылған. Ерғазы бастығымен жұмыс істей алмайтын болған соң, ортақ өгізден оңаша бұзауды ұнатып, осы филиалға директор боп үй-ішімен көшіп келген. Қайрақты экспедициясы осы филиалға берілген. Негізгі жұмысы Алматыда болғанмен Құнтуар экспедицияға әлсін-әлсін келіп тұратын. Бұл жолы да осындай бір келген беті еді. Қазір баласы екеуі мейманханада отырған. Ертең экспедицияға жүрмек-ті.

— Баяндамашы әнеугі мақала авторы Пейілжан деген жігіт дейді. Оған баяндама беріп, директордың өзі кеңесті басқармақ болғанына қарағанда сірә Қайрақты экспедициясының жұмысын тоқтатуға айналған тәрізді...

— Сіз солай ойлайсыз ба? — деді Дәниел әкесін аяй, сосын кенет: — Көке, ол кеңеске баруға маған да рұхсат ет,— деді тағы,— Қайрақты туралы кітап жазып жүрмін ғой,— әкесінің өзіне неге таңдана көз тастағанын түсініп.— Жоқ, жоқ,— деді күліп,— Қайрақты туралы емес, осыдан екі жарым мың жыл бұрын Қайрақтыда өмір сүрген адамдар туралы ғой...

— Бәсе.— деді әкесі сәл күлімсіреп. Кенет ол тағы да ойлана қалды.— Ғылымда оқымыстыға өз ойын зерттеуге рұхсат етпеу, көркем әдебиетте сыншының өз ойын жазушыға міндеттеуінен кем қауіп емес!..

Орталық Ғылыми академия институтының Қайрақтыдағы филиалы бұл ғана салынған сәулелі, кең жаңа үйге көшкен. Мәжіліс осы үйдің конференц-залында басталды. Төрдегі сәл биіктеу алаңдағы көлденең қойылған үлкен столдың арғы жағында Ерғазының өзі жалғыз отыр.

Кеңеске біраз адам шақырылған. Кеңес мүшелері, екі-үш кандидат жігіттерден бөтен, осы өңірде археология зерттеу жұмысын жүргізіп жатқан Москва экспедициясының бір-екі ғалымы да бар. Олардан басқа, осы Қайрақтыда жаңадан ашылған жергілікті институтта оқып, археологиямен әуестеніп жүрген студенттермен, диссертациясына материалдар жинауға кіріскен аспиранттар да көрінеді. Тіпті Қайрақты экспедициясының кейбір жұмысшылары да шақырылған. Солардың ортасында қысқа жеңді ақ майка киген, қарының бұлшық еттері ерекше көз тартып Михайлов тұр. Осы көптің ішінде, бүгінгі өзіне тапсырылған істің маңыздылығына қарай, түр-келбеті де сәл тәкаппарлана түскен салтанатты киімді Пейілжан ерекше көзге түседі. Үстінде қыры сынбаған жапонның жерсіз сұр костюмі, қызыл галстук, сары туфли, қара көзілдірік...

Аздан кейін кеңес мәжілісін ашып, Ерғазы күн тәртібін айтып, баяндаманы Пейілжанға берді.

— Біздің археологиялық жұмысымызға жаңа қатынасын жүрген жас ғалым,— деді Ерғазы оны жұртқа таныстырып.— Бірақ алдымызға салғалы отырған ойы, өзінің зерттеу, қорытындылары жас емес, қалыптасып қалған оқымысты екенін аңғартады.

Пейілжан оқытушысының сөзін ақтап шықты. Жақсы баяндама істеді. Негізгі пікірлері, экспедиция жұмысын тоқтату керектігін бұрынғы жазған мақаласын қайталағанмен, ғалым ретінде, археология жұмысына керекті көптеген жаңа ойлар айтты. Ол археологиялық ізденудегі қажырлық, шыдампаздық, үкімет қаражатын, берілген уақытты дұрыс пайдаланудың керектігіне дәлел етіп, әйгілі археологтар: Оклодниковтың көне Амур бойындағы Сакачи — Алян петроглифтарын, Руденконың Алтай өңіріндегі атақты Пазырық қорғандарын қазып көне сақ мұраларын тапқанын, сондай-ақ, Қаракұмда Парфия мемлекетінің асыл қазына қалдықтарын, көне Хорезм, Қошан мемлекеттерін қалай ашылғанын айтқанда, Құнтуар жас ғалым бұл ойларды өзінің жоғалып кеткен қолжазбасынан алып тұрғандай боп көрініп кетті. «Расында,— деді Құнтуар іштей,— бұл бір болайын деп тұрған жігіт екен, бізден бұрын Орта Азия

мен қазақ жерінде өткен мәдениеттердің бәрімен де әбден хабардар. Жоқ, құр ғана хабардар емес, олардың ашылуына өзі қатынасқандай дұрыс тұжырым істей алды. Әлде қалай, құр доктор болғым келеді деген сөзінен мен бұдан неге қаштым? Кім доктор болуды ойламайды? Ең алдымен өткен мәдениеттерді ашамын, диссертацияны сосын жазамын деп жүрген мен тәрізді көйбір Дон-Кихоттар болмаса... Демек, маған да диссертация жазуды ойлайтын кез жеткен секілді. Жас болса келіп қалды... Уақыты өтіп кеткен арманды «Волга» машинасымен де қуып жете алмайсың деп балама ақыл бергенде жақсымын. Ал өзіме келгенде...

— Сөз жоқ,— деді Пейілжан баяндамасын аяқтап,— жоғарғы археологиялық табыстардың бәріне жету үшін, қиындық, белгісіздік көп болғанменен, бәрінің де теориялық негізі бар еді. Ал біздің қадірлі ғалымымыз Құнтуар Құдайбергенов өзі жүргізіп жаткан Қайрақты экспедициясында қандай теориялық жағдайға сүйеніп отыр? Жоғарыда мен айтқандай ешбір дәлел, себеп жоқ. Төрт жылдан бері үкімет қаржысы боска шығып келеді. Со да жетер, бұл экспедицияны енді жабу абзал.

Ол бір үлкен іс бітіргендей жұртқа тәкаппарлана көз тастап өз орнына отырды.

Сөзді дереу көзілдірікті, дудар бас жас ғалым алды. Бұл Пейілжанның пікірлес досы еді. Ол Қайрақты экспедициясының ақырғы төрт жылдан бері ештене таба алмай келе жатқанын айта келіп:

— Егер бұл экспедиция біздің жеріміздегі тек көне сақ мұраларының қалдығын іздеп жүр десек, онда бәлендей қызық ештеңе күтуге болмайды,— деді.— Сақ мұралары бар әлемге белгілі, толық зерттелген, біз таң қаларлық жаңа қазналар табылуы мүмкін емес. Сондықтан экспедицияны жабу орынды,— деп сөзін аяқтады.

Сөз енді Құнтуардың көп жылдан бергі археология мұраларын, тас таңбаларды зерттеудегі негізгі қарсы пікірдегі адамы кәрі археолог Танысбаевқа берілді. Бұ да әр нәрсенің басын бір шалып келіп:

— Адамның өмір бойы тілегінің бәрі бірдей бола бермейді. Әсіресе мұндай сәтсіздік ғылыми адамда жиі кездеседі,— деді. Сөйтті де көзілдірігінің астынан Құнтуарға қарады.— Осындай сәтсіздікке, Құнтуар, сен де ұшырап отырсың. Амал қанша, мойындау керек. Әрине, картайып келе жатқанда, ғылыми зерттеуді бір үлкен табыспен бітіру қымбатты іс болар-ақ еді, қайтесің археологтық мұра деген ол сенің сандыққа салып қойған қазынаң емес, жоққа жүйрік жетпейді.

Дәниел терлеп кетті. Әкесіне ол бала жастан сеніп үйренген. Оның үлкен дарын екеніне шек келтірмейтін, сондықтан да ол Танысбаев пен Пейілжанды кенет бағанағы әкесі айтқан дара жандарды алға жүргіздіргісі келмейтін қоғамның буын-буынын-

асыл қазналар мен бірге кигізден, теріден, матадан, ағаштан істелген сактардың тамаша бұйымдары да кездескен. Бұлардың ерекшелігі, көркемөнерлік құндылығы, салынған шеберлігі, күнгей скифтар патшаларының қорғандарынан алынған заттардан бірде бір кем болмай шықты. Алтай қорғандарынан қазылған бұл заттардың өрнегі, сипаты Евразия көшпелі елдердің Темір дәуірінің алғашқы кезеңдегі көркемөнерлерімен іспеттес екені анықталды. Сол баяғы тағы екі ақиық таласы, тағы ақиық тұяқты жануарға шабуы және мұнда да, оңтүстік скифтарының көркемөнері тәрізді. Таяу Шығыс пен Иран көркемөнеріне ұқсас сарын көп. Ал сонау көне замандағы біздің жеріміздегі көшпелі елдердің идеологиясы Иран мен Таяу Шығыс елдерінің көркемөнерімен тыныстас, идея жағынан бәсекелес осындай өзіне тән көркемөнерді қалай тудырды?— бұл мәселе бізге әлі де айқын емес. Рас Қайрақты молаларынан, бөтен жердің қорғандарынікіндей күміс, алтын, асыл заттар шыққан жоқ. Олардың бәрі сонау көне заманның өзінде-ақ ұрланған сияқты. Бірақ бұл тұстан темір, қола ыдыс-аяқ, қазан-ошақтардың қалдығы, кейбір үй шаруашылығына керек заттардың бөлшектері, сынықтары кездесті. Мәселе тек алтын заттар табуда ғана ма, біздің міндетіміз алдымызға қойған сұрақтарға сол заттардың қандайы жауап беруінде емес пе? Бұл жағынан қарағанда, біз тапқан арзан заттар алтыннан да қымбат боп шықты. Рас, біз әлі табысымыздың бәрін жариялаған жоқпыз. Бар ойымызды, күмәнсіз табыстарымызды өзімнің қойын дәптеріме жазып жүргем, бнып бітірмек ем (осы еңбегі ғой Күнтуардың диссертация етпек болған, бірақ оны айтпады) әттең не керек, сол қолжазбамды жоғалтып алдым.

Тағы бір дауыс арт жақтан:

— Оны ұрлап әкетіпті деген сыбыс бар ғой!— деді.

—Білмеймін,— деді Күнтуар.— Біреудің еңбегін ұрлау, оның мнын ұрлаумен тең емес пе? Басқаның мны біреуге ми бола ма? Ұрласа қастықпен, мүмкін, мені шаршатайын деп ұрлаған шығар, оған не айтарсың? Оқасы жоқ, қағазым жоғалғанмен, табылған заттар бар ғой. Құдайға шүкір, қолжазбам табылмаса қайтадан жазып шығамын. Тірімін ғой...

— Жарайды,— деді Ерғазы Күнтуардың сөзін бөліп.— Бізге табысыңызды айтпасаңыз да, сақ дәуіріне арналған Қайрақтыдағы алғашқы үш жылғы жұмысыңызды дәлелді деп саналық. Ал ол дәуірдің жұмысы біткеннен кейін Қайрақтыдағы қазылған шурф-құдықтарды тағы терендетіп, су түбі болған құмайтты, саз балшықты жерді қазуға бұйрық беруінізді немен түсіндіреміз?

— Сақтар дәуірінің алдындағы, Енесей өзенінің алқабындағы, Саян — Алтай тауларының етегінде біздің дәуірімізден мың жыл бұрын өткен Қарасуық мәдениетінің, сондай-ақ бір кезде біздің осы күнгі даламызбен шектесіп, ал сақ дәуірімен ұшта-

сып жатқан. бұдан үш мың жыл бұрын өткен Қырым жеріндегі Қызыл-қобы мәдениетінің, қала берді біздің дәуіріміздеп IX—XI ғасырлар бұрын өткен, Енесей өзенінің жоғарғы және орта шенін алған Тағар мәдениетінің және Сырдарияның жеңі, қазіргі Жаңа дария жағасына бұдан бір мың жыл бұрын салынған Чірік-Рабат шаһар қалдығының табылғандарын еске алсақ, Қайрақты жерін тереңірек қазудың себебі анықталады. Сақ заманынан бұрын Қазақ жерінің батысында да, шығысында да, күнгей-шығысында да жоғарғы айтылған көне мәдениеттер болғанда, солардың дәл ортасында жатқан біздің жерімізде мәдениет тек сақтардан ғана басталуы мүмкін бе? Бұл жерде есеп шығарып жатудың қажеті жоқ, менің болжауымша, Қайрақты археология ошағы Сақ дәуірінен бұрын Жақсарт дариясының жағасы болған. Бұл жер және шығысы мен батысындағы елдердің керуен жолы. Сақ дәуірінен бұрынғы көне заман мәдениет ошағын іздейтін болсақ, сөз жоқ осы Қайрақты тұсынан іздеу керек. Сол үшін әрі қарай қазуға нұсқау бердім.

Әңгіменің бөтен түрге айнала бастағанын сезген Ерғазы, қанын ішіне тартып сұрлана қалды.

— Бұл сіздің болжауыңыз ғой,— деді ол.— Тәртіп бойынша, өз болжауыңызды дәлелдеп академия институтына ұсыныс түсіруге міндетті едіңіз. Өйткен жоқсыз. Егер болжауыңыз дұрыска шықпаса, халықтың қанша қаржысының желге шашылғалы тұрғанын білесіз бе? Оған кім жауап береді? Қазірдің өзінде төрт айдың ішінде қанша шығын шықты?— Ол бағанағы сөйлеген бухгалтерге қарады.— Иван Филиппович, құдай үшін, айтып жіберіңізші?

— Проработың актары бойынша төрт айдың ішінде жұмысшылардың жалақысын қоскапда он бес мыңнан асып жығылады.

— Міне көрдіңіз бе?— деді Ерғазы анаған жаны ашығандай аяй қарап, — мұны сіз қалтаңыздан төлеген жоқ шығарсыз?

— Ия, қалтамнан төледім.

— Бүгінгідей маңызды мәселе сөз боп жатқанда, орынсыз қалжыңның керегі қанша?— деді қабағын шытып Ерғазы.

— Ешкім де қалжындап тұрған жоқ,— деді Құнтуар,— қырық жылдай археология саласында қызмет істеп жүріп, кассанда бір он бес мың сомың жатпаса не болғаның?.. Әрине, әдейілеп ақша жинамайсың, осындай бірдемеге керек болып қалар деп және артында балаң бар... Жоспармен бекітілмеген жұмыска үкімет ақшасын шығару, әрине, қылмыс. Бұны кім білмейді? Бірақ, сонау жер қазып жатқан жұмысшылардың жазығы не? Төрт ай бойы экспедиция шығынын өз қалтамнан төлеп келдім. Бір тиын алмағанымызға сенбесендер, орталық бухгалтериядан сұрандар.

Ерғазы қанын бұрынғыдан да ішіне тарта түсті.

— Ондай бай болсаңыз,— деді ол жымиып күліп,— мүмкін, бұдан әрі де экспедицияны өз қаражатыңызбен ұстарсыз?

— Жоқ, әрі кетсе бір-ақ айға ғана ақшам жетеді. Бірақ бұл жұмыстың керек екенін дәлелдеп, осыдан бір ай бұрын орталыққа баяндама қағаз жазғанмын. Бүгін-ертең рұқсаты да келіп қалар.

— Егер ештеңе таба алмасаңыз қайтесіз?

— Жоқ, табам!

— Таба алмасаңыз ше?!

— Әрине, жұрттың еңбегінің боска кеткені өкінішті.

— Ақшаңыздың ше?

— Оқасы жоқ, ақша мені емес, мен ақшаны табамын ғой.

— Міне оқымысты деп осы кісіні айт!— деді бір риза болған дауыс. Бұл Михайлов еді.

— Ал тарақандар шам жағылды, қашыңдар!— деді шаттанып кеткен Дәннел кенет.

Бұның сөзіне ешкім түсінген жоқ. Тек Күнтуар ғана езу тартып күлімсіреді де қойды.

Василий Михайлов соғыс кезінде туған. Әкесі Иван ағаш шебері еді. Отан соғысында, Ленинград қоршауында үлкен ерлікпен қаза тапқан. Әкесінің қалай дүние салғаның ол бертін келе Ленинград майданында Иванмен бірге болған кісілердің хатынан білген. Ал оған дейін Василий әлі отызға жетпеген анасының қолында өсті. Пысық және ажарлы шешесі Пелагея ет комбинатында жұмыс істеді. Соғыстың ауыр жылдарының өзінде де жас бала бәлендей жоқшылық көрген жоқ. Шешесі жұмыс істеп жүрген ет комбинатынан арзан бағамен үйіне бас-сирақ, ішек-қарындарды жиі әкеп тұратын. Қолы бос кезінде Пелагея жүн-жұрқадан бөкебай, биялай тоқып сатып, ақшадан да құр алақан болмады. Әйткенмен бар пәле осы шешеден басталды. Бұрын да етегіне намаз оқымайтын сән-сауыққа іңкар, қылықты жесір әйел баласы үшінші класқа шыққан жылы, өзінің әбден піскен дер шағы өтіп кетер деп қорыққандай машина жүргізуші Антон дегенге ерге шықты. Екі баласы мен жиіпшке ауру әйелін тастап бұлардың үйіне кірген еңгезердей, іркіс-тіркіс мінезді қара кісі Василийге бірден ұнаған жоқ.

Қапастана, азарлана қалған баланың жүрегі енді өгей әке түгіл, туған шешеден айныды. Кей күні сылтау тауып бөтен балалардың, серіктерінің үйіне қонып қалуды шығарды.

Әкесі мен шешесі қосылған күні бірге түскен, дәптердің бетіндей, суреттері бұрын жалғыз бөлменің төр жағында ілулі тұратын. Бір күні Василий сабақтан келсе өгей әкесі Антон, ана суретті алып тастап, Пелагеямен екеуі жақында түскен үлкен суретін соның орнына іліп жатыр екен. Жыртық портфелін әлі орнына қоймаған Василий (бұл төртінші бөлімде еді) кенет өзін өзі ұстай алмай:

— Тиме суретке?— деп шар ете қалды.

Баладан мұндай қылық күтпеген Антон, аузына жөнді сөз түспей:

— Неге?— деді.

— Ол менің әкем!

— Ал мен кіміңмін?

— Сен маскүнемсің.

Қандай бейбастақтық істегенмен, Василийді ұрып көрмеген Антон баланың жағасынан шап беріп ұстай алып, екі бетінен алақанымен тартып-тартып жіберді.

Василий жұлқына ыршып, қолға түскен қасқырдың бөлтірігіндей, жағасынан ұстаған Антонның бармағы мен саусағының ортасындағы жұмсақ етіне қылшылдаған өткір тістерімен жабыса кетті.

— Өлтірді, ойбай, мына иттің баласы!— деп Антон Василийді қоя беріп, қып-қызыл қаны бұрқ еткен қолын ұстап бажылдады да қалды.

Бала портфеліне стол үстінде жатқан кітаптарын салды да үйден ата жөнелді.

Айы толып, төсек үстінде ұйқылы-ояу жатқан екі қабат Пелагея не болғанын түсінбей, құр «қойыңдар!» дей берді.

Бұл көктем кезі еді. Сол күні Василий түн ортасына дейін көшеде жүріп, балалар паркіндегі ойыншық үйшікте түнеп шықты. Қорланып түнде ешкімнің үйіне бармады. Жас жүрегін ашуыза билеп, оның үстіне жылуы жоқ жұқа кимінен дірдектеп түні бойы шала ұйықтап шықты.

Таңертең ерте тұрып, арық суымен бетін жуды. Аштан аш мектебіне барды. Мұндайда жамандық жалғыз келе ме, бір қырсыққа бір қырсық ұштасады.

Қарны ашып, бірінші сабақты әзер бітірген, тыныстамада коридорға шыққан Василийді, үшінші класта оқитын, бір мекеме директорының тентектеу, ерке өскен баласы байқамаған боп қағып кетті. Қарны аш, ұйқысы қанбай, ашудан әбден бітіп тұрған Василий әлгі баланы қуып жетіп, желкесінен беріп-беріп жіберді. Бала омақата құлай, мұрнынан қан сорғалаған қалпында өкіріп жылап екінші қабатқа жүгірді. Екінші қабатта жетінші бөлмеде оқитын ағасы бар еді. Сөйткенше болған жоқ, қоңырау соғылып балалар кластарына кірді. Василий де өз орнына отырды. Сабақ бойы жылардай боп ызаланып, ешкімге тіл қатпады. Қоңырау соғылып, балалардың бәрі үлкен тыныстамаға кеткенде, бұл кластан шықпай жалғыз қалды. Сол уақытта ағасын ертіп жаңағы өзі ұрған бала келді.

— Міне мынау!— деді ол бағанағысындай қорсылдай жылап Василийді көрсетіп.

Жетінші класта оқитын ересек ағасы тым дүлей екен, айшайға қарамай Василийдің үстіне қона кетті. Өлердей етіп, басынан да ұрды жұдырығымен, кеудесінен де төпеледі. Арашалайтын класта ешкім жоқ, өзінен төрт жас үлкен балаға Василий не

істей алсын, бар болғаны екі қолымен басы мен бетін жаба берді. Тістеніп ап, ешкімді көмекке шақырмады. Васылийды ұрып-ұрып жетінші кластың баласы:

— Егер екінші рет, менің іниме тиетін болсаң, бұдан да жаман соям!— деп інісін ертіп шығып кетті.

Үйінде де, мектепте де жазықсыздан жазықсыз таяқ жеген Васылий өзіне жалғанның жарығы сөнгендей, бар әлемге кектене қалды. Сол күнгі сабақтан кейін үйіне де, мектебіне де бармады. Екі түн бірдей вокзалға қонып шықты, портфелін, кітаптарын пирожокке, нанға айырбастап корегін жалғады. Аштық әжең емес, аяуды білмейді, ақыры барып, ойламаған жерден, ересек ұры балалардың үйіріне қосылды.

Үш жыл бірдей қылмыс істеген жас балаларды еңбекпен түзейтін лагерьде болды. Сонынан тағы түсті. Биыл сол түрмеден шыққан жылы еді. Қазір жиырма бірде. Бұл жолы ол кеудесіне «менің өмірім абақтыда!» деген жазуы болғанмен, «расымен өмір бойы осылай түрмеде шіримін бе?» деген қобалжыған ойын өзімен бірге ала шықты. Васылийдің мұндай ішкі сарайы ашылып, дендеп кеткен аурудан құтылғысы келуіне себеп болған көркем әдебиет кітаптары еді. Оның сонау бейкүнә, асыл алтын балалық шағынан алып қалған жалғыз жақсы әдеп-әдеті кітап оқу еді. Әсіресе, көркем әдебиет кітаптары оның дүниедегі бір қалаған мұддесі болатын. Ал көркем әдебиет, немістің әйгілі жазушысы Леон Фихтвангер айтқандай, жас баланы ұлы саясатшы кемеңгерлікке дейін тәрбиелей білген. Сол көркем әдебиет бұны да дұрыс жолға тартты. Бойын удай жайлап алып кеткен үйреншікті ескі әдеттерінен Васылий қалай құтылуын білмесе де, ояңған санлау бір мезет майданда ерлікпен каза тапқан әкесін әкеп есіне түсірді. Енді ол «дұрыс жолға түссем, әке аруағын бұдан әрі жерге таптамасам» деген шешімге мықтап бекіді. Қолынан келіп, істеп кететін бөтен жұмыс табылмаған соң, ол археология экспедициясына шығуға шартка отырды. Сол экспедицияға баратын өзіндей жігіттермен тағы кездесті. Қанша тырысса да бұрынғы жолын біржолата тастап кете алмады. Олармен бірге арақ ішті, карта ойнады. Сол жиналудың бірінде Арманның Күнтуардың қолжазбасы жайында қалжыңдап айтқан сөзін естіді. Қаражатсыз жүдеп жүрген жігіт бір жолға ақшаны осылай табуды дұрыс көрді. Бұл қолына пышағынды ұстап кісі тонау емес қой, ойын тәрізді бірдеме деп білген. Жер астынан ылғи алтын мұралар тауып ақшасы қалтасына симай жүрген археологты сәл қобалжытып қолжазбасын қайтып апарып беріп, бір-екі мың «сүйіншісін» алу сауап та шығар деп ойлаған. Осымен соңғы тентектігім бітсін деген. Сол күннен бастап ол Күнтуардың үйін андыған. Бірақ еш ыңғайы келмей қойған. Сөйтіп жүргенінде Жаннатты екі бейтаныс бұзықтар тонамақ болды. Бұл сол сәтті пайдаланды. Аржағындағы әңгіменің бәрі Жаннат айтқандай боп шыққан.

Археология экспедициясына келгеннен кейін бос уақытын Василий тағы кітап оқуға жұмсады. Сонау сарғайған беттерден адамдардың ғажайып іс-әрекеттерін көріп, дәл жас кезіндегідей, солардай болсам деп еліктей түсті. Енді ол тарихи романдарды, археология жайындағы кітаптарды әдейі іздеді. Крамердің «Құдайлар. Адамдар. Табыттар» тәрізді кітаптары оның жан дүниесін басқа бір әлемге апарғандай болды. Сөйтіп Василий археологияны кәдімгідей сүйе бастады. Өзгелердей емес, жер қазса алдынан Тұтыхамонның ғажайып зираты кездесетіндей, жан-тәнімен беріле және сондай жұмбақты дүниеге кездесетініне сене қазды. Сөйтіп жүргенінде бүгінгі кеңеске шақырылды. Өшкен дүниенің сырын ашамын деп, бар жиғанын жұмысшылардың жалақысына Құнтуардың төлегенін естігенде «міне нағыз ғалым» деп таң қалды. Оның үстіне бүгін Құнтуардың соғыс кезінде Ленинградты қорғауда болғанын естіген. Ал соғысты басынан өткізген адамның бәрін өзінің әкесіндей көретін, ондай адамдарды ерекше қадірлейтін, соғыс жайында сөйлескісі де келіп тұратын.

«Кім біледі менің әкемді көрген де шығар» деп талай кісімен әңгімелескен де. Бірақ олар ешуақытта да оның үмітін ақтамаған, бәрі де бұның әкесін білмейтін болып шыққан.

Бүгін Құнтуардың сөзін естігеннен кейін, өзіне-өзі жаман ренжіді. «Осындай адамның қолжазбасын қалай алып кеттім? Бишараға қаншама қиянат істедім! Жоқ, жалғыз ғана оған емес, ғылымға қанша кедергі жасадым! Мені қайтадан соттау керек!»

Ол қайткен күнде де сол қолжазбаны тауып, Құнтуардың өзіне апарып бермек болды. Сол себептен мәжілістен кейін Алматыға жүріп кеткен Пейілжанды әдейі іздеп екі күннен кейін бұ да осында келген. Сол күні сыртқы пішінін өзгертіп, көзіне қара көзілдірік киіп, Пейілжанның үйіне барды. Ананың үйінде қонақтар бар екен, сондықтан Пейілжанды коридорға шақырып алды.

— Мен сенің мына босағана қолжазба тастап кеткем,— деді. Соны өзіме қайтарып бер!

— Қайдағы қолжазба?— деді таңқалып Пейілжан.— Кімдікі?

— Құнтуар Құдайбергеновтікі.

Онсыз бетінде қан-сөл жоқ Пейілжан енді ақ шүберектей боп бозарып кетті.

— Қой, шырағым, бәленнен аулақ, көрсем бұйырмасын.

— Көзіңнен көріп тұрмын — қолжазба сенде! Бересің бе?

— Қайдағы қолжазба? Айттым ғой көргем жоқпын деп.

— Соңынан өкініп жүрме?

— Неменеге өкінем, егер алмасам!?

— Жаксы,— деді Василий даусына зіл беріп.— Өз еркіңмен бергің келмеді, өз обалың өзіңе!

Ол үйден шығып кетті.

Василий Пейілжанды қолыма онашада түсер ме екен деп үш күн аңдыды. Анау, бұнысын сезді ме, үнемі үйіне қара «Волгасымен» қайтып жүрді. Және қасында ылғи біреу болады.

Бүгін де Василий Пейілжанның үйіне баратын аллеяның ішінде тұрған. Қаланың шеті болғандықтан ба, аллеяда тірі пенде жоқ. Тек жел үріп, анда-санда ағаш жапырақтары ғана сыбдырлайды. Аллеядан жақын көшеден өтіп бара жатқан машиналардың гүрілдері ғана естіледі. Көп кешікпей күн де батып, қызыл іңір түсті. Қас қарайды. Пейілжан көрінбеді, бірақ Василий кетер емес. «Ия, ия,— дейді ол,— бұдан басқа жол жоқ. Менің қолымнан осылай істеу ғана келеді. Бұл әбден сынған өткен әдіс. Көрейін содан кейін қолжазбаны қайтып бермегенін».

Қенет Пейілжан көрінді. Жоқ, өзі көрінген жоқ. Тек үлкен портфелін кейінірек сүйрете ұстаған, сәл былғандай баскан сықы қарандады. Василий бір еменнің тұсына тасалана қалтыпып тұра қалды. Басын жерден алмай, мойнын алға қарай сәл созып Пейілжан қасынан өте бергенде, Василий бір-ақ ытқып жанына жетті.

— Ойбай!— деді анау зәресі қашып кетіп. Жіңішке даусы шығар-шықпастай боп күшіктің қыңсылағанындай ғана үні естілді.

Василий ақ көйлегінің жағасы мен қара галстугін қоса айқара ұстап, қылқындыра қыса түсті де:

— Бересің бе, жоқ па қолжазбаны?— деді.— Ал бермейтін болсаң, мына пышақ қазір өкпеңе қадалады!

— Берем! Берем!— деді Пейілжан даусы қырылдай.— Тек тие көрме!

— Онда қазір үйіннің есігінің алдына, өзіңнің алған жеріңе әкеп қой,— деді сол алқымынан ұстаған қалпында, өгіз бауыздайтындай лөк пышағын ананың кеуде тұсына таяп.— Егер қазір шығармасаң, не милицияға телефон соғып әуре ететін болсаң, өз обалың өзіңе! Бес минут күтемін.

Пейілжанды босатып жіберді.

— Жарайды,— деп анау үйіне сүріне-қабына жүгіре жөнелді. Василий терек арасынан қарап тұр, бір-екі минут өтпей, Пейілжан қолжазбаны сол папкасымен шарбақтың сыртына әкеп қойды да, «әлгі канішер тағы ұстап алар» дегендей саса-маса қайтадан үйіне жүгіре басып кіріп кетті.

Василий қолжазбаны алып кейін жүрді.

— Өз затың емес, милицияға телефон сокпайтыныңды білгем,— деді күлімсіреп ол кетіп бара жатып.— Ұры біткен бәріміздің мінезіміз, психологиямыз осындай.— Ол қолындағы пышағын қалың ағаштың арасына лақтырып тастады.— Хош бол!— деді..— Осымен сені ұстағаным бітсін!

Алматыға экспедицияның жабылу, жабылмау мәселесімен

келген Күнтуардың үйіне сол күні қолжазбаны әкеп, өзінің өмірбаянын, болған оқиғаның бәрін айтып берді.

— Ия, соғыс талай жанның тағдырын бұзды ғой,— деді Күнтуар Василийді аяп кетіп.

— Мен сіздің Ленинградты қорғауда болғаныңызды естігеннен кейін тіпті шыдай алмадым. Жаңа айттым ғой менің әкем сонда ерлікпен қайтыс болған деп...

— Тоқта! Тоқта!— деді кенет Күнтуар.— Әкеңнің аты, фамилиясы кім дедің?

— Иван Егорович Михайлов!

— Япырм-ай, ол менің ротамда болды ғой. Өз қолымнан қойғанмын. Соңынан әйеліне қалай өлгенін де жазғанмын. Сен соның баласысың ба?

— Иә...— деді Василий кенет көзіне жас келіп.

Бұл оның он бір жасында өз үйінен кеткелі алғаш рет көзіне жас алуы еді.

Әрине, Күнтуар соңғы кезде археология жайындағы Пейілжанның кей пікірлерінің өз ойларына тым ұқсай түскеннен одан сезіктене бастаған. «Япырм-ай, осы жігіт жаман жолға мүлдем түсіп кетпесе жарар еді!»— деп, қолжазбаның жоғалғанына емес, жас ғалымның бұзылып кетуінен қауіптеніп іштей әбігер бола қалған. Пейілжанмен ашық сөйлесуге дәті бармаған. Сол қолжазбаның бұдан әрі жанжалға, өкінішке айналмай осылай табылғаны қарт археологтың көңілін жай тапқызды. Ол осы кішкентай оқиға арқылы бірінс-бірі мінез-құлқы қарама-қарсы екі кісіні таныды. Әсіресе жаны жақсы Василийді тапқанына Күнтуар өте қуанып қалды.

Екінші бөлім

Бірінші тарау

Ашқанын, болжағанын, күмәнданғанын қағаз бетіне түсіру Күнтуардың ең жақсы көретін шаруасы. Ол бұл кезде дүниедегі ең бақытты адам. Жалғанның өзге қызықтары, қобалжу, біреумен күресу, таласу — бәрі екінші сатыға көшеді, тіпті естен шығады. Міне Михайлов қолжазбасын әкеп бергелі үш жылдан асып барады. Жоғарғы жақтың халық шаруашылық жоспарына өзгеріс кіргізуімен байланысты, Сырдарияны бөгеу жұмысы тағы екі жылға кешіктірілген. Бұған қарап Қайрақтыдағы экспедиция жұмысы тоқталмаған, бірақ жөнді табысқа да жете ал-

маған. Демек, сақ тайпаларының көркемөнері мен шаруашылығы жайында бұрыннан жазып жүрген кітабын әжептәуір бітіріп қалған. Тіпті бұл күз біржолата аяқтамақ та ойы бар еді.

Біздің заманымыздан төрт мың — бес мың жыл бұрын бұл өнірде қандай халық тұрғанын білмесе де, Қола дәуірдің соңғы кездегі Сыр бойын жайлаған сақ елімен, Темір дәуірінің алғашқы шеніндегі сақ тайпыларының ұштасып жатқаны оған айқын еді. Бұны оңтүстік Сібір мен Орта Азия жерлерінен табылған мұралар айқындаған. Ал қазақ жерінде сол тұсқа жататын сақ тайпыларының мұра-қалдықтары әлі жөнді ұшырамаған. Мүмкін ұшырап та қалар еді, қазақ археология зерттеу орындары мұндай тым ерте кезеңмен тікелей шұғылданбаған. Дұрысын айтқанда Құнтуардың Қайрақтыдағы экспедициясы бұл жағынан қарағанда ең алғашқы «тырнақ алдылардың» бірі еді. Осы жолғы зерттеу жұмысынан ғалым үлкен үміттенген. Сол себептен де ол тегі экспедицияның жұмысының аяқталуын күтпек болған. Сосын барып кітабына кірісуді ойлаған. Бірақ оған өмірі құрғыр жетер ме? Жасы болса келіп қалды. Ал ондай кітаптар ондаған жылдар тілейді. Аржағында басылып шығуына қаншама уақыт керек. Досы көп болғанмен, шын жолдасы жоқ еді. Ал жас кезінен серіктес, «осы менің шын жан аяспасым-ау!» деген Ерғазы анандай боп шықты. Құнтуар дегенмен де оның сөзінен кейін алты айдай мезгіл өткен кезде, бірыңғайы келіп академик Вергинскийге барып жолыққан. Жолдасынан естіген сөзін айта келіп:

— Бұл не деген ағаттық?— деген,— Ерғазы туралы Сізге мен ешуақытта жаман сөз айтып көрмеген тәрізді едім, әлде сіз мені басқа біреумен шатастырып алдыңыз ба?

— Сен айтты деген ондай сөз, менің аузымнан шыққан емес,— деді академик,— және шығуы да мүмкін емес, өйткені Ерғазыны маған жамандаған жерің болған жоқ. Ал Ерғазыны сенсіз өзім де жақсы білем. Бірге қызмет істедім, қазір де кей жұмысы менімен байланысты. Дегенмен саған айтарым: ол жолдасың тегі арам жігіт. Қабылдамай келгенімнің де себебі сонда...

— Мүмкін қабылдарсыз? Менің жазығымның жоқ екенін және жамандығы болса өзіне айтарсыз?

— Жоқ, қабылдамаймын. Ал сенің қысылатын дымын да жоқ .Арың таза...

Құнтуар үйіне келген соң Ерғазыға телефон соққан. Ол үйінде жоқ екен. Телефонды Ақгүл алған. Құнтуар Ерғазы екеуінің арасында болған сөзді айтып келіп, бүгін академик Вергинскийге жолыққанын естірте:

— Ол кісі маған Ерғазыға сен айтты деп ештене дегенім жоқ. Және Ерғазыны бес жылдан бері қабылдаған емеспін де-

ді.. .Сонда Ерғазы мен жайындағы ана сөздерді қайдан шығарып жүр?— деген.

Ақгүл өзінің жұмсақ даусымен:

— Ол маған бұл сөзді академик Вергинский емес оның інісі айтты деген. Әлі есімде «Мен мұндайды Күнтуардан күткем жоқ едім» деп сол күні түнімен ұйықтамай шықты.

— Інісі айтты дейді? Маған Вергинский өзі айтты деді ғой, бұнысы қалай? Егер академиктің інісі айтқан болса оны баяғыда-ақ анықтауға болатын еді ғой. Мен Ерғазы жайы түгіл, жалпы ол жігітпен тіпті сөйлесіп көрген емеспін. Және Ерғазы менің ондай сөз айтпайтынымды білмейтін бе еді, сондай да жолдас бола ма екен?

— Творчествоның адамы емессіз бе, оны да сіз түсінуіңіз керек қой. Егер жақсы көрген жолдасы солай депті деп академик Вергинскийдің туған інісінің өзі айтып тұрса қалай сенбейді?

— Жолдас болғанына болайын!— деген кенет ашуланып кетіп Күнтуар.— Бірсу мені кісі өлтірді десе, соған да сене ме?— Ол телефонның трубкасын тастай салған.

Күнтуар Вергинскийдің інісіне ренжіген жоқ, оның өсегіне Ерғазының сенгеніне ренжіді. Шын жолдас деп жүрген адамың мұндай келер болса, құрысын бәрі деп, бұдан былай қарай Ерғазы туралы ойлауды да, және онымен сөйлесуді де қойған.

Сөйткен Ерғазы оның алдынан тағы шықты, жоқ өзі емес, оқушысы Пейілжанды шығарды. Амал жоқ, Күнтуар енді— осы Ергазының өзі кім?— деген сұрақты қайта қоюға мәжбүр болды.

Бұл сұрақты ол осыдан отыз жыл бұрын қоюы керек еді, қайтесің, өзі адал адамның жұрттың бәрін адал көретін әдеті, тек басына таяқ тигенде ғана кімнің кім екенін түсінеді. Күнтуар да ұға бастады.

Ерғазы өз қасиетін тым жоғары бағалайтын кісі еді. Ол тек өзін өзі жақсы көріп қоймайтын, тіпті басқан аяғын, істеген ісін бәрін өзгелердің істегенінен жоғары санайтын. Егер дүкеннен жолдасымен екеуі бірдей костюм алса, оған өзінің алған костюмі ананыкінен артық көрінетін. Оның мінген машинасы сұр түсті болса, ол әрине, машинаның ең сұлуы сұр түсті дейтін.

Күнтуардың әлі есінде, жаралы болып қайтқан Ерғазыны, әйтеуір, өзі жұмыс істеп жүрген кеңсеге өйтіп-бүйтіп жанын салып қызметке алдырғаннан бір-екі ай өткеннен кейін, екеуіне бір бөлмеде отыруға тура келді. Қызмет дәрежелері бірдейлігіне қарамай, Ерғазы қайткенмен төр жақтағы столды иемденгісі кеп жанталасқан. Сондағы қызарақтағаны күні бүгінге дейін Күнтуардың көз алдында тұр!

Күнтуар жолдасының өзімшіл, өте уақ мінезін алғашқы рет сонда байқап қалды. «Окасы жоқ мұндай уақтық әркімде-ақ болатын шығар» деп Күнтуар жолдасының қылығына ішінен күліп, «жоғары жаққа сен отыр» деген.

Әрине одан Ерғазының абыройы жоғарылаған жоқ. Үнемі осылай. Адамды адам ететін орыны емес, кісілік қасиеті, адамгершілігі екенін ол ұқпады. Оған негұрлым жоғарғы дәрежелі орынға жетсе, солғұрлым жұрт алдында үстемдігі, өзінің өзгеден бөлек тұратыны анықтала түсетіндей көрінді. Сол себептен Ерғазы өмірбақи қызмет бабында жоғарылай беруді арман етті. Сол үшін істемеген әрекеті қалмады. Ал сайын келгенде, оның түбіне жеткен де осы көкейкесті арманы еді.

Ерғазы соғыс бітіп, енді майданға бармау үшін «бронь» қағаздың керегі жоғын білісімен-ақ ғылым академиясына ауысты. Тікелей ғылыммен шұғылданатын, өндіріспен байланысы бар жұмыстан көрі, ол бастықтық қызметті таңдады. «Институтта жаман оқыған жоқ едің ғой, мүмкін диссертация қорғарсың, ғылыми зерттеу жұмысына, не тікелей өндіріске барсаң қайтеді?» деген Күнтуардың сөзіне ол: «мен әкімшілік қызметте жүріп те кандидаттығымды тез қорғаймын» деді. Айтқаны келді. Бірақ Ерғазы бір нәрсені еске алмады. Қанша доктор болмасын, өзі зерттеп ештеңе ашпаған соң, жұрт оны шын ғалымға санамады. Қызмет дәрежесі өскенмен, ғалымдық дәрежесі өспеді. Расында, жоқ нәрседен қалай бар шығады? Осы кезде, Ерғазы қайтадан Алматыға көшті. «Бұрын өндірісте істемеген, ал бұл бармақшы институт өндірістік беті бар институт» деп академик Вергинскийдің өзі қарсы шығып, Ерғазыны директорлыққа бекіттірмеді. Әрине, басқа біреу болса; әлі де ешкімнен кем емеспін, лаборатория басқарамын, жоғарғы оқу орындарында сабақ беремін, доктормын, профессор атағым тағы бар» деп сол шыққан бұйғын міне тұтар еді, бірақ Ерғазы ондай адам емес қой, өйте алмады. Бұрын қабылдауын сұран өзгелер бұған келетін, ал енді өзі сол өзгенің бірі болғысы келмеді. Жеке кабинет, кресло, секретарь, жеңіл машинаға бауыр басып қалған сорлы басы, астыңғы қабаттағы дымқыл ауалы лабораторияда, нағыз бір жұмысшыдай тас қашап, ғылым граниттің кеміруге көндіге алмады. Тағы ізденді, тағы жоғарғы жаққа барды. Әйтеуір өйтіп-бүйтіп жүріп осы Қайрақтыға ауысты. Әрине, бұл бәлендей үлкен орын емес, бірақ бастық деген аты бар, Ерғазы, біржолата құрып кетем бе деп қорқып еді, енді бұған жеткеніне де шүкіршілік етті. «Жақсы,— деді ол ішінен директорлық лаборатория басқару емес қой, керек адамдарға бір табан болса да жақындай түстім, әзірге бұған да тәуба, соңынан көрермін, тірі жанмын ғой».

Ерғазыны жақсы білетін академик Вергинскийдің өзі туралы пікірінің көптен жаман екені бұның өні түгіл түсіне де кірген емес. Сол себептен де ол жатпай-тұрмай академик Вергинскийдің өзі туралы пікірін өзгертпек болды. Бірнеше рет қабылдауын да сұрады, «мені қабылдасын» деп ортаға кісі де салды. Сол кісінің бірі Күнтуар еді. Бірақ бір бетті академик айтқанынан танбады. Енді Ерғазы «осылар барып мені жамандап жүр ме?»

деп өзі салған кісілерінен сезіктене бастады. Сөйтіп жүргенде академиктің інісі, Ерғазының алдында ағасын ақтағысы кеп оған: «Сені Алексей Максимовичке жамандайтындар көп. Соның бірі жолдасың Қунтуар» деген. Ол біліп айтты ма, білмей айтты ма, Ерғазы анығына бармаған. Бәлен жыл жолдас болған адамын бірден жамандыққа қия салған.

Демек, Қунтуар археологияға ауысқаннан кейін көпке дейін жай инженерлік міндетін атқарды. Тек бертін келе ғана экспедицияларды басқарды. Содан бері үлкен тәжірибе алды, талай өшкен дүние сырларын ашты, бірақ құр әйгілі археолог деген аттан әрі аса алмады, ал доктор да, директор да Ерғазы.

Қунтуар бар болғаны археолог-инженер. Оны күндейтін не бар? Жоқ, күндемеске Ерғазының әлі жетпейді. Қунтуар үлкен дарын. Қунтуар бар жерде, Ерғазы жоқтың қасы. Егер екеуі бірдей бір жынысқа келе қалса, жұрттың көзі тек Қунтуарда. Екеуі бір мінбеге шығып кезектесе сөйлер болса, әрине жұрттың құлағы Қунтуардың сөзінде. Оның әрдайым мерейі үстем.

Міне осындай кезде Ерғазының қолына Пейілжан түсті. Қунтуардың оқушысы етіп алмағанына әбден қорланған және содан кейін оған өлердей өшіккен жас ғалым енді Ерғазыға шын керек адам боп көрінді. Ретті келсе оны өзінің ішінде жатқан қабағаң иттің орнына Қунтуарға қарсы айтақтамақ болды. Бірақ көпке дейін Пейілжанды Қунтуарға қарсы пайдаланатын ыңғайы келмеген. Мүмкін келіп те қалар ма еді, қайтер еді, көбіне әйелі Ақгүл кедергі бола берген. Ақгүл өзінің жұмсақ және ақылды мінезімен іші қатпар-қатпар Ерғазының тек төсектегі махаббаты ғана емес, жай тіршіліктегі тірегі, шын досы, ары, ұятына айнала білген. Ерғазы шатысып бара жатса бұл жөндей алды. Қысқасы, ретін тауып сан мәртебе ері мен Қунтуардың арасына түсті. Күйеуі мен оның жаңа оқушысы Пейілжанның Қунтуар жайында бір тілектес екенін сезгеннен кейін сақтана қалды. Пейілжанға еріп күйеуінің ағат кетіп бара жатқан жерін көрсе-ақ тоқтау салды. Өз қиянатына сенімі аз Ерғазы әйелінен асып ештеңе істей алмады. Құр іштен тынып жүре берді.

Рас, Ақгүл өзінің махаббатынан басқа Ерғазыға өзін өлеөлгенше қадірлер ештеңе бере алмады, бұдан ол бала көрмеді. Бірақ өзінің күші жетпес бір сезім Ерғазының бар жігерін, ақыл-ойын сол Ақгүлге билетті де қойды. Сондықтан оның көңіліне келетін істерге бара алмады. Және сол Ақгүлдің көңілі тыныш болсын деп оның бұрынғы күйеуінен қалған тентек баласы Арманын, іштей қанша жібімесе де, сырттай жақсы көрді, еркелетіп өсірді.

Міне Ерғазы осындай күйде жүрген кезінде Пейілжанның өзі келді.

— Көрінбей кеттің ғой, қайда болдың? — деді оған Ерғазы.

— Бір жетіден бері қолым тимей кетті. Құнтуардың баласы Дәниел тарихи роман жазған екен, баспа маған жабық рецензияға жіберген екен, соны оқумен болдым...

— Не жайында екен?

— Көне заман, сактар туралы.

— Ту, жас жігіттер осылай келеді! Бүгінгі заман оған жетпеп пе, сақ дәуірі кәрілердің ермегі емес пе... Кітабының өзі қандай екен?

— Әкесінің ықпалы тиген болуы керек... Жаман тәрізді емес.

— Жоқ, жаман болуға тиісті!— Кенет Ерғазы ашулана қалды.— Сақ жөнінде ол не біледі?! Ол дәуір мына біздікі! Тек біз ғана құпияларын ашуымыз керек!.. Тоқтай тұр, сонда сенің жабық рецензияның құны қандай? Баспаның тәртібі қалай еді?

— Менің рецензиям жаман десе, кітап басылмайды. Тәртібі солай. Бұл кітаптың негізгі өзегі сақ дәуірі болғандықтан, оны зерттеп жүрген ғалымдардың бірі менмін ғой... Менің атым, лауазымым бір кітапты шығартпауға жетеді.

— Онда...

Ерғазы ойлана қалды. Жоқ, Дәниел кітап жазып, содан бұлар зерттеп жүрген істің алғашқы ашылуы, қазақ халқына жетуі жазушының үлесіне кетеді екен деп қорыққан жоқ ол. Көркем әдебиетті көп оқитын, жаксы көретін кісі болмағанмен, оның адам туралы екенін Ерғазы да білетін. Және Дәниелдің кітабының бұлардың еңбегіне кесірі тимейтінін де түсінетін. Бірақ оның ойлағаны басқа жағдай. Дәниел болса Құнтуардың жалғыз баласы. Ал Құнтуардың баласына дегенде тек жаны ғана бөлек, әйтпесе бәрі соның үстінде. Қуанышы да, болашағы да бәрі Дәниелі. Жалғыз баласының қабағын шытқаны, ренжігені оған етіне тиер таяқтан ауыр. Жаннат кетіп қалғанда баласынан гөрі, жалғызым қиналады-ау деп әкесі көбірек қайғырды дегенді естіген. Сондықтан баласына атылған оқ — әкесіне де атылған оқ...

Ерғазы міне осылай ойлады. Сол себептен де Пейілжанға ол Дәниелдің кітабы жайында нашар пікір, тіпті жамандап жазуын тапсырды. Сақ заманы біздің Қазақстанда әлі анықталмаған заман, олардың мәдениеті (тек тағы андар стиліндегі мұралары ғана зерттелуде), тілі, қоғамдық құрылысы, бәрі әлі белгісіз, деген ол, ал белгісіз нәрсеге әркашан да күмәндану жеңіл. Тіпті күмәндану түгіл, ол кезеннен жазылған туындыларға карсы шығу да қиын емес. Бәрібір ешкім дұрыс-бұрысын айыра алмайды.

Әділетсіздік, қиянатшылдық үнемі осылай туады!

Баласының кітабына жазылған жабық рецензиямен Құнтуар да таныскан. Баспа кімнің жазғанын айтпағанмен, бұл дәуірге өзінен басқа кімдердің катысы бар екенін білетін Құнтуар, қара болаулы бұл рецензияға Ерғазының да катысы бар ма деп күдік-

тенген. Өйткені кейде быксытып жүретін оның бір-екі теріс пікірін де осы қағаздан аңғарып қалған.

Құнтуардың кенет толқуының да және осы «Ерғазының өзі кім?» деген жолдасы жайындағы бәлен жылдан бергі алғашқы сұрағын қоюының себебі де осыдан еді.

Құнтуар жасы келіп қалса да өзін жаңа дәуірдің жаңа адамы сезінген. Қандай қымбатты мұра ашпасын, халыққа оның ғажайып алтын тәрізді асыл заттарын хабарлаудан гөрі, сол мұраның жанынан табылған жай құмыраның сыртында салынған өрнегі мен жазуы өткен тарихтан не айтады, соны түсінуге асығатын. Ұлы еңбек көп **зерттеп**, көп ойлануды талап етеді. Құнтуар зерттеуде өзін мүсінкер ретінде сезінетін. Неқұрлым жөндеген сайын сол еңбек-мүсінінің ажарлана түсетінін ол білетін. Сондықтан да Құнтуар өз зерттеулерінен тез қорытынды істей қоюға асықпайтын. Табылған заттың болмашы бір өрнегіне әлсін-әлсін үңіле қарайтын. Қандай ұсақ, өрнек болмасын, өзінің орны барын, әсіресе археология тәрізді ылғи болмашы, ұсақ табыстардан кейде үлкен қорытынды шығаратын ғылымда бұндай табанды зерттеу ерекше маңызды екенін ғалым жақсы білетін. Сол себептен де Құнтуар баласынан шығармасын тез жариялауға асықпауын, он ойланып, жүз толғануын талап еткен. Бірақ жастың аты жас, кітабы тезірек шықпаса қартайып қалатындай, Дәниел де романының ұзамай жарық көруіне тырысты.

Құнтуар Пейілжанның жабық пікірімен бірге баласының туындысын басынан аяғына дейін қайтадан асықпай тағы бір рет оқып шықты. Сосын екі-үш күн ойланып жүрді де Дәниелді шақырып алды.

— Кітабың жақсы кітап, қазақ жерінің өткен көне тарихы ғана емес, бұнда көптеген жаңа ойлар бар,— деді ол баласына,— әрине, «жабық пікірде» жазылған сөздер қате, сен оған күйінбе. Бұл «жабық пікірді» әрине сақ дәуірінен түсінігі бар, бірақ саған да, маған да қас адамдар жазған. Менің саған айтайын деп тұрғаным қазір олар жайында емес...

— Тыңдап отырмын, көке,— деді Дәниел жүдеу үнмен.

— Тыңдасаң, ұзақ уақытсыз, көп ойланусыз бір де бір жақсы дүние тумаған,— деді әкесі.— Ал атақты Исаак Ньютон өзінің «Натуралдық философияның математикалық негізі» аталатын ең үлкен еңбегінің түпкі салаларын қағаз бетіне түсірместен бұрын жиырма жыл ойланған. Өзіне белгілі, Ньютондай, жанды дүниенің жаратылуы жайында ғылыми революция, жаңа ұғым ашқан Чарлз Дарвин әйгілі «Табиғи сұрыпталуын» өмір бойы жазған. Ең ақырғы толық түрі өзі өлген соң шыққан.— Ол кенет орнынан түрегеліп, кең жұмыс бөлмесінің қабырғасындағы сөрелерде сығылысып тұрған кітаптардың біреуін алды. Белгілеп қағаз салып қойған жерін ашып.— Тыңдашы, өзінің ашқан теориясы жайында Дарвиннің өзі не дейді? — деді де көзілдірігін киіп оқи бастады.— «Міне өстіп, әрмен қарай жұмыс істей беруге жол бер-

ген теориямды аштым. Бірақ қателеспес үшін, және адасып кетпейін деген қауіппен бұл теорияма сүйеніп жұмыс істемек түгіл, ол жайында очерк жазудан да бас тарттым. Әлі де болса, арада көп уақыт өткізгім келді» дейді, көрдің бе? Исаак Ньютон, Чарлз Дарвин секілді адамзаттың ең үлкен даналары өз еңбектеріне қалай қараған! Білемін, қалқам, сен де өз романыңды қалай болса солай жаза салған жоқсың. Талай таңды ұйқы көрмей атқыздың, бірнеше рет экспедицияға да бардың. Көп уақыт өткіздің. Бірақ сенің еңбегіңдей еңбек әлі де болса көп толғауды, көп ойлануды тілейді.

— Көке, көркем әдебиетте уақыттан гөрі, серпін, көңіл күйінің шабыттануы дегендер де бар ғой. Джек Лондон, Тургенев өз еңбектерін өте жылдам жазған. Бірақ одан олардың туындылары нашар шықпаған. Әрине, мен де түсінем, кітап жазу — жоспарға сәйкес үй салу емес. Бірақ бұнда да жүректің жылдам соғуы, ми шабысының екпіні өз дегенін істетпей ме?

— Сөз жоқ. Кітап серпіннен, шабыттан тууы керек. Кейде тез жазылатыны да рас. Бірақ жұрттың алдына тарту үшін көп ойлану, көп толғануы абзал. Оған уақыт керек. Жаңа өзің айттың ғой кітап жазу — үй салу емес деп. Дұрыс айттың. Әрине халыққа жалғыз үй ғана емес, кітап та керек. Әр дәуірдің өзінің оқушысы бар, мүмкін ол сенің кітабыңды асыға күтіп отырған да шығар. Мүмкін сенің кітабың оның ондаған сұрағына жауап та беретін болар. Әрине, ондай нәрсені кейінге қалдырудың қажеті жоқ. Бірақ кітап, расында да, үй салу емес. Үйді сен халықтың тұруына саласың, ал кітапты сен оның ақыл, ойының баюына, сана-сезімінің, көз қарасының тереңденуіне, кейде тіпті адамның қайта тууына арнап жазасың. Әр кітап әр жазушының бұл дүниеге алып келген Прометей оты. Ол отпен ойнауға болмайды. Оны құр бықсытып қойсаң адамды жалықтырасың, ызасын келтіресің, керек десең өзіңе өкпелетесің. Ал жалынын орынсыз лапылдатып жіберсең, кейіреудің өзіне созған қолын күйдіресің, жанын керегі жоқ қызуыңмен өртейсің. Сондықтан кітаптан адам пайда алсын, рухтанып, жаны рахаттансын десең оны жұртқа ұсынбастан бұрын көп ойлан... Тағы қарап шық...

— Жарайды, көке...

— Сосын.. Сен Архар, Катерген, Анарук оқиғасын қайдан алдың? Сенің романында Жетісу сактарының колбасшысы Қыдрей Бозтайлақта болған жиыннан кейін өзінің бұрыс жолға түсе жаздағанын Архардан көріп оны өз ордасынан қуып шыққан делінген? Бұл солай болсын! Ал, Катерген әйелінің Архармен жақын екенін біледі. Баласының дәл соның аузынан түскендей оған тартып туғанын көре тұрып, өзінің дәрежесінің өсуі үшін шыдап жүре береді. Демек, Архар ордадан қуылған күні, Катерген те оны аулынан қуып жібереді. Архар жұрттың бәрінен таяқ жеп, ақыры шөлде қаңғып өлсді. Ия, солай болсын-ақ... Жауыз адамдардың бәрінің де тағдыры осылай бітуге тиісті. Архардың да

тагдыры солай аяқталды, бұл дұрыс. Содан кейін әбден қапы қарайған Қатергеп өз баласын өзі бауыздап өлтіреді. Баланың бар жазығы Архардан туғандығы. Ал осы оқиғаның бәрі тарихи романның дамуына, не тарихи шешімдерге керек болып тұрған жоқ. Сонда бұларды несіне жаздың?

— Көке, жамандық көбіне қайта оралып отырады. Біздің заманымызда Қатергеп секілді сұмдардың кездесулері айқын. Мен ондайларды болмасын, жұрт жеркенсін, лағнат оқысын деп жаздым.

— Міне, міне, өзім де солай ойлап ем. Ал бірақ сен бұл оқиғаны осылай болуы мүмкін деп жазған жоқсың ғой, шынында өзіңнің кезіңде болған оқиғадан алдың емес пе?

Дәннел төмен қарады.

— Иә, ол солай...

— Сөйтіп отырып Пейілжан сенің романыңа қарсы пікір жазбасын деймісің?

— Менің романымды оған «жабық пікірге» беретіндерін білгем жоқ...

— Ал білсең жазбас па едің?

— Білмеймін...

— Жоқ, жазар едің? Жазуға тиісті едің! Жамандықты айтудан қорықпау керек! Жазушының да, шындықтың да күші сонда! Ал егер өз басыңа, не жазып жүрген еңбегіңе зияны тиеді деп, не сондай сұмырай адамдардан қорқып жазбай қойсаң, онда сенің олардан қандай айырмаң бар? Ондай баладан ең алдыменен мен өзім жеркенер едім! Ал сен қорыққан жоқсың, жаздың! Мен сені бұрынғымнан да жақсы көретін болам! Жалғыз мен емес, әділеттікті сүйетін адамдардың бәрі саған алғыс айтады. Ал осындай батылдығың үшін орнне сені Пейілжандар жек көреді. Мейлі жек көрсе — жек көре берсін! Демек, сені жек көргенмен, егер Пейілжанның жүрегінде титтей адамгершіліктен сезім қалған болса, ол өзінің қандай адам екенін ұғар, жөнделуге тырысар. Тек бұл новелланың бір-ақ жерін қайта қарауың керек.

— Қай жерін, көке?

— Қатергептің баласын өлтірер жерін. Ия, ондай қылық Қатергептің арам мінез-құлқына дәлме-дәл. Ол солай әрекеттенуге тиісті. Бірақ, баланы өлтірудің қандай қажеті бар? Бала анасының Архармен жақын болғанына айыпты ма? Айыпты болса, мейлі.. Ал айыпсыз болса, айыпсыз жанды өлтірудің қанша керегі бар? Тек баланың аянышты өлімі жұрттың есінде сақталып, романымның желісі күшейе түссін дейсің бе? Әлде Қатергептің мінез-құлқы солай, оның жазықсыз жанның қанішер ажалы екенін көрсеткің келе ме? Жоқ, қалқам, оқушың мұндай өлімді қабылдамайды, өйткені жазықсызды өлтіру тек жазушының ғана оқиға құрудағы әдісі. Адамгершілік деген жақсы сөзімнің заңы бойынша, тек қиянатшыл адам ғана өлуі керек. Сен егер осылай етіп жазып, Қатергептің жауыздығын басқа жолмен көрсете ал-

сің, міне сенің жазушылығың. Тағы бір жағдай сен Қатергеп, Архар, Қатергептің әйелін суреттеу үшін, олардың сырт бейнелерін өзіңнің замандастарың Пейілжан, Әмірбек, Өрікке ұқсас етіп алыпсың. Неге? Түсінем... Сосын...

— Ия, көке, сосын?

— Бізге Пейілжанның қандай адам екені әлі мәлімсіз ғой. Егер роман басылып шығып, бұл оқиға Пейілжанның жанына катты батар болса, Өріктің бөтен адамнан Әмірбектен тапқан баласына оның қалай қарайтынын кім білген? Жаман қараған күнде баланың қандай жазығы бар? Сондықтан Пейілжанға ақыл бергендей болмай, Архардың баласын Қатергепке жек көргізіп өлтіртпеу жөн.

Әкесінің жан сезімінің, әділеттік, жақсылық деп соғатын үлкен жүрегінің жылылығы кенет Дәнекелді де балқытып жібергендей болды.

— Бәрі дұрыс. Дұрыс айтасың, көке,— дей берді. Кенет ол басын көтеріп алды,— шіркін-ай, жұрттың бәрі өмірді осылай неге түсінбейді екен? Осындай әділеттілікті Пейілжан, Армандар неге ұқпайды? Егер ұқса, дүниеге қанша жақсылық қосылар еді, қаншама көз жасы орынсыз төгілмес еді!

Баласының кенет неге толқып кеткенін ұққан Күнтуар:

— Жақында театрда Арман мен Жаннатты көрдім,— деді,— мен бірдеме ұқсам, бақытты адамдар ондай болмайды...

Дәнекел бірден жауап қайырмады.

— Иә, солай... солай,— деді ол қолжазбасын әкесінен алып жатып:— Бақыт деген бір қол жетпейтін қиял көрінеді ғой. Сатып та ала алмайсың, сата да алмайсың...

Екінші тарау

Басынан қандай қилы кезең өтпесін, Ақгүлдің бар көкейкесті тілегі Арманы болған. Тентектігін де, еркелігін де көтере білген. Бірақ ана жүрегін бала түсінді ме? Әлем біткен ата, ана, бәрі тек өзі үшін жаралғандай, дәл-дұл мінезді, өзімшіл болып өсті. Ол жолдас, жоралары түгіл, шыбын жаны үстінде шіркейдей боп барын аямай, бәле-жаладан қарлығаштай қорғаған анасының да көңіліне қарауды білмеді. Анаға бұдан аскан азап бар ма? Бұл қылығы аз болғандай көзінің қарашығындай жалғызы, білім, өнер құмай, көнілі карта мен аракка ауып, үнемі ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді тіледі!.. Осының бәрін, өмір қиындығына табансыз, мінез-құлқы тұрақсыз бала өсіргенін сорлы Ақгүл сонынан білді. Бірақ жалғызы үшін бар махаббатын сарп еткен ана ғой, ескілердің «уа, құдай, бала берсең сана бер. Сана бермесең, ала бер» деген қағидасынан сонда да қаша берді, әлі де болса «Арманым!» деп бәйек боп, шықпаған жаны, қимаған қызығы калмады. Әйткенмен, жазмыш адал ниет, ак жүрек ананың тілегін мүсіркеді ме, Жаннат түскеннен бері Ақгүлдің

көңілі орнығайын деді. Көрінген жерге санғыған тақтақ құс тәрізді, бір орнында дәйек тауып қызмет істей алмай жүрген берекесіз ұлының жетпейтін жерін енді келіні жабатынын ұқты. «Жаман еркекті жақсы әйел адам етеді» деген сөзді медет ете бастады. Оның үстіне Жаннат екі ұл тапқаннан бері Ақгүл баласының болашағынан дәмеленіп, демін еркін алуға айналды. Осындай жағдайда ол ері Ерғазының туған күні тойына дайындала бастады.

Бүгін күн тымырсық ауыр еді. Ноябрь мейрамы кезіндегі түскен алғашқы ұлпа қар екі күннен кейін кетіп қалған. Содан бері күнара жанбыр құйып, қаланың үстін қалың көрпедей боп тұман жауып, ауа райы бір жөнделмей қойған. Оның үстіне мазутпен жүретін ТЭЦ-тің мұнара мұржасынан будақ-будақ шыққан сасық иісті түтіні қала үстінен көлбей көшіп, оған көше бойы тыным таппай ағылған самосвал, КамАЗ-дардың көкшіл түсті ашқылтым газдары қосылып, адамның тынысын тарылта түскен. Бұдан бұрын басынан екі рет жеңіл инфаркты өткізген Ақгүлге бүгінгі күн райы ауыр тиген. Жүрегі алқынып әзер отырды. Сөйтсе де тойды қалай өткізу керек, не дайындаған жөн, соларды ойлап таңертеңнен бері тыныштай алмаған. Келіні Жаннат балаларын жаңа ғана шомылдырып болып өз бөлмесінде киіндіріп жатқан.

Сыртқы есік қоңырауы ұзақ шылдырады.

Ақгүл өзі барып есік ашты. Қоңырау қаққан бейтаныс, москалдау келген бір жүдеу өңді, жұпыны киінген әйел екен.

— Ғафу етіңіз, бұл үй профессор Ерғазының үйі ме? — деді ол.

Ақгүл сол қолымен жүрегінің тұсын сәл сипап:

— Ия,— деді.

— Сіз жұбайы боларсыз?..

Ақгүл тағы да:

— Ия,— деді.

Бейтаныс әйел қысылып тұрғандай кейіп көрсетті.

— Рұхсат етсеңіз, мен сізбенен сөйлескелі келіп едім...

— Не жайында? — кенет Ақгүл әбігерлене қалды.— Жүріңіз, үйге кіріңіз. Есік алдында тұрып сөйлескеніміз жөн болмас.

Жат әйел де сірә сырқат болуы керек, аяғын ілби басып Ақгүлдің соңына ерді. Екеуі диванға қатарласа отырды. Әйел:

— Байқаймын сіздің де жүрегіңіз ауырады ғой деймін,— деді.

Ақгүл ақырын күрсінді.

— Бұл дүниеде жаны ауырмайтын жан бар дейсіз бе... Шаруаңызды айта отырыңыз...

Әйел әңгімесін айтарын да, айтпасын да білмей қиналып қалған тәрізді... Сөйтсе де бөтен лажы жоқтай:

— Сізді де өзімдей ана ғой, менің қайғыма түсінер деп ке-

ліп отырмын...— деді ол,— мазаңызды алғанымды айыпқа бұйырмаңыз.

— О не дегеніңіз. Шаруаңызды айта беріңіз.

— Мен бір сорлы жанмын,— деді әйел көзіне жас алып.— Ерім соғыста қаза тапқан. Одан жырымамда айырылдым... Ұлы сөзде ұят жоқ, қосағымды өте жақсы көретін едім, соның аруағын қара жердің құшағында тебірентпейін деп, қолайлы адам кездессе де, күйеуге шықпадым... Ерімнен бір жасар жалғыз ұл қалған, аты Жағыпар. Хат танымайтын жесір әйелге бала өсіру қандай қиын. Әйтеуір, зауытта жұмыс істедім, бертін келген соң, ден саулығым нашарлап кеткеннен кейін, мектепте еден жудым, пеш жақтым, ақыры жалғызыма он жылдықты бітірттім. Содан кейін ол өнер-білім қуып. Алматыға кеткен. Төрт жыл оқып бұл ән-күйден сабақ беретін боп өзі оқыған мектепке келген. Со жақта жүріп үйленген екен. Өзімен бірге келіншегін де ала келді. Аты Бибі... Адам деуге аузың бармайды, шайтан тәрізді бір қыршақ Алматыдағы бір үлкен адамның үлде мен бүлдеге оранған, ерке шора қызы екен... Көргеннен-ақ мен секілді үй сыпырушы сорлы әйелдің жалғыз баласына қолайлы бола қояр ма екен деп ойлап едім. Солай боп шықты. Келінім осында мәдениет сарайында екі айдан бері жүртқа би үйрететін боп жұмысқа кірген... Ал балам содан бері құрт ауруға шалдыққандай әбден жүдеп кетті. Ана көзі көреген ғой, бір сұмдықты ішім сезіп, баламнан не болды, келін екеуің келгендегідей емес, салқынсыңдар ғой деп бір-екі рет сұрап көріп едім, «қайтесің, апа...» деп үнілейді де, ештеңе айтпай қойған. Сөйтсем әлгі келіні құрғыр сіздің баланыз Арманмен көңіл қосып қойған екен.

Ақгүл демін әзер ала сөйледі.

— Қой, бекер болар.

— Ләйім солай болғай деп мен де тілегем. Бірақ шын екен. Бүгін келінім келіп: «Сенің балана мен білмей шыққан екем, ертең Арманға кетем, менің заттарымды дайындап қой. Арман сенің балаңдай мыртық емес, Алматының терегіндей бойшаң, нағыз жігіт! Мен оны сүйемін, күйемін!» деді.

— Япырм-ай.. Арманның әйелі мен екі баласы бар ғой.

— Бұл заманның жастары сіз бен біз бе... махаббат, шапағат дей ме, әйел мен балаға қарап тыным тауып жүр ме...— бейтаныс әйел көзіне жас алды,— кімнен кім айрылмай жатыр, келмей-ақ қояйын деп едім, жалғызым, бишара балам, ол бетбақты жанындай жақсы көретін еді.. Түрінен қорқам.. Егер келін шіркін рас кетіп қалса, өзіне-өзі зақым істей ме деп те зәрем жоқ... Сосын... ана ғой, менің қайғыма түсінер деп өзіңе келдім... Көз жасыма қарар дедім....

— Япырм-ай, менің Жаннатым естісе не дей..— деп Ақгүл қырылдай сөйлеп келе жатты да «дей»інің аяқ буыны «ді» ні айта алмай, жүрегі алқымына тығылып, шалқалай құлай берді.

Бұны көрген әйел де кенет сұп-сұр боп, жүрегін ұстап:

— Бишара-ай, бұйтерінді білгенімде...— деп әбігер болды да қалды.

Жаңа ғана киіндірген Сәкенін көтеріп, Дәулетін жетектеп әжелеріне көрсетпек боп төргі бөлмеге кіріп келе жатқан Жаннат сұлап жатқан енесі мен не істеуге білмей әзер отырған кемпірді көріп шошып кетті.

Қолындағы нәрестесін құлатып ала жаздап, бір сүрініп түрекелді. Баласын жерге тастай сап енесінің жанына жүгіріп жетті.

— Апатай-ай, не болды?— деп басын ұстай берді.

Енесінің мұндай ауруын бұрын да көрген Жаннат, оның жүрегінің тағы да қысылып кеткенін бірден ұғып, өн бойы дір-дір етіп телефон трубкасына жабысты. Дереу «жедел жәрдем» кезекшісіне хабар берді. Басқа не істерін білмей, көйлегінің кеудесін ашып жіберіп, комод үстіндегі валокординді суға тамшылап, аузына құйды. Тағы да барып телефонға жабысты, әлдекімдерге хабар берді. Маңдайынан тер бұрк-бұрк шығып әбден састы. Енді не істерге білмей абыржып тұрғанда, Дәулеті жүгіріп хабар берген көршілері де кіріп келді. Бұлар да не істерлерін білмей, «япырм-ай, япырм-ай!» деп терезені ашып, құр әлек болды да қалды. Әйтеуір, дәл осы кезде, «тығыз жәрдем» кореті де жетті. Жас дәрігер орыс әйелі бұлардай абыржымай, салмақты пішінмен тез қимылдап, Ақгүлдің тамырын ұстап, кеудесін сәл тыңдап, мұндайда қолданылар темір шеменен денеге тарататын дәріні жіберді. Әлі сұлық отырған ана кемпірге де соны істеді. Содан кейін екеуінің тамырын кезек-кезек ұстап, әлден уақытта барып өзінің жәрдемшілеріне, Ақгүлді зембілгеептеп салдырып, кемпірді қолтықтап машинаға отырғызып, екеуін тез ауруханаға алып жүрулерін бұйырды.

Ақгүл бір сағаттан кейін есін жиды. Ал бейтаныс әйел ауруханаға келгеннен кейін талықси бастады. Екеуінде де инфаркт белгісі болып шықты. Дәрігерлердің арқасында Ақгүл бір ажалдан тағы аман қалды. Ал Жағыпардың шешесі, қандай дәрі-дәрмек беріп, уколдар істегенмен, есі кейде болмашы кіріп, жүрегі тағы қысылып талықсып кетіп, өлім мен өмірдің арасында жанталасуда болды. Күннен күнге халі нашарлай түсті.

Үш күн өткеннен кейін Ерғазы мен Жаннатқа емдеуші дәрігер Ақгүлге жолығуға рұқсат етті.

Дәрігердің «көп отырмаңыздар, және көңілі толқыр сөз айтпаңыздар» деген өтінішіне қарамастан, жайшылықтағы сыпайы мінезінен тыс:

— Той болайын деп жатқанда, сенің бұның не? — деп Ерғазы сөйлей кірді.

Ақгүл сәл езу тартты.

— Әдейі істеді дейсің бе?

Ерғазы дөрекі қалжыңдады.

— Кім біледі сені! Бәрібір тойды сенсіз де өткіземіз!.. Тек, өзің құр қалма, тезірек жазылып шық.

Жаннат аң-таң. Қайын атасы бұрын мұндай дөрекі мінез көрсетпейтін. Ал бүгін... бірдемеге қуанғандай ма, әлде әйеліне осылай әдейі қалжыңдағысы келді ме, әйтеуір үнінен бір жасанды саз естілді.

Ақгүл тағы мұная күлімсіреді.

— Жарайды, айтқаныңды орындармын.

Енесінің маңдайынан сүйіп, қолынан ұстап үн-түнсіз жүдеп отырған Жаннат:

— Осы тойды әзірге қоя тұрсақ қайтер еді,— деді.— Сіз болсаныз ауырып қалдыңыз...

Ергазы сөзін келіннен гөрі, әйеліне арнағандай үнмен:

— Ол дұрыс болар ма екен. Ресторанға банкеттің құнын төлеп қойдық,— деді,— және жұрттың бәрі де хабарланып қалды...

Ақгүл ерінің ыңғайына қарай:

— Әрине, тойды өткізген жөн,— деді.— Құдайға шүкір, қазір мен де сауығып келемін, мүмкін салтанат күніне ауруханадан шығып та қалармын.

— Жоқ, жоқ,— деді Жаннат,— әбден жазылмай сізге шығуға болмайды. Тойды өзіміз де бірдеме етіп өткізерміз. Өткен жолы бекер ерте шықтыңыз. Жүрекпен ойнауға болмайды ғой.— Жаннат сәл кідірді де, енесінің бір жерін ауыртып алмайын дегендей, көңіліне күдік салған жайды сұрады.— Өзі қалай болды?.. Жүрегіңіз неден қысылып қалды?.. Ол әйел кім еді?..

Ақгүл де Жаннатының жүрегін ауыртқысы келмеді, болған оқиғаның бәрін жасырды.

— Қыз кезімізде бірге өскен адам еді,— деді төмен қарап,— көп жыл көрген жоқ едім... Жастық күндерімізді, аналы-мынаны еске түсіреміз деп көңіліміз босап кетті. Көрдіңдер ме ақырында ауруханадан бір-ақ шықтық.

— Айттым ғой сізге тіпті толқуға, қобалжуға болмайды деп. Әлі той күні шықпақшысыз...— деді Жаннат енесінің басындағы орамалынан шығып кеткен шашын қолымен қайта кіргізіп жатып.— Ол бишара әйелдің халі қалай екен?

Әйелдің бөтен бөлмеде қиын халде жатқанын білетін Ақгүл «Жаман емес »деп тағы жалған айтты.

Жаннат ертең Арманмен бірге келмек боп, енесінің тез жазылуын тілеп, екі бетінен кезек-кезек сүйіп, қайын атасымен бірге үйіне қайтып кетті. «Осындай, алтын келінімнен айрылып қалам ба» деп тағы қобалжи бастаған Ақгүл үнсіз жылап қала берді. Демек өзіне-өзі тоқтау салды. «Қой, Арманым ондай ақымақтық істемес, әлі өзімен сөйлесермін».

Ақгүл бейтаныс әйел жөнінде жалған айттым деп ойласа да дұрысын айтқан еді. Сол күннен бастап расында да, бейтаныс әйел Нұржамал жөнделе бастаған. Бүйтуіне көңілінің орныгуы себеп болған. Нұржамалдың Ақгүлмен бірге ауруханаға түскенінен Жағыпар бар жағдайды ұққан. Жанындай жақсы көретін анасының мұндай күйге жеткеніне өзін кінәлі санап, күндіз-түні

оның қасынан кетпей қойған. Шешесінің есі бір кіріп, «Қалқам, халің қалай? Бибі кетіп қалды ма?» деген сұрағына, Бибімен екеуінің арасы енді шын айырылатын жағдайға жетсе де, өзін-өзі зорлап күлімсірей жауап берген:

— Халім жаман емес.. Бибі үйде, еш жаққа кетпейді...

Анасы ұлының бетіне сынай қараған.

— Сонда...

— Ия, апа, маған әлдекалай өкпелеп айтқан сөзі ғой... Мені шын жақсы көреді. Бізді тастап қайда барады? Сәл жөнделсең өзі келіп, кешірім сұрайды...

Анасының көзінде бір қуаныш ұшқыны тұтана қалған тәрізденген.

— О, тәубе! Солай болғай да..

Қішкентайынан алдап көрмеген баласына анасы сенген «Ауру көңілінің рухани көтеріңкі болуы, оның тез жазылуына үлкен себепкер» деп Абуәлі Хусайн ибн-Сина бекер айтпаған екен, осы күннен бастап Нұржамал жазылуға бейімделген. Ал есін тез жинағанмен Ақгүлдің жағдайы басқаша еді. Ертеңіне Арман мен Жаннат келген. Арман: «Мен апамның жанында әліде болам» дегеннен кейін, Жаннат біраз отырып, балаларының үйінде жалғыз екені есіне түсіп қайтып кеткен.

— Апа,— деген оңаша қалғаннан кейін Арман,— мен бірдеме айтсам тыңдайсың ба?..

— Тыңдайын, қалқам, сені тыңдамағанда кімді тыңдаймын.

— Тыңдасаң.. апа, ренжіме, мен Жаннатты тастамақпын...

— Тастамағың қалай?..

— Мен өз бақытымды таптым.

— «Өз бақытымды таптым» дегенің не? Әлде сен бақытсыз ба едің?..

— Иә, білмей келген екем бақытсыз екем.. Ал қазір бақыттымын... Бибімен кездестім. Біз бір-бірімізді өлердей сүйеміз.

— Ау, қалқам-ау, сен не айтып отырсың? Сонда анау балдан тәтті, көзіміздің қарашығындай, Сәкен мен Дәулетті қайда қоясың? Қалай қиып тастап кетесің?

— Қимасаңдар өздерің алып қал.

Ақгүл бұдан әрі сөйлеуге шыдай алмады. Жүрегі алқынып, тағы есі ауып кетті.

Жүгіріп бақылаушы әйел де жетті. Арманды шығарып жіберіп укол істеді. Бір сағаттан кейін барып есі қайта кірді. Ертеңіне Жаннат тағы келді. Ештеңеден қаппен-қаперсіз бишара, тойдың қандай дайындығы болып жатқанын айтып біраз отырды. Ақгүл Арманның сөзін Жаннатқа жеткізуге аузы бармады, тек «тойды әйтеуір дұрыс өткізіңдер, сенерім өзің» деп қала берді.

Сол күннен бастап Ақгүл: «Япырмай, Арманым мен Жаннатымның арасы не болар екен? Мүмкін ақылға түсер, не ана жүзіқара Бибісі күйеуін қимас» деп қобалжыған көңіліне әлденені демеу етіп, төсегінен қозғала алмай жатып қалды. Бұдан кейін

Арманы қайтып жолықпады. Әлсін-әлсін балаларын ертіп келіні келеді. Бұл екеуінің арасындағы әңгіме тек тойды қалай жақсы өткізу ғана болды. Бірақ Ақгүл ауруханадан тез шығып, сонау жеткелі тұрған қайғыны болдырмауға асығуда еді. Мұндайда көңілі күпті адам тез жазыла қоя ма, Ақгүл де жазыла алмады.

Бұл жалғанда кім мақтағанды жек көрген? Демек, бос күбі дүңкілдек, мақтаншақтық адамның осалдығы, уақтығы.

Ал көңілі байдың өрісі бай. Дүниеде жападан-жалғыз қалып өмір сүргенше, жұртпен бірге өлген жақсы. Қолыңнан ештеңе келмесе де, жүрегіңнің үлкен жаралғаны — о да бір бақыт.

Әйтседе мақтауды, дәріптеуді көксеу — адам баласының өнер-өнегесінің дамуының бір себепкері. Сұлу сурет салу, ғажайып ән-күй шығару, не өлмес өлең жазу — дарынды адамдардың табиғи тілектері десек, сол тілектер тек ізденумен, өнерге құмарланумен, тіпті мадақты көксеумен орындалады. Шың басына шығу үшін дарынға да серпін-қанат керек. Ол серпін—кей адамға даңқ құмарлық, мадақтауды, дәріптеуді көксеуден басталады. Міне сондықтан да біз оларды адам баласының өнер өнегесінің дамуының бір себепкері дейтініміз.

Рас мақтан сүю кей кісінің өзімшілдік жан дүниесін оятады. Қазақ: «атың шыққын десең жер өрте» деп босқа айтпаған. Ерғазы да бөлен жылғы қосағы Ақгүлдің қатты науқастығына қарамай, «бәлеңшекең алпысқа келіпті» деп жұрт шулап, азан-қазан боп өзін дәріптейтін тойды өткізбей тоқтағысы келмеді.

Біздің заманымызда, еңбегі аз болса да, арзан мақтауды адамнан аямайтын жұрттың екі кезі болады. Бірі осындай «елуге, алпысқа, жетпіске толған» атаулы той күндерінде. Екіншісі — адам өлгеннен кейін. Бұл кездерде кісінің жамандығы да, дарынсыздығы да ұмытылады. Істеген қиянат, қылмыстары да кешіріледі. Осы бір аяулы адам мезгілсіз дүниеден өтіп, әлем біткен қарақ қалғандай, сорлының басына бұл жалғанның бар жақсылығын үйеді, жер-көкке сыйғызбай мадақтайды.

Ал Ерғазының тойы, сонау «ешкімді ештеңеге міндет етпейтін» мақтаудың алғашқы түріне жататын той еді.

Мереке мәдениет сарайында өтті. Оқалы шапандар иығына жабылды, транзистор, магнитофондар сыйлыққа тартылды. «Ғылымның ақ сандағы», «кәрі тарланы», «бәлендей адамдарды кандидат етті», «ғылымның бәлендей жаңа беттерін ашты» деп Ерғазының түймедей жақсылығы болса, түйедей етіп атап, талай қызыл өңеш ділмарлар «ағынан жарылып» шешіле сөйледі. Пионерлер шығып гүл тапсырды. Аяғында баяғыда өзі қуып жіберген ескі досы «міне біз де қартайдық», деп көзіне жас алып бетінен сүйді. Көбінің сөзі жалған екенін біле тұрса да, жалпы жұрттың жылы лебізінен «шынында да мен өзім осындай екенмін ғой!» деп Ерғазы да бір өсіп қалды. «Тағы да айта түсіңдер» дегендей, әр шешеннің сөзінен кейін жұртқа қарап басын изей, ризалығын білдіріп отырды.

Ертеңінде ресторанда тағамкеші болды. Кешегі мақтау — мақтау ма, сөздің маржан-асыл тастары міне осында жарқырай төгілді.

Жұрт белгіленген кезінде жинала бастады. Ресторанның үшінші қабатындағы әжептәуір кең, шынылы банкет залына столдар «П» әрпі тәрізді, біріне-бірін тиістіре қойылған. Ақ дастархан жабылған стол үсті толған тағам. Қазақтың қазы, қарта, өкпе-бауыр, Алматының қып-қызыл апорт, сап-сары лимондарын былай тастағанда, өзбектің балдан тәтті жүзімі, Қырымның апельсин-лимоны, Индияның ананас-бананына дейін бар. Ішімдіктің сан түрлісі тұр. Көз жасындай мөп-мөлдір «Экстрадан» бастап, көп-қою қара сиядай француз коньягына шекті стол үстінде самсай қалған. Тағамкеші сәнділігі патша тойына бергісіз.

Есік алдында, бір екі дос-жар әйелдері мен Жаннаттың өзі қонақтарды қабылдауда. Арманның бір-екі шақырылған жолдасы Ерғазыға әкелген сыйлықтарын алып жатыр. Доктордың өзі ақтығына көз шағылысатындай ақ нейлон көйлек пен ағылшынның қымбат трикосынан тігілген қара костюмін киіп, төрдегі ең үлкен креслода отыр. Көзі сәл жасаурап кеткен, сірә бірер рюмка коньякты күні бұрын ішіп алған тәрізді. Ғажап, ол бүгін де өзінің тойы екеніне қарамай, жайшылықтағы әдетіне салып, өзін құттықтап келіп жатқан жолдастарын іштей сынап мін тағумен болды. «Япырмай, мына піште мұрын Сәрсен тышқан аулайтын ақ сары бас құстан аусайшы!.. Мына иненіктей қатқаны кім болды екен? Қартаяйын деген екем, танымай қалыппын ғой, бұл өзімнің көне жолдасым Сықымбай екен ғой. Қайдан білейін, сыптай болып киініп алыпты. Тұу, осы уақытқа дейін қалай аңғармағанмын, мына Сәтібектің тұмсығы тұлкінің тұмсығынан аусайшы, тек шеке тұсынан екі тікірейген құлақ бітсе болғаны, қырдың қызыл түлкісі дейсің де қоярсың!.. Ал мынау шалшық судағы балықшы құс тәрізді сидиғаны кім болды екен?..»

Осы кезде залға Күнтуар кірді. Бұрынғы қою, ұйысқан бурыл шашы тіпті бозғылт тартып кеткен. Бірақ бой тұлғасы сол бұрынғы қалпы, мығым бүкірейетін түрі жоқ... Алтын сымды көзілдірігі әдеттегісіндей жалт-жұлт етеді. Жаннат Күнтуардың кіріп келе жатқанын көріп, беті шыдамай теріс айналып кетті. Археологты бөтен әйелдер қарсы алып, жоғары қарай қолтықтап әкеле жатыр. Ерғазы, өзгелердей Күнтуардың өзін жанына келіп құттықтауын күтпей, асыға орнынан тұрып оған қарсы жүрді..

— Кеше салтанатты кешіңе үлгіре алмадым,— деді Күнтуар құшақтасып амандасып болған соң, мұндай мүшелі тойда өкпеназды ұмыту керек екенін ұмытпай.— Әуе райы болмай, Алматыдан алты сағат кеш шықтық...

— Оқасы жоқ, оқасы жоқ,— деді Ерғазы ескі серігінің келгеніне қуанып қалғандай сыңай көрсетіп,— мүлде келмей қала ма деп қорқып едім...

— Неге? Мұндай столға келмей қалуға бола ма? — деді ол

әдеттегі қуақы тіліне салып, жан-жағынан қоршап үлгірген жастарға күле қарап.— Жалпы бұндай салтанаттың мен өзім бірінші ресми бөлімінен көрі осындай ішіп-жемі көп екінші бөлімін жақсы көремін...

Қарт инженердің қалжыңын ұққан жастар ду күлді. Тағы бір электр шамы жағылғандай зал іші сәулелене, жұрттың көңілі көтеріле түсті.

Ерғазы кенет томсара қалды. «Күнтуар қайда жүрсе де, ылғи осылай, жұрттың көңілін бірден өзіне тартып әкетеді. Жас бітіскеннің бәрі аузынан шыққан сөзін қошеметтей жөнеледі. Не сиқыры бар?» Доктордың жолдасын көре алмастық ежелгі сезімі кенет тағы оянып, көңілі сәл жүдей қалды.

Күнтуар келісімен жұрт стол басына отыра бастады. Жаннат Дәшелдің әкесінің көзіне түскісі келмей, одан тасалау жерден барып орын алды. Қарсы алдында Арман.

Жұрт отырып болысыменен кешегі салтанатты кешті ашқан, осы мерекені өткізу комиссиясының бастығы, бүгінгі кештің қонақ ағасы Сыздық рюмкасын көтерді.

— Қадірлі достар! — деді ол бір қолымен қисайып кеткен галстугін жөндеп,— біз бүгін қазақтың атақты ғалымдарының бірі қымбатты Ерекеңнің тойын жалғай түспекпіз. Бұл кісінің елімізге сіңірген еңбектері аз емес,—ол кешеден бері жұрт айтып бітіре алмай жатқан Ерғазының елге сіңірген еңбегін бармағымен санап атап өтті. Санқилы, әсем сөздермен директорын құттықтай келіп, оның «бұдан да артық табысқа жетіп, көп жасауын» тілеп рюмкесін ішті.

Осындай бағытта тағы да екі-үш ресми адамдар тост көтергеннен кейін, сөз Күнтуарға берілді.

— Адам баласының әр кезеңінің өз қуанышы бар,— деді ол,— жас жанның алдында өмір бар, халқына істейтін еңбегі, ашатын сыры бар. Сондықтан жас кезең өз алдына бір қызық дәуреп. Ал карт кісінің де қуанышы жеткілікті. Ол тартыс-таласты өмірді өтті. Халқына, Отанына қолынан келген еңбегін сіңірді. Сондықтан да бұның кезеңі де өз алдына бір ғанибет бағалы кезең. Ал қарт адамның осындай тамаша дәуренін ерекше көркейте түсетін тағы бір қасиеті — ол сол қарттың ақ ниеттігі, ақ жүректігі. Егер сен біреуді қараламасаң, жала жаппасаң, арың, ұятың таза болса, бұдан артық сағап бақыт бар ма? Ерғазы сен сондай таза адамның бірісің. Сол себептен де сенің құрметіңе көтеріліп жатқан тоска мен де қосыламын, мен де саған шын жүректен жұртпен бірге бүгінгі күніңнен де үлкен табыс, ұзақ өмір тілеймін. (Ерғазы жадырай қуанудың орнына сұп-сұр боп жерге қарады. «Япырм-ай,— деді ол ішінен, Күнтуар менің өзіне деген ойымды сезбей жүр ме? Сезсе де, бәрін кешіріп, үлкен жүректік көрсетіп әдейі айтып тұр ма? Қайткен күнде де мені өлтірейін деген жері осы екен!») — Ал көнілінде бәлендей дақ жоқ Күнтуар айтайын дегенін жалғай түсті,— сөз жоқ,— деді ол,— әйтсе

де, жастық дәуреннің бір артықтығы бар. Ол: өзің жассың, балаларың да жас, әзірге сен олардың қайғысын ойламайсың. Ал көрі кісінің — балалары да ер жеткен. Олардың қуанышы — сенің қуанышың, қайғысы — сенің қайғың. Балаларың жаман болса, сен оларды «әлі жас жөнделеді» дей алмайсың, олардың әр бұрыс басқан қадамына сен қиналасың, жаның күйеді. Міне кәріліктің жастықтан жеңілер ең осал жері осы.

Есік жақта отырған біреу дауыстады.

— Егер балалары жақсы болса, ол көрілердің аса бір қуанышы емес пе? Оны неге санаққа алмасқа?

— Әрине, жас тұлегің жақсы болса, сенен бақытты адам жоқ. Менің айтып тұрғаным ол емес,— деді Күнтуар,— тек көрілердің жастарға қарағанда қиналар жерін, жастардан кем жерін айтып тұрмын. Құдайға шүкір, бұл жағынан да Ерғазы сен де бақытты жансың. Сондықтан мен осы тостымды, өзіңді баладай бағып келген, анау ауруханада сырқаттанып жатқан қосағың үшін, әкелерің бүгінгідей құрметті жасына шаршатпай жеткізген балаң мен келінің үшін ішемін,— деп келе жатты да кенет тоқтай қалды. Ол отырған жұртты көзімен тегіс қарап шығып, Жаннатты тауып алды. Дәниел мен Жаннаттың оқиғасынан хабардар кейбіреулер «тағы не айтар?» екен дегендей құлақтарын түре түсті. Күнтуар көзін енді Жаннатқа үлкен бір әкелік мейірбандықпен тоқтатып,— қарағым Жаннат,— деді,— бұл тосты әсіресе сен үшін ішемін!

Жаннат шыдай алмады, көзінен шығып кеткен жасын сүртпей тұрып келіп Күнтуардың қасына барды. Кешегі жанындай жақсы көріп құрметтеген, әкесіндей болған кісінің екі бетінен кезек-кезек сүйіп, «көп жасаңыз» деп рюмкасындағы шарабын ішіп, орнына кеп отырды.

Дәл осы кезде залға тағы біреулер кірді. Арманның атып тұрғанына таң қалып, Жаннат есік жаққа бұрылды. Кірген үш жас әйел екен. Әжептәуір әдемі түрін асыра бояп бүлдірген, көзінің үстіне ұзын жалған кірпік тақкан Бибіні Жаннат бірден таныды. Бұрын бір-екі рет көрген. Бұтына балағы сала құлаш қызыл кримплин шалбар киген. Сондай түсті жеңсіз камзол, талдырмаш, сымбатты денесіне жарасып тұр. Құлағында балық аулайтын жалтырауық жалпақ қармақ тәрізді алтын сырға, саусақтарында ғауһар тасты жүзіктер. Кеудесіне алақандай етіп арап медалеонын тағып алған. Бетін сонша лық баттастыра боя ғаны болмаса, біркелкі сұлу да тәрізді. Ұзын жасанды кірпіктерінің астынан, тостағандай ойнақы қарақат көзі жұртқа жаудырай қарай қалған. Арт жағында, шашын желкесіне тоқпақтай етіп түйіп алған, қоңыр киінген орта жасқа таяған сәнқой әйел. Бұның да бетінде бір елі бояу, қалың ерні қан жалаған қанден құшіктікіндей қып-қызыл. Бұның да тұлға бітісі көз тартарлық. Бірақ қызыл киінген жас Бибіге қарағанда, оның көлеңкесі тәрізді ғана жұртқа әсер қалдырғандай. Арманның бұлардың жа-

нына жүгіріп барып, бәйек қаққанынан Жаннат әлденеге ескене қалды. Әйел жүрегі, бұлтсыз күні жел тұрғанынан үлкен дауыл болатынын алдын ала сезе білетін күйкентай құс тәрізді, өзіне келе жатқан қауіпті — әсіресе әйелден келер қауіпті бірден байқайды.

«Жоқ, жоқ,— деді Жаннат лүпілдей жөнелген жүрегін әзер басып,— бүгін сенің міндетің қайын атаңның мереке кешін дұрыстап өткіздіру. Өзге оқиғаға көңіліңді алаң етпеуің керек».

Арман үш әйелді өзінің столының жанына әкеп отырғызды. Оларға арақ, шарап құйып, тамақ ұсынып өліп барады. Әсіресе, өзіне күлімсірей қараған Бибіге дегенде, дәл қазір қанбақ боп ұшып жетуге бар. Бағанадан бері Арман селсоқтау жүрген. Оның әлсін-әлсін есікке қарай бергенінен: «Бұған не болды, әлде біреуді күтіп отыр ма?» — деп ойлаған да қойған Жаннат. Енді бәрі түсінікті секілденді. Арман екеуінің арасына бір қарамысық сұмдықтың жүгіргелі тұрғанын анық сезінді. Сөйтсе де Жаннат өзгелерге сыр бермеуге тырысты. Іші оттай күйіп бара жатса да, өзін-өзі басты.

Кеш тамаша өтті. Ән билеңді, ән салынды. Жұрттың бәрі рахаттанды. Тек үйіне Жаннат қана қайғылы қайтты. Арман әлгі әйелдерді шығарып салуға кетіп қалды.

Жаннат өзін күтіп, екі көздері төрт болып отырған екі баласын қасына алып төсегіне жатты. Көзіне ұйқы келмей-ақ қойды. Бір мезет жанына батқан қайғыға шыдай алмай, жастығын құшақтап солқ-солқ жылады. Тек таң ата, көзі ұйқыға кетіп бара жатқанда ғана, сыртқы есікті өз кілтімен ашып Арманның үйге кіргенін естіді. Бірақ ол әйелінің жанына келмеді. Арман көптен бері өстіп кеш қайтатын әдет шығарған. Және үн-түнсіз қонақ үйіне кіріп диванға жата салатын. «Жолдастарымен карта ойнап кеш қайтқан шығар» дейтін де қоятын Жаннат. Кенжесі Сәкені туғаннан бері күйеуінен көрі, оның көңілі балаларына көбірек ауған еді. Жоқ, құр ғана көңілі емес, бұрынғы жарға деген ләззаты да енді балаларына деген махаббатқа көшкен тәрізденген. Жүрегін, қиялын соңғы кезде ана сезімі мүлдем билей бастаған. Сондықтан да Жаннат бұрында Арманның кеш келгеніне бәлендей мән бермейтін, ашу шақырып ренжімейтін. Ал бүгін ше? Бағанағы Бибіні көргеннен кейін жүрегінде кенет бір қызғаншақтық сезім туды. Енді ғана Арманды әлі де бұрынғысындай жақсы көретінін анық сезінді. Сол себептен де көрер таңын көзімен атқызды.

Таңертең Ақгүл кештің қалай өткенін сұрап телефон соқты, өз қайғысы жанын сүліктей сорып тұрса да, қайын енесінің тез жазылып шығуын шын жүректен тілеген Жаннат, ренжіп қалмасын деп сыр бермей, шамасы келгенше жайдары сөйлеуге тырысты. «Қазіргі тілек осы бишараның тез жазылуы. Ол жазылғанша өз қайғымды баса тұрайын» деді ол. Бірақ ана емес пе, өзінің басынан да сан қасірет өткен, келіні кештің жақсы

аяқталғанын қанша күле сөйлеп мақтаса да, Жаннаттың жүрегіне бір суықтың ұялай бастағанын Ақгүл аңғарып қалды.

Енді ауруханада жата беруге болмайтынын ұқты. Жүрегінің жөнделе бастағанын сылтау етіп, екі күнге бала-шағасының қасында болуға рұхсат алды.

Сол күні кешке таман, шешесі ауруханадан шығар алдында, өгей әкесінің тойын өткізіп, бар борышымды атқарып болдым-ау деп ойлаған Арман балаларының жанында томсарып отырған Жаннатқа:

— Жаннат, сен ренжіме, мен бұл үйден біржолата кетемін,— деді.— Менің киімдерімді ана шамаданға салып дайындап бер...

Арманның сөзі жанына қандай батқанымен, нәсілі ұстамды Жаннат:

— Киімдеріңді шамаданыңа салып қойғам, бәрі дайын,— деді.— Әне тұр.

— Менің бөлмем де, барлық зат та саған қалсын.

Жаннат кекесін езу тартты.

— Онда, тек мына екі баланды да ала кетерсің?

Жаннат көзіне бұлыққан жасты Арман көрмесін дегендей бұрылып кетті. Сол сәтте телефон шырылдай қалды. Үйде Ерғазы жоқ еді. Өзінің көңілінің қан жылап тұрғанынан ба, Жаннатқа телефон шылдыры біртүрлі үрейлі, қорқынышты естілді.

Созыла барып телефон трубкасын алды. Ауруханадан үйіне қайтқалы тұрған Ақгүл екен. Жаннатқа немерелерін сағынып қалғанын айтып, егер кеш демесең киімдерімді алып кел деді де, кенет:

— Арман қайда? — деп сұрады.

— Кеткелі жатыр.— деді Жаннат жаска булыға.

— Қайда?

— Оны өзінен сұраңыз? — деп Жаннат жылап қоя берді.

Бір сұмдықтың болғанын түсінген Ақгүл:

— Трубканы Арманға бер,— деді.

Трубканы алған Арманға Ақгүл:

— Қазір келемін,— деді.— мен келгенше еш жаққа кетпе!

— Жарайды,— деді трубканы іліп жатып Арман,— күтейін.

Жиырма минут өтпей үстінде аурухана халаты бар Ақгүл де жетті.

— Қалқам-ау бұның не? — деді ол демін әзер алып.— Сонда қолыңдағы бақытыңнан қашпақсың ба? Мынау бүлдіршіндей екі баланы қалай қиясың. Егер мені ана дейтін болсаң бір тілегімді бер. Жаннатым мен қос құлынымды жылатпа!

— Жоқ, апа, мен үшін Бибі күйеуін қиып отыр. Мен де сондай құрбандыққа баруым керек... Өйтпесе махаббат бола ма...

— Япырмай, сен не айтып отырсың? Егер рас бүйтетін болсаң, мен аналық ақ сүтімді кешпеймін, жалғызым болсаң да өмір бойы қарғап өтемін...— деп келе жатты да Ақгүл кенет есінен танып шалқалай құлай берді.

Сол құлағаннан Ақгүлдің қайтып есі кірмеді. Дәрігерлер қандай ем қолданғанымен, миына қан құйылып кеткен инсульд апатынан үш күннен кейін қайтыс болды.

Өлім! Фәни дүниеден Ақгүл өтті! Жыла Арман, бозда Жаннат, қара жер құшағынан енді аяулы анаңы қайтып бермейді. Бұл жалғанда өлімнен күшті ештеңе жоқ. Өмір де одан осал. Өйткені өлімде жан жоқ. Егерде онда жан болса, адам баласы өлімді қара бет етіп ұялтар сөз табар еді. Бетін қан жоса етіп тырнап, өшін алар еді! Сөзі де, таяғы да өтпейтін мылқау албастыға қолынан не келеді? Тек екі көзінен ыстық жасы сорғалап жылаудан бөтен ештеңе істей алмайды. Жақынынан айрылған адам, бір қанаты сынған құстай, жан дүниесі жараланып, жер сызып қалады. Өлімге кеткен өшін өзінен алады. Өз жанын қинайды, өз жанын қан жоса етеді. Оған жарық дүниеде қараңғы, аспандағы жарық жұлдыздар да көкаязданып шақырайып тұрғандай көрінеді.

Дүниеге келмек болса, кетпек те бар. «Жас баланың өмірге деп бірінші аттаған адымы, өлімге деп аттаған алғашқы қадамы» деп осыдан екі мың жыл бұрын Сократ айтқан. Нә, солай, өлімнен қашып құтыла алмайсың. Бірақ өлім әрқашан да ерте. Жүзге жетіп өлсең де ерте. Өйткені жүз жыл жасаған адамның да, мың жыл жасаған адамның да әлі де орындай алмаған армандары бар. Сондықтан өлімнің ерте-кеші адамның жасымен емес, істеп кеткен ісімен, орындап кеткен арманымен мөлшерленеді. Көретінін көріп, артына із қалдырып кеткен қарияның өлімі бір бөлек те, ал өмірдің есігін жаңа ашқан, ойға алған арманын орындауға үлгірмеген жастың өлімі бір бөлек. Алғашқысынан, қадірлі қарияны кім алмай көзінің жасы көл болса, екіншісінен, жүрегің удай ашып, көңіліңнің көкжиегі тарыла түседі.

Ақгүл тірі пендеге жамандық ойламаған, тек жақсылық үшін жаралған аяулы жан еді. Ол өзінің маңайындағы жұртқа өте керек болатын. Сол себептен де Ақгүлдің зиратының басына жұрт көп жиналды. Көзіне жас алмаған адам жоқ. Әсіресе келіні Жаннаттың: «Апатай-ау апатай, кімге бізді қалдырдың»,— деп енесінің ашық бетін өбіп, ағыл-тегіл жас төгіп, дауыстап жылағаны сай-сүйегін сырқыратты.

Өлім дегеннің не екенін енді ұғып, өмір бойы қорғаны болып келген жалғыз анасынан қалай айырылып қалғаны санасына жаңа жеткен Арман да өкіріп жылап шешесінің табытын құшақтап жатып алды. Жұрт оны әзер көтеріп тұрғызды. Арман анасын бұлай өледі деп ойлаған жоқ. Бұлай өлетінін білгенде ол, анаға қатты бір сөз де айтпас еді. Махаббат оты жанып қанша күйдіріп бара жатса да дәл сол күні, сол сәтте «мен кетемін демес еді-ау! Әттең, әттең!» Адам өзі ұққан күнәсінен ауыр азап жоқ. Бұндайда ол өзін-өзі іштей айыптайды, қылмысына ар-ұятының

алдында үкім айтады! Өз үкімі қаншалық күнәкәр екенін мойындатады! Жалғанда өз қылмысынды өзің ұққаннан артық адамға жаза жоқ! Мұндайда кісі істеген күнәсін көтере алмай, жардан құлап өлуден де тайынбайды. Қазір Арман да сондай халде, жаны күйіп, жүрегі өртенің әлсін-әлсін жылай беруі де осыдан! Бұндай азапқа ол бұдан әрі шыдай ала ма, шыдай алмай ма, кім білсін!

Жаннаттың да жүрегі бұдан кем күйінуде емес-ті. Қайын енесінің ажалына тікелей қатынасы болмағанмен, өзінің «қайда кететінін Арманның өзі айтсын» деп телефон трубкасын күйеуінің қолына бергені есіне түсіп кетсе, құлай жаздап талықсып кетеді. «Құдай-ау құдай, сол бір сөз аузыма қалай түсіп еді! Арман кетсе кете берсін деп неге шыдай бермедім? Сол сағат па еді оның қылығын апама айтатын?» деп ол өзін-өзі іштей жазалап жылаған үстіне жылай түседі. Енесінен айырылғанына ботадай боздайды. Зират басындағы халықтың сай-сүйегін сырқыратты, көздерін жаска толтырды.

Мұндай қаңыраған қайғыда өзін-өзі ұстай алған тек Ерғазы ғана. Ол жанындағы құлпытастай сұп-сұр. Көзінде бір тамшы жас жоқ. Ақгүлінен айрылғаны көз жасын біржолата суалтып, лүпілдеген жүрегін мүлдем тастай бекітіп, тамырында аққан ыстық қанын мұздай етіп қатырып, бар жан сезімін мәңгі жойып жібергендей. Оба тастай мызғыр емес. Мынау қайғылы жұрт, ағыл-тегіл жылаған бала, келін — бәрі оған жат дүние төрізді. Бұл жерге әлдекалай келген жандай, болып жатқан барлық оқиғадан тыс отыр. Осынау қазылған зиратқа да, анау табытта жатқан қосағына да түксие қарайды. Болып жатқан оқиғаның бәріне қатынасы жоқтай сілейіп қатып қалған.

Қабыр басында ең алдымен, Ақгүлдің бұрынғы ерінің інісі, марқұмның ең жақсы көрер қайны, кішкентайынан қолында өскен, қазір қызмет істеп жүрген сонау алыстағы ауданнан әдейілеп келген Жақып деген жігіт сөйледі .Ол екі көзінен жасы парлап сөзін әзер бітірді.

— Жеңгем емес, туған анамдай болып едің,— деді Жақып еніреп тұрып,— мойныңа салып көтеріп, қолымнан ұстап жетектеп өсіріп едің, өлер алдында қасында отырып бір ауыз сөзіңді есті алмай қалдым. Бұл арманым өле-өлгенше жүрегімнен кетпес. Кеш аяулы жеңгем, ақ ниетті анам! Ақтамаған борышым болса, сен барған о дүниеге біз де барармыз, сонда ақтармын! Артында қалған бала-шағаңның, мынау қайғыдан тас болып қатып қалған қосағың алдында ақтармын! Қара жердің құшағында енді тыныш ұйықта! Қош, ақ жарқын асылым! Қош! Қош! Қош!

Енді сөз Күнтуарға берілді.

— Уа, ағайын,— деді ол қайғыдан даусы қарлыға шығып,— құстың аққуы, аңның ақ маралы болса, Ақгүл әйел жыныстының аққуы да, ақ маралы да еді. Тот баспайтын сары алтыны, сәулесі

сөнбейтін ғауһары еді. Қара жердің құшағына қымас осындай асылынды, мүсіркеу білмес мылқау сұм ажал алды. Жыласаң да, жалынсаң да ол алғанын қайтып бермейді. Сондықтан, уа, ағайын, болған іске берік болған жөн!

— Бұл фәни жалғаннан өкінбей, оған өкпелемей жан өткен емес. Ақгүлдің де өкініші, өкпесі болған шығар. Өйткені оның әлі басар жері, асар тауы, сызар сызығы, көрер қызығы көп еді. Тірінің борышы сол Ақгүлдей асылдың сол өкінішін, сол өкпесін қалған ұрпағына көшіртпеу. Арыстай ұлы, алтындай келіні, құлыншақтардай немерелері бар. Ақгүл көрмеген қызықты солар көрсін, Ақгүл сызбаған сызықты солар сызсын. Сонда ғана аяулы ананың дүниеге деген өкініші де, өкпесі де бітеді. Арманы орындалады. Уә, Ерғазы! Қазақта мақал бар: «алыс жолда арбаң сынбасын, қартайғанда әйелің өлмесін» деген. Өзіңді қанша берік ұстасаң да, саған оңай тиіп жатқан жоқ, оны жақсы біледі. Сенен қазір жалғыз тілек мынау еңіреп қалған бала-шағаларыңның енді әкесі де, анасы да жалғыз өзіңсің, жоқтатпа аналарын! Ақгүлдің тірісіндей бәрінде қуанта біл, жұбата біл. Ақгүлдің басына мәңгі құламас құлпытас қана қойма, құлпытастан да мықты оған деген достығыңды, сүйіспеншілігіңді жүрегіңде өле-өлгенше сақта!

— Аяулы қарындасым Ақгүл, топырағың торқа болсын! Енді мәңгі тыныш ұйықта. Ал, ағайын, түсіріңдер табытын енді зиратына!

Өлім қашан да болса ауыр. Әсіресе өлікті үйінен шығарар кезі мен оны зиратқа түсіретін шағы. Бұл кездер кімге болса да өте-мөте қиын. Өлім үйінен енді мұнда қайта оралмас болып шығарылады, ал көрге енді қара жер бетін қайта баспас бон түсіріледі. Сондықтан да оның дүниемен мәңгі қоштасатын осы соңғы шақтары әрқашан да өзгеше қайғылы...

Алты жігіт, жасыл барқытқа оранған, үш жерінен ақ орамалмен байланған Ақгүлдің денесін қара жердің үңірейген суық құшағына бергелі, еппен түсіре бастады. Арман мен Жаннат өкіріп тағы табытқа ұмтылды. Бірақ өлгенмен бірге өлмек жоқ, жұрт оларды жібермеді, ұстап қалды.

Енді жұрт жапа тармағай күректі алып зиратқа топырақ тастауға кірісті. Көп кешікпей кешегі аспан аясында жарқылдап жүрген жарқын жүзді Ақгүл қара жер құшағына еніп мүлдем жоқ болды. Оның орнына үстіне бумақ-бумақ гүл-гүлдермен, аты жазылған доға гүлдерге көмілген екі метрдей томпашық жер қалды... Ажал деген міне осы. Оған не айтасың? Кімнің болса да пешенесіне жазылған осы екі метр жер...

Жұрт зираттан лек-лек машинамен Ерғазының үйіне Ақгүлмен қоштасу тағамына қайтты. Жаннат қанша өзін сорлы санағанмен енді жасын тыып, кісілерді қабылдау әрекетіне кірісе бастады.

Дәл осы сәтте ол Арманға көңіл айтуға келген әнеугі үш әйел-

ді көрді. Бәрі қара киінген. Ең алдындағы, деңсе! мен дене боп жабысқан қара тоқыма көйлекті, бетін аппақ етіп опалап алған Бибі кенет оған үйіне еніп келе жатқан ақ басты қара жылан сықылданып көрініп кетті. Өн бойы дірілдей түсіп, қолындағы шыныаяқтарды түсіріп ала жаздады. Сәл абыржи тұрып қалды да, қолындағыларын жанындағы бір әйелге бере салды да, көзі жалын атып, аяғын қатты-қатты басып Бибінің қасына жетіп келді.

— Көрінбеңіз көзіме! — деді ызалы.— Шық, бұл үйден, кикимора!

Үшінші тарау

Күнтуардың ғылыми-зерттеу институтының алғашқы есігін ашқанда, ғылымның төменгі сатыда екені әлі есінде.

Жас бала ойынға қандай әуестенсе, Күнтуар археологияға сондай құмар болды. Оған өзінен бұрын ешкім кездестірмеген бір көне мұра табу — жаңа дүние ашудан кем көрінбеді. Сөйтіп жүргенінде алпысқа келгенін білмей қалды. Өзі де қызық, басқа біреу болса, «мен бұл алпысқа жетемін, ағайын, қандай дайындық істейсіңдер, не әпересіңдер» дер еді? Ерғазы тәрізденіп мүшелі жасын өз басын дәріптеуге пайдаланар еді, ал Күнтуар болса, күнделік дәптерін кеше қарап отырып бір-екі күнде алпысқа келетінін бір-ақ білді. Той істей ме, әлде салтанатты мәжіліс өткізе ме? Жоқ, Күнтуар бұның бірін де істемейді. Тек өзінің ескі достарын үйіне шайға шақырып, ұзақ отырады. Өткендерін естеріне түсіреді, мүмкін бірен-саран жас кездерінде шыркаған өлеңдерін айтар. Әгтең, дүние-ай, тек Ақгүл жоқ. Күнтуардың бүгінгі қуанышын көре алмады... Қандай өкініш! Бірақ ері Ерғазы бар ғой?.. Жоқ, өзі сұранып келмесе, Күнтуар оны той кешіне арнап шақырмауы да мүмкін... Ал Дәнеш болса, жолдастарын ресторанға ма, әлде өз бөлмесіне жинай ма өзі білсін!

Алпыс жас! Бұл отыз жас емес қой, Күнтуар мұңая қалған. Бастан не өтпеді, не көрмеді! Қайғыға да, қуанышқа да сан кенелген. Бір өкініші, осы археологиялық ғылыми жолға түскен шағында болашағына сенімі мол еді. Профессорлық та, академиктік те — бәрі қолын созса, алақанына түсе қалатындай көрінетін. Әрине, ол кезде бұл жас еді. Жастың үміті де, бақыты да — бәрі алда. Бірақ Күнтуар өмірдің әр жылы өткен сайын, адам жүнжіп, жаны жасып атақ, бақ дегеннен көңілі өліп, жүрегі сөніп, алыстай береді екен, соны білді. Сөйтседе ол ең ақырғы зерттеулерін аяқтап кітаптарының соңғысын кеше ғылыми советке кандидаттық диссертация етіп жолдаған! Жоқ, Күнтуар алпыс жылдық мерекесін жаман қарсы алып отырған жоқ, ол үлкен еңбегін бітірді. Кандидаттықты бере ме, бермей ме, мәселе онда емес. Мәселе болашақ ұрпағы «Күнтуар деген біреу өтіпті, алпыс жыл өмірін босқа жіберіпті» демейді. Міне адамның шын құны қайда жатыр!

Әттең Күнтуардың бір өкініші бар. Ол өкініші Қайрақтыдан Қола дәуірінің соңғы кезі мен Темір дәуірінің алғашқы шағына жататын мұралардан жаңа ештеңе таба алмады. Шынымменен қазақ жерінде Қола дәуірінің алғашқы мезгілінде, не одан бұрынғы уақыттарында ешбір елдің тұрмағаны ма? Осы деректі ол орталық Қазақстан даласынан да іздеген, о жақтан да ештеңе кездестіре алмаған. «Сонда бұл қалай? Қазақ жері жаратылғаннан бері, мәдениеті бар ең алғашқы ел тек сақтар, кеммерейліктер ғана болғаны ма? Солар-ақ тұрған делік, сонда олардың мәдениеті қайдан келді? Көшпелі ел өзі көшіп-қонып жүріп, сондай ерекше, тек өздеріне ғана тән «тағы ақ стиліндегі» көркем-өнерді тудыра алды ма? Ол мүмкін бе?» Оның жауап таба алмай жүргені міне осы сұрақтар еді. Бұл сұрақтарға жауап бере алмағаны оған үлкен өкініш болып сезінетін. Рас, бұрын Есіл бойынан бір рет хазар мамонтының жілігін кездестірген. Ал өткен жылы осы Қайрақтыдан роман ішінің екі тісін қазып алған. Бұған қарағанда көне заманда Жаксарт жағасы орман-тоғайлы болғаны даусыз тәрізді. Әзірге Күнтуар бұдан артық ештеңе дей алмаған, егер бұл да ештеңе таба алмаса Қайрақты экспедициясын біржолата жаппақ болған.

Осындай ойдағы Күнтуар Ақгүл қайтыс болғаннан кейін тағы Қайрақтыға барып қайтқан. Бұл жолы да көңіл тоқтатарлық ештеңе кездеспеген. Тек екі метр тереңдіктен антропогэн кезеңінің тағы бұқасының сүйегі ұшыраған. Оны қазақ академиясы зоология институтының жаратылыс музейіне жіберуді тапсырған. Төрт жыл боска кеткен еңбек! Қанша қаражат шықты! Расымен ештеңе табылмаса, бұның бәрін Ерғазы, Пейілжандар бетіне салық ететінінен көңілі жүдеп кейіп қайтқан.

Күнтуар осы ойлардың тегеуірінде жүдеп отырғанында біреу есік қақты.

— Кіріңіз,— деді археолог.

Михайлов екен. Ол соңғы жылдары Қайрақты экспедициясының жер қазу жұмысын басқаратын. Үлкен ескі рюкзакты жас баладай алдына ала көтеріп үйге кіріп келді.

— Саламатсыз ба, Күнгуар Құдайбергенович,— деді ол рюкзагын жерге қойып.— Мінекейіңіз...

— Бұл не?

Михайлов рюкзактың аузын аша бастады.

— Сіз жүріп кеткен күннің ертеңіне,— деді ол,— біз тастан қалаған бір қабырғаға кездестік... Қазуға кірісіп едік, қабырға салтанатты сарайдың түйіскен жері тәрізді бұрыштала түсті... Сол арадан мыналарды таптық.— Ол енді рюкзактан мұрыны жоқ құмыра, тостаған тәрізді белгісіз заттан құйылған ыдыстарды ала бастады.

— Маған неге хабар бермедіңдер? — деді Күнтуар. Өзі кенет орнынан ұшып түрегеліп дереу заттардың қасына барды.

— Хабар берейік деп ойлап едік, сізді боска әуреленіп не қыла-

мыз, алдымен көңіл қоятын бірдемеге кездесейік дедік,— деді, сөйтті де Василий рюкзагынан енді төрт бұрышты, үсті айшық-ұйшық сызылған құстың, аңның суреттері бар көкшіл мәрмәр тастарды шығара бастады.— Мыналары жазулары ма, әлде біздің домино тәрізді ойын тастары ма білмеймін, әйтеуір өзі көп...

Күнтуар үңіле қарап тұрған қолындағы құмыраны тастай беріп, тастарға еңкейді. Міне біреуін, екеуін, үшеуін алды, қатар қойды, сосын біріне бірін тіркестіріп, басқа тастарды да солай етіп, Михайлов түсінбес, әлде қайдағы жоқ, тек өзіне ғана түсінікті тәртіпке салуға кірісті.

— Япырм-ай...— деді Күнтуар жерден түрегеліп, өзі тізген тастарға қарап. Бетінде зор қуаныш, көзі күлім-күлім етеді.— Сүйіншіне не берейін?

— Менің сүйіншім, сіздің қуанғаныңыз болсын!

— Көп рахмет сөзіңе! Бірақ мұндай табысқа сүйінші бермей болмайды! — Ол білегіндегі алтын сағатын шешіп алып, Михайловтың қолына ұстатты.— Өзің білесің бе, маған қандай қуаныш әкелгеніңді? Бұл тастар бізге жеткен өшкен дүние қуаныштары! Сенің табандылығың болмағанда менің қолыма бұлар тимес еді!

Қайрақтыға ақырғы барғанында, көңілі әбден қалуға айналған Күнтуар жұмыстың нәтижесіз екеніне сондай ренжіп, енді жер қазуды біржолата тоқтатыңдар деген. Бірақ Михайлов ең болмаса күзге дейін қаза тұрайық, қазір шарттасқан маусымымыз бітпей жұмысшыларды тарату қолайсыз» деп оған көнбеген.

— Мұндай тас о жерде әлі де бар,— деді Михайлов, сөйтті де, «сағатыңызды алмаймын» деген ишарат көрсетіп, оны Күнтуардың жазу столының үстіне апарып қойды.

— Егер менің ойлағанымдай бұл тастар сонау Қола дәуірінің алдыңғы шағын, не одан бұрынғы кезеңдердің белгісі болса, біз сактардан да бұрын бұл арада өткен мәдениетті ашамыз! Нә, ұлы табыстың күәсі боламыз! Жоқ, біз неге тұрмыз? Жүр, кеттік! Машинаң осы арада ма? Қазір жүреміз!..

Дәл осы уақытта телефон шылдыр ете қалды. Күнтуар телефон трубкасын алды.

— Сөйлеп тұрған Күнтуар Құдайбергенов,— деді қуанышын баса алмаған шабыттанған үнмен.— Ия, тыңдап тұрмын. Сәламатсыз ба? Түсінбедім,— деді ол сәл таңырқағандай үнмен,— қайтадан айтыңызшы!

— Сіздің дербес пенсионерлік куәлігіңіз келді,— деді аржақтағы биязы лебізді әйел даусы.— ертең салтанатты ғылыми кеңес шақырып, Ерғазы Мажунович өзі сізге құрметпен тапсырмақ еді,— бұл Ерғазының жаңадан алған әйел секретары еді. Қазақ жігіттерінің бірі қалжыңдап, оған Ерғазының Мәжнүн деген әкесінің атын Мәжүн десең жақсы болады деп үйретіп қойған. Соған салып әйел оны Мажунович деп тұр.— Сол үшін,— деді секретарь даусын еркелей созып.— Сізге ертең сағат он бірге келсін деді Ерғазы Мажунович.

Күнтуарды кенет ашу қысып, бойы дірілдеп кетті. Не дерге білмей.

— Қайдағы пенсия? Мен одан пенсия сұраппын ба? — деді.— Сонда менің орнына Қайрақтының жаңа табылған мұраларын кім зерттейді? Өзі зерттей ме?

Ештеңеге түсінбеген жас әйел, даусын бұрынғысынан да сәндете:

— Өзі зерттесе өзі зерттейтін шығар,— деді,— онысын маған айтқан жоқ. Маған бұйырғаны тек сіздің ертең сағат он бірде келуіңіз.

Күнтуар не дерін білмей, телефон трубкасын тастай салды. Жаңа ғана қуанып, көзінен жанар атып тұрған археолог, кенет картайып кеткендей, өңі өзгеріп бүкірейе барып креслоға отыра кетті.

Аз уақыт екі қолымен бетін жауып отырды да, сол қалпында:

— Мені Ерғазы пенсияға шығарыпты,— деді.— Ертең келіп куәлігіңді алып кет деп шақырып жатыр.

— Міне ақымақ,— деді Михайлов шын жүректен кенет ашулана қалып.

Жоқ, Ерғазы ақымақ емес еді. Ол жүрісін де, істеген жамандығын да білдірмейтін мысыққа ұқсайтын.

Мысықтың түпкі аты «мяу» және Египеттен тараған. Қазақ оны неге мысық деп атаған? Ешкімнің де есінде жоқ.

Ал мысықтың ең басты қасиеті—жауын ұзақ андып, күтпеген жерден бас салуы. Қасқыр, ит жемтігін құып, әбден шаршатып ұстайды. Ал мысық жауының соңынан жүгірмейді, қумайды, осы арадан көрінесің-ау деп бір орында отырып алып ұзақ күтеді. Аңдыған жемтігім несімнен біліп қалмасын деп ол үсті-басын жиі жалап, терісінің қонсығын да сездірмейді (мысықта тер иісі болмайды, оның әдетте шаршағанда, сасқанда тек табанынан ғана тер шығады. Табандағы иісін, әрине, жүргенде жер сорып алды). Қашан аңдыған жауы інінен, не тығылған жерінен көрінгенше қозғалмайды, тырп етпейді. Шыққан сәтінде бас салады. Бишара жемтігінің қашпақ түгіл, бұлқынуға да шамасы келмей қалады.

Ерғазы да дәл осылай Күнтуардың алпысқа толуын ұзақ күтті. Абройлы, адал жанды кісіден оңай құтыла алмайтынын ол жақсы білетін. Ал пенсия, «еңбегі сіңіп берілген демалыс» бұл занды нәрсе, оған Күнтуарда ештеңе дей алмайды.

Демек, іс жүзіне келгенде, Күнтуардың тағдырын оңай шеше алмады. Пенсияға қағаздарын дайындап жоғары жаққа жіберуге жүрексіне берді. Оның үстіне ол қағаз академик Вергинскийге сокпай кетпейтінін тағы біледі. Бұлардың көп істерін қарайтын сол кісі. Ал ол Күнтуардың ғылымға пайдалы адам екенін жақсы біледі, өзі отырғанда оны пенсияға жібертпейді. Тәуекел деп Күнтуарға дербес пенсия сұрамай, өз бетімен бұйрық беріп жай

пенсияға шығарып жіберуге тағы қорықты. «Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл» дегендей Күнтуар ондай осал жан емес, бір қағазбен ытқыта сала алмайсың. Ерғазы өзінің көнтерлі, тәсілді әдетіне сап, тағы күтпек болды. Сөйтіп жүргенінде, академик Вергинский алты айлық шет елге ғылыми командировкаға кетті. Вергинский кеткен күнінің ертеңіне, бұрыннан дайын жүрген қағаздарын алып оның орынбасарына барды.

— Өзіңіз білесіз Күнтуар Құдайбергенов менің жанашыр ескі досым,— деді ол,— дарынды адам, тек бар болғаны инженер ғана. Кейде экспедиция басқарғаны болмаса, басты қызметке іліккен жоқ. Ал қазір алпысқа келді. Жаным ашиды, көп жылдан бері бір институтта істеп жүргенін және бірнеше кітаптар жазғанын еске алып, дербес пенсия сұрасақ деп едім. Әрине, атқарған қызметіне қарағанда дербес пенсия сұрауға хақымыз жоқ, бірақ археологияға сіңірген көп жылғы еңбегімен де есептесу керек қой... Академик Вергинскийдің өзі қол қоятын еді, үлгіре алмай қалдым. Енді өзіңіздің қол қоюыңызды өтінем...

Ойланып қалған орынбасар:

— Академиктің өзі қол қойғаны дұрыс болар еді,— деді,— о кісінің абыройы үлкен ғой. Келуін күте тұрсақ қайтеді?

— Сіздің де абыройыңыз кем емес екені бәрімізге мәлім... Және Күнтуарды жұрттың бәрі біледі. Дербес пенсияны беріп қалулары мүмкін.

Орынбасар тағы ойланып қалды.

— Алпысқа келгенмен, о кісі әлі тың секілді ғой, пенсия сұрауымыз ерте емес пе?

— Ерте емес. Археология деген адамды жеп қоятын ғылым... Жаз бойы ыстықта, қыс суықта айдалада жер қопару оңай жұмыс емес... Және о кісінің құр сырты... Қасқыр қоңын бергенмен өңін бермейді дегендей,— Ерғазы күлді,— ал іші?.. Ауырмайтын жері жоқ...

— Сондай сырқат па? Өзімен сөйлестіңіз бе?

— Жоқ, әлі сөйлескем жоқ. Дербес пенсиясы келген соң сөйлесем...

— Жарайды, пенсияны сұрай берейік,— деді орынбасар қағазды қол қоюға өзіне қарай тартып,— жұмыс істегісі келе ме, келмей ме, өзі білсін...

Міне сондағы Ерғазы сұраған дербес пенсиясының Күнтуарға деген қуәлігі келген. Орынбасардың «Күнтуар жұмыс істегісі келе ме, келмей ме, өзі білсін» деген сөзі есіндегі Ерғазы одан «пенсияға барасың ба?» деп сұрауды қауіп көрді. Одан да салтанатты кеңес шақырып, қуәлігін жұрт көзінше бермек болды. Әрине мұндайда ұят-арлы, намысқор Күнтуар «пенсияға шықпаймын, қуәлігіңді алмаймын» дей алмайды, олай деуге жұрт көзінше қорланады. Ерғазының күткенінің өзі осы. Жұрт көзінше бұның бәрі зорлық емес. Күнтуарға құрмет көрсету үшін істелгендей. Әйтсе де ол әліде қауіптеніп, археологка арнай

әдейі алтындаған папка істетті, тарту-таралғысын дайындатты.

Бірақ Күнтуарды салтанатты кеңеске кеше шақыруын шақыртса да, бүгін Ерғазы «мына бір шаруа бітпей тұрып, осыны бекер істедім бе» деп екі ойлы еді.

Бұның себебі мынада болатын. Осыдан он бес күн бұрын академияның кезекті сайлауы жарияланған. Археологияға мүше-корреспонденттікке бір орын берілген. Бұрын Ерғазы осы сайлауларға бір рет түсіп, өтпей қалған. Мүше және мүше-корреспонденттіктерге басқа кісілер өткен. Ал бұл жолы берілген орынға Ерғазымен талас түсер ешкім жоқ секілді еді. Жұрттың бәрі сайланып болғандай. Егер таласса, былтыр докторлығын қорғаған Пейілжан ғана таласа алады. Егер о да өзін ұсындырса бір орынға екі талапкер, тағы дауыс бөлінеді. Мұндайда Ерғазы тағы өтпей қалуы мүмкін. Тіпті екеуіне де дауыс жетпеуі ғажап емес. Пейілжанның доктор болуына өзі ат салысқандықтан, бұл тұрғанда ол өзін ұсындыра қояр ма екен деп ойласа да Пейілжанның мінез-құлық жағынан өзіне ұқсас екенін ескє алып, одан қауіптенуде еді. «Бекер-ақ соған асыға қалған екенмін, ең болмаса сайлау өткенше докторлық қорғауын созе тұруым керек еді» деп іштей өкінген. Сөйтсе де «жол менікі ғой» деп Пейілжанмен сөйлеспек болған. Сөйлескенде анау бірден «аға тұрғанда, іші төр менікі демес, сіз тұрғанда мен өзімді ұсындырып жын ұрып кетті дейсіз бе, ұсындырмаймын. Алдымен сіз өтіңіз, соңынан маған да кезек келер» деген. Соңынан филиалдан бір дауыспен тек Ерғазы ғана ұсынылған. Пейілжан оны қостап сөйлеген. Сөйткен оқушысының, жанын риза еткен Пейілжанның, кеше өзін Әмірбектің арқасында бөтен жерден ұсындырғанын естіген. Бүгін жанының күйініп отырғаны да осыдан еді. Пейілжанмен тағы сөйлеспек еді. Мүмкін өзінің атын қайтып алар деп ойлаған. Бұған бәлендей сене қоймаса да, кешегі оқушысымен бір кездесіп әңгіменің бетін ашып алуды жөн тапқан. Ал Пейілжанның орнына бүгін ол, Күнтуарды пенсияға шығару үшін салтанатты мәжіліспен шұғылданбақ! Мұндай мәжілістің ашылуы мұң, ол біразға созылуы сөзсіз. Әрине, Күнтуарды пенсияға шығарып жатқанда, сөйлемейтін адам қалмайды. Біреу ескі серігі, басқа біреуі оның дарынына бас иген адам боп шыға келеді. Күнтуарды сылтау етіп көзге бір түсіп қалуға бұл жұрт өте құмар. Амал жоқ, шақырып қойған соң кеңесті өткізу керек, мүмкін тезірек бітіріп жіберер... Күнтуарды пенсияға шығару түгіл, сол академия сайлауы үшін кешегі қайтыс болған әйелі Ақгүлдің басына тас қою мәселесін де соңына қалдырған жоқ па еді? Енді бір кәрі инженердің жұмыстан кетуіне соншама қиналатын не бар?

Енді ол электр қоңырауының тетігін асыға басты. Үйге көгілдір көзі күлімдеп, қоңыр шашын картайған әйелдердікіндей бұйылдыр етіп бояп алған жас хатшы әйелі, томпиған жерлерін сәл қозғалта, аяғын былқ-сылқ басып үйге кірді.

Көзін төңкере ойнақшыта, еркелей:

— Мені жай шақырдыңыз ба? — деді.

Ерғазы бұл ойнақы жас әйелді хатшылық қызметке жақында алған. Әлі қызығы басылған жоқ еді. Ананың кербез пішініне еріксіз көз аударды.

— Кеше Құдайбергеновке телефон соқтыңыз ба? — деді ернінде пайда болған күлімсіреген пішінін жоймақ болып көзін аударып.

— Әрине ғой.

— Не айтты? Келем деді ме?

— Жауабын бүгін берді. Бағана телефон соққан. Сіз өзіңіз шақырсын деп айтуға асықпап едім...

— Не дейді?

— Мәжілісін өзі өткізе берсін,— дейді.— Әйел қол дәптеріне қарады,— Эйнштейн деген біреудің сөзін келтірді. «Алпыс — отыз жас емес, әр сағаты қымбат» деді...— Әйел тағы Ерғазыға наздана еркелей қарады.— Мен оған: «Алпысқа келген адамның бәрі бірдей емес» дедім...

— Сосын?

— Сосын ол: «Қысқасы мен кеңеске келе алмаймын. Кайрақтыға жүріп бара жатырмын»,— деді. Онда ғажайып тастар табылыпты...

— Сосын не айтты?

— Сосын ба? Сосын не айтты? Ә, «мен сол тастардың зерттеуін бітірмей қайтпаймын»,— деді. Оған дейін пенсия беруді асықпасын, ал асығады екен бұйрығын жаза берсін деді.

Ерғазы «Уф!» деп демін алды. Дегенмен қазіргі жағдайда Күнтуарды пенсияға шығармай тұра тұруды ол жөн көрді.

— Сіз шаршап қалыпсыз ғой. Мен сонша ұзақ сөйледім бе? — деді хатшы әйел тағы көзін күлімдете.

— Жоқ, мен оның бүгін кеңеске келмейтініне қуанып отырмын...

— Соған ғана ма?

— Жоқ, басқасы да бар...

— Айтыңызшы, егер құпия болмаса?

— Сені көргеніме.

Әйелдің көзі сәулеленіп кетті.

— Қойыңызшы!

— Бүгін жұмыстан кейін кетіп қалма.

— Неге?

— Білмейсің бе?

— Білемін. Тек әнеугідей болмасын. Жұрт әбден тарасын... Әйеліңіздің әлі қырқын берген жоқсыз ғой көзге түсіп қалсақ...

— Көзге түспеу жағын ойлау керек.

— Жарайды.

Әйел өн бойын ойната үйден шыға берді. Оның тұ сыртынан қарап қалған Ерғазы нағыз тышқан ұстаған мысықтай көзі жасаурап, аузынан сілекейі ағып кетті. «Шіркін өмір қандай рахат-

сыц! Қадырыңды біз білмейміз. Қызмет дейміз, ғылым дейміз, өлім дейміз, соның бәрі... әлгідей әйелдің бір жымиған күлкісіне тұрмайды ғой!»

Хатшы әйел қайта кірді.

— Сіздің қабылдауыңызды сұрайды,— деді өмір бойы еркелей сөйлеуге ант еткендей тағы қылымси.

— Кім?

— Сіздің әлгі досыңыз... Кепкен шортан секілді сопайған доктор бар ғой...

— Ә, Пейілжан ба?

— Иә, иә.

— Кірсін.

Өзі галстугін жөндеп орнынан тұра берді.

Махаббат тек екі жастың бірін-бірі өлердей жақсы көруі ғана емес, ол ең алдыменен сол жастардың мөлдір таза адалдығы. Қиындық, қилы кезеңдерде де бұзылмайтын достығы, берік одағы.

Ал екі жастың бірі сүйіп, бірі сүймесе, сүйген жанның мәңгілік азабы, жарық күнінді қара түнге айналдыратын таусылмас қайғысы. Демек, махаббат адам жүрегін құлындай ойнатар қызығы, көңілін гүлдей құлпыртар көктемі, дарының құстай еркін серпінте түсер көк аспаны. Онсыз адам — жер, онсыз адам — кісендеулі құл. Жүрек қуанышысыз ешкім де өмір сүре алмайды, құр тіршілік етеді. Ал шын сезім тіпті өзінің қайғысымен де ғашықты алыс қияларға шақырады, көкірегін шоқ-шоқ отымен күйдірсе де, қиялына қанат беріп, қол жетпес армандарына сілтейді. Тамараны сүйген Шота Руставели тәрізді, қайғысын дарын шабытымен ұмыттырады, күніренген көңілін көрге айналдырмай, өшпес тілегінің мәңгі гимні етеді. Міне осыдан барып «Жолбарыс терісін жамылған батыр», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» тәрізді өлмес ұлы дастандар туады. Осындай күшпен қанаттанған жазушы Дәниел де өзінің көңіл мұңы «Сактар хикаясын» жазды.

Пейілжанның «жабық пікірін» оқығаннан кейін де тағы көп уақыт өткен. Дәниел әкесінің тілін алған. Кітабын қайта қарап, жөндеумен болған. Ақырында баспаға қайта апарған. Кітапты оқып шығып басу керек деген белгілі сыншы оған:

— Романың өте жақсы, мені кәдімгідей толқытты. Басылуға тиіс,— деді.— Тек әттең, сенің бүгінгі жастар махаббатын жазбағаның өкініштi.

— Оның қандай өкініші бар? Ол күнде де адам дәл бүгінгідей таза, адал сүйе алған. Меніңше дүниенің бәрі өзгергенмен сол күнгіден тек адамның бірін-бірі жақсы көруі ғана өзгерген жоқ. Ғашық болған жастың жүрегі бүгін де сол күнгідей күйеді, сол күнгідей шабыттанады.

— Иә, махаббат өзгерген жоқ. Ол сол күнгідей адамды қуанышқа, бақытқа шақыруда. Бірақ адам өзгерген. Оның идеалы

өзгерген. Қазір Баянынан айырылған Қозы Көрпештей өзін-өзі сүйгені үшін құрбан етуге баратын бір жігіт бар ма?

— Бар. Бірақ әңгіме бөтенде. Қазір Баян сұлу мен Қозы Көрпештің арасында тұрғандай замана тұңғиығы жоқ. Қазіргі екі жастың одағы еркіндік одағы...

— Сонда онда идеал болмауы керек пе?

— Қандай идеал? Идеал бірін-бірі таза, адал сүю... Жоқ, бірін-бірі мәңгі сүю.

— Міне, міне,— деді сыншы.— Сенің Спатраң мәңгі сүйе біледі, ал қазіргі қай қыз сақ әйеліндей, жігітін ұзақ күте алады? Әлде оны шын жақсы көрмеп пе еді? Жоқ, жақсы көрген. Сонда себеп неде? Бұл опасыздық жаңағы өзің айтқан еркіндіктен туған опасыздық па? Әлде жанының уақтығы ма?

Дәниел ойланып қалды. «Иә, Жаннат мұны неге тастап кетті? Шын себебі тек Арманның сол минутта дегеніне көніп, өзін-өзі ұстай алмай қалғандығынан ба? Әлде сол сәтте Дәниелдің жанында болмағандығы ма, оны қорғамағандығы ма? Солай делік, сонда қалай болғаны?.. Егер Жаннаттың басына бұдан да қиын жағдай туа қалса, мына дәлелдерге қарағанда, бәрібір тастап кетуге тиісті секілді ғой? Бұл неліктен? Мені шын сүймегендігінен бе? Әлде адал сезімін ешуақытта, ешбір жағдайда сатпайтын идеалы болмағандығынан ба? Расымен сыншының сөзі дұрыс па?»

Дәниел кенет басына келген ойға таң қалды. «Жоқ, жоқ, Жаннаттың мінезін біледі, ол шын сүйсе әлдеқалай селт еткен жағдайға құл болып опасыздық істемейді. Мәселе бөтенде: ол кішкентайынан маған үйренген, сүйдік деп өзін-өзі алдап келген. Бір кезде «ғашықпын» деп ойнаған сезімін шынға жорып жүрген. Оған өзі де сенген. Бірақ шын ләззат келіп еді, жалған ләззат былай қалды, бірден Арманға ауып түсті. Әрине, оған Арманды сүйме, мені сүй дей алмайсың. Біреудің жүрегі түгіл, өз жүрегіңе бұйрық бере алмайсың. Сол бұйрық бере алмағаныңнан емес пе. Жаннаттың сені шын сүймегенін біле тұрып, ұмыта алмай жүргенің! Ал сонда Жаннат менің сезіміммен неге ойнады, неге менің жүрегімді отқа салды? Бұл да сол жан тілегін бағалай білмегендіктен бе? Оның ең қымбат, ең баға жетпес, ештеңеге айырбастамайтын идеалы сте алмағандығынан ба? Солай тәрізді, сыншының айтқаны жөнге ұсайды. Менің замандастарым өз қуаныштарын шын бағалауды әлі үйренбеген секілді. Өйткені оларға қуаныш қиынға түспейді, бөгет жоқ, бәріне жол ашық, бостандық. Бүгін мені сүй, ертең Арманды. Сондықтан да бір кезде жана қосылған екі жастың некесін бұзуы қылмыс болса, қазір үйленгендеріне жыл өтпей екінің бірі айырылысып жатқан жоқ па? Расымен қазіргі жастар біріне-бірі опалы болуды идеал санаудан қалғаны ма? Жоқ, жоқ, ол мүмкін емес. Шын махаббат бар да, махаббатпен ойнау бар. Шын жақсы көру — өмір бақи сәулесін, сұлулығын жоғалтпайтын гауһар тас. Кімде-кім

шын сүйсе, өз сезімін қадірлейді, өйткені оның ләззаты ыстық жүректен туған. Ал жүректі ауыстыра алмайсың. Сонда қалай, шын сүю тек көне заманда ғана болғаны ма? Жоқ, оларда да опасыздық аз кездеспеген. Бірақ өткен күннен бізге тек ғашықтықты идеал еткен мұралары ғана қалған.

— Махаббат еш уақытта да өзінің ұлы қасиетін жоғалтқан емес,— деді Дәнекел.— Тек біз оны жырлай білмейміз. Өткен замандар Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың, Ләйлі мен Мәжнүннің, Қыз Жібек пен Төлегеннің бірін-бірі жақсы көргенін бізге заманының арманы етіп қалдырып кетсе, біз сондай арман болардық өз замандастарымыздың үлкен сезімдері жайында туындылар жаза алмай жүрміз.

— Міне, міне! — деді сыншы тағы,— менің сөзімді сен жаңа қостадың. Ләззат атты қуанышында қазір өзіңнің қандай идеалың бар, соны жаз. Әрине, маған сақтар заманы жастарының сүю, күюлері де қызықты. Бірақ, өз замандастарымның жүрегінің қалай соғатынын, қандай идеалдары бар екенін білгім келеді.

Сол күннен бастап Дәнекел тағы ойға қалды. Ол өзінің Жаннатқа деген сезімі жайында туынды жазбақ болды. Шынында да, тіпті сыншы ақыл бермеген күнде де Дәнекел, әрине, ондай шығарманы жазбай қоймайтын еді. Жаннатқа деген жүрегі еріксіз жазғызатын еді. «Жазбай тұра алмайтын кітабынды жаз» деген қағидаға ол әркашанан-ақ құл болатын. Ал Жаннатқа деген жүрегі, өзін көрмей, тек атын естісе де күні бүгінге дейін соға жөнеледі. Бұл өз заманының ғашықтық хикаясы емес пе? Әрине. Рас, Жаннат бұны тастап кетті, бірақ Дәнекел «онсыз маған өмір жоқ» деп жардан құлап, не суға батып өлген жоқ. Опасыздықтың төлемі тек өлім ғана ма? Өмір де бар емес пе? Сол өмір үшін, өмірден де қымбат поэзиясы үшін Шота Руставели Тамара патша әйел мені сүймеді деп өлген жоқ қой. Ол сол армандының ұлы төлемі етіп «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанын қалдырған жоқ па? Тамараға да, өзіне де, оған деген мөлдір сезіміне де солай өлмес өмір берді емес пе?

Дәнекел де осындай арман үшін өмір сүреді. Жаннат бұған жоқ болғанмен, оған деген махаббаты өзімен бірге ғой, соны өлмейтін етеді. Сол еңбегі Жаннатқа арналған мәңгі сынбас құлпытасы болады.

Демек, өмірдің аты өмір, ол тек қайғыдан ғана жаралмайды, оның қуанышы мен қызығы да бар. Қысынан кейін жазы келеді. Дәнекелдің жолдастары: «сен немене, дүниеде тек бір ғана жанаргүл бар деп ойлайсың ба, жоқ, Дәнекел, сен қызғар меруерт гүл, лала, қызғалдақ, сарғалдақтар көп, таңда да біреуін ал» деп оны осы кезде аты шығып жүрген әнші қызбен таныстырған. Қыз әсем еді, әні өзінен де әсем болатын.

— Қыз қандай екен? — деді соңынан жолдастары.

— Тамаша! — деді қыздың концертінде болған Дәнекел.

— Үйленесің бе? — деді жолдастары.

— Кімге? Әнімге ме, өзіме ме? Сөз жоқ, ғажап әнші,— деді Дәниел.— Бірақ әнін сүйгенмен, өзін сүйе аласың ба?

Ал балеттің жаңа шыққан «жұлдызы» Дәниелді өзі іздеп тапты. Қыз өткір және кімді болса да өзінің дегеніне көндіре алатын қылықты еді. Бір-екі рет кездескеннен кейін, ол Дәниелден тікесінен сұрады.

— Ұнаймын ба, мен саған? — деді.

— Ұнайсың... Бірақ сенен гөрі маған Жаннат ұнайды,— деді Дәниел.

— Подумаешь, тоже мне Эрнест Хэмингуэй!—деп қыз күліп жіберді де, өз жайына кетті.

Ұзақ күндер өтіп жатты, ұзақ күндердей романның да ұзақ беттері созыла берді. Дәниелге осы беттегі жазылған сөздері әнші қыздан да, балеттің жаңа шыққан «жұлдызынан да» қызық көрінді. Дәниел енді бар уақытын сол беттерге арнады. Оның көңілін енді тек әкесінен келген хаттар ғана бөле алды. Әке хаттары оған әрқашан да өзіне ой салар, ақылды бір сүйеніш көрінетін. Соңғы хатында әкесі былай деп жазыпты: «Қазір археологиялық көп мұралардың ішінде отырмын. Бұлар мен ойлаған кезеңге жата ма, жатпай ма, әзірге білмеймін. Бірақ бұл мұралардың сактардікінен көрі өзге мәдениетке бейім екеніне күмәнім жоқ. Әттең не керек осы бір жұмбақ тастар менің жас кезімде кездеспеді. Ал қазір бұлардың сырын ашуға уақытым жете ме, жетпей ме, сенімім аз. Оның үстіне әлдекімдер менің жақсы көрген жұмысымды істеткілері келмей, пенсиясын да дайындап жатыр. Бірақ олар қателеседі. Мен пенсияға шықсам да жаным сүйген жұмысымды тастамаймын. Мүмкін бұл жаңа мұралардың сырын аша алмасам да, солардың араларында жүріп жан берем. Тек қасымда өзің болсаң маған соның өзі үлкен қуаныш!» деген.

Әкесінің хаты бір жағынан жаның сүйген ісіне сондай табанды болудың керектігін ұғындырып, өзіне қанат берсе, екінші жағынан осындай адамды жақсы көрген жұмысынан айырмақ болған әлдекімдердің қылығы Дәниелдің жанына катты батқан. Бойын ашу кернеп, әке үшін күреске өзі шықпақ болды. Жоғарғы жаққа хат жазып әкесіне араша түсуге бел буды.

Міне осындай халде жүргенінде, жоқ жерден бұған Пейілжан кездесіп қалды.

Екеуі амандасып, хал-жайларын сұрасып біткеннен кейін Пейілжан араларында ештеңе болмағандай:

— Кітабың шығайын деп жатыр екен, құтты болсын,— деді — қарап көріп ем мен айтқан тарихи жерлерін жөндемеген екенсің. Жөндемесең жөндемей-ақ қой, олардың бәлендей маңыздары да жоқ еді...

— Маңыздары жоқ болса неге жаздың?

— Саған ой салайын деп. Оның үстіне осындағы бір үлкен кісінің ақылы да себеп болды.

— Ол үлкен кісің кім?.. Өз басың қайда еді?..

— Өз басым орнында тұрған.— Пейілжан күлді.— Тек әлгі кісі мойынымды бұрақырап басымды сәл қисайтып жіберді.

— Біреудің бұрауына оп-оңай көне қалған мойыныңа да болайын!

— Қайтесің солай жаралған соң...

Дәниел Пейілжанның сөзіне таң қалды. «Бұл неге бүй деп тұр. Қайда апарып соқпақ? Мен білетін Пейілжан болса, біреуге оңай мұндай сырын айтпаса керек-ті».

— Ол адамды өзің де білесің,— деді Пейілжан қайта сөйлеп,— әкеңнің қасы.

— Менің әкемнің қасы жоқ. Ол ешкімге зиян істеп көрген емес.

— Адам тек зиян істеген кісісіне ғана қас бола ма? Бөтен біреуге қастасу көбіне көңіл тарлығымен байланысты. Білмесең айтайын, ол адам Ерғазы, әкеңді пенсияға шығарып та отырған сол...

— Пенсияға шығару — Ерғазының әкеме қарсылығын көрсетпейді.

— Сонда не көрсетеді?

— Мысалы әлдекімнің айтуымен біреудің адал еңбегіне жала жабуды...

Пейілжан тағы күлді.

— Әлі ашуың тарқаған жоқ екен. Кітабың шыққан соң бәрін де кешіресің!

— Әрине. Қастыққа қастық істеуді ойласаң, жұртқа жақсылық істеуге орын қала ма?

— Дұрыс айтасың. Мен де сенің әкеңе үлкен жақсылық істедім.

— Қандай жақсылық?

— Алдымыздағы сайлауға корреспондент-мүшелікке Ерғазы ұсынылған. Ол өтпесін деп мен де өзімді ұсындырдым. Өтпеген күнімде де, дауыс бөлінеді. Ерғазы да өтпейді.

— Ерғазы өтсе менің әкемнің шаңырағы құлап жерге түседі деп ойлайсың ба?

— Сенің ойыңша солай ғой, бірақ әкең олай ойламайды.

— Оны сен қайдан білесің? Солай болған күнде де, сенің жаның менің әкеме неге аши қалды?

— Әлде мені де әкеңе қас деп ойлайсың ба?

— Айтып тұрғаның достың сөзі емес.

— Солай-ақ делік. Егер әкеңнің қасына, қастық істеп тұрсам, мен сонда оның кімі боламын?

— Бәрібір оңбаған адам боласың!

— Жарайды, соңынан ұғысармыз, әңгіменің бұл жағын қоя тұрайық. Қысқасы, мен Ерекеңмен жақында кездестім, маған:

«өзіңнің қағаздарыңды академиядан қайтып ал» деді, мен көнбедім, екеуміз қатты сөзге бардық...

Дәниел Пейілжанның ойына әлі түсінбей тұр. «Япырмау, бұл осыншама сырын маған неге айтады? Бұның аржағында не бар? Бір арам ойы болмаса, мұндай адамдар құпияларын ашпаса керек еді...»

— Мен Ерғазының қандай жаман адам екенін енді білдім, егер сенің әкеңе ана бір мақаламен қиянат істеген болсам, кешірсің,— деді Пейілжан өкінгендей пішін көрсетіп,— оның есесіне Ерекеңе айтарымды айтып, Күнекеңнің алдында арымды тазалап алдым. Бірақ әкең қапы қалмасын, Ерекеңнің өтіп кететін түрі бар. Осында сөзін қоштайтын үш-төрт абыройлы кісіге академия президиумына өзін мақтатып хат жаздырыпты.

Пейілжанның түпкі ойына әлі түсінбей тұрған Дәниел:

— Сонда қапы қалмасын дегенің не? Ол үшін менің әкем не істеуі керек?— деді.

— Хат жаза ма, өзі біледі ғой. Тек көзім жетері, бүкіл елімізге әйгілі карт инженердің сөзін ешкім жерге тастамайды.

Пейілжанның ойын Дәниел енді ұқты. Ол қысылып кенет терлеп кетті. Осынау жексұрын сөзді Пейілжан емес, өзі айтып тұрғандай ұялып, басын жерден көтере алмады. Сасқанынан не дерге білмей:

— Япырм-ай, япырм-ай, адам деген мұндай да сұмдыққа барады екен ғой,— деп берді...

Төртінші тарау

Шешесінің қайтыс болуы, осы уақытқа дейін өмір деген не, сол өмірден мен орнымды дұрыс таптым ба деп ойлап көрмеген Арманның бір сәт бүкіл жан дүниесін төнкеріп тастады. Анасының қалай өлгенінен бастап, соған дейінгі өзінің әр қадамын көз алдынан өткізіп, сонау есеп-қисапсыз боска жіберген жылдарынан енді өзі жеркенді. «Япырм-ау, қаншама жасымды боска кетіріппін, қалай осы уақытқа дейін түсер-өсер жолымды да ойламай келіппін, енді міне қандай күйге ұшырап отырмын!»

Арман қатты ойланған тәрізді. Тек, тәңір иігілігін берсін! Жасынан өмір аясында алтын айдарлы, жібек шашты боп, дегенін істеп еркін өскен ойсыз жас, бірден жөнделіп кете ала ма, кете алмай ма, бір құдайдың өзі біледі. Жалғыз-ақ бізден бар тілек: тез жөнделгей де!

Рас, өйтіп-бүйтіп онжылдықты бітірді. Иә, оқуына ойыны мен жалқаулығы қырсығын тигізіп келді. Бірақ ол күндері бұл карта, арақ дегендерді білмейтін, анда-санда серіктерімен бас қосып, біреуінің туған күні кеші өткізгенде де мас болып ләйлігеп емес. Жаңа өспірім шағы ғой, қыз дегенге де бөлендей әуестеніп көрген жоқ. Мүмкін жасөспірім тұсында бұған Жаннат, Бибі секілді қырмызы қыздар кездеспегендіктен бе, әйтеуір бұ-

гінгідей махаббат деп азапқа, машақатқа шалдықпаған алғырт ұлан еді. Сондықтан да оңжылдықты бітіре алды ғой. Демек, класында қалып қоя жаздаған кездері де аз болған жоқ, бірақ мұндайда әке-шешесі араша түсті, мұғалімдермен сөйлесті, ақыры Арман кластан класқа өтіп отырды. Сол әке-шеше, «біздің заманымызда институтқа кіру үшін баласының орнына емтиханды ата-анасы беруге мәжбүр» деген қағидаға бас иген. Олар бар абырой, таныстықтарын салып бұны жоғарғы дәрежелі мектепке де түсірді. Тіпті студент кездерінде де бірер емтиханды бере алмай қалса, бәз-баяғы әке-шеше тағы «емтихандарды өздері берді». Әйтеуір өлдім-талдым дегенде университетті бітіріп шықты. Бірақ тағы сол жанаямас ата-ананың арқасында Арман ауылдық жерге кетпей, жасыл ағашты, күміс сулы, қарлы таулы, Алматыға орналасты. Әкесінің досы Күнтуардың экспедициясына кірді. Сонымен қатар, бұрын тіпті-қашып жүрсе, енді қыз, қымыз, арақ, шарап, картаға шындап әуестене бастады. Содан барып, бұның бұзылып кетуінен қорыққан әке, шешесі де жалғыз балаларының тезірек үйленуін тіледі. Міне осы кезде Жаннат кездесті. Үйлендім деп бірақ бұл тоқтады ма? Жоқ, ресторанға, картаға әуестеніп алған ыстығы басылмаған жас көңіл тоқтау білмеді... Тыстан шығып бара жатқанын кейде өгей әкесі мен келіншегі сезіп, қабақ түйер болса, жалғызына тағы анасы араша түсті. «Жас қой, әлі-ақ сабасына түседі. Бір жолға кешіріңдер» деді. Ақырында, ананың сол «кешіруі» неге апарып соқты? Өзімшіл, тек өзінің ғана өмірінің шаттықта, ойын-күлкіде өтуін тілеген жалғыз баласы ақырында анасының ажалына себепкер болды. Бұдан артық анаға істер жамандық жоқ-ау, жалғыз ана ғана емес, өзіңе де әкелер бұдан асқан опасыздық болар ма?

Диван үстінде серейіп жатқан Арман тағы аунап түсті. «Жоқ, жоқ, енді бұлай өмір сүруге болмайды. Істегенінің бәрін кешіретін енді ана жоқ. Рас, әлі де болса бұның адам болуы үшін күресетін Жаннаты бар». Жаннат есіне түсіп еді, оның ар жағынан қырдың қызыл түлкісіндей бұландаған Бибі көз алдына тұра қалды. Маңдайынан тер бұрк етті. «Жоқ, жоқ, ойнадық-күлдік жетеді, менің Жаннатым бар, екі балам тағы тұр...» Кенет шешесінің ақырғы сөзі құлағына келді. «Иә, иә, бишара анам дұрыс айтты, расында мен оларды қалай қиям? Жоқ, жоқ, қия алмаймын!»

Үйленді деген аты болмаса, Арман ең уақытта семьям бар, солар үшін еңбек істеуім керек дегенді білген емес. Олардың керек-жарағы да, мұң-мұқтажы да — бәрі әкесі мен шешесінің мойнында болатын. Оның үстіне Жаннаттың өзі де «бізге бірдеме тауып бер» деп бұны қинап көрген жоқ. Келіншегінің табысы да бір семьяны асырауға жететін. Сол себептен де «үй ішім бар-ау, екі баланың қамын ойлауым керек-ау» дегендер бұның өні түгіл түсіне де кіріп көрмеген. Тек гүлден-гүлге қо-

нақтаған көбелектей, ұшып-қонып жүрген бір жан еді. Ал бүгін семьясы, екі баласы, әйелі бар екенін кенет есіне алды. Есіне алып еді, не істерін білмей абыржи түсті. Алдағы уақытта қалай күн көріп, семьяны бағып-қағып, қалай адам болу керек екенін ойлап еді, көз алдына осындай жағдайларды жыр еткен өзінің көрген фильмдеріндегі дақпыл жолдар елестей берді. Бұл фильмдер жалғыз ғана ақыл айтатын: «Егер адам болғың келсе еңбек істе. Сенің қорғаның тек — Еңбек! Еңбек!»— дейтін. Арман да осы еңбекке жабыспақ болды. Бірақ ол ес білгелі жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп үйренгендіктен, бұл еңбектің дағдыланбаған адамға қаншалық ауырға түсетінін, еңбек аркылы адам болып шығу үшін ең алдымен сол еңбекті сүйе білу керек екенін есіне алмады. Сөйтсе де «өмірімді жанадан бастаймын» деп шешкен Арманға дәл қазір осы еңбек оны дозақтан аман-есен өткізетін көпір көрінді. Оттең Арман еңбекті сүйіп үйренбеген адамға — еңбек көпір емес, қыл көпір екенін білмеді. Бұл көпірден жаңып жатқан дозаққа құламай өту үшін талай сын, күрес, талас, өзіңді өзің қиындыққа көндіре білу керек екенін байқамады.

Арман талай мекемеге жұмысқа кірген, бірақ біреуінде де тұрақтай алмаған. Шешесі өлер кезде мәрмәр тастарынан ескерткіш істейтін заводта қатардағы жұмысшы еді. Ақгүлдің жетісін өткізгеннен кейін ол жұмысына келді.

Цех шебері Ақметқали оған:

— Нә, жігітім, ажал деген сондай, ойламаған жерден келеді, ойламаған жерден әкетеді,— деді, асықпай май-май болған қолын кендір борпысымен сүртіп жатып.— Қайғырасың, жылайсың, бірақ қолыңнан ештеңе келмейді... Амал жоқ, өлімді мойындау керек, сөйте тұрып оның қайғысын жеңуге тырысу абзал,— мастер Арманның бетіне сынай қарады, оның өте қайғылы екенін ұғып аяп кетті.— Түсініп тұрмын, сендей мәпелеп өсірген жалғыз балаға анасының қайғысын жеңу өте қиын, бірақ амал жоқ жеңбей болмайды. Ана сорлы сенің талай тентектігінді кешіре білді ғой... Қиянқылық, еркелігінді көтере алды... Кім біледі, о да ойлаған болар: «мен оның талай тентектігін көтеріп едім, енді менің мына бір өлім деген жалғыз тентектігімді көтеріп көрсін» деген де шығар. Сен енді оны ренжітпе, адам болуға тырыс, ең болмаса зиратында тыныш ұйықтасын!..

Шебердің сөзі өкпесінен өтіп кетті. «Иә, мен оны талай қайғыға салып едім, бишара соның бәріне шыдап еді. Қайғы деген не екен, көрсін деген болар... Беу, сорлым-ау, сенің тірінде мен өліміннің бұндай ауыр боларын біліп пе едім?!»

— Жарайды, жұмысына кіріс,— деді Ақметқали.— Беріліп жұмыс істеген адам кейде қасіретін де ұмытады...

Бұдан кейін Арман ешкіммен де сөйлескен жоқ. Түске дейін тас тасыды. Ал түстегі жарты сағат тыныстамасын, жалғыз өзі корада үн-түнсіз отырып өткізді. «Жүр, асханаға барайық» де-

ген жолдастарына да ермеді. Дем алып болғаннан соң ол сыртта жатқан бір үлкен тасты қашауға кірісті. Бірақ жұмысы өнбей қойды. Анасын ұмытайын деп, тасты қанша ұрғыласа да, мыжғыласа да, көз алдынан оның ақжарқын жүзі бір кетпей-ақ қойды.

Осылай селсоқ боп жұмысында оншақты күн жүрді.

Ақметқали әнеукүнгіден кейін қайтып сөйлеспеген. Тек Арманның қасына кеп, қашап жатқан қара мәрмәр тасына қарап, тұрып-тұрып кетіп қалады. Сонау адам бойы қара мәрмәр тастан Арман не істемек? Алғашқы кезде оған да белгісіз еді. Әрине, бұл қашап жатқаны завод жоспарына жататын жұмыс емес. Мастер бір ретте «сен не істеп жатырсың, өзіңнің міндетті ісіңе кіріс» демекші де болды. Сосын Арманның қандай жігіт екенін және қандай күйде жүргенін есіне алды да «мейлі, не істесе соны істесін, тек қайғыдан арақ ішіп бүлініп кетпесе екен» деп оның жұмысына бөгет болмаған. Ақметқали Арманның жанына бүгін тағы келді. Ол үн-түнсіз қашалып жатқан тасқа қарап адам бейнесі екенін ұқты. «Сірә, анасының мүсіні болар» деді. Бұл заводтта тек үйлерді өрнектейтін, ескерткіш-мұралардың астарына қойылатын, солар тәрізді вокзал, аэропорт залдарын, салтанат сарайларын әшекейлейтін мәрмәрден тас тақта заттары жасалады. Сөйтсе де, Ақметқали Арманға «сен міндетті шаруаңды — завод жоспарына жататын жұмысыңды істемедің» демеді. Тіпті он бес күн өтіп, жалақыға наряд жабатын мезгіл келгенде де, бригаданың жоспардан артық орындаған жұмысын Арманға жазды. Оның бар ойы, Арман тағы жұмысқа салқын қарап кетпесе екен еді.

Тасты алғашқы қашап жүрген кезінде Арман бұл жұмысты тек күнін өткізу үшін істеп жүргендей көрінген. Үн-түнсіз қара тасқа көк құрыш қашауды салып сом балғамен ұрады да отырады. Бірте-бірте төрт бұрышты оба тас адам бейнесіне ауа бастағаннан бері Арманның көзінде бұрынғы қайғы тұманының орнына бір ой-сәуле көріне бастады. Қимылы да бұрынғыдай селсоқ емес, шырай түсті. Бұрын заводта жүрт қатарлы жеті сағат жұмыс істеп, уақытында қайтып жүрсе, енді кейде он сағат, кейде он екі сағат кідіретін болды. Бағзы бір күндері үйіне қайтпай, цехта қонып қалуды шығарды. Сондағы айналдыратыны баяғы бір мәрмәр мүсін. Арманның бөлмесі, бұрынғыдай емес, енді ашық, тесік жатпайды, өзі бір жаққа шыға қалса есігін құлыптап, терезесінің пердесін ішінен жауып кетеді. Бұл не істеп жатыр, ешкім білген емес. Бұрын күнде келіп жүретін Ақметқали да соңғы кезде қатыспай қойды. Салқын тиіп ауырып қалған. Ал жұмысының есебін алатын табелщик қыздар келсе, оларды Арман бөлмесіне кіргізбеді. «Менің не істеп жатқанымды цех шебері біледі, нарядты қалай жабуды содан сұра. Ал жапқыларың келмесе, бос қойыңдар, маған бәрі бір, тек жұмысыма бөгет болмандар» деп мазасын ала берсе оларды кейде қуып

шығады. Жалпы, адам мүсінін қашап жатқанын білетін өзге бригада мүшелері «Жігіт өзінің жақсы көретін ісін тапқан екен, уақытын алмайық» деп ананы-мынаны сұрап кедергі етпейді. Олармен Арман тек асханада ғана кездеседі. Балға не қашау тиіп, қолдары жара-жара боп, өзі де әбден жүдеп кетті. Бірақ бұрынғыдай емес, жүріс-тұрысында, қараған көз қарасында кеңет өн бойына пайда болған бір күштің, қуаттың қарқыны байқалады.

Төсекте сырқаттанып оншақты күн жатқан Ақметқали тәуір болысыменен бірден Арманның бөлмесіне келді. Бейнеленіп қалған тас мүсінге қарап таң қалды. Әсіресе мүсіннің бетінен көзін алмай ұзақ тұрды.

— Япыр-май... Япыр-май...— деді ол әлден уақытта.— Қандай керемет!..

— Бұл менің анама арнаған ескерткішім.— Арманның бұл көп күннен бері біреуге алғашқы айтқан мағнасы бар сөзі еді.

— Анама арнаған дейсің бе? Иә, нә, Ақгүл марқұмға ұқсайтын секілді... Бірақ...

— Тақа ұқсамайды дейсіз гой! Мүмкін. Әрине мүсін анамның дәл тұр бейнесін әлі бере алмайды... Оны аудырмай беруге әлі көп жұмыс керек... Бұнда тек оның қайғысын ғана бейнелемекпін....

Расында да мүсіннің жалпы композициясында, әйелдің бет-әлпетінде, сәл басын шалқайта қараған налы келбетіне бір адам сөзбен айтып жеткізе алмас қайғы, жанталас, өкініш, жол таба алмаған күйзелу, жалыну, ыза — бәрі бар еді.

Мүсін Арманның жүрегіне мәңгі өшпестей болып сақталып қалған анасымен екеуінің ақырғы кездесулеріндегі өзіне: «Япыр-май, сен не айтып отырсың?» деп арғы жағын айта алмай, шалқалай құлай берген мезгіліндегі көрінісі еді. Бұл сол бір қасіретті, қанша жыласаң да қайтып келмейтін анасының талып бара жатқан суреті. Ол сурет Арманның мәңгі есінде қалған. Мүсін сондағы ананың аузынан шыққан бір сөзінен, оның жалғыз баласына деген махаббатының қаншалық терең екенін, сол махаббаттың қандай түпсіз тұңғиық қайғыға ұшыратқанын айтып тұрғандай. Арманның әлі есінде, жанын өртеп әкетіп бара жатқан ана сөзінен туған өкінішке бұның жүрегі шыдай алмай, кенет «анажан, кешір!» деп айқайлап жібергенше, анасы шалқасынан түскен. Арман міне, сондағы бар сана-сезімін, ақыл-ойын кілт өзгерткен сол бір көріністі көз алдына қайта елестеткендей, тас мүсін арқылы анасының да, өзінің де жан күйзелісін бермек болған.

— Япыр-май,— деді қайтадан Ақметқали,— Ақгүлге ұқсамаса да ұқсайды... Оның қайғысы да дәл осы тасқа түсірілген қайғыдан аумаса керек... Әйтпесе мұндай мүсін тумас еді...

— Иә,— деді Арман,— қайтыс болар сағатында ол дәл осы суреттегідей қасіретті және дәрменсіз еді.

— Ғафу етіңіз,— деді Ақметқали.— Бишараға ондай жағдайға жететіндей не боп еді?

— Мұндай қайғыға жас адам сүйген жарынан айрылғанда, ал ана жалғыз баласы өлгенде ұшырайтын болуы керек...

— Сонда қалай болғаны?— деді Ақметқали не дерін білмей абыржып,— жалғыз баласы сен болсаң тірісің ғой...

Арман ауыр күрсінді.

— Одан да менің өлгенім жақсы еді!

«Неге?» деп шебер сұрамады. Арманның неге бұлай дейтін ауыр жағдайын ұққандай:

— Иә.... иә,— дей берді ол.

Мәрмәр заттары заводының директоры Қасымов бір айлық дем алысынан қайтып келген күні, өзі кетерде Қырғызстаннан алдырған қара мәрмәр тасынан, еліне әйгілі қайтыс болған адамдарға ескерткіш тақтасын жасауға жарлық берді.

Тас кесетін станоктағы жұмысшы бұл бұйрықты шеберге жеткізді. Ақметқали сәл ойланып қалды да директорға келді.

— Ол тас жоқ,— деді.

Қасымов таңдана қарады.

— Қайда кетті? — деді ол,— КамАЗ машинасын жіберіп Қырғызстаннан өзім алдырып едім ғой...

Директордың ашуланшақ, ызақор мінезіне таныс Ақметқали, тасты Арман өз бетімен қашай бастағаны есінде тұрса да:

— Бір игілікті іске жұмсап жібердік,— деді.

— Ол қандай игілікті іс?!

Ақметқали сабырлы үнмен жауап берді.

— Өзіңіз білесіз... Күзді күні тас кесетін екінші машинаға үйренуші етіп Арман деген жігітті алып едік қой.

— Иә, ана бір берекесі жоқ жасты айтасың ба?

— Соны... Ол біреудің жалғыз баласы екен...

— Білемін. Өгей әкесі профессор... Сосын ғой оның берекесізденіп жүргені. Ойнағаны карта, ішкені коньяк.. Сондайда жұмысшы болатын ба еді... Трест бастығы әкесінің сөзін қимаған соң алғанбыз...

— Түбі одан жақсы адам шығуы мүмкін.

— Әй, білмеймін... Қысқасы бұның бәрін маған несіне айтып тұрсың?..

— Сол жігіттің сіз жүріп кетісіменен шешесі дүние салған...

— Иә?.. Топырағы торқа болсын!

— Тасты біз сол жігітке шешесінің мүсінін істеуге бердік.

— Мүсін істегені қалай? Мүсін шеберханасына саттындар ма? Оған сендерге кім рұқсат етті?— Қасымов кенет ашулана бастады.— Мәрмәр заводы — сауда орны емес қой.

— Жоқ, ешкімге де сатқан жоқпыз. Шешесінің мүсінін жігіттің өзі істеді.

— Түсінсем бұйырмасын? Өзі істегені қалай? Оның ондай өнері болса, бізге неге жұмысшы боп кіріп жүр?..

— Мүсінкер дарынының барын өзі де білмеген болуы керек.

— Иә, сонда ол, тастың құнын төледі ме?

— Жоқ.

— Онда қалай болғаны? Қыруар ақшаға түскен заводтың қымбат тасын біреуге жайға беріп жібергендерің бе? Бұл заводқа қанша зиян екенін білесің бе?

Ақметқали директор күтпеген жауап берді.

— Зиян болса зиян шығар. Бірақ дүниеге көркемөнердің бір тамаша туындысы келді.

Бағанадан бері ашуын әзер ұстап отырған директор енді шыдай алмады:

— Ау, өзің не айтып тұрсың?! Бұл мәрмәр заттарын істейтін завод па? Әлде өлгендерге ескерткіш жасайтын мүсін шеберханасы ма?! Маған мүсіннің керегі жоқ! Заводтың өз жұмысымен шұғылданғаны қажет!..

— Сіз алдымен қандай мүсін жасалды соны көріңіз,— деді байсалды үнмен іс шебері.— Мүсін әлі біткен жоқ. Сонда да көруге болады. Көргеннен кейін өзіңіз де ашуланбайсыз.

Директор не дерін білмей, сөз таба алмай отырып қалды.

— Жүріңіз, мүсінді көрсетейін,— деді Ақметқали тағы байсалды үнмен.

Амал жоқ. Қасымов орнынан түрегелді. Ол Отан соғысында үлкен ерлік көрсеткен адал жан еді. Сол себептен де қандай шешімге келсе де, тек халық тұрғысынан қарайтын. Ал өзінің жалпы рухани мәдениеті терең емес-ті. Газет болмаса, кітап оқымайтын. Әдебиет, көркемөнер дегендердің бәрі оған еріккеннің ісі көрінетін. Және оларға көңіл де бөлмейтін. Бар білері «Жоспар! Жоспар! Соны орындау!» Егер біреу-міреу осындай оның өндіріс тілектеріне кедергі істер болса, ондай адам Қасымовтың қасы, өле-өлгенше жауы. Туған баласы болса да, бұндай жандарды «дұрыс жолға қоймай» жаны тыныштамайтын.

Қайғылы тас бейнені ол түсінбеді. Тас мүсін оған сол тас мүсін қалпында қалды. Көзге түсетін тағы бірдемесі бар ма дегендей ол әлі әбден бітпеген оба тасты екі-үш рет айналып шықты. Әлден уақытта:

— Өзін біреуге ұқсатып жасағансың ба, қалай?— деді бұл келгеннен жұмысын тоқтатып үн-түнсіз тұрған Арманға.

— Анамның бейнесін түсірейін деп едім,— деді анау жай ғана.

— Анамның?.. Айтпақшы, шешең қайтыс болған көрінеді... қайырын берсін. Нешеге келіп еді?

— Елуден жаңа асқан.

— Сенен бөтен баласы бар ма?

— Жоқ...

— Иә, ажал деген сондай. Кімді болса да алады...

Бұл оның ең тауып айттым деген сөзі. Бұдан әрі не дерін білмей, тағы тұрып қалды. Аздан кейін тағы мүсінді айнала қарай бастады.

— Мен бұл тасты машина жіберіп, сонау Қырғызстаннан әдейі алдырып едім...

Директордың қай жаққа бұрып бара жатқанын түсініп қалған Ақметқали:

— Соныңызға қарай, сол тасыңыздан қандай мүсін жасалды десеңізші!

Қасымов мүсінді тағы айналып шықты.

— Қандай мүсін жасалды?

— Ғажайып! Тамаша!

— Ешбір ғажайыпты, тамашаны көрмей тұрмын-ау...

Ақметқали сәл қабағын шытты.

— Дұрыстап қараңыз!

— Мен қалай қарап тұрмын?.. Қаншама тасты қор еткенсіңдер! Қолдан келмейтіндерің бар, бұны мүсін жасайтын шеберханаға апарып істетпейсіңдер ме?.. Енді міне тас та жоқ, мүсін де жоқ...

Ақметқали енді ренжи сөйледі.

— Тас та бар, мүсін де бар. Сіздің ұқпағаныңызға ешкім де айыпты емес.

— Ұқпайтын болсам, мені бұл заводқа неге директор етіп қойды?..

Енді Ақметқали да ашуланайын деді.

— Тек ұғатын ғана адамды директор етіп қояды деп кім айтқан?!

— Жарайды, мен-ақ ештеңе ұқпайтын кеще болайын. Сонда бүлінген тастың құнын кім төлейді? Рудниктен сатып алынғаны бар, әкелінгені бар, құрығанда бұл тас мың сом тұрады.

Бағанадан бері үндемей тұрған Арман:

— Ақшамыз бар ғой, төлерміз,— деді...

Директор кабинетіне келгеннен кейін өзі кеткелі тас кесетін машинада Арманның жұмыс істемегенін білді.

— Сонда жалақыны қалай төледіңдер?— деген сұрағына завод бас бухгалтері:

— Нарядта көрсетілген жұмыстардың бәрі істелген,— деді,— ал нарядын жапқан Ақметқали.

«Бұл қалай?» деген директордың сұрағына кабинетіне шақырылған Ақметқали:

— Жігіттің бірер айлық жалақысын бригада өз мойнына алды,— деді,— жұмыс мерзімімізді күніне бір сағатқа ұзартып, жоспарды артығымен орындадық. Сол артық орындалған жұмыстың ақшасы мен оның жалақысын төледік.

— Сендердің оған мұншалық жандарыңның неге ашығанына түсінбеймін,— деді қабағынан қар жауып директор,— әкесі профессор, ол сендерден ақша сұрап жатқан жоқ қой...

— Жігіт болып қалған адамға өзі тапқан ақшаға не жетсін,— деді Ақметқали.— Ал біз мейлі тас қашасын, қағаз сызсын, әйтеуір бердемемен шұғылдансын дедік. Онсыз да өзі заводта әзер жүрген адам, ана қайғысын сылтау етіп арақ ішіп кетпесін деп шештік. Біздің бұл ойымыз ақталды. Көрдің бе қандай дарын туды!

— Дарын?.. Жалақымды сендер төлер болсаңдар, тасты ондай етіп мен де қашар едім.

Ақметқали күлді.

— Жарайды, сіздің де жалақыңыз біздің мойнымызда болсын, сондай мүсінді сіз де жасаңыз.

— Әттең, уақытымды босқа өткізгім келмейді. Әйтпесе...— Директор кенет Ақметқалиға түксие қарады.— Заводқа жұмыс істейтін адам керек, жоспар орындалмай қалатын қаупі бар. Ал оның станогі бос тұр...

— Жұмысын аяқтап болсын, сосын көрерміз.

Директор енді өзінің асау мінезін көрсетті.

— Жоқ, күтуге болмайды,— деді кенет түрегеліп,— мүмкін ол тасын әлі бір жыл қашар. Соған дейін станок бос тұру керек пе?— Қасымов енді ентіге, ашулана сөйледі.— мейлі тасын қанша қашаса сонша қашай берсін, мен оны ертең жұмыстан шығарамын да, орнына бөтен адамды аламын!

— Ондай қимыл ететін болсаңыз, біздің бригадамызды сізге тегіс жұмыстан шығару керек болар!

— Бұл не, совет заңына қарсы бас көтеру ме?— деді сөз таба алмай қалған Қасымов.

— Мейлі, қалай десеңіз, олай деңіз. Бірақ жігітті жұмыстан шығармайсыз. Жоспарыңды орындамай қалмайсыз. Оның нормасын бригада бой өтейміз. Ал егерде бұл жасты шығаратын болсаңыз, біздің бригада заводта жұмыс істемейді. Бұны есіңізге мықты ұстаңыз!

Сабырлы сөйлегенмен, өз дегенінен таймайтын Ақметқалидың мінезі директорға аян еді. Оның үстіне бұның бригадасы заводтағы ең тәжірибелі, алдағы бригада болатын. Одан айрылғысы келмеген Қасымов:

— Жарайды, жұмысын аяқтасын,— деді, екі иығы салбырап орнына отырып жатып.— Сосын көрерміз...

Тағы бір он күндей өткеннен кейін Арман жұмысын бітірді. Мүсін қандайлық тамаша болып шықты, бәлен деу қиын. Бірақ көрген адам, тас мүсінге тоқтамай кетуі қиын еді. Тас бейне өзінің қайғысын, әлсіздігін, өкпесін, өкінішін айтып тұрғандай. Әрине, жаттыққан мүсінкер қашаса бұл бейне, мүмкін Ақгүлге көбірек ұқсар ма еді, қайтер еді, ал демек, Арман жасаған бейнеде де сөзбен айтып бере алмас, жас жігіттің жүрегінен шыққан, тас мүсінге жан беріп тұрған, бір орасан күш жатқан тәрізді. Бейне адамның жүрегін ойнатып, көңілін толқытатыны соншалық, осы бір тас өз қайғысын өзі айтып тұрған тірі ана-

дай. Тас мүсінге шын мағнасында тіл біткен секілді. Бейнеде толып жатқан суреткерлік кемшіліктер бар. Бұның бәрі жас жігіттің тәжірибесіздігінен, бұрын тас қашап төселмегендігінен, қала берді, оқымағандығынан, мүсінкер білімі жоқтығынан. Тек мүсінді зират басына апарып қойған сәтте ғана Ақметқали, жігіттің дүниедегі ең ардақтайтын қуанышы — анасы өлгенменен, сол жігіттің бойында бұдан былай қарай өмір сүруіне қорған болатын жаңа дарын, ұлы күш туғанын түсінді. Тек осы күшін жас жігіт қайта сөндіріп алмаса екен, деп тіледі Ақметқали. Оған өзінің қолынан келер жәрдемін аямауға уәде берді.

Мүсінді қойып болған күннің ертеңіне Арман қайтадан жұмысқа шықты. Станогінің қасына қайта тұрды. Ол бір Іле бойынан әкелінген сұргылт құмтас еді. Желісінде де, өзегінде де көз тоқтатарлықтай өрнегі жоқ. Арман бәлендей қиналмай тасты нормаға сәйкес кесіп шықты. Бұл күнгі жоспарын орындады. Бірақ Арман осы тасты кесіп тұрғанында, шешесінің мүсінін жасап жатқандағысындай, еш тебіренбеді. Шабысынан танбаған машинадай, ойсыз, серпінсіз әйтеуір тастың кесіліп жатқанына қарап уақытын өткізді. Екінші, үшінші күні дәл бүгінгідей машина жанында құр қалқиып тұрумен болды. Көңілде не бір қуану, не бір осынау кесіліп жатқан тасқа қызығу жоқ. Оны тіпті осы бір әуенмен жүріп жатқан машина үні де, сұргылт тасты кәдімгі өткір пышақтай тіліп жатқан сонау болат алып ара да селт еткізбеді. Жұмыс, еңбек адамды өзінің қиындығымен, кейде тіпті құр ғана білгірлік емес, оны орындап шығу үшін оңайға түспейтін ақыл-ой, дарын керектігімен қызықтырады ғой. Ал қызықтырған жұмыс қара батпақтан ауыр жүкті сүйреп шығарған атан өгіз тәрізді, адамды қашан да болса көңілсіздіктен, еріншектіктен құтқарады. Адамға еңбек арқылы адам болуына жәрдем береді. Демек, ақыл-ойды, дарынды керек етпейтін осынау біркелкі жұмыс, таңертеңнен кешке дейін тек станокты жүргізіп жіберіп, үстіне қойылған жуан оба тасты болат ара дұрыс алып жатыр ма, жоқ па деп анда-санда қарап қойып бос тұру — Арманды тіпті тебірентпеді. Тебіренту былай тұрсын, оны енді жалықтыра бастады.

Жігітті сырттай бақылап жүрген Ақметқали, Арманның қандай күйде екенін айтпай түсінді. Дер кезінде жәрдем бермесе оның тағы бұзылып кететініне шек келтірмеді. Сондықтан да ол, бүгін жұмыстан Арманменен бірге шықты. Автобус аялдамасына бара жатып:

— Арман, қалай жұмыс шаршатып жүр ме?— деді.

Арман селсоқ жауап берді.

— Бұл шаршайтын жұмыс па? Мен емес, машина істейді ғой. Менің міндетім таңертең келемін, кешке кетемін...

— Байқаймын... сірә жұмысың ұнамай жүргендей ме, қалай?

Арман сәл ақырын жүрді.

— Оны неге сұрадыңыз?..

— Көрмей жүрген жоқпын. Әнеукүні шешеңнің мүсінін жасап жүрген кезінде мұндай қоңыр-салқын емес едің...

— Қандай едім?

— Көзіңде бір сәуле бар еді. Жұмысына да ерте келіп, кеш кететінсің. Жұмыс саған міндет емес, бір сиқырмен тартып тұрған тәрізді еді... Ал қазір...

Арман тағы селсоқ сөйледі.

— Онда анамның бейнесін қашап жүрдім ғой. Балалық борышымды атқарайын деген ойда болатынмын.

— Жоқ, сені онда жұмыс істеткен жалғыз ғана анаңа деген борыш емес. Сен онда өзіңді өзің тапқан секілді едің. Тас қашап, мүсін салу сені тебіренткен. Ал қазір сенде ондай желпіну, қызығу жоқ. Мұндай жағдай адамға жұмыс ұнамаған кезде келеді...

— Оныңыз рас — деді Арман шынын айтып.— Бұл жұмыс мені тіпті қызықтырмайды. Тастан кетейін десем әйелімнен, бала-шағамнан ұялам. Сосын оларды асырау да керек қой... Соқтауылдай жігіт бола тұра қашанғы өгей әкенің мойнына міне бересің. Және о кісі жұрттың әкесіндей емес, өз шайын өзі қайнатып ішпейтін адам. Өмір бойы шешеме масыл болып келген. Бүгін болмаса ертең, біреуді үйіне кіргізіп алуы хақ.

Ақметқалиға жігіттің ақылды сөзі ұнап кетті. «Осы бағытыңнан таймасаң адам болып кетуің сөзсіз» деді ол ішінен.

— Жұмысың ұнамаса, құр күн көру үшін істеу де қиын. Сендей кезімде ондай жағдай өз басымнан өткен. Ұнамаған жұмысты істеу, құр ғана уақыт өткізу емес, ол барып тұрған азап. Бейнет. Әсіресе сен секілді дарыны бар жігітке.— Ол кенет Арманның бетіне қарады,— мүмкін мүсін жасайтын шеберханаға кірерсің?

— Кім алады мені?

— Кім алғаның қалай? Сенің жасағаныңды көрген адам дарынына шек келтірмейтініне мен кепіл!

— Қайғысы жаныңды күйдірген, махаббаты жаныңды тебіренткен ананың бейнесін тасқа түсіру ол әлі дарын емес!

— Жоқ, сен жасаған мүсіндей мүсін жасау ол дарын! Нағыз барып тұрған дарын!

— Мүмкін...— Арман тағы селсоқ сөйледі.— Ал ондай арнаулы шеберханада жұмыс істеу үшін, оның маманы болу керек. Ең болмаса училищесін бітірген болсам...

— Бірден бәрі бола қоя ма? Әлі де оқуға кеш емес. Мүмкін бір үлкен мүсіншіге үйренуші болып кірерсің?

— Әй, білмеймін... Кім біреуді бостан босқа өнерге үйретеді!.. Ал маған енді жалақысыз бос жүруге болмайды.

Ақметқали да берілгісі келмеді.

— Әйелің қызмет істемей ме? Сен мүсінші өнерін меңгергенше, үй іштеріңді соның жалақысымен де ұстай тұруға болады ғой.

Арман жауап бермеді. Шешесі өлгеннен бері, бұл Жаннатпен жөндеп әлі сөйлескен емес. Оның үстіне іштей Бибіні енді көрмеймін дегенмен де, көз алдынан оның тоты құстай сылаңған суреті күні бүгінге дейін кете қойған жоқ. Шешесін қойып келген күні Бибіні Жаннаттың қуып шыққанынан бері көрмесе де, соңғы кезде оны әлсін-әлсін қиял экранында елестете беретін. Рас, анасының мүсінін салып жүрген шағында Бибімен кездесетін де уақыты болған жоқ. Ал қолы босап еді. Бибінің қызылды-жасылды ашық бояулы бейнесі бұны өзі іздеп тапқандай көз алдынан бірде-бір кетер емес.

Осындай түсініксіз жағдайда жүрген Арманға жақағы Ақметқалидың сөзі бір ретте дұрыс көрініп кетті.

— Иә, сөйте алсам жақсы болар еді,— деді ол.

Жігітке жаны ашыған Ақметқали, бұны үйретететін мүсіншіні өзі іздейтін боп уәдесін берді.

— Мүмкін, соңынан мүсіншілердің оқуына да кірерсің,— деді шебер жұмысшы.

Бірақ Ақметқалидың дегені болмай қалды. Сол күні Арман ескі жолдасы Жақсыбайға кездесті.

Жоқ, Жақсыбай карта ойнамайтын, салына арақ та ішпейтін. Рас, ресторандарда уақытын өткізуді жақсы көретін, бірақ ондағы мақсаты басқа болатын. Дарынсыз да жан емес. Төрт, бес өлең жинағы да шыққан. Үш-төрт ән де шығарған. Домбыраға қосылып өлең де айтатын. Әжептәуір даусы да бар. Мінезі де кішіпейіл, арамдығы жоқ, біркелкі ақкөңіл. Тек бойына біткен екі нашар қасиеті бар. Оны құртып жүрген де, алға басқан аяғын кейін кетіре беретін де сол екі қасиеті. Біріншісі қасиеті емес-ау, кемшілігі еді. Ол жақсы өмірді сүйетін. Жақсы өмірді кім жек көрген. Ал бұның сүюі ерекше. Қиналып еңбек істемей сәнді өмір сүрсем дейді. Және жақсы киініп, қайғы-қасірет білмей, күнімді ресторанда, ойын-сауықта өткізсем екен деп алас ұрады. Екінші бір ерекшелігі, тым көрсеқызар, әсіресе әйел жынысы бұның кеселі. Содан болуы керек, міне қазір қырыққа келсе де әлі жөндеп семья құрмаған адам. Үш рет үйленді, үшеуінде де күйіп-жанып қосылды. Үшеуінен де айырылды, үшеуінде де өмірінде сүймегендей қуана-қуана ажырасты. Ешкімге зияны жоқ болса да, оның осындай жеңілтек мінезі ақыры әкеп берекесіздікке ұрындырды. Соңғы кезде Жақсыбай немен шұғылданып жүргенін ешкім білмейтін. Жолдастары бірекі рет тек радиода сөйлегенін естіген, сөзін бұл жазған композиторлар шығарған үш-төрт өлеңдерін тыңдаған. Осылары болмаса, аты бұрынғыдай емес, жұрт құлағына көп түсе қоймайтын. Рас, ол анда-санда ауылға шығып, колхоз, совхоздарға өленін оқып қайтатын. Бірақ, мұндайда Жақсыбайдың ауылға

барғанда көрсеткен жеңіл мінездерімен байланысты жұртқа наша қылықтары да жетіп жататын. Әрине, әйелдерінен айрылысуда бір ғана ол айыпты емес. Күйеулерінің жеңілтектігі жұқкандай, әйелдері де алғашқы айлардан кейін бөтендерге көз сала бастайтын, байларындай бұлар да өзгелерден бос қалмайтын. Жақсыбайға табылған желөкпелер, оларға да табылатын, содан екі жақ бірдей айыпты боп оп-оңай айырыла салатын.

Бүгін Жақсыбай Арманға осындай бір айрылудан кейін кездесті. Бұтында аспан түстес көгілдір шалбар, үстінде ақ жібек пенжек, қызыл галстук, аягында өкшесі төрт елі пластика табанды сары туфли. Шашы да май жағып алған ба, жып-жылтыр. Сүйіп қосылған жарынан айырылғанына көңілсіз адам секілді емес, көптен бері мойнында жүрген бір ауыр борышынан құтылған кісідей, күлім-күлім етеді. Жақында ғана ауылға барып өлеңдерін оқып қайтқан, сірә ақшалы да болуы керек. Жүзі ақ жарқын, жалғыз өзі көшені толтыра, жайнай-жарқырай келе жатты. Анандайдан Арманды көргеннен көзі күлімдеп, көңілі көтеріле түсті.

— Жаным-ау, бармысың,— деді ол құшағын жайып,— қыруар қыс, сансыз жаз өтті сені көрмегелі! Семьядағы адамның сонысы жаман, дос жолдастарының бәрін ұмытады. Мен соны біліп үйленбей жүрмін...

— Үйленбегеніңіз қалай? Былтыр ғана тойыңызда болып едім ғой,— деді Арман ананың қолын қысып жатып,— әлде тағы айырылып кеттіңіз бе?

— Жоқ, бұл жолы әйелім айырылды.— Әйелінің өзін тастап кеткені бір таптырмайтын қуаныштай ол насаттана күлді,— мұндай қылықтарыңды біле тұрып сенімен бір төсекте жатуға болмайды дейді.

— Қандай қылықтарыңды айтады?

— Белгілі ғой.— Жақсыбай тағы күлді.— Құс аспанды сүйсе, мен өз басымның бостандығын сүйемін. Ондай мінез ешбір әйелге ұнай берген бе?..

— Ия, ия,— деді Арман өз басының да жағдайы есіне түсіп.— Әйел біткеннің бәрі бірдей ғой.

— Өзің неге жүдеусің?— Кенет Жақсыбай томсара қалды.— Ғафу ет, айналайын, тіпті есімнен шығып кетіпті. Ауылда жүріп газеттен оқығам. Анаң қайтыс болыпты, қайырын берсін. Бір тамаша адам дейтін еді жігіттер. Жақсы кісі біздейлердің мандайына сыйған ба, менің де шешем тамаша адам еді, екінші әйелімді көрмей қайтыс болған...

«Сен де мен секілді шешеңнің ерте өтуіне себепкер болдың ба?» дей жаздап Арман өзін-өзі әзер ұстап қалды.

— Оқасы жоқ,— деді Жақсыбай көңіл айтуын соза түсіп,— бәріміз де сол қара жерге барамыз.

— Әрине, өлімнен ешкім қашып құтылмайды ғой,— деді Арман жүдеп.— Бар өкінішім тым ерте кетті. Мойнымда оған деген борышым көп еді, соның бірде-бірін ақтай алмай қалдым.

Арманның шын қайғылы екенін түсінген Жақсыбай кенет түсін өзгерте қойды. Енді ол қайғылана сөйледі.

— Рас, рас,— деді,— ананың жолы бөлек қой. Ол сені тауып, өз қолымен емшегін беріп қуанады. Ал сен оны көз алдында өлтіріп, өз қолыңмен қара жерге көміп қайғырасың. Табиғат деген міне осындай, шу дегеннен әділетсіз жаратылған.

Әлде қалай айтылған Жақсыбайдың «сен оны көз алдында өлтіріп» деген сөз Арманның жүрегіне қанжардай қадала түсті. Әрине Жақсыбайдың бұл сөзі «біздің туғанымызды көріп аналар қуанады, ал біз олардың өлгенін көріп қайғырамыз» деген мағынада еді. Сол себептен де табиғатты ол әділетсіз санайды. Бірақ Жақсыбайдың бұл жолғы сөзі, бұның күнәсін білетіндей, өзіне дәлдеп айтылғандай болды. «Бірдеме саған тиетін болса, ең алдымен ауырған жеріңе тиеді» деген міне осы. Арманның онсыз да күйіп жүрген жаны, енді тіпті күйе түсті. Не айтарын білмей терлеп кетті. Өзіне қазір біреу у берсе, осынау жанын жеп жүрген азаптан құтылу үшін, сол уды ішіп жіберуге дайындай сезінді.

Арманның мұндай жағдайынан каннен-қаперсіз Жақсыбай:

— Қайтесің өзіңді-өзің қинай беріп,— деді оны аяған пішін көрсетіп.— бәрібір өлген ана қайтып келмейді. Тірінің тірлігі бар...— Кенет ол Арманның қолынан ұстады,— жүр, мынау үйге кірейік. Азырақ қайғыңды тарат.

Арман өздерінің ресторан қарсысында тұрғанын жана көрді. Кенет ол тіпті қуанып кетті.

— Жүр,— деді де Арман өзі бірінші боп кең баспалдақпен көтеріле бастады.

Бұлар келген кезде ресторанда кісілер шамалы екен. Ашылғанына жарты сағаттай ғана уақыт болған.

— Ең алдымен бір бөтелке «Экстра» әкеліңіз,— деді Арман бұлар отырар отырмастан жандарына келген официант әйелге,— калғанын сосын айтамыз.

Әйел бір бөтелке минералдық су мен «Экстраны» тез-ақ алып келді. Жүрегіне шаншудай қадалып тұрған Жақсыбайдың жаңағы айтқан сөзінен тезірек құтылғысы кеп, Арман өз қолымен «Экстраны» үлкен екі бокалға толтыра құйды да:

— Аман-есен кездескеніміз үшін!— деді. Сөйтті де бокалды аяғына дейін дем алмай жұтып салды. Жақсыбай жартылай ішті.

Анасының мүсінін жасауға кіріскенінен бергі Арманның бұл ең алғашқы көрген арағы еді. Көптен бері ішпегендіктен бе, әлде онсыз да қасіретті көңілге жаңағы Жақсыбайдың сөзі қатты

тигендіктен бе, арақ бірден буып алып, басына шықты. Официант әйел Жақсыбайдың айтқанын жазып болды.

— Тағы не айтамыз, Арман?— деді Жақсыбай.

— Маған бәрібір.— Сөйдеді де ол жанындағы стаканға минерал суын толтыра құйып іше бастады. Официант әйел бұлардың сұрағанының бәрін кішкентай блокнотына жазып алып кетіп қалды.

Арман бұрын арақты бүйтіп ішпейтін. Тамақты жай жеп, әлсін-әлсін біге шығып, рахаттана ойнап-күліп отырып, рюмкалап қана жұтатын. Және асықпайтын. Көпке дейін мас болмайтын. Ал мас бола бастаса-ақ, көзі қызарып кетіп, бетінен қаны қашып, жанында отырғандарға тиісе бастайтын. Кейде мұның аяғы төбелеспен бітетін. Осыдан екі-үш жыл бұрын Арманның әлгідей бір төбелесінде болып, жазықсыздан жазықсыз таяқ жеп, мұрны қанаған Жақсыбай ананың бірден үлкен бокалды қағып жіберіп, қанын ішіне тартып, сұрлана қалғанынан зәресі ұшып кетті. Мынау тағы бір сойқанды шығармаса жарар еді деп, оның алдына тұрған бокалдың орнына кішкентай рюмканы қойды.

— Жоқ, енді ішпеймін,— деді Арман.

Жақсыбай іштей қуанып қалды. Сөйтсе де:

— Жоқ, болмайды, жалғыз мен ішем бе?— деді, мас адамның әдеттегі қылығы ұстап кетіп,— көп ішпесең де серік болып отырсайшы...

Арманның ойына кенет әнеукүнгі зират басынан қайтып келгенде Құнтуардың айтқан сөзі түсіп кетті.

— «Уә, ажал, егер сенде жан болса, жағаңды жыртып, өзіңді қанжоса етер қуат табар едім. Әлем алдында қара бет етер сөз табар едім!»— деді Арман Құнтуардың айтқанын қайталап.

Жақсыбай бұның не дегенін ұқпады. Өзінен өзі ызалана сөйлеп отырғанын көріп, мас бола бастаған екен деп қайтадан қорқа түсті.

Бірақ Арман мас емес еді. Шу дегенде арақ басына шыққанменен, кенет шешесінің өлімі есіне түсіп, бойын жинап алған. Оның бар ойы, жүрек сезімі қайтадан сол шешесінің мезгілсіз ажалына көшкен.

Официант әйел тағам әкелді. Арман тағы бір рюмка арақ ішті. Алдында тұрған тілімделген бұзау тілінен бір-екі бөлегін жеді.

Ол кенет Жақсыбайға тесіле қарады.

— Сен жаңа шешесін өлтірген баласы жайында не дедің?— деді сәл еңкейе түсіп.

Жақсыбай түсінбей қалды. «Бұл енді шын мас бола бастаған екен!»

— Мен сен ашуланар ондай ештеңе айтқан жоқ едім ғой...

— Жоқ, мен, ашуланып отырғам жоқ. Сен «шешесін өлтірген баласы қайғылы» дедің бе?..

— Ә!.. Ол менің сөзім емес,— деді Жақсыбай кенет ананың не сұрап отырғанын түсініп,— ол сөзді біреуден естіген секілді едім.— Жақсыбай бұл сөздің бәлесі не болса да басқаға жабылсын деп ойлады,— ұмытпасам ол: «Балаға қашан да болса ауыр. Баласы туып ана қуанады. Анасы өліп бала қайғырады» деген афоризм ғой.

— Жақсы айтылған екен!— Арман ақырын күбірледі.— Ия, ия алдымен, әрине, бала туады — ол қуаныш! Соңынан ана өледі — ол өкініш, қайғы! Жазылмайтын қайғы!— Кенет екі көзі оттай жанып Арман тағы Жақсыбайға қарады. Оның жағасынан ала түсуге дайын отыр.— Ал «баласы туғанда ана қайғырып, анасы өлгенде баласы қуанатын» жағдай болуға мүмкін бе? Айтшы, мүмкін бе?

— Неге мүмкін болмасын! Мүмкін! Ойламай бала тауып алып, «нәрестелер үйіне» апарып тастауға асығатын аналар аз ба? Ананың жиған мүлкі, ақшасы өзіме қалды деп ол өлгенде қуанатын балалар аз ба? Ондайды шетел киносынан көріп жүрген жоқпыз ба!

— Шетелде әрине бар шығар. Ал бізде мүмкін емес!

— Бізде де ондайлар болады!

— Жоқ, болмайды.

— Болады.

Екеуі де қызып қалған еді. Арман кенет столды алақанымен катты ұрып жіберді.

— Жоқ, болмайды!— деді екі көзі шатынап.— Болса ондай бала — нағыз айуан!

Арманды ерегістіріп алғанынан шошып кетіп, есін жинап үлгірген Жақсыбай ыржия күлді.

— Әрине, әрине ғой.— деді.— Оған сөз бар ма!— Кенет жайнап қоя берді,— қара, қара, қандай краля!— деді.— Бізден көзін алар емес!

Әлі ашуы басылмаған Арман Жақсыбай көрсеткен жаққа бұрылды. Бойы кенет дірілдеп кетті. Тек үстеріндегі пенжектерінен ғана еркек екенін айыруға болатын, беттерін пудралаған, шаштарын жалбыратып өсіріп жіберген, жұрт «стиляға» деп ат қойған үш-төрт жігітпен, өзіне таныс баяғы үш әйел отыр. Ортасында Бибі. Әдеміленіп боянған, сыланған. Арманның қарағанын көріп, былқ-сылқ басып, ресторанда отырғандардың көзін тегіс өзіне аудара бұлардың столының жанына өзі келді.

— Арманка, амансың ба?— деді ол ешкім отыр демей анандай жерде тұрған орындықты алып келіп жандарына отырып жатып.— Қайғыңа ортақпын. Өзімнің саболезнованиемді айтуға әдейі барып едім, сенің хозяйкаң қуып шықты.

— Білемін...

— Маған әсіресе оның мені «кикимора» дегені батып кетті.

— Қайғылы адам не айпайды...

— Ол қайғылы болғанда, мен жетісіп жүрмін бе? Адам өзін держать ете білуі керек қой...

Дәл осы кезде музыка ойнады.

— Жүр, билейік,— деді Бибі.

Бойын арақ ала бастаған Арман, Бибі қолын ұстағанда, қарсылық ете алмады.

Қойнына кіріп кетуге таяу жүрген Бибі би арасында:

— Мен сондай несчастнаямын,— деді Арманға.

— Неге?

— Как неге? Сенің маман өлген күні, Жағыпарканың шешесінің қайтадан сердечный приступы болды. Жағыпарка осының бәріне сен виноватсың деп маған развод берді. Шешесін алып басқа қалаға көшіп кетті... Подумай только, біреудің жүрегі ауырады, мен виноватпын! Ну, она старая, ну, у нее сердечное заболевание я при чем?..

Осы кезде оркестр басқа бір сабырлы әуенді биді ойнай бастады. Бибі бұрынғысынан да жақындай түсті.

— Рас, мен өте несчастнаямын ғой,— деді ол даусына қайғылы саз беріп,— жалғыз қалдым...

Арман жауап қайырған жоқ. Тек Бибінің қолын қысты да қойды. Расында да қазір ол не айтуды білмейтін еді. Өн бойын бір жағынан арақ, құшағындағы жас әйелдің сыбырлай айтқан сөзі қыздырып әкетіп бара жатса, екінші жағынан көңіліндегі өкініш, әлі тарап бітпеген қайғы, жанына салған бұғаудай қысып, ойы да, көңілі де күл-талқан еді.

— Правда, мен тіпті несчастная емеспін ғой,— деді Бибі, жұбайына таң ата еркелей күбірлеген ұрғашы көгершін құстай Арманның жүрегін қытықтай сөйлеп,— әлі менің Арманкам бар ғой. Правда, сен мені аяйсың, ия?.. Бір сен үшін мен Жағыпарканың да разводына көндім ғой.

Сол күні түнде Арман Бибімен бірге кетті. Ертеңінде де, арғы күні де жұмысқа шыққан жоқ.

Бесінші тарау

Қазақ «сыныктан бөтеннің бәрі жұғады» дейді. Бұл дана елдің дана сөзі, ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Әсіресе үлкендердің жаман әдеттері, өмірге деген қисық көз қарастары, мінез-құлқы әбден қалыптаспаған жастарға тым жұққыш келеді. Жоқ, тек жастарға ғана емес, мұндай адамдардың кесірі өзгелерге де тимей қоймайды. Ең болмағанда ақ ниет адал жандарды қапаландырады, ренжітеді.

Күнтуар: «Ескі жолдасым еді, жүдеп отырған шығар, әңгімелесіп, көңілін көтеріп қайтайын» деп Ақгүлді қойған күні кешке таман Ерғазының үйіне қайта келген. Директормен әріптес басқа да ескі серік жолдастарының екі-үшеуі осы үйде отыр екен. Жаннат пен Арман көңіл айта келген кісілерді қабылдап

бөтен бөлмелерде жүрген. Бірақ үйінде Ерғазының өзі болмай шыққан.

Қарт археолог таңертең Ерғазының кеше үйінде неге болмағанын білейін деп телефон соққалы отырғанында бұның бөлмесіне көп жолдастарының бірі кірді. Бұл Ерғазымен бірге қызмет істейтін, ақ жүрек, аңқаулау қарт инженер еді. Амандасып болғаннан кейін:

— Ерғазының түнде үйінде неге түнемегенін естідің бе? Көршісі айтты, әлгі жақадан алған хатшы әйелдікінде қонып қапты. Таңертең сол үйден шығып бара жатқанын өзге кісілер де көріпті,— деді.— Әрине, жан жолдасынан айырылған адам, мұндайда өз үйінде жата да алмайтын да болар. Үй ішіндегі дүниемүліктің бәрі жұбайынды көз алдыңа елестетіп тұруы мүмкін... Бұның бәрін мен де түсінем. Бірақ өз үйінде қону оған қиын болса, не сенікіне, не менікіне неге келмеді? Айдаладағы бір хатшы қатынның үйінде түнеуі калай? Туысы, туғаны емес, ол әйелде несі бар?..

— Қой, өсек болар!— деді Құнтуар сенбей.

— Әйтім айтқаның келсін! Бірақ маған көрген адамдар солай деді ғой. Өтірік айтса жандары шықсын!

Құнтуар бұл сөздің рас екенін сол күні бөтен кісілерден де естіді. Енді оның жүрегі Ақгүл үшін удай ашыды.

Дегенмен Құнтуар бұған сенгісі келмеді. Тіпті мүмкін емес, деді ол өзіне-өзі, жиырма бес жастағы қызу қанды жас жігіт емес, ақыл тоқтатқан адам, сондай жан түршігер күнәні істеуі мүмкін бе? Жоқ, егер жүрегінде сәл адамгершілік сәулесі бар болса, ондай қылмысқа бармайды. Бірақ амал жоқ, сенді. Сеніп еді, енді Ерғазыдан жеркенді. Құр жеркеніп қойған жоқ, «қандай безбүйрек, арам пейіл жан еді»,— деді ол осы уақытқа дейін Ерғазыны калай танымай келгеніне таң қалып.— Иә, нә, мұндайдан қандай сұмдық болса да шығар, бетінде бір тамшы қан жоқ қой... «Ерғазыдан сақ бол, оның бетінде самурай-камикадзаның бетіндей қан-сөлі жоқ, маска тәрізді!» деп кім айтып еді, көріп келгенім бет емес маска екен ғой!» Құнтуарды енді кенет басқа жағдай қобалжыткан. «Иә, нә, мұндай адамнан өгей балаға қандай рахат, қандай рахым? Сырт естуім, о бишарада, құр оқу бітірді деген аты болмаса маскүнем, ештеңеге қабілетсіз боп өсіпті. Сорлы ана тек жалғызым деп еркелетуді ғана білген ғой, ал өгей әке... жаман өгей әке, оған тіпті көңіл бөлмегені даусыз... Иә, солай. Енді ол сорлының күйі не болады? Сөйлескен жөн, қамқорлық ету керек. Ақгүлдің аруағы үшін. Оған шыққан Жаннат та кішкентайынан көз алдымда өсті ғой. Оны да ұмытпауым борыш».

Бірақ Михайловтың алып келген тастарын көріп. Құнтуар ертеңіне асығыс экспедицияға жүріп кеткен. Оның үстіне жана табылған тас мұралардың тамашалығы сондай болды. Құнтуар Қайрақтыда үш айдай болып қалған. Осылай ол Арман мен

Жаннаттың тағдырына дер кезінде араласа алмаған, қол үшін бере алмаған.

Демек, Күнтуардың күдігі ақталды. Ақгүлдің қырқын бергеннен кейін Ерғазы Арман мен Жаннатты шақырып алған.

— Шырақтарым,— деген ол, майда сөйлеуге тырысып.— Аз уақыт па, көп уақыт па дәмдес болдық, тапқан-таянғанымды аяған жоқпын. Әркайсымыз әр тараптан бас қоссақта, ортамызда бәрімізді үй етіп ұстап отырған маркұм Ақгүл бар еді, енді жоқ. Қайғырсаң да, қан жыласаң да қайтып келмейді.— Ол мұңайғандай сәл үн-түнсіз отырды, сосын сөзін қайтадан жалғастырды.— Ал өлгенмен бірге өлмек жоқ, тірінің тіршілігі бар. Тастай түйінген қол, жау жеңсе ыдырайды. Үй болып түтін түтетіп отырған адамдар, іріткі түссе тарайды. Біздің арамызға тағдыр деген іріткі түсті. Жазмыш солай ұйғарыпты, амал не, оның үстіне, Арман, мен саған әке, сен маған бала бола алмадың...— Ерғазы басына түскен ауыртпалықты шеше алмай қиналғандай тағы үндемей қалды.— Демек, еңкейген кәрі емеспін, әлі де болса бала сүйіп, қызық көргім келеді. Қазаны бөлектің жаны бөлек... Қайтадан үйленбекпін, қалалық Совет арқылы сендерге пәтер дайындадым, енді бұл үйден алатындарынды алып өздеріндікіне барындар. Тағдыр солай жазды, әркім өз күнін өзі көрсін...

Жаннат қайын атасының сөзінен «енді менен біржолата кетіңдер» дегенді ұқты. Бұрында, қайын енесі өлгеннен бері, бұның өз үйіне қонбай жүргенінен сезіктеніп, көңілі одан суи бастаған.

— Жарайды,— деді басын жерден алмай,— бізге бұл үйден ештеңе керегі жоқ...

— Жоқ, алыңдар. Ана бір ыдыс-аяқтарын, мына бір жерде жатқан кілемді... Ана шифоньерде сендерге дайындап қойған көйлектері бар... Аналарың ғой, естеріңде жүрсін.

— Жоқ, бізге ештеңе керек жоқ,— деді Жаннат басын көтеріп, қайын атасына тікелей қарап. Бұл жолы оның даусы қаттырақ шықты.— Апама опа бермеген дүние бізге опа бере ме, қалсын бәрі өз орнында... Егер қисаңыз бізге мынау үлкен суретін беріңіз. Арман екеуміз қосылған жылы түскен еді бишара... Со да жетеді бізге ескерткішке...

— Ал, ал,— деді Ерғазы асыға. Енді ол «жоқ, мына заттарды да алыңдар» деп құштамады.

Арман қайғыдан, басына түскен ауыртпалықтан және кеше кешке таман шешесінің қырқында ішкен арақтан басы мең-зең боп отырған. Ол Ерғазының сөзіне ренжіп, не ашу шығарып ештеңе деген жоқ. Бұрын өгей әке болса да, осы Ерғазы мен шешесінің арқасында шолжаң өскен, басына ешбір қиындық түсін көрмеген сорлы, енді біржолата қорғансыз қалудың қайда апарып соғатынын дәл осы сәтте қайдан білсін!

Арман мен Жаннатты осылай қуып жіберген Ерғазы сол күні кешкетаман үйіне төрт жасар қызымен хатшы әйелін кіргізіп алды.

— Қызыңды интернатқа бер,— деді ол жаңа қосылған жұбайына.— Адам тәрізді өздеріміз үшін өмір сүретін кез жетті...

— Әрине,— деді жас әйелі көгілдір көзі бақыт отыменен, сәуле түскен шыныдай, жарқ етіп.— Адам өз қызығын ешуақытта да ұмытпауы керек...

Ана жолы Күнтуар Кайрақтыға келгенде күн тағы шыжып тұрған ыстық еді. Оның үстіне күнгей жағынан бір қапырық құрғақ жел соғып адамның демін алдырар емес. Археолог машинадан түсісімен, шаршап қалғанына қарамай, Михайловка еріп, жаңа мұралар табылды деген жерге қарай беттеген.

Бұлар бара жатқан тұс лагерьдің күнгей жағында болатын. Ол тұс бұрын да Күнтуардың көзіне түскен-ді. Жазық аланда сәл биіктеу төмпешік тұрған. «Түбі осы араны да бір тексеріп өткен жөн болар-ау» деп ойлаған да қойған. Бірақ бұл жердің биіктігі бәлендей жоғары тұрмағандықтан, «мықтағанда Кола дәуірінің кезіне жатар, ал бізге керегі одан бұрынғы ғасырлар ғой» деп соңына қалдырған.

Михайлов осы төмпешікті айнала қазыпты. Биіктіктің дәл орта шеңінде жерге ортан белінен батып кеткен үлкен обатас пен оның екі жағында екі балбала тұр. Бұл тас мұралар әріде сақ замандарынан бұрын жаралған дүние. Жазық далаға орнатылған үлкен обатас пен балбалаларға жел қуып әкелген құм мен топырақ жиналып біртіндеп бұл ара төбешікке айналған. Әрине, мұндай обатастар мен балбалаларды Күнтуар бұрын да талай көрген. Бұл секілді мұралар Сарыарқада, әсіресе Есіл, Тобыл бойларында көп кездесетін. Тарихшылардың болжаулары бойынша олардың көбі көне Қыпшақ, Үсіней кездеріне жататын болса (біздің заманымыздан 2000—3000 жыл бұрын), ал, кейбіреулер тіпті көне заманнан, сонау тас ғасырларының кезінде болған, ертегіге айналған Чудь тайпыларынікі делінген. Мұндай халық сол кезде қазақ жерінде өмір сүрді ме, сүрмеді ме, әрине, оның дәл анығын ешкім білмейді. Бұл тек аңызға айналған болжам. Егер Чудь халқы расымен біздің жерді қоныс еткен болса, әрине, ұрпаққа мұндай ерекше тас мүсіндер қалдыру үшін ол жұрттың мәдениеті өз заманындағы өзге көршілерінен анағұрлым жоғары тұруы керек.

Күнтуар шу дегеннен-ақ бұл мұрттары салбыраған, қолдарына, кеудесіне таяу саптыаяқтар ұстаған обатастардың осы Чудь еліне телінетіндері екенін айтпай түсінді.

Арқа жері болса бір сәрі, Чудь халқы тұрды делінген Сібірмен шектес, ал, Сыр бойына бұл тастар қайдан келді? Расымен сонау әлімсақтан бұрынғы заманда Чудь елі өткен десек, расы-

мен ол сонау Есіл, Тобылдан бастап осынау Сырдарияға дейін дамып жайлап жатқан ел болғаны ма? Егер оны осындай көп жерді қоныстаған жұрт деп білсек, сол жұрттың бар қалдырғаны тек обатастар мен балбалар ғана ма? Тағы бөтен мұралары болулары керек қой? Әлде бұл арада сол Чудь жұртымен мәдениеттес бөтен халықтар тұрды ма? Тегі сол жұрттарды көшпелі ел еді деп қалаларының жоқтығына көнсек, ол халықтың дүниеден өткен адамдарын қоятын зираттары қайда? Әлде көне монғолдар тәрізді олар да жастары келгендерін, тау басына шығартып, не айдалаға қаңғытып өлтірді ме екен? Не болмаса отқа табынған бақсы-балгер дәуіріндегідей, кісілерінің прақтарын отқа жағып, еш белгі қалдырмай жоғалтты ма екен? Бәрі де мүмкін.

Құнтуардың тағы бір таң қалғаны, Чудь дәуірінен ғалымдар тек обатастарды ғана таңқан жоқ, олар сол заманның алтын, күміс қазған орындарын да кездестірген. Ал, егер сонау тас ғасырларында Чудь елі алтын, күмісті жер астынан ала білсе, одан әрине өзіне керек заттарды да жасай алғандары даусыз. Ал, осы уақытқа дейін қазақ жерінде, әсіресе Сырдария бойын Чудь заманына жатады дейтін бір де бір асыл кен орны табылған емес. Егер ол аңыз халықтың алтын, күміс қазғанын анық десек, онда сол асыл заттар қайда жоғалып кетті? Олар тот басып, су жеп өзгеретін темір, қалайы емес, тіпті жел де, су да өзгерте алмайтыны хақ. Әрине, алтын, күміс бір кезде бар болса, қазірде де бар. Ешуақытта да жоғалып кетпейді.

Құнтуар обатас пен балбаларды әлі қарап тұр. Сырын тірі жан әлі анықтай алмаған көне мұралар. Қай заманда, кім бұларды осы арага әкеп тұрғызды? Және қандай құпия сыр бар бұл бейнелерде? Расымен осы мүсіндер сол кездегі адамдарды суреттей ме, әлде олардың табынатын құдайларының тұлғалары ма? Бәрі белгісіз, бәрі жұмбақ. Құнтуар ой шетіне жете алар емес. «Халықты білгір, дана дейді осы жұрт. Оған дауым жоқ. Бірақ халық тек өзінің қазіргісін ғана жақсы біледі... Оның даналығы бұрынғы өткеніне де, алдағы болашағына да жетпеген. Әсіресе қазақ секілді көшпелі жұрттың. Сондықтан да бұл жұрт бұрынғысын білмеген, болашағын ойлап алдағы ұрпақтарына өзінің мұраларын қалдырмаған. Қазір көне заман түгіл, дәл кеше өткен қазақтың алғашқы хандығын құрған Жәнібек пен Керейдің молаларын іздесең қайда қалғанын таба алмайсың...»

Құнтуардың ойын Михайлов бұзып жіберген.

— Мына екі кіші балбалардың ортасында үсті тас бір төрт бұрышты жер бар,— деген ол,— әлдеқалай, сол араны қазып едім, күрегім таска барып сақ етті. Астында құдық па, әлде қойма бар ма екен? Сіз келгенше жұрт көрмесін деп әдейі үстін бүркеп қойдым.

— Қай жерде?

— Міне, мына арада.

Жігіт тез-тез күреп, төрт бұрышты қызғылт тастың үстін ашты. Тас тұтас біткен жалпақ тәрізді емес, қиюын тауып төрт бөлек тастан қалаған секілді.

— Тасты көтеріп көрдің бе?

— Байқадым, мызғыр түрі жоқ. Және жан-жағындағы топыраққа күрек түгіл, лом темір батпайды. Сірә, бұл жерден өзен өтіп, сұр балшық цемент боп обден қатып қалған тәрізді.

— Жарайды, онда осы араны қазуға кірісіңдер. Егер ломмен алу қиын болса, мына тұстан, ана тастарды сындыртпай, жарты метр жерден от-дәрімен атқыз.

— Жарайды.

Екеуі анадай жердегі төбешікке барып отырды. Азғантай жұмыс істегенінің екі ортасында күнге күйген қара қошқыл денесі суға түскендей терлеп кеткен Михайлов, аңызақ желге кеудесін тоса күйдіріп бара жатқан ыстық ауадан жаны жай тапқандай, күлімсіреп қояды. Құнтуар пенжегін шешіп жанына тастай салды да, көйлегінің омырау түймелерін ағытып сол желпініп алды.

— Ғажап,— деді Михайлов,— бір-екі жылдан кейін осы жерде электростанция салынып, бұл төңіректің бәрін су басады дейді. Сыр бойының шаруашылығын осы күнгісінен де өркендететін біздің заманымыздың бір үлкен құрылысы жүргізілетін көрінеді.

— Ол тек біздің заманымыздың ғана үлкен құрылысы болмайды. Бұл арада осынау ұшы-қиыры жоқ құмайт даланы игеріп, адам баласының алдағы жүздеген жылға созылатын келешегіне жол сілтейтін құрылысы басталады,— деді Құнтуар.— Сондықтан да біз бұл арадан кетпей, археологиялық зерттеу жүргізіп жатырмыз. Ертең бұл тұста су басқанда астында не қалғанын болашақ ұрпақ білуі керек...

Михайлов жылдан жылға археологиялық зерттеу жұмысын жақсы көре түскен. Оған осыдан мың жыл, тіпті бес мың жыл өткен дүниені, елді білу үлкен бір ғанибет қызық өмір көрінген. Құнтуар келген сайын екеуі археология туралы, өткен халықтар, құрып кеткен, не болмаса келесі ұрпақтарға ауысқан мәдениеттер, көркемөнерлер жайында ұзақ әңгімелесетін. Бұл әңгімелер жас кезі ұрлық пен абақтыда өткен, бірақ тегі жақсылықты сүйгіш, кезінде оқудан көз жазып қалған, білімге құмар жас жігітке үлкен әсер ететін. Өткен ғажайып елдерді, сол елдердің соғысын, қырғынын, күйреу, дамуларын естіп, жас жігіт бір ертегі ғаламаттардың ішіне еніп кеткендей таң қалатын. Осылай бір кезде қатеден мүлдем күнәкәр болып кете жаздаған жас көңіл, бірте-бірте жамандықтан жаңы аршыла түсіп, рухани дүниесі, сана сезімі мүлдем жаңаруға айналған.

Михайловтың мұндай күйін аңғарған Құнтуар онымен әңгімелесуге жалықпайтын. Құнарлы жерге сепкен дәннің шығатынын білген дихандай, жақсы сөзінің бос кетпейтінін түсініп,

карт археолог жігіттің ойына, ақылына, санасына азық болатын әңгімені көп айтатын.

Бұл жолы да сондай әңгіме басталып кетті.

— Археология қызық ғылым,— деді Михайлов,— баяғы заманда өткен адамдардың еңбегінің, әлдеқашан өшіп кеткен ғасырлардың, халықтардың мәдениет мұраларын тауып алып болашақ ұрпаққа қалдырғанға не жетсін! Өзіңнен бұрын не болды, бұны білу қандай қызық! Әрине, адам өз заманынан бес мың жыл бұрын не өткенін түсініп қана қоймай, алдындағы бес мың жылдан кейін не күтетінін білсе, міне шын тамаша жетістік! Өткенің анық, қазіргің көз алдында, ал, келешегін айқын, адам тек сол келешекке тез жету үшін ғана өмір сүрер еді, арман етер еді!

Құнтуар дарияның арғы бетіндегі сағымдарды ғажап көргендей сол жақтан көзін алмай үндемей қалды. Аздан кейін барып:

— Металлогения деген ғылым бар,— деді,— ол ғылым өткен кезде қай жерден қандай металл алынды, бүгін қай жерде, қай тұсында не бар, соған қарап, қай жақта әлі біз білмейтін қандай байлық жатыр, соны ондаған жылдар бұрын болжап ашады. Сондай-ақ өткен өмірімізді, бүгінгі күнімізді, қайда бара жатқанымызды салыстырып, адамзаттың бар жігерінің, ақылының, ойының байлығын да, бақытын да — бәрін күні бұрын болжауға, білуге болады... Бұл ғылымның несі, адамзаттың болашағы үшін күресетін мына біздер — коммунистер. Бізге бәрі айқын. Адамзаттың келешегі — коммунизм. Тек уақыт байланысын ұмытпауымыз керек. Бүгінгі күніміз бен өткен күндеріміз сол бірі мен бірі байланысын жатқан уақыттың, замандардың тек жеке бөлшектері ғана... Ал, археология — адамзат тарихының бізге қалған мұралары арқылы өткен кезеңдерін еске түсіретін, көз алдына елестететін сенімді құрал. Археология дүниенің өзі тәрізді көне. Физика, химия, астрономия секілді ғылымдар бүгінгі күні физитрон, реактор, лаборатория, лакатор тәрізді күшті құралдары арқылы табиғаттың құпиясын ашса, археолог өзінің бәз-баяғы қайла, күрек, кетпенімен, ал жазушы ақ қағазға жазған бес тиындық қаламының ұшымен дүниенің сан алуан сырын қопарады. Мысалы Солтүстік Азияны алайық. Оңтүстік-Күншығыс пен Күншығыс Азия және Орталық Азияда адам баласының ең алғашқы қоғамы пайда болып, оның мәдениеті осы арада қалыптасқаны бұрыннан-ақ белгілі еді. Ал, тарихи және жағрафиялық жаратылыс жағдайларға қарағанда, осы арадағы көне заман адамы сол кездерде сонау Қиыр Күншығыс пен Сібірге жетуі мүмкін көрінбеген. Демек, осыдан бір жиырма жыл бұрын Солтүстік Азияға көне адам бұдан 20—25, тіпті 100—120 мың жыл бұрын пайда болған деген пікір туған. Ал, 1951 жылы Қиыр-Шығыстағы Филимошка деревнясының жанынан табылған тас дәуірінің құралдары Солтүстік

Азияның ұшы-қиыры жоқ даласында бұдан 100—150 мың жыл бұрын көне заман адамдары от жағып, түтін түтеткені анықталды.

— Қойыңызшы!

— Және қалай анықталды десеңізші! Ежелден өзен жарлары археологтардың ең жақын жәрдемшілерінің бірі. Өзен жағаларынан көрініп тұрған жер жыныстарының, топырақтардың қат-қабат біткен болмыстарынан, өзіне керек мәліметтерді археологтар кәдімгі кітап оқығандай тауып алады. Жаға жер жыныстары мыңдаған жыл бұрын бұл арада ыстық болды ма, суық болды ма, су тасынды ма, әлде қуаңшылық өтті ме, бәрін айтады. Міне жаңағы селоның жанындағы өзеннің жақында ғана құлаған жар-жағасынан Қиыр-Шығыс археолог экспедициясы осы арада көне заман адамдарының қонысы болуы мүмкін деген ойға келген. Көп кешікпей сол жерден тас заманының құралдарын тапқан. Бұдан кейін осындай жүз мың жылдардан бұрын көне адамдар қолданған қару-саймандар Амур өзені бойынан, Алтай тауларынан да ұшыраған. Қысқасы, осылар арқылы адам баласы Сібір мен Қиыр күншығыста Палеолит дәуірінде де өмір сүргені анықталған. Археологияның көне заманға апаратын толып жатқан жолдары бар. Ең алдымен өткен халықтардың көркемөнерлері, этнографиялық, тіршілік-тұрмыстарындағы жақындықтары, бағынатын құдайларының бірлігі, діні, салты. Америка индейліктерінің арғы аталары Неолит дәуіріндегі Байкал көлінің маңындағы көне адамдардан екеніне ешкімнің бүгін дауы жоқ тәрізді. Бір кезде Америка континенті Азия мен Берингия — кең құрғақ көпірі арқылы қатысып тұрған. Байкал көне адамдары сол құрғақ мойын арқылы Америкаға өткен. Бұны қазір этнографиялық және антропологиялық зерттеулерде дұрыс деп отыр. Американың көне жергілікті адамдарының бас сүйегі монголит іспеттес екені де осыдан...

— Ғажап!— деді тамсанып Михайлов.

Әлімсақ заманында Амур, Лена, Ангара, Зее өзендерінің жағасын жайлаған көне елдердің мәдениеті, сол кездерде өркендеген Жапония, Қытай, Монғолия мәдениеттерінен бірде-бір кем түспеген. Атам заманда тасқа түсірілген бейнелер, маскалар, Кондон ыдыстарындағы ойып салынған өрнектер, осыдан бес мың жыл бұрын жасалған сол Кондонда табылған нанай қызының кішкентай мүсіні, тағы сондай толып жатқан көне заман мұралары, бұл төңірекке мәдениет Қытайдан емес, Қытайға осы жақтан барғанын дәлелдейді.

Құнтуар тағы үндемей қалды. Сонау алыс заманның өмірі, өнері, тарихы ойын әлдекайда жетектеп кеткендей тағы үн-түнсіз ұзақ отырды.

— Егер әр ғасырға, дәуірге жататын көне мұраларды қатар қойып ойға салсаң, Қиыр-Шығыста да ғасырлар байланысының үзілмегенін көресің,— деді Құнтуар қайтадан сөзге кірісіп.—

Және бұл арадағы уақ елдердің көне көркемөнерінің тууы сонау Тас дәуіріне кетеді. Бұл ғой адам баласының алғашқы қоғамы, мәдениеті жаралған деген Азияның ең Солтүстік жағы. Және ең алғашқы адамдар бұл жақта 100—150 мың жыл бұрын пайда болған деп отырмыз ғой. Ал, сол Азияның ең Батыс жақ ортасында жатқан қазақ жерінде сол кездерде не болған? Біздің әзірге білетініміз мыктағанда өз заманымыздан бес-алты мың жыл бұрын өткен елдердің жалпы елестері, нақтылы демесек те солардың мәдениеті-ау деген кейбір болжамдар? Ал, ол кезеңдердің ар жағында бұл арада не өтті. Жер бетін су алып, мұз басқан кезеңдерден кейін бұл өңірлерге біртіндеп қайта туған өмірлер қандай өмірлер? Оның бержағында бұл жерлерде Тас дәуірі, Қола дәуірлерінің алғашқы кездерінде қандай мәдениеттер өмір сүрді? Ал, біз білмейтін ондай мәдениеттердің бұл арада да болуы мүмкін бе?.. Осыны түсіну, шама келсе, осы жұмбақтың ең болмаса бір сұрағына жауап беру — менің өмірбақиғы арманым еді. Енді міне сол арманыма жететін түрім жоқ...

— Неге олай дейсіз?— деді Михайлов кенет Күнтуарға жаны ашып кетіп.— Бұл араны су басады деген соң солай ойлайсыз ба?

— Жоқ,— деді Күнтуар,— Көне адамдар жалғыз осы араны ғана қоныс етіп пе? Ойымда бөтен жерлер де бар. Әсіресе Ұлытау маңайы. Мәселе басқада: жас болса келіп қалды. Жалғыз бала жолымды қумады. Ал бастаған ісін жалғайтын соңында адамы жоқ ғалым жапанда жалғыз өскен байтерек тәрізді. Түбірімен шіріп құлаған күні — оның орны бос қалады. Әрине, менің жұмысымды бөтендер аяқтайды, бірақ кей адамда көзі жұмылғанша ешкімге айтпай көкірегіне сақтайтын асыл армандары болады. Оны өзгелерге айтуға қызғанбайды, тек кейде өз болжамына өзі де сенбейді, сенген күнде де өзгені шатастырып алам ба деп қорқады. Ал мен болсам, талай жасты тәрбиеледім. Кейбіреулері үлкен оқымысты да болып кетті... Бірақ біреуі де жанымда қалмады. Қалулары да қиын еді. Өмір бойы міне осылай бір жерден бір үміттің көзі кішкентай сығырайса болғаны, соған жеткенімше асығам. Қазақтың ұшы-қиыры жоқ жалпақ даласын кезесің де жүресің. Кім оған шыдасын?!

— Мен шыдар едім!— деді кенет Михайлов.

Күнтуар тағы үндемей қалды.

— Сөзіңе сенемін!— деді ол сәл ойлана.

— Әттең, дүние, білімім жоқ!

— Білім — білгісі келген адамнан қашпайды,— деді Күнтуар.— Әлі жассың, қыс оқы, жаз менімен бірге бол...

— Жақсы.

— А мен білгенімді аямайын,— деді Күнтуар,— сен маған ұнадың.

Уәделескен адамдай екеуі қол алысты.

Михайлов төрт жігітпен кезектесіп екі балбаланың ортасын он күн казды. Бұрын дария жағасы боп, артынан үстінен су жүріп, ұзақ ғасырлар бойы лаймен, құммен әбден тастай боп қатып қалған жерді қазу оңайға түскен жоқ. Мәрмәр қашағандай он күн дегенде үстіндегі төрт бұрышты, біріне-біріп қайыстыра салған төрт үлкен қызғылт тастарды әрең алды. Одан әрі жеңілге түсті, аржағында, шамасы екі метрдей төменнен, өздері төрт бұрышты етіп қазып келе жаткан шұңқырдың құбыла тұсынан қатарлап қалаған тас қабырғаға кездесті. Екі күндей, біріне-бірін айыра алмастай етіп қалаған (тастардың ортасы сұр балшық тәрізді) осы тас қабырғаны әзер дегенде бұза алды. Аржағынан басына тас айбалта мен екі тас құмыра қойылған адамның сүйегі шықты. Сірә өлген адамды бүк жатқызып жерлеген тәрізді, өліктің қол сүйектері мен жілік, сан сүйектері, дене сүйектерінің алдыңғы жағында жатыр. Сан сүйектері мен жіліктері, білектері өліктің бүктүскізіп қойылғанын көрсетеді.

Археологияда адамды жерлеумен байланысты көне бұрын өткен мәдениеттер үш түрге бөлінеді.

Бірі тік көр мәдениеті. Бұнда адамды тікелей терең қазылған зиратка бірден қояды. Екіншісі катакомба мәдениеті деп аталады. Бұл Қара теңіздің Солтүстік жағында біздің дәуіріміздең екі мың жыл бұрын өткен мәдениет. Мұнда дәл осы күнгі мұсылмандардың көмуі тәрізді зиратты төрт бұрышты етіп қазып, түбінен бір жағына қарай қуыс істейді. Соған өлікті қояды. Бер жағын таспен, не тақтаймен бекітеді. Өлікті осы күнгі мұсылманша қоюдан бұның негізгі айырмашылығы, адам прағымен бірге оның қару-жарағын, о дүниеде керек болатын, не асыл қазна, қымбат заттарын бірге көмеді. Үшінші мәдениет, бұл осы катакомба мәдениетінен кейінгі тікелей скиф заманына келіп жалғасатын ағаш зират мәдениеті. Бұнда көрді тік қазады да топырақ басып тастамас үшін қабырғаларын діңгектермен қалап төрт бұрышты үйшік істейді. Үстін де сондай діңгектермен жауып, төбесіне топырақ үйеді. Өлікті бұл мәдениеттің әдеті бойынша, сол жағымен бүктүстіріп, басын Солтүстікке қаратып жерлейді. Ал сактар өлікті шалқасынан жатқызып, басын құбылаға қаратып қойған.

Өлік жаткан зиратка түскенде Күнтуар таң қалды. Рас қазақ жерінде көне сактардың денелерін катакомба дәстүрімен (осы күнгі мұсылман ғұрпы тәрізді) жерлегенін сан көрген. Бірақ, ешуақытта да олар өлігін, Днепр мен Днестр өзендерінің бойындағыдай ағаш зираты мәдениет әдетімен бүктүстіріп жатқызып көмген емес. Және оң жағынан жатқызған емес. Күнтуарды әсіресе таң қалдырған тас айбалта болды. Нефрит тасынан істелген бұл айбалта орасан өткір және өте көркем өрнекті еді. Бұл әрине Тас дәуіріне жататын құрал. Нефрид тасынан істелген балтаны Қиыр-Шығыс ғалымдары Кондон

мұраларынан тапқан. Тек ондағы балтаның суреттегі бейнесі мынау айбалтаға ұқсамайды. Қондон балтасы Байкал көлінің маңындағы нефрид тасынан жасалған. Ал мынау айбалта қай жердің тасынан істелді? Сыр бойында нефридтың бұл түрі жоғы Құнтуарға да мәлім.

Археологтың көңілін аса аударған сол нефрид тасынан қашалып жасалған қос құмыраның сыртындағы өрнегі. Құмыраның өзінің де сырт түрі әдемі (әрине өліктің жаны шөлдесе ішсін деп оған сүт құйылған), ал қабырғасындағы өрнегі тіпті келісті. Ангара өзенінің бойынан табылған бұдан бес-алты мың жыл бұрын өткен ғажайып мүсіндерде егер аңның, жыланның, құстың, әйелдің бейнелерін көрсек, мынау өрнектерде тек ертегіде кездесетін екі басты құс, аққуды құшып жатыр. Екіншісінде ырбыз түстес бір ақ бұғыны қуып келеді. Құнтуарға бұл өрнектер, соңынан, «тағы андар стилі» деп аталатын сақтардың көркемөнерінің алғашқы бір жобасы секілді тәрізденді. Тек мұнда сақтар заманындағыдай емес, тағы андар алыс-жұлысы жоқ. Құстардың ғана бірін-бірі құшқан бейнелері мен жарысқан андар...

Демек, жалпы осы зираттан табылған заттар бұрын ешкімге таныс емес мәдениетті аша ма? Және бұлар қай кезге жатады? Айбалта мен қос құмыра Тас дәуірінікі, ал зират бейнесі Қола кезеңінің бас жағындағы Кимирей тайпаларына жатады деп танылған катакомба мәдениетінікі. Ал өліктің жатысы — ағаш зират мәдениеті саналатын Қола дәуірінің орта шеңінікі. Сонда не болғаны? Мұндағы мұралар бір дәуірден емес, әр дәуірден құралғаны ма? Шығар басы сонау бұдан жүз — екі жүз мың жыл бұрын өткен Тас дәуірінен алынып, аяғы сонау Қара теңіздің Солтүстік алқабына Орта Азиядан біздің дәуіріміздең бұрын VII—VIII ғасырларда келген скифтардың мәдениетін көрсете ме? Содан қалай, әлдекім уақыт, ғасырлар байланысын дәлелдегісі келгендей бір зиртка бұларды әдейі жинағаны ма? Әлде?.. Әлде бұл мұралар сонау көне заманда Шығыс пен Батыстың түйіскен қазақ даласында сол кездегі мәдениеттердің алғашқы жобасын көрсете ме?

Құнтуар, зираттың бар көлемдерін өлшетіп, өліктің сүйегін, айбалта, құмыраларды сол жатқан жерлерінде суретке түсіртіп, адам мүшелерін орталық антропология музейіне жібертті. Өзі зираттың қалай, қай жаққа қарай қазылғанын тағы бір қарап шығып, құмыралар мен айбалтаны зерттеуге кірісті.

Қарт археолог тағы ойға қалды. «Темір дәуірінің алғашқы шеңіндегі Орта Азия (оған Сырдария бойы орта тұсына дейін жатады) сақтары, Қола заманында осы арада тұрып келген жергілікті халықтың ұрпағы екенін қазір ғалымдар мойындаған тәрізді. Оған дәлел біздің дәуіріміздең бұрынғы мың жыл бойы өлікті үнемі отқа жағып отырған. Тек күлін ғана жерлеп келген. Мұндай дәстүр Қола дәуірінің соңғы кезінде де болған.

Сөйте тұрып, кей ғалымдар бір халықтың үрім бұтағынан екінші халықтың шығуын мойындағысы келмейді. Сол себептен де олар сақ елінен тікелей қалған ел жоқ дейді. Рас, профессор Бронштейн Тянь-Шань түркі тілдес тайпаларының дүниеге келуін сақтың аргиппей тайпасымен байланыстырады... Сонда бұны қалай түсінуге болады? Қола мен Темір дәуірлерінде Орта Азия мен қазақ жерінің Шығысы мен Оңтүстігін (Орта Азия кіретін жағын) сақ елі жайлап келсе, ал ол құрып кеткен уақытта, оның орнында кім қалды? Мүмкін сақ елі құрып кетпеген шығар? Тянь-Шань түркі елдеріне айналған аргиппей сақтары тәрізді бұлар Қыпшаққа, сосын қазаққа көшкен шығар? Оған қандай дәлелің бар? Дәлел шамалы. Демек, күр қол емеспіз ғой. Осы уақытқа дейін қазақ елі өліктерін күнбатыс сақтары тәрізді катакомба — зират бүйірінен қуыс қалдырып көміп келеді. Ал адамды жерлеу бұл қай елдің болса да мәдениетінің бір іргесі саналады. Сақ елі өрнегі, жеке салған мүсіндері «тағы андар стиліне» бағынса, қазақ елінің өрнектерінде бүгінге дейін арқар, қошқар мүйіз атты кестелері солардан ауыспағанына кім кепіл? Адамның, аңның бейнесін өрнекке салу не алтын, күмістен мүсін етіп ою, қазақ даласында VII ғасырдан бастап мүлдем кездеспейді. Мүмкін бұл сурет салу, адам аң бейнелерін өрнектеу мұсылмандарға рұқсат етпеген Ислам дінінің салдары шығар? Қазақ елі «одан бұрын да аң тектес мүсін жасаған жоқ» деген сөз жалған да болар? Егер ондай мүсіндерге қазақ елі душар келмесе ертегіге айналып ертеден келе жатқан алтын сақа, ор теке мүсіндері қайдан туды? Қата ма бұл пікірлер? Мүмкін. Әлі көп деректер, дәлелдер іздеу керек. Бірақ ол дәлелдер бар ма, түбі табылуы мүмкін бе? Қазақта «Әлімсақтан бері» деген ұғым бар. Бұл баяғыдан бері деген мағынаны береді. Сонда қазақтың баяғысы сонау сақ кезі емес пе? Қазақтың сақ ұғымын беретін басқа да сөздер бар. Әлі оларды да зерттеу керек...»

Кенет оның есіне былтыр бір қызметкермен сөйлескені түсті. Ол Күнтуарға:

— Мен сізге таң қалам,— деген,— өте дарынды адамсыз, ал мынызды тіпті керегі жоқ зерттеулерге жұмсап жүрсіз. Жарайды, сіз қазақ жерінде осыдан он мың жыл бұрын қандай ел тұрғанын, оның мәдениеті қандай болғанын шешіңіз. Содан не табасыз? Оның бәрі қайтып оралмайтын өшкен дүние ғой. Тіпті ешкімге керегі жоқ.

Күнтуар жер бетінде мұндай топас, адамзаттың тарихына осыншама тар қарайтын кісі бар деп ойламаған. Ананың сөзінің дұрыс еместігіне көзін жеткізетін қонымды дәлелдер іздеп сәл кідірген.

— Сен өткен өміріңді ойламайсың ба?— деген аздан кейін.— Біреудің істеген жақсылығын, жамандығын, өзіңнің қатеңді, табысыңды есіңе түсірмейсің бе? Солар арқылы алдағы уақыт-

та жақсаруыңды, ұстаған мақсатыңа жетудің жолын іздемейсің бе?

— Әрине өткен кездерімді үнемі еске түсіремін.

— Ал оларды тіпті ойламау үшін не істер едің?

— Жоқ, оларды ойламау тіпті мүмкін емес. Ол үшін адам біржолата ақылынан адасуы, не жазылмайтын ұмытшақтық ауруға шалдығуы керек.

— Сонда сен, өткенін есіне түсірмес үшін бүкіл адам баласы ақылынан адассын, не ұмытшақтық ауруға шалдықсын демексің бе? — деген Құнтуар.— Жоқ, жігітім, адам баласының өткені мен бүгінгісі, біле-білсең ертеңі үшін керек. Сол себептен де мен, сол адам баласының жадынан шығып кеткен заманларын есіне түсіргім келеді. Сол арқылы шамама қарай оның болашағына өз үлесімді қосуды арман етем.

Қазір Құнтуардың есіне осы әңгіме түсті. «Оқыған, адам деді ол әлгі жігітті есіне қайта әкеліп, біздің Михайлов құрлы өткенді зерттеудің неге керек екенін түсінбейді. Бұл жалғанда сондай ақымақтар көп. Солар аз болса, дүние шіркін қаншама кең түсер еді?»

Құнтуар табылған заттарды зерттеуге шұғылданған күннен бастап, Михайлов өзінің серіктерімен, археологтың тапсырмасы бойыша бұрынғы тас қабырғаларды топырақтан аршуға қайта кірісті. Бірақ неге екенін өзі де білмейді, өзге жолдастары дем алуға кетсе, бұл, бірдемесі қалып қойғандай тастап кеткен ескі зиратқа әлсін-әлсін келе берді. Осы зираттың қабырғалары бір құпия сырды жасырып тұрғандай, әрбір сүйем жерін, өткір ұшты лом темірмен ұрып тексере бастады. Бірақ ештеңе табылар емес. Сонда да ол осы зираттың үстіне әркайсысын бір адам көтере алмайтын, төрт тасты неге салғанын ойынан шығара алмады. Және ол тастардың үстін тағы топырақпен көмген. Михайловтың басқа бір ойлағаны: зират үстіндегі бір метрдей жердің соншалық қаттылығы. Оған бұл жер су түбі болғандығынан емес, көне адам осындай тастай етіп оны әдейі істегендей көрінді. Бұлардың бәрі не үшін? Мүмкін анау көмілген кісі көне адамдардың көсемі шығар. Қойылған жерін ұмытпас үшін зиратының үстін әдейі таспен бастырған болар? Бірақ өйтудің қанша қажеттігі бар? Зираттың қай жерде екенін екі жағындағы балбалалар айқайлап айтып тұрған жоқ па?

Сайып келгенде Михайлов бұл тастар текке жатқан жоқ деп шешкен. Және тағы бір ойлағаны: «Катакомбадағы өлікке о дүниеде керек заттары мен оның жанын қинауға келген әзірейілдер көріп, өлікті қинауды ұмытып кететін алтын, күміс дүниелері қайда? Мүмкін тас айбалта мен тас құмыраларға қарағанда бұл Тас дәуірінің зираты болар, әрине онда алтын, күміс табылмауы мүмкін, бірақ зираттың үлгісі археологтың

өзі айтқандай катакомба мәдениетіне ұқсас қой. Онда зираттағы өлікке керек қазна болуы күмәнсіз» деген үміт еді.

Бүкіл қабырғаларды шұрқ-шұрқ етіп тескен Михайлов енді адам сүйегі жатқан қуыска (демоска) кіріп, сом темірмен қуыстың аяқ жағын ұрғылай бастады. Екі-үш рет ұрып еді, кенет ломы бір темір затқа тигендей шақұр-шұқыр етті. Археология заңы бойынша мұндай жағдайда қымбатты мұраны бүлдіріп алмас үшін темір құралды пайдаланбауы керек. Михайлов ломын тастай салып, топырақты қос қолдап өзіне қарай тырнай бастады. Сірә қуыстың төбесі құлап түскен болуы керек, жердегі топырақтар жұмсақ екен, бір жарты сағаттан кейін аржағынан тағы қуыс шықты. Қуыстың ішінен жалт-жұлт еткен бірнеше алтын заттар көрінді. Михайлов дереу қуысты қайта жапты да, жүгіріп Күнтуарға келді.

Бір сағаттан кейін ескі зираттан қанжар, кесе тәрізді алтын, күміс, тағы басқа көптеген заттар алынды. Бірақ біреуі де сақ дәуірінің кезіндегідей «тағы аңдар стиліне» тікелей ұқсас емес боп шықты. Әсіресе үлкендігі жұмырықтай, қырлары сол аңайы калпындағы, табиғи қызғылт алтын Күнтуарды ойға қалдырды. Егер бұл зиратқа шын сақ көсемі қойылған болса, онда мына сом алтынға ең бейнесі сөзсіз салынар еді. Ал көне адамдар бұны сол жер астынан табылған калпында зиратқа өлікпен бірге көмген. Бұл қалай?

Күнтуар енді алтынды қолына алып тұрып жымия күлді.

— Енді Ергазылар біздің экспедицияны бәлен жылдан бері үкімет ақшасын боска шығарып жатыр демейтін болды,— деді ол, сөйтті де Михайловқа қарады,— Василий Иванович, сен нағыз археолог болады екенсің, шын жүрегіммен құттықтаймын,— деді,— және өзіңнің бұл табысыңмен «алтын көрсе періште жолдан таяды» деген ұғымның жалған екенін дәлелдедің!.. Көп рахмет! Археологияда алтын емес, алтын заттың нені көрсететінін қымбат. Ал мынау заттар катакомба мәдениетінен бұрын бұл жерде Қола заманында тағы бір мәдениеттің болғанын дәлелдейтін тәрізді. Ол қандай мәдениет? Оны әлі келешек зерттеулер анықтар. Тек бұл заттардың Қола дәуірінің алғашқы ғасырларына жататынын даусыз ғой деймін...

— Онда тас айбалта мен тас құмыралар қайдан келді? Олар Тас дәуірінің белгісі емес пе?

— Иә, ол солай,— деді Күнтуар.— Бұл жұмбақты да шешерміз. Мүмкін мына зират Тас пен Темір, Қола дәуірлерінің түйіскен мезгілінің мұрасы шығар?

Алтыншы тарау

Арман әнеу күнгі рестораннан кейін Бибінікіне барған түннен бастап сол үйде тұрып қалды. Осының алдында ғана Бибінің әке, шешесі жалғыз қыздарына әдеттегісіндей біраз ақша

жіберген. Бұлардың енді «күнімізді қалай көреміз» деп опық жемей, уақыттарын көңілді өткізуге мүмкіндік туған.

Осылай олар бір жеті қапшен-қапсерсіз қызық өмір сүрген. Сегізінші күні Бибі:

— Все что здесь было — надо забыть... Арманка, давай уедем отсюда,—деген,— мои предки тебя примут с радостью!

Арман тағы жеңілтек мінезінен шыға алмады. Күнде ішу, ойын-күлкі, жаңа қосылған келіншектің ыстық құшағы, қылықты мінезі, енді оны қайғысынан алып қашқандай, азабын аз күнгі ұмыттырды. Оның үстіне Арманның өзі де дүниенің бұрын көрмеген дозағынан тезірек құтылғысы келді. Қанша арақ пен ләззатқа мас болса да, үй іші мен жұмысы кенет есіне түсіп кетсе, саса қалатын жігітке, Бибінің ұсынысы өткен күннің бәрінен оңай құтылатын бір табылған жол боп көрінді. Арман Қайрақтыдан кетуге тез көнді.

Үйіне келмей қойған Арманның Бибінікінде екенін білген Жаннат, намыстанып, күйеуін ізден бармады. Қайтсын деп кісі де салмады. Тек екі баласын кезек-кезек құшақтап, үнсіз жылаумен болды. Арманды қаншалық жақсы көретінін ол, енді ғана мықтап түсінді. Сөйтсе де өзі үшін күреспеді. «Мейлі» деп үйінде қала берді. Оншақты күн өткеннен кейін бір таныс әйелі келіп:

— Арман мен ана бір қуыршақ келіншек екеуі бір жаққа кеткелі жатыр-ау деймін, аэропортта шамадандарымен отыр,— дегенде де:

— Мейлі кете берсін,— деп орнынан қозғалмады.

Тек соңынан ғана, илеуге көне беретін саз балшықтай Арманның жігерсіз мінезін біле тұра, аэропортқа барып қолынан жетектеп үйіне неге әкелмегеніне өкінді. Әттең, әттең! Сүйген жүрек тым өкпешіл келеді гой, ақылға салуға да мұрша бермеді.

Бибінің әке-шешесі қыздарының жаңа күйеуін құшақтарын жайып қарсы алды. «Жалғызымыздың қызығы біздің қызығымыз» деді. Әңгімелескеннен кейін, Арманның Ерғазының баласы екенін біліп, әлі де көңілінің желі басылмаған, баттасқан бояуы бетінің әжімін жасырған Бибінің жасамыс шешесі тіпті құлай түсті. Бұрын ауыз толып айтардай қызметі жоқ, бар болғаны «ауыл мұғаліміне» қызының шыққанына ұнжырғасы түсіп жүрген желөкпе бишараға Бибісі өзінің тенін жаңа тапқандай көрінді. Енді жарасқан екі жастың қызметшісіндей бәйек болды да қалды.

Бибі мен Арман екі айдай қызметке кірмеді. Қызы мен күйеу баласы, «Қайрақты» секілді жүздеген жастар барып жатқан жаңа құрылыстан емес, бықынаған сары масасы қандарын сорып, дауыл, бораны көздерін аштырмай соғып, әбден мазалары

кеткен дозаққа айдауға барған жерінен әзер қайтқандай, Бибінің шешесі барын ауыздарына тосты. «Жұмыс деген не? Қолға түспей кететін бақыт емес қой. Михаттануға әлі уақыттарың жетер» деді ол балаларына. Күнде қонақ. Толып жатқан туған күндер». «Бірге оқығандар кездесуі» тәрізді той-думандардан бастарын ала алмады. Осылай, әр сағаты алтыннан қымбат өмір шіркін бостан бос өтіп жатты.

Әкесінің әлсін-әлсін қыңқылдауы әбден мазасын алған шешесінің:

— Өздерің ЗАГС-ке тұрып па едіңдер? —деген сөзіне, Бибі:

— Зачем ЗАГС? — деген айнаның алдында кірпігіне кірпік жалғап жатып.— Біз бір-бірімізді өте сүйеміз. Сол достаточно. Главное — махаббат.

Қызының сөзі көкірегіне қонса да, шешесі:

— Ол солай ғой,— деген.— Бірақ ерлі-зайыпты адамға арналған сондай заң бар.

— ЗАГС еш жаққа да қашпайды, біз алдымен бір-бірімізді изучить етуіміз керек. Бір-бірімізге ұнасақ тұрамыз... Ал өйтпей тіркелгенде ЗАГС-тан қандай пайда бар? Сендердің айтуларыңмен Жағыпаркамен ЗАГС-ке тұрып едім, не таптым?.. Бір марока. Әзер развод алдым.

Бөтен шеше болса: «Қарағым-ау, не айтып тұрсың, қосылатын қыз бен жігіт алдыменен бір-біріне ұнай ма, әбден көздері жеткен соң қосылмайтын ба еді? Ал күйеуге шығып алып бір-бірімізді зерттейміз деген қайдан шыққан сұмдық!» деп ұрсар еді, ал қызының келешегі емес, оның кімге болса да ұнайтын тұр-келбетін мақтан еткен Бибінің шешесі:

— Оның да дұрыс шығар,— деген.— Ал ЗАГС-мақсты әкең екеуміз де білген емеспіз. Құдайға шүкір ЗАГС-сыз да ерлі-байлы болып жиырма жыл тұрып келеміз. Тек друзьяларымыз: «Сәпекең, олай-бұлай боп кетсе, өмір бойы қызмет істеген жоқсың, пенсиясыз қаласың» деген соң былтыр ғана ЗАГС-ке бардық.

Осындай ойын-сауықта жүрген Арман, күні-түні құр ішіп-жеп, қыдырудан жалықты ма, екі айдан кейін Халық шаруашылық көрмесіне қызметке кірді. Бірақ, бұндағы жұмысы, бір мезет киялын жарқ еткізіп оятқан мүсін жасау тәрізді болмады. Алғашқы кезде аздап көңілін тартса да, әрі-беріден кейін мүлде жалықтырып жіберді. Жұмыстан тезірек кетуі, не бармай қалуы көбейді. Көрмеден көрі ресторандатуды жиілетті. Әрине, ішетін адамға қайда жүрсе де серік кездесе кетеді, бұнда да өзіне ұқсастар табылды. Ақырында, «көрме менің қолым емес екен» деп, заводқа ауысты. Завод әкімдері де алғашқы кезде «жас кадр, тәрбиелеу керек» деп ішуге құмарлығын көріп, ескерту, сөгістерді бере-бере, жалығып, сірә бір адамға осынша шара қолданғандарынан өздері де ұялған болуы керек, ақырында жұмыстан шығарып тастады. Он шақты күн жүріп,

Бибінің әкесінің арқасында Арман енді музейге орналасты. Бұнда да ол тұрақтай алмады. Жапалақпен ішіне сабан толтырған қара құстардың тұлыптары жүрегін айнытып, кол жууға берген спиртті жасырып ішіп, музей ісіне маманданудың орнына, күн-жүн боп азып-тозып, бұдан да шығып қалды. Өзінің су түбіне кетіп бара жатқанын түсінсе де, арақ-шарабын тоқтатуға күші жетпеді. Бибі де тоқта демеді. Оның өз шаруасы да көбейді. Бұрынғыдай Арманға көңіл бөлуге қолы тимеді. Осылай тағы екі-үш ай өтті. Бибінің шешесі де алғашқы күндегідей емес, бұған кейде қабағын түйіс қарайтын әдет шығарды. Әйелінің әкесіне «мені тағы қызметке орналастырыңыз» деуге бата алмай, жүдеп жүрген кезінде, театрға биші болып кірген Бибі бір күні:

— Надо нам расставаться,— деді бетіне кіремін жағып жатып, жай бір мағанасы болмашы сөз айтып тұрғандай беті бұлк етпей.—Мен өзімнің бақытымды таптым...

Ғажап! Бибі бұл құбыжық сөзді тікелей айтса да, Арман оны ешбір ренжусіз тыңдады. Ең болмаса мұндайда ойнай жөнелетін жүрегі құрғыр да селт етпеді. Түбі солай айырылатынын бұрыннан-ақ білгендей. Арман жарының сөзіне жайбарақат бас изеді.

Ол енді өзіне-өзі таң қалды. Осыдан екі-үш ай бұрын бірісіз-бірі бір сағат тұра алмайтын екі от жүректердің «сүйемін», «күйеміндері» қайда кетті? Жаннатты, екі баласын тастап Бибіге еріп келгенде, бұны шын сүйген секілді еді ғой. Ал бүгін сөйткен жарының «надо расставаться» деген ауыр сөзіне өкпелемсуі, күйінбеуі неден? Әлде бірін-бірі шын жақсы көрмеді ме?

— Саған қиын екенін білемін...— деді Бибі тағы жайбарақат.

— Қай жағының қиынын айтасың?

— Как не говори, все-таки мы любили друг друга... Және қазір сенің жолға ақшаң жоқ...— Бибі жай бірдемені саудаласып тұрғандай сөйледі.— Папам сенің үйіне қайтуыңа монетка береді...

— Рахмет...

Арманның дәл осы тұста қарсы қабырғадағы үлкен күзгіге көзі түсіп кетті. Өзін-өзі танымай қалды. Кешегі ішкен арағынан екі беті көнектей болып ісінген, көздерінің алды күлкілдеп тұр. Нейлон көйлегі уқаланған, жағасы кірлеген. Бір жақсысы, онысы көкшіл түсті болғандықтан біреу-міреу әдейі жақын кеп үңіліп қарамаса кірлеп кеткені алыстан бәлендей білінбейді. Оның орнына үстіндегі қара көк бастон костюмінің түрінен адам шошынарлық. Бір кездегі бастон костюм деген құр аты. Қыртыс-қыртыс, көптен өтектелмеген. Жағасында, жеңінде арақтың ба, төгілген тағамның ба, теңбіл -теңбіл дақ-таңбалары бар... Кенет Арманның жүрегі күйіп кетті. «Иә, бұл шешесінің өлерден үш ай бұрын алып берген костюмі еді. Осы костюмді кигізген күні бишараның қуанғанын көрсең! «Қалқам-

ау, саған қаракөк мата тамаша жарасады екен! Тіпті түріңді ашып жіберді ғой! Және ағылшындар өзін саған арнап тіккендей дәп-дәл! Игілігін көр! Жаннат жаным, ана бір көгілдір панбаркыт көйлегін киіп, екеуің театрға баратын болсаңдар, жұрт сендерден көздерін алмайтындары сөзсіз! Сендердей балалары бар анадан кім бақытты? Құдай, бұныңа да шүкіршілік!» «Нә, мынау сондағы костюм. Жаннат та бұны өтектеген сайын, бір жерін бүлдіріп алмайын деп әбден қысылатын. Сөйткен ана! Сөйткен жар! Ал мен болсам...» Ол енді бұрыштағы шағын әйнектің астындағы кішкентай столдың жанында боянып тұрған әйеліне қарады. Кешегі жақсы көрген кісімнен айырылғалы тұрмын-ау деп ол қабақ шытар емес. Тіпті қайғырмақ түгіл, мұңаяр да түрі жоқ. Сол баяғы жаңа салған суреттей жайнаңдаған қалпы, тұщық көзі мөлдіреп, дәнді ерні әлденеге қуанғандай сәл жымның тұр. Арман енді ғана бір сырды ұққандай болды. Нә, нә, бұл ұзақ махаббат үшін емес, қысқа ләззат үшін ғана жаралған әйел. Әр жазда шашақ ататын қызғалдақ тәрізді, әр ләззаттан құлпырады. Бұның нәрі өзгермес махаббат емес, өзгерімпаз ләззәт. Сондықтан да кешегі махаббатым өлді деп қапа шекпейді, керісінше, бүгінгі ләззәтым туды деп жайнай түседі. Бұл көп жылдық емес, бір жылдық өсімдік. Осындай әйел үшін жазықсыз Жаннатты қор еттім ғой! Кенет Арманның бойын қайдағы жоқ бір ашу қысып кетті. Ол орнынан асықпай түре келді де:

— Маған сенің әкеңнің жәрдемі керегі жоқ! — деді ананың жанына барып,— «Қайрақтыға» өзім де жетермін. Бірақ саған айтар сөзім: неткен қарабет едің! Тфу-у! — Ол Бибінің бетіне бір түкірді де есікке қарай жүре берді.

— Ту, Арманқа,— деді Бибі ешбір ашусыз мақтамен бетіндегі түкірікті сүртіп жатып.— Өзің қандай мәдениетсіз едің, кремімді бүлдіріп жібердің ғой!

Арман өгей әкесінің бір танысынан акша алды да, самолетпен Қайрақтыға қайтты. Күн тағы тымырсық ыстық еді. Самолеттен түскеннен кейін автобус аялдамасына барып орындыққа отырды. Қалаға жүретін екі-үш автобусты өткізіп жіберді. Қайда бармақ? Өз үйіне ме? Арман терлеп кетті. Қай бетімен ол үйдің есігін ашады? Тұр болса мынау, істеген қылығы анау. Жарайды, беттің арын белге түйіп, өз үйіне келген күнде Жаннат кіргізбей жүрсе не істейді? Не Арманға өкпелеп Жаннат бөтен біреуге ерге шығып кеткен болса, қалай есігін қағып жүреді?» Ол ботинкасының ұшымен жерді шұқылап күрсіне берді. «Расымен қайда барады? Барар жерің жоқ болса, қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтер. Осы арада жат та өл!»

Басына кенет келген осынау жексұрын ойдан Арман шошып кетті! «Жоқ, жоқ,— деді ол үркіп,— өлуге болмайды! Болмайды!

Әлі жаспын, қызық көргім келеді? Өмір сүргім келеді! Ту, қайдағы жоқ пәленің қайдан миыма кірді?!»

Арман әрі ойлап, бері ойлап Жақсыбайдың үйіне бармақ болды. Айлас қатын мұндас, ол Жақсыбайдан бөтен, мұның қазіргі жағдайын ұға қоятын адам жоқ деп ұйғарды.

Жақсыбай үйінде екен. Бұл оның тағы бір әйел алып, одан айырылып әлі үйленбеген кезі еді. Жақсыбай сиқы кеткен Арманның үйіне келгенін ұнатқан жоқ. Және ескі досының бейнесінен қалтасында бір тиыны жоқ бишара екенін түсініп, одан тезірек құтылғысы келді. Бірақ не дегенмен де бір кездегі жолдасы ғой, «кет» деуге дәті бармай, шайын қайнатып, алдына кешегіден қалған азғантай арағын қойды.

Арман жартылай ішті. Бойы жіпсіп, көңілі сәл көтерілейін деді. Басынан өткен оқиғаның бәрін айтып келіп, ол:

— Жұмысқа кіріп, орныңып алғанша, сенің үйіңде тұра тұрайын,— деді тақа бата алмай, қысылып.

— Тұрсаң тұр,— деді Жақсыбай бірден «болмайды» деуге тағы ретін таба алмай.— Бірақ былай ет: кей күні, мүмкін күн ара, сен түнгі сағат оннан сағат бірге дейін үйде болма. Көшеде қыдырып жүрерсің... Жарай ма?

Бұл уақытта неге үйде болмаудың керегін түсінген Арман:

— Жарайды.— деді.

— Бүгін де сөйтерсің...

— Жарайды.

Жақсыбай күндіз үйінде болмайды. Газет, радио, телевидение редакцияларын шыр айналады. Өзінің еңбектерін орналастырудан қолы босамайды. Мәдениет сарайлары, клубтарға барып толып жатқан драма, ән-күй, би үйірмелеріне либретто, интермедия, сценарий, скеч, конферанс жазуымен жүреді. Әйтеуір акша табумен әлек. Ал қалтасына бірдеме түссе, қайдағы жоқ бір дудар бас әйелді тауып алып, ресторанға апарады. Артынан үйіне әкеледі. Әбден әккі болып алғандығынан ба, өзіне керек адамды ол анадайдан таниды. Және еш қателеспейді.

Арман екі-үш күндей, Жақсыбайдың айтқан түнгі сағат оннан бірге дейінгі кезден өзге уақытта, тіпті үйден шықпай қойды. Өзі өз болып бірінші рет көйлегін жуды, костюмін өтектеді. Бетінің ісіктерін, көзінің алдының көгергендерін жоюға тырысты. Содан кейін барып, қайда жұмысқа тұруды ойлай бастады.

Жолдасының әдетімен түнде үйден шығып кеткен Арман қайда барарын білмей, қараңғы бір көшемен беті ауған жаққа келе жатқанында, түнгі сменадан қайтқан Ақметкалимен бетпе-бет кездесіп қалды. Көрмеген адам боп жанынан өте берейін деп еді, ескі жұмысшы оны бірден танып, білегінен ұстай алды.

— Ау, сен Арманжан емессің бе-ей?! — деді Ақметқали қуанып кеткен үнменен. «Арманжан!» — жігіттің жүрегі кенет удай ашып кетті. Жаннат үнемі оны «Арман» дейтін, ал Бибі ылғи «Арманка» деп атайтын, «Арманжан» деп еркелететін тек анасы ғана болатын.

Осы бір жүрегіне үнемі жылы тиетін, ал қазір ұмытылуға айналған «Арманжан» деген сөз енді мына көрі жұмысшының аузынан шығып тұр. Кенет Арманның көз алдынан пыр-пыр ұшқан құстардай сонау бір тәтті, анасы үнемі «Арманжан» дейтін бақытты шатты күндер, біржолата бұлттан асып ғайып болып бара жатқандай сезінді. Көзінен ыстық жастың қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Өзін жақсы көретін жұмысшының бетіне қарай алмай, басын жерден көтермей, даусы жаска булығып:

— Иә, Ақметқали аға, менмін ғой,— деді.

— Әйтеуір аман-есен жүрсің бе өзің? Қайдасың? Бала-шаған қалай, бәрі тегіс аман ба? — Шебер сұрақты үсті-үстіне топырлатып, шыдай алмай барады.

Арман үндемеді.

— Ау, неге үндемейсің? — деді жұмысшы.

Ай селдір бұлттан қайта шықты. Ақметқали Арманның бетіне тесіле қарады.

— Өй, өзің жүдеусің ғой? Не болып қалды?..

— Құдай ұрды ғой мені, Ақметқали аға,— деді Арман сол жерге қараған калпынан басын көтермей...

— Иә, жөнделе қоймайтынынды өзім де сезіп едім, бірақ дәл қазіргідей су түбіне кетердей күйге жетер деп ойламап едім. Ал айтшы, не болды?

Екеуі енді қараңғы, тыныш көшені бойлай қатар жүрді. Арман басынан өткенінің бәрін тегіс айтып берді:

— Менің жағдайым осылай,— деп кинала сөзін бітірді.

Ақметқали ұрсарын да, аярын да білмеді. Бар болғаны:

— Япырмай, япырмай... — деп берді.

Олар тағы біраз жер жүрді. Қәрі жұмысшыда үн жоқ. Қабағы карс жабылып кеткен. Әлден уақытта барып:

— Шырағым, не айтарымды білмей келе жатырмын,—деді,— бір кемпір айтқан екен «қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» деп. Ұрысайын десем аяймын, менің сөзімсіз де жетісіп жүрмегенінді ұқтым... ұрыспайын десем істегенінің бәрі күнә... Күнә емес-ау қылмыс... Адам бірақ ұрысқанмен жөнделе ме? Мың жерден ұрыс, егер өзіне-өзінің жаны ашымаса, ақыл конбайды.

Ол тағы үндемей қалды. «Не айтса да көне берейін» дегендей Арман лəм-мим деп жауап қайтармады. Тағы біраз жер жүргеннен кейін Ақметқали:

— Біздің заманымызда адам өз тағдырына өзі кожа ғой,— деді,— жақсы болу, жаман болу бәрі өзіннен. Рас, құс жеткен

жеріне қонады, біреу үлкен ғалым, не үкімет қайраткері болады, ал басқа біреуі сол жұмысшы қалпында қалады. Жұрттың бәріне министр болу арман ба? Арман — әркім өз орнында керекті адам болуы. Егер мамандығынды игерген жұмысшы, не оны суретші, мүсінкер болсаң, мұның өзі қандай мақтарлық іс. Кісі жаны құмар жұмысынан айрылмауы керек. Анада шешеннің мүсінін тастан жасағанында мен өте қуанып қалып едім. Жігітім өзін тапты, енді адам болады екен деп. Ал сен...

Ақметқали ренжи қолын сілтеді. Тағы ол біраз уақыт сөйлемей қойды. Арманда әлі үн жоқ. «Иә, иә, сол бір мүсінді жасап жүрген кезде, өзіне бір қанат біткендей тәрізді еді.Әлде ол шешесінің мүсіні болғандықтан ба еді? Жоқ, әлі есінде жас бала кезінде бар жақсы көретін ойыны балшықтан кісі, аң, үй істеу еді ғой. Кейде тіпті, әрі-беріден соң өзге балалар жалығып кетіп қалғанда да, бұл сол саз балшықты илеп, ойлаған ат, қоян секілді бейнелерін жасап ымырт үйірілгенше отыратын. Оның сондағы құмарлануы, мүмкін, өзінде мүсінкер дарыны болғандықтан шығар? Жоқ, бұнда ешқандай дарын жоқ, адам бала кезінде не нәрсеге әуестенбейді, ұшқыш та болғысы келеді, тарзан боп қасқыр, жолбарыс арасына кетуге де бар. Ал дарыны шын бар болса, ол қайда кетті? Дарын адамның еркіне қоймайды, сол құмар ісіне өзіңді жетектеп отырады дейді ғой жұрт. Әлде сол дарының арақ құмарлығы жеңіп кетті ме? О да мүмкін... Кітаптан сан оқыған, талай талантты адам, сол құрып қалғыр ішімдіктен қор болған... Соны біле тұрып, аракка осыншама берілуі қалай? «Арман енді осы ішімдіктен дереу құтылмақ болды. Бірақ арақ құмарлық адамға бір жабысса желім тәрізді қатты жабысатынына ол әлі мән бере қоймаған...

— Сосын,— деді Ақметқали сөзін кенет қайта жалғап,— балалы-шағалы бола тұрып, сырты сау бояулы тотықұс тәрізді бір әйелге еріп, адал жарды тастап кету деген не сұмдық? Махаббат дейтін шығарсың? Онда бірінші әйеліңді қалай алдың? Оны да сүйіп алған жоқ па едің? Сүймесең неге алдың? Жоқ, шырағым, сенікі махаббат емес, махаббатпен ойнау. Махаббат жел қалай қарай соқса, солай қарай қисая жөнелетін әтештің құйрығы емес. Жоқ, шырағым, ондай махаббат болмайды! Шын сүйсең, мейлі ол әйел тіпті төрт аяқты хайуан болып кетсін-ақ, сен оны оп-оңай жек көріп, тастап кете алмайсың. Махаббаттың күшінің өзі осында, оның жүрек ауруы тәрізді оңай жазылмайтындығында. Сенікі әрине, махаббат емес, тек еліктеу. Міне қазір одан айырылдың ғой, бірақ өлген жоқсың. Егер сол кезде де өзіңді-өзің сондай көрсе қызарлықтан, өлердей боп еліктеуден ұстап қалған болсаң, бүгінгідей ауыр халге ұшырамас едің. — Сосын Ақметқали Арманға тағы өкпелей қарады.— Балаларыңды қалай қиып тастап кеттің? Қазақ баланы бауыр етінен жаралған дейді. Кей адам әйелінен айырылса да, балаларынан айырыла алмайды. Ал сен...— Ол қолын бірақ сілтеді.— «Баланың қадірін

балалы болғанда білерсің» дейді баяғы бір сол қазақ. Сенің балаларың өзгелердің балаларындай бауыр етіңнен жаралмап па еді? Әлде өзің жас болған соң олардың қадірін білмедің бе? Тастап кету себебің неде? Әлгі бір әйелді жақсы көрген соң, балаларыңды да құрбан еттің бе? Жоқ, шырағым, бар себеп сен балаларыңды жақсы көріп үйренбегенсің. Бала адамға құр өзінен туғандығынан ғана ыстық емес, оны кішкентайынан бауырына сап тәрбиелеп, жақсы көре білгендігінен ыстық.

Арманда әлі үн жоқ. Тек Ақметқалидың сөзінен іші өртеніп барады. «Япырмай, расында да солай екен-ау, екі баланы анда-санда сүйгені, киіндіргені, не әлдеқалай ойыншықтар алып бергені болмаса, олар үшін кәдімгідей қиналып, не ойланып көрген емес. Бар тәрбиелері, ауырып, сырқап қалса бағып-қағуы, далада көп ойнап үйге кірмесе, ізден әкелуі, өздеріндей балалармен төбелесіп мұрындары қанаса ренжуі, ашуланып қайғыруы — бәрі Жаннаттың мойнында еді ғой. Әрине, балаларымды жек көрген емеспін, бірақ олардың маған ауыртпалығы, қайғы-қуанышы, тәрбиесі тікелей мойныма түспегендіктен, мен өзімді әркашан да өгей әкедей алыс ұстағаным хақ... Сондықтан да менің ойыма олардың көп түспеуі. Сондықтан да мен оларды оңай тастап кеткен тәріздімін!»

— Ал семья, үй іші деген не? — деді Ақметқали тағы оған ренжи қарап.— Егер көңіліңе ойың, махаббатың, табысың оларға емес, бәрі бөтен жаққа, сыртқа, қайдағы жоқ біреулерге ауар болса, ондай семьяда еңбір бақыт жоқ. Ал бақытсыз семьяның берік болмайтыны ежелден аян. Сен шу дегеннен семьям бар-ау, солардың бүгінгісі де, болашағы да менімен байланысты-ау деп әйелің туралы, балаларың туралы бір ретте мықтап ойланып көрмегенсің. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп, әке-шешеңнің саған деген махаббатын теріс пайдаланып, тек киініп, ішініп, ресторан, карта, ойын, күлкіге көбірек беріліп кеткенсің. Мұндайда қандай семья, қандай махаббат! Семьямды асыраймын деп мандайың терлеп жұмыс істемесең, жаныма маза бермей жүр деп бойыңа біткен өнер, дарыныңды ойламасаң, қайдан адам боласың! Қайдан түтін түтетіп, жар сүйіп, бала құшақтап үй боп отыра аласың! Осының аяғы апарып міне енді сені жар басына әкеп тұр...

Бағанадан бері үндемей келе жатқан Арман енді ғана тіл қатты. Ол ауыр күрсініп:

— Бәрі дұрыс... — деді.— Тек сол жар басынан тұңғиыққа құлау ғана қалған секілді.

— Жоқ, құлаудың қажеті жоқ! — деді ұрсып Ақметқали.— Әлі жассың... Рас, аз шатысқан жоқсың, бірақ жөнделуге әлі де болса уақытың бар. Өмірді қайтадан баста! Жұмысыңа кір, семьяңмен қосыл.

— Егер оған Жаннат көнсе?.. Сорлыны аз қинаған жоқпын ғой.

— Иә, ол солай тәрізді. Бірақ махаббаттың не екенін міне осыдан ұғуға болады. Егер Жаннат сені шын жақсы көрген болса, сенімен қайта қосылады.— Ақметқали ақырын езу тартты.— Ондай жас, көрікті, ақылды адамға қашан да болса күйеу табылады. Сенің мына қылықтарыңа сәйкес әлі де ерге шықпай отырғанына қарағанда, ол сені жақсы көреді...

Арман қалай дауыстап жібергенін өзі де сезбей қалды.

— Ол, расымен әлі де ерге шықпап па?

Ақметқали жігіттің даусынан бір орасан қуаныштың үнін естіді. Енді ол анық күлімсіреді.

— Жұрттың бәрі сен дейсің бе, көрінген көгершіннің қанатына жабысатын.

Екі күннен кейін Ақметқали курортқа Қырымға жүріп кетті. Бірақ жүргеніңше Арманды бұрынғы жұмысына орналастырып үлгірген. Арманның семьясына қосылатынына да ол күмәнданбаған. Оның бұрынғыдай емес, жұмысына да ұқыпты қарайтынына шек келтірмеген.

Тек карт жұмысшы бір-ақ нәрсені білмеді. Арман махаббат азабынан құтыла алғанменен, ішімдік азабынан құтыла алмайтын кесел екенін аңғармады.

Ал ол бұрынғы өз орнына қайта кіргеніне қуанышты еді. Шамасы келгенше жұмысын істеп, есін жинап алуға бел буған. Сосын барып Жаннатпен сөйлеспек болған. Сондықтан да Арман барынша тырысып арақ-шарап ішпей өзін-өзі ұстап баққан. Бірақ бір айналдырған қырсық, адамды шыр айналдыратын әдеті, заводта он бес күн істеп, алғашқы жалақы алған күні, Жақсыбай оған:

— Менің үйімде кештен бастап, осында ауданнан қысқа курсқа келген мәдениет сарайының бір методист әйелі пәтерге тұрады, жатақханада жатқысы келмейді,— деді,— сен енді бөтен пәтерге көш....

Сол күні кешке таман Арман барын үстіне киіп далаға шықты. Қайда барады? Завод жатақханасы жоқ. Бойдақтарға салынып жаткан үй бүгін-ертең бітеді деген. Оған шейін кімдікінде бой тасалай тұра алады? Әлде тәуекел деп өз үйіне барса ма екен? Жоқ, өйтуге болмайды! Күні бұрын Жаннатқа кісі салып ыңғайын білу керек.

Арман, не болса да, ең алдымен ресторанға барып тамақтанып алуды жөн көрді.

Мұнда келгеннен кейін ол, басқа барар жері, басар тауы болмағандықтан, ресторан жабылғанша сыра ішіп отыра тұруды ұйғарды. Одан кейін түн болса қысқа ғой, үйіне бірге апаратын біреу-міреу табылмаса, қалалық бақшаға барып түнеп шықпақ болды.

Үйіне бұны ертіп апаратын ресторанда ешкім кездеспеді. Амал жоқ Арманға әліде отыра тұруға тура келді. Жүдеу көңілін жөндеймін деп, ол енді сыраға қосып арақ та ішті.

Ресторан жабылып, шамы сөніп, бұны күзетші коридордан шығарып жібергенде Арман аяғын әзер алып жүретін мас еді. Ол қалалық бақшаға жете алмады. Қайда барарын білмей, жанын жеген қайғыға мастық қосылып, Арман енді салының жатқан бір құрылыстың қоршауының жанына келіп жата кетті.

Жұрт жұрмейтін уақыт, қоршаудың қара көлеңкелеу бір тұсына пальтосын шешіп, астына салды да, ұйықтамақ болды. Тек көзі ілігіп бара жатқанда кенет шешесінің: «Қалқам, Жаннатжаннан айрылма, Жаннаттан айырылсаң мына ішімдікке құмар мінезіңмен, бір қораның түбінде құлап қаласың» деген сөзі есіне түсті. Мас болса да жүрегі тағы күйіп кетті.

Бірақ мастық жеңді.

— Иә, иә, бір қораның түбінде қаласың деген міне осы... деп сөйлеп жатып ұйықтап кетті...

Бір сағаттан кейін серік қыздарымен түнгі жұмыстан қайтып келе жатқан Жаннат дәл үстінен шықты.

Арманның Бибімен жүріп кеткенін естігенде, Жаннаттың кеудесінен шыкпаған құр жаны қалған. Екі баласын кезек-кезек бауырына қысып, тек екі көзіне ғана әлі келген. Сол күні оңашада өксіп-өксіп жылап, қайғысын балаларынан жасырып, көзі таң атып келе жатқанда әзер іліккен. Содан бері кеше ғана жалтжұлт етіп жайнап жүрген жас әйел, екі ұрты суалып, құрт ауырдай, жүдей түскен. Күйеуі тастап кетті, жаксы көретін енесі қайтыс болды, ал ақыл айтатын қайын атасы әйелі өлісіменен өзінің жас хатшысына үйленіп өз жайына қалды. Өгей әке өгейлігін істеді. Енді кімге барып акылдасар? Кімге мұңын, жоғын айтар? Оның үстіне екі баланы асырау керек, ал өзінің алатыны да белгілі. Кеше, айдың көлдің аққуындай сыландаған жас әйелдің бүгінгі басына төнген кара бұлты, қайғысы, расында орасан ауыр және тым жан күйінерлік еді. Бұған мұндай жағдайды көрмеген жас шіркін, қараңғы түнде жол таба алмаған жолаушыдай жанталасты. Қайғырды. Қапа шекті. Бірақ өмірдің аты өмір, ол кімді болса да өзінің тегеурінді тілегінен босатпаған. Қайғылыны да, касіретін де. Жаннат та қанша көңілі нала, бауыры жара болғанмен өмірдің сол темір заңынан құтыла алмады, тіршілік үшін күресуге мәжбүр болды. Әсіресе екі баласының жағдайын көп ойлады. Қайғыдан адам өлген бе, Жаннат та өлген жок. Қаны қашып, сүзектен тұрғандай жүдеп жүрсе де, жұмысынан қалмады, балаларын да уақытында балалар бақшасына апарып, күнделікті өмірдің әрекетін ұмытпады.

Осындай бір күні Жаннат өзімен бірге жұмыс істеп жүрген бір жесір әйел екеуі театрға барды. Арман кеткелі жарты жылдан асканнан бергі, бұл оның ең алғашқы көңіл көтерейін деп кешке Мәдениет сарайына барғаны еді. Жастың аты жас қой, жұрт көзіне көріне қалғалы сылана киіне қоймағанмен, біркелкі

өзінің үсті-басына да қарағаң. Жүдеген ақшыл жүзін үстіндегі қара панбаркыт көйлегі аша түскендей еді. Ұзындау, жұп-жұмыр аппақ мойнына салған меруерт алқасы, кеудесі сәл ашық көйлегіне жараса кеткен. Оқтаудай дүп-түзу балтырлы аяғына биік өкшелі қара туфли киген. Қысқасы, киген киімі, бояусыз ақшыл бетті, қара судай тұнып жатқан мұңлы көзді жүдеу сұлудың сырт бейнесін біркелкі түрлендіріп жібергендей көрінген.

Мәдениет сарайының драма үйірмесі артистерінің қойған «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» бірінші актысы біткеннен кейін бұлар фоэге шыққан. Жаннат:

— Жүр,— деді қасындағы әйелге,— буфетіне барайық, Дәулетім мен Сәкеніме бірдеме алайын. Сен де балаларына ұнатқаныңды ал. Олар біз келгенше ұйықтамай күтіп отырады ғой...

Бұл екеуі буфетке қарай аяндады. Дәл осы сәтте Жаннатқа қарама-қарсы бір жігіт кездесе кетті. Ұзын шашы иығына түскен, талдырмаш бойлы... Жаннаттың жүрегі әлденеге дір ете қалды. Жігіт әдеттегісіндей бірдемені ойлай төмен қарап келе жатқан. Бұл Дәниел еді.

— Дәнеш! — деді Жаннат кенет. Аузынан жігіттің атының қалай шыққанын өзі де аңғармай қалды.

Дәниел басын көтеріп алды. Бірдемеден қысылып қалғандай екі беті қып-қызыл болып кетті.

— Жаннат,— деді ол кенет алқына, қинала, әзер сөйлеп.

Бұл екеуінің Қайрақты экспедициясында соңғы рет жолыққаннан бері ең алғашқы кездесулері еді.

— Қайғыға ортақпын,— деді Дәниел не деуге білмей, сол абыржыған қалпында. «Қайғыға ортақпын» дегенімді күйеуінен айрылғанын айтып тұр ма деп ойлап қалар деп қорқып, ол кенет асыға сөйледі.— Ақгүл апай бір тамаша адам еді ғой, өзім үйлеріңе барып көңіл айтамын ба деп едім, ретін таба алмадым.

— Қайтыс болған адамға көңіл айтуға қандай рет керек?— деді Жаннат жүдеп.— Өзің қашан келдің?

— Үш күн болды...

Жаннат енді не дерін білмей тоқтап қалды. Кенет Дәниелден «үйлендің бе?» деп сұрағысы келіп кетті. Бұрынғы Жаннат болса әрине сұрар еді. Ал қазір...

— Қашан қайтасың? — деді бөтен сөз таба алмай.

— Біраз боламын. Сактар туралы бірінші кітабым шыққан. Соны папама алып келдім. Және екінші кітабыма материалдар жинамақшымын...

— Кітабым шықты дейсің бе? Құтты болсын! — Жаннат кенет жалына сөйлегендей болды.— Маған біреуін бермейсің бе?

— Әрине, әрине, беремін ғой.

— Қашан?

— Қазір жанымда жоқ. Ертең үйіңе әкеп берейін.

— Үйге дейсің бе? Жақсы. Мен ертең түстен кейін үйде боламын. Адресімді жазып ал.

Дәниел төмен қарады.

— Адресіңді білемін...

— Жоқ, біз үлкен кісіден былтыр бөлінгенбіз...

Дәниел басын көтермеді.

— Жаңа адресіңді де білемін.

Дәниелдің әлі күнге дейін Жаннатын ұмыта алмағаның бұл қайдан білсін! Былтыр Дәниел әкесінің экспедициясына келгенінде, Армандардың бөтен үйге шыққанын естіген. Жаннатты сыртынан болса да бір көріп кетейін деп, жолдастарынан адресін сұрап алып, үйі тұрған көшенің арғы жағымен екі сағаттай ерсілі-қарсылы жүрген. Бірақ Жаннат көрінбеген. Үйіне кіруге бата алмаған. Сөйткенше ымырт та үйіріле бастаған. Түнде Алматыға жүруі керек еді. Енді амал жоқ, Жаннатын тіпті сыртынан да көре алмай, жүрегіндегі оған деген оты бұрынғысынан да өрши түсіп, қайғылы мейманханаға қайтқан.

— Білсең... кел. Мен күтемін,— деді Жаннат сол баяғы жүдеу үніменен.

Дәниел қоштасып кетіп қалған. Жаннат пен әлгі жас жігіттің сөйлесулерінің куәсі болған жанындағы серік әйелі:

— Әлгі жігіт кім? — деген күліп Жаннатқа.— Көзінен көрініп тұр, өзі саған өлердей ғашық қой...

— Иә, бір кезде ғашық болған...

— Жоқ, қазір де ғашық. Саған кездескеннен-ақ кеудесіндегі қаны бетіне теуіп, көрдің бе, бір сұрланып, бір қызарып әлек болды де қалды?

Ертенінде Дәниел Жаннатқа уәделескен уақытында кітабын әкеп берді. Жаннаттың үйінде кешегі Мәдениет сарайында көрген бейтаныс әйел отырған соң, жөндеп сөйлесе алмай кетіп қалды. Бірақ әкесінің экспедициясынан қайта оралғанда Жаннаттікіне тағы келмек болды. «Ертең жүрем,— деді ол,— көп дегенде о жақта бір айдай боларсын».Бұл келгенше Жаннат кітапты оқып шығуға уәде берді.

Әрине, Жаннат кітапты сол күні оқи бастады. Оқыған сайын романға құмарлана түсті. Томиристың Арпардависка деген опасыздығы жанын күйдірді. Жаны оның жай ғана күйіп қойған жоқ, сонау рахымсыз патша әйелдің Арпардависка істеген опасыздығынан кенет Дәниелге істеген өзінің қиянатын таныды. Кітаптың әр беті жүрегін қанжоса етіп тырнап, Дәниелге өзінің істеген қиянатының қандай ауыр екенін мойнына алды. Ал сүйген әйелінен айырылған Арпардавистың қайғысын, көңілінің күйрегенін жазған беттерін оқығанда өзіне деген Дәниелдің махаббатын, өзінен айрылып, өшпес қайғыға ұрынған, бала жастан бірге өскен аяулы жолдасының жан күйігін түсінді.

О, ұлы көркем сөз! Ғажайып кітап беттері! Осыдан бес жыл бұрын өткен Дәниелдің трагедиясын, жан күйзелуін, онымен қа-

тар өзінің опасыздығын, қатесін қайтадан алдына тартты! Өз қылығынан жаны күйініп, жерге кірердей боп қорлана, Дәниелдің қасіретінен оны аяп ағыл-тегіл боп жылады. Романның тағы бір ғажабы: сонау бес жүз бет кітапта Жаннаттың көңілін қалдырар, не арына тиер бір ауыз қатты сөз жоқ, тек өкініш, өкпе... Жаннат Дәниелдің үлкен жүрегін енді әбден түсінгендей болды.

Кітапты оқыған сайын Дәниелдің бейнесі үлкейе түсіп, өзінің адал, ақ жүрегінен шыққан ұмытылмастай мұңлы үніменен Жаннаттың көңіліне кенет бір шоқ тастап, енді оны өзіне тарта әкетіп бара жатты.

Бір айдан кейін Дәниел қайта оралды. Ертеңіне Жаннаттың үйіне келді.

— Кітабым ұнады ма? —деді.

— Ұнады,— деді Жаннат жауап қайтарып.— Кітабыңнан барлық кейіпкерлеріңнің жүрегін ұқтым.

— Арпардавистің де ме?

— Әрине.

— Оның Томиристы мәңгі сүйетінін де ұқтың ба?

— Әрине.

— Оның Томиристың күнәсін да кешіре алатынын түсіндің бе?

— Әрине.

— Оған дүниедегі ең үлкен бақыт Томириспен қайта қосылу екеніне көзің жетті ме?

— Әрине.

— Енді оған Томирис қандай жауап беруге тиісті?

— Оны кітабында өзің айтыпсың... Бұл жолы Томирис алғашқысындай емес, әбден ойланып жауап беруі керек, әйтпесе Арпардавис екі опасыздықты көтере алмайды депсің ғой.

— Иә, Арпадависка екі опасыздық тым ауыр тиері даусыз...

Иә, Жаннат енді Дәниел жайын қатты ойланатын болды. Оған деген сөнуге жақындаған бала күндегі достығы, жақсы көретіндігі, кенет қайта тұтанып, бір керемет жарық сәулеге айнала түсті. Бірақ Жаннат, жүректің бір соққанынан кеше Арманға ғашық болып, Дәниелді тастап кеткен, баяғы Жаннат емес. Ол қазір өзінің шыдамсыз махаббатынан таяқ жеген, қорланған қуанышты да, қайғыны да басынан өткізген Жаннат. Жаны қайтадан оттай күйіп, махаббат қайтадан құшағын жайып мазасын әкетер болса да, ақылға салып ойланудың керек екенін түсінетін, өзін сабырлылыққа жеңгізген әйел. Және Жаннат, әлі Арманнан ресми түрде айрылмаған. Оған қанша қатты өкпелесе де, ренжісе де, әлі Арманды екі баласының әкесі деп санайды. Сондықтанда Дәниелге деген жүрегі қанша жиі соға бастаса да, біржолата құлап кетпеді. Өзін-өзі ұстап қалды.

Дәниел Алматыға жүріп кетті. Ол кетіп еді, Жаннаттың өзі де түсінбес қызық жаңа басталды. Көңілі кенет, Дәниелге ауа түсті. Арманнан көрі, Дәниелді сағынатынын сезінді. Ал екі

айдан кейін Дәнеке қайтып келіп еді, екеуінің арасында Арман қайта тұра қалды. Өзінен біржолата «мен сағаң жоқпын» деген сөзді естігенше Жаннат Арманды тастап кетуге тағы қимады.

Бірақ Дәнеке де күннен күнге оның қиялын, жан сезімін өзіне тарта түсті. Осындай екі оттың арасында жанталасып жүргенінде, құрылыс қоршауының түбінде мас болып ұйықтап жатқан Арманды көрді. Бұл кездесу жүрек таласын шешті. Арманды аяп кетті. Өзі тірек болмаса, оның біржолата су түбіне кететініне шек келтірмеді. Сол мезетте жанындай жақсы көрген қайын енесінің бір күні өзіне: «Жаннатжан, Арманның табансыз мінезін білесің ғой, сенсіз құрып кетеді. Менің аруағым риза болсын десең, көзіңнен таса ете көрме!» деген сөзі есіне түсті.

Арманның масқара жатысын көрген Жаннаттың жүрегі қасынып жарылып кете жаздады. Қасындағы қыздардың көмегімен өлдім-талдым дегенде тұрғызып, кастарынан өтіп бара жатқан бір машинаны тоқтатып, әзер дегенде оны үйіне алып келді. Көзінен жасы ағып жүріп, Арманды ваннаға жуындырып таза киім кигізіп, бұрынғы өзі жақсы көретін қонақ үйіндегі тахта-диванына жатқызды.

Таң алакөленкеленіп атып келе жатқанда жанына келген Жаннатқа, бағана оянып, төсегінде көйлекшең отырған Арман:

— Кешір мені,— деді теріс бұрылып.

Жаннат үн-түнсіз столдың үстінде жатқан орамалды алып, ерінің көз жасын сүртті де:

— Жұмысқа баратын уақытың таяп қалды ғой. Сұр костюмің ана шкафта тұр,— деді,— мен шай дайындайын...

Жетінші тарау

Күнтұар өмірдің адаммен талай ойнағанын көрген. Біреу жасынан-ақ өсе түссем екен деп жанталасады. Әйгілі де, атақты да болғысы келеді. Жоғары орындарға отырып жұрт басқаруға да құмар. Ондай дәрежеге ұжданы да, қабілеті де жеткілікті. Тек сәті түспейді, жазмыш жібермейді. Өсу, өркею түгіл, болмашы баспалдақтан тайып кетіп, кейде тіпті төмен қарай құлдырайды. Ал мұндай арманнан аулақ, бар тілегі өзінің күнделікті жұмысы болған, адал еңбек істеп жүрген кейбіреу, ойда жоқ жерден жұлдызы көтеріліп, күтпеген дәрежеге жетеді. Қарап тұрсаң, бұндай адамның да қасиеті, білгірлігі алғашқылардан кем емес, жоғарғы орынға дұрыс қойылғаны анықталады.

Кеше ғана дала кезіп, су іздеп, тек шағын экспедицияны ғана алып жүрген Нұрәлі бүгін үлкен орталық мекемені басқарады деп кім ойлаған? Ал өмірбойы осындай дәрежеге құмар Пейілжан сол баяғы лаборатория меңгерушілігінен аса алмай-ақ қойды. Рас, ол доктор, профессор, және Әмірбек те аз жәрдемдескен

жоқ, тағдыр жазбаса амал бар ма? «Сүзеген бұқаға құдай мүйіз бермейді» деген міне осы.

Кеше Нұрәлі ескі мұғалімдерінің бірі Құнтуардікіне келген. Өзінің жоқ жерден үлкен қызметке ауысып Алматыға көшкенін айтқан.

Жақсы көретін жігітінің өскеніне қуанып қалған Құнтуар, бұның Өрікпен бір кездегі уақиғаларынан хабардар болғандықтан:

— Өзің үйленіп пе едің? — деп сұраған.

— Жоқ әлі,— деген Нұрәлі жауап беріп.— Осында биыл медицина институтын бітіретін Күнімжан деген бір жас келіншектен ойым бар... Жақында тағы сөйлеспекпін... Мәселеміздің қалай шешілетіні белгісіз...

Құнтуар оған бұдан артық бөтен сұрақ бермеген. Екеуі көп әңгімелескен. Нұрәлінің үлкен қызметке ауысқанын «мен болып қалдым» деп көкірек көрсетпегеніне қарт археолог іштей риза болып қалған. «Ел басқаратын жігіттер әрдайым Нұрәлідей кішіпейіл, ұстамды келсе жарасып тұрар еді» деп ойлаған ол тағы да. Оған өзі де көп әңгіме шерткен. Сол сырларының бірі етіп, көптен бері өзінің бір кездегі жақсы жолдастарының Арман, Жаннат тәрізді ұл-қыздарының не күйде екенін білмей жүргенін айтып, өкінішті екенін білдірген.

«Осы жолы Қайрақтыға барғаннан кейін, оларды әдейі іздеп тауып алып, керек десе колымнан келер жәрдемдерімді аямаймын» — деген сөзінің аяғында.

Кәрі археологтың сөзіне Нұрәлі де шат болып қалған. «Егер жұрттың бәрі осы Күнекендей жұрт қамын ойласа, қандай жақсы болар еді,— деген Нұрәлі де ішінен.— Ешкім жыламас еді».

Екеуі түн ортасы ауа айырылған. Құнтуар Қайрақтыдан келісімен Нұрәліге өзі барып жолықбақшы боп уәдесін берді.

Ал Арман Ақметқалидың аркасында мәрмәр заттарын жасайтын заводта, өзінің бұрынғы орнында екі айдай жұмыс істеді. Бұл күндері арақ ішкен жоқ. Бірақ жұмыс істеді деген құр аты. Басынан өткен оқиғалар тым ауыр тигендіктен бе, әлде жұмысын көңіл сүймегендіктен бе, станоктың жанында тұрғаны болмаса, не тебіренү, не өз еңбегінің нәтижесіне қуану, қызығу дегеннің бірін де білмеді. Ұйқылы-ояу тұрған адамдай, мең-зең боп жүрген бір бишара. Жүрісі де, қимылы да — бәрі солғын. Тек, әйтеуір, уақыт өтсе екен деген жалғыз тілек. Мұндайда әрине еңбегің жемісті болмайды. Ал еңбегі жемісті болмаған жұмысшы — ол жұмысшы емес, жай әшейін станок жанына қойған бір қарақшы.

Ақметқали, алғашқы кезде; тағдыр соққысынан мәңгіріп қалған ғой, еңбек кімді адам етпеген, әлі-ақ ширап кетер деп ойлаған. Бірақ Арманның күннен күнге өз жұмысына тағы сұлқ қа-

рап, кетіп бара жатқанына әбден көзі жеткен соң, оның бұл заводта жүріп, кісі қатарына қосылуынан күдер үзе бастады. Әйтеуір, дәтке қуат ұстағаны Арманның арақ ішпей жүргені. Бірақ оның бұл ұстамдығы ұзаққа бара ма? Қәрі жұмысшы бұған да сене қоймаған. Өйткені, мандайынан тер шығарып еңбек істеуден қашатын жастардың көбінің түбі кеп арақ, шараңка, кейде тіпті бұзықтық, ұрлық, қарлыққа ұрынатынын талай көрген. Әрине, бөтен біреу болса, Арман оның екі туып бір қалғаны емес, жәрдемін одан аяған жоқ, мейлі енді пұл болмаса, құл болсын деп қолын бір-ақ сілтеп жайына кетер еді. Ал Ақметқали өйте алмады. Ескі жұмысшы жан-жағындағы адамдардың жақсы болғандарын, бақытты болғандарын өзі жұрт қатарына кіргеннен-ақ арман ететін. Қолынан келгенше оларға жәрдем беруге құлшынып тұратын. Біреудің жанына батқан кеселіне егер жеңіл тиеді десе, қоң етін кесіп беруге бар. Өзі жетім боп, көп мехнат көріп өскендігінен бе, әсіресе мұң-мұқтажды, қайғылы-шерлі жастарды көрсе, ондайларға қолынан келген жақсылығын істегенше көңілі көншімейтін. Арман міне осындай адамға кездескен. Оның үстіне Ақметқали Арманды шу дегеннен жақсы көрді. Бұған әрине, жас жігіттің табиғи әдептілігі, кішіпейілділігі, әлі тас болып қатып қалмаған бала мінезділігі себеп болды. Қәрі жұмысшы әбден бүлініп бітпеген жастың өмірден өз орнын таба алмай, табансыздықтан құтыла алмай жүргенін ұғып, оған жәрдем бергісі келген-ақ еді.

Бір күні Ақметқали жұмысқа шаршап келген Арманға:

— Байқаймын,— деді,— саған осы жұмыс ұнамай жүр-ау, ә?

Арман шынын жасырмады.

— Айтпаңыз? Маған тіпті қызғылықсыз. Станоктың жанында тұратын жеті сағатым жеті жылдай.

Ақметқали бұл сөзді текке бастамаған-ды. Жаны сүймеген істің кімге болса да оңайға түспейтіні мәлім. Ал, ондай жұмысқа өзіңді үйрету үшін адамға жігер, қайрат керек. Бұндай қасиетті Арманда жоқ екенін өзі де біліп жүрген. Ал, мұндай адамның өз орнын табу үшін тек жаны сүйген, ең болмағанда оны тартатын, қызықтыратын жұмыс керек. Сондықтан Ақметқали:

— Егер бұл жұмыс сені тартпайтын болса, мүмкін тартатын жұмысыңа барарсың? Өзіңе не ұнайды?

— Білмеймін...

— Білмегенің қалай? Тіпті саған ештеңе ұнамай ма? Әлде мүлдем жұмыс істегің келмей ме? Жоқ, ол болмайды. Біздің заман ондайды көтермейді. Еңбек істеп, өзіңе де, өзгеге де пайданды тигізуің керек. Өйтпесең қоғамға жағатын адам болмайсың? — Қәрі жұмысшы кенет ақыл айтуын тоқтатып,— ойлашы, мүмкін айтқың келмей тұрған болар... Анада, шешеңнің мүсінін жасағанында, мен сенен жақсы тас кашаушы шебер шығар деп ойлап едім. Мүмкін сол жұмысқа барарсың?

— Кім мені алады? Және менен мүсінкер шыға қояр ма екен?

— Неге шықпайды? Сенің тамаша шебер болатыныңа көзім жетеді. Бұрын ондай өнермен шұғылданбаған жас жігіттің анадай мүсін жасауы дарының көрсетеді. Ал, дарын адамды өзі жетектеп отыруға тиісті.

— Егер ондай дарын бар болса!

Ертеңіне Ақметқали Қайрақты шеберханасындағы белгілі мүсінкер шебермен сөйлесті, такси машина шақырып, оны зиратқа апарды. Арманның жасаған шешесінің мүсінін көрсетті.

— Әрине бұны маманның жасағаны деуге болмайды,— деді шебер.— Бірақ мүсінде кей маманның да қолынан келмейтін, тек жүректен ғана шығатын бір мұңлы әуен бар...

Шебер мүсінді тағы қарап шықты.

— Бұл жігітті оқыту керек, — деді ол.— Бірақ бала-шағасы бар адамға азғана стипендиямен оқы деу де қиын... Өзіме үйренуші етіп алар ем, әттең, бізде ондай штат жоқ... көмекшінің өзін әзер берген.

— Штат кімнің қолында?

— Қалалық советтің.

Өзінің қалалық советтің депутаты екендігін пайдаланып, Ақметқалидың бармаған жері жоқ, ақырында шеберханаға керек орынды алды.

Арманды ертіп әкеп мүсін шеберінің қолына тапсырып тұрып ол:

— Ескі заманда қазақ баласын молдаға оқуға бергенде «еті сенікі, сүйегі менікі, тек әліп-биінді үйретіп шығарсаң болды» деуші еді, бұл жігіттің қазіргі әкесі де, шешесі де менмін, сізге айтарым: қолы ауырады деп жұмыстан қашырмаңыз, басы ауырады деп өнерден айырмаңыз, әйтеуір өзіңіздің өнеріңізге үйретіп шығарсаңыз болғаны,— деді. Сөйдеді де Арманға қарады.— Анада бір айтып едім ғой, адамның тағдыры өзінің қолында деп. Адам болып шығасың ба, шықпайсың ба, бәріне өзің жауаптысың,— деді.— Игілікті жұмыс істеуіңе тілектеспін. Ал, әзірге аман бол. Алда-жалда іздей қалсаң... Үйдің қайда екенін білесің ғой.

Ақметқали шебермен, және оның жаңа үйренушісімен қоштасып шығып кетті. Мүсінкер еңбек сүйгіш және дарынды тәжірибелі адам еді, сол күні-ақ мүсін жасауға керек аспаптардан бастап, тасқа адам бейнесін түсірудің негізгі тәсілдерін үйретуге кірісті. Бір жетіден кейін Арман қашауды қалай ұстап, балғаны қалай ұрудың амалдарын біліп қалды. Ал, екі жетіден кейін қай тастың қандай өзек-өрнегі бар, оларды адамның, аңның бейнесін беруде қалай пайдалану керек деген тәрізді мүсін жасаудың әліп-биімен танысты. Мүсінге қашалатын тастардың өзі сан қилы екен. Мықтылығы, уатылғыштығы, салмағы, ыстық, суыққа шыдамдығы, жергілікті жердің ауа райына қарай, гранитты ма,

мәрмәрді де, әлде жеңіл юша тасын пайдалану керек пе, мүсінкер шеберші бәрін-бәрін түсіндіре бастады.

Арман алғашқы кезде бәлендей құлшына кірісіп кетпегенмен де, бірте-бірте мұндай ой, дарын керек ететін қиын өнерге қызыға түсті. Шамасы келгенше бәрін үйреніп, бәрін тезірек өз қолымен істеп кетуге асыға кірісті. Үйренушінің мұндай жағдайын көрген мүсінкер, оған өте риза болып:

— Асықпа, асықпа, жігітім,— деді,— көп кешікпей өнеріңді де көрсете бастарсың...

Шебер бұл сөзді ақ жүрегінен айтқан. Расында да Арман көп кешікпей «өнерін» шын көрсетуге айналды. Бірақ оның бұл өнері мүсінкер ойлағандай жақсы өнер емес, адам жүрегі айнып жаман өнер еді. Бір күні мүсінкер екеуі қалалық паркке тұрғызылатын Отан соғысы ардагерлерінің болашақ ескерткішінің бейнесін гипстен құйып жатқандарында, үйге жасы қырықтардан асып кеткен, қаба сақалды біреу кіріп келді. Сұп-сұр боп күлтеленіп кеткен беті әжім-әжім. Бұтында сан түрлі бояу жағылған жұқа брезент шалбар, үстінде жеңі жұлмаланған көкшеңбек қысқа пенжек. Бояу жұқпаған жері жоқ. Басында мыжырайған тозығы жеткен қара берет, мойнына галстуктің орнына әйелдердің басына салатын, қызыл шаршы орамалын будақтап байлап алған. Орамал пенжегінің ішінде көйлегі жоқтығын әдейі жасырғандай кеуде тұсына молырақ түсіп тұр.

— Еңбеккұмарларға бір сәлем! — деді ол үйге асыға кіріп.

Мүсінкер оған бұрыла қарады.

— Өзің де амансың ба? Бұл немене, жұмысқа шыққаның ба?

— Соған ұқсайды.

— Бұл жолы көп жаттың ғой.

— Алкоголь сырқатына шаншу қосылған соң...

— Тағы іштім дейсің ғой?..

Мүсінкер оны аяй сөйледі.

— Сөйтіп жүріп бір күні өлгеніңді білмей қаласың ғой.

Әлгі қызық адам (Арманға ол солай боп көрінген) қулана күлді.

— Боса да өлетін болған соң, біліп өлгеннен, білмей өлгеннің өзі жақсы емес пе?

Мүсінкер жауап қайырмады. Ол бұрылып Арманды көрсетті.

— Таныс болып қой. Арман. Шеберхананың жаңа үйренушісі.

— Ә-ә, солай ма еді? — Кісінің бетінде бір қуаныш белгісі жалт ете қалды.— Менің орнымға біреуді алып қойған екен деп едім.

Мүсінкер күлді.

— Бұлай іше берсең, ол күнге де жетерсің!

Қызық адам да күлді.

— Иә, ол күн де келер. Жазмыштан кім қашып құтылған:

Мүсінкер енді әлгі адамды көрсетті.

— Сен де таныс боп қой. Менің көмекшім Мойсей.

— Әулие Мойсей емес,— деді күліп, қызық адам,— маскүнем және ұлы дарын иесі екенін ешкім танымаған Мойсей...

Мүсінкер қолын сүртіп, босана бастады.

— Жұмысқа шықсаң, енді кіріс. Ана эскизді алып, гипстеп паркке қойылатын «Отан соғысы ардагерлері ескерткішінің» моделін жасай баста. Және өнеріңмен Арманды да таныстыр... Мен қалалық советке барып қайтайын. Модельді қашан көрмекші екен, біліп келейін...

Мүсінкер кетіп қалды. Мойсей ватман қағаздарына салынған эскиздерді қолына алып, «Кармен» операсындағы «Торриодор» әнін ыңырсып айтып ұзақ тұрды. Бір кезде қағаздарды қабырғаға сүйеп қатарлай тізді де Арманға:

— Сен Микелоанжело мен Родэннің жасаған мүсіндерімен таныссың ба?— деді.

— Жоқ...

— Тіпті альбомдардағы репродукцияларын да көрген жоқсың ба?

— Көргем жоқ...

— Міне қызық! — деді Мойсей шын таң қалып.— Оларды көрмесең, мүсінкер болуға қалай қызығып жүрсің?! Нені үйренбексің? Бетховеннің музыкасына таң қалмай, ешкім Бетховендей музыка шығарсам деп арман етпейді! О, сорлы ұлы шеберлік! Сенің ғаламат сиқырыңды алдымен ұғып алмай, кім көрінген мүсінкер бола қалғысы келеді. Ия, ия, сөйтеді!. Сосын барып аяқтары пілдің аяғындай, бөкселері қазақтың еділбай қойының құйрығындай, сандарына құшағың жетпейтін ракетші әйелдердің мүсіндерін жасайды! — Ол бұл сөздерді бастырта сөйлеп келді де, кенет тоқтай қалды. Арманға қарап тағы күлді.— Оқасы жоқ, Микелоанжело мен Родэнді көрмесең көрмей-ақ қой, бақытты екенсің, олардың орнына ұлы Мойсейді көріп тұрсың... Одан да үйрене аласың! Тек дарының болсын! Және сұлулықты сүйсең!.

Мойсей екі білегін сыбанып жіберіп, гипстен эскизде көрсетілген мүсіндердің модельдерін жасауға кірісті. Қолы қолына жұқпайды; гипс май балшықтай илеседі. Күндікке Мойсейдің келуін күтіп жатып, енді өзінен өзі мүсінге айнала бастағандай. Екі сағаттың ішінде Мойсей эскизде көрсетілген бір композицияның — мылтықты еркек пен әйелдің үлгілерін дайын етті.

— Керемет,— деді таң қалған Арман.

— Не керемет?

— Сіздің қалай жасағаныңыз! Мына еркек пен әйел ана қағаздағы суреттен аусайшы!

— Ә, шырақ,— деді Мойсей күліп.— Егер менің мұндай өнерім болмаса, қалалық совет маскүнем мендей адамды бір күн ұстар ма еді!

Мойсей құр үлкен шебер, дарын иесі, маскүнем емес, өте қуақы тілді, мінезге бай, кең пейіл адам екен.

Бір күні ол.

— Өнерге дарын керек. Ал, дарынды үйренуге болмайды,— деді.

— Ал, өнерді ше?

— Өнердің де өнері бар. «Ерінбегеннен етікші шығады» дейді ғой сендердің халқың. Ал дарыны болмаса мың жерден тырысса да адамнан суретші, мүсінкер тумайды! Бұлар құдайдың өзінен келер өнерлер!

Тағы бір күні Мойсейдің істеген модельдеріне риза боп қарап тұрған мүсінкер Арманға:

— Мойсейдің нешеде екенін білесің бе? — деді.

Арман суретшіні алғашқы көрген күніндегі әсерінен әлі құтылған жоқ еді.

— Қырықтарға келіп қалды ғой деймін,— деді.

Мүсінкер мен Мойсей екеуі де күлді.

— Дәл үстінен түстің! — деді Мойсей,— жиырма сегіздемін.

— Менен бір-ақ жас үлкен болғаның ба? — Арман таң қалды.— Ал, түріңіз....

— Қәрі көрінем бе? Ол көп ойлағаннан!

Енді мүсінкер күлді.

— Қайдағы ой? Бәрі арақтан! Арақ ішпесең жүз жасар едің!

— Арақ адамды қартайтады деп кім айтқан? Мынандай анекдот бар. Медицина экспедициясы жүз жасқа келген бір шалдың үйіне келіпті. Қалай жүзге келгенін сұрапты. Әрине шал арақ ішпегенін, шылым тартпағанын, брынза мен ірімшік қана жеп көп жасағанын айтыпты. Сол уақытта көрші бөлмеден шу естіледі, аздан кейін әлгі бөлмеден бір кемпір жылап шығып, отырғандардың қастарынан өтіп кетеді. «Не болып жатыр мына бөлмеде» деп сұрайды дәрігерлер. Сонда әлгі жүзден асқан карт: «Ой, тәйір менің ағам ғой. Қазір жүз жиырмаға келді. Бала жасынан аракқа үйреніп алған, ішсе болғаны ылғи төбелес шығарады» депті. Міне көрдіңдер ме, арақ ішкен көп жасай ма, арақ ішпеген көп жасай ма, әлі медицина шешпеген мәселе...— Мойсей тағы күлген,— менің білетінім тек ауру адам ғана өледі.

Мүсінкер ренжи қарады.

— Өзгені білмеймін, сенің ажалың арақтан келеді.

— Қой дейсің ғой?

— Әрине.

— Қойсам өлмеймін бе?

— Неге өлмейсің? Мәңгі тірі қалатын ешкім жоқ. Бірақ нт секілді бір арықтың жағасында маскүнем боп емес, адам тәрізді өлесің?

— Өлген соң бәрібір емес пе?

Арман ойлана қалды. «Расында өлген соң бәрібір емес пе? Өмірдің қызығы да тірі жүргенінде ғой. Ал, арақ кейде көңілінді көтереді». Ол өзінің арақты көптен бері ішпегенін есіне түсірді. Оны аңсағандай сезінді.

Тағы бір күні мүсінкер Арманға:

— Мен ертең Мәскеуге мәжіліске жүремін,— деді.— Мұнда Мойсей қалады. Ол жақында ғана ұзақ жатып тұрды. Енді бір-екі айға дейін ішпейді. Уақытыңды босқа өткізбе, одан гипс құюды үйрене бер. Мойсей өз ісінің үлкен шебері.

Бірақ Мойсей арақ ішуді, мүсінкер айтқандай бір-екі айдан кейін емес, бір жетіден кейін бастады.

Бұлар кезекті он бес күндік жалақыларын алатын күні, Арман гипстен ең алғашқы кісі моделін жасады.

Модельді сынай қарап шыққан Мойсей:

— О, сенде дарын бар екен, құттықтаймын! — деді. Сөйдеді де Арманның арқасынан қақты,— дарының шабытты болсын десең, ең алғашқы жұмысыңды жуу керек!

Өзі де әзер шыдап жүрген Арман суретшінің берген бағасына қуанып кетіп:

— Мен дайын! — деді.

Осы күннен бастап ескі ауруы қайта оралды. Мойсей екеуі, енді жұмыс үстінде емес, бөтелке үстінде табысты. Мүсін жасау, үйрену былай қалды. Ақшалары біткенше ресторанда, ақшалары біткеннен кейін, әркімге қарызданып, қауғаланып Мойсейдің үйінде ішуге көшті. Кей күні сол үйде конып қалып жүрді. Мүсінкер жиырма шақты күн командировкада болып қайтып келгеннен кейін де Арман жасынан бойын алып кеткен ауруынан құтыла алмады. Мүсінкер бишара, бұрын шеберханасында жалғыз адам маскүнем болса, енді оған үйренушісі қосылып, екеу боп, не істеуге білмей састы.

Міне осындай ішімдікке салынып жүрген күндерінің бірінде Арман паркте серуендеп жүрген Дәнелді мен әйелі Жаннатты көрді. Енді у үстіне у қосылды, кенет қызғаншақтық пайда боп іші өртене бастады. Сылтау табылды, қайғысын арақпен баспақ боп, Арман ішуге салынды.

Жаннат Арманды Қайрақтыдан қайтып келгеннен кейін, көшеде мас болып ұйықтап жатқан жерінен үйіне алып келген түні, таң атқанша ұйқы көрмеген. Бір жағынан екі баласының әкесі, бір кезде сүйіп қосылған ерінің үйіне қайтып оралғаны көңілін сәл тыныштатып, қорланған намысын, ар-ұятын бұдан былайғы жаман сөзден, жұрт өсегінен құтқарғанына шүкірлік етседе, екінші жағынан соңғы кездесуден кейін шын жақсы көре бастаған Дәнелдден, бала кезінен бірге өскен Дәнелінен тағы айырылуға мәжбүр болғаны жанына қатты батқан. Махаббат арақтан да күшті у, бойыңды бір алса одан арылу өте қиын. Бір жақсысы Дәнелге деген көңілі әбден уланып үлгірмегенді. Әлі де болса Жаннаттың жүрегінде «шынымменен жақсы көремін бе?» деген өзіне өзі сене қоймаған күмәнді сезім жатқан. Бірақ ол сезім Арманды үйіне қайтып әкелген сағатынан біртіндеп жойыла бастаған. Енді ол Дәнелді шын сүйіп қалғанына шек келтірмеген. Бір кітаптан бір кезде: «Біреуді қаншалық жақсы көретінін адам

одан айырылған кезінде ғана біледі» деген сөзді оқығаны бар. Сол рас екен. Қас-қабағы қылын Жаннатқа осы күнге дейін бала жасындағыдай табына қарайтын Дәнеліпен тағы айырмақшы болып еді, жүрегі құрғыр бөтен әнге басты. Арманға адамгершілігін сақтап екі баланың әкесі деп, оның өзінсіз құрып кететінін түсініп, жаны ашып, аяғынан қайта қосылды ғой. Ал, Дәнелден, жан-тәнімен сүйе тұрып, өзіне оның көңілінің пәк, таза екенін біле тұрып, тағы сол адамгершілігін адал сақтау үшін айырылмақшы. Бұл екеуінің әсері жүрекке екі түрлі тиді. Біріншісінен көңілі сая тауып, тыныштанып, «осылай болу керек» деп өзіне-өзі ақыл айтса, екіншісінен «олай болмау керек» деп жүрегі удай ашып, әлсін-әлсін толқып, жанын қоярға жер тапқызбады.

Әйткенмен ақыл жеңді. Таңертең Арманның «кешір мені» деген сөзінен кейін, бірінші шешімге біржолата бекіді. Арман өзін қанша қорласа да, бұның бір кездегі мөлдір махаббатын қанша былғаса да, оның істеген қиянатының, қылмысының бәрін кешті. Демек, жүрегінің түбінде, «әй, осы кешіре алар ма екенсің» деген бір күдік қалған тәрізді көрінді өзіне. Бірақ, Жаннат «кештім» деп ойлады. Соған өзі сенгісі келді.. Өйткені оған бұндай шешімді ақыл, ойы, келешегі әмір еткен еді.

Сол күні кешке ол Дәнелмен кездесті. Үйіне Арманның қайтып келгенінен хабары жоқ Дәнел кешегі Жаннатпен уәделескен жеріне келді. Көп кешікпей көшенің бір шетінен Жаннатты көрді. Жүрегі ұшқалы тұрған көгершіндей, лыпылдай түсті. Көзі қуаныш атып, аягын жылдамдата басып қарсы жүрді.

— Ту, сен келгенше өліп қала жаздадым ғой,— деді шынын жасырмай, бірақ түнімен ұйқы көрмей қабағы кіртиіп, боп-боз болып кеткен Жаннаттың түрін көріп шошып кетті,— ауырып қалғаннан амансың ба?

— Жоқ,— деді Жаннат жүдей,— үйге Арман келді. Жоқ, келген жоқ, өзім әкелдім.

Дәнел томсара қалды.

— «Өзім әкелгенің» қалай?

Жаннат болған оқиғаны жасырмай бәрін айтты. Дәниел бірте-бірте әйел сөзін ұға бастады. Арманның қандай күйге жеткенін, Жаннаттың қай жерден тауып әкелгенін естігенде жер көбелей жаны оған шын ашып кетті.

— Япырмай, ә... япырмай! — дей берді.

— Асыл тұлпар жігіт емес, мәнсіз ол құрып кетуі ақиқат... Қанша кәрленгенімен де, ол сорлы екі баламның әкесі ғой, аядым. Істеген қиянаты көп болса да, адамгершілікті аяққа баскым келмеді,— деді Жаннат көзінен жасы мөлдіреп.— Батқан күн мен атқан таң бойы көз іліктірмей шықтым, өзімде ұқтым: нақтылы сүйерім өзің екенсің...

— Соны біле тұрып, Арманға қайта қосылған, қандай мықты едің...

— Амалым болмады. Ол біржолата құрып кетеді ғой.

Шығады деп күткен күні шықпай қалғандай Дәнекел түнеріп кетті. Көңілі шіркін шайқалған судай толқып-толқып барып, әйтеуір ернеуінен аспай әзер дегенде басылды.

Дәнекел екі ерні кезеріп әзер-әзер сөйледі.

— Бақыт деген мені құшағына сидырмай-ақ қойды ғой,— деді күрсініп,— сөйтсе де айтарым, адамгершіліктің жолы ұлкен, дұрыс істегенсің... Бірақ есіңде сақта, сенің мұндай қасиетіңді көре тұрып, мен өзіңді бұрынғымнан да қатты сүйетін болармын...

Орнынан басқа біреу болса «Арман менің қайғыма қарап па еді, менің де қарағым келмейді. Жақсы көретінің рас болса таста оны» дер еді. Ал, Дәнекел өйдемеді. Жаннаттың өзін шын сүйе тұрып, аналық, жарлық борышын адал ұстағанына риза болды. Енді Жаннат оған бұрынғысынан да ыстық, қадірлі көрінсе де, тек өзінің алас ұрған тілегі үшін Арманның бақытын бұзғысы келмеді. Бұны түсінген Жаннат та:

— Мен де сені ұмыта алмасың...— деді қоштасып,— өле-өлгенше жүрегімде өтерсің...

Міне осылай бірін-бірі шын сүйген екі жас адамгершілік, опалық деген ұлы қасиеттерді таза сақтап, ауыр күйге ұшыраған Арманның жүрегін таптағылары келмей екі айырылған.

Ертеңіне Жаннат Арманға жалғыз ғана тілек айтқан.

— Бар бәле арақтан,— деген,— сенің аққөңіл екеніңді де білемін. Тек «бұдан былай қарай арақ ішпеймін» деп уәделі берсең бірге тұрамыз.

— Міне сөзім, міне антым,— деген Арман.— Бұдан былай қарай арақпен әмпей болсам бетіме түкір!

— Бетіңе түкірін не қыламын,— деген Жаннат. Егер уәделі енді бұзсаң, өз обалың өзіңе маған өкпелеме!

— Жақсы,— деген Арман.

Сөйтіп бұл екі жастың ортасындағы қайғылы жағдайлар біткен. Арманның ішуді тастаймын дегеніне шын көңілімен Жаннат та сенген. Дәнекелдің сөзі, бұған қайғысы кейде жанына қатты батса да, өзін өзі ақылға сап, берік ұстауға тырысып, қайтадан есін жинай бастаған. Сөйткен Арман, үш ай өтпей, бір күні тағы мас боп келді. «Әлде қалай, ішпесе болмайтын бір жағдайға кездескен шығар» деп ол күні үндемеді, жылады да қойды.

— Ертең-ертең тағы ішіп келсең, бұл үйдің есігін ашпа!— деді.

Арман ертеңінде де, арғы күнінде де ішкен жоқ. Салы суға кетіп сүмірейді де жүрді. Бірақ үшінші күні тәлтіректеп үйіне әзер жетті. Ерінің мұндай жағдайын көрген Жаннат, үйіне кіргізбей қоюға көршілерінен ұялды. Не болса да таңертең сөйлесуді жөн көрді. Бірақ таңертең Жаннат тұрғанында Арман жоқ боп шықты. Ол өз қылығынан ұялды ма, әйтеуір таң сәрден кетіп қапты. Содан Арман үш-төрт күндей тағы жоғалып кетті. Күн-

йеуінің қайда жүргенін білуге Жаннат қорланды. Ал, Арман үйге келсе мас болып келеді де, ал, келмесе бір анталап қарасын көрсетпейді. Арман екі беті ісініп, көздерінің алды күлкілдеп, тағы бұрынғы таз қалпына түсті. Бір кезде қандай қыз болса да сүйсінетін келбетті, жас қарағандай сұңғақты еріннің енді мынандай күйге ұшырағанына Жаннат әбден намыстанды. Тағы екі беті суалып жүдей бастады. Енді Арманның қайтадан адам қатарына қосылуынан мүлдем күдіктене түсті. Айырылудан бөтен Жаннатқа жол қалмаған сияқтанды. Бірақ Жаннат бұл ақырғы әрекеттен тағы бас тартты. «Расымен айырылудан басқа шара жоқ па? Жұрт не дейді?.. Маскүнемдік дегенің бұл бір кесел екен гой. Әсіресе Арман секілді өзіне-өзі күші жетпейтін адамдар бұдан оңай құтыла алмаса керекті. Әлі де болса, оған бұл аурудан айығуына жәрдем беруім керек! Осындай аяулы жігіттің көрер көзге құрып кетуі обал емес пе? Бірақ қалай жәрдем береді?.. Жаннаттан, екі баласынан оған арақ жақын. Кеңесіне барып директорымен, жергілікті комитетіменен сөйлессем бе екен, өздеріне керек адамды өстіп қоя ма? Бірақ қай бетіммен барамын? Және олар менің қайғыма түсінсе жақсы гой. Өздері құтыла алмай жүрген болып, менің келгенімді сылтау етіп жұмыстан шығарып жіберсе қайтем? Обалына қалмаймын ба? Өйткені, Арманның өзінің айтуына қарағанда, осы уақытқа дейін істен келген жұмыстарының ішінен осы орыны өзіне ұнайтыны шын тәрізді. Бұдан айырылса оны екінші рет қайтадан енді кісі ете алмайсың. Дегенмен Арманды бұл ауруынан құтқару керек».

Бір жеті ішіп, шай құйған кесесін қолы дір-дір етіп әзер ұстап отырған Арманға бір күні Жаннат:

— Мына қалпыңмен бір күні құрисың гой,— деді.

— Білемін...

— Білсең ішуіңді неге қоймайсың? Ең болмаса екі баланды аямайсың ба?

— Аяймын...

— Онда арағыңды таста. Тастай алмайды екенсің ауруханаға жатып емдел. Осы күні арақтан оңай емделетін көрінеді. Антабус деген дәрі шығыпты...

— Естігем.. Ол дәріден кейін тағы арақ ішсең адам өліп қалатын көрінеді.

Жаннат көзінде іркіліп тұрған жасын тоқтата алмады.

— Бүйтіп қор болып жүргенше...

Арман Жаннатты да, балаларын да, өзін де аяды. Өзінің шеберханасынан қағаз алып, ауруханаға барып жататын болды. «Әлі де болса адам қатарына қосылғысы келеді екен, біржолата бітпеген екен» деп Жаннат қуанып қалды. Бірақ Арман әне, міне деп ауруханаға жата қоймады. Біресе қағаз ала алмады, біресе орын болмады. Бірақ ол ауруханаға әр жатар алдында «бұл менің ақырғы ішуім» деп сылтау тауып арағын тоқтатпады. «Жарайды, емделгесін біржолата қояр» деп Жаннат та оған түсау

бола бермеді. Осылай күндер өте берді. Сөйтіп жүргендерінде көктем келді.

Көктем! Күн көзі жер бетіне күлім қағып алтын сәулесін төкті. Жер үсті жіпсіп босап, әр тұсы ойдым-ойдым қара жер боп бөлшектеніп, сай-салаларда гүрілдеп су ақты. Өзен тасып, қоңыр бойрат көгілдір тарта бастады. Әне-міне дегенше қар да кетіп, бақ-бақ басы бүртіпп, бәйшешекті, қозықұлді, түймедақты, көгал шөп көтеріліп қалды. Сол-ақ екен қайтқан қаз, үйректер аспанда тізбектеліп ұшып, әлемді қуаныш үніне бөледі. Оған жердегі қара торғай, бұлбұл сайрағандары қосылып, дүние біткен енді ән-күйге толды. Күн жылынғаннан-ақ бүртіктене түскен балқарағай, долана, мойыл, шетендер кенет бой көтеріп қайың, қарағай, шырғанақтар жасыл жапыраққа оранды. Көп кешікпей, қызғалдақтар, сарғалдақтар көрініп, хош иістерін бұрқыратып жанаргүл, лала, меруерт гүлдер сондене өсіп, жер бетіне жасыл нұр төгіліп, дүние сұлулығымен құлпыра түсті.

Көктеммен бірге қара таска да жан кіреді. Ағаш, өсімдіктерде шырын пайда болып, тамыр-жүйелерінде сөл жүгірді. Жан-жануардың бойларында қан ойнап, махаббат оянды...

Көктемді Жаннат жыл құсындай үнемі аңсап күтетін. Күн қызуынан екі беті күрең тартып, көзіне аспан нұры ұялағандай орасан бір жарық сәуле тұнып, жайнап сала беретін. Ақ айдынға шомылған қоңыр қаздай. жастық деген шаттыққа кенелетін. Өн бойына керемет бір күш жаратылып, жүрегіне махаббат-тәңір әмір беріп сүйген жігітінің құшағында жан дүниесін ләззат деген қуанышпен рахаттандырғысы келетін. Бақыт күтіп шөлдеген жас көңілін көктем көркімен қандырып, рахатқа бөленгісі келетін.

Көктем!

Жан-жануардың сезім дүниесі оянып, жер бетіне жаңа ұрпақ, жаңа өмір туатын қызық мезгілдің басы. Бұл кезенде ақ бөкен үйір іздейді, аққұс жұбайын табады.

Екі жылдан бері жар құшағынан рахат көрмеген Жаннатқа бнылғы көктем ерекше ауыр тиді. Дүниенің бір тәңірісі махаббат. Оған аң да, адам да бас иген. Әр кездің өз қуанышы бар. Қыз дәурен, қызық дәурен бір басқа, онда тән дүниесінен, жан дүниесінің тілегі басым. Ал тән дүниесінің қызығын басынан өткізген әйелге, жан дүниесінің арманы мен әйелдік сезімі бірге оянады. Жоқ, әйелдік сезімі құр ғана оянып қоймайды, ол бір шоқ сияқты тұла бойын өртеп, тамырында ыстық қанын ойнатып, көктегі қуаныштан көрі, жердегі қуанышты тілетеді.

Жаннат өзіне-өзі таң қалды. Пә, көктем оған әрқашан да онайға түспейтін, бірақ дәл бнылғыдай жанына батпайтын. Ләззаты аңсатып, жүрегін құйдіріп, дәл бнылғыдай қанын тасытқан емес. Бұл неліктен? Жастықтың аты жастық, өшіп бара жатқан жас ғұмырын аяп, қуанышсыз өткізіп өкінгісі келмегені ме? Әлде, махаббат аясында рахаттанып, ләззат сусынын қандыра ішетін кезінде, оның тілегін, өргенген құшағының қызуын, өзінің

жалынды жанымен басудың орнына, бәрін араққа айырбастап кеткен жан жарына өкпелегені ме? Не болмаса бөтеннің дегеніне көніп, өзін қорлаған кешегі сүйген Арманынан өшін алмақ па, кегін қайтармақ па?

Жаннат өзі де білмейді, әйтеуір бұрынғыдай емес, дұрыстап киініп, айнаға өзін сынай көз тастауды шығарды. Бұрын қайғылы көзін жерден көтермейтін мұңайымшыл жас, енді өзіне біреу сұқтана қараса, «шыдап көр» дегендей оған тостағандай қара көзін жалт еткізіп аударып, жүректегі отымен ананы біржолата күл етіп өртеп жібергісі келгендей, ақ жүзінде бір адам айтқысыз сәулелі нұр жанып, кенет өзі де шырақ жарығындай тұтана қалатын болды.

Міне осындай жан мен тән Жаннатты бірдей күйдіріп жүрген жасыл көктемде, бір күні Қайрақтыға тағы да романына деректер іздеп Дәнекел келді.

Бұл жолы оны сыртынан Жаннат көріп қалды. Көп жылдан бері дене шынықтыру ойынымен шұғылданғандықтан ба, әлде Жаннаттан мүлде күдер үзіп, ұзақ жылғы қайғысынан айырылғандықтан ба, не болмаса жазушы деген атқа не болып (оның алғашқы кітабына жұрт жақсы баға берген), көңілі көтерілейін дегендіктен бе, Дәнекел жас әйелге бұрынғысынан анағұрлым сымбатты, көрікті көрінді. Денесі сәл толығып, екі ығы алшақтана түскендей. Бұрынғыдай емес, өз бағасын өзі білетін адамдай, аяқ басысында да бір басқа әсер бардай.

«Қалай өзгерген, деді ішінен Жаннат, әлде сүйген адамын тапты ма екен, үйленді ме екен?» Жаннатты енді тән күйігі емес, жан күйігі биледі. Көптен бері көрмей Дәнекелге деген сөнуге айнала бастаған жүрек оты кенет лап етіп қайта жанды. Енді ол Дәнекелден өзін бұрынғыдай ақылмен ұстап қала алмайтындай сезінді. Ал расында Дәнекел сол бұрынғы Дәнекел еді. Сәл жүдегені болмаса, бәлендей өзгермеген. Дәнекелді соншалық сымбатты, көрікті етіп көрсеткен Жаннаттың оған деген ыстық көңілі, сағынған қиялы еді.

Дәнекел өзі хабарласар деп Жаннат оны үйінен шықпай екі күн күтті. Жігіт хабарласпады: «Жоқ, бөтен әйелді сүйген екен. Мені ұмытқан екен!» деді Жаннат өзіне. Енді жүрегі күйіне өртене түсті. Ол баға бермей қандай бақыттан айырылғанын ұқты. Демек, үшінші күні Дәнекелдің жатқан мейманханадағы бөлмесінің номерін сұрап алып, шыдай алмай, телефон соқты.

Дәнекел жалғыз еді, трубканы өзі алды.

— Иә, тыңдап тұрған Дәнекел Құдайбергенов,— деді ол.

— Мен Жаннатпын ғой...

Одан әрі сөйлей алмады. Даусы жаска булығып телефон трубкасын тастай салды.

Он минуттей өтер-өтпесте Жаннаттың үйінің телефоны шылдыр етті. Әлі өксігін баса алмай отырған Жаннат солқылдай жылап, созыла тұрып, телефонның трубкасын алды.

— Жаннатсың ба? — деді дауыс. Дәниел екен.

— Иә меннін...— Ол жылап тұрғанын білдіргісі келмей тұншыға сөйледі.

— Аман, есенсіңдер ме? Жаңа маған телефон соққан өзіңсің бе?

— Иә, меннін ғой...

— Жай ма?..

— Жай, әшейін...— Сол жылағанын басып, әлденеге бел буғандай.— Жай, әшейін,— деді тағы да,— көрмегелі көп болған соң...

— Мен де көргім келіп-ақ, бірнеше рет телефон соқпақ болып едім, ретін таба алмадым...

Жаннаттың жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Ол қуанып кеткенін жасырмай.

— Рас па?! — деді.

— Рас.

Екеуі бір сағаттан кейін халық бақшасының шетінде кездеспек болды. Күн батуға айналған кезі еді. Номерінде отыра алмай, паркқа бұрын келген Дәниел, жарты сағаттай сенделіп жүрген уақытта Жаннат көрінді. Бірақ ол асығар емес, аяғын әзер басып келе жатыр... Жаннат расында да қиын күйде еді. Жолығуға Дәниелге уәдесін берсе де, кенет келерін де, келмесін де білмей, өзінен-өзі ұялып, екі беті қызарып ұзақ отырды. Бағанағы «Дәниел» деп алып ұшқан жүрегі қайда? Көктем шыққалы жас денесін отқа салған ләззат жалыны қалай оп-оңай сөне қалды? Жаннат аң-таң... Дәниелге кездеспекші болып еді, өз қылығынан өзі қысылып, денесін бөтен әсер биледі. Бұл қалай? Дәниелге деген махаббаты расыменен барлық әйелдік сезімнен биік болғаны ма? Қазір тек барлық ерігін адал, таза, мөлдір сезім ғана билеп алғаны ма?

Ал Дәниелдің жанына жетіп еді, өн бойы тағы балқып жүре берді.

— Жаным-ау барсың ба? — деді Жаннат күйіп-жанып, қыз кезіндегі «жаным »деген сөзді алғашқы рет қайта айтып, екі қолын бірдей Дәниелге созып.

— Өзің де амансың ба? — деді Дәниел созылған Жаннаттың қолынан ұстап өзіне тартып.

Ләм-мим демей екі құшақ өзінен-өзі қабыса қалды. Бірақ сол минутте бұларға біреу қарап тұрғандай, Жаннат кенет Дәниелдің құшағынан босанып шыға берді. Өзін-өзі ұстай алмай Жаннатты сүйгенінен қысылып, Дәниел де кейін шегініп кетті. Не дерін білмей:

— Арман қалай, балаларың өсті ме? — деді.

Жаннат екі көзі жасқа толып, жаутаңдай оған қарай берді. Осы сәтте паркте электр шамдары жанды. Дәниел мен Жаннат енді қатарласа бір үлкен еменнің түбіндегі орындыққа отырды.

— Көп болды ғой көрмегелі, қандай күйдесің, бәрін айт? — деді Дәниел.

Жаннат мұңая отырып, өзінің қандай күйге жеткенін, еш қайғы-ғасіретін қалдырмай сөйлеп шықты.

Міне осы кезде, бұларды күндіз осы бауда мас болып ұйықтап қалған Арман көрген. Қастарына баруға беті шыдамай өз жөніне кетіп қалған.

Жаннат қайғысын айтып болды. Екеуінде де үн жоқ. Бір мезет Дәниел толқып кетіп, еріксіз қимылдап, Жаннаттың білегін ұстап өзіне сәл тартып, ақырын шашынан сипады.

— Қайғыңа ортақпын,— деді ол шын жүректен.— Бірақ менің қолымнан не келеді? Өзің не істемексің!?

Жаннат сол көзі жастан тұманданған мұңды қалпында:

— Әлі де болса Арман үшін күреспекпін. Мен тастап кетсем қор болады ғой,— деді,— бірақ сені шын жақсы көретінімді енді тіпті түсіндім.

Дәниел өзін-өзі тежей алмай Жаннатты бетінен, аузынан сүйгісі келіп кетті. Бірақ өзін-өзі ұстап қалды. Осы кезде парк жанынан өтіп бара жатқан машинаның гүрілі естілді.

— Жүр, кетейік,— деді Жаннат екі беті әлденеге ду етіп.— Сені көрдім, маған соның өзі де жетеді.

Жаннат өзіне тағы таң қалды. Әнеугіден бері бойын алып, өртеп жүрген әйелдік сезім, жастық жалын деген қайда жоғалды? Дәниелді көріп, құшағында бір болсам деген кешегі ғана жүрегіне маза бермей, сүйген жігітін іздеткен аласұрған беймаза көңіл бүгін қалай басыла қойды? Жаннат енді ғана түсінді, шын махаббат пен адамгершілік атты ұлы қасиет әйелдік сезімнен, тән дүниесінен күшті екен. Сол күштер опық жеген жүрекке абайсыз от бастырар емес.

— Жүр, кетейік,— деді ол тағы да.

Дәниел де біреу кенет үстіне мұздай су құйып жібергендей, енді дереу бойын жинап алды.

Әлі бұзылмаған, ақ ниетті, ар-ұятты, адалдықты пір тұтқан жас жігіт те тағы жүрегін өртей жөнелген асау сезімнің құлы болғысы келмеді.

— Жарайды, кетейік,— деді ол, қиналып,— әрине, екеуміздің бұдан артық отырғанымыз Арманның махаббатына, жан дүниесіне обал болар...

Жаннат та әлденеге қызара қалды. «Иә, иә, бұл біздің ең ақырғы кездесуіміз, деді ішінен ол, расыменен екеуміздің арамыздағы махаббат осылай біткені ме? Әлде? Жоқ, жоқ, құдай ондай күнәдан сақтасын!.. Жүректің дегенін істесем, ертең жұрттың бетіне Дәниелдің, Арманның бетіне қалай қарайсың?

Бірақ Дәниел оның қолынан тағы ұстады. Не істерін білмей дір-дір етіп тұрған Жаннаттың құлағына оның сөзі әлсіреп жетті.

— Мен сені жанымдай жақсы көремін,— деді Дәниел тол-

ки.— Бірақ адам әрқашанда ар, ұятын, адамгершілік қасиетін таза ұстай білуі керек. Сонда ғана махаббатта опасыздық болмайды. Ал опасыздықты білмейтін махаббат — шын махаббат... Жүрегім қанша өртеніп бара жатса да, мен саған бұдан артық ештеңе айта алатын емеспін.

— Айтудың да керегі жоқ,— деді Жаннат кенет егіліп жылап жіберіп,— онсыз да жанып жүрген жүрегімді, бұдан артық жандырмағанына мен риза...

Орталарында Арман тұрғанда, бұлар жандарын бұдан әрі қуанта алмайтындарын екеуі де түсінді. Қуантамыз десе де, оған екеуінің де ар, ұяты ерік бермес еді.

Дәнекел экспедициядан қайтқаннан кейін, егер Жаннаттың қолынан келмесе, Арманды өзімен бірге Алматыға алып кетіп емдететін боп уәдесін беріп, қош айтысты.

Жаннат та көңілі орныққандай сезініп үйіне қайтты. Бұрынғы бойды алған, ойды алған жастық деген жалыннан енді дым қалмаған тәрізді, бойын енді бір салқын-самал күй биледі.

Бұлардың осылай қоштасқанын әттең Арман білмеді.

Бұл ой Арманға алғашқы рет шешесінің өліміне өзін кінәлі санап қиналған күндерінде келген. Содан кейін, анасын жерлеу, оған мүсін жасаумен шұғылданған кезінде есінен шығарған. Сосын бұл ой оған, Бибіден айырылып, барар жер, басар тауы қалмаған күндерінде, Жақсыбай үйінен қуып шыққан кездерінде қайта оралған. Жамандықсыз жақсылық жоқ, артынан тағы жөл табылып, ол ойдан тағы құтылған. Бірақ бұл ой желім тәрізді, адамға бір жабысса, соңынан оңай қалмайды екен. Міне-кей, сол ой, соңғы күндері Арманды қайта іздеп тапқан. Әсіресе соңғы екі күнде Арманға одан бөтен жол жоқ секілді көрінді. Қырсық деген, жан-жағынан қоршаған қабаған иттердей, қыр соңынан қалмай қойған. Ал оның бәрін жеңуге Арманның күшінің де, жігерінің де жетпейтінін өзі де білетін. Сол себептен ол осы жанын күйдіріп бара жатқан азаптардан, мәңгі құтыла алмас сұм тағдыр сұрқия жазмыштарынан құтылатын ең жеңіл жол осы деп мына қондырған.

Арман бұл ойына Жаннат пен Дәнекелді паркта бірге көрген сағатынан бастап біржолата бекінген. Оған сол сәтте бұл екеуі өте бақытты көрінген. Әттең дүние-ай жүрегін удай ашытып, кенет көзін қарауытып жіберген сол минуттағы сезімін өзі де жөндеп түсіне алмаған. Қызғаншақтық па? Мүмкін... Әлде кеше өзі Дәниелден тартып алған әйелінің бүгін оған ауайын дегені, бұның біткенінің белгісі ме? Солай да болар. Шыныменен осылай бар қасиетін жоғалтқаны ма? Егер кешегі жақсы көрген кісінің бүгін сені жек көрсе, онда сенің не болғанын? Иә, ешкімге керек емессің! Расында сендей маскүнем кімге керек? Сонда бұйтіп өмір сүруге бола ма?

Жүрегіне шаншудай қадалған бұл сұраққа тағы бір қиын жағдай қосылды. Ана жолы Бибіден айрылғанында Арман іштей өкініп қапа жеп жер болған жоқ. Тек өзінің бұлай далада қалғанына қорланған, ызаланған. Ал бұл жолы Арман өзін тіпті басқаша сезінді. Жаннаттың өзіне қанша керек екенін, оны әлі де жанындай жақсы көретінін түсінді. Дәнекелге қимақ емес. Бірақ екеуінің арасына түсер, қандай құдіреті бар? Қазіргі Арман бұрынғы Арман емес, сөз жоқ. Жаннатқа Дәниел қазір анағұрлым қымбатты, керекті. Міне оның жанын аса күйдірген осы жағдай. Өзінің енді дымға татымайтындығы, адам деген құр аты қалғандығы! Осындай күйге жеткен Арман, басына түскелі келе жатқан шерден құтылар жол таба алмай, тағы баяғы араққа көшті. Ал арақ жүрегінің жарасын жазған жоқ, қайта аузын қызыл шақа етіп ашып, Арманды енді өмір бойы шыға алмайтын тұңғиығына батыра берді.

Сөйтіп жүргенінде ең ақырғы ұят, арын қорлаған, өзіндік жан сезімін жер еткен тағы бір масқара оқиғаға кез болды.

Бір күні алты жасар Дәуіті жылап келді. Әкесі мен шешесіне еш тіл қатпай, солқылдап бүктүсіп, теріс қарап жатып алды.

— Қалқам-ау, айтсайшы не болды? — деп жалынған шешесіне ақырында:

— Бүкіл балалар бақшасына мені масқара етті мынау,— деді кешегі ішкен арағынан дел-дал боп отырған әкесін нұсқап.— Біздің бақшаның алдында маскүнемдердің фотокарточкаларын іліп қойыпты. Соның ішінде бөтелкесі жерге құлап мынау жатыр. Бала біткен: «Бұл Дәуіт пен Сәкеннің маскүнем әкесі, жанында жатқан шапкесі мен шаркесі» деп мазақтап қыр соңымнан қалмай қойды. Мұндай әке болғанша ол неге жанып кетпейді!

Ертеңіне таң атпай тұрып Арман балалар бақшасының жанына барды. Баласының айтқаны рас екен. Бір шалшықтың жанында құлап өзі жатыр. Қасында бос бөтелке.

Арманның басы мең-зең боп, көзі қарауытып кеткен. Өзінің қандай күйге жеткені жанына катты батып, көзінен жасы шығып, жападан-жалғыз көшеде ұзақ жүрген. Ақырында бұл масқаралықтан құтылар жалғыз жол тағы арақты тастау деп шешкен.

Бірақ арақты тастай алмаған. Ертеңіне қайта ішкен. Жазылмайтын ауруға іліккенін енді өзі де түсінген. Ақырғы жігерімен ауруханаға да барған. Бірақ бала жастан өн бойын алып кеткен кеселінен емделуге күші жетпей, кейін қашқан. Тағы ішкен. Тағы құлаған.

Сөйтіп жүргенінде кеше бұны жұмыстан шығарған. Жоқ, «сен маскүнемсің, кете бер» деген жоқ, мүсінкердің өзі шақырып алған.

— Арман, сенің бар келешегің алда, сен әлі жас адамсың ғой,— деген.

Арман үндемеген.

— Дарынсыз да емессің,— деген тағы да әлденеге қинала мүсінкер.

Арман тағы жұмған аузын ашпаған.

— Бірақ дарын деген не? Дарын тек еңбекпен ғана дарын! — деген енді күйіне мүсінкер.— Сен еңбек істеудің орнына араққа тым беріліп барасын. Бұдан өз дарыныңды өзің ғана құртып коймайсың, тіпті адам болудан қаласың,— деген тағы да мүсінкер қиналып,— сен осы жағдайынды ойлан! Егер келешегіңді ойлап, бәрін тастап, қайтадан мені керек ететін кезің болса, өзімді іздеп тап, қолымнан келген жәрдемімді аямаспын.

Енді ғана Арман ақырын күбірлей сөйлеген:

— Сонда мені жұмыстан шығардыңыз ба? — деді басын жерден көтермей.

— Жоқ, мен шығарғам жоқ,— деді мүсінкер ананы шын аяп тұрғанын жасырмай,— және арақ ішті деп шығармаған. Сенің ол ауруыңмен әлі де күресіп көрер едік, жассың ғой, мүмкін дегенімізге көндіріп те алар ма едік, қайтер едік, бірақ әліміз келмей қалды. Қалалық ақша бөлімінің мына қаулысына қарсы тұрар бізде құдірет жоқ... Қазнаға түсірген пайдамыздан зиянымыз көп. Сені штатты қысқарту тәртібімен шығарттырды. Үйренуші деген штат шеберханаға берілмейді дейді.

Мүсінкер әнеугі командировкадан кейін, кенет жүрегінің кеселі ұстап, екі айдай ауруханада жатып, бүгін келген беті еді. Әлі жөнделіп кете қоймаған. Сөйтсе де:

— Сенің орныңды қысқартқаны маған да оңайға тиіп тұрған жоқ, амал бар ма,— деді.

Штаттан қысқартылудың қандай тегеурінді, ешкімнің бұзу қолынан келмейтінін білетін Арман:

— Өзім өз болғалы, көңілім қалаған бір жұмысты таптым ба деп едім, бұдан да айрылдым ғой,— деп ауыр күрсінді.

Шынында қанша ішімдікке салынып жүрсе де, ол өзінің осы жұмысын керемет жақсы көретін. Бұған енді біржолата беріліп істеймін деп ойлайтын, бірақ әрқашанда арақ оған жеткізбей келген. Жұмысынан айырылғаны өзіне ауыр тигенін енді ғана ұқты. Иә, енді мұндай жақсы көретін ісіне қайта орала алмайтыны хақ. Кім бұның қамын ойлайды? Жалғыз тірегі қарт жұмысшы Ақметқали болса ауруханада жатыр, жазылар, жазылмасы екі талай. Ал жақсы көрер жұмысыңсыз өмір сүру—о да бір дозақ. Оданда өмір сүрмегеннің өзі артық. Арманның жүрегі қабына жөнелді. Оған осы сәтте дүние өзін кең құшағына сидырмай, «кет, жоғал!» деп тұрғандай боп кетті.

Арман далаға шықты. Барлық қайғысын, уақытша болса да ұмытқызатын араққа жұмсай қоятын қалтасында бір тиыны жоқ. Жұрттан сұрағанмен бермейді. Сұрай-сұрай танысының

бәрін мезі еткен. Енді ол шала-жансар, әлдекім таяқтың астына салып ұрып әлсіретіп тастағандай боп сүйретіліп үйіне әзер жетті.

Өз бөлмесінің есігін жауып алып, сыртқа шықпай қойды. Міне сонда барып көптен бері соңынан еріп жүрген күшіктей, қалмай қойған баяғы бір ой кенет, қанды ауыз қаскырға айналып тамағынан ала түсті.

Бұл ойдың жеңбей қоймайтынын енді өзі де білді. Қалай жеңбейді ол? Жаны сүйген жары болса анау, бала екеш баласы да бөтен кісіден туғандай бұған жеркене қарады. Көңіліне ұнаған жұмыстан оп-оңай «керек емессің» деп қуып шыққандары мынау. Қалған бар тілегі тек арақ! Арақ! Арақ! Ал одан құтылар жолды өзі де білмейді. Арманға осыншама азаптың бәрі енді қабаған иттердей жан-жағынан коршап алып, өзінің жан-тәнін қанжоса етіп талап жатқандай көрінді. Ал олармен төбелесер, жеңер бұнда дәрмен жоқ... Әсіресе Арманға өзінің енді ешкімге керек еместігі жаман батты. «Расыменен ешкімге керек болмай қалғаным ба?» Жүрегі у ішкендей тағы өртене жөнелді. Кенет оның көз алдына бала кезіндегі бір сурет елестеп кетті.

Шешесінің Ерғазыға қосылған жылы еді. Дәл қазіргідей көктем түскен шақ болатын. Аспан айнадай ашық. Дүние жасыл нұрға бөленген, жұпар аңқиды. Жасыл жапыраққа бөленген ақ қайың, қызыл шырша, көктемнің қоңыр салқын желімен ойнап, әлденені сыбырлап тұрған жас сұлудай сыбдыр қағады. Терезе алдындағы қарағаштың қалың бұтақтарына қонып алған бір топ қара торғай батып бара жатқан күнді құттықтағандай сайрай жөнеледі. Көктемнен әлем біткен сая таулы ғажайып бір қуанышқа бөленген. Арман да сол күні шексіз қуанышты еді. Ол сол күні пионерлер қатарына алынған. Мойнындағы қызыл галстугі жарқырап, мектебінен орасан көңілді қайтқан. Есік алдында отырған шешесінің қасына келіп, жоғалып табылған кішкентай күшіктей еркелей, мойнынан құшақтап, мақтана:

— Апа, мен бүгін пионер болдым! — деген.

Анасы бұны бауырына қысып аймалай сүйген.

— Құтты болсын, құлыным! — деген.— Енді жақсы пионер бол!

— Боламын, апа!

Анадай жерде тұрған өгей әкесі:

— Қазір пионерсің, бұл жақсы,— деп күлген,— ал өскенде кім боласың?

— Апамның тірегі боламын!

— Тағы кім боласың!

— Рокоссовскийдей маршал боламын!

Анасы бұны тағы құшырланып сүйген.

— Менің балкам генерал да, маршал да болады! Апасының үмітін ақтайды!

Сөйткен Арман мынау! Кім болды? Алкоголик! Маскүнем!

Отызға жақындаса да ен ақыры үйренуші жұмысына жарамай, міне енді далада тағы қанғып қалып отыр! Анасының үмітін ақтап, арманына жеткізудің орнына, ажалына себепкер болды! Мұндай бала кімге керек? Керексіз адам!

— Кімге керекпін? — деді ол айқайлап жіберіп.— Ешкімге де керегім жоқ! Мендей адам өмір сүріп кімді жарылқайды? Кімді көгертеді?! Жоқ, мендейлер керегі жоқ адамдар! Өлсін! Құрысын!

Ол кенет қайтадан үн-түнсіз отыра кетті. Әлден уақытта орнынан асықпай тұрып, аяғын нық басып есігін ашты.

— Жаннат, Дәуіт! — деді кенет жігерлі үнмен.— Маған келіп кетіңдерші!

— Жай ма? — деді Жаннат.

Күйеуінің жұмыстан босап қалғанын Жаннат та естіген. Кешеден бері бөлмесінен шықпай қойғанынан бір жағы қорықса да, екінші жағынан оны аяуда еді.

— Сәкен әлі ештеңеге түсінбейді ғой,— деді Арман ана екеуі үйге кіргеннен кейін,— шақырмай-ақ қойыңдар.

Жаннат әдетінше жүдей қарады.

— Бірдеме айтайын деп пе едің?..

— Иә,— деді Арман. Ол тағы үндемей қалды, сәл күрсініп отырды да, Жаннатқа қарады.— Жаннат, мен сені жақсы көріп қосылып едім, бірақ үмітіңді ақтай алмадым. Өміріңді қайғы, шерге айналдырдым... Егер кешіре алсаң кешір менің қиянаттарымды,— деді, сөйтті де Дәуітке бұрылды,— Дәуітім, бері кел,— деді, анау әкесінен бұрын мұндай ықылас көрмегендіктен батылы бармай әзер жақындады,— сен де кешір, ұлым,— деді баласын алдына алып екі бетінен кезек-кезек сүйіп,— мектептің есігін ашпай жатып, сені де ұятқа қалдырдым. Бұнымды кеш. Әкеңдей болмауға тырыс,— деді сөйтті де терезеге бұрылып кетті.— Жарайды, енді бара беріңдер. Өзім шақырмай кірмеңдер.

Ештеңеге түсінбеген Жаннат:

— Шай іш,— деді,— қазір дайын болады.

Арман сол терезеге қарап тұрған бетінен бұрылмады.

— Жарайды,— деді.— Дайындай бер.

Көңілі сәл орныққан Жаннат, ас пісіретін бөлмеге келіп, шайын дайындай бастады. Бір-екі минуттей уақыт өткен жоқ кенет: бір тосын дыбыстар естілді.

Жаннаттың жүрегі әлденеге қобалжи қалды. Арманның бір түрлі үрейлі өкіністі шыққан даусынан қолындағы шәйнегі жерге түсіп кетті. Шашыраған ыстық судың балтырын күйдіріп жібергеніне қарамай үйге жүгіріп кірді. Сол сәтте есінен танып, босағаға құлай берді. Оның ақырғы көргені терезеге таяу еденге қан-қан боп құлаған Арман болды.

Сәл соңырақ кірген Сәкен қанды суретті көріп, шырылдай жылай есікке қарай ұмтылды.

Дәл осы минутте асыға басып үйге Дәнекел кірді. Болған оқиғаға бірден түсініп телефонға қарай жүгірді.

— Ах, кешігіп қалғаным-ай!— деді ол телефонды 03 соғып жатып.

Сол күні Қайрақтыға келген Күнтуар баласынан Арманның қалай өлгенін естіп өзінің оған еш жәрдем бере алмағанына қатты өкінді.

— Бәрі арақтан,— деді Дәнекел.— Тым жастай ішкен екен, ақыры түбіне жетті.

— Жоқ, жалғыз ғана арақ емес,— деді Күнтуар,— Арманның трагедиясы терендеде жатыр. Ақгүл марқұм оны мәпелеп өсірді. Жамандығы болса жасырды, жақсылығы болса асырды. Өмірдің қиын тартыс екеніне оны дайындаған жоқ. Ал шешесі қайтыс болып еді, бұрынғы қайғысыз, мұқтажсыз күйінен айырылған Арман өзін-өзі жаңа жолға салуға күші де, жігері де жетпелі. Миында да, ақыл, ой-санасында да ешбір өзгеріс тумады. Бәрі сол бұрынғы тәтті өмірін көксеген қалпында қалды. Ал ондай күй енді қайтып оралмайтынын Арман жақсы ұқты. Міне осыдан барып ол бұл тұңғиықтан құтылатын жалғыз жол өлім деп шешті. Міне Арманның трагедиясы!

— Егер бір күн ерте келгенімде ол трагедия болмайтын еді! Алматыға өзіммен бірге алып кетіп емдететін едім!

Күнтуардың көңілі кенет босап кетті.

— Ақылыңнан айналайын,— деді ол Дәнекелді бала кезіндегідей арқасынан сипап,— өзгеге жақсылық істеу — бұл адам баласының ең ұлы міндеті. Мен аз өмір сүргем жоқ, мүмкін ұрпаққа қалар ұлы еңбегім де жоқ шығар, бірақ тірі жанға қолымнан келер жақсылығымды аяған емеспін. Сол себептен де өзімді бақытты санаймын. Сені де, жалғыз мұрагерімді де өзімдей болады деп сенемін. Сөйтсе де саған әкелік жалғыз аманатым: ұлы бол, кіші бол, тек өзгеден қолыңнан келер жақсылығыңды аяма! Сонда ғана жұрт сені шын Адам деп біледі.

Сегізінші тарау

— Мен сенімен әдейі сөйлескелі келдім,— деді Күнтуар зілдей столдың бер жағындағы жұмсақ креслоға отырып жатып.

Ерғазы басын столдан көтермеген қалпында:

— Не жайында? — деді.

— Өмір, адамгершілік, адалдық жайында. Өзің мен Арман туралы да айтарым бар...

— Қызық екен!

— Дым да қызығы жоқ. Арыстай жігіт қаза болды...

— Сонда... Екеуміз сөйлессек, ол тіріліп келеді дейсің бе?

— Әй, сен не малтанды езіп отырсың? — деді кенет қызына қалған Күнтуар.— Өгей әке болсан да, әке емес пе едің?! Мысық екеш мысық та асыранды баласына мейірімді келеді!

Ерғазы мысқылдай күлді.

— Айт! Айт! — деді ол.— Мысық деген сөз аузына бекер түспеген болар. Жұрттың бәрі мені мысық тектес дейтін көрінеді ғой сыртымнан.

Арманның қазасын сол күні Алматыдан Қайрақтыға келген Күнтуар Дәниелден естіген. Ертең Жаннат пенен Арманды тауып алмақшы болып отырған. Кенет күтпеген қаза! Қайғылы оқиға карт археологтың сай-сүйегін сырқыратып, көңілін қамықтырып түн бойы көзін іліктірмей шыққан. Күнтуар Ақгүлдің мінезін, адамгершілігін, нәрестедей аққөңілдігін орасан жақсы көретін. «Сондай бишара өзі анандай боп дүние салды. Ал артындағы мәпелеп өсірген жалғыз баласы мынандай боп өлді. Бұған тек Арман ғана айыпты ма? Оның осындай күйге жеткеніне бәріміз айыптымыз. Әсіресе Ерғазы. Мәселе өзіңнен тумағандығыңнан ба? Қішкентайынан бауырыңа салған соң сен оған туған әкесің! Оның болашағына сен алдымен жауапкерсің! Ерғазының әлденеге тас бауыр мінезінен сезіктенген Күнтуар Ақгүлдің қабырының басында: «Ақгүлдің бала-шағасына өзің қамқор бол!» демеп пе еді Ерғазыға. Ал одан не шықты?! Ақыры оқиға осылай боп тынды».

Әрине, Күнтуар да Ерғазының Ақгүлдің қырқын берісіменен үйленгенін, Арман мен Жаннатты үйінен қуып шыққанын, одан өгей баласынан біржолата қол үзгенін естіген. Карт археологке Арман тәрізді, бұрын еш қиындық көрмей өскен, өмірдің ауыр тегеуірінді сынынан өтпеген, және өмір үшін, өзінің болашағы үшін, әлі күресін көрмеген жасқа қолтығынан сүйейтін бір күшті қолдың керегі айқын-ақ еді. Өзі болса, соңғы жылдары жаз үнемі экспедицияда, қыс Алматыда болып, Арманға көңіл бөле алмады. Қайрақты қаласында тұрса, ең болмаса Ақгүл үшін оған қамқорлық істер еді. Ал жас Жаннаттың қолынан не келеді! Бір рет уақыт тауып, Арманмен сөйлеспекші болғанында ол балалық істеп қайдағы жоқ әйелге еріп Алматыға кетіп қапты. Жазын экспедицияда өткізіп, Алматыға келгенінде, Арман тағы Қайрақтыда боп шықты. Әрине, Арманға мұндайда жасы үлкен, өмірден тәжірибесі бар әкенің ақыл, ойы, көмегі керек-ақ еді. Ал ол әкенің түрі мынау! Балаға қамқорлық істемек түгіл, жас жігіттей өзі бүлінген, жиырма жылдан артық өмір сүрген қосағының аруағын сыйламай, шынында, қырқы өтер-өтпестен өзінен отыз бес жас кіші әйелге үйленген.

Күнтуар ескі досымен тікелей ашуланысып, жанып-күймегенмен іштей кәрлі еді. Ерғазының басқа қылықтары да жанына бұрыннан батып жүрген археолог енді, онымен бетпе-бет сөйлеспекші болды. Ескі досын адамгершілікті ұмытып еді, біржолата суға батып бара жатқанын көріп, әлі де болса ар, ұят дегенді алдына тартып дұрыс жолға салсам деді. Ерғазыға қанша ызаланғанмен, кең пейіл Күнтуар оның жақсы қасиеттен мүлдем жұрдай боп, жұртшылық алдында тіпті қарабет еткізіп қалдыр-

ғысы келмеді. «Егерде осындайда оған қолымның ұшын бермесем, менің білгендігім қайда?» деді Күнтуар.

Міне сол үшін ол бүгін таңертең Ерғазының кабинетіне әдейі оны іздеп келген. Жаңағы сөздер осы әңгіменің басталуы еді.

— Ия, жұрт сені расында мінезі мысыққа ұқсас дейтін көрінеді. Оны мен де естідім,— деді Күнтуар сөзін қайта бастап.

— Бірақ жұрт саған мысықтың жаман қылықтарын тағады. Ал сол мысықтың жақсы жағы да бар ғой.

Ерғазы тағы кекете езу тартты.

— Тышқан аулайды. Сөйтіп өзгелерді жұқпалы кеселдерден сақтайды дейсіз ғой! Ондай жақсылықтарынан мені құр қалдырмағаныңа рахмет!

— Жоқ, неге? — деді Күнтуар әдеттегі салмақты сабасына түсіп,— мысықтың бөтен жақсылығы да аз емес. Әлде сен естімеуші ме едің, мысықтың балажан екенін? Жоқ, тек өз балаларына ғана емес, егер кішкентайынан қойнына салсаң, ол құстың балапанын да, қоянның көжегін де, тіпті иттің күшігін де өз балаларынан кем көрмей асырайды, ана сүтін аямайды. Ал біреуміреу оларға тиер болса, өз балалары үшін жанын қиғандай, асыранды балалары үшін де сондай ажалдан тайынбайды. Бұл бұл ма, үлкендер үйде жоқта, бесіктегі нәрестені қорғап, Африка, Индияларда үй жыландармен алысып жан тапсырған мысықтар аз болмаған. Әттең не керек, сол мысықтың сезіміндей сенде өз балаңа деген сезім болмағаны өкініштi!.. Бұл жағынан жұрт сөзі мысыққа теңесе, олардың мысықты қорлағаны!

Ерғазы Күнтуардың сөзін бөліп жіберді.

— Арман менің балам емес! — деді ол кенет киіп кетіп.— Оны өз балам деп есептегім де келмейді!

— Мәселе тек өз баланда болуда ғана ма? Жарайды, бөтеннің баласы-ақ болсын! Сонда сен оның ауыр жағдайда екенін біле тұра жәрдем бермейсің бе? Бұрыс кетіп бара жатқанын көре тұрып дұрыс жолға қалай салғың келмеді? Сосын, жиырма жыл қолында ұстағандағы өзіңнің берген тәлім-тәрбиең қайда?

— Тәлім-тәрбие қонбайтын болса, оған мен не істеймін? Арманның жөнделмейтінін мен әлдеқашан білгем!

— «Кісіні жөнделмейді деген адамның тілін кесер едім!» дейді ғой атамыз Абай. Сен тәрбие беріп бала одан жөнделмей кеткен жоқ. Әңгіме басқада. Тәрбие беру үшін адам өзі тәрбиелі болуы керек. Ал өзің қандай адамсың? Ішіне үңіліп бір қарағаның бар ма? Әрине, жоқ. Қарар болсаң, ішіңде талай сұп-суық көлбақалардың жатқанын көрер едің. Сен, дүниеде не істесең, тек өз басың үшін ғана істеген адамсың!

Ерғазы тағы бөліп жіберді.

— Сонда мен сен үшін жұмыс істеуім керек пе еді? Сен үшін кандидаттық қорғап, докторлық жазуым ғана қалған ғой, сірә?

— Неге өйдейсің? Мен үшін киналуыңның қажеті жоқ. Қорғамасам, жазбасам ол менің айыбым. Иә, докторлық қорғадың, профессор болдың! Бірақ не үшін болдың? Ғылымнан бір жаңалық ашайын, халқыма пайдамды тигізейін деп қорғаған жоқсың, тек доктор аталып, жұрттан дәрежем жоғары тұрсын деп қорғадың! Сондықтан да докторлық диссертацияң шаң-шаң болып әне ана шкафта жатыр. Қорғағаннан бері, бетін өзің де ашпаған шығарсың! Иә, өзіңе салсаң, оны ашудың да қажеті жоқ. Өйткені, диссертациядан аларыңды алдың, жетеріңе жеттің. Енді саған оның тіпті керегі жоқ. Иә, жалғыз ғылымға ғана сен бұлай қарамайсың, өмірге, дүниеге деген пәлсапаларың да сондай. Саған жолдас та, дос та, жар да — бәрі тек өз басыңның қызығы үшін жолдас, дос, жар! Өз басына керек болмаса бәрі де тек өткен күн. Пайдасы біткен дүние. Бұл неліктен?

— Иә, бәсе неліктен?

— Адамгершілігіңнің, мәдениетіңнің, біліміңнің жоқтығынан!..

— Адамгершілік, мәдениет жайында мен қазір таласпай-ақ қояйын. Олар туралы, байқаймын, екеуміздің түсінігіміз екі түрлі сияқты,— деді кекете тек ерні ғана күліп Ерғазы.— Ал білімің жоқ дегеніңе жол болсын! Профессор, доктор атанғаныма мінекей құдайға шүкір он жыл!

— Жоқ мен ондай, қағаз бетінде құәлігі бар білімді айтпаймын,— деді Күнтуар күйіне сөйлеп.— Адамның бойына, ойына біткен жақсылығын, білгірлігін айтамын. Сендей доктор, профессор атын алмағанмен, хат танымайтын, бірақ жаны жақсылыққа толы, көңілі күндей ашық, жан-жағына тек сәулесін ғана төге білетін, өзгесін қойғанда, кәдімгі қара қазақ та көп. Білім деген сөз міне осы көргендік мағнада. Ал сенде қандай көргендік бар? Жан-жағыңа қандай сәуле төгіп жүрсің? Артыңа арамдықтан, қызғаныштан, көре алмастықтан бөтен не қалдырмақсың?

— Сонда мен сені көре алмаймын ба? Неңді көре алмаймын? Дәреженді, әлде атақ, атыңды ма? Бақытсыз сорлы!

— Жоқ, мен емес, сен бақытсызсың? Өйткені дарын үлкен бақыт. Ал дарынсыз адам ең бақытсыз адам! Өзгенің істегені оның қолынан келмейді. Сондықтан ол бөтенді көре алмайды. Ал бөтенді көре алмау — ол үлкен бақытсыздық!

— Сен мені расымен дарынсызсың демексің бе? Олай болса..

Енді Ерғазыны Күнтуар бөліп жіберді.

— Иә, дарынды тәрізді едің. Сол үшін өзіме жақындатқам. Бірақ сен сол дарыныңды тек өз басыңның мансапқорлығына ғана жұмсап, өзіңді-өзің ұрладың. Жоқ өзіңді ғана емес, халқыңның да сенен күткен үмітін ұрладың. Иә, сенде бәрі де бар; дәреже де, атақ та, ат та, бірақ халқыңа берген ғылымың жоқ. Сол үшін саған жаным ашиды. Сен бақытсыз жансың!

Ерғазы терлеп кетті.

— Бүйтіп жаның ашымай-ақ қойсын!

— Олай деме! Дос жылата айтады, дұшпан күлдіре айтады. Мен саған әлі де доспын. Сен қасқыр емессің, адамсың! Ал адамға адам әрқашан да дос болуға тиісті. Жаман жолда, жаман ниеттісің. Әлі де болса айтар ақылым, өзіңе өзің қара, жөндел.

— Сірә, маған қайта ту демексің ғой? — деді сұрлана түсіп Ерғазы.— Жоқ, Күнтуар, менің барым осы. Саған ұнамағанмен, өзіме ұнайды!

— Маған жұмыс істеткің келмей, Пейілжанға мақала жаздырғанында да, алпысқа толған күні істеп жүрген шаруамды бітіртпей пенсияға шығарып жібермекші болғаныңды да кешіріп едім. Тек Арманның өлімін кешіре алмағам. Сол себептен өзіңмен сөйлескелі келіп едім. Түсінбедің. Түсінсең де түсінгің келмеді. Ал бұныңды мен кешпеймін. Өйткені сен маған керек адам едің. Әлі де болса жоғалтпайын деп едім. Сондықтан да айтарым: әлі де болса кеш емес, егер қолыңнан келсе ғылымның адал жолына қайта орал.

— Егер қолымнан келмесе ше? — Ерғазы тағы кекете езу тартты.

— Келтір.— Күнтуар кенет Ерғазыға ренжи, тұтана қарады.— Сен өзің қандай адамның бақытты екенін білесің бе?

Ерғазы жалпылама жауап берді.

— Бақыттың жолы толып жатыр...

— Жоқ, оның жолы біреу-ақ: адал еңбек. Ал шын бақытты адам — ол өзгеден жақсылығын аямайтын адам. Сен де жұртқа жақсылық істейтін бол. Дүниеге, жан-жағыңдағы жұртқа тек директорлық сатыдан ғана карама, адамгершілік тұрғысынан да көз жібер. Адамгершілік деген ол бір зор байлық. Оны алтынға да сатып ала алмайсың, ол адамның бойына сана, сезімімен, ақыл, арманымен бірге ұялайды. Бұрын оған мән бермесең, енді мән бер.

Дәл осы кезде үйге, екеуіне бірдей таныс жасы келіп қалған бір ғалым кіріп келді.

— Құттықтаймын сізді! — деді ол анқылдай сөйлеп Ерғазыға,— жана ғана академия президиумы археология тар мамандық деп Пейілжан екеуіңіздің кандидатураларыңызды ерекше карап жалпы дауысқа жіберді.

— Қойыңызшы! Екеуімізді бірдей ме?

— Иә, бөтен бөлімнен тағы бір мүше-корреспонденттік орын ауысыпты. Ал президиум бекітті деген сөз — ол бес минутсіз мүше-корреспондент деген сөз! Күні бұрын құттықтай беруге болады.

Жаңа ғана тұнжырап отырған Ерғазының, екі бетіне қан жүгіріп, көзі күлімдеп сала берді. Ол қуанып кеткенін жасыра алмай:

— Міне бақыт осылай келеді! — деді Күнтуарға.

Күнтуар ақырын жымиды. «Ия, ия, кейбіреуге академияға мүше-корреспондент болып өту зор бақыт! Ал расында бұл

бақыт па, бақ па? Әрине, дүниеде ешғылым сырын ашпаған адамға бұл бақыт та, бақ та шығар! Сол себептен де Ерғазының қуанышы қойнына сыймай отыр ғой. Ол өзін енді бақытты санайды. Ал екі рет дауысқа түсіп, академияға бақкүндестері өткізбеген, бірақ химия элементтерінің периодикалық текшелігін ашқан ұлы ғалым Менделеев, академияға өтпедім деп өзін бақытсыз санады ма екен? Жоқ, мүмкін емес. Периодикалы текшелікті ашқан оқымысты мейлі академик болмай-ақ қойсын, ол ең бақытты адам!

«Қалай екен сабазым, жеңілдің бе?» дегендей Ерғазы енді Күнтуарға масайрай қарады.

— Міне енді сіздің сұрағыңызға жауап беруге болады: Шын бақыт — адамның ойлаған арманына жетуі!

— Сонда бар арманыңыз осы академияға мүше-корреспондент болу ғана ма? Бақытты сіз тым арзан бағалайды екенсіз?

Ерғазы масайрай түсті.

— Маған со да жетеді!

Күнтуар тағы жымиды. «Иә, жетпей! Бишара осы атақты алу үшін қанша уақыт күттің! Бұл сенің жатсаң-тұрсаң құдайдан тілеген ұлы арманың еді ғой! Жоқ, Ерғазы, сен ғылым сырын ашуды сұраған жоқсың, мүше-корреспондент болуды тіледің! «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бере көр» деп құдайға сан рет жалбарынған шығарсың! Қуан, шаттан енді, тілегенің болды!»

Дәл осы кезде бөлмеге секретарь қыз кірді. Бұрынғы секретарь әйел өзіне жұбайы болғаннан бері Ерғазы оның орнына басқа адам алған.

— Ғафу етіңіз, жолдас директор, мен түсіне қоймадым,— деді сызылып қыз бала.— Бірсу телефон соғып тұр, сіздің әйеліңіз Ленинградқа бір ұшқышпен кетіп қалды дей ме, қалай, трубканы алыңызшы...

— Не дейді? — деді сұп-сұр боп кеткен Ерғазы. Қолы дір-дір етіп телефон трубкасына жабысты.— Тыңдап тұрған профессор Аюпов...

Телефон мембранынан аржақтағы дауыс ап-анық естілді:

— Кешіріңіз,— деді қырылдап шыққан үн,— әйеліңіз біздің бір ұшқыш жолдасымызбен Ленинградқа жүріп кетті. Сізге қайтып оралмаймын деді. Соны айтуды менен өтініп еді.

— Қашан? Кіммен кетті?! — деді қалш-қалш етіп Ерғазы.

— Бүгін таңертең. Кіммен кеткені сізге енді бәрібір емес пе? Өзіңізге жоқ, сонымен қанағаттаныңыз. Ғафу етіңіз, бұдан басқа айтарым жоқ.— Бейтаныс адам телефон трубкасын салып қойған болуы керек, бұл жақтағы телефон енді «түк, түк» деп безілдей жөнелді.

Ерғазы телефон сабын ұстаған қалпында әжептәуір уақыт үн-түнсіз отырды да, ерні кезеріп орындығынан сырғып жерге қарай құлай берді.

— Су, су әкеліңіз! — деді хатшы қызға Құнтуар, өзі жүгіріп барып жолдасының басын ұстай. Әйтседе, Ерғазы бетіне су бүркілместен бұрын есін жинады. Енді қайтадан сүйретіле түрегеліп, орнына отырды. Өң-түс жоқ, тісі-тісіне тимей хатшы қыз әкелген стаканнан суды бірер рет жұтты.

Құнтуар ескі жолдасын енді қатты аяп кетті, бірақ ештеңе демеді.

Ал, Ерғазы екі қолымен басын ұстап, столға сүйеніп отырды да қалды.

Алматының күзі биыл да жылдағысындай әдемі еді. Қоңыр салқын жел үрлеп қайың, емен, қарағайлардың сарғылт, қызғылт жапырақтары сыбдырлай жерге түсіп жатыр. Жел қаттырақ соқса, топырлай ұшып, асфальт үстін қаттаса жабады. Жаяу адам дәл құрғақ жапырақтардың үстін емес, бір алтын кілемді басып келе жатқандай сезіледі. Ағаш бастарындағы кішкентай құстар мен боз торғайлардың сайрағанына, мұз бұлақтай жүгірген арық суларының сылдырлары қосылып әлемді бір музыканың жанға жайлы үн гармониясымен тербейді. Бұл үндерге өзінің қызыл-алтын бояуымен сән бергендей зәулім биік ағаштардың бастарында батып бара жатқан күн сәулесі ойнайды.

Ұзын салқын аллеяның бойымен екі адам келе жатыр. Бірі әйел, екіншісі еркек. Екеуі де жас. Бірақ жас болғанмен екеуінің жүзінде махаббаттың құлпырған көктемі, не жаныңды күйдіретін ыстық жазы емес, көңіліңді сабырлы саясына бөлейтін жаймашуақ ерте күзі сезіледі. Бұл екі адам Дәнеел мен Жаннат. Бұлар май айының ақ қанатты көбелектеріндей баяғыдай ұшып-қонбайды, бір-бірімен үлкен ләззатпен сабырлы, сазды сөйлесіп келеді.

— Алматыға көшпеске амалым қалмады,— деді Жаннат.— Арманнан айырылдым, сен болсаң жоқсың... Көңілің қалған шалдың жанында қанша отыруға болады. Және өзі де біздің кеткенімізді тіледі...

— Сап-сау адам еді ғой,— деді Дәнеел,— қалай паралич ұрып жүр? Өзі қалай болған?..

— Бізден айрылғаннан кейін әлгі жас хатшысына үйленгенін білесіңдер ғой. Сол әйелі төрт жасар қызын «нәрестелер үйіне» тастап, Ерекеннің біраз қымбат заттарын алып, бір ұшқышпен қашып кеткен. Ерекең соған қатты қайғырды. Мен өліп қалар ма деп едім, әйтеуір ештеңе бола қойған жоқ. Дәл сол кезде академияның мүше-корреспондентіне Пейілжан деген біреу өтіпті де, бұл кісі қалып қойыпты.

— Пейілжанмен бірге оқып едім, бәлендей дарыны жоқ тәрізді еді...

— Бірақ мүше-корреспонденттікке өтіпті ғой?

— Иә, өтті. Кім біледі, жас ғалым ғой, алдында келешегі бар деп өткізген шығар. Сосын?

— Сосын. Ерекең әлгі академиктігіне өтпей қалғаннан кейін Қайрақтыға қайтып келген. Мен өзім бұл кезде көрген жоқпын, ал көрген адамдар мүше-корреспонденттікке өтпей қалғанына катты қиналып жүр дейтін. Содан болуы керек, бір күні күтпеген жерден бір жақ денесі қимылдамай қалды.

— Япырмай, адам соншалық бақұмар болар ма!

— Бақұмарлық па, әлде нәтіне қарай табиғаттың өзінің берген жазасы ма, кім білсін. Өзінен өзгеге тым қатал адам боп шықты ғой. Ақгүл апам, бишара, шу дегенде осы кісінің қылығынан жүрек ауруға шалдыққанын енді ғана түсіндім.

— Сосын?

— Сосын... Паралич ұрғаннан кейін мені іздеттіріп тауып алды. Қанша көңілің қалғанмен, біраз мезгіл бірге тұрдық қой, және мұндайда бишараны адам аяйды екен. Үш айдай басы қасында боп күттім. Әрине, тастап кетпес едім, әлі де сол үйде тұра беретін едім, жүруге жарағаннан кейін өзі пенсияға шықты... Жөнделіп кетсем, қызметті сосын көрермін деді. Бізге өз жайымызға кетуге рұхсат етті. Бұрын да балалардың у-шуын сүймейтін. Ауырғаннан кейін, тіпті көтере алмайтын күйге жеткен сиякты. Үйі, күйі, дүние мүлкі жеткілікті, шамасы өзін күтетін, тендес біреуді алып, қалған өмірін тыныштықта өткізгісі келді-ау деймін. Сосын... біз Алматыға көштік.

— Дұрыс істегенсің! Келмегенде өзім барып көшіріп әкелейін деп жүр едім.

— Рахмет ондай жанының ашығанына,— деді Жаннат кенет көзіне келіп қалған жасын сүртіп.— Саған істеген қиянатымның қайғысын өзім де тарттым ғой. Күнің болып өтуге бармын!

— Ту, қайдағы жоқ сөзді айтады екенсің! — деді Дәниел, кенет оның діріл қаққан саусақтарынан ұстап.— Сен менің күнім емес, мен сенің құлың болып өтсем, арманым жоқ! — Кенет ол қуана күлімсіреді.— Жоқ, қара да тұр, бір екеуміз дүниедегі ең бақытты ғашықтардай өмір сүріп өтеміз! Қосылуымызды тым ұзақ күттік қой...

Қайғыдан әбден көңілі қайтып қалған Жаннат, ақырын жымиды.

— Құдай енді жылатпауға жазсын!

Сағынып, сарғайып қосылған жандар, осы бір сәтті, бақытты минуттерін өмірбақи естеріне сақтағылары келгендей, үнтүнсіз қол ұстасып ұзақ жүрді.

— Біздің қосылатынымызды естісе, көкем сұмдық қуанады!— деді әлден уақытта Дәниел.

— Мен де сөйтер деп ойлаймын. Бірақ...

— Не бірағы бар?

— Менің мына екі кішкентайымды қалай қабылдар екен

о кісі? Ерекеннен аузым күйген бе, ұзақ жыл жалғыз боп тыныштыққа үйренген адам, үйінде балалардың у-шу боп жатқанын жақсы көре қояр ма екен? Оның үстіне бұлар өзінің туған немерелері емес қой.

Жаннат пен Дәнекел қосыламыз деп уәделескенмен, екі бала жайы әңгіме болмаған. Егер Дәнекел де Ерғазы тәрізденіп, бұнында сәбилерін балалар үйіне бергізгісі келердей қылық көрсетсе Жаннат оны қанша жақсы көрсе де, қосылудан бас тартпақ еді. Демек, Дәнекелдің өйтпейтініне күмәні жоқ тәрізді, сонда да қайын атасын сылтау етіп, бұл сөзді оған әдейі айтып келеді. Жаннаттың ойын түсінген Дәнекел байсалды, орнықты жауап берді.

— «Бала кім бауырына салса соныкі» дейді менің көкем. Сен олар туралы қам жеме, екеумізге ұнағандай жас балалар көкеме де ұнайды,— деді.— Олар бөтен әкеден туғанына жазықты ма? Тек Арманды бөтен санаған Ерғазыдай болғызбасын құдай. Балаларыңды өз балаларымдай көруіме күмәнданба. Сосын менің көкемнің тыныштығын бұзады деп ойлама. Ол өте балажан адам. Жақында — Дәнекел ақырын жымиды,— көкем маған: «Өзіннің үйленетін түрің жоқ қой. Жас баланың даусы шықпаған үй қаңырап қалған мұра сарайлар тәрізді, егер немере тауып бермесең, балалар үйінен бір бөбекті аламыз ба, қайтеміз?.. Бала күлкісін тым сағынып қалдым» деген...

Жаннаттың көзі тағы жаска толып кетті. Ол үн-түнсіз келе жатып, жүріп жатқан жүрттан ұялмай Дәнекелдің қолынан ұстады.

— Қалған өмірімнің қуанышта өтетініне күмәнім жоқ,— деді.— Тек құдай сағаң ұзақ өмір берсін.

Күнтуар баласының ойын бірден дұрыс деп тапты. Көп кешікпей той жасап Дәнекел мен Жаннат қосылды.

Енді Күнтуардың көптен бері тыныштықта мүлгіген жасыл баубақшалы кең сарай үйі, жас балалардың айқай шуына бөленді. Қуана салған жас әйелдің өлеңі мен жас жігіттің шат күлкісіне толды.

Қарт ғалым да жасара түскендей. Жұмыс бөлмесінде ол бұрынғысындай үнемі сарылып отырмайды, бір мезет далаға шығып немерелерімен балаша ойнап, ұмытылып бара жатқан шаттыкка кенеледі.

Сосын тағы жұмысына кіріседі. Қарт ғалымның осындай ойлануда, ізденуде өтіп жатқан қуанышты күндерін бір-ақ зат қана бұзды. Бұған тағы Пейілжан себепкер болды.

Пейілжанның бақыт тасы Ерғазынікіндей емес, өрге қарай домалай түскен. Ерғазы мысық тәрізді сыбдырын білдірмей, дүниенің қызығын жеке көруге құмар болса, бұл жолдас-жора жинап, өзін қостайтын, қошаметтейтін топ ұйымдастыра білді. Ерғазы тек өз күшіне, дәрежесіне, бағына, атына сенсе, бұл өзін

қолдайтын абройлы адамдарға арқа сүйеді. Олардан асын да, машинасын да, тіпті керек болса жанындай жақсы көретін қимасын да аяған жоқ. Бар еңбегі алдыменен кандидаттық, соңынан терендетіп докторлық еткен тайыз пікірлі жалғыз ғана зерттеу болса да, оны дәріптей, құнды ғылыми табыс етіп көрсете алды.

Сотқар кекшіл мінезін ол әрдайым тек «осыған күшім жетеді-ау» деген кісілерге ғана көрсетуге тырысатын. Ал өзінен дәрежесі, не абройы үлкендердің аяғындағы шұлғауы, белиндегі белбеуі бола кететін. Қате болса да солардың сөзі дұрыс, тайыз болса да солардың ойы терең дейтін.

Дарынсыз жан осында дарынды ойланған әрекеттерінің арқасында өсе берді, өсе берді.

Міне осылай шын ғалымдармен терезесі тең түсіп қалған Пейілжан, өзінің комитет кеңесшісі екенін пайдаланып, Мәскеуде бекілуге жатқан Күнтуардың еңбегіне қарсы пікір жазып, диссертациясын бекітпей қойғызған.

Бұл әңгімені Мәскеуге барған бір жолдасы Күнтуарға айтып келген.

Алғашқы естігенінде Пейілжанға ренжіп, азырақ ашуланғанмен, артынан: «Жасым болса келіп қалды, өмір бойы ешбір атақсыз да жүрдім ғой, қалған уақытымда кандидатсыздық та өтер, мейілдері!» деп қолын бір-ақ сілтеген. Тек зерттеп жүрген жұмыстарына, бұрынғысынан да белсене кіріскен.

Осы бір Пейілжан қырсығы тиген істен бөтен өзге күндерінің бәрі біркелкі серпінді, қуанышты өтіп жатты. Ал Пейілжанның істеген қастығының да қазір жағдайы екі ұшты болып қалғанын Күнтуар естісе, көңілі тіпті жадырай түсер еді.

Мәскеуден бар әңгімені естіп келген кісі Пейілжанның қылығын тек Күнтуарға ғана айтып қоймаған, карт археологтың жаны ашыр жолдастарының бәріне де жеткізген. Бұл сөзді академик Вергинский де естіген. Ол халыққа белгілі бірнеше сериктерімен бірігіп Күнтуардың ғылымға еңбегі сіңген әйгілі археолог екенін және бұрынғы шығарған кітаптарының өте қымбат бағаланатынын айтып, карт ғалымға тек кандидаттық емес, доктор атын берулерін сұраған.

Мәскеуден жақында хабар келген. Белгілі ғалымдардың өтініштері қаралып жатқанын естіртіп, комиссия председателінің өзі енді Күнтуардың қазір қолға түспейтін, ерте кезде жарық көрген бір-екі кітабын жіберулерін Вергинскийден өтінген.

Академик кітапханасынан бұл кітаптарды таба алмағандықтан, ескі досының үйіне өзі келген.

Ақ шашты академиктің қораға кіріп келе жатқанын терезеден Күнтуардың өзі көрді. Ол орнынан асыға түрекеліп, сыртқа қарай ұмтылды.

— Жел айдап, әлде толқын қуып келе жатырсың ба?— деді Күнтуар ескі досын құшақтай.

— Жел айдайтын, не толқын қуатын мені сонша қанбақ дейсің бе?— деді әзілге әзіл қайтарып Вергинский.— Мен секілді академикті қанбаққа санап, байқа, соңынан академиктікке ұсынылғанында бір дауыс кем алып жүрме!

— Қорқытпа!— деді күліп Күнтуар,— дәл бұл мәселеден менің күнім сағаң түспейтінін өзім де білемін!

— «Құдай қырына алса, қыркында да адам таз болады» дегенді білмейтін бе едің?

— Таз ету қолдарыңнан келетінін білемін!— деген тағы әзілдеп Күнтуар.— Осында біреу басымдағы шашым ағарғанша, отыз жыл бойы жазып келген еңбектерімнен де дым қалдырмапты!

— Ол кім?— деді кенет күлкісін тия қойған академик.

— Қорықпа, сен емессің!

Бірақ Күнтуар Пейілжанның атын айтпады. Күнтуардың біреуді сыртынан әңгіме ететін әдеті жоқ, не болса да адамның бетіне айтатын. Бұл жолы да сол әдетіне салды.

— Айтпасаң айтпа, бәрібір мен де білемін.

— Қайдан білесің?

— Жамандық жерде жатпайды!

Академик те Пейілжанның атын атаған жоқ. Ол ескі досын келінді болуымен құттықтап, ұзақ отырды. Өткен жастық шақтарын әңгіме етіп, екі шал көңілдерін ашты. Жаннат бұларға шай дайындап, аяғының ұшынан жүріп қызмет етті. Тек кетерінде ғана академик Күнтуардың Мәскеу сұраған кітаптарын атап:

— Өзіңде бар шығар, маған бір-бір данасынан берші,— деді.

— Оны қайтесің?— деді Күнтуар.— Тым ерте кезде шыққан кітаптарым ғой.

— Сол үшін де қайта бір қарап шығайын деп едім,— деді академик. Мәскеудің сұрап жатқанын айтпай. «Егер Мәскеу алда-жалда бір себеппен біздің өтінішімізді қабылдамай қойса, алдын ала дәмелендіріп жанына жара салып не қыламын» деп ойлады академик.

Вергинский сұраған кітаптарын алып кетіп қалды. Күнтуар мектепте бірге оқыған досының баласының үйленгенімен құттықтап келгеніне көңілі толқып, мәз болып біраз отырды да, жұмысына кірісті.

. . . . . .

Арада тағы жыл өтті. Сонау Күншығыстағы Хабаровскіден Күнбатыстағы Мәскеуге жылдамдығы дыбыстан да тез реактивтік самолет жеті сағатта жететін заманда, бұл қандай жүйрік жыл болды десеңдерші! Шабысы жылдам, істелген ісі орасан көп жыл.

Осы бір жылда кешегі Қайрақты экспедициясы жұмыс іс-

теп жатқан баялышты, жынғылды құмайт дала, қазір су басып ұшы-қиыры жоқ теңізге айналды. Кешегі шөлейтті өңірде бозтікен мен сексеуіл шоғырлары арасынан тасбақа жылжыса, бүгін сұрғылт су алабының үстінде моторлы қайық және бірқазан, қаз-үйрек жүзді.

Қазір осы қолдан жасалған теңізді тамашалап биіктеу жағасында бір топ су зерттеуші мамандары мен археологтар топтары тұр. Бүгін-ертең Сыр жағасына салынған, осы қолдан жасаған теңіздің ағыс қарқынымен жүретін ГЭС — жұмыс істемек. Көбі сол ГЭС-тың ашылуына арналып шақырылған қонақтар. Су зерттеушілерді басқарған академик Вергинский, қасында Әмірбек, осы жаңа ГЭС-тың директоры болып дайындалған Жарқын, гидрогеология экспедициясының кешегі бастығы, бұл күнде Алматыдағы үлкен қызметтегі Нұрәлі, тағы басқа мамандар. Археологтарды басқарып келген Күнтуар. Бұл қазір доктор, биылғы сайлауда Қазақ Академиясына мүше боп өткен. Қасында Михайлов, Дәниел және Ерғазы, биыл медицина институтын бітіріп, осы араға дәрігер болып келген жас әйел Күнімжан тұр. Пенсиядағы Ерғазыны Күнтуар әдейі ертіп келген. Бұның да себебі бар еді. Өздерінің жұмыс істеп жатқан жерін бүгін-ертең су басатынын білетін Күнтуар бір айдан бері экспедицияның басында еді.

Қанша көңілі қалғанменен хал-жайын білуге кеше ескі досы Ерғазының үйіне барған. «Қастығы да, достығы да — бәрі де өткен дүние өзіміз картайып қалғанда, несіне өткенді кек тұтамыз» деп ойлаған. Ерғазы бұның келгеніне қуанып қалған. Өзінің де денсаулығы жөнделген соң, үйінде бұрынғы жазғандарын қарап жұмыс істей де бастаған екен. Екеуі біраз сөйлесіп отырғаннан кейін «сенің айтқаныңның бәрін ұқтым, көп мезгілімді боска өткізіп алыппын. Қазір, менің жасымда, өткеннің орнын қайтадан толтырам деу, әрине, қиын. Сөйтсе де ермек болсын деп бірдемелерді қарап жүрмін.Өмір бойы жұмыс істеп келген адамға, бір ғажабы үйде отырып қалу үлкен азап көрінеді. Тіпті кейде «екі қолыңды алдына сидыра алмайсың» деген. Өзін бағып,қағып жүрген жасы келіп қалған әйелі, бұларға шай беріп болғаннан кейін. Күнтуар:

— Қайрактыға келіп тұрып, тағы басына бармай кетсем аруағы ренжір, жүр қазір Ақгүлдің басына гүл қойып қайталық,— деген.— Арман да сол жерде ғой...

— Өзім де бүгін-ертең Ақгүлімнің зиратына барып, ішімдегі шерімді тарқатайын деп жүр едім, сенің келгенің жақсы болды,— деген Ерғазы бірден көніп,— машина шақырайын...

Олар такси шақырып, өсімдіктер дүкенінен гүл-гүл алып, Ақгүлдің зиратының басына келген.

Күнтуардың күтпеген оқиғасы осы арада болған.

Арманның жасаған анасының тас мүсінін Күнтуар бұрын көрмеген еді. Қара мәрмәр тасынан қашап жасаған бейнеге таң

қалды. Ақгүлдің осынау тас бейнесі, өзінің қайғылы, азалы түрімен кенет көңілін босатып, көзін жасауратып жіберді. Жоқ, бұл Ақгүлдің өзі емес, оның қасіреті мен өкінішінің суреті. Өмірінде тас қашап көрмеген жігіттің, анасының бейнесін дәл осылай түсіре алады деп кім ойлаған! Міне баланың анаға деген шын махаббаты! Ол анасының қайғысын да түсіне білген, адам баласына мәңгілік мұра етіп қалдырған.

— Япырм-ай, мына мүсін қандай ғажап!— деді ол толқып кетіп,— бері қарашы.

— Қай мүсінді айтасың, Күнтуар?— деді Ерғазы.

— Мына Арман жасаған...

Сірә Ерғазы да бұрын көрмеген болуы керек, ол кенет құян болған адамдай, аяғын ілбіп басып Күнтуардың жанына келді. Мүсіннің дәл өзіне тікелей қарай қалған келбетінен көзін алмай ұзақ тұрды.

— Япыр-май, ә...— деді ол таңданғандай.

Мүмкін дәл осы сәтте оның есіне ақжарқын нішінді, кең пейілді жұбайы мен кішкентайында алдына алып, екі бетінен талай сүйген Арманы түсіп кетті ме, әлде осындай аяулы адамдардың тағдырына ара түрар, дер кезінде жақсылық істеудің орнына, өзінің өзімшілдік мінезінен туған қатыгез кінәлары жанын күйдіріп жіберді ме, ол кенет өксіп жылап қоя берді.

Ең алдымен бұршақтай-бұршақтай боп екі бетін айғыздай жасы ағыл-тегіл төгіліп «аяулым-ай, аяулым!» деп Ақгүлдің тас мүсінін аймалай құшақтап бері де, сол сәтте қабырының басына таман барып, етпетінен түсті.

Енді ол әйелінің топырағын аймалап ботасынан айрылған нардай, боздай жылады. Бір мезет басын көтеріп ап, көзінен аққан жастан да, бүкіл зират басын тітіретіп жіберген қатты қарлыға шыққан даусынан да ұялмай, кәдімгі жоқтау айтқан әйелдей, екі бүйрін екі қолымен ұстай алып, бар даусымен айқай салып зар қақты.

— Қалай айрылып қалдым мен сенен, Ақгүлім, ай гүлім, ақ жаным? Қалай түсінбедім мен сенің мынау тас мүсіндегі қайғыңды?! Бар күнәмді енді ұқтым, аяулым, періштем, кешір мені, кешіре гөр!— деген.

Ол өксігін әзер-әзер басып сәл отырды да қайтадан күңірей жөнелген, бұл жолы даусы тас қуыста жатқандай тұншыға, бұлыға шықты.

— Кімге тастап кеттің сен мені? Қандай қымбат екенінді енді білдім ғой! Жоқ, жоқ, сәл шыда, жуырда мен де келем қасыңа! Бұл дүниеде қалдырған көңілінді, о дүниеде қайтарам! Жалғыз ұлына да қарамаған күнәмді, қасыңа барып ақтаймын. Дозаққа салса көнемін!

Ерғазының бұл жоқтау-зарынан Күнтуардың сай-сүйегі сырқыраған. Ескі жолдасының қиналуын да, өкінуін де ұққан. Қайғылы кәріні қатты аяп кеткен. Бірақ «қой» демеген. Іштегі күйі-

гін көз жасымен шығарсын деп тұрып алған. Тек Ерғазы әбден шаршаған шағында ғана ол:

— Ал жүрелік,— деді.

— Өзің кете бер, мен осы арада қалам,— деді Ерғазы,— Ақгүліммен әбден шерім тарқағанша мұндасам, қандай ақыл береді, не дейді кеңесем, кеңес сұраймын.

Жоқ, Құнтуар Ерғазыны тастап кеткен жоқ. Іштегі күйігін көз жасымен армансыз төгіп болсын деп, шешесінің зиратынан тақа алыс қойылмаған Арманның бейітінің қасына барды. Жақындау ойпаттау жерден бір шумақ жанаргүл мен қызғылт өңді сепсегүлді әкеп басына қойды. Оның зиратына Құнтуар бір зор өкінішпен қайғыра қарады. «Анандай мүсінді жасаған, болғалы тұрған дарынға дер кезінде қалай жәрдем бере алмадық? Ей, адам сорлы, сен қашан бөтеннің тағдырына жаның ашып, араша түсетін боласың? Кейде сенің осындай безбүйректігіннен туған жанашымастығың, көрдің бе, қандай қымбат жасты жоғалтуға себеп болды?!»

Құнтуар тек күн бата ғана, әбден қалжыраған Ерғазыны үйіне алып қайтқан. Олар тағы ұзақ сөйлескен. Құнтуар сактар дәуірінен бұрынғы қазақ жерінде қандай мәдениет өткені жайында өз ойларын, болжамдарын әңгіме етті. Ерғазыны әлі де болса өзімен бірге жұмыс істеуге шақырды.

Бүгін мына жаңа теңіз жағасына оны өзімен бірге алып келген себебі де осыдан еді. Қалаға оралған соң Ерғазыны қайтадан жұмыска алдыру жайында академик Вергинскиймен сөйлеспек.

— Қараңызшы, Құнтуар Құдайбергенович,— деді академик Алексей Максимович Вергинский сонау ұшы-қиыры жоқ су алабын көрсетіп,— қандай тамаша, ғасырлар бойы тек жылан менен тасбақа мекен еткен құм далаға су келді! Енді мұнда жаңа өмір басталады!..

Құнтуар мұңая езу тартты.

— Бірақ бұл арадағы ескі өмірді, жоқ жалғыз ғана ескі өмірді емес, бір кездегі өткен көне дүниелерді де су басады ғой,— деді.— Кім біледі, осы жаңа теңіздің астында бір уақыттарда адамзаттың қуанышы болған, ұлы мәдениет, цивилизация, жұмбағын болашаққа аша алмай, енді мәңгі жоғалатын шығар...

Академик күлді.

— Сол үшін де өзіңнің экспедициянды осы жерде он жылға таяу ұстаған жоқсың ба? Су басқанша бұл арада ескі мұра болса армансыз зерттесін дедік қой.

— Әрине, солай. Бірақ бұдан мыңдаған жыл бұрын өткен, және адам баласының есінен шығып кеткен мәдениетті қайтадан табу, ол мая шөптен інені іздегеннен кем емес, кейде жүздеген жылдар керек.

— Әрине. Бірақ амал не, өмір дөңгелегі тоқтауды білмей-

ді, үнемі алға жүре түсуді тілейді. Бүгін міне ғасырлар бойы тыныш жатқан осынау бозғылт даланы, енді адам баласының пайдасына жарататын кезек жетті.

— Иә, ол солай,— деді Күнтуар,— бұған ештеңе істей алмайсың, бірақ адамзаттың жас дәуірі, өзіңнің жас кезің тәрізді ойында, ақылында еш із қалдырмай кетсе, о да бізге өкініштті, аянышты, тек соны айтам.

— Қайтеміз, ондай жағдайлар өмірде аз кездеспейді.

Күнтуар академик Вергинскиймен бір мектепте оқып жүріп, жас кездерінде, көгаршын ұстап, өзенге бірге қармақ салған жан аяспас дос болған. Тек институтқа түсер шақтарында ғана екеуінің жолы екі айырылды. Біреуі жер зерттеу мамандығын қаласа, екіншісі, су электростанцияларының құрылыс ғылымын құды. Өзінің үлкен дарынының арқасында, Вергинский тез өсті. Ғылыми жолы соқпақты кедір-бұдырлы болмады. Бұл өзі өсіп қана қоймады, жан-жағындағы адамдардың өркеюіне де жәрдем берді. Сол жәрдемінің қатты тигенінің бірі осы Күнтуар. Вергинский археологты ескі жолдастығы үшін емес, оның дарыны, істеген еңбегін жоғары бағалаған. Сондықтан да үнемі оған көз қырын сала жүретін. Өзі жоқта оны Ерғазының пенсияға шығармақшы болғанын Дәнелден естіп, қатты ренжіген, дереу қарт археологке тимеуді бұйырған. Ал Мәскеуден өздерінің өтініші қабылданып, Күнтуарға доктор аты берілгеннен кейін, құттықтап академиктің өзі тағы бұның үйіне келген. Өзіне докторлық атты осы Вергинский бастаған қазақ жерінің белгілі ғалымдарының өтініші арқылы бергенін соңынан білген Күнтуар оған шын жүректен рахметін айта келіп:

— Мені әсіресе, көзге түспей жүрген мен секілді, қарапайым,еңбеккұмар кісілерді өзің тәрізді есіне алатын әділеттігі адамдардың бары қуантты,— деді.

— Қарапайым, еңбеккұмар екенің рас, бірақ ғылымда сен қарапайым жан емессің,— деген күліп академик.— Өзіңді-өзің жеткілікті бағаламайсың, әйтпесе сен нағыз ғалымсың, Доктор ғана емес, академик болуға лайықсың,

Күнтуар күлген:

— Менің дарынымды соншма жоғары санағаныңа рахмет. Бірақ академик болғым келмейді.

— Неге?

— Ғалымның бәрі академик болуға тиісті ме? Есінде ме Лобачевскій мен сол кездегі белгілі математик Остроградский? Лобачевскій Эвклид геометриясынан тыс көлемдік геометрияны ашты. Ал Остроградский көлем геометриясы дымға тұрмайды деп өзінің үлкен академиктің абройымен Лобачевскийдің ұлы еңбегін жоққа шығаргысы келді.

Академик Вергинский күлді.

— Оның атақты афоризмі есінде ме?

— Қандай афоризмі? Есімде жоқ...

— «Не нәрсе жаңа болса — ол дұрыс емес, ал не нәрсе дұрыс болса — ол жаңа емес» деген сөзді кім айтқанын ұмытып қалдың ба?

— Рас, ұмытып қалған екем.— Күнтуар күлген.— Иә, бұл соның сөзі. Және тауып айтқан!

Академик Вергинский сөзінде тұрған, Осы жақында өткен сайлауға Күнтуарды академияның мүшелігіне ұсындырған. Күнтуар боска күпті болған екен, карт ғалымның еңбегімен жұрт көптен таныстықтан сайлауда бір дауыстан өткен.

Әйтсе де Күнтуар өзін сол бұрынғы инженер қалпында сезінген. Ал академик боп абыройының өскенін бір-ақ нәрседен байқаған. Өзі қорыкпайтын, күнім түспейді дейтін адамдарын үнемі газет, журнал бетінде жамандап жүретін Пейілжан, Күнтуар академик болысыменен кенет оның еңбегін дәріптеп мақала жазған.

— Рас академик болған екем!— деген күліп Күнтуар.— Өйтпесем, Пейілжан мұндай мақтар ма еді?!

Міне, сондағы Вергинский қазір де Күнтуармен қалжындаса сөйлесіп тұр:

— Тағы айтарым, — деді ол күлімсірей,— сенің көне мәдениеттеріңді біржолата су басты деп ренжіме. Әлі техникамыз сондай өседі, егер керек бола қалса, су астындағы мұраларды да дәл қазіргіден де оп-оңай қазып алатын боламыз.

— Егер оған жасымыз жетсе...

— Жетпесе менің жасым, сенің жасың жетпес, ал мыналардікі ше? — Ол қатарласа тұрған Дәниел, Михайлов, Нұрәлі, Күнімжан, Жаркындарды көрсетті.— Әлде ісінді жалғай түсетін оқушыларың жоқ па? Онда бір сәрі...

— Неге болмасын!— деді күліп Күнтуар,— құс қанатсыз ұша алмайды, ғалым соңынан ерген оқушысыз өмір сүре алмайды.— Ол Михайловты көрсетті,— менің соңымдағы мына Василий Ивановичымның өзі не тұрады? Көп жылдан бері бірге жұмыс істеп келеміз. Биыл ғана тыстан оқып, Мәскеу университетінің археология, этнография факультетін бітірді, мұндай оқушысы, Дәниелдей баласы бар ғалым арманс...— деп келе жатты да Күнтуар сол қолымен жүрегін ұстап жерге құлай берді...

Қалың жапырағы көленкесіндегілерге сая болған кәрі емен құлады. Жан-жағындағы жұртқа тек жақсылық ойлаған карт археолог дүние салды. Пейілжандар қуанды, Дәниел, Михайловтар жылады. Жаман адам өлсе — жамандығы өзімен бірге кетеді. Жақсы адам өлсе — жақсылығы артындағы ұрпағына жетеді. Күнтуар жақсы адам еді. Сол себептен күтпеген жерден оның каза болғанына жұрттың бәріне бірдей катты батты. Әсіресе Дәниел мен Жаннатка бұл өлім — екі аяулы жан жаңа ғана қосы-

лып, бақыттарын тапқанда — жарық күндерін қараңғыға, қуаныштарын қайғыға айналдырған тәңір қарғысымен әдейі айткандай көрінді.

Дәнелдің ойына осы сәтте бір ақынның өлеңі түсті. Ол ақын өлім жөнінде былай деп жазған еді.

Өлім не? Ол — тыныштық тас қамалды.
Білмейсің көріні, әлде жасты алады.
Тек қана қаһарманға қара жерден
Мәңгі өлмес ұзақ өмір басталады.

Дәниел, әкесінің адамзат тарихына, не өз халқының тағдырына әсері тиген әйгілі қаһарман емес екенін жақсы білетін. Тіпті ғылымда да жұрт таң қалар жаңа көз ашқан жоқ, қоғамды алға сүйреген жарық жұлдызы да емес. Бар болғаны Күнтуар өз жұмысын өлердей сүйген, соған өле-өлгенше адал қызмет етуді арман еткен, үлкен дарынды, жақсы адам еді. Ал дәреже құмар, күншіл көре алмастары көп осынау жанталасқан дүниеде, өзгесін былай қойғанда, басқаға жақсылық ойлайтын жақсы адам болудың өзі аз қасиет пе? Аз емес! Аз емес!

Дәниел әкемдей болам дегенде, әкесінің ғалымдығы, атақтылығы емес, осы жұртқа жақсы кісі аталған адамдық қасиеттерін ұстайтынын айтқан. Демек, жалғыз баласы болсада, соңында өзіне еліктейтін ұрпағы бар адам — бақытты адам! Күнтуар да өзін бақытты санаған. Рас, көп жылдан бері, сақ дәуірінің алдында қазақ жерінде қандай мәдениет болғанын білсем деген арманына ол жете алмай кетті. Бірақ өзінің мұрагері Михайловты ол бұл арманымды да аяқтайды деп әбден сенген. Сол себептен де Күнтуар таяп келе жатқан өлімді қорықпай күткен.

Күнтуар көп кешікпей бұл дүниеден өтетінін білген. Бұл сенім оған Жақыптың өлгенін естігеннен кейін келген, және сонау бір бейтаныс, бір-ақ рет көрген кісісінің қалай қайтыс болғанын естігенде таң қалған. Менде ажалды сол жігіттей қарсы ала алсам жарар еді деп өзіне тілек еткен.

Оқырман, есінде бар ма, Ақгүл дүние салғанда оның қабырының басында, Ерғазыдан бұрынғы күйеуінің інісі, Түркстаннан келген ұзын бойлы, қара торы Жақып деген қайнысының егіліп тұрып сөйлегені? «Аяулы жеңгем, сен о дүниеге жүргелі жатқанында, ең болмаса басында отыра алмадым, көзімді өз қолыммен жауып, ақырғы бауырлық «Бақыл бол» деген сөзімді айта алмадым, Осы бір өкініш жүрегімді удай жалап барады» деп еді ғой? Сол жігіт, Ақгүлдің өлімінен кейін, қан қысымы бұзылып, катты сырқаттанып қалған. Дәрігер — балгерлерге көрініп канша емделгенмен, кейде жөнделіп, кейде қайта сырқаттаның, жазылмай-ақ қойған. Сөйтіп жүргенінде ағасының жалғыз баласы Арманның қалай қайтыс болғанын естіген. Қан қысымы бұрынғысынан кенет өсіп, козғала алмай төсек тартып жатып алған. Сәл жөнделгенде өздеріне жақын Тәшкент қаласына барып ауруханаға түскен. Бір айдай емделді. Бірақ жазылмады.

Бір күні денесінің бір жағы үйып, бір жақ тілінің жағы кете бастады. Сірә, ажалдан құтыла алмайтынын сезген болуы керек, дәрігерлердің «басқа да ем қолданып көрейік» дегеніне көнбей, үйіне қайтуға рұхсат сұрады. «Жүрегім сезеді, бұл сырқаттан мен құтыла алатын емеспін ғой, ең болмаса бала-шағамның қасына барып өлейін» деген. Дәрігерлер амалсыз көнді. Үйіне келгеннен кейін, төсегінің қасына қыздайынан қосылған мұғалима жұбайын шақырып алды. Аудандық жер ғой, қала адамдары да малсыз тұра алмайды. Уақ малынан бастап жылқысына дейін жан-жақтағы колхоздарға қояды.

— Біздің малдардың қай колхоздарда екенін сен білмейсің ғой, қолыңа қағаз, қаламыңды ал, айтайын,— дейді Жақып әйеліне.— Сосын кісілер жіберіп бәрін жинатып ал. Сойып, қасапқа өткізіп, етін саттыр. Мен кеткеннен кейін бәрібір ол малдарды баға алмайсың, оданда ана балаларына оқуларын бітіргенше қаражат болсын.

Әйелінің «қойшы, қайдағыны айтпай. Әлі-ақ жазыласың» дегеніне көнбей, өзінің айтқанын істетеді. Сірә, жүрегі құрғыр сезген болуы керек, енді ұзаққа бармайтынын... Күннен күнге хәлі ауырлай түседі. Шымкенттен, Алматыдан келген дәрігерлерде ештене істей алмайды. Тек әйтеуір, әзірге тілі сөзге келіп жатады. Осындай ауыр хәлдегі Жақып бір күні бірінен бірі үлкен сегіз баласы мен жылаудан көзі білеудей боп ісіп кеткен жұбайын қасына шақырады.

— Мен әкеммен қалғанда жеті жасар едім, құдайға шүкір, кісі қатарына жеттім, екі институт бітірдім, ауданның белгілі қызметкерлерінің бірі болдым,— дейді, ол балаларына.— Ал сендердің хәлдерің менікінен көп онды. Алдың жиырмаға келіп қалдың. Жақсы кісі болыңдар, біріңді бірің қорғап, біріңе бірің мейірімді келіп өсіңдер,— сөйдейді де жылап отырған әйеліне қарайды.— Аяулы қосағым, сен де жасыңды тый, іренжіткен жерім болса кешір дейді. Содан кейін әзірге жаны кетпеген сол қолымен балаларының маңдайынан бір-бір сипап, әйелінің алақанын сол қысып жатады да,— ал енді қош болыңдар,— деп Жақып о дүниеге жүре береді.

Есіл ер осылай қырық сегіз жасында бірте-бірте сөнген майы таусылған шамдай дүние салады,— деді Күнтуарға Жақыптың өлімін айтқан жігіт.— Ал Жақып сонау ауыра бастағанынан көзін жұмғанға дейін бір рет өлімнен қорқып, сабырсызданып, ренжіп, қиналып, не өмірді қия алмай көзіне тамшы жас алып көрген емес. Сол тәбіғи сабырлы қалпында, осылай болуға тиісті дегендей, дүниеден өтті. Бұлай өлудің өзі бір ерлік емес пе?»

Иә, ерлік. Жоқ, бұл ерлікке бергісіз ұстамдылық. Күнтуар майданда жау оғына қарсы жүгіріп, қаза тапқан талай ер жігітті көрген. Өзі де оқтан қорқып әбігерленбеген. Ал Жақып секілді, өлетінін біліп жатып және сол өлімге бірте-бірте таяған сайын өзінің жан дүниесін, мінез-құлқын өзгертпей, бәріне де күні бұ-

рын көніп, мұндай дүние салған адамды көрген емес. Жоқ, бұлай өлу көп адамның қолынан келмес ерлік! Адамның үлкен қасиеті!

Қүнтуар сол күні түс көріп шықты. Түсінде жардан құлап бара жатып, өледі екем деп қорқып, айқайлап келеді екен. Өз даусынан өзі шошып оянған. Жүрегі тым катты соғып, бұрынғы ауыратынындай емес, демі алқымына тығылып өзер жатыр екен. Карт археолог сол түні енді өзінің ұзакка бармайтынын түсінген. Бір күні осылай ұйықтап кетіп, таңертең тұрмай қаламын ғой деген көңіліне аздаған кауіп те кірген. Бірақ Жақыптың калай өлгені есіне түсіп, «алпыстан асып кеткенімде, менің бұным не?» деп өзіне-өзі іштей күлген. Тек өлім өз дегенін істеді, Қүнтуар үн-түнсіз жатып жан бермеді, жоқ жерден жүрек қабы жарылып кетіп, ажал құшағына кірді.

Өмір бойы адал еңбек істеп, тек ғылымды ғана арман еткен әйгілі археолог Қүнтуар осылай қуанышты сөз үстінде, кенет қаза тапты. Оны жерлеуге бүкіл Қайракты маңындағы жұрт жиналды. Қабыр басында академик Вергинскийдің өзі сөйледі:

— Қадірлі ағайын,— деді ол даусы қайғыдан күңірене шығып, бүгін арамыздан қазақтың әйгілі ғалымының бірі Қүнтуар Құдайберген ұлын ұзақ сапарға аттандырып отырмыз. Осы кісінің айтуы бойынша көне сақ халқында өлді деген сөз болмаған... Егер адам қайтыс болса, оны ұзақ сапарға жүріп кетті деген. Жетісін, қыркын, жылын бергенде: «Біздің кадірлесіміз бәленше ұзақ сапарға аттанып кеткелі жеті күн, қырық күн, бір жыл болды» деп ай, күн, жыл санағын сол кісінің өлген күнінен бастап отырған. Олар кешегі өзімен бірге жүрген адамын «өлді» енді «жоқ» деуге ауыздары бармаған, қимаған. Сол тәрізді біз де Қүнтуар Құдайбергенұлын арамыздан біржолата ғайып болды, өлді деуге қимаймыз. Жоқ, ол өлген жоқ, тек ұзақ сапарға жүріп кетті. Оның әр еңбегін қолымызға алған сайын өзімен сөйлескендей боламыз. Ал Қүнтуардың үрім-бұтағы оның тірісіндей сөйлесетін өлмес еңбегі көп. Халайық, мұндай адамды өлді деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Тек рас, ол ұзақ сапарға жол салды. Еңбегі өлмей, өзі де өлмейді. Сол өлмес еңбегі арқылы бізге ол әлсін-әлсін ұзақ жолынан қайтып оралып отырады. Сол еңбектері бізге Қүнтуарды ұмыттырмайды. Сондықтан да біз оның атын, ақ жарқын кең пейілді бейнесін жүрегімізде мәңгі сақтаймыз!

Кеше экспедициясы жұмыс істеген жердің орнына пайда болған осы жаңа теңіздің жағасындағы Қүнтуардың зиратының басына Дәниел мен Вергинский қызыл мәрмәр тасынан жасатып үлкен мүсінін қойдырды. Астыңғы жағына Дәниел әкесінің мынандай эпитафия — қанатты сөзін жаздырды: «Адам дүниеге келеді, кетеді, тек өлмес ісі ғана қалады». Сәл төменірек: «Қүнтуар Құдайбергенов. Академик» деген алтын сөздің астына карт ғалымның туған уақытымен мен дүние салған жылын көрсетті.

Дүние деген міне осындай! Адам өмір бойы оның қызығына қол созумен болады. Мұратына біреу жетеді, біреу жетпейді. Тек сол қызыққа ісімен ерінбей еңбектенген адамның жете алмай өткені өкініштi-ақ! Ондай кісі, ақын айтқандай, екі терезенің арасында қалған ара тәрізді: жасыл төккен ағаштар, шық моншағына бөленген қырмызы гүлдер бәрі жақын, жарқырап көрініп тұрғанымен қызығына кенелуге дәрмені жоқ, бейшара хал кешеді....

Күнтуар ондай өкінішке ұрынбаған, өмірден алғаны да, бергені де көп аяулы адам еді, жарықтық қара жердің құшағында тыныш ұйықтасыншы....



Мазмұны

МАҢҒЫСТАУ МАЙДАНЫ (роман)

Бірінші бөлім 3
Екінші бөлім 75
Үшінші бөлім 151

АМАНАТ (роман)

Бірінші бөлім 217
Екінші бөлім 303

ИБ 754

И. ЕСЕНБЕРЛИН

МАНГЫШЛАКСКИЙ ФРОНТ,

ЗАВЕЩАНИЕ

РОМАНЫ

(На казахском языке)

Редактор *А. Мекебаев.* Художник *Т. Мухатов.*
Илл. в тексте худож. *С. Айтбаева.* Худож. редактор *Б. Машрапов.*
Техн. редактор *М. Злобин.* Ст. корректор *Н. Измаилова.*

Сдано в набор 11/I 1978 г. Подписано к печати 15/III 1978 г.
Бумага № 1. Формат 60×90$^{1}/_{16}$—26,5 п. л. 0,375 п. л. вклеек. (28,9 уч.-изд. л.).
УГ18085. Тираж 41 000 экз. Цена 2 руб. 20 коп.
Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 115. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

Құрметті оқырмандар!

Осы кітап жайындағы ой-пікірлеріңізді мынадай адреске жіберулеріңізді өтінеміз.

Алматы қаласы, 480091, Коммунист проспектісі, 105 үй, «Жазушы» баспасы.



210030173387